

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Ләззат Динашева
Айхан Пала**

Түркі мемлекеттерінің тарихы

Оқулық

Алматы, 2014

УДК
ББК

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен*

Пікір жазғандар:

Хазретәлі Түрсүн – тарих ғылымдарының докторы, профессор;
Мұрат Тастанбеков – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Ләззат Динашева, Айхан Пала

Түркі мемлекеттерінің тарихы. Оқулық. / Ләззат Динашева, Айхан Пала. – Алматы, 2014. – 348 бет.

ISBN

Оқулық Түркі мемлекеттерінің тарихы бойынша ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі материалдарды қамтиды. Мұнда түркі халықтарының мемлекеттік құрылысы, шаруашылығы, әскери жорықтары, діни наным-сенімдері мен мәдениеті, түркілердің адамзат өркениетіне қосқан үлесі жан-жақты баяндалады.

Оқулық жоғары оқу орындары студенттеріне және магистранттарына, Түркі халықтары тарихына қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN

© Л. Динашева, Айхан Пала, 2014
© ҚР Жоғары оқу орындарының
қауымдастығы, 2014

КІРІСПЕ

Әр халықтың өз тарихын сонау тереңнен бастау алатынын мақтаныш ету заңды құбылыс. Адамзаттың мол мұрасы түркі халықтары туралы өз қойнауындағы қазынасын әлі де шығарып болған жоқ. Бірақ барының өзі жалпы түркіге мақтаныш етуге әбден лайықты. Тәуелсіздігімізді алған уақыттан бергі Президентіміздің ұсынысымен «тарих жылы», «ұрпақтар сабақтастығы», «мәдениетті қолдау» жылдарын атап өтуіміз, бұл – өткеніміз бен бүгінгіміз және болашақ арасындағы игі істер байланысын үзбей ұрпақтан-ұрпаққа аманат ету шаралары. «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, – деп тұжырымдаған Елбасы, – өзіміздің мемлекеттілігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» – деген болатын.

Түркі халықтарының адамзаттың тарихи даму кезеңдерінің бастауында болған, қозғаушы күші ретіндегі рөлін есте терістеуге болмас. «Аң стиліндегі» өзіндік ерекшелігі бар сақтар мәдениеті, «халықтардың ұлы қоныс аудару» процесінің ғұндардан бастау алуы, «көк бөріні» ту еткен түрік қағандарының дәуірі, тәңіріге қол жайған тұтас бір мәдениет түркі халықтарының гүлденуінің алғашқы кезеңі болса, түркілер үшін тоқырау саналатын кейінгі уақытта да түркілердің ислам таратушы рөлі мен Шыңғысхан империясының түркілік сипатын ешкім жоққа шығара алмайды. Үш құрлықта әмірлік еткен, ислам дінін сақтаушы болған Осман ұрпақтарының алты ғасырлық билігі тарихтың алтын әріптермен жазылған беттері емес пе?

Алтай – бар түріктің бесігі болған құт мекен. Осы құт мекеннен тараған түркі халқы атты ұғым қазіргі кезеңде 40-тан астам ұлтты, 250 млн-ға жуық адамды біріктіріп отыр. Сахалар өз атауынан «сақтармен» байланыс іздесе, қазақтар да ұлт атынан «қас+сақ» сөздерінің қосындысын көреді, түркімендер мен түріктер «түрік» есімін сақтап қалғанын мақтаныш етсе, башқұрттар бөрі атымен байланысты «бас құрт», арлан қасқыр атын алған жалғыз халық.

«Түркі мемлекеттерінің тарихы» пәні тарихы мен тағылымы, салт-дәстүр мен мәдениеті ортақ ұлт пен ұлыстарды зерделейтін пән. Дей тұрсақ та, басты біріктіруші фактор тіл екендігін де мойындауымыз керек. Орал мен Алтай тілді болып бөлінетін адамзат әрі қарай топқа, семьяға жіктеледі. Соның ішінде түркі тілді тобы, осы топқа жататын қазіргі ұлттардың өткен тарихынан ортақ байланыстар мен белгілер қарастыру аталмыш пәннің зерттеу объектісі болып табылады. Еуразия кеңістігінде екі мыңжылдықтың тарихы түркі халық-

тарының қозғаушы күшімен жасалды, тасқа жазылды. Тұтас та, толық дәуір түрлі қағандықтар атымен аталғанымен біріктіретін ортақ түркі атауы бар. Бір тілде, бір сенімде, бір тарихпен өмір сүрген туысқан халқымыздың тарихын оқытудың студенттер үшін түркі халықтарының өткені мен бүгінін, тарихтың сабақ алар азалы кезені мен мақтаныш етер даңқты белестерін ой елегінен өткізуге, өзіндік тұжырым жасауға мүмкіндік ашады.

Енисей, Орхан, Талас аралығында жеріміз, тіліміз, дініміздің қандай болғандығын айғақтайтын, «төлқұжаттай» мақтаныш тұтар жәдігеріміз тасқа жазылған тарихымыз. Моңғол жеріндегі тас ескерткіш мұрамыздың көшірмесін жасатып, Астанада төрімізге шығаруымыз, түркиялық бауырларымыз Күлтегін мен Тоныкөк ескерткіштерін қорғауына алуы ортақ тарихымызға деген құрмет, қамқорлық.

Түркия мемлекетінің негізін қалаушы Ататүрік: «Тарихты оқытқан кезде, тарихты жасағандардан тыс түсіндіретін болсаңыз, тарихты өзіңізше жазатын болсаңыз, қолыңыздағы шындықтар мен құндылықтар қауіп-қатерге ұшырайды» деген ойлары тарихшыларға жауапкершілік артса, «Түркі баласы ата-бабасын танып-білген сайын ұлы істер жасау жолында тек өз бойынан ғана күш-қуат табады» деген сөздері жастар үшін патриоттық тәрбиенің негізі төл тарихта жатқандығын меңзейді.

Түркі халықтары – этногенез жағынан алғанда, үш мың жылдан аса тарихы мен мәдениеті бар халық. Біз тарихқа VI ғасырда “түркі” деген атпен еніп, алтай, сақ, хун мәдениеттерінің төл мұрагеріміз. Ежелгі түркі елі, түркі жұрты ұлы тарихи оқиғалардың діңгегі әрі куәгері болған. Алайда, кеңестік зерттеушілер XX ғасырдың басындағы қазан төңкерісіне дейін қазақ та, түрікмен де, қырғыз да, өзбек те, әзірбайжан да өз тарихында толыққанды мемлекет болмаған, ұлтымызды дәстүрсіз, тамырсыз деп көрсетуге тырысты.

Тәуелсіздік қарсаңы және тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі алғашқы жылдардағы халықтың тарихқа деген қызығушылығының артуы барлық түркі халқы бастан кешкен құбылыс болды. Тәуелсіздіктің құрдасы Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде түркі халықтарының түрлі ұлт өкілдерінің білім алуына жол ашып берді.

«Түркі мемлекеттер тарихы» пәні университет ерекшеліктеріне байланысты енгізілген пән. Сондай-ақ, аталмыш пән университет миссиясы, келешек келбеті және негізгі құндылықтарына сай келеді. Университет миссиясы «Түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдас-тықтардың жастарына бір шаңырақ астында терең тарихи құнды-

лықтарға және демократиялық, зайырлы қоғам негіздеріне сүйене отырып, заман талаптарын қанағаттандыратын деңгейде білім беріп, оларды ұлттық және рухани құндылықтарға берік, адам құқықтарын құрметтейтін, төзімділік, достық, ынтымақтастық маңызын түсінетін маман ретінде қалыптастыру» деп белгіленген.

«Түркі мемлекеттерінің тарихы» пәнінің оқу бағдарламасында пәннің мақсаты мен міндеттері төмендегіше анықталған:

Пәннің мақсаты: Түркі мемлекеттері тарихы пәні студенттерге өзінің төл тарихы мен мәдениетін, тарихи ерекшелігін ұғып білуді, сондай-ақ жаһандану процесінде ұлттық болмысын сақтауда қажетті біліммен қаруландыруды мақсат етеді.

Пәнді оқыту міндеттері:

1. Болашақ мамандарды төл тарихын білуде түркі халықтарының тұтас тарихын жеткізу.

2. Студенттердің ғылыми көзқарасы мен санасын қалыптастыру, түркі тарихының ерекшеліктерін оқыту.

3. Түркі мемлекеттері тарихы курсы оқып білудің нәтижесінде:

- ұлтжандылық пен отансүйіспеншілік сезімдерін ояту;
- тұтас тарихи тағдырлас халықтардың қазіргі таңда даму ерекшеліктерімен, олардың даму перспективаларын ашып көрсету;
- жаһандану заманында аз санды халықтардың ұлттық болмысын сақтау жолдары мен оны іске асыру мәселелеріне талдау жасай отырып, дұрыс бағдарлауға көмектесу;
- студенттердің тарихи санасын қалыптастыруда түркі халықтарының тұтастық тарихын уағыздау болып табылады.

Бұл оқулықта адамзат тарихында өшпес із қалдырған Хун империясынан бастап бүгінгі күнге дейінгі түркі мемлекеттерінің тарихы баяндалады. Оқулық 2006 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті «Білім» тобындағы мамандықтар бойынша Оқу-әдістемелік секциясы жасаған және ұсынған «Түркі халықтарының тарихы» пәніне арналған типтік оқу бағдарламаның (кұрастырған т.ғ.д., профессор Б.Б. Ирмуханов) негізінде жазылды.

Оқулық авторлары осы еңбекте баяндалған Түркілер тарихымен таныса отырып, білімгерлер Түркі елдері туралы білімдерін байыта түседі және өз халқына деген сүйіспеншілігі артады деп үміттенеді.

1. «Түрік» ұғымы жайлы түсінік

«Түркі» этносы және этнонимі. Түркі халқының тарихта қашан және қай жерде пайда болғандығы туралы мәселе бүгінге дейін ше-

шімін таппаған мәселелердің бірі болып табылады. Түркі халықтарының ата-бабалары б.з.д. 1700-1200 жылдары Жайық пен Балхаш көлінің, сондай-ақ Ертіс өзенінің жағасында және Обь өзенінің бас жағына тараған Андронов мәдениетін қалыптастырған адамдардың арасынан іздеу бүгінгі күндегі ең дұрыс пікірлердің бірі болып саналады. Б.з.д. 1200-700 жылдары Енисей өзенінің бас жағында, сондай-ақ Оңтүстік Сібір мен Алтай аймақтарына тараған Қарасұқ мәдениеті де түріктердің ата-бабаларымен байланысты болып көрінеді.

Түрік атауы алғаш рет б.з. I ғасырының ортасында тарихи деректерде жазылған деген ой-пікірлер кездеседі. Латын тарихшысы Помпониус Мела (өлген жылы б.з. 45 ж. Pomponius Mela) Азак теңізінің солтүстігіндегі орманды жерде өмір сүрген халықтардың тізімін жасағанда Турсае жайлы деректер келтірген. Басқа бір латын тарихшысы Ұлы Плиниус (б.з. 23-79 жылдарында өмір сүрген) өзінің «Табиғат тарихы» атты еңбегінде бұл аймақты Турсае деп атаған. Б.з.д. дәуірлер туралы жазылған кейбір қытай деректерінде де түрік атауының кездесетіндігі жайлы ой-пікірлер бар. Бірақ, қытай жазуы алфавитке сүйенбейтіндіктен бұл туралы нақты дәлелдер келтірілмеген. Түріктер туралы тағы бір дерек, IX ғасырда өмір сүрген Табаридің «Тарих» атты еңбегінде кездеседі. Оның пікірінше, Сасанидтердің патшасы V Бехрамның (420-438) билік құрған тұсында түріктердің қағаны 250.000 адамнан құралған әскермен Парсы империясына қарсы соғысып, бірақ жеңе алмаған. Өзі соғыста өлген. Таурат мәтіндері сияқты басқа да кітаптарда түрік атауының жазылғандығы туралы пікірлер айтылған.

Түрік атауының этимологиясы жайлы ғалымдардың ортақ пікірі жоқ. Көне кітаптарда бұл мәселе жайлы көптеген пікірлер кездеседі. Бүгінгі күнде бұл атаудың етістіктен шыққан есім сөз екендігі және бұл сөздің уақыт өте «күшті, қуатты» деген мағынада саяси атауға (немесе сөзге) айналып түріктер тарапынан қолданылғандығы жайлы пікірлер айтылып жүр. Сондай-ақ бұл сөздің (түрік атауының) төре сөзімен байланысты екендігі және төре атауының жүйелі, өз жолын дұрыс білетін қауымға берілгендігі туралы пікірлер шындыққа жанасуы мүмкін. Түрік атауының этникалық мағынасының болуы шамалы. Ислам діні тараған кезеңдердегі деректердің бірінде түрік деген атаудың Нұх пайғамбардың ұлы Яфестің баласының аты болғандығы және түріктердің содан тарағандығы айтылған.

Түрколог, академик А.Н. Кононовтың пікірінше, «ту-кюэ» тұлғасындағы терминді қытайлар шығарған, негізінен бұл сөз «түркі» немесе «түркілер» болуы мүмкін деп мәлімдейді. Себебі қытайлар

ертедегі түріктерді, басқа көршілес елдерге қарағанда ерте әрі жақсы таныған. Ертеде Алтай тауының тұлғасы дулығаға ұқсас болған көрінеді. Таудың етегінде Ту-кюэ деген лагерь жайласқан. Ондағы жасаған адамдардың киген шілемі ту-кюэ деп аталғандықтан оны киген тайпаны да Ту-кюэ деп атаған. Ал қытай тілінің маманы И. Бичурин және монғол тілінің маманы Шмидт «Ту-кюэ» монғол сөзі дейді. Себебі монғол тіліндегі «дудулға» сөзі «шлем» деген мағынаны білдіреді.

Этнограф ғалым Д. Айтмұратовтың еңбегінде «түрк» сөзі шығыстың бір ханының аты. Ал «Авестада» болса, ол бір қаһарманың аты. Е. Блоше Тұран жеріндегі жасаушы түрк тайпаларының аты «Туруа» деп көрсетсе, кейбір ғалымдар түркі сөзі «тура» деген сөзден шыққан деген пікірді айтады.

«Шахнама» дастанының дүние жүзіне танулы бұл «Тұран» сөзінің «Тұр» есімінен пайда болғанын, яғни Феридумның аты «Тұр» сөзі, «Түрік» сөзімен байланысты екенін дәлелдейді.

Ал, түрк халықтарында бұл туралы аңыздар көп. Мәселен, біз М. Қашқаридің еңбегінен, хадистерде жазылған құдайдың сөзі туралы мәліметтерді келтірсек, онда былай көрсетілген «Бізді жаратушы құдай: – «менде күшті әскер бар, мен оларға *түрк* деген ат бердім және оларды шығысқа жайластырдым. Мен қай кезде, қандай да бір халыққа қаһарлансам сол халыққа «түрк» деген қолданысты беремін деген екен». Осылайша, Махмұт Қашқари түріктерге бұл атаудың Тәңір тарапынан берілгендігін жазып кеткен.

Түркі этностары және түркі тілдес халықтар. Олардың территориялық орналасуы. Түріктердің ата-бабалары және ежелгі түрік халықтары туралы мәселе бүгінгі күнде қызу пікірталас тудырған мәселелердің бірі болып табылады. Сақтар мен ғұндардың түріктердің ата-бабалары болып саналатындығы жайлы көптеген еңбектер жазылған. Түріктердің бұл мемлекеттерді басқарғандығы немесе олардың осы мемлекеттерді құраған халықтардың ішінде ықпалды, белсенді қауым ретінде танылғандығы ақиқат. Орыс археологы С.П. Толстов, Птолемей сияқты грек жазушыларының деректеріне сүйене отырып, түрік қауымына жататын оғыздардың б.з.д. жылдарда массагеттердің арасында өмір сүріп, өздерін сол кезде де оғыздар деп атағандығын айтып өткен.

Түріктердің ежелгі заманнан бері көптеген жерлерде әртүрлі атпен аталған қауымдар болып өмір сүруі олардың тарихын жазуда көптеген қиындықтар тудырып отыр. Тарихта кездесетін қауымдардың қайсысының түрік тілінде сөйлегендігі туралы мәселе де бүгінгі

күнге дейін шешімін таппаған мәселелердің бірі саналады. Сақтардан басқа ғұндар, қаңлылар, ақғұндар, үйсіндер және басқа да көптеген халықтардың этникалық тұрғыдан немесе тіл жағынан түрік болған-болмағандығы жайлы әртүрлі пікірлер айтылған. Екінші жағынан түріктердің ежелгі заманнан бері әртүрлі этникалық топтармен асси-миляцияланып түріктенгендігі айтылады.

Әртүрлі түрік қауымдарының аттары мен іс-әрекеттерін көбінесе қытай деректерінен кездестіреміз. Қытай деректеріндегі ең көне түрік қауымдарының арасында қырғыздар, ұйғырлар, қаңлылар, үйсіндер, оғыздар, қарлұқтар, қимақтар және қыпшақтар кездеседі.

Махмұт Қашқари өзінің «Диуани лұғат ат-Түрік» атты шығармасындағы қосқан картасында түрік қауымдарының XI ғасырда мекендеген жерлерін көрсеткен. Бұл карта бойынша батыстан шығысқа қарай хазарлар, печенектер, оғыздар, қыпшақтар, қарлұқтар, яғмалар, ұйғырлар және тоғыз оғыздар Каспий теңізінен Қытайға дейінгі аралықта мекендеген. Махмұт Қашқаридің атап өткен түрік қауымдарынан басқа бұл жерлерде халач, тухси, қаңлы сияқты түрік қауымдары немесе рулары да өмір сүрген.

Түріктердің тілі: Тілдердің алтайлық макросемьясы. Түрік тілі мыңдаған жылдар бойы тарихта әртүрлі мемлекеттер құрған түрік халықтарының ортақ тілі болып табылады. Әлемдегі тілдер өз ішінде бірнеше топтарға бөлінеді. Осы топтардың ішінде ең кең тарағаны Үнді-Еуропа тілдері (грек, латын, ағылшын, француз, неміс, парсы, орыс, т.б.), Қытай-Тибет тілдері (араб және еврей тілдері), Урал-Алтай тілдері (түрік, моңғол, манчу және тунгус тілдері) болып табылады. Жапон және корей тілдерін де осы топқа жатқызатын пікірлер де бар. Сондай-ақ фин, венгер және эстон тілдері Урал тобына жатады. Сонымен қатар бұл теорияны қабылдамайтын түрік тілі мен моңғол тілінің арасындағы ұқсастықтарды тарихи байланыстардың ықпалы деп білетін пікірлер де кездеседі.

Бүгінгі күндегі түркі тілдері негізінен қыпшақ, оғыз және ұйғыр топтары болып 3 топқа бөлінеді. Қыпшақ тобына: қазақ, татар, қырғыз, башқұрт, қарақалпақ тілдері жатады. Оғыз тобына: түрік, Әзербайжан, түрікмен тілдері жатады. Ұйғыр тобына: ұйғыр, өзбек тілдері жатады. Сондай-ақ Сібір тобына якут, хакас, алтай және чуваш тілдері жатады.

Қазіргі түркі әлемі. Бүгін күні әлемде түрік тілін ана тілі ретінде санайтын адамдардың саны 200 миллион шамасында. Бұл көрсеткіштің елдерге қарай бөлінісі мынадай: Түркия: 65 миллион, Иран: 30 миллион, Әзербайжан: 9 миллион, Өзбекстан: 25 миллион, Қытай

(Шығыс Түркістан): 22 миллион, Ресей Федерациясы: 18 миллион, Қазақстан: 12 миллион, Түркіменстан: 5 миллион, Қырғызстан: 4 миллион; Басқа елдер (Германия, Ирак, Болгария, АҚШ, Франция, Голландия, Бельгия, Австрия, Греция, Македония, Румыния, Сирия): 10 миллион.

Түрік тілінде сөйлейтін халықтар бүгінгі күні алты тәуелсіз мемлекетте, сондай-ақ Ресей Федерациясының құрамындағы елдерде және кейбір автономиялық елдерде тұрады. Тәуелсіз мемлекеттер Түркия, Өзбекстан, Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Солтүстік Кипр Түрік Республикасы болып табылады. Сонымен қатар Ресей Федерациясының құрамындағы Татарстан, Башқұртстан, Якутия (Саха), Чувашстан, Тува және Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялық республикасы сияқты жерлердегі түрік тілінде сөйлейтіндер халық санының басым көпшілігін құрайды. Бұлардан басқа әлемнің түкпір-түкпірінде өмір сүріп жатқан түріктер бар.

I тарау **ХУННУ ТАРИХЫ (СЮННУ, ҒҰНДАР)**

1. Ежелгі хундар

Хундар жөніндегі тарихи мағлұматтар. Қоныстанған территориясы. «Хун» сөзі – қытайдың «Хуну», «сюнну» деген сөздерінен шыққан. Ал бұл сөздер «өр кеуделі құлдар» деген мағынаны білдіреді.

Атақты Хун тайпаларының өсіп-өнген және тарихи аренаға көтерілген жері Орхон-Селенга өзендері мен осы өзендердің батысындағы түріктердің “Құтты өлке” деп есептеген өлкесі – Өтікен аумағында орналасты. Дәлірек айтқанда, бұл жерлер Қытайдың Ұлы қорғанының солтүстігі мен Моңғолияның оңтүстік аймағы деп айтуға болады. Алғашқы кезеңдерде бұл саяси күштің орталығы Хуан-Хэ өзендерінің иірімдері аумағы мен Ордос маңында болғандығы белгілі.

Хундарға қатысты алғашқы тарихи дерек б.з.д. 315 жылғы одақ құру туралы келісімшарт болып табылады. Бұл келісімшарт бойынша анықталғаны: б.з.д. IV ғасырда Қытайдың Чжоу үкіметінің әлсіреу салдарынан пайда болған 14 ірі феодалдық иеліктердің арасындағы қиянкескі бәсекенің өшіруі және осы феодалдық келісімдердің қатарындағы Қытайға қарсы бағытты ұстанған 5 иеліктің Хундармен одақтасуы туралы жайт болатын.

Ежелгі Хундар туралы алғашқы мағлұматтарды да біз қытай тарихшыларының еңбектерінен аламыз. Олардың біріншісі – Қытай тарихшыларының атасы саналатын Сыма Цянның (б.з.д. 155-88 жылы) 130 бөлімнен тұратын «Ши Цзи» («Тарихи жазбалар», «Тарихнама») атты шығармасы. Онда Хундардың ежелгі ата бабалары б.з.д. II мың жылдықта Ши династиясынан шыққан Шун Ви деп көрсетеді. Аталмыш еңбекте Сыма Цян Хундар мен қатар оғыздар, қаңлылар, үйсіндер, қырғыздар және тағы да басқа Орта Азия халықтары жайлы жазған.

Мұнан бөлек Қытай тарихшылары Бань-Гудің «Цян Ханьшу» («Батыс хан мемлекеттерінің құжаттары») және «Фай-Е-нің «Хоу Хань-Шу» («Шығыс хан мемлекеттің құжаттары») атты еңбектерінде ежелгі Хундар жайында құнды мағлұматтар жазып қалдырған. Қытай деректері Хундарды «бірде үлкейіп, бірде кішірейіп отыратын мемлекет» деп сипаттады.

Ал Еуропалық тарихшылардан хундар туралы алғашқы жазғандар

қатарында біздің заманымыздың IV ғасырындағы Рим тарихшысы – Аммиан Мерцеллин болды. Оның 31 кітаптан тұратын «Іс қимылдар» деп аталатын шығармасында б.з. I ғасырынан V ғасырға дейінгі хундар туралы маңызды деректер берілген. Ал гот тарихшысы, біздің заманымыздың V ғасырында өмір сүрген Иордан хундар көсемі Ругила, Атилла басқарған мемлекет туралы және Атилланың Римге жорығы мен оның жеңістері жайында өте бағалы мәліметтерді жазып қалдырған. Византиялық тарихшы Прииск өзі елшілер арасында жүріп Хун ордасында болған кездегі алған әсері жайлы тамсана жазған.

Хундар тарихнамасына айтарлықтай үлес қосқан тарихи зерттеулер қатарында Н. Я. Бичуриннің «Собрание сведений о народах обитавших в древние времена», Н. А. Аристовтың «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности», В. В. Бартольдтың «История турецкого – монгольских народов», «Современное состояние и ближайшие задачи изучения истории турецких народностей», «Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народностей», А. Н. Бернштамның «Очерки истории гуннов», А. Гумилевтің «Хунну: Средняя Азия в древние времена», «Қиял патшалығын іздеу», К. Акишев пен Г. А. Кушаевтің «Древняя культура саков и усуней долине реки Или» және т.б. еңбектерді ерекше атап өткен жөн.

Хундар тарихын зерттеу қазақ тарихшылары үшін басты мәселелердің бірі екендігі анық. Өйткені Хун тайпаларының басқа жерлердегі тайпалармен араласуына қарағанда, олардың Қазақстан территориясына келіп орналасуы және үйсін, қаңлы тайпаларымен іргелес өмір сүріп, қарым-қатынас жасуы басым болды. Олардың өзара байланысы, бір-біріне тигізген саяси-экономикалық, мәдени әсері, антропологиялық ықпалы бүгінгі таңда зерттелу үстінде.

Жоғарыда аталған хундардың шығу тегі туралы тарихшылардың зерттеулеріне сүйенсек б.з.д. III ғасырда хундар түркіше сөйлеген және олар қаңлы, үйсін, қырғыз, т.б. түркі тайпалармен бірге өмір сүрген. Қытайдың солтүстік шекарасында тұрған тайпалар топтасып, тайпалық екі бірлестік құрады. Олардың біріншісі Сюнну (хун немесе ғұндар), екіншісі Дунху бірлестіктері деп аталған. Сюннулардың тарихы Қытай жазбаларында б.з.д. 403 жылдан басталады. Б.з.б. 206 жылы олардың көсемі болған Мөде жоғарғы қолбасшының баласы болғандығы жайлы айтылады. Қытайлар түріктерді сюннулардың ұрпақтары деп есептеді.

Ұзақ уақыт бойында еуропалық тарих ғылымында б.з.д. III ғасырдағы Азиялық хундар мен б.з. IV-V ғасырларындағы Еуропалық

хундар арасындағы байланыс мәселесі шешілмей келді. Тек, 1926 жылы ғалым К.А. Иностровцев өзінің «Хунны и Гунны» деп аталған еңбегінде «хундар» деген атауды ғұндардың еуропадағы бұтағына да қатысты қолдану қажет деп, ғұндар мен хундарды бір халық деп көрсетті. Шындығында да, еуропалық хундар өзінің ежелгі салт-дәстүрін, тілін этникалық болымысын сақтап қалған болатын. Бұл жайға Римдік және Қытай авторларының жазбалары дәлел бола алады.

К.А. Иностранцевтің айтқанын Венгерлік зерттеуші доктор Борбала Обрутанскийде қолдады. Ол: «... көбіне шығыстық ғұн тайпаларын – сюндар, ал батыстық ғұндарды – хундар деп атады. Алайда ғалымдар әлдеқашан бұлар бір халық деген қорытынды жасаған. Бүгінгі таңда мұнымен келіспейтін ғалымдар болса да, халықаралық конференцияларда ол жайында мәселе көтерілмейді» – деп жазды. Сондай-ақ бұл теорияны С.В. Киселев, М.Н. Артанов, А.Н. Бернштам, Л. Н. Гумилев сынды кеңестік ғалымдар әрі қарай дамыта түсті.

Хундардың қоныстанған территориясы. Түркі халықтарының тарихын зерттеуші әйгілі ғалым К. Р. Аманжоловтың пікіріне сүйенсек, хундар жұрты үш бөлікке бөлінген. Біріншісінің ішінде сюннулар болды, олар біздің заманымыздан бұрынғы бір мың жылдықтың ортасынан бастап Хуан-хэ өзенінің орта тұсымен төменгі ағысындағы қазіргі Қытай жерін және Орталық Азияның көп бөлігін қамтып, Шығыс Түркістанның Оңтүстік Манчжурияға дейінгі аумақты алып жатты.

Екіншісі – б. з. д. бір мың жылдықта сыртқы Моңғолияда, солтүстік Манчжурияда түркі-моңғол тілінде сөйлеген сәнбилер. Кейінен сәнбилер солтүстікте Вэй әулетін құрған (386 – 534 жж.).

Үшіншісі – түркі тілінде сөйлеген тайпалар қоныстанған орта. Мұнда ішкі Моңғолияда, Байкалда, Ордостан Алтай, Тарбағатай, Жетісуға дейінгі жерлерді мекендеген хун тайпалары қалыптаса бастайды.

Осы аталған хандар мекендеген үш бөліктегі жерлерде түркілік және моңғолдық тіл тобына жататын тайпалар одағы араласып өмір сүрген. Ал олардың батысқа өтуі ерте басталады.

Хундардың этникалық шығу тегі жайлы дискуссиялар. Ғұндардың немесе хундардың қай нәсілден шыққандығы туралы мәселе әлемдік ғалымдар арасында көптен қызу тартыстарды туғызып отыр. Хундардың шығу тегі туралы ХХ ғасырға дейін-ақ төрт түрлі болжамдар пайда болған. Олардың бір тобы ғұндардың шығу тегі моңғолдар десе, екінші тобы – түркі тілдестер, үшінші тобы – фин-угорлар, ал төртіншілері славяндар болды деген болжам айтады.

Ғұндардың шыққан тегі моңғол, яғни моңғол тілдес болуы керек деген зерттеушілер қатарында П. Паллас, Тунман, Ф. Бергман, Н. Шмитт, И. Бэр, Н. Я. Бичурин, К. Нейман, Х. Хорус және т.б. болды. Ал ғұндардың шыққан тегі түркі, тілі түркі тілдес болды деген ғалымдар А. Ремюзе, Ю. Клапрот, Ф. Мюллер, В. В. Родлов, Н. Аристот, Ф. Хирт, Н. Блейер, В. Бартольд, В. Панов, Л. Нидерле, Е. Паркер, В. Шварц сияқты зерттеушілер болды. Батыс ғұндардың шыққан тегі, яғни тілі фин-угор болуы керек деген болжамды жасағандар М. Кастерн, В. Сен-Мартен, Уйвальви де Мезо Ковеш, П.К. Услар еді.

Төртінші, яғни ғұндарды славяндар болуы мүмкін дегендер қатарында Д. Венелин, А. Вельтман, А. Погодин, Д. Иловайский сияқты ғалымдар болды.

Сондай-ақ жоғарыда баяндалған топтардың бөлек хундар түріктермен моңғолдардың қосындысы, моңғолдармен тунгустардың, финдердің қосындысы, тіпті ирандықтар деп жобалағандар да болды.

Хундар мен Аттила төңіріндегі проблемалар ұзақ жылдар бойына зеріттеліп, айтыс-тартыстарға толы болды. Орталық Азияда пайда болған хун ордасының түркі мәдениетінің қайнар бұлағы және хундар түркі тілдес халық екендігі, VI ғасырда өз шаңырағын көтерген Түркі қағанатының және басқа түркі тайпаларының атасы екендігі бүгінгі күні жан-жақты дәлелденген.

Қытай және көшпенділер. Б.з.д. II мыңжылдықтың орта тұсында Хуанхэ өзенінің орта ағысындағы далалы аймақта, экономикалық негізі жыртылмалы егіншілік болып табылатын, мықты отырықшы-егіншілік орталық қалыптасты.

Осы орталықтың бойында көптеген тайпалар өмір сүрді және Қытай жылнамаларына қарағанда, олар өзара соғысумен болды. Әсіресе, бүгінгі Моңғолия Сібір территорияларында өмір сүрген солтүстіктегі тайпалар үнемі және табандылықпен соғыс жүргізген. Ал, бұл көшпенділер, яғни Хуанхэнің солтүстігін мекендегендер, бүгінгі түркілер мен моңғолдардың ата-бабалары болатын. Қытай деректерінде сол тайпалар әр кезеңде әртүрлі аталды. Мысалы, Ся династиясы тұсында түркі тайпалары шунь-вей, Инь династиясы кезінде – гуйфан, Чжоу тұсында – сяньюн, Хань династиясы кезінде – сюнну (хунн), Тан тұсында – түріктер деп аталған. Ал моңғол тілінде сөйлейтін тайпаларға дунху, ухуань, сяньби, цифу, шивей және т.б. жатты.

Қытайлықтар, көшпенді тайпалармен үнемі соғыса отырып, ақырындап оларды солтүстікке қарай ығыстыра түсті. Олардың көшпенділер жерін тез жаулап ала алмауының бірнеше себебі болды.

Алғашқысы, ол кезде темір құрал-саймандар болмады, жерді өңдеу ауыр болғандықтан, көптеген жерлер қажетсіз деп саналды.

Екіншісі, хундар өздеріне тиесілі жерлерді оңайлықпен бере қоймады, олар жайылымдары үшін табандылықпен күресті. Соғыс мың жылдан астам уақытқа созылды, алайда қытайлықтар солтүстікке қарай біртіндеп жылжи берді.

Б.з.д. IV ғ. Чжань-го кезеңінде (б.з.д. 403-221 ж.ж.) маңызды өзгерістер мен оқиғалар орын алды. Бұл уақытта Қытай территориясында Цинь, Хань, Вей, Чжоу, Янь, Ци, Чу деп аталатын, өзара қырқысу соғыстарын жүргізіп отырған жеті патшалық өмір сүрді. Нәтижесінде, б.з.д. 221 ж. Қытай тарихында алғашқы рет орталықтанған Цинь мемлекеті құрылды. Мұнан кейінгі жылдары Қытай тез қарқынмен дамуының арқасында өзінің солтүстіктегі басты жауы – хундардың жерін жаулап ала бастады. Қытайлықтардың Хун жерлерін көптеп басып алуындағы басты жетістігі олардың мыңжылдыққа созылған мемлекеттілігі тарихымен тікелей байланысты еді. Ал хундар да, аты аңызға айналған ру басшысы Шунвейден бастап шаньюй (тәңірқұты) Тұмынға дейін (б.з.д. 209 ж.) мемлекеттілігі болмады. Олар бірде бірігіп күшейсе, енді бірде ыдырап әлсіреп отырды. Қытайлықтар Ордосты жаулап алғаннан кейін Хундар мен соғыс үдейе түсті. Ордос өзені мен оның маңындағы далалардың хундар шаруашылығы үшін маңызы ерекше болатын. Сондықтан, олар Қытайға үнемі шабуыл жасап отырды. Ордос маңының қорғанын күшейту мақсатында Қытай императоры Ши-Хуанди ұзындығы 4 мың шақырымға созылған Ұлы қорған салуға бұйрық берді. Ұлы Қытай қорғанының құрылысы б.з.д. 212 жылдан б.з. 2112 жылына дейін созылды. Мұндай алып қорғаныстың салынуы көрші хун тайпалырыры тарапынан төнген қауіптің де зорлығын көрсететіндігі даусыз. Жаулап алған жерлер 34 уездге бөлініп, жаңа қалалар салынып, онда ішкі аудандардан келген тұрғындар орналастырыла бастады.

Хунну державасының құрылуы. Б.з.д. 210 ж. Қытайда император Ши-Хуанди қайтыс болып, таққа жас император Ху-Хай отырды. Оның тұсында үкіметке қарсы көтерілістер көбейе түсті де, нәтижесінде Цинь династиясы құлап, б.з.д. 202 ж. таққа Хань династиясын жариялаған Хань Лю Бан отырды. Бұл кезеңдерде хундардың тәңірқұты Тұмын өзінің қартайғандығын байқап, таққа мұрагер тағайындау жағын ойластырады. Тұмынның бәйбішесінен Мөде деген ұлы, екінші әйелінен Шаңзы есімді бір ұлы болды. Тәңірқұты өз орнына екінші ұлын қалдыруды ойлап, үлкен ұлын көрші ел Дунхуларға аманатқа береді. Мөде сонда жүргенде Дунху еліне шабуыл жа-

сайды. Мұндағы ойы Мөдені өлтіре беріндер дегені еді. Мөде Дунху патшасының бір тұлпарын ұрлап мініп еліне қашып келеді. Мұны көрген әкесі оның ерлігін бағалап, әскер беріп кіші хан етеді. Әкесінің ойынан секем алған Мөде өзіне берілген әскерлеріне қатаң тәртіп орнатып, жақсы шынықтырады. Ол сарнама (ысқырық) жебе жасап, жауынгерлеріне өзі сарнама жебесін қайда атса, оларға да дәл сол жерге атуға бұйырады, кімде-кім олай атпаса басын алғызды. Әскерін сынап көру ниетімен ол бірінші рет өзінің сүйікті арғымағына қарай жебесін атады. Жауынгерлердің біразы басшысының ойын түсінбей және арғымақты қимай атпай қалады. Мөде олардың барлығының басын алғызады. Екінші рет Мөде өзінің сүйікті әйеліне сарнамасын бағыттайды. Бұл жолы да әскерінің бірнешеуі атпай қалады. Оларда өлтіріледі. Ал, үшінші рет Мөде ысқыратын жебесін әкесінің тұлпарына қарай бағыттайды. Бұл жолы сарбаздардың барлығы бірдей сонда оқ жаудырады. Мөде ендігі жерде жауынгерлерінің өзінің сөзін екі етпейтіндігін түсініп, өз ойын іске асыруға кіріседі. Уақыты келгенде аң аулап жүрген әкесіне сарнамасын бағыттайды. Сарбаздары да сөзге келмей, бірдей оқ атады. Мұнан соң Мөде өгей шешесін, інісі мен өзіне бағынбайды деген ақсүйектердің бірқатарын өлтіртіп, б.з.д. 209 жылы таққа отырып, өзін тәңірқұты (шаньюй) деп жариялап б.з.д. 174 ж. дейін салтанат құрды.

Ендігі жерде Мөде мемлекетті рет-ретімен озық дәрежелі жүйеге негіздей бастайды. Тұмынның өлгенін естіген және Мөдені менсінбеген көрші дунху билеушісі Хун мемлекетіне елші жіберіп, Тұмыннан қалған жүйрік тұлпарын беруді талап етеді. Мөде уәзірлерін шақырып, ақылдасады. Уәзірлер тұлпарды бермеу керек дегенде Мөде жылқыға бола көршімен араздаспайық деп тұлпарды береді. Бұл жайды Мөде өзінен қорықты деп түсінген дунху билеушісі шамалы уақыттан соң Мөденің сұлу бір әйелін сұратып елші жібереді. Мөде тағы да уәзірлерімен ақылдасады. Уәзірлер бір ауыздан бермеу керек деп шешеді. Мөде бір әйел үшін көршімен қарым-қатынасымызды бұзуға болмайды деп әйелін беріп жібереді. Дунху билеушісі бұдан кейін бұрынғыдан да астамсып кетеді. Енді Дунхулар билеушісі екі ел арасында ешкім пайдаланбай жатқан, тек қарауылдар тұратын 500 шақырымдық жерді маған берсін деп тағы да елші жібереді. Мөде ақылдасуға шақырған кеңесшілерінің біразы бос жатқан жер болғандықтан беру керек деген пікір айтады. Мұны естіген Мөде қатты ашуланып, жер деген мемлекеттің негізі, оны қалай беруге болады деп, жерді берейік дегендердің басын алуға бұйрық береді де, өзі атқа қонып әскерлерімен дунхуларды шабуға аттанып кетеді. Әб-

ден басынып, ешнәрседен қаперсіз жатқан дунху билеушісінің ордасын жаулап, малын айдап әкетеді. Бұл айтылғандардан Хүн мемлекетін құрған Тұмын мен оның ұлы Мөде екендігін, Мөде өзінің іс-әрекеті арқылы мықты мемлекеттің құрылысының негізін қалағандығын, жер елдің басты байлығы екендігін көруге болады. Жер жақсы болсын, жаман болсын мемлекет негізі болғандықтан, оны ешкімге беруге болмайды деген қағида кейінгі құрылған түркі мемлекеттерінің де ең басты ұстанымы болды.

Мөде Дунхуларға өз үстемдігін мойындатқызғаннан соң б.з.д. 203 ж. Орталық Азиядағы Тянь-Шань таулары мен Кансу өңірлеріндегі юэчжилерді жеңіп, Қытай жеріне бағыт алады. Б.з.д. 201-199 аралығында Қытайда үстемдік құрып отырған Хань династиясының императоры Као-Цзүмен соғысады. Оларды «дала тәсілі – жалған шегіну – Тұран тактикасын» қолданып қоршауға алады. Шарасыз қалған Қытай императоры бітімге келуге мәжбүр болады. Далалы аумақтардан шегініп, хундарды азық-түлікпен, жібек матамен қамтамасыз етіп, жыл сайын салық төлеп отыруға уағдаласқандығы тарихи деректерден бізге мәлім.

Шығыс Азияның тарихында хундар мен қытайлықтардың арасында б.з.д. 200 жылы бекітілген алғашқы халықаралық бұл келісімшарттың нәтижесінде Мөде тәңірқұты Қытай ханшасына үйленіп, қытайлықтармен ұзаққа созылған экономикалық қарым-қатынастарды қалыптастырды. Мұндай әскери және саяси жеңістерден кейін Мөде Байкал көлінің жағасынан Ертістің жағалауына дейінгі жерлерді, Солтүстік Түркістанды, үйсіндер орналасқан алқапты жаулап, ендігі жерде Орта Азия территориясында саяси және мәдени бірлікті негіздеген алып Хун державасы өмір сүрді. Мөденің бұл кезеңде қалыптастырған мемлекетті басқару дәстүрі, жүзеге асырған әлеуметтік және мәдени салалардағы реформалары кейінірек түркі халықтары бірлігінің негізгі құндылықтарына айналды.

Б.з.д. 174 жылы Мөде қайтыс болды. Оның орнына ұлы Лаошань тәңірқұт болып, әкесінен қалған ұлы мемлекетті мирас етумен бірге бірнеше күрделі мәселені шешуге атсалысты. Оның біріншісі – батыстағы шекараны қорғап, юэчжендерді тыныштықта ұстау қажет еді. Лаошань юэчжендерді жеңіп, билеушісінің бас қаңқасынан шарап ішуге арналған зереп жасатады. Бұл жағдайдан соң юэчжендердің бір бөлігі Орта Азияға біржола ауып кетсе, екінші тобы Жетісу жеріндегі үйсіндерге сіңісіп кетеді. Бұл кезеңде Қытай елімен бірде тату, бірде қайшылықта болып Хүн державасы өмір сүріп жатты. Б.з.д. II ғ. соңына қарай Батыс Хань империясының Хундарға қарсы шабуылдары үдей түсті.

Б.з.д. 119 жылы орасан зор Қытай армиясы тәңірқұтының ставкасын басып алып, 90 мыңға жуық хундарды қырып салады. Бұл соғыста қытайлықтарда үлкен шығынға ұшырайды.

Сонымен бірге Қытай әскерлері батысқа, Орта Азия бағытына жылжи бастады, ол жерде б.з.д. 101 жылы Ферғана қалаларын тонап, хундарды Шығыс Түркістан алқаптарынан бөліп тастайды. Б.з.д. 99-97 жылдары Ханьдықтар (қытайлықтар) хундарға тағы екі рет шабуыл жасайды. Жетпіс мыңдай Қытай армиясы қолбасшысы Ли Гуанлидің басшылығымен хун жеріне басып кірді. Бірақ бұл жолы қытайлар өз күштерімен хундарды жеңе алмады, тек 20 жылдан соң ғана олар басқа көшпелі халықтардың: батыстағы үйсіндердің, шығыстағы ухуан (дунху) және солтүстіктегі Енесей динмендердің көмегімен жеңіске жетті. Ендігі жерде хундардың саяси дағдарысы басталды. Осындай ішкі-сыртқы тартыстар әсерінен Хун державасы б.з.д. I ғ. ортасында оң және сол болып екіге бөлінеді. Оңтүстік Хундар тәңірқұты Ху Ханьенің басшылығымен шапқыншылықтан бас тартып, қытайлық Хань әулетінің қол астына кіреді. Ал солтүстіктегі хундар б.з.д. I ғ. аяғында тәңірқұты Чжичидің (Шөже) басқаруымен өздерінің тәуелсіздігін сақтап қалу үшін батысқа қарай жылжиды. Олар біртіндеп Оңтүстік Қазақстандағы қаңлы тайпасының жеріне жетіп, олармен бейбіт келісімге келіп, Талас өзенінің шығыс жағында көшіп-қонуға мүмкіндік алады.

Қазақстанның оңтүстік батыс және Арал теңізі бойына хун тайпаларының келе бастаған екінші толқыны б.з.д. I ғасырынан басталады. Олардың мұнда келуі ондағы алан, ас тайпаларын батысқа, Каспий теңізіне қарай жылжуына мәжбүр еткен. Алайда хундар бұл жерлерде де біржола тұрақтап қалған жоқ. Олар Дунай арқылы Батыс Еуропаға дейін барады.

Сонымен хун тайпаларының шығыстан, батысқа қарай көшуі б.з. IV ғ. дейін созылды. Олардың жылжуы бүкіл Еуразия және Қазақстан жерінде өмір сүрген тайпалар мен халықтардың саяси тартысына, этникалық құрамына үлкен өзгерістер әкеледі.

Тарихта бұл көшу тек хун тайпаларында болып қойған жоқ, басқада ірі тайпалар мен жаңа құрыла бастаған халықтардың да жылжуына әсер етті. Аталмыш жай тарихта сахнасында «халықтардың ұлы қоныс аударуы» деген атпен белгілі. Бұл қоныс аудару Қазақстанға үлкен әсерін тигізді. Ол, біріншіден, жергілікті сақ, үйсін, қаңлы сияқты тайпалардың шығыстан батысқа (Қазақстанның өз ішінде) қарай жылжуына немесе орын ауыстыруына ықпал етсе, екіншіден, ол тайпалардың антопологиялық жағынан өзгеруіне әсер еткен.

Үшіншіден, түркі тілінің таралуына және оның жергілікті диалект болып орнығып нығаюын күшейтті.

Хундардың қоғамдық-саяси құрылысы, шаруашылығы, әскери ісі. Хундар қоғамының негізі отбасы деп есептелінді. Хундар көшiнiң екі түрi болды: олар үлкен топтарға бiрiгiп өмiр сүрдi және көшiп жүрдi, сондай-ақ жеке дара, басқалардан бөлектенiп көшiп-қонатын отбасыларда болды. Көшпелi өмiр сүру далаларда тәртiпсiз сенделу, қоныстану дегендi бiлдiрмейдi. Хундарда қысты қыстауда, жазды жайлауда өткiзiп, малдарының жағдайына ыңғайланып өмiр сүрдi. Жайлаулары мен қыстаулары әр рудың немесе отбасының меншiгi деп есептелiндi.

Хундар негiзiнен жылқы, iрi қара және ұсақ мал өсiрдi. Түйелердiң мөлшерi азырақ болды. Бiрнеше жүз немесе мың үй бiр көшке бiрiктi. Олар әдетте бiр рудан тұрады. Әр көш басында иркен деп аталатын көсем тұрды.

Мемлекеттiлiгi жоқ кезде хундар өз көсемдерiн батырлығымен ерекшеленгендер арасынан сайлайтын едi. Қаншалықты үлкен көш болса да айнала қоршаған жаулармен жеке-дара күресуде дәрменсiз болғандықтан, көш көсемдерi бiрiгiп ортақ көсем сайлайды. Бүкiл тайпаның көсемi – Тәңiрқұты (шаньюй) деп аталды.

Тәңiрқұты билiгi өте үлкен болғанымен шексiз емес едi. Оның билiгiн әрқайсысының қол астында 2 мыңнан 10 мыңға дейiн қарулы атты әскерi бар ру ақсүйектерi – көсемдерi шектеп отырды.

Тәңiрқұтының әскер басшылары мен князьдары сол қанат және оң қанат деп бөлiндi. Әдетте сол қанаттағылар – күштi және бай болатын да, ал оң қанаттағылар – әлсiздеу және кедейлеу болды. Оң жақтағы барлық князьдар мен әскер басшылары тәңiрқұты ордасының батыс жағында өмiр сүрдi.

Ықпалды рулар төрелiк қызметтердi мұралық негiзде алатын болды. Үш ру – Хуань, Лань және кейiннен пайда болған Сяйбу – ақсүйек рулар деп аталды. Барлық князьдар мен төрелер тәңiрқұтының елдi басқаруына көмектесетiн. Олар 24 басшыдан тұрды. Олар да, тәңiрқұты сияқты, өз иелiктерiнде мыңбасыларды, жүзбасы, онбасыларды және бас көмекшiлердi өздерi тағайындады. Хундардың күшейiп, мемлекеттiлiгiнiң дамуы Мөде тәңiрқұты кезеңiнде орын алды. Бұл тұста хундардың әлеуметтiк ұйымдары айтарлықтай өзгерiске ұшырады. Үнемі бiр-бiрiмен жанжалдасып жүретiн тайпалар ендiгi жерде басты жаулары Қытайдан қорғанып, iрi жорықтар ұйымдастыру үшiн бiрiгулерiне тура келдi. Тәңiрқұты әскер мен халықты тиiмдi басқару мақсатында мықты орталықтанған мемлекеттiк

аппарат құрды. Мұндай билiкке жету үшiн, жерге мемлекеттiк меншiк орнатылды, көшi-қон ретке келтiрiлдi.

Көшпендiлерге малдарын бағу үшiн берiлген жерлерi үшiн әрбiр ру мемлекет алдында шаруашылық мазмұнындағы мiндеткерлiктерiн өтеулерi керек болды. Оның ең бастысы әскери мiндеткерлiк едi. Ер кiсiлердiң барлығы жауынгер деп саналды. Хундарда барлық ержеткен, садақ тарта алатын ер кiсi атты әскер қатарын толықтырды. Тәртiп бойынша әскер белгiленген уақытта, шартты жерге бұлтарыссыз келуi тиiс болды.

Осылайша, хундарға тиесiлi барлық жер Тәңiрқұтының қол астына қаратылды, ол өзiнiң ұлдары мен туыстарына бөлiп берсе, ал олар, өз кезегiнде, маңындағылармен бөлiстi. Бұл орнатылған жүйе туралы Қытайлық әтек Ижунхан Юэ былай дедi: «Билеушi мен оның қоластындағылар арасындағы қатынас қарапайым болды, бүкiл мемлекеттi басқару өз денендi басқаруға ұқсайды». Мұндай жүйенi мынадай едi деуге келедi: Тәңiрқұты (мемлекет басшысы) – түмен басылар (тәңiрқұтының ұлдары және туыстары) – мыңбасылар – жүздiктер – ондықтар.

Әрбiр хун басшыға бағынатын жауынгер болды. Әскери қызмет әрбiр хунның мiндетi деп саналып, ол қызметi үшiн ақы сұрамады. Тек жауын өлтiрсе ғана, алған олжасын иеленуге құқылы болды.

Тәңiрқұты мен оның төңiрегiндегiлердi қамтамасыз ететiн қаржы жоғары билiкте қарастырылды. Рулар және еркiн жауынгерлер ешкiмге ақы төлемейдi, ақы төлеу өз бостандығын шектеу деп есептедi. Ал орданың қажеттiлiктерi жаулап алынған тайпалардан түсетiн алымдар мен жаулардан алынған соғыс олжалары есебiмен өтелетiн болды.

Хундар дәстүрлi түрде үй жануарларының етiн жеп, сүтiн iштi, мал терiсiнен тiгiлген киiм кидi. Терi киiмдерi мықты және қолайлы болды. Азық-түлiк мол болды, себебi мал отарлары сансыз едi. Қатардағы жауынгер хунның бейбiт кездегi өмiрi көшiп-қонудан (жылына 2-4 рет), әскери жаттығулар мен көктеу және күздеу кездерiндегi тұрақтардағы демалыстан тұрды. Қолжарататын еңбектiң болмауы, үнемі аңшылықпен айналысу, шабандоздық және садақпен оқ ату олардың физикалық дамуына мүмкiндiк бердi. Хундардың керемет жеңiстерге жетулерiне олардың сандары емес, дәл сол әскери өнерлерi мүмкiндiк бердi.

Олар жайында Қытай жылнамаларында былай дейдi: «Хундар көшпендiлер болғанымен, олардың әрқайсының тиесiлi жерi болды. Олар үшiн адамның құндылығы – оның күшi мен қаруында, олар

ауырып қаза тапқанды ұят деп санап, соғыста өлуді қалады». Хундарда: «Адам үйде туылып түзде өледі» деген мақал болды. Жауынгерлер қартайғанымен, олардың батылдығы мен әскери рухы сақталып қалды. Хун ақсақалдары барлық уақытта үлкен құрметке бөленетін болған.

Жеңіл қаруланған хун атты әскерінің негізгі қаруы садақ, найза, қылыш болды. Хундардың соғысу әдісі жауларын адастырып шаршату және кенеттен шабуылдаудан тұрды. Қытай қолбасшылары олар туралы: «Шешуші шайқас алдында хундардың атты әскерлері жиналып, соғысқа қайта кірісу үшін құстардың тобы сияқты шегініп жол ашатын» деп жазды.

Хун қоғамы патриархалды болды. Егер асырай алатын болса, бір ер кісіге бірнеше әйел алуға рұқсат етілді. Қалың мал әйелдің анасына берілді. Үлкен әйел құрметті деп есептелді. Өгей шешелері, егер әкесі қайтыс болған жағдайда, үлкен ұлдың әйелі болуы, егер аға өлсе жеңге кіші ұлдың әйелі болуы тиіс болды. Мұнымен олар еш уақытта жесірін жылатпау, оны тағдыр тәлкегіне тастамау қағидасын ұстануға қол жеткізді.

Хундарда рулық өзара көмек және қоғамдық бірлестік түсінігі берік сақталды. Оны бұзғандар өлім жазасына бұйырылды. «Қынабынан суырылған пышақ өлтіруге жақын» деген мақалдары болды. Осындай қатал заңмен тәрбиеленген олар, бір-бірімен жанжалдаспауға тырысқан. «Олар бір-біріне жаман сөз айтпайтын, ұрыспайтын, ұрықарылары болмады, іс түскенде көмек беруге әзір, тіпті мас күйінде де жаман сөз айтпауға тырысқан», – деп жазды әйгілі ғалым Н. Бичурин.

Егер отбасының бір мүшесі бір қылмыс жасаса, бүкіл отбасы жауапкершілігін өз мойнына алуы тиіс болды. Ұрлық және кісі өлімі үшін хундарда кек алуға рұқсат етілді.

Хундардың тұрақты мекен-жайларына және зираттарына жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелерінде хундардың мал өсірумен қатар егіншілікпен айналысқанын дәлелдейтін құрал-саймандары табылған. Жазба деректерде де хундардың, әсіресе, тары өсіргендігі жайлы айтылған. Сондай-ақ хундарда тұрақты ордаларының болғандығы, олардың шаруашылығының жартылай көшпелі екендігін көрсетеді. Мысалы, 1940 ж. археологтар Оңтүстік Сібірде Абахан қаласының оңтүстік жағынан 8 шақырым жерден қытай үлгісіндегі үлкен сарайдың жұртын тапқан. Орталық сарай көлемі 144 шаршы метр. Оған қоса қосымша 15 құрылыс жүйелері бірге салынған. Ғалымдар бұл сарай хун тәңірқұтына тиесілі дейді.

Мұнанда бөлек археологтар жартылай жертөле болып келетін асты таспен жылытылатын «кәң» деп аталатын жылу жүйелері бар хундардың тұрақтарын тапқан.

Діни наным-сенімдері, өнері. Хундар көктәңірін құдірет тұтқан. Олар көк құдайы – Тәңірге және жерге сыйынған. Аспан – әке, мейірімділік, ал жер – ана деп санаған. Хундар дәстүрі бойынша, жылына үш рет (1,5 және 10 айда) ордаға жиналып, аспан рухына құрбандық шалып отырған. Әр жылдың бірінші айында барлық ру басшылары тәңірқұтының ордасына жиналып Аспан, Жер, ата-баба рухтарына арнап құрбандыққа мал әкелген. Күзде тағыда жиналып, малжанының есебін алған, мемлекеттік маңызды мәселелерді талқылап, ойын-сауық құрған. Тәңірқұты, күн сайын таңертең шығып келе жатқан күнге, кешқұрым айға тағзым еткен. Хундар әсіресе жаңа туған айдың бірінші күнін айрықша құрметтеген. Әрбір істі бастар алдында айға қарап, егер ол толық болса ғана жаңа ісін бастаған. Соғыста да айдың толық кезінде шабуылға шығатын болған. Егер ай орташаланып бара жатса, соғысты дереу тоқтатқан.

Хундардың өзіндік азаматтық құқықтық жүйесі болған. Қанжар салып адамды өлімші етіп жаралағандар өлім жазасына кесілген, ұрлық жасағандардың мал-мүлкі түгел тәркіленген. Жеңіл қылмыс жасағандардың беті тілінсе, ауыр қылмыс жасағандар өлім жазасына бұйырылды.

Қорымдарда және қыстақ – кенттерде табылған құрал-саймандар, қару жарақтар, ыдыс-аяқтар хундарда қол өнердің айтарлықтай дамығандығына дәлел. Әсіресе хундарда темір ұсталарының өнері ерекшеленеді. Олар темірді шебер ұқсата білген. Ыдыс-аяқтар ағаштан, темірден, қыштан, металдан жасалған. Сондай-ақ, хундар қарсыластарының мықты бекіністерін оп-оңай қиратуға мүмкіндік беретін дуал тескіш техникаларын да жетік жасай білген.

Хун тайпаларының ішінде атақты зергерлері де болған. Ауқатты адамдардың зиратынан табылған алтыннан, күмістен, қоладан, асыл тастардан жасалған сырғалар, жүзіктер, әшекейлеп жасалған кемер белдіктер бұған дәлел. Бұйымдарды сәндеуде көбіне жабайы аңдардың бейнесі қолданылған. Бағалы аң терісінен киім-кешектер жасалған. Хундардың ең құнды дүниелері қатарына асыл тастармен зерлеп жасалған әсем киімдері мен биік телпектері, кестеленген шапандар мен шалбарлар, мамық ішіктер мен әдемі тондар және тағы да басқа көркем заттарды жатқызуға болады.

Қорыта айтқанда, археологиялық зерттеу нәтижесінде табылған заттар хундардың дамыған төл материалдық мәдениетінің болған-

дығын, тұрмыстық және соғысқа қажетті құрал-саймандарды жасауға шебер екендігіне дәлел бола алады. Түркілер – хундардың ұрпақтары, олардың мемлекеттік құрылысы, әскери істері мен соғыс жағдайындағы айла-тәсілдері, артына мұра етіп қалдарған мол мәдениеті кейінгі түркі мемлекеттері тұсында жалғасын тауып, бүгінгі түркі халықтарының тұрмысында сақталынған.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Хундар тарихы бойынша тарихи деректерге сипаттама беріңіздер.*
- 2. Сыма Цянның «Ши Цзи» еңбегі негізінде хундардың шаруашылығы мен мемлекетті басқару дәстүрін баяндаңыздар.*
- 3. Қазақстан территориясындағы хун мәдениетінің ошақтарын атаңыздар және оларға сарпатама жасаңыздар.*
- 4. Л.Н. Гумилев «Хундар» атты еңбегінде хун шаруашылықтары мен қауым ішіндегі салт-дәстүрлерге, әскери өнеріне қандай баға береді?*

2. Еуропалық Хун қағандығы

Ұлы Хун қағандығы ыдыраған соң хундар бірнеше бөлікке бөлініп кетті. Бір бөлігі Сяньбилерге бағынып, бүгінгі күнгі Моңғолияда сяньби атауымен қалып қойды. Екінші біреулері Қытайға шегінсе, үшінші бір тобы Хазар (Каспий) теңізі жаққа жылжып отырып, Арал және Хазар теңіздері аралығына орналасты. Төртінші бір бөлігі соғыса отырып Еділ (Волга) өзеніне қарай жылжыды. Еділ және Жайық маңына орналасқан хундар 200 жылдай дерлік бейбіт өмір сүрді. Тек 360 жылы Еділ мен Днепр аралығында өмір сүретін аландармен (түркі тайпалары) соғысуларына тура келеді. Соғысты алғашқы болып аландар бастайды. Алайда, аландардың соғысқа дайындығының басымдығы және әскерлер санының көптігіне қарамастан 370 жылы хундар жеңіске жетеді. Ендігі жерде хундардың атты әскерлері Солтүстік Кавказдан Азов теңізіне дейінгі аралықты бақылайтын болды. Әрі қарай король Германарих құрған гот патшалығы басталатын. Бұл мемлекет Балтық теңізінен Азовқа дейін, Тиссадан Донға дейінгі аралықта созылып жатты. Готтарға Қырымның далалы алқаптары, Солтүстік Кавказдың Қара теңіз жағалаулары тиесілі еді. Олар туралы Л. Гумилев былай деп жазды: «Остроготтар вестготтар, гепидтер, вандалдардың бір бөлігі, гефулдар, скифтар және т.б. тайпалар мен халықтар бағынған держава басында тұрды».

374 ж. хундардың басшысы болып Еділдің бойынан шыққан Баламир сайланды. Әскер жинаған Баламир готтарға – шығыс-герман-

дық тайпаларға қарсы жорыққа аттанады. Алғашқыда олар готтармен соғысып, мықты жауды жеңуге қол жеткізеді. Готтардың бір бөлігі хундарға бағынса, екінші бөлігі вестготтарға қарай кетуге мәжбүр болады, ал остроготтардың патшасы Германарих өз-өзіне қол салады.

Остроготтарды жеңген Баламир әрі қарай жылжи отырып, 375 жылы Днепр өзені маңында Вестгот әскерлеріне соққы береді де, оларды Днепрге қарай шегінуге мәжбүр етеді. Готтардың басым бөлігі Дунайға қарай қашып, шығыс Рим императоры Валентиннің пана болуын өтінеді. Осылайша хундар ақырындап болса да Батыс Еуропаға ендеп кіре бастайды.

378 жылы Рим империясы шекарасына жақындады. Ендігі жерде хундардың ордасы Еділден Қара теңіз далаларына көшірілді. Еуропада хундар – ғұндар деп аталды.

395 жылы Рим императоры Феодосий I қайтыс болады және дәл сол жылы хундардың Римге шабуылы басталады. Шабуыл екі бағытта жүргізіледі. Кавказ арқылы Анадолияға және Днепр арқылы Балканға. Анадолиядағы Рим әскерлерін жеңген хундар Сирияға қарай жылжиды. Жеңіске жеткендердің бір бөлігі Анадолия жерінде қалып қойды. Кіші Азияның бір бөлігін және Сирияны жаулап алған хундардың негізгі ордасы қазіргі Әзербайжанда тұрды. Ежелгі тарихшы Аммиан Марцеллин ғұндардың тұрмыс-салтын былай деп суреттеді: «Хундар жаңа туған нәрестенің бетін өткір қарумен терең етіп тіледі, сол арқылы сақал-мұрттың өз уақытында шығуын кешеуілдетеді. Олардың дене мүшелері серіппедей қатты, бұлшық еттері тығыз, мойындары жуан, түрлері қорқынышты. Жүздері көріксіз болғанымен, олар шыныққан, ешқашан піскен асты қорек етпейді, қандай жануардың етін болсын шикі күйінде ат арқасына немесе өздерінің астындағы тоқымының арасына салып сорғытып алады да жей береді. Олар ұйықтағанда ештеңе жамылмайды. Олар ормандар мен тауларда көшіп-қонып жүреді, балаларын бесікте жатқан кезінен-ақ аштық пен суыққа төзімді болуға тәрбиелейді. Бастарына әдемі тымақтар, бұттарына ешкі терісінен тігілген жарғақ шалбар киеді, ал аяқ киімдерінің қолайсыздығы сондай, аяқтарын әрең алып жүреді, сондықтан олар жаяу соғысқа онша жарамайды. Ал атқа тақымы тиген кезде олардан асқан шабандоз жоқ, тіпті ат үстінде жүріп саудасаттық жасайды, тамақ жеп, сусын ішеді, аттың мойнына жабысқан күйі ұйықтап, тіпті түс көреді. Әлдебір кеңес өткізу керек болса, ат үстінен түспей-ақ маңызды жұмыстарын шеше береді. Олар ешқашан ақсақалдарының айтуынан шықпайды. Ақсақалдарының бір ауыз сөзі үшін, олар жан беруге дайын.

Қауіп төнсе, соғысуға шақырады. Соғысқан кезде жауын қоршап алып, қатты ашулы дауыстар шығарады, айлакер олар әдейі бытырап кетеді де, майдан шебін бұзбаған күйі жауларын оп-оңай қынадай қырады. Олардың жау бекінісін қалай алғанын бақылау мүмкін емес. Олар қас-қағым сәтте-ақ дүниенің астан-кестенін шығарады».

Еуропалықтар өздерінің соғыстағы сәтсіздіктерін ғұндардың жабайылығы мен қатыгездігіне аударып, олар техникалық прогреске қабілетсіз деп есептеді.

«Алайда, – деп жазды түркі танушы ғалым Л. Гумилев, – ғұндар мен түркі тайпалары адамдар тұрмысына енген заттарды ойлап тапты. Үзеңгі Орталық Азияда 200 жылдан 400 жылдар аралығында пайда болды. Көшуге арналған ағаш арба алғашқыда бесік арбамен кейін теңмен алмастырылды. Бұл ғұндарға таулы, орманды алқаптарда жылдам жүруге мүмкіндік берді. Түріктер тік қылышты ығыстырған доғал қылышты, жебесін 700 метрге дейін ата алатын садақты ойлап тапқан. Ол кезде дөңгелек киіз үй тұрғын үйдің жетілдірілген түрі деп есептелді».

400 жылы Баламир қайтыс болып, билік Жұлдыз ханның қолына өтті. 409 жылы оның әскерлері Дунайдан өтіп Византияға қарсы соғыс ашты. Мұнымен бір уақытта Анадолы жақтан Басық және Гурсұқ бастаған ғұндар шабуыл жасайды. Қыспақта қалған византиялық император Жұлдыз ханға келісімге келейік деп елші жібергенде, Жұлдызхан: «Күн батқанша, бұл мемлекет қай жерге дейін созылса, сол жерге дейін бара аламын» деп жауап береді.

410 жылы Жұлдыз хан өлгеннен кейін, елді билеген Қаратұн хан мемлекеттің ішкі жағдайына көбірек көңіл аударды. Ірі шайқастардың барлығы тоқтатылды. 415 жылы таққа отырған оның ұлы Маншүк хан Балхаш көлінен, Оралдың шығысынан бастап Днепрге дейін бытырап жатқан түркі тайпаларының басын біріктіре алды. Түркілер тарихында ол ұлы саясатшы деген атқа ие болған. Маншүктен соң оның екі ұлы – Бледе және Аттила қалды. Олар әскери өнер мен мемлекетті басқару өнерін әкелерінің үш інісі – Руа, Айбарыс және Октардан үйренді.

Билік Руаға тиесілі болды. Ол ақылды, өте сақ билеуші және алғашқы еуропалық Хун қағаны болды. Ол Жұлдыз ханның Еуропаға қарай шабуылын әрі қарай жалғастырды. 422 жылы үлкен қол жинап Византия территориясына жылжиды. Палонияны (қазіргі Венгрия) жаулап алып, 430 жылы Рейн өзенінің маңына жетеді. Бұл кезде Римнің өз ішінде екі ірі қолбасшылар – Бонифаций мен Аесиус арасында соғыс басталған болатын. Бонифаций ұрыста өледі де, Аесиус Рим

сенатынан қорқып хундарға келіп қосылады. Руа хан қолында жүріп ол хундардың соғысты жүргізу тәсілдерімен, әскери қаруларымен жақсылап танысып алады. 434 жылы Руа өлгеннен соң Аесиус Римге қайта оралып, екінші рет консул болып тағайындалады.

434 жылы Хун тағына 40 жастағы *Аттила* отырды. Оған 12 жыл бойына елді билеуде ағасы Бледа көмектеседі. Аттила орта бойлы, кең кеуделі, қарашашты болатын. Ол қысық, шүңгір өткір көздірімен тесіле қарағанда батырлардың өздері оған шыдай алмайтын. Сондай-ақ ол қызыл тілді болды. Оның әсерлі сөздері, сөніп бара жатқан жүректердің отын қайта жандыра алатын, сарбаздардың ерлік қасиеттерін оята алатын. Ашуланғанда қорқынышты және жауларына, екі жүзді алаяқтарға қатыгез еді. Аттила өзінің туыстарына, жақтастарына, өз халқы мен Отанын сүйетін жауынгерлеріне үнемі қамқор бола білді. Аттила өте қарапайым өмір сүрді және қонақжайлылығымен ерекшеленді.

Аттиланьң тұсында Римдік елші Приск өзінің Аттила ордасында болған кездері туралы былай деп жазды: «Аттила өзіне император жіберген сыйлықтарды тәкәппарлана, мақтанышпен қабыл алды. Ол қонақтарды өзінің тұрағына шақырды. Онда оларды аппақ көйлек киген қыздар қарсы алып, скиф (түрік) өлеңдерін айтып, көңіл көтерді. Аттила сарайы ағаштан салынған қорғанмен қоршалды. Күнде ол өз есігі алдында өз халқын қабылдап, олардың шағымдарын естіп, қазылық етті. Күндіз елшілерді қабылдады және солармен бірге түстенетін. Оның қонақтары алтын және күміс ыдыстармен тамақтанса, өзі ағаш табақтан ас ішті. Түстен кейін ғұн ақындары оның жеңістерін жыр етті».

Аттиланьң үнемі түрі қаһарлы болды, аз сөйлеп, ой үстінде жүреді. Оның қол астындағы әртүрлі деңгейдегі басшылары алтынмен апталып, қаруларын бағалы тастармен көмкеріп жүретін. Ал Аттиланьң өзі өте қарапайым киінді. Ол мейірбан және әділ болғандықтан, оны ғұндармен бірге барлық қол астындағы ел жақсы көрді. Онда қыз-метте көптеген византиялықтар, германдықтар, славяндар және т.б. болды. Аттила өзінің батырлығымен, кең пейілділігімен ерекшеленетін. Аттила тарихта Ұлы әскери қолбасшы, Ұлы саясаткер есімімен қалды. Ол Еуропалық Хун қағандығын нығайтты, мемлекетті Еуропадағы ең ықпалды және ең мықты елге айналдырды. Қағандық 375 жылдан 454 жылға дейін өмір сүрді.

Билікке келген бойда Аттила Римге жорыққа әзірленеді. Ол өзінің астанасын Панонияда негіздеді. Буырқанып аққан тасқын су сияқты,

негізін түркілер құрайтын әртүрлі тайпалардан тұратын хун әскерлері де жолында кездескен қарсылықтардың барлығын жойып отырды.

Хундардың негізгі қолы Балканға жіберілді және бұл жерлер 441 жылы жаулап алынды. Әскер әрі қарай жылжи отырып, 477 жылы Шығыс Рим империясының астанасы Константинопольге таяп тоқтайды. Рим императоры Феодосий II бейбіт келісімге келуге шақырып елші жібереді. Аттила қаржылай контребуция төлеуді талап етеді. Рим келісім бергеннен соң, нәтижесінде тарихта Анадолы келісімшарты деп аталатын шарт бойынша Рим Хундарға жылына 600 алтын ақша төлеуге міндетті және Сингидуннан Наисқа дейінгі Дунайдың оңтүстігіндегі жағалауларын беруге тиіс болды. Бейбіт келісім Рим үшін өте ауыр болды және намысына тиді, алайда оның басқа амалы болмады.

Атиланьң өлімін қалаған Феодосий II әртүрлі қулықтар жасап, қастандық ұйымдастыра бастады. Оның азғыруымен бургундық король Гундикар бүлік шығарды. Оның күшті әскерін басуға Атиланьң ағасы Октар жіберіліп, үлкен қан төгістерден соң жау әскерлері тізе бүгеді. Мұндай бүліктер көбейе түсті, контрибуция төлеу созыла берді.

Бірде Аттила өз сарайында Рим империясының елшісі мен сенаторын қабылдайды. Олармен бірге византиялық елші, ірі бекзадалар, Аттилаға бағынышты елдердің корльлдері де сарайда болды. Қонақасы үстінде Аттилаға адал бекзадалар көмегімен Рим императоры Феодоси II-нің және византиялық елшінің Аттилаға қарсы ұйымдастырған қастандықтарының беті ашылады. Қастандықты білсе де, императордың арамдықтарын түсінсе де Аттила византиялық елшіні өлтіртпей, мемлекеттен шығартып жібереді. Бұл оқиғадан соң Аттила Римге келісімшартты орындамай жатқандығын айтқан нотамен елші жібертеді де, өзі үлкен соғысқа дайындалады.

Алғашқыда ол қазіргі Германия мен Францияға қарай аттанады. Хундардың шабуылдары бүкіл Еуропаның зәресін ұшырды. Хун әскерлері аттарының тұяғынан көтерілген шаң бүкіл Еуропаны алып кеткендей болды. Аттила Галияға қарай жүріп отырып, бургундарды жеңді және жолында кездескен қалалардың барлығын жаулап алды. Одан кейін Метс және Реймс қалаларын алып, одан соң өзіне қарай соғысуға келе жатқан римдік әскермен шайқасу үшін Каталун жазығына қарай бет бұрады.

Бұл кезде Атиланьң қол астында 100 мың түркілерден және 100 мың әртүрлі тайпалардан құралған әскері болатын. Ал Рим әскері туы астында бүкіл христиан әлемінен 200 мыңдай сарбаз құралды. Римнің

әскеріне екі рет хундар лагерінде болған, Атиламаен жас кезінде бірге шынығып өскен, салт жүрумен садақ атудан өте шебер Аесиус қолбасшылық етті. 451 жылы 15 маусымда Каталун жазығында үлкен шайқас болды. Мұндай жүздеген мың әскер қатысқан ірі қантөгіс бұрын-соңды болып көрмеген еді. Өлгендердің саны 166 мыңға жетіп, жапа шеккен жаралылар өзеннен қан аралас су ішкен. Аесиустың екпініне хундардың одақтастары емес, олардың өз батырлары төтеп беріп, бетін қайтара алды. Соғыстың қалай аяқталғаны жөнінде әртүрлі пікірлер болды. Еуропалықтар өз рухын көтеру мақсатында шайқаста Аесиус жеңді деп көрсетуге тырысты. Нендей жағдай болса да, соғыс бір күнге созылып, келесі күні жау әскері қайта шабуыл жасамай кері шегінгенін Еуропалық тарихшыларда теріске шығармайды. Атилада кеткендер аркасынан қуған жоқ, әскерін демалдырмақ болып шешті. Бұл шайқастан соң түріктердің жеңілмейтіндігіне бүкіл әлемнің көзі жетті.

Көп ұзамай Аттила өз әскері қатарын толықтырып, Италияның оңтүстігіне – Римге қарай бет алды. Ол көптеген қалаларды: Аквилея, Вероне, Монтуя және Бергалияны басып алды. Милан қаласы Аттилаға өз еркімен берілді. Қала басшысы қақпаны өзі ашты. Ендігі кезекте Рим тұрды. Империя астанасы, халқы, сенат, папа барлығы үрейленіп дүрлікті. Олар берілуден басқа жол жоқ деп шешті. Нәтижесінде Рим папасы Леон дін қызметкерлерімен және императордың елшісімен бірге Атиланьң алдынан шығып, бүкіл христиан әлемі атынан қалаға тимеуін өтінді. Римнің христиан әлемі үшін құндылығын түсінген Аттила тек кантрибуция – алтын ақша ғана алады да, қалаға кірмей кері қайтады. Осылайша керемет архитектуралық ескерткіштері, үлкен кітапханалары бар, әлемдік мәдени құндылықтары сақталған Рим аман қалады.

453 жылы Аттила қайтыс болады. Оның өлімінен кейін Хун империясы ыдырады. Бірақ Аттила ел аузында мәңгі қалды. Ол туралы көптеген дастандар жазылды, жырланды. Ал хундар мемлекетінің Еуропада болуы еуропалықтар үшін үлкен маңызы болды. Олар мәдениеттің, музыканың, тілдің дамуында үлкен із қалдырды. Мысалы, роман-герман тілінде 800 сөздің түркілік негізі бар екендігі анықталған.

Қорыта айтқанда, б.з. басындағы I ғасырда Хун одағы екіге бөлініп, бірі – Шығыс Хун мемлекеті, екіншісі Солтүстік Батыс хун мемлекеті деп аталды. Солтүстік Хун мемлекеті шығыс Еуропаға қарай жылжып отырып Азов теңіз бойындағы аландарды, мың жылдық тарихы бар Керч бұғазы мен Қырымдағы Боспор патшалығын, өзде-

рін Рим империясы мен байлығының мұрагерлеріміз деп есептеген Вестготтарды кері шегіндірді, Остготтарды талқандай отырып Еділ мен Дунайға дейінгі мекендеген түрлі халықтар мен тайпаларды өздеріне бағындарды. Еуропалық Хун империясының гүлденген кезі – Еділ (Аттила) патша тұсына сәйкес келеді. Аттила мемлекеттік құрылысты жетілдіре отырып, ежелден хун тайпаларында қалыптасқан мықты әскери тәртіптің негізінде Днестірден Римге дейінгі, Балтық теңізінен Қара теңізге дейінгі алып территорияға әмірін жүргізді. Батыс және Шығыс Рим империялары Атилла билігін мойындады. Еуропалық Хун державасы мұнда үстемдік құрып келген құлдық қоғамды құлатты, герман тайпаларын кері шегіндірді, мұндағы мәдениеттің дамуына елеулі үлес қосты.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Еуропалық хундардың алып территорияларды жаулап алуына себепші болған қандай факторларды атай аласыз?*
- 2. «Маргос» клисмиартының қандай тарихи маңызы бар?*
- 3. Каталун даласындағы шайқас нәтижесі жайлы деректерге сараптама жасаңыздар.*
- 4. Тарихи деректер негізінде хун көсемі Атилланың Еуропада жүргізген саясаты мен жеке басына баға беріңіздер.*
- 5. Хун мәдениетінің қандай мұралары қазақ қоғамында сақталған?*
- 6. Хун тарихының тарихтағы рөлін сіз қалай бағалайсыз?*

II тарау
ЕЖЕЛГІ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

1. Түрік қағанаты

Тарихта алғаш рет түрік деген атаумен мемлекет құрған Түрік қағанаты (Көктүріктер мемлекеті) ғұндардан кейін түркі мәдениетін және мемлекет құру дәстүрін жоғары деңгейде жалғастыра білді. Мемлекеттің шекаралары шығыста сахаларды (Якут), батысында оғыздарды қоспағанда бүкіл түркі тайпалары мен рулары өмір сүрген кең аймақ Көктүріктердің билігінде болды.

Түркілердің пайда болуы туралы аңыздар. Шығыста да, батыста да хундар жеңіліп, өздерінің мемлекеттілігінен айрылды, империясын жоғалтты. Готтардан, византиялықтардан, қытайлықтардан жеңіліс табуы және өзара қырқысуының нәтижесінде V ғасырда хундарға және түркі тайпаларына жоғалып кету қаупі төніп тұрды. Алайда, тарих түркі халықтарының қайта жаңғыру, олардың өміршеңдік қабілетінің барлығын дәлелдеді. Осы жағдайға байланысты көптеген әңгімелер, әсіресе тотемдік аң – көкбөрімен байланысты аңыздар көптеп кездеседі.

Халқының рухани біртұтастығы және бірлігі туралы идеялар дәріптелетін мифтерде, аңыздар мен дастандарда, ежелгі түркілер өздерін бөрілермен салыстырады. Көкбөрі рудың қорғаны рөлінде бейнеленеді. Түркілердің көкбөріден тарайтындығы жөніндегі мифологиялық сюжеттердің бір бөлігі Қытай деректерінде кездеседі. Олардың бірінде төмендегідей суреттеледі: Хундардан тарайтын Ашина тайпасына жау шабуыл жасап, он жасар баладан басқасының барлығы өлтіріледі. Ал баланы аяқ қолынан айырып, қиналып өлсін деп батпаққа тастап кетеді. Сол жерде баланы қасқыр-ана тауып алып, өлімнен құтқарады. Бала өсіп ер жетеді. Жау оның тірі екенін естіп, өлтіруге қайта келгенде қасқыр баланы кеудесіне басып алып, ұлы жазық даладан аттап өтеді, батыстан шығысқа қарай кетіп, оны тағы да өлімнен арашалап қалады. Содан соң, бір жартасқа кіріп, он бала табады. Солардың бірі тайпа аты Ашина есіміне ие болады. Бұл аңыз бойынша Көкбөрі түркілердің атасын екі рет өлімнен құтқарған, тұқымын жалғастырған.

«Оғыз қаған» дастанында да Көкбөрі осындай міндеттер атқарады. Аңыз бойынша Оғыз қаған атанғаннан соң батысқа қарай жорыққа шықпақшы болады. Еділдің бойында Оғыз қаған көкбөріні көреді. Көкбөрі: «Ей Оғыз! Сен Урум жерін жаулап алғың келетінін білемін.

Мен саған жол көрсетемін, әскерің соңымнан ерсін» дейді. Әскер соңынан ілесіп отырады. Бірнеше күннен соң қасқыр тоқтайды. Сол жерде Оғыздың бұйрығымен әскері де тоқтап, жауымен шайқасады, жеңіске жетеді. Шығыста Оғыз-қаған тағы да сол көкбөрімен кездеседі де, оның соңынан ілеседі. Бірнеше күннен соң, қасқыр көзден ғайып болғанда, Оғыз-қаған әскерін тоқтатып аялдауын бұйырады. Сол жерде Шуршет-қағанымен болған ұрыста Оғыздар жеңіске жетеді.

Бұл аңызда көкбөріні Оғыз-қағанға Ұлы Көк Тәңірісі жіберген деген сенім анық көрінеді. Сондықтан да, бөрінің түсі ауа-көк деп суреттеледі.

Түріктердің мифологиялық әңгімелеріндегі Көкбөрімен байланысты нанымдарын үшке бөлуге болады: руды негіздеуші әке ретінде Көкбөріге сену; Көкбөріге көсем ретінде сену; Көкбөріге құтқарушы ретінде сену.

Қытай авторлары «түрік ханы» сөзі мен «бөрі» сөзін синоним ретінде де қолданды. Қытай қолбасшылары әскерлеріне берген әмірлерінде де «қасқырларға шабуыл жасау» деген сөздер кездеседі. Шындығында да, қытайлықтар түріктерге қасқырға қарағандай қарады. Мыңжылдықтарға созылған түрік-қытай соғыстарында, тіпті олар түріктерді жеңген күннің өзінде де, қытайлықтар түріктерді бағындыра алмады. Нағыз түріктер қасқырлар үйретуге келмейді деп есептеген. Олар өздерінің бостандық сүйгіштігімен басқалардан ерекшеленіп тұрады. Сондықтанда түркілердің туларында қасқырдың басы алтынмен бейнеленді.

Түріктер жужандардың (аварлардың) қоластында. V ғ. түрік тайпаларының ешқайсысының мемлекеттілігі жоқ кезеңде, Ұлы далада жужандар үстемдік құра бастайды. Жужандар әскери демократия түрінде өз ордаларын құрып, хан сайлады. Олар барлық көршілерін қатыгездікпен ығыстырып, түркі тайпаларының көтерілістер ұйымдастыруына түрткі болып отырды. Ашина басқарған хун тайпалары Алтай тауы бөктерін паналап, орналасқан жерлерін «Ергенекүн» – «ежелгі Отан» деп атады. Онда олар басқада түркі тайпалары сияқты мал бақты, аңшылық құрды, алайда олардың ең басты кәсібі металл өндіру және өңдеу болды. Олар химиялық қоспаларды қолдану арқылы алған өнімі – темірдің сапасы өте жоғары болды.

Алтайлық ұсталар пышақтар, шотбалталар, үзеңгілер, ауыздықтар, доғал қылыштар, семсерлер, найза мен садақ ұштарын, сондай-ақ екі түрлі қазан: дөңгелек – аспалы және төрт аяғы бар қазандар жаса-

ды. Олар тек темір ғана емес, онымен бірге алтын, күміс, қалайы мен мыста да өңдеді.

Түріктер өздерінің Ергенекүндегі өмірлері жайлы «Ергенекүн» атты дастандарында баяндайды. Онда түріктердің Ергенекүнде тыныстары тарылып кеткісі келмей жол таппай қиналғандығы, күндердің күні бір ұста темір тау тауып алады да, оның астынан от жаққанда темір еріп тау арасынан тар өткел пайда болып, сол жерден түркілер шыға бастағандығы, таудан шыға берісте Көкбөрі – оларды күтіп тұрып жол көрсеткендігі жайында жырланады. Бұл аңызда ұста мен қасқырдың түріктер үшін айрықша маңызға ие болғандығын көруге болады.

Ашинаның туыстары өмір бойына біреуге тәуелді болғысы келмеді және өз мемлекетінің болғанын армандады. Темір қаруларының бір бөлігін сатып алып отырған Қытай мен Тибетке тәуелділіктен құтылу үшін олар тау кендерін өңдеуді ұлғайтты және Орталық Азияда алғашқы болып өнеркәсіптік темір өндіруді игерді.

Қытай деректеріне қарағанда металлургияны дамыту ашиналық әскерлерінің қайта қарулануына және іріктелген сауытты атты әскер құруға мүмкіндік берді. Олар мүйіз садақтармен, найзамен, қылыш және алдаспандармен қаруланды.

Түріктердің жужандарды талқандауы және түрік қағанатының құрылуы. VI ғ. орта тұсында Қытай елі бытыраңқылыққа ұшырады және бірнеше мемлекетке бөлініп кетті. Олардың арасында өзара қырқысу соғыстары жүріп жатты. Қытайдың солтүстігінде Шығыс Вэй және Батыс Вэй империялары деп аталған екі мемлекет өмір сүрді. Шығыс Вэй империясының басшысы Гао Хуань жужун ханы Қуалаймен одақ құрып, Батыс Вэй империясына шабуыл жасап, көршісін ығыстырып тастады.

Батыс Вэй императоры Вэнди Ашиналық түркілерге елші жіберіп, олармен достық қарым-қатынас орнатпақ ниеттерін білдірді. Ашинаның ұрпағы Бумын Қытай елшісін қуанышпен қарсы алады. Елшілердің келуіне бүкіл ел қуанып, «бізге ұлы елден елші келді, енді бізде ұлы ел боламыз» – деп қуанады. Осы бір елеусіз жағдайдың өзі түрік ордасын қайта жаңғыртады. «Мәңгілік ел» болады деген сенім оятқандай болды. Бұл жағдай 545 жылы орын алады.

Осы оқиғадан кейін, көп ұзамай жужандардың қанауында болған батыс телес тайпалары көтеріліп, жужандармен соғысу мақсатында Батыс Жоңғариядан Гоби Алтайына қарай жылжи отырып, жолда Бумын әскеріне қосылады.

Ендігі жерде өзін қуаттымын деп есептеген Бумын Жужан ханы Анахуанға маған қызын әйелдікке берсін деп елші жібереді. Мұны естіген Анахун хан ашуланып, менің есігімде темір балқытып жүрген құлым қызымды сұрауға қалай дәті барды деп Бумынды кемсітеді. Түрік қолбасшысының да күткені осы болса керек. Ол өзін жәбірленуші деп есептеп, енді жужандармен соғысудың сәтін күтеді. Бумын Қытай елімен саяси байланыстарын жақсарта түседі. Оның белгісі ретінде 551 жылы Қытай ханының қызына үйленеді. Бұл жағдай түркілердің беделін басқа елдер алдында көтере түседі. Бумын 552 жылдың қысында Жужан ханы Анахуанға тұтқиылдан шабуыл жасап, тас-талқанын шығарады. Мұндай масқара жеңіліске ұшыраған Анахуан хан өзін-өзі өлтіреді. Осы жеңістен кейін Бумын қаған Елхан деген атақ алады. Ал түріктер қуатты деп атала бастады.

Б.з.д. II ғасырдан бүгінгі таңға дейін Еуразия территориясында көптеген тарихи оқиғалар мен өзгерістер орын алды. Алайда олардың ішіндегі ең маңыздысы, басты рөлде түркі тайпалары ойнаған V және XIV ғ. болды.

Бумын қаған Қытайға қарай әскерімен жылжи отырып бүгінгі күнгі Моңғолия территориясындағы түркі және моңғол тайпаларын өзіне бағындырады. Онда ол Хундардың бұрынғы астанасы Өтікентті қалпына келтіріп, оны жаңа мемлекеттің астанасы етеді. Бір жылдың ішінде Бумын көлемді мемлекет құрады. Ежелгі түркі дәстүрі бойынша мемлекетті батыс және шығыс бөліктерге бөледі. Қағаннан кейінгі мемлекеттегі екінші адам жабғу болды. Бумын бұл қызметке өзінің інісі Истемиді тағайындады және оған әскердің батыс қанатын басқаруды тапсырды.

552 жылы Бумын қаған қайтыс болғаннан соң таққа Қара-Еске қаған отырды. Мұның кезінде түріктер Орхон өзенінің жоғарғы ағысында, Букрат тауы етегінде аварларды екінші рет жеңеді. 552 жылы Қара-Еске өледі де, інісі Мұқан қаған болады. Мұқан тұсында жужандар толығымен талқандалады. Бір бөлігі Кореяға, бір бөлігі Қытайға келіп «аварлар» деген атпен орнығады.

Мұқан қағанның билігі. Түрік қағанатын (Көктүрік мемлекетін) құрған Бумын қаған болғанымен, оны әлемдік мемлекет дәрежесіне жеткізген Мұқан қаған еді. Мұқан қаған Оңтүстік-батыс Манчжуриядағы моңғолдың қидан тайпасы мен Енесейдегі қырғыздарды басып алу арқылы түркі елінің Орталық Азия мен Оңтүстік Сібірдегі билігін түпкілікті етеді. Қытай деректеріне қарағанда, олар шекарадан тыс жатқан көршілерінің бәрін тітіркентеді.

Шығыстағы Корей түбегінен батыстағы Каспий теңізіне дейінгі, оңтүстіктегі құмды даладан (Алашань және Гоби шөлінен) теріскейдегі Солтүстік теңізіне (Байкал) дейінгі аралықтың бәрі Мұқан қаған билігінде қарады. Ол сол кездегі билік орталығы Қытай патшалығымен бақталас болып алды. Қағандық Мұқан тұсында Қытайдың солтүстік Ци және Солтүстік Чжоу мемлекеттерін өзіне бағынышты етті. **Ұлы Түркі қағандығы** өте қысқа мерзім ішінде Сары теңізбен Қара теңіз арасында жатқан тайпаларды біріктіріп бір орталыққа бағындырды – сол өлкені еркін жайлаған соғдылықтар Түркі қағандығына қарсы тұра алмады.

Қытайдың қазіргі солтүстік-шығысындағы өлкелерінен бастап Каспий теңізіне дейінгі ұлан-байтақ өңірде Түрік қағандығы құрылады.

555 жылдың өзінде-ақ түркі әскерлері Истемиді жабғудың басшылығымен батысқа жылжи отырып, Жетісу жерін, Қазақстанның Сырдария мен Арал өңіріне дейінгі бүкіл жерлерін жаулап алады. Хорезмде түріктер билігін мойындады. Түріктердің батысқа қарай жылжуы, тек жаулап алу ғана болған жоқ, сонымен бірге Орта Азияның таулы-далалы аймақтары мен Қазақстан далаларына түркі тайпаларының қоныстануы болды. Осылайша ірі империя құрылып, көшпелі тайпалар «он оқ будунға» біріктірілді.

Мемлекет негізінен ру-тайпа жіктері бойынша басқарылды. Осы он ірі тайпаның әр қайсысының басқарушысы болды, оларды «шад» деп атады. Он тайпа «оң қанат» және «сол қанат» деп екіге бөлінді. Мемлекет аумағы жеке иеліктерге бөлініп, оларды кіші хандар басқарды. Қағандықтың ең жоғарғы ұйымы шонжарлар болып табылды. Қағаннан кейінгі биліктер мынадай болды: шеху (жабғу) – дәлэ (тегін) – сылифа (сіліг бек) – тумеофа (түмен). Бұл төрт билік қағанның төрт тірегі деп аталған. Бұлардан кейінгі әкімшілік әскери басшыларға тиесілі болып, оларға 20 түрлі лауазымдық атақ берілген.

Қытай жылнамасында көрсетілген көне түркілердің мемлекеттік заңын ірі-ірі сегіз бапқа бөліп қарастыруға болады:

1-бап. Ел ішінде бүлікшілік жасап, көтеріліс ұйымдастырушыларды өлім жазасына кесу.

2-бап. Елдің мүддесін сатып, елге опасыздық жасаған адамды өлім жазасына бұйыру.

3-бап. Ел ішінде жазықсыз кісі өлтіргендерді өлім жазасына кесу.

4-бап. Біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ақ некесін бұзушыларды өлім жазасына кесу.

5-бап. Кісенді, не тұсаулы жүрген сәйгүлік аттарды ұрлағандарды өлім жазасына кесу.

6-бап. Төбелесте мүгедек болудың түріне қарай мүлік түрінде құн төлету: а) егер көзін шығарса, қыз береді, ал қызы болмаса, қыздың малын береді. ә) төрт мүшенің бірін мертіктірсе, айыпқа бір жақсы ат береді.

7-бап. Ұрланған жылқы не құнды мүлік үшін он есе айып төледі.

8-бап. Біреудің қызын зорласа, оған мүліктей ауыр айып төлету және сол қызға үйленуге мәжбүрлеу.

Аз уақыт ішінде Түрік қағандығы мемлекеттің жеңісін сыртқы жаудан қорғай алатын тұрақты әскер құрды. Әскерге белгілі тәртіп бойынша ханның аға-інілері, балалары мұрагерлік жолмен басшылық етті.

Эфталиттермен, Иранмен соғыс. Түріктер Орталық Азияның ішкі аумақтарына қарай жылжығанда мұндағы эфталиттерден қатты қарсылық көріп, жорықтарын уақытша тоқтатуларына тура келді. Эфталит (Ақ-Ғұн) Ұлы Ғұн мемлекетінің ыдырауынан кейінгі кезеңдерде ұдайы жер ауыстырып отырған ғұн тайпалары негізінде, 350-жылдары шамасында Каспий теңізінің оңтүстік-шығысында бүгінгі Ауғанстан жерінде құрылған, Солтүстік Үндістаннан Шығыс Түркістанға дейінгі жерлерді алып жатқан ірі мемлекет болатын. Сондықтан мұндай күшті жауды жеңу үшін Түрік қағандығы Иран мемлекетімен қарым-қатынастарын жақсартуды ойластырады.

Иран шахы Хосров I Ануширван эфталиттермен араздасып жүрген түріктермен одақ құру туралы ұсынысын 564 жылы жасайды. Түріктер Ирандықтардың ұсынысын қабыл алып, Истеми жабғудың қызын Хосровқа әйелдікке береді. Иран шахы Хосрав I Ануширван эфталиттерге салық төлеуін тоқтатып, соғысқа дайындалады.

Естеми батыста иран әскерінің қолдауымен эфталит жеріне шығысынан басып кіреді. Шешуші шайқас Бұқара қаласы түбінде болып, эфталит патшасы Гатифара жеңіліс табады. Амударияның оңтүстігіндегі эфталит жерінің бәрін Хосров өзіне қосып алады.

Эфталиттер мұрасын, жерін бөлісуде Түркі қағаны мен Иран шахы арасында туған қырғи-қабақ үлкен жанжалға айналады. Бұған бірқатар экономикалық таластар да қосылған еді. Солардың бастысы Батыс пен Шығыс арасындағы керуен жолы бойындағы жерлерге талас болатын. Өйткені керуен жолы бойындағы жерлер көп пайда әкелетін. Бұл келіспеушілік екі ел арасының сууына алып келді. Парсыларға қыр көрсету мақсатында Түрік қағаны олардың батыстағы жауы Византиямен жақындасады. Түрік қағаны мен Византия елшілігінің

арасындағы келісімшартта екі елдің арасында жібек саудасын жүргізу және Иранға қарсы бірігіп соғыс қимылдарын жасау туралы сөз болады. Алайда жібек саудасы мәселесіне келгенде екі жақ келісе алмай қалды. Оның басты себебі, Византия бұл уақытта жібек өнеркәсібін жолға қойып алғандықтан, жібекті өздері сыртқа шығаруды қалады. Византия мен Түркілер арасында екінші қайшылық 570 жылы қайта туындайды. Ол аварларға байланысты болатын. Аварлар түркілердің ата жауы екені белгілі. Византия сол жылы аварлармен бітім жасап, одақ құруға мәжбүр болған еді. Міне, бұл жағдай түріктерді қатты ренжітеді. Оның үстіне 575 жылы Византия мен Иран өзара бітімге келеді. Бұл жағдай түріктерге қауіпті болды.

570-576 жылдары түріктер Солтүстік Кавказды өзіне бағындырумен айналысты. Түріктер Кавказ жеріндегі ұтырғыр тайпаларының қолдауымен Босфорды жаулап алады және Қырымға баса көктеп кірді (576 ж.). Алайда, түбектен тез арада кетуге мәжбүр болды. Түріктердің Иранға жасаған екінші жорығы 588-589 жылдарға сәйкес келеді. Түркілер басшысы Севэ (Шаба) әскерлері Хорасанға шабуыл жасайды. Гераттың жанында Иран әскерлерімен соғыста түріктер жеңіліс тауып, Иранмен бейбіт келісімге келуге мәжбүр болады. Сасаниттерді (парсы мемлекеті) Арабтар талқандағанға дейін Орта Азияда түріктер мен Иран арасындағы шекара өзгеріссіз қалды.

Осылайша, VI ғасырдың 60 жылдарының аяғында Түрік қағандығы сол уақыттың ірі мемлекеттері Византия, Сасанид, Иран және Қытаймен саяси және мәдени экономикалық қатынастардың жүйесіне еніп, Қиыр Шығысты Жерорта теңізімен байланыстыратын сауда жолдарына бақылау жасау жолында күрес жүргізді.

Түрік қағанаты құрылған алғашқы жылдардың өзінде-ақ (555 ж.) мемлекеттің батысында әскери әкімшілік басқару жүйесі болды. Тап осындай жүйе қағандықтың шығыс аумағында да пайда болған еді. Бұдан түрік империясының батыс және шығыс болып екіге бөлініп басқарғанын көреміз. Түркі империясы өзінің 25 жылдық жаулап алу жорықтары кезінде оның территориясы Манчжуриядан Босфор – Киммерияға дейін, Енисейдің жоғарғы ағысынан Амударияның жоғарғы ағысына дейін созылып жатты. Осылайша түркі қағандығы саяси және мәдени мұрасы арқылы Орталық Азия мен Оңтүстік Шығыс Еуропаға едәуір әсер еткен алғашқы еуразиялық империяны құрушы болды.

Түркі империясының бытыраңқылыққа ұшырауы. Мұқан қаған 572 жылы қайтыс болды. Ол өзінің артына 10 мың шаршы шақырымды қамтитын әлемдік мемлекетті тастап кетті. Мұқан қа-

ғанның орнына інісі Табо (572-581 ж.ж) отырды. Оның ішкі және сыртқы саясатта жіберген қателіктері Түркі қағандығының бірлігі мен ұлттық мәдени өміріне үлкен өзгерістер алып келді. Өлкеде буддизм тарады, Көктүріктер мемлекеті будда дінін өз қорғауына алды. Бұл әрекеті, әрине ұлттық болмысқа зиян келтірді. Салт-сана өзгеріп, оған наразылар жасаған ішкі көтерілістер мемлекет өміріне қауіп төндіретіндей дәрежеге жетті. Осы тұста мемлекеттің батыс бөлігін басқарып отырған Истеми жабғу да қайтыс болды (576 ж.). Оның орнына ұлы Тарду отырды. Тарду Шығыстағы наразылықтарды пайдаланып, өзін қаған деп жариялады. Осылайша, Көктүрік тарихында шығыс пен батыстың тартыс кезеңі басталды. Тарду өз алдына жеке шешімдер шығарып, аз уақыт өткеннен кейін Батыс Көктүрік мемлекетін құра бастайды. Бұл тұста Түркі қағандығының шекаралары Батыс Кавказдың солтүстігі мен Қара теңіздің жағалауларына дейін, ал шығыста Манчжурияға дейін созылып жатты. Өткенде Табо қағанның өлімінен кейін Көктүрік ханзадалары арасында таққа талас басталады. Табо дәуірінде мемлекеттің шекаралары біршама кеңейімен бірге қағанат саяси тұрғыдан құлдырай бастаған еді. Оның өлімінен кейін Ишбара қағандық тағына отырды. Елдің ішкі қақтығыстарын пайдаланған Истемидің ұлы Тарду шығыстан түпкілікті бөлініп шықты (582). Осылайша Көктүрік мемлекеті іс жүзінде екіге бөлінді.

Мемлекеттің алып көршісі Қытай императоры қағанаттың әлсіреуін пайдаланып, өз билігін жүргізгісі келді, оның ішкі істеріне араласа бастады. Көктүріктердің қытай тілінде сөйлеуін, қытай дәстүрінің орындалуын және т.б. міндеттердің атқарылуын талап ете бастады. Ишбара бұған қарсы болды. Ол Қытай императорына: «Сіздерге бағынамын, алым беремін, қымбат аттарды сыйға тартамын. Алайда тілімізді өзгертпеймін, толқындаған шаштарымызды сіздікіне ұқсата алмаймын, халқыма қытай киімін кидіре алмаймын, өйткені бұл мәселеде халқым өте сезімтал және адал. Құдды бір соққан жүрек секілді» деп жауап берген. Ишбара 587 жылы қайтыс болғаннан кейін таққа отырған Чуло қаған (587-589 ж.ж.), Тулан қаған (590-600 ж.ж.), Кимин қаған (600-609 ж.ж.), Шиби қаған (609-619 ж.ж.), Чуло қаған (619-621 ж.ж.), Киелі қаған (621-630 ж.ж.) кездерінде мемлекетте жүйесіздік жалғаса берді, сеператизм күшейе түсті. Бұл жағдайды Қытай ұтымды пайдаланды. Соңғы қағанның тұтқындалып, 630 жылы Қытайға жіберілуімен қағанаттың шығыс бөлігі өз тәуелсіздігінен айырылды.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ежелгі түркілер жайлы басқа қандай аңыз-әңгімелер білесіздер?
2. Көрші елдердің түркілерді бөрілерге ұқсату себептерін атаңыз.
3. Көктүріктер мемлекеті құрылуына ықпал еткен ішкі және сыртқы факторларға сипаттама беріңіздер.
4. Бірінші Түрік қағанатының батыс жағындағы тайпаларының ешқандай қарсылықсыз бірігу себептерін түсіндіріңіз.
5. Қытай жылнамаларын негізге ала отырып түркілердің мемлекеттік заңдарына сараптама жасаңыздар.
6. Мұқан қағанның жүргізген сыртқы және ішкі саясатына баға беріңіз.
7. Түрік қағанатының екіге бөліну себептерін атаңыз.

2. Батыс Түрік қағанаты

Территориясы, құрамындағы тайпалар. Алғашқы түрік қағандығы Батыс және Шығыс болып бөлінгеннен кейін, олардың әрқайсысының территориялары анықтала бастады. Батыс Түрік қағандығы Оңтүстік шығысында Іле, Шу өзендерінен бастау алып, Солтүстік батысында Еділ мен Кубань өзенінің төменгі ағысына дейін, ал Солтүстік Шығысында Есіл мен Ертіс өзендерінің жоғарғы аралығын алып жатты. Ал Оңтүстік батысында Тарым, Амудария өзендеріне дейінгі аймақты биледі. Астанасы Шу өзенінің бойындағы Суяб қаласы болды. Ал жазғы қонысы Мыңбұлақта орналасты (Испиджабқа жақын жерде).

Батыс Түрік қағандығының негізін он тайпа (он оқ будун) құрады. Олар шығыста бес тайпа дулу, батыста бес тайпа нушибилар еді. Жоғарыда көрсетілген кеңбайтақ жерді алып түркі тілдес халықтар Батыс Түрік қағандығының билігін ешбір қарсылық көрсетпестен бірікті. Оның басты себебі, қағанаттың саяси және экономикалық билігі бірыңғай түрік билеушілерінің қолында болуында еді. «Он оқ халқы» құрамында түркі тілінде сөйлеген үйсін, қаңлы, дулат тайпаларымен қатар шығыстан келген түркеш, қарлұқ, теле, басмыл, қыпшақ, оғыз, шығыл, шымыр, нушибе баға (жайма) тағы басқа тайпалар болды.

Жегуй қаған мен Түн жабғы қаған тұсындағы Батыс Түрік қағандығы. Батыс Түрік қағанатының саяси билігінің күшейген кезі Жегуй (Жегу 610-618) мен оның інісі Түн (Тон 618-630) қағандарының билік құрған мезгілі болды. Егер Жегу қаған қағанатының Шығыстағы шекарасын Алтайға дейін жеткізіп бекітсе, ал Батысты-

ғы шекарасын Тарым өзені мен Памир тауына дейін соза түсті. Түн қаған ағасының жаулап алу жорықтарын жалғастыра отырып, мемлекеттің шекарасын Гендукеш пен Амударияның жоғарғы ағысына дейін кеңейтті. Оңтүстіктегі Тахаристанды билеуді Түн қаған өзінің ұлы Тарду шадқа тапсырады. Оның орталығы Құндыздыда орналасты. Тянь-Шаньның оңтүстіктегі, Мәуераннахрдағы, Орта Азия жеріндегі отырықшы аймақтар мен қалалар Батыс Түрік қағандығына тәуелді болды.

Түн қаған өзінің батыстағы ықпалын нығайтуды назарынан тыс қалдырмады. Әсіресе Иран мен Византия сияқты ірі мемлекеттердің арасындағы жағдайды ерекше бақылап отырды. Екі ел арасында келіспеушілік туғанда Түркі қағаны өзінің Византия мен жасаған келісімі кезінде император Ираклидің Закавказьеге жасаған үшінші жорығына (627-628) қатысты. Ол Дербент және Тбилиси қалаларын жаулап алып, қолға үлкен олжа түсіреді. Император Түн қағанды Тбилиси қамалы түбінде қарсы алып, оған өзінің тәжін кигізіп ризашылығын білдірді. Бұл жағдай қағандықтың халықаралық беделін арттыра түсті.

Бұрын өзіне алым төлеумен ғана келген Орта Азия мемлекеттерінің үстінен Тон-яғбу қатаң саяси бақылау орнатты. Өзіне түгелдей бағынған солтүстігіндегі Исфиджаб пен Ташкент оңтүстіктің Ауғаньстан мен солтүстік-батыстағы Пәкістан территориясына қаған өзі бекіткен бақылаушылар-тудуктар жіберілді. Олар қағанның қазынасына түсетін алым-салықты жинауға бақылау орнатты. Жергілікті билеушілерге түркі титулдары беріліп, олар қағанның басқару-әкімшілік аппаратының құрамына алынды.

Орталықтан тепкіш күштердің (сепаратизмнің) күшеюі. Кең байтақ территорияны алып жатқан қағандықтың сыртқы жағдайына қарағанда, ішкі саясатын қалыптастыру қиынға соқты. Халқының құрамы алуан түрлі тайпалардан тұрған қағандықта 630 жылдардан бастап билік үшін талас-тартыс басталады. Ел ішіндегі шиеленісті тоқтату керек деген желеумен ықпалды әскер басы Күл-бахадур өзінің жиені Түн қағанды өлтіріп, өзін қаған деп жариялайды. Алайда оның билігін тайпалардың бір бөлігі жақтаса, екінші бөлігі қолдамады. Осылайша тайпалар арасында соғыс басталып кетеді. 630-634 жылдары қағандық өзінің Орталық Азиядан Сырдария өзенінің батыс жағындағы территорияларынан айырылып қалады.

«Он оқ будун» құрамындағы екі тайпалық одақтың (бес тайпа дулу мен бес тайпа нушби) арасындағы билік үшін күрестері Батыс түрік қағандығын саяси дағдарысқа ұшыратты. 634 ж. нушиби тай-

палық одағының қолдауымен Ешбара Елтеріс Шир қаған билік басына келді. Ол әскер құрамында он оқ жүйесін қайта жандандырып, тайпа көсемдерінің жаңа басқару жүйесін құрады. Жаңа реформа бойынша тайпа көсемдері еркіндер мен шорлар деп аталып, олардың әрбіреуі бір оқ деп аталады. Әр оқта бір түмен әскер болды. Алайда еркіндер мен шорларды тек қаған руынан жіберілген шад бақылап отырған. Басқарудың бұл жүйесі тайпа көсемдерінің биліктеріне үлкен тежеу болды. 638 жылы бес тайпа дулу тайпалық одағы көсемдері өз араларынан қаған көтереді де, нушибилермен арада қанды шайқас басталады. Нәтижесінде Ешбара қаған Ферғанаға қашады. Осыдан кейін қағандық екіге бөлінеді. Олардың арасындағы шекара Іле өзені арқылы өтті. Тайпалар арасындағы соғыс және династиялық күрес 17 жылға созылып (640-657), бұл жағдай көрші Қытай елінің қағандық территориясына баса-көктеп кіруіне қолайлы жағдай туғызды. Он оқ будун елі қытайлық Тан империясынан жеңіледі. Түркілердің тәуелсіз соңғы қағаны Нивар Ышбара тұтқынға алынып, сонда екі жылдан соң 653 ж. қайтыс болады.

Қытайлық Тан империясы өзінің қағанат ішіндегі қолдаушыларына сүйеніп, Батыс Түрік қағандығын билеуге тырысады. Батыс Түрік қағандығын құлатпай бұрынғы құрамын қалпына келтіруге әрекет еткен соңғы дербес қаған Ашина Хэлудің әскері 658 ж. Тан мемлекеті әскерінен жеңіліп қалады. Қытай мемлекеті Жетісуға басып кіреді. Осылайша Батыс Түрік қағандығы 659 жылы жеке мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатты.

Батыс Түрік қағандығы құлағанымен оның құрамындағы түркі тайпаларының бәрі бірдей Тан мемлекетіне бағынып, оның билігін мойындаған жоқ. Он оқ елінен ерікшілерден құралған әскерлер Қытай басқыншыларына қарсы бірнеше рет көтеріліске шықты. Бірақ нәтижелі жеңіске жете алмады. Тек VII ғ. аяғы мен VIII ғ. басында түргеш тайпасының көсемі Үшлік Таң империясына қарсы тұрып, өз алдына қағандық құрды. Сөйтіп 704 жылы Батыс Түрік қағандығынан соң Түргеш қағандығы тарих сахнасына шығады.

Батыс түрік қағандығының мемлекеттік құрылысы. Қағандықтағы билік патриархалды-феодалды түрде мұралықпен берілетін болды. Қағаннан кейінгі билік сатыларында яғбу, тегін, шад, еркін, тарқан, бек, бұрық, чор және т.б. лауазымдағылар тұрды. Батыс Түрік қағандығын түркілердің Ашина тайпасынан шыққан ақсүйектер билеген. Онда 28 түрлі дәрежеден тұратын лауазым иелері болды. Ел ішіндегі соттық билікті бұрықтар мен тарқандар атқарған. Халықтың негізгі бөлігі – қарабұдындар (қара бұқара) ал төменгі жігі тат (құл)

деп аталған. Тарихи деректер Батыс Түрік қағандығында тат немесе құлдардың еңбегі кеңінен қолданғандығын дәлелдейді. Көбіне құлдың жұмысын қолға түскен тұтқындар атқарған.

Қағандықта мемлекетті аймаққа бөліп басқару жүйесі болмаған. Бүкіл ел ру-тайпа бөліктері бойынша «он ок» деген он ірі тайпаға бөлініп басқарылды. Бұл тайпалардың басшылары шад деп аталып, он ірі тайпаны он шад басқарған. Он ірі тайпа оң және сол қанат деп екіге бөлінді. Сол қанатқа дулулардың бес тайпасы, ал оң қанатқа нушибилердің бес тайпасы кірген. Қағанның әр жердегі өкіл әкімі тегіндер мен жабғулар іс жүзінде бір әскер қолбасшылары болды. Жаулап алынған жерлер мен тайпалардың ұлғаюына байланысты лауазым иелерінің билігіде күшейе берді. Басқарудың мұндай жүйесі қағандықтың берік бірлестігін қамтамасыз ете алмады. Қағанның күш-қуаты әлсіреген тұста жергілікті шонжарлардың жеке жасақтары күшейіп, олар өздерін қаған деп жариялай бастады.

Түріктердің шаруашылығы, тұрмысы. Батыс түрік қағандығының негізгі шаруашылығы маусымды жайылымға негізделген жартылай малшылық болды. Малы жоқ шаруалар егіншілікпен айналысты. Егін, мал шаруашылығымен айналысқандарды патриархалдық қатынас үстемдік етті. Ал отырықшы егінші аудандарда феодалдық қатынас орнады. Қытай мен Византияны байланыстыратын Ұлы Жібек жолының бұл мемлекетті басып өтуі, ел экономикасының дамуына үлкен ықпал етті. Жетісудағы отырықшы мекендер мен қалаларда тұратын соғдылар егіншілікпен қатар қолөнермен, сауда-саттықпен айналысты. Сауданың дамуымен ақша айналымы да арта түсті. Сауда мен қол өнердің орталықтары Құлан, Наукент, Тараз, Меркі, Талхиз, Алмалы, Жақсылық, Сайрам, Суяб қалалары болды. Қалаларда өндіріс құрал-жабдықтарын жасайтын теміршілік кәсібі, қыш-құмыра өндіріс, тоқымашылық, тері өңдеу, қолөнер кәсіптері өркендеді.

Түрік қағандығы жайындағы жазба деректерде қалалардың дамуында соғдылардың рөлінің басым болғандығы айтылады. VII ғ. бастап түркілер отырықшы тұрмысқа өте бастауымен түркілер мен соғдылар етене араласып, бірінің тілінде бірі сөйлеген. Біртіндеп түріктер де қалаларда тұрақтанып, сауда-саттықпен кеңінен айналыса бастаған. Сауда көбіне айырбас түрінде жүргізген, сондай-ақ археологиялық деректер Византияның алтын теңгелерінің кең таралып, халықаралық өлшем пұл (валюта) ретінде жүргенін байқатады.

Осылайша Батыс Түрік қағандығының едәуір бөлігі отырықшылыққа көшіп, қолөнермен, егіншілікпен айналысқан. Шығыс Түрік қағандығымен салыстырғанда оның әлеуметтік құрылымы да күр-

делірек болды, яғни Батыс Түрік қағандығы феодалдық мемлекет дәрежесіне көтеріле алды. Қағандық территориясында пайда болып дамыған қалалар жөнінде Қытайлық саяхатшы Сюань Цзан 630 жылдары былай деп жазады: «Ыстық көлден батысқа қарай 500 мил жер жүргеннен соң Суяе (Суяб) қаласына келдік. Қаланың аумағы 6-7 мил. Бұл жерде соғдылар әр жерден келген саудагерлермен кездеседі екен. Жерлері қызыл тары мен жүзім өсіруге қолайлы. Климаты желді, боранды, әрі суық. Адамдар жүннен тоқылған киімдер киді. Суяенің батыс жағында тағы осындай оншақты қала бар, оларды өз көсемдері басқарады, бірақ түркілерге тәуелді». Саяхатшы, сондай-ақ, тұрғындардың түрін, киімін, жазба өнерін зерттей келіп: «олар саудаға келеді», «жер өңдеп, егін салғандар мен сауда жасап пайда тапқандардың саны бірдей» – дейді. Бұл елде тек сауда мен қолөнер ғана емес, егіншілік те жоғары дәрежеде дамығандығын ерекше атап көрсетеді.

Түркі жазба ескерткіштері және олардың зерттелуі. V-IX ғасырларда түркі қағандықтары қоныстанған Алтай, Сібір, Орта және Орталық Азия территориясында жазу, сызу, әдебиет, сәулет өнері, тарих ғылымдары, діни сенімдері қалыптасқаны белгілі. Оған әрине Орхан-Енесей және Талас өзендері аңғарларынан табылған ескерткіштер дәлел бола алады. Олар VII-VIII ғғ. түркі ру-тайпаларының іргелі елі Түркі қағандығының тұсында тасқа қашалған Білге қаған (хан) ежелгі түркі мемлекетінің көрнекті қолбасшысы, сол дәуірдің белгілі қоғам қайраткері Құтлұқ қағанның кенже ұлы, Білге қағанның інісі Күлтегін (әскербасы), Тоныкөк (ақылшы, кеңесші) сияқты атақты адамдарға арнап тұрғызылған құлыптастағы жазулар.

«Орхан-Енесей жазуы» аталып кеткен тас ескерткіштер биіктігі – 3,15, ені – 1,25 қалыңдағы 0,41 метр болып келген мәрмәртас. Онда Түрік қағандығы дәуірінде қолданылған түркі және Қытай жазуларымен екі тілде тас бетіне ойып жазылған. Орхан-Енесей құлыптастарын алғаш рет Т. Сносекий зерттесе, Н.М. Ядринцев 1885 ж. Моңғол территориясынан оның және бір нұсқасын тауып, ғалымдар назарына ұсынды. Ондағы жазуды алғаш рет Дания ғалымы В. Томсен оқып, 1893 ж. неміс тіліне аударған. Академик В. В. Радлов басқарған Ресей археологиялық экспедициясы 1894 ж. бұл ескерткіштерді орыс тіліне аударған. Шын мәнінде Орхан жазбаларын дәл әрі толық аударған ғалым С. Е. Молов болды. 1893 ж. П. М. Мелиоронский Орхан жазбалары жайындағы жеке зерттеулерге бірінші болып түркі ханы Елтеріс (Құтлық) династиясы кезіндегі тарихи, географиялық этнографиялық жазбаларға және VII-VIII ғғ. түркілердің ішкі ахуалына терең шолу жасайды.

XX ғасырда түркілердің көне жазба ескерткіштерін пайдалана отырып, олардың әлеуметтік-экономикалық өмірін зерттеуге ерекше назар аударған ғалымдар – В. В. Бартольд, А. Н. Бернштам, С. П. Толстов, С.В. Кисилевтар болатын. Олар археологиялық және этнологиялық материалдарды пайдалана отырып, ертедегі түркі қоғамындағы әскери-демократиялық биліктен, алғашқы мемлекеттік құрылыстық дамуына көтерілген феодалдық мемлекеттердің құрылғандығын көрсетеді.

Түркілердің тарихи көне түркі жазуы бойынша зерттеген ғалымдардың ішінде ерекше ғалым С.Г. Кляшторныйды атап өткен жөн. Ол өзінің «Ертедегі түріктердің руникалық ескерткіштері Орта Азия тарихының басты деректері» деген еңбегінде алғашқы орта ғасырлардағы түркілердің тарихынан көптеген мағлұматтар келтіреді, олардың тарихына айрықша назар аударады.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Батыс Түрік қағанатының сыртқы саясатын сипаттап жазыңыз.*
- 2. Мемлекеттің саяси құрылымын Ғұн имперясының мемлекеттік саяси құрылымымен салыстырыңыз.*
- 3. Батыс Түрік қағанатының ыдырауына себепші болған факторларды атаңыз.*
- 4. «Орхан-Енесей» деректерін пайдалана отырып түркілердің наным-сенімі негізінде қалыптасқан дәстүрлеріне сипаттама беріңіз.*
- 5. В. В. Бартольдтың түркілердің әлеуметтік-экономикасын зерттеуге арналған қандай еңбектерін білесіз?*

3. Екінші Шығыс Түрік қағанаты

Шығыс түріктердің Тауғаштар (қытай) үстемдігіне қарсы көтерілісі. 630 жылы Шығыс Түрік қағандығы Қытай императоры Тайцзуннен жеңіліске ұшырады. Түркі тайпалары Ордос және Шансиде қоныстандырылып, Қытай империясының құрамына енді. Түркі ақсүйектерінің бір бөлігі империя қызметіне орналасты. Ең ауыр міндет Қытай империясының соғыстарына қатысуы болды. Алғашқыда сәтсіздікке ұшыраған 679-681 жылдары түріктердің көтерілісіне байланысты 682 жылы Ашина руынан шыққан түрік көсемдерінің бірі – Құтлық Гобиге кетті. Инышань тауына орныққан Құтлық пен оның ізбасарлары өздерінің жағына түркілердің көп бөлігін тартып, 682-687 жылдары Шансидегі император әскерлеріне қарсы сәтті соғыс қимылдарын жүргізді. Осы жылдары түркілер Қытайға қарсы соғыстың

нәтижесінде өз мемлекеттерін қайтадан құрып алды. Елтеріс өзін қаған деп жариялап, Түрік империясының қайта құрылғанын мәлімдеді.

691 жылы Елтеріс қаған өлгеннен кейін, қаған тағын қабылдаған кіші інісі Қапаған оның мұрагері ретінде таққа отырды. Қапаған қаған ағасының саясатын жалғастыра отырып, түркі тайпаларының басын бір тудың астына біріктірсем деген арманы жолында қызмет етті. Оның билігі (692-716 ж.ж) тұсында екінші түрік қағандығы әскери-саяси жағынан мығым болды. Қапаған қаған халық игілігі үшін қызмет етті: «не түнде ұйықтамады, не күндіз демалмады». Құтлық және Қапаған қағандардың тынымсыз еңбегісіз, олардың дана кеңесшісі Тоныкөксіз мемлекет те, халық та болмас еді деген сөздер Орхон жазуларында баса айтылған.

Қапаған қаған тұсында Шығыс Түрік қағандығы әскери және саяси дамуы жағынан шарықтап өсті. Қаған әскерлері Қытай армиясына қарсы бірнеше рет шайқасқа түсті, қидандармен соғысып, талқанданды, Тува мен Енесей қырғыздарын жеңіп, өзіне бағындырды. Қапаған қаған бүкіл Орталық Азияны билеуге қол жеткізді. Сондай-ақ, бұл кезде саяси бытыраңқылыққа түсе бастаған Батыс түркі қағандығын жерінде басып алды.

Қапағанның өлімінен кейін орнына інісі (Елтерістің ұлы) Білге қаған таққа отырады. Білге қаған көктүрік әскерінің бас қолбасшылығына інісі Күлтегінге тапсырады. Осы екі бауыр және Тоныкөктің қайратының арқасында Көктүріктер әскери, саяси және мәдениет саласында әлем тарихында өшпес із қалдырды. Алайда бұл жарқын кезең ұзаққа созылмады. Алдымен Тоныкөктің (725 ж) кейінен Күлтегіннің бірінің артынан бірінің өлімі, 734 жылы Білге қағанның өлімі Көктүрік мемлекетінің ыдырауынан хабар беріп тұрғандай.

Мәдени қазына болып табылатын Орхон-Енисей (Көктүрік) жазбаларының Тоныкөк балбалы 720-725 жылдары, Күлтегін балбалы 732 жылы, ал Білге қағанның балбалы 735 жылы жазылып орнатылғандығы анықталды.

Әкесінің орнын басқан Түрік Білге қағаннан кейін інісі Тәңрі Хан Көктүріктердің тағына отырды. Билік шылбырын Тоныкөктің қызы болып келетін осы «Тәңрі Ханның» анасы Парфу қолына алған болса да, ішкі қайшылықтарды тоқтатуға күші жетпеген. Бұл итжығысты дер кезінде пайдаланған басмыл, қарлұқ, ұйғыр тайпалары бірігіп, Көктүріктер билігіне қол салды. Олар Ашина әулетінен шыққан басмылдардың башбуын 742 жылы «қаған» жариялап, Көктүріктердің қағаны Озмыш пен ең соңғы қаған болып есептелетін Понейді өлтірді. Уақыт өте келе атылмыш одақтастардың арасы алшақтады. Қаған

атанған басмыл башбуы тақтан тайдырылып, орнына 745 жылы «Құтлық Білге Күл» атанған ұйғыр башбуы келіп өзін «қаған» деп жариялады да, Өтікенде ұйғыр түркі мемлекеті пайда болады.

Қорыта айтқанда, Шығыс Түрік қағанаты тұсында түркі әскерлерінің даңқы Ұлы даланы шарлап кетті. Қақандық өзінің шырқау биігіне көтеріле алды. Ұзақ жылдарға созылған Қытайлық Тан империясымен болған соғыстардан соң екі ел арасында бейбіт қатынас орнады. Алайда, Білге қағанның орнын басқандар саяси басқару жүйесін берік ұстанғанымен, Ашина руының ғана қамын ойлаған басшылар арасында өзара қырқысу соғыстары мемлекеттің құлауына алып келді.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Шығыс Түрік қағандығы жерінің Қытай бодандығына айналуына себепші болған факторларды атаңыз.*
- 2. Шығыс Түрік қағанаты неге Екінші Көктүріктер мемлекеті деп аталады?*
- 3. Батыс Түрік қағанатынан нендей айырмашылықтары болды?*
- 4. Орхон жазбаларын негізге ала отырып Құтлық және Қапаған қағандардың қызметіне баға беріңіздер.*

4. Түргеш қағандығы

Түргеш қағандығы Орта Азияның оңтүстік-шығысында Шаш (Ташкент) қаласынан, Шығыс Түркістандағы Бесбалық, Турфан қалаларына дейінгі аралықты қамтыды. Ал қағандықтың негізгі өзегі Іле өзенінің алқаптары болды. Орталығы – Суяб қаласы. Батыс көктүріктерінің (он оқтардың) бір бөлігін құрайтын түргештер, Талас, Шу, Ыстықкөл маңында өмір сүрді. Түргеш қағанатын құрған «он оқ халқы», «он төрт тайпа халқы», кейінірек 21 тайпамен бірге, қағандық құрамында басқа да түрік халықтарымен араласып, сіңісіп кеткен моңғол тектес, тұңғыс-аварлар, қаракытайлар, мұкрылар болмаған еді деп ешкімде кесіп айта алмайды. Батыс Түрік қағанатында болсын, Түркеш қағандығы болсын оған қарасты халық «он оқ будун» немесе «он жебе халқы» деп аталғанымен, қағандық құрамында одан басқа да үлкен-кіші рулар аз емес еді. Тан империясы тарапынан тағайындалған батыс түрік қағандары мен олардың жақтастары Солтүстік-батыс Қытайдың Бэнен аймағында шоғырланып, өздерінің қоғамдық мұрагерлеріне ие болу үшін Үш елікке қарсы күрес жүргізді. 704 жылы солардың бірі Ашина Сянь мен Бөрі Шад бірігіп, Жетісуға жорық ұйымдастырады. Түркештер оларға тойтарыс берген соң, өздері

де Шығыс Түркістанға жорық жасауды бастайды. Бұл жорық үш еліктің мұрагері Сақал тұсында жүзеге асырылды. Сақал 708 жылы Кучадағы (аньси) Қытай губернаторының әскерін талқандап, өзінің оңтүстік-шығыс шекарасын залалсыздандырды. Алайда осы кезде күшейген Шығыс Түрік қағанаты батысқа жорық ұйымдастырып, 711 жылы Жоңғариядағы Болучу өзені жағасында Сақалдың әскерін талқандады. Түргештердің қалдықтары Чабыш Сұлудың басшылығымен Сырдариядан өтіп, Тохарстанға кетті. Оларды қуған Шығыс Түрік қағанатының қол басшылары – Тоныкөк, Елтеріс қаған және Күлтегіндердің соғдыға дейін барып, онда соғдылықтар жағындағы арабтармен соғысуларына тура келді. Көп ұзамай 711 жылы Сұлу Жетісуға қайтып оралып, өзін Түркеш қағаны етіп жариялады. Сөйтіп Түркеш мемлекеті қайта жаңғырып, өмірге келді. Бірақ қағанат жағдайы өте ауыр еді. Оған екі бағытта қажырлы күрес жүргізуіне тура келді. Батыста арабтардың үсті-үстіне жасаған жорықтарына тойтарыс беру керек болса, шығыста Тан империясынан төнген қауіпті залалсыздандыру болды. Алайда түркештерге ол кезеңде негізгі қауіп арабтар тарапынан төнген еді. Сондықтан түркештер VII ғасырдың 20-50 жылдарында Орта Азия халықтарының арабқа қарсы күрестеріне белсене қатысты. 720-721 жылдары Сұлу қағанның әскер қолбасшыларының бірі Кул Чар соғдыдағы араб басқыншыларына қарсы сәтті әскери жорықтар жасады. 728-729 жылдары Самарқан мен Бұхара тұрғындары, сондай-ақ соғдылықтардың арабтарға қарсы күресі күшейеді. Олар түркештерден көмек сұрады. Түркештер көмекке келіп, арабтарға қатты соққы берді. Нәтижесінде Самарқаннан басқа жерлердің бәрі арабтардан тазартылды. Тек 732 жылдың аяғында Товавис қаласы түбінде түркештер араб билеушісі Жунейд Абдуллахтан жеңіліс тапқаннан кейін ғана арабтар Бұхараға кіре алды. 737 жылы Сұлу қаған арабтарға қарсы тағы жорыққа шығып, Тохарстанға дейін жетеді, бірақ әскер санының аздығынан арабтардан жеңіліп қалады. Сол жорықтан қайтып келе жатып Нева кент қаласының түбінде Сұлу қаған өз қолбасшысының Кул Чар қолынан 738 жылы қаза тапты.

«Қара» және «Сары» түркештердің күресі. Түргеш қағаны Сұлудың өлімінен кейін «сары» және «қара» түркештер арасында 20 жылға созылған алауыздық басталды. Мұны пайдаланған Кучадағы Тан орынбасары көп әскерімен Жетісуға жорық жасап, Суяб қаласын басып алды. Алайда 751 жылы Қытай әскері Талас шайқасында араб-қарлұқ-түркештердің біріккен әскерінен ауыр жеңіліске ұшырап, ендігі жерде Орта Азиядағы ықпалынан бірнеше ғасыр бойы айыры-

лып қалады. Бірақ олар түркештер билеп тұрған Жетісуды өздерінің қол астына қаратты. Қара және сары түркештер деп екіге бөлінген түркеш тайпалары Сұлудың өлімінен кейін қытайлықтардың да араласуымен ішкі қақтығыстарға ұшырады. Соңында сары түркештер бегі Баға тарқан (Кул Чар), кара түркештерді жеңіп, өзін қаған жариялады. Қытайлықтардың көмегімен қағандық кара түркештерге берілді. Мемлекеттегі ішкі қақтығыстарға қарлұқтар да араласып, түркештердің жағдайы өте төмендеп кетті және соңында 766 жылы қарлұқтар оларды жойып жіберді. Сөйтіп, қарлұқтар, олардың орнына өз мемлекетін құрды.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Түргештердің түркілер тарихындағы орнын сипаттаңыз.*
- 2. Сұлу қағанның жеке қасиеттерін атаңыз.*
- 3. Сұлу қағанның күрес тарихына баға беріңіз.*
- 4. Түгештер мемлекетінің құлауына әсер еткен сыртқы факторларды атаңыз.*

5. Ұйғыр қағандығы

VIII ғасырдың ортасында құрылған іргелі Ұйғыр қағандығы Орталық және Шығыс Азияның, оның ішінде Тань империясының тарихи тағдырына елеулі әсер етті. Ғұн мен Көктүрік мемлекеттерінің тірегі болған үлкен халық шоғырын құрайтын төле топтарының негізінде тарихи маңызды рөл ойнаған ұйғырлар 9 тайпа болып, мемлекет құру кезеңінде басмыл мен қарлұқтардың да қосылуымен 11 тайпа болып, Ұйғыр мемлекетін басқарған. Ұйғыр әміршісі Құтлық білге күл қағанның өзі Иоблақтар тайпасына кіретін. Құтлық білге күл қағанның өлімінен кейін орнына ұлы Баян-Чу (Мойен Чар) қаған келеді. Баян-Чу қаған заманында Қытай императорлары өз мемлекетіндегі үкіметке қарсы бас көтерулерді басу үшін ұйғыр қағандарынан көмек алып отырды. Қытай мемлекеті қымбат сыйлықтар мен жылдық салық беру арқылы Ұйғыр мемлекетінің көңілін аулап, достық орнатты. 759 жылы Баян-Чу қаған қайтыс болып, орнына ұлы Бөгі таққа келді. Бұл қағанның заманында да Қытайдағы ішкі шайқастар бітпеген болатын. Егер ұйғырлар қаласа, бұл кезде бүкіл Қытайды өзіне бағындыруға болатын еді. Алайда, түркілік түсінік бойынша Қытайды Қытайда отырып басқару билеуші мемлекетке қауіп төндіруі мүмкін деген сенім бар еді. Сондықтан, Ұйғыр қағаны солтүстік Қытайды ғана өзіне бағындырды.

762 жылы Ұйғыр қағандығының ордасы Ордабалыққа Соғдының және Шығыс Қытайлық Түркістанның саудагерлері мен миссионерлері келді. Сол тұста ұйғырлардың манихей діні қабылдануы түркі тарихына үлкен өзгерістер алып келді. Ең алғашында түркілер шамандықтардың айтуынша: «өлімнің өзі адамның болашақ өміріне пайда әкеледі» деген қағидамен таныс еді. Содан соң олар жануарлардың етін пісіріп жеуге тыйым салған манихей дінімен таныс болды. Бұрындары етті қорек ететін халық енді күрішпен қоректенді. Манихейлер б.з.д. XVI ғасырдағы Арабия түбегінде пайда болған алфавитті Вавилоннан әкеліп ұйғырлар арасына таратты, кейіннен ол ұйғыр алфавиті деп танылды. Ұйғыр жазбаларында кейінгі түркі – оғыздарға қатысты ең қызықты да көлемді тұстары қытай тілінде жазылған. Араб жазушысы Жохиздің айтуына қарағанда, тоғыз оғыздар манихей дінін қабылдамай тұрғанда өте батыл және жауынгер халық болған. Соғыста саны аз болса да жеңіске жетіп отырған, ал манихейді қабылдаған соң жеңілістерге ұшырай берген.

Түркілер арасында манихей парсының «періште» сөзімен танылады. Буддизм сияқты манихей діні де қанатын кең жаюды мақсат етті. Ол аскетизм, сословие құрылымына қарсы бағытталды. Сондықтан манихей шығармалары қарапайым халыққа түсінікті етіп жазылды. 844 жылы Ұйғыр қағандығы Қырғыздардың (Хакастар) шабуылдарының нәтижесінде құлады.

IX ғасырда қырғыздар ұйғыр мемлекетінің әлсіреуін пайдаланып тәуелсіздігін алда да, 20 жылдық күрестен соң 840 жылы Моңғолиядағы ұйғыр үстемдігін жойды. Ұйғыр мемлекеті 745-840 жылдары арасында 100 жылға жуық өмір сүрді. Қырғыздардың күтпеген жерден жасаған басқыншылығы нәтижесінде ұйғырлардың әмірші отбасының мүшелері бір топ ұйғыр тайпаларымен бірге Ішкі Азия мен Шығыс Түркістанға кетті. Ол жерде *Турфан Ұйғыр* мемлекетін құрды. Олар Мани дінінің өкілі және қорғаушысы болды. Қытаймен және басқада көршілермен жақсы қарым-қатынас құрды. Өнер, әдебиет, сауда және мәдениет (отырықшы) тұрғысынан басқа түркі тайпаларына үлгі бола алды. Бейбіт бір саясат жүргізу арқылы 1209 жылы Шыңғысхан дәуіріне дейін саяси болмысын сақтап келді. Моңғолдар тұсында Шыңғыс ханның құрған Моңғол мемлекетінің басшылық, қаржылық билігінде де маңызды рөл ойнады. Ұйғыр әліпбиі Моңғол мемлекетінің де әліпбиіне айналған, осылайша, Батыс Түркістанда парсы мәдениетінің үстемдігі айтарлықтай әлсіреген.

Өткен Ұйғыр мемлекеті 840 жылы ыдырағаннан кейін ұйғырлардың бір бөлігі Кансу (Кан-Чо) өлкесіне орналасты. Жібек жолы сау-

дасын бақылауға алды. Буддизмнің орталығы болған Бинбуда жерлері олардың билігінде болды. Әлем буддистері зиярат етіп, қажы атанатын жері болғандықтан, аз уақыт ішінде маңызды бір орталаққа айналып, бейбіт саясат құрды. Кансу ұйғырлары саяси тұрғыдан алдымен Қытай империясына, одан кейін Қидан мемлекетіне тәуелді түрде өмір сүрген. Сары ұйғырлар ретінде де танылатын бұл мемлекет 1226 жылы моңғолдарға бағынышты болғаннан кейін саяси өмірі аяқталды.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Ұйғыр қағанатының тарихи рөлін бағалаңыз.*
- 2. Манихей дінін қабылдауымен ұйғырлар қоғамында болған өзгерістерге сипаттама беріңіздер.*
- 3. Араб жазушысы Жохиз монхей дінін қабылдағаннан кейін тоғыз оғыздар әлсіреді деген сөзіне қалай дәлелдейді? Өз пікіріңізді айтыңыз.*
- 4. Ұйғыр мемлекеттілігінің ерекшеліктерін атаңыздар.*

6. Қарлұқ қағанаты

Қарлұқ қағандығының негізгі алып жатқан аймағы шығыста Жоңғар Алатауынан бастап, батысында Сырдарияға дейін, солтүстігінде Балқаш көлінен, оңтүстігінде Ыстықкөлдің түстік жағалауына дейінгі жерді қамтыған. Араб ғалымы Әл-Марвазидің жазуына қарағанда «қарлұқтар бұрын Алтай тауының етегінде мекендеп, тоғыз-оғыздарға тәуелді болған». Қарлұқ қағандығы құрылғанға дейін Алтай тауы мен Тарбағатай тауларының бөктерін мекендеген. Алғаш Қарлұқтарға қарсы жауласқан оғыздар мен түркештер де, түркіленген соғдылар да қарлұқ қағандығының саяси-этникалық құрамына енген.

Түркеш қағанатына қарағанда қарлұқ қағанатының тарихы біршама жүйелі зерттелген. Қарлұқтардың зерттелу тарихы үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңді ХІХ ғасырдың екінші жартысын Н.Я. Бичурин, Г.Е. Грум Гржимайло, В.В. Григорьев зерттесе, В.В. Радлов, Н. Аристовтар өздерінің еңбектерінде қарлұқтар туралы аз да болса хабар берген. Екінші кезең – ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың алғашқы кезі. Бұл кезде атақты шығыстанушы В.В. Бартольдтің тарих сахынасына шығуы, оның жолымен Ю. Якубовский, А.Н. Бернштам, В.Ф. Минорский, А.З. Тоған, О. Призак сияқты көрнекті ғалым түркі танушылар алдыңғы кезеңдерге қарағанда қарлұқтар туралы еңбектерді көптеп жаза бастайды. Қарлұқтар

тарихын зерттеуде жемісті кезең үшінші кезең болып табылады. Бұл кезеңде – ХХ ғасырдың екінші жартысында, көрнекті шығыстанушы Л.Н. Гумелев, О. Караев, К. Шаниязов, С.Г. Кляшторный, А.Г. Мальявкин, Л.В. Ошанин, Б.Огел, академик Б.Е. Көмеков, А.Ш. Қадырбаев, Ю.А. Зув сияқты т.б. тюркологтар қарлұқтар тарихының белгілі бір мәселелеріне және олардың өзіндік ерекшеліктеріне арнайы көңіл бөлді.

Қағанаттың орталығы – Суяб қаласы болды. Қарлұқтар ІХ ғасырдың басында шығыстағы өздерінің ата жауы Ұйғыр қағандығынан жеңіліс табады. Оларға қарсы күрес жиырма жылға жуық созылған. Ақыр аяғында бұл соғыста қарлұқтар қырғыздармен біріге отырып, 840 жылы ұйғыр қағанатын тас-талқан етеді. Осы жеңістен кейін Білге Күл Қарыр Испиджаб қаласында өзінің ашина руынан тарағанын айтып, өзін «қаған» деп жариялайды. Бұл хабарға қарағанда, жабғу атағы қаған атағынан бір сағи төмен болған. 650 жылдан кейін жабғу деп аталатын қаған сайлап, тәуелсіздіктерін жариялағаннан кейін қарлұқтар, ІІ Көктүрік мемлекеті тұсында да олардың қол астында болды. Ұйғырлардың Өтікенде Көктүріктердің орнын басуынан кейін қарлұқтар ұйғырларға бағынды. Бұл кездері Тен-Билге атты Бешбалықта тұратын жабғулары бар еді. Түркештердің тоқырауы кезінде өздерін көрсете білген қарлұқтар, 751 жылы Талас соғысында Қытайлықтарға қарсы арабтарға жақтасып, қытайлықтардың жеңілуіне себепші болды және Орта Азиядағы Қытай үкіметін жойып жіберді. Бұл оқиғадан кейін Ислам дінінің тарауына Орта Азияда жол ашылып аз уақыт ішінде кең тарады. Қарлұқ жабғуы өзін «Бозқырдың құқықтық қағаны» деп жариялап, Қарахан атағын алды. Осы кезде түркімендер деп танылған қарлұқтардың орталықтары Баласағұнның батысындағы Қара орда болатын.

Қарлұқтардың араб басшыларына қарсы жүргізген күресін, негізінен, екі үлкен кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең, қарлұқтардың 712-713 жылдары соғды, Шаш және Ферғаналықтармен бірге арабтарға қарсы коалицияға қатысуынан бастап, 766 жылғы, яғни қарлұқтардың Жетісуда билікті өз қолына алып, түркі халқының басқыншыларға қарсы күресінің бастаушысы болып шығуына дейінгі уақытты қамтыса, екінші кезең VIII ғасырдың екінші жартысынан басталып, IX ғасырдың аяқ кезеңінде, яғни Қарахандар мемлекетінің Саманидтер династиясын құлатып, Мауеренахрды өз қолына алуымен аяқталады.

Қарлұқтар қоғамында шаруашылықтың бірнеше түрі қалыптасты. Олар: жартылай, көшпелі және отырықшы болып бөлінді. Егер сол қарастырылып отырған кезеңде қыпшақтар мен оғыздарда негізінен

көшпелі шаруашылық басым болса, қарлұқтарда негізінен жартылай көшпелілік орын алды. Олар бір жағынан көшпелі мал шаруашылығы басым оғыздармен, қыпышақтар, қимақтармен шекаралас болса, екінші жағынан, егіншілікпен жиі айналысқан отырықшы соғдылықтармен қатар орналасты. Сонымен қатар, қарлұқтар территориясында қалалардың көп болуы және олардың территориясынан Ұлы жібек жолының өтуі қарлұқтардың әлеуметтік экономикалық дамуына ерекше әсер етті.

Қарлұқтар ислам әлеміне ең таяу тұрған түркілер еді және олар араптармен ұзақ уақыт соғысып отырды. Сондықтан-да, мұсылман діні олардың арасына басқа түркі тайпаларынан ертерек тарап, орнықты. Әйгілі ғалым С. Жолдасбаевтың пікіріне қарағанда, қарлұқтардың арасында ислам дінінің таралуы олардың саманиттермен бірлесе отырып Атлах түбіндегі шайқаста қытай әскерлерін талқан етіп жеңуіне де байланысты еді. Одан кейін арабтардың «ғазуат» соғысын ашып, ислам дінін таратуда Испиджаб, Тараз қалаларында жүргізген іс-әрекеттерінің де нәтижесі болған.

XIII ғасырда Қарахан мемлекетінің құрылуында ең маңызды рөл атқарған қарлұқтар еді. 1215 жылы моңғолдарға бағынған қарлұқтардың соңғы кезеңдердегі тарихы жайлы мәлімет жоқтың қасы. Алайда, Өзбекстан, Ауғанстан мен Тәжікстанда өмір сүретін түріктердің үлкен бөлігін құрайтындығы көрсетілуде. Қарахан мемлекетінің этникалық құрамына шігіл, яғма, қарық, оғыз, қаулы, үйсін сияқты тағы басқа да түркі тілдес тайпалар кірген. Әсіресе мемлекеттің құрылуында басты рөл атқарған қарлұқ тайпасы болды.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Қарлұқтар жайлы ең алғашқы грек және қытайлық деректерді атаңыз.*
- 2. Қарлұқ қағанатының саяси құрылысын сипаттаңыз.*
- 3. Қарлұқтар тарихының жүйелі зерттелу себептері неде деп түсінсіз?*
- 4. Қарлұқ мемлекеті құрамындағы тайпалар кейін қандай халықтар құрамына кірген?*
- 5. Қарлұқтар мен арабтар арасындағы соғыстардың нәтижелерін сарптаңыздар.*
- 6. Қарлұқтардың тарихтағы орнына баға беріңіз.*

III тарау

ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

1. Оғыз мемлекеті

X ғасырда Сырдария өзенінің жағалауында мемлекет құрған Оғыздардың Орхон-Енисей ескерткіштерінде аталып өткен Тоғыз-оғыздарға қатысы бар екендігі туралы нақты деректер жоқ. Сырдарияның жағалауында өмір сүрген Оғыздарды Тоғыз-оғыздардың жалғасы деп санайтын тарихшылар да бар. Сондай-ақ бұл екі тайпаны бір-бірінен түбегейлі бөлек қарастыратын зерттеушілер де бар.

Орхон-Енисей ескерткіштеріне қарағанда, тоғыз-оғыздар Түрік қағандығынан шыққан халықтар болып есептеледі. Олар тоғыз ру-тайпадан құралғандықтан оларды «Тоғыз-оғыз» деп атаған. Оғыз сөзі оқ (ру, тайпа) + ұз (көпше түрдегі аффикс) сөзінен шығып, руластар, тайпаластар деген мағына береді. Оғыздар құрылымы жағынан бос, әлсіз федерация немесе конфедерация болып өмір сүргендіктен оларға осы атау берілген.

Түрік қағандығы Елтіріш Құтлығ тарапынан қайта құрылған кезде Тоғыз-оғыздар Тула өзенінің жағасында күшейген мемлекет болып өмір сүріп жатқан еді. Мемлекеттің билік тізгінін Баз Қаған есімді қолбасшы қолға алған еді. Елтіріш Қағанның уәзірі Тонькөк бастаған Көктүрік әскері Тоғыз-оғыздарды Тула өзенінің жағасында тас-талқан етеді. Осыдан кейін Оғыздар және басқа кейбір тайпалар Түрік қағандығының қол астына кіруді қабылдайды. Бірақ 714 жылы Оғыздар мен кейбір тайпалар Қапқан қағанға қарсы бас көтереді. Қайтадан Оғыздармен соғыстар басталады. Осындай соғыстардың бірінде Күлтегіннің арқасында Көктүріктер Оғыздарды жеңеді. Бұдан кейінгі соғыста Көктүріктерге Тардуш Шад (Білге Қаған) қолбасшылық етеді. Оғыздар тағы да жеңіліс табады. Оғыздардың бір бөлігі Қытайға қоныс аударады. Білге Қағанның дәуірінде (716-734) Тоғыз-оғыздардың Түрік қағандығының құрамында болғандығы және олардың бұл мемлекетте маңызды рөл атқарғандығы жайлы деректер бар. Оғыздар кейінгі жылдарда ұйғырлармен бірігіп, Түрік қағандығына қарсы соғысты. 744 жылы Түрік қағандығы құлағаннан кейін Ұйғыр қағандығы құрылады. Ұйғыр қағандығы кезінде Оғыздар тәуелсіздіктерін алу үшін көтеріліске шығып, ұйғырлармен соғысады. Тоғыз-оғыздар осы соғыста жеңіліп, жан-жаққа тарап кетеді. Сырдария жағасындағы Оғыздардың бұрын Батыс Көктүрік қағандығының қол астында өмір сүргендігі айтылған. Батыс Көктүрік қағандығы

766 жылы Қарлұқтар тарапынан құлады. Осыдан кейін Қарлұқтардың қол астында өмір сүргісі келмеген Оғыздар Мәуреннахрға, Сырдарияның жағасына келіп қоныстанып, бұл жердегі Печенектерді Жайық (Орал) өзенінің жағасына қарай ығыстырған.

Оғыздар Каспий теңізінен Исфиджапқа (Сайрам) дейінгі аралыққа иелік етіп IX ғасырда осы жерде өздерінің мемлекетін құрады. Мемлекетті Ябғу атағын (шен) алған қолбасшы басқарды. Олардың бұл атақты Батыс Көктүрік қағандығынан алғандығы айтылады. Оғыз мемлекеті X ғасырдың бірінші жартысында күшейе түсті. Бұл мемлекетте офицер шенімен қолбасшы болған Дукактың ұлы Салжұқ әкесінің орнына қолбасшы болғаннан кейін Ябғумен тіл табыса алмай бас қала Йени Кентті тастап, өзінің қарамағындағы адамдармен 985 жылы Женд қаласына кетеді. Салжұқтың бұл жерде жергілікті халықтың ішінен әскер жасақтап, өзінің бұрынғы мемлекетімен соғысады. Оғыз мемлекеті ішкі шиеленістердің нәтижесінде ыдырап кетеді. Мемлекеттерінен айрылған Салжұқтың немерелері Туғрул мен Чағры Бейлер Салжұқ империясын құрады. Салжұқ империясынан кейін құрылған Осман империясы мен бүгінгі күндегі Түркия, Әзербайжан және Түркіменстан Республикалары Оғыздар тарапынан құрылған мемлекеттер болып табылады. Аққойын мен Қарақойын мемлекеттері де Оғыздар тарапынан құрылған. Оғыздар X ғасырдан бастап Ислам дінін қабылдады және осыдан кейін оларды түрікмен деп атай бастаған.

Оғыздардың қолбасшысы Оғыз хан туралы жазылған «Оғызнама» дастаны мен Сырдария жағасындағы оғыздардың өмірі жайлы сыр шертетін Қорқыт Ата аңыздары түрік мәдениетінің құнды шығармалары болып табылады.

2. Қарахандар мемлекеті

Қарахан мемлекетінің құрылуы. X ғасырдың орта кезінде Жетісу аумағында және Шығыс Түркістанның (Қашғардың) бір бөлігінде әлеуметтік құрылымы біршама дамыған Қарахан мемлекеті пайда болды. Орталығы – Баласағұн қаласы. Қарахан мемлекеті тарихының алғашқы кезеңі жөнінде нақты мәліметтер деректемелерде сақталмаған, ал алғашқы Қарахандар туралы әңгімелер жартылай аңыз сипатында болып келеді.

Қарахан мемлекетінің құрылып, оның дамуының бастапқы кезеңінің саяси тарихында, қарлұқ тайпалар бірлестігінің (конфедерация-

сының) орны ерекше болған, оған қарлұқтармен бірге шігілдер мен яғма кірді.

Қарахан мемлекетінің құрылуы батыста Жетісудан Испиджабқа дейінгі және шығыста Қашғарға дейінгі үлкен аумақта болған саяси оқиғалармен, сондай-ақ Қарлұқ қағанатының ыдыраумен тікелей байланысты болды.

840 жылы қарлұқтардың жетекшісі, Испиджабты билеуші Білге Күл Қадырхан қаған атағын қабылдап, сол арқылы жоғарғы өкіметті алуға хақысы барын мәлімдеді. Нақ сол жылы Саманилер Испиджабты бағындырды. Білге Күл Қадырхан өлгеннен кейін оның екі ұлы билікті бөлісіп, Базыр Арслан-хан Баласағұнды, ал Оғұлшақ Таразды билей бастады. 893 жылы Таразды Саманилік Исмаил ибн Ахмад басып алады, ал Оғұлшақ аз уақытқа Қашғарға баруға мәжбүр болады, содан 904 жылы ол Саманилер иелігіне шабуыл жасайды.

Қарахан мемлекетінің негізін қалаушы Сатұқ Боғрахан (915-955 жж.). Сатұқ Боғрахан Саманилердің қолдауымен немере ағасы, қарлұқтардың бір бөлігін билеуші Оғұлшаққа қарсы шығып, оны талқандайды, сөйтіп Тараз бен Қашқарды бағындырды; 942 жылы ол Баласағұнның билеушісін құлатып, өзін жоғарғы қаған деп жариялайды. Шынына келгенде, Қарахан мемлекетінің тарихы осы уақыттан басталды.

Сатұқ өлгеннен кейін билік оның баласы Мұсаға көшті, ол 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады. Оның астана қаласы – Қашқар болды. Сатұқтың екінші баласы Сүлеймен-ілек Баласағұнды иеленді, оның ұлы Хасан Боғрахан осы аймақты мұра етіп алды. Мұса өлген соң жоғарғы қаған атағы оның баласы Әли Арсланханға көшті. Оның енші жерінің орталығы Қашқар болды, сонымен қатар ол Тараз бен Баласағұнның да билеушісі болып есептелді.

Қарахан мемлекетінің саяси тарихы ол өмір сүрген алғашқы ондаған жылдың өзінде-ақ негізінен екі әулеттің Әли Арслан-хан мен Хасан (Харун) Боғраханнның ұрпақтары арасындағы өзара қырқысқан күреске толы болды. Алғашқы кезде Әли (әлилер), ал кейін Хасан ұрпақтары (Хасанилер) билікте ықпалы күшті екендіктерін көрсетті.

Бір кездегі Саманилердің қуатты державасы X ғасырдың екінші жартысында өз ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар мен феодалдық қырқыстардан құлдырады, әсіресе Нұх ибн Мансұр (977-99) билеген тұста қатты әлсірейді. Осы әлсіреуді пайдаланған Хасан (Харун) Боғрахан 990 жылы Испиджабты басып алды. Екі жылдан соң Қарахандар Саманилер астанасы – Бұхараны алды. Бірақ көп ұзамай

Хасан Боғрахан Бұхараны, Самарқанды тастап, Жетісуға кетуге мәжбүр болды.

999 жылы Қарахан билеушісі Насыр ибн Әли Мәуераннахрға бет алды. Халық бұқарасы Самани билеушісінің тағдырына селқос қарағандықтан, Саманилердің астанасы Бұхараны оңай жаулап алды. Нұх ибн Мансұрдың баласы Әбді әл-Мәлік және оның серіктестері Үзкентте тұтқындалды. Қарахандарға қарсы күресті Саманилердің соңғы билеушісі Әбді әл-Мәліктің інісі Әбу Ибраһим Исмаил (лақап аты әл-Мұнтасыр) одан әрі жүргізіп, Газневи әміршілерінен көмек сұрайды.

Мәуераннахр үшін болған күреске Саманилерді қолдап, оғыз тайпалары да (салжұқтар) араласты. Әбу Ибраһим Исмаил мен Салжұқ жасақтары біріккен күштері 1004 жылы Самарқанд түбіндегі шайқаста Қарахандарды жеңгенімен, Саманилер Мәуераннахрдағы өз билігін сақтап қала алмады. Себебі Салжұқ қолбасшылары мен соңғы Саманилер арасындағы одақ уақытша жасалған болып шықты. Салжұқ көсемдерінің біразы Қарахандармен жақындасудың жолын іздестірді.

1005 жылы Әбу Ибраһим қаза тапқаннан кейін Мәуераннахр Қарахандардың қолына түпкілікті көшті. Саманилер державасы Қарахандар мен Газневилер арасында бөліске түсті. Шекара Әмудария бойымен өтті.

Үлесті жүйеде негізі қаланған Қарахан мемлекеті шығыс және батыс иеліктерінен тұрды. Жетісу мен Шығыс Түркістан шығыс иелігіне, Мәуераннахр батыс иелігіне кірді; шығыс иелігінің саяси орталығы Баласағұнға жақын маңдағы Орда (Қара Орда, Күз Орда), содан соң Қашғар, батыс иелігінің орталығы Үзкент, кейінірек Самарқанд болды. Екі иелік бертін келе жеке-жеке мемлекетке – Шығыс және Батыс қағанаттарына бөлінді.

1026 жылы шығыс Қараханның билеушісі Боғрахан Харунның баласы Қадырхан Жүсіп пен Газневи сұлтаны Махмұт Қараханның батыстағы үлесін иеленуші Әли-тегінге қарсы бағытталған әскери келісім жасасты.

Қадырхан Жүсіптің иелігі 1032 жылы Жетісудан басқа, Испиджап пен Тараз өңірлерін және астанасы Қашғар болған Шығыс Түркістанды қамтыды.

XI ғасырдың 40-жылдарында саяси аренада Ибраһим ибн Насыр көрнекті орын алды. Ол Әли-тегін балаларына қарсы күресте табысқа жетіп, тамғаш Боғрахан атағын қабылдады, сөйтіп 1040 жылы Мәуераннахрдың толық билікті қожасына айналды. Оның тұ-

сында Қарахан мемлекеті екі дербес қағанатқа – Шығыс және Батыс қағанаттарына түпкілікті бөлініп тынды. Ибраһим Тамғаш Боғрахан Батыс қағанаттың астанасын Үзкенттен Самарқандқа көшіріп, Ферғананы өз иеліктеріне қосып алды.

Жоғарғы билеуші саналған Арслан-хан Сүлеймен (Шараф-ад-Даула) 1042 жылы өзіне Қашғар мен Баласағұнды қалдырып, Шығыс қағанат әулетінің мүшелері арасында жер бөлінісін жүргізді.

Арслан-хан кезінде Қарахан мемлекеті одан сайын бөлініп кетеді: әрбір еншілік өз тәуелсіздігін құру үшін таласады.

1056 ж. Қадырханның ұлы Йинал-тегін өкімет мұралығы жолындағы күресте інісі Сүлейменнің иелігін басып алады. Бірақ ұзамай ол у беріліп өлтіріледі. Тәж-таққа Йинал-тегіннің баласы Ибраһим ие болады, бірақ ол да біраздан кейін Барысхан әміршісімен болған соғыста қаза табады. Осыдан кейін Шығыс қағанатын 15 жыл бойы (1059-1074) Қадырханның балалары Тоғұрылхан мен Боғрахан Харун басқарады. Олардың тұсында Ферғана Шығыс қағанатқа күшпен қосылады. Екі қағанат арасындағы шекара Сырдарияны бойлай өтеді.

Тоғұрылханға оның баласы Тоғұрыл-тегін мұрагер болды, бірақ екі ай өткеннен кейін Тоғұрыл-тегіннің немере ағасы Боғрахан Харун (1074-1102) билікті басып алып, Қашғарды, Баласағұн мен Хотанды билеп тұрды. 1089 ж. бастап ол Салжұқ сұлтаны Мәлікшахтың кіріп-тар вассалына айналады. 1102 ж. Боғрахан қайтыс болғаннан кейін, көп ұзамай Мәуераннахрға Баласағұн мен Таластың иесі Қадырхан Жабраил шабуыл жасап, Амударияға дейінгі жердің бәрін басып алады, тіпті Салжұқтардан Термезді тартып алмақшы болады, бірақ олардан жеңіліп қалады. Сұлтан Санжардың басқаруы кезінде (1118-1157) салжұқтар Мәуераннахрда шексіз билігін жүргізеді, бірақ бұл кезде Қарахан әулетінің саяси құлдырауының белгісі біліне бастады.

Бұның басты себебі – Қидан мемлекетінің құрылуы және оның жүргізген сыртқы әскери саясаты болып табылады.

12 ғ. екінші жартысында қидандар Батыс Түрік қағанатына қауіп төндіре бастайды. 1141 ж. Қарахан-Салжұқтың әскерін талқандағаннан кейін Қарахандар мемлекеті екі хандығының билігі де қаракытайлар қолына көшеді. 1210 ж. шығыс Қарахандар әулеті наймандармен соғыста жеңіледі. Ал 1212 ж. Хорезм шах Мұхаммед батыс қағанаттың соңғы қағаны самарқандық Османды өлтіреді, ұзамай Қарахандардың Ферғана тармағы да жоқ болады. Қарахан әулетінің мемлекеті тарихы осылай аяқталды.

Мемлекеттің этникалық құрамы: шігіл, яғма, қарлұқ, оғыз, қанды сияқты т.б түрік тілдес тайпалардан тұрған. Шігіл және яғма

тайпалары негізгі рөл атқарған. Өкімет басындағы билеушілер алма-кезек осылардан тұрған. Арслан хан (арслан қара-хақан) атағын шігілдердің билеушісі, ал боғра (боғра қара-хақан) атағын яғма көсемі алды.

Жоғарғы өкімет билігі хақанның (ханның) қолында болды. Ол мұрагерлікпен беріліп отырған. Үстем тап өкілдеріне ханның ұрпақтары тегіндер, ілек (ел) хандар, бектер, нөкерлер жатқан. Билік үлестік жерлер арқылы жүргізілген. Үлестік жерлер ірі және кіші болып бөлінген. Хақанның сарай маңындағы қызметкерлерінен құралған тұрақты ұйымы болды. Ханға ең жақын адамдардың бірі уәзір болды, ол әрі көмекші, әрі кеңесші болып саналады. Қарахандар кезіндегі уәзірлер, қарлұқ қағанының «көл-еркіндеріне» ұқсас. Махмұд Қашқаридің жазуына қарағанда, «көл-еркіннің» мәні көл-көсір ақылой иесі деген мағынаны білдірген.

Хақанның мемлекеттік саяси-әкімшілік іс жүргізетін жері – орда деп аталған. Онда сарай қызметкерлері тұрған. Олар: хақанның уәзірлері, нөкерлері, орынбасарлары, қазынашылары, елшілері, хат жүргізушілері, аспазшылары және т.б. жеңіл-желпі жұмыс істейтіндер.

Қарахан мемлекетінің қоғамдық құрылысы басқару тәртібі, жер иеленудің түрлері, алым-салық алудың жүйесі, әлеуметтік теңсіздік, қанаудың түрлері туралы сөз еткенде, Орта Азиядағы мемлекеттердегі қоғамдық құрылыстың әсері болғандығын ескерген жөн. Мәселен, отырықшы-егіншілік округтерде негізінен саманилер тұсында қолданылған құрылымда сақталды. Мұнда бұрынғысынша қоныс және қала басшылары (мехтарлар, әкімдер, раистар) болды. Сонымен бірге ілік-хандар тұсында, сахиб-бариды (мәліметшілік қызметтерде қоса атқаратын почта бастықтары), мұстауфалар (қаржы-салық ведомствосының чиновнигі мен бастығы) және т.б. лауазымдар сақталды.

Далалық аймақтағы мал шаруашылығымен айналысатын халықты басқару тәртібі басқаша болды. Ол да иерархиялық принциптерге негізделіп тұрса да, көшпелі қауымдардың әкімшілік басқаруы рулық-тайпалық басшы топтар арқылы, көбінде елші басына, бектер мен хандарға бағынатын ру басылары арқылы жүзеге асырылды. Қарахан бектерінде едәуір кең өкілеттілік болды. Олар тәртіп сақталуын қадағалады, оларға сот үкімдерінің және әдеттегі құқық (төру) нормаларының орындалуын бақылау міндеттелді, шекараларды қорғау да соларға жүктелді.

Қарахан елші-басшылары, бектер мен хандар ілектерге (ілек-хандарға) бағынды, олар үлесті жерлердің билеушілері болды. Ха-

қандар тәрізді олардың әкімшілік орталықтары қызметін атқарған өз сарайлары (қаршылары) және тұрақты ордалары (ставкалары) болды. Ілектер үлесті жерлердің қалалары мен селолық округтерін басқарды. Шонжарлар арасында ілектің алдында жерді сую дәстүрі болды, бұл вассалдың билеушіге тәуелділігінің белгісін білдіретін. Тұтас алғанда Қарахан мемлекетінің мемлекеттік-әкімшілік жүйесі феодалдық негізде орнықты. Ол отырықшы және көшпелі халық бұқарасын қанап, бағынышта ұстау мақсаттарына қызмет етті.

Қарахан әулеті мемлекетінде аса маңызды әлеуметтік-саяси институт әскери-мұралық жүйе болды. Хандар өз туыстарына белгілі бір территорияның, сол уақытқа дейін мемлекет пайдасына деп алынған салықты өздері жинап алу құқық берді. Мұндай салық «икта» деп аталады, ал оны жинаушыны «муқта» немесе «иктадар» деп атаған.

Иктаны берудің бірнеше жолдары болған. Ол муктаның қоғамдағы орнына байланысты болды.

1. Егер мукта қаған әулетінен болса, оған ірі жер үлестері берілген.
2. Орташа үлестік жерлер бектерге берілген.
3. Кіші үлестік жерлер тәуелді қызметкерлерге берілген.

Қарахан мемлекетіндегі жер иеленудің және бір үлкен көп тараған түрі – әскери үлестік (лендік) жерлер. Ол әскери қызмет үшін берілетін болған. Үлеске берілетін жердің мөлшері әскери қызметтердің дәрежесіне, сіңірген еңбегіне, қоғам алдындағы беделіне байланысты болды. Шамасы, әскери үлестік жерлер сарбаздар арасында да бөлікке түскен. Кейбір деректер, әскери қызметкерлерге заттай, ақшалай да ақы берілгендігін хабарлайды. Үлестік жер алғандар да, иктадарлар да өздерінің билеушілерінің алдында қажет болған кезде, қару-жарағымен қаруланған сарбаздарымен қызметке дайын болған.

Иктамен қатар жер иеленудің басқа да түрлері болды. Қарахан билеушілері қазынаға түсетін салықтардың көзі және уақытша сыйлық беру қоры болған үлкен-үлкен жер учаскелерін иеленді. Бұл қарахан әулетінің жаулап алынған жерлер, сондай-ақ мемлекет қарамағындағы жерлерден тұрды.

Ірі жер иеленумен қатар мұсылман дін басыларының негізгі материалдық базасы діни мекемелердің пайдасына атақты және бай жер иеленушілер мен көшпелі-әскербасылары өсиет етіп қалдырған учаскелерден тұратын вақфтық жерлер де болды. Әдетте, вақфтық жерлерден мемлекет пайдасына салықтар алынбады. Ірі және орташа феодалдық жер иеленумен қатар ұсақ шаруалар меншігі мен қауымдық иелену сақталды.

Жері жоқ шаруаларды қанаудың кең тараған түрлерінің бірі –

үлескерлік арқылы жүзеге асырылды. Араб және парсы-тәжік деректемелерінде үлескерлер (шаруарлар) музари немесе барзигар деп аталды. Үлескерліктердің мәні мынада болды: мемлекеттік немесе мұрагерлік жолмен жер иеленушілердің меншігіндегі жер шаруаларға жалға берілді. Үлескер (шаруа) түсімінің көбін салық түрінде мемлекетке және жерді меншіктенушіге не вақф (вақфтық жер де жалға берілді) иесіне беруге міндеттенді. Үлескерлерге айналушылар әдетте өзінің суармалы жер учаскелері жоқ шаруалар еді.

X-XII ғғ. Қарахан мемлекетінде шаруаларды қанаудың екінші бір түрі коммендация болды. Оның мәні, ұсақ жер иелері немесе орта шаруалар семьясының, азын-аулақ мал-мүлкі мен байлығы күштілердің талан-таражға түсуінен, зорлық-зомбылығынан сақтану үшін күштілердің қорғануына (патронатына) берілуі. Ол үшін кедейлер өздерінің «қорғаушыларына» тиісті алым-салық төлеп отырған. Дәл осындай жағдай мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда да болды.

Өндіргіш күштің өсуіне, өндірістік тәсілдің дамуына байланысты коммендациялық қанау түрі де өзгеріп отырған. Малсыз, жерсіз қалған шаруалар, кедейлер үстем тап өкілдерінің тәуелділігіне толық түскен. Олар өздерінің «қорғаушыларына» алым-салықпен өтей алмаса, өздерінің борыштарын жауынгерлік қызметпен немесе жұмыспен өтеген.

Сонымен жоғарыдағы көрсетілген әлеуметтік жағдайлар, Қарахан мемлекетінің өзінен бұрынғы феодалдық мемлекеттердің жай ғана жалғасы болып қоймай, олардың дамыған жалғасы екендігін көрсетеді. Олай болса бұл кез (X-XII ғғ.) Қазақстанның Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс аудандарында феодалдық қатынастың қалыптасып болғандығына толық дәлел.

Шаруашылықтың негізі мал шаруашылығы болды. Сонымен бірге олар егіншілікпен, бау-бақша өсірумен де айналысты. Қалалар да қолөнер, сауда, темір өндірісі, ағаш өңдеу, қыштан ыдыс-аяқ жасау өнеркәсіптері өркендеді. Сәулет пен сәндік өнер дамыды.

Мәдениеті. Қарахан мемлекеті кезінде тұрғызылған сәулет өнерінің озық үлгілеріне X-XII ғасырларда салынған Қарахан кесенесі, Айша Бибі кесенесі, Бабажы қатын кесенесі т.б. жатады. Көпір салу ісі (Талас өзені бойында) өркендеді.

Қарахан (Әулие Ата) кесенесі – XI ғасырдан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Қазіргі Тараз қаласының батыс шетінде орналасқан. Ол Қарахан әулетінің ханы Сатұқ Қараханның қабірінің үстіне салынған. Ескерткіш туралы В.В. Бартольд, А.Н. Бернштам, Б.П. Демидов,

А. Кастанье, В. Каллаур, В. Массальский, М.Е. Массон, М. Мендікұлов, т.б. ғалымдардың зерттеулері сақталған.

Қарахан кесенесі төрт бұрышты, ортаңғы кең бөлмеден және үш кіші бөліктен тұрады. Ортаңғы бөлменің төбесі киіз үйге ұқсатылып жабылған. Артқы жағында екі мұнарасы бар. Кесененің қас беті оңтүстікке қараған, ал оның ішіндегі қабір оңтүстіктен солтүстікке қаратыла қойылған. Кіріс есігі аркалы қуыспен безендірілген. Қабырғаларының ішкі жағы кесененің бұрынғы өз кірпіштерімен қаланып, сыртқы жағын қалауға жаңа кірпіш пайдаланылған.

Айша бибі кесенесі – XII ғасырда салынған сәулет өнері ескерткіші. Кесене құрылысын 1897 жылы В.А. Каллаур, 1938-39 жылдары А.Н. Бернштам басқарған КСРО ҒА Қазақ филиалының тарих және материалдық мәдениет экспедициясы, 1953 жылы Қазақстан ҒА-ның экспедициялары зерттеген.

Айша бибі – шамамен 11-12 ғ. өмір сүрген ару қыз. Әкесінің есімі – Айғожа. Айша бибі еліне сапарлап келген Қараханмен жүздесіп, бір-бірін ұнатады. Алайда тұтқиылдан елін жау шапқанын естіген Қарахан дереу еліне аттанады. Уәделі кезде хабар болмаған соң, алаңдаған Айша бибі күйеу жігіт еліне барып, бір хабарын білейін, аман болса алдыңызға келіп ақ батаңызды алып қосылармыз деп әкесінен рұқсат сұрайды. Бірақ қызға әкесі келісімін бермейді. Үш рет өтініп, меселі қайтқан Айша бибі 40 қыз жолдас ертіп, Қараханның еліне өз бетімен аттанады. Ел шетіне таяғанда демалмақшы болып су бойына тоқтап жуынады. Сол кезде сәукеленің ішіне жасырынып қалған улы жылан Айшаны басынан шағып өлтіреді. Хабар естіп Қарахан да жетеді. Бірақ Айша тілге келмейді. Ең болмаса о дүниеде қосылайық деп Қарахан осы жерде Айшамен некесін қидырады. Келін болып босағаны аттамаса да, уәдеге берік Айшаның соңғы демі өз қолында шыққанына әрі риза, әрі құса болған Қарахан сол Айша бибі қабірінің үстіне күмбез тұрғызады. Бірақ кесенені тұрғызған сәулетші туралы нақты деректер жоқ. Пішіні шаршыланып біткен, ауданы 7,6 x 7,6 м, бұрыштары бағана-тіреулер арқылы көтерілген. Кесене ортасында құлпытас (3x1,4м) орнатылған. Батыс жақ қабырға мен бағаналар оюлы ұсақ тақташалармен қапталған. Қабырғаның ортасында сүйір аркалы текше жасалған. Текше беттерінің қабырғаға ұласар тұсы шағын бағаналармен сәнделген. Бұл бағаналардың жоғары жағы көгеріс өрнекпен әшекейленген мығым блок болып келеді. Бұрыштағы бағаналар көгеріс өрнекті жұқа кірпішпен өрілген белдеу арқылы әсемделген. Айша бибі кесенесінің іргетасынан бастап есептегенде 3,4 м биіктікте бағаналарға араб әрпінде жазуы бар белдеу жүргізілген.

Кесене қабырғалары (қалыңдығы 80 см) ішкі жағынан күйдірілген кірпішпен қаланған, сыртқы жағынан оймыш әшекейлі тақташалармен қапталған үш бөліктен тұрады. Сонымен бірге саз балшықпен және жарамсыз тақташа сынықтарымен толтырылған қабырға ортасындағы кеңістіктен тұрады. Кесене қабырғаларының сыртқы беті оймыш ұсақ тақташалар арқылы безендірілген. Ұсақ тақташалардың шырмауық өрнегінде 60 түрлі әшекей қолданылған. Айша бибі кесенесі республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынған.

Бабажы қатын кесенесі – Айша бибі кесенесінің маңында орналасқан. Бабажы қатын Айша бибінің күтушісі болған. Өзі өмірден өткенше Айша бибінің кесенесін күтумен болған, сол үшін Қараханның бұйрығымен Айша бибі кесенесінің жанына жерленіп, қабірінің үстіне кесене орнатылған. 1897 жылы В. А. Каллур, 1938 жылы А.Н. Берштам, 1953 жылы Т. Бәсенов зерттеген. Текше тәрізді тік бұрышты, қызыл кірпіштен тұрғызылған ескерткіштің ауданы 6,8 x 6,8 м., биіктігі 5 м-ден астам; қабырғаларына қаланған кірпіштерінің ауданы 24 x 24 x 5 см. Қасбеті мен 2 қапталы бір-біріне ұқсас, мәнерлеп қаланған кірпіштен күн тәрізді өрнектер жасалған. Жоғары жағы аркалы, ішке кірер есік шығыс жақ қабырғасында. Қабырғалардан сегіз қырлы барабанға ауысатын тропп белдеу жасалған. Оның үстінен ішкі еңсесінің 16 қырлы күмбезі басталады. Ал сыртқы күмбезі биіктігі 86 см қырлы призманың үстіне орнатылған. Бір-біріне қаптай салған қос күмбез ескерткіштің ұзақ сақталуына себепші болған. Күмбез тұғыры аршамен құрсауланып, тақталардан суағарлар жасалуы сол кездегі құрылыс өнерінің жоғары дәрежеде болғандығын көрсетеді. Ғимаратта шағын көлемдегі архитектуралық детальдар ұтымды әрі үйлесімді пайдаланылған. Бабажы қатын кесенесі сыртқы пішінінің жинақылығымен, құрылысының беріктігімен ерекшеленеді.

Қарақандар мемлекетінде ресми дін ретінде – ислам діні қабылданды. Исламның (960 ж. Мұса жариялады) енуіне байланысты, араб әрпіне негізделген жаңа түркі жазуы қалыптасады. Түрік этносының ой-санасы өседі. Түркі тілінде біраз шығармалар жазылды. Олар: Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» (1069 ж.), Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбектері.

Қашқардағы хан сарайында қажы қызметінде болған Баласағұн қаласынан шыққан Жүсіп «Құтадғу білік» шығармасын түркі тілінде жазады және ол ханға арналған дидактикалық поэма. Ол «Бақытты ететін білім» немесе «Патшаларға лайық білім» деген мағына береді.

Бұл еңбекте хандардың және оның уәкілдерінің міндеттері жөнінде жазылған.

Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрк» атты шығармасын ұзақ жылдар саяхат жасағаннан кейін, 1074 жылы жазды. Бұл еңбек түркі тілдес халықтардың тұрмысын, тарихын, мінез-кұлқын, сондай-ақ сол заманның табиғи-ғылыми түсініктерін зерттеушілерге құнды дерек болып табылады. Бұл еңбекпен автор тіл білімі тарихына сүбелі үлес қосты.

Қорыта келгенде, түркілердің мұсылмандық династиясының біріншісі Қарахандықтар династиясы болды. X ғасырдың соңына дейін Қарахандықтар Қашқарды билеп тұрды. Самарқан мен Бұқараны жаулап алып, жалпы түркі халықтары Қарахан мемлекетінде 960 жылы ислам дінін қабылдады.

Қарахан мемлекеті Ислам дінінің әлемдік дін болуына сүбелі үлес қосты. Орталық Азияда саяси жүйе, түркілік мәдениет түрлері жасалды. Феодалдық әскери құрылым қалыптасып, ақсүйектер тобы пайда болды. Орта және Алдыңғы Азияда экономикалық мәдениет тез қарқынмен дамыды.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Қарахандар мемлекетінің түркілер тарихынағы алатын орнына баға беріңіз.*
- 2. Қарахан мемлекеті жайлы қандай парсы деректері бар?*
- 3. Ислам дінін қабылдаумен Қарахандар қоғамында болған өзгерістерді атаңыздар.*
- 4. Мемлекеттегі феодалдық қоғам құрылысына сараптама жасаңыздар.*
- 5. Мәтінде айтылмаған басқа да Қарахан мәдениетінің ескерткіштерін атаңыздар және ерекшеліктерін көрсетіңіздер.*

3. Хазар және Қимақ қағанаттары

Хазарлардың шығуы және этникалық тегі. Еуропалық ғұн империясының күйреуімен Днепрден Жайыққа дейінгі аралықтағы халықтар мемлекеттілігінен айырылды. Біртұтас ғұн этносын құраған түркі тайпаларының ыдырау процесін Истеми қағанның батысқа жасаған жорығы қайта біріктірді. Барлық туыс түркі халықтарын Көктүріктер қағанатының қол астына жинауы хазарлардың да топтасуына ықпал етті. Еділ өзенінің төменгі сағасын мекендеген сабарлар «хазар» атауының шығуына себеп болған және хазар халқының қалыптасуында басты рөл атқарды деп есептеледі.

Мұсылман (араб және парсы) әдебиеттерінде хазарлардың шығу тегі және олардың белгілі бір этникалық топқа жатқызылуы туралы материалдарды екі топқа жатқызуға болады: біріншіден, халықтардың шығу тегі; екіншіден, хазарлардың шығу тегі мен тілі туралы нақты деректер. Сонымен қатар түркілерді қытайлармен қатар қоюы, IX-X ғасырлардағы мұсылман авторларының қытайлардың этникалық құрамын жақсы білмегендігі байланысты болуы мүмкін. Хазарияда мекен еткен көптеген тайпалар арасындағы қатынас хазар халқының қандай рөл атқарғандығын көрсетеді. Хазарларға анағұрлым жақын этнос бұлғарлар мен савирлер болған. Сонымен қатар, аварлар және угорлар болуы мүмкін. «Иосиппон кітабында» печенегтердің аталуы, сондай-ақ түркілердің болуы хазарлардың түркі тайпаларына жатқандығының тағы бір дәлелі. Бір сөзбен айтқанда, хазарлардың шығу тегі, олардың біріншіден VI-VII ғасырлардағы Ғұн одағының этносаяси бірлестіктерінің қалдықтарымен жақындығын көрсетеді, екіншіден хазарлардың түркі халықтарына жатқандығын дәлелдейді.

Хазарлардың шығу тегі мен олардың қандай да бір этникалық топқа жатуы туралы қызықты ақпарат ал-Масудиде кездеседі. Түркі семьясына жататын («иджнас ал-турк») халықтарды атай келе ал-Масуди олардың қатарына қарлұқтарды, ғұздарды, қимақтарды, тоғызғыздарды және хазарларды жатқызады. Сонымен қатар, автор түркілер мен хазарлардың айырмашылығын зерттейді. Хазар этнонимін айта отырып, ал-Масуди олар түркі тілінде сабир деп, ал парсы тілінде хазаран деп аталады, олар түркілер, араб тілінде ал-хазар болып айтылады деп жазды.

Салыстырмалы түрде кейінірек өмір сүрген араб авторлары хазарларды түріктер қатарына жатқызады, ал Ибн Халдун оларды түркмендермен теңестіреді.

Хазарлардың шығу тегі және олардың қандай да бір этникалық топқа жатуы туралы ақпарат византиялық деректерде көп емес, бірақ өте құнды. Бұл ең алдымен Феофан мен Никифордың жазбалары. Олардың 679-680 жылдардағы оқиғалар туралы хабарламалары бір дерекке жатады, кейбір жерлерінде ғана айырмашылық кездеседі. Онда хазарлардың Берзилия (Феофан) немесе Верилия (Никифор) жерінен шыққандығы айтылады. Феофан оған қоса аталмыш жердің Бірінші Сарматия деп аталғандығын айта кетеді. Феофанның терминологиясы шындыққа сай келеді, себебі Берзилия атауы армян авторларында кездесетін Берсилия (Михаил Сириец) атауына сәйкес келеді. Василийдер-барсилдер Ғұн одағының тайпасы болған.

Бұл тақырыпқа қатысты сириялық деректер көп ақпарат бере ал-

майды. Михаил Сириец Берсилия туралы ақпараттан бөлек, ішкі Скифияны мекендеген үш ағайынды туралы аңыз қалдырған. Олардың бірі Бургариос Мезияға, яғни қазіргі Болгария территориясында қоныстанды, ал келесісі Хазариг, хазарлардың ата тегі, Каспий маңында қалды. Бұл аңызда бұлғарлар мен хазарлардың жақын туысқандық қатынастары айтылады.

Араб деректері хазарларды екі топқа бөледі. Біреуі қара хазарлар деп аталған, олар қараторы, тіпті үндістер сияқты қара болған. Екінші топтың өкілдері ақ болған. Шамасы хазарлар IX-X ғасырларда нәсіл жағынан аралас болған және VII ғасырдағы көне хазарларға ұқсамаған. Хазарлардан бөлек Хазарияны басқа да этностар: аландар, бұлғарлар, кашақтар, славяндар, венгрлер, печенегтер, буртастар мекен еткен.

«Хазар» этнонимі. «Хазар» этнонимін ешқандай тілде толығымен түсіндіру мүмкін емес. Ғылыми әдебиетте «хазар» атауы араб және Византия деректері арқылы енгізілген. Хазариямен байланысты көне еврейлік құжаттарда да дәл осы атау көрініс тапқан. Көне армян авторлары «хазирлар» десе, орыс жазбаларында «козарлар» деген атау кездеседі. Көне грузин тілі араб және Византия тіліне ұқсас болғандығын ескерсек, армян формасын жалпы кавказдық деп есептеуге болмайды. Сонымен қатар, хазарлардың Армениямен және Көне Руспен таныстығын ескерсек, «хазир» және «козар» формалары, сәйкесінше, Кавказ және Русь территориясына тіл, үстеу арқылы, яғни «хазар» атауы «хазир» және «козар» болып өзгерген.

IV ғасырда Ғұн бірлестігімен қатар Шығыс Еуропаға Сібірден және басқа да алыс аймақтардан (Алтай, Моңғолия) фин-угор және түркілік тайпалар басып кіреді. Олар Шығыс Еуропаның далалық аймақтарында ирандық (сарматтар) тұрғындармен араласып, этникалық қатынастар құрады. IV-XI ғасырлар бойына Еуропаның бұл бөлігінде үш этностың араласу процесі болды: иран, угор және түркі халықтары. Нәтижесінде соңғысы басым болып, ұзақ уақыттан кейін басты халыққа айналды. Жоғарыда атап өтілген процестер хазарлардың қалыптасуына өз әсерін тигізді.

Алайда хазарлардың этногенезінде ғұндар басты рөл атқармады. Ең басты рөлді савир тайпасы атқарды. Савирлар деп оңтүстік Сібірден келген халық фин-угор тайпаларын атаған. Угорлар мен савирлер Батыс Сібірдің басты тайпаларының бірі болған, алайда, шығыстан түркі халықтарының қозғалуы оларды бұл территориядан кетуге мәжбүр етті. Осылай савирлер ғұндармен қатар Еуропаға қоныс аударды.

Мұнда савирлер Солтүстік Кавказға тұрақтап, түрлі этникалық топтармен қатынасқа түседі, нәтижесінде Савир одағы құрылады.

Савир одағы Түркі қағанатымен сәтсіз соғыстан кейін құлайды. Савирлердің бір бөлігі түркі тайпаларының легі келген кезде Шығыс Кавказда қалады. Олардың арасында қытайлық деректерден белгілі коса атты түркі тайпасы болды. Зерттеушілер осы атаумен «хазар» этнонимін байланыстырады. VI ғасырдың екінші жартысында Кавказдағы қалған савирлерді ассимиляцияға ұшыратқан дәл осы түркі тайпасы және басқа да жергілікті тайпалар бірігіп, нәтижесінде хазар этносы қалыптасады.

Хазар қағанатының этникалық құрамы мәселесіне келер болсақ, бұл жерде ең алдымен хазарлардың өздері және олардың таралу аймақтары туралы мәселені қарастыру қажет. Хазарлардың «отаны» Шығыс Кавказ маңы болды. Бұл жерде олар келімсектер савирлер мен түркілердің араласы, бастысы Иран халқымен және дала халықтарымен араласу нәтижесінде қалыптасқан. Бұл жерде хазарлар қағанат құлағаннан кейін де өмір сүрді. Олар дербенттік хроникаларда XI соңы мен XII басында аталып өтеді.

Хазар тілі лингвистер дәлелдегендей түркі тілі болған, бірақ ол бұлғар тілімен қатар аралас түркі тілдеріне жатты және IX-X ғасырда таралған (оғыз, қимақ, қыпшақ және т.б.), мұсылман әлемінде жақсы танымал басқа түркілік тілдерден айырмашылығы болған.

Хазарлар Батыс Түрік қағанатының құрамында. Шығыс Еуропаның оңтүстігінде VI ғасырда алғашында біртұтас Түркі, ал 588 жылы Батыс Түрік қағанатының билігі орнайды. Соңғысының орталығы Жетісуда орналасты, ол қызметінің басты аренасы Орталық Азия болды, мұнда түркілер үнемі Иранмен қақтығысып отырған. Бірақ, Кавказдағы тайпалар түркі қағанына бағынды және Иранмен соғысқа қатыстырылды.

Истеми ханның тұсында Византияға бағыт алған көктүріктердің керуенін парсы жерінде бөгемеу туралы талабын орындамағаны үшін 568 жылы Сасанидтер мемлекетіне соғыс ашқан болатын. Амудариядан өту арқылы басталған жорық парсылар иелігіндегі «сауда қалалары мен порттарды» алумен ғана шектелмей, парсыларға солтүстіктен соққы беру үшін Еділден Кавказға қарай бет алды. 571 жылға қарай көктүріктер Солтүстік Кавказды тұтас бағындырды. Дербентті ала алмағанымен, Босфорға дейін жетіп, оны бағындырды. 576 жылы Истеми хан қайтыс болады. Баласы Қара-Чурин тақ мұрагері танылғанымен тақталастың құрбаны болып 604 жылы қаза табады. Өзара талас Шығыс және Батыс қағанаттарының құрылуына алып келді. Батыс Түрік қағанатының негізін Торэмен қаған қалаған деген

ғылыми дерек те бар. Бөлінуіне қарамастан, Батыс Түрік қағанаты Шығыс түрік қағанатына біршама саяси тәуелділікте болды.

Батыс түрік қағанатындағы билік Түн-жабғу қолына көшкеннен соң да Иранмен қатынас шиеленісе берді, Қағанды Иранның Кавказдағы иеліктері қызықтырды. 620 жылы бауыры Бури-шадты батысқа жібереді, басқа түркі халықтармен бірге хазарлар да түрік-иран соғысына тартылды. Парсылардың Византиямен соғыс жағдайын пайдаланған Түн-Жабғу Византия императоры Ираклиймен шарт жасасып, парсыларға қарсы соғыс бастайды. 626 жылы көктүріктер мен хазарлардың біріккен күші Кавказға өтер жолды бөгеп тұрған Дербент қаласын шабуылдайды. Парсылар Хосрой Ануширван шахтың тұсында салынған таудан Хазар (Каспий) теңізіне дейін созылып жатқан 40 шақырымдық алып қамалдың мызғымастығына сенді, аттылы жаудан жолындағы алынбас тосқауыл санады. Дербент қамалы қабырғаларының биіктігі 18-20 метр, солтүстікке бағытталған 30 мұнарасы, 3 темір қақпасы бар, айналып өтуге болмайтын дай теңізге тереңдей еніп жатты. Тіке шабуылдау туралы шешім қабылданып, көктүріктер мен хазарлар қамалды алды. Қамалдың құлауы парсылар арасында абыржушылық туғызды, жаудың барлық одақтастарын талқандай отырып түріктер Тифлисті қоршады. Көп ұзамай Византия императоры Ираклий қосылды. Алайда парсылар Тифлис қаласын ерлікпен қорғады, жабғу мен император тіке шабуыл жасап өз әскерін жоғалтқысы келмеді. Екі айға созылған қоршаудан кейін хазарлар күзде келеміз деген уәдемен кері қайтты. Қаланы қыстың күні қоршау да нәтиже бермеді. Түн-Жабғу да дайындықсыз ұзақ қала алмай аздаған әскер қалдырып кері шегінді. 627 жылы Ираклий қала қоршауын қалдырып, жау тылына қарай бет алды. 628 жылдың қысында Түн-жабғу Кавказға қайта аяқ басып, Тифлиске жетеді. Бұл жолы бөгелместен, аз уақыт қоршаудан кейін әскерін тік шабуылға салады. Қоянқолтық ұрыс қаруымен қаруланған түріктер алынбас қамалды тез-ақ бағындырды.

Тифлисті бағындырғаннан соң Түн-Жабғу баласы Бури-шадқа кейінгі жорықты жалғастыруды тапсырып, Орта Азияға оралады. Шығыс қағанатқа қытай әскерінің баса-көктеп кірумен 630 жылы Арменияны бағындыру соғысы кенеттен тоқтатылып, көктүріктер отанына кері қайтты.

Осы тұста Араб түбегіндегі болып жатқан тарихи оқиғалар кейінгі әлемдік тарихтың бетбұрысына тікелей ықпал етудің бастамасы еді. Мұхаммед пайғамбар қайтыс болған соң 632 жылы құрылған халифат жаулап алушылық жорықтарын бастады, 636-637 жылдары Византия, Иран әскерлерін талқандады. 642 жылы Иранға екінші ауыр соққы

беріп, сасанидтер мемлекетін күйретті. Салман ибн-Рабин бастаған араб қолы Әзербайжанға бет алады.

Түрік қағанаты қытайдың ықпалына түсіп, оңтүстіктен арабтар шабуылы күшейген тұста Еділ жағасында Хазар мемлекеті құрыла бастады. Ашина руынан шыққан Турунхан 651 жылы алғаш болып Хазар қағаны атын иеленді.

Араб деректері ол кезде батыс түркілердің қағаны Кавказдағы көптеген тайпалардың жоғары билеушісі болған деп сипаттайды. Кейінгі 60-80 жылдардағылар арасында бурджан (яғни, бұлғарлар), баланджар, банджар, аландар, абхаздар және хазарлар кездеседі. Хазарлар басқа тайпаларға қарағанда салыстырмалы түрде жиі кездеседі, бұл олардың саяси ықпалының 90-жылдарға қарай Шығыс Еуропада бірінші орынға шыға бастағандығын көрсетеді. Хазарлардың билеушісі VI ғасырдың 90-жылдарының өзінде-ақ «мәлік» (патша) деп аталған. Сонымен қатар, хазарлар және басқа тайпалардың аталуы бұл аймақтағы саяси жағдайдың тұрақсыз болғандығын көрсетеді және сол кезде болған саяси бірлестіктердің арасында Хазарлық ең күштісі болғандығы байқалады.

Осылай, VI ғасырдың екінші жартысында Солтүстік Кавказда бірнеше саяси бірлестік өмір сүрді, біреуі Хазарлық болды. Бірақ олар белгілі бір деңгейде Түркі қағанының жоғарғы билігін мойындады.

VII ғасырдың 20-жылдары хазарлар қатысқан (Византия, Иран соғыстары) аймақтағы біраз оқиғалардан кейін, хазарлар ресми түрде ғана Батыс түрік қағанатының билігін мойындап, іс жүзінде тәуелсіз болды. Ал Батыс түрік қағанатының өзі құлаудың аз-ақ алдында тұр еді. VI ғасырдың екінші жартысында Иранға шабуыл екі жақтан болып жатты: Орталық Азиядан және Дербент арқылы. VII ғасырдың 20-жылдары түркілердің қағаны иран-византия соғысына араласпады.

Зерттеушілер VII ғасырдың 30-жылдарына Батыс түрік қағанатының құлдырауын, сонымен бірге бұл мемлекеттің VII ғасырдың 50-жылдары Қытай шабуылынан кейін құлауын жатқызады және Хазар мемлекетінің құрылуын айтады. Тәжірибеде хазарлардың тәуелсіз саясаты VII ғасырдың 20-жылдары басталған, бұл Хазар мемлекетінің құрылу мерзімін VII ғасырдың бірінші ширегі деп болжауға мүмкіндік береді. Шындығында, хазарлардың билеушісі түркі қағанының билігін әлі де болса мойындаған еді, бірақ хазар басшысының өзін джебу-қаған деп атауы оның өзін ресми билеушіден төмен көрмегендігін дәлелдейді.

Хазар мемлекетінің құрылу мерзімін VII ғасыр дей отырып, бұл кезеңнің тек қана мемлекеттің құрылуының бастапқы кезеңі екенін

түсіну қажет. Бұдан кейін Хазар мемлекетінің барлық жағынан тәуелсіз және Шығыс Еуропадағы басты саяси күшке айналады. Осы кезеңде екі маңызды жағдай қалыптасады: біріншісі хазар әлемінде жоғарғы билеушіге «қаған» атауының берілуі және Кавказдағы тағы бір саяси бірлестік Бұлғар одағын жеңуі.

Көктүріктер Хазар қағанатының мүддесі мен тәуелсіздігін қолдады. Сондықтан да хазарлар Көктүріктер қағанатының күшеюіне қызмет етті. Көктүріктер көмегімен хазар қағаны өз мемлекетінің аумағын кеңейтті. Хазар қағанатының шекарасы жылдам ұлғайып Кавказда Денбент қаласына дейін, солтүстігі қазіргі Удмуртияға дейін созылды. Шығыста хазар қағанаты Оралға дейін иелік құрса, батыста Қара теңіздің жағалауы мен Днепрге дейін жетті.

Хазар мемлекетінің құрылуындағы Ашинаның – түркілерден шыққан патша тайпасының рөлі. Шығыс Еуропадағы Хазар қағанатының құрылуы VII ғасырдың 30-80 жылдарына жатады. Онда өкімет билігі түріктердің қаған руы ашиналардың қолында болды. Бұл уақытта хазарлар Дербент аймағында арабтармен қақтығысып, 60-жылы халифаттағы қайшылықтарды пайдаланып, Кавказдың арғы жағындағы оқиғаларға араласа бастады. Бірақ бұл хазар тарихының маңызды бөлігі емес еді. Оның сол кезеңдегі басты аренасы Кавказ маңы, содан кейін Шығыс Еуропаның үлкен аймақтары болды.

Кавказ маңында хазарлармен қатар тағы бір саяси күш – Ұлы Бұлғария құрылған еді. Оның шекарасы – Батыс Кавказ маңы, Кубань аймағы, кейбір тарихшылар Ұлы Бұлғарияның батыс шекарасына Днепрді жатқызады, ал оладың билігіндегі аймақтар қазіргі Украинаның оңтүстік бөлігін басып ала алатын еді.

Ұлы Бұлғарияның күшеюін тарихшылар Куврат ханның билік етуімен байланыстырады. VII ғасырдың 30-жылдары бұлғарлар толығымен Батыс Түрік қағанатының билігінен егемендік алады. Бірақ Кувраттың өлімінен кейін Бұлғар бірлестігі құлайды, ал Кувраттың ұлдары басқарған бұлғарлардың жеке ордалары Хазарлардан VII ғасырдың 40-70-жылдары жеңіліс табады. Хазар жазбалары хазарлардың жауды Дунға, яғни Дунайға дейін қуғанын, Аспарухтың қашқын бұлғарларының Константинопольге қоныстанғанын айтады. Осылай, хазарлар Шығыс Еуропаның далалық аймақтарын басып алды. Аспарух VII ғасырдың 70-жылдары батысқа қашты және бұл кезең Хазар қағанаты мен оның территориясының қалыптасу процесінің соңғы кезеңі болды.

Бірақ, саны аз хазар халқы саны жағынан әлдеқайда көп бұлғарларды қалай жеңді? Барлығына Кувраттың ұлдарының арасындағы

жаулық қатынастар себеп болды. Сондай-ақ деректерге сай, сол кезде Ұлы Бұлғарияның құрамында болған аландардың хазарлармен одақ құруы өз әсерін тигізді. Хазар қағандарының династиясы Ашина династиясынан шығады.

Хазар қағанатының территориясы. VII ғасырда хазарлар түрлі тұрғылықты мекендерге тарап кетті. Ең алғашқы мұндай мекен Волга маңы болды, кейін бұл жерге мемлекет орталығы көшірілді. Бұл жерде хазарлар XII ғасырдың ортасынан бастап белгілі. Орыс жазбалары оларды саксиндар, яғни Саксинді мекендеушілер деп атаған. Хазарлардың үлкен колониясы Қырымда қалыптасты, мұнда олар Хазария құлағаннан кейін де сақталып қалды. Сондай-ақ хазар колониясы Донда, ең алдымен Саркел аймағында болды. Хазарлардың басқа да таралған орталықтары туралы мәлімет бізге белгісіз. Бірақ, мұның өзі хазарлардың өз мемлекетінде жеткілікті территория иемденгенін көрсетеді.

Хазарияның шекарасы басқа мемлекеттердікі сияқты өзгеріске ұшырады. Араб деректері IX-X ғасырдағы Хазар қағанатының шекарасын Кавказбен ғана шектейді, ал Византия деректері VII-VIII ғасырларда өзгерістер енгізеді және Хазарияның құлауы кезіндегі шекараны сипаттайды. Ал IX-X ғғ. туралы орыс жылнамалары көп мәліметтер береді.

Хазар державасының әкімшілік-территориялық бірлігі – Климат болды. Мұндай бірліктердің басында наместниктер (тудундар) тұрды.

Хазарияның Шығыс Еуропалық бөлігі хазарлардың алымдарының басты көзі болды, олардың территориясы Дағыстаннан басқасы табиғи ресурстарға кедей еді. Биліктегі территорияларға бұртастардың жері, марицтердің Волга Бұлғарларының жері, славяндардың бөлігі және Дон жағалауының кейбір жерлері кірді. Дон аймағы хазарлар үшін, әсіресе маңызды болды, олардың қамалдары Дон бойында және Солтүстік Дон бойында орналасты. Олардың атақтысы Саркел (Ақ Вежа) хазарлардың өтініші бойынша IX ғасырдың 30-жылдары салынған еді, бірақ басқа хазарлық қамалдар жетіп артылады. Олар хазарларға тек Волга бойындағы сауда жолдарын бақылап қана қоймай, сонымен қатар Волгадан Донға, Азов теңізіне, Қырымға дейінгі аралықты бақылауға мүмкіндік берді. Ол кезде халықаралық сауда Хазарияның билеуші табының өмір сүруінің басты көзі еді. Хазарлардың шекара бақылау тобы Керчен бұғазында орналасты. Бұл бұғазды бақылау хазарлар үшін әрқашан маңызды болды. VIII-IX ғасырларда Қара теңіздегі хазарлардың ықпалының күшті болғаны

соншалық ол Хазарлық деп атала бастады. Алайда хазарлардың теңіз күші мықты болмаған еді және олардың теңізде жүзетін кемесі де болмаған. Хазарияның солтүстік батыстағы шекарасы анық сипатталмайды. X ғасырда Серкел қаласы шекаралық қала болған. Әрі қарай батыста ол кезде печенегтер көшіп-қонып жүрген еді, Константин Багрянродныйдың айтуынша, олар хазарлардан тәуелсіз болып қана қоймай, Шығыс Еуропаның маңызды үш саяси күшінің бірі болған (қалғандары Русь және Венгрия). Әрі қарай солтүстіктегі шекара кейбір деректерге қарағанда Днепрге дейін жетеді. Хазарлар патшасы белгісіз себептерге байланысты солтүстік шекаралар туралы өз жолдауында сөз етпейді. Волга бассейні X ғасырда Хазар қағанатының басты бөлігі болды. Шамасы, Волга Бұлғарлары Святославтың жорығына дейін хазар қысымы қайтара алмаған. Хазарлардың оңтүстіктегі шекарасы X ғасырда Кавказ таулары болған. Кавказ аймағында Хазарияға Каспийден Дербентке дейінгі Шығыс Кавказ маңы қараған. Бұл жерде хазарлардың билігі Шығыс Еуропаның басқа бөліктеріне тараған Хазарияның көне орталығы болған. VII-VIII ғасырлардағы және ішінара IX ғасырдағы жергілікті ірі этностары (аландар, қапшақтар) Хазариямен байланысты болды, бірақ оларды тікелей қағанға бағынды деп айтуға болмайды. VII ғасырдың ортасында-ақ хазарлар Қырымда, Подоньеде, Төменгі Волгада тұрақтаған еді. VIII ғасырда Поволжье мен Подонье хазарлардың басты облыстарына айналады. Қағанатқа бұртастар, Волга Бұлғариясы, шығыс славяндардың бөлігі бағынышты болды. Хазарияның гүлденуі кезеңінде (VII-VIII ғасырлардың 70-жылдары) оның билігі батыста Дунайға дейін жетті. IX ғасырда жағдай өзгеріп, Хазарлар батыста Доннан әрі қарай бармады. Қағанаттың шығыс шекарасы Заволжьеден аспады.

Билеуші топ. Қағанның жоғарғы билігі. Ерте кезде хазарлар тек қана көшпенді болғанда олардың қоғамын әулеттік қатынастардың түрлерін құрады. Көшпенділерде құрылымы бұл олардың шаруашылықты ұйымдастыруының жанұя, әулет, тайпа, тайпалар одағы – (көшпенді қоғамға тән) қоғамдық құрылымның баспалдақтары болды.

Бұл элементтердің нақты құрылымы мен өзара қатынасы өзгеруі мүмкін, бірақ олар көшпенді өмір сүру түрі сақталған кезде бар болды. Сонымен қатар, бұл формалар немесе олардың элементтері ішінара өміршең келеді және тұлғалардың өзі отырықшы шаруашылыққа көшкен кезде сақталады.

Дәл осылай хазар әулеттері жоғалып кетпей, Хазар мемлекетінің соңына дейін сақталды. Иосиф патша осы әулеттердің өмір сүруі мен саны туралы атап өтеді. Олардың өмір сүруінің өзі X ғ. Хазар

қоғамының ертетаптың болғандығын көрсетеді. Мұнда феодалдық қатынастардың құрылу процесі әлі де дами қоймаған еді. Сонымен қатар VII ғ. өзінде-ақ хазарларда зная, знаятық әулеттерге ұйымдасқан бірлестіктер пайда болды. Ең кең таралғаны «тархан» болды.

Осылай хазария халқы екі топқа бөлінеді: зная (тархандар) және қарапайым халық. Олардың арасындағы айырмашылық тархандар салық төлемеді, бірақ әскери қызметті алып жүруге міндетті болды. «Қарапайым халық» әлі де феодалдық тәуелділікке түспеген еді. Егер елді қандай да бір жұт жайласа қағанды өлтіруге керек болды.

Рулық ұйымдасу реликтерінің аяқталуы, халықтың негізгі бөлігінің еркіндігін сақтауы, бір уақытта халықтың ерекше бөлігі знаятардың (тархандардың) бөлінуі хазарияны ертетаптық қоғам деп қарастыруға болатындығын көрсетеді, мұнда қоғамдық дифференциация әлі тереңдей қоймаған, бірақ арнайы формада байқала бастаған еді.

Хазарияға бағынған халық әлеуметтік дамудың әртүрлі кезеңдерінде болды. Шығыс славяндар, Волга бұлғарлары және басқалары дәл сондай ертетаптық қатынастар кезеңінде болды. Ал буртастар оған жетпеген. Деректер оларды елі тығыз, халқы бар, бай деп сипаттайды, бірақ оларда басшы болмаған, әр жерде шейх, яғни старшина басқарған. Сонымен қатар буртастар хазарияға үлкен алым төледі және хазар патшасының бұйрығымен 10 мыңға жуық атты әскер берген.

Жерге жекеменшік болғандығы туралы ақпарат жоқ. Иосифтік жазбаларынан жер рудың қарамағында болған және ата-бабасынан қалған иелік ретінде қарастырылды, бұл патша әулетінде де болған. Сондықтан хазарларда жерге құқық болған.

Көп тайпалық хазарияда біртұтас мемлекеттік құқық және біртұтас сот өндіріс жүйесі қалыптаспады. Араб авторлары былай жазды, Атил патша кезінде жеті сот (нади) екеуі (шарифатпен соттайтын) мұсылмандар үшін, екеуі тараға сәйкес соттайтын кедейлер (хазарлар, еврейлер) үшін, екеуі Евангелие бойынша соттайтын христиандар үшін, біреуі тілдік дәстүрлер бойынша соттайтын тілдіктер үшін. Өте маңызды істер үшін соттар мұсылман кадида жиналып, шарифатқа сәйкес шешім қабылдаған. Бұл соттармен патша арасында делдал болған, ол соттардың шешімін патшаға жеткізіп отырған, содан кейін патша келісім берсе жазаны жүзеге асырған. Мұндай тәжірибе Хазарияда IX-X ғасырларға дейін сақталды.

Хазарлар тарихының ерте кезеңінде жоғарғы билеуші қаған деп аталды. Қазіргі әдебиетте «қаған» титулы түркі әлеміне жужандардан келген дейді. Одан кейін бұл атақты Түркі қағанатының жоғарғы билеушісін, кейін аварлардың және Шығыс Еуропаға белгілі хазарлардың жоғарғы билеушісінің атағы болған.

«Қаған» титулының мағынасына келетін болсақ, VI-X ғасырларда ол басқа билік тармақтары бағынған жоғары биліктің атауы болған. Сондықтан қаған деп мысалы, Қытай императорларын атаған және титулдың өзі феодалдың кезеңдегі императормен байланыстырылады.

VIII ғасырдағы басқа араб жазушыларына қарағанда, толығырақ жазған аль-Куфидің хазарлардың билігі туралы ақпарат өте қызық, ол араб-хазар соғыстарын баяндайды. Ал-Куфи хазарлардың басшысын қаған деп те, патша (мәлік) деп те атайды, бірақ бұл бір адам екені анық. Кейбір жерлерде тарихшы хазарлардың қаған мәлігі туралы жазады. Бұл VIII ғасырдың бірінші жартысында қағанның қолында барлық биліктің болғандығын дәлелдейді және оны шетелдік авторлар патша деп атаған. Түрлі деректер II Юстинианның Херсонеске келіп, хазар басшысымен қатынастар құрып, туысқандық жағдайда болды деп жазады. Византия тарихшылары соңғысын қаған деп атайды, ал Никифор оны гегемон (ру басы) немесе архонт деп атап, хазарлар оны қаған деп атаған деп түсініктеме бере кетеді. Ал-Масуди хазар басшысын «мәлік» деп атаса, ал сириялық Бар Гебейдің жазбасында «қаған» деп атаған.

Осылайша, хазарлардың жоғары билігінің даму эволюциясын келесідей көрсетуге болады: VII ғасырдың бірінші жартысы мен VIII ғасырда мемлекеттің басында қаған тұрды, оның қолында барлық билік болды. Қаған хазар знаяна (тарханға) арқа сүйеді. Қағаннан кейінгі адам шад болды, ол қағанның жақын туысқандарының ішінен сайланды. Шад әскерді басқарды, бәлкім, оның қолында сыртқы саясат болған болуы керек. VIII ғасырдың 30-жылдарындағы арабтармен соғыстағы жеңіліс знаятар арасындағы қайшылықтарға алып келді. Нәтижесінде, шад қағанды екінші орынға ығыстырды, өзі Бак (бек, патша) титулын иемденді. IX ғасырда Хазарияда қос билік болды, X ғасырда бак (бек) билігі қағанды барлық билік мүмкіндіктерінен айырып, бірінші орынға шықты.

Хазарияның жоғарғы билеушісінің (қаған, кейіннен шад-бек) билігі іс жүзінде шектеусіз болды, бірақ Хазар державасының соңына қарай рулық дәстүрлердің рөлі күшті болды, әсіресе билеушінің белгілі бір ақсүйек рудан шығуы міндетті болды. Хазарияда орталық басқару болды, оның ішінде бізге әртүрлі сенімдерге байланысты соттардың болғаны белгілі. Орталық басқарудың басты қызметі әскерді басқару, салық жинау, кеме өндірісі және діни мәселелер болды.

Хазариядағы жергілікті басқаруға келер болсақ, ол екі түрлі болды, себебі мемлекеттің өзі екі түрлі бағынушы мемлекеттер мен облыстардан құралған еді. Біріншіден, бұл жергілікті князьдар мен ру

басылар басқарған елдер болды. Екіншіден, қағанға тікелей бағынышты болған облыстары болды. Біріншілерінің қатарына Волга Бұлғариясы, шығыс славян жерлері (вятич, солтүстіктегілер, радимич, поляндар), IX ғасырдағы көшпелі венгрлер, бұртас және Дағыстанның кейбір бөліктері жатуы мүмкін. Волга Бұлғариясы хазарларға қашан бағынышты болғаны белгісіз, бірақ IX ғасырда «славяндардың патшасы» Атильге түлкі терісі көлемінде алым төлеп тұрған, ал бұлғар билеушісінің ұлы хазарлардың қолында тұтқында болды. Шығыс славяндардың хазарларға алым және ақша төлегендігі туралы бізге ПВЛ хабар береді. Лаведияға, одан кейін Ателькузаға келген мадьярлардың өздерінің архонттары болды, оларға «гил» және «карх» титулдарын иемденген ру басылары бағынышты болды. Венгер тайпалары мадьярлар Паннонияға кеткенге дейін хазарларға бағынды және печенегтерге қарсы соғыста олардың одақтасы болды.

Жергілікті жердегі орталық билік өкілдері тудундар деп аталды. Бұл титул – қытай тілінен tu't'ung «азаматтық әкімшіліктің басқарушысы» дегенді білдіреді. Түркілерге бұл атау шығыс ирандық (сақ-хотан) тілі арқылы келген, ол «жақын көмекші» дегенді білдіретін еді. Хазарларда тудундар – алғашқысында билеушінің жақын адамдары болған. Хазарлардың жергілікті билігі туралы ақпарат өте аз. X ғасырда бұрынғы астана Самандарда өз патшасы отырды, бірақ ол хазар патшасының туысы болатын. Бұл Хазарияда орталықсыздандыру процесі жүріп жатқандығын көрсетеді және жергілікті жердегі биліктер тәуелсіз билеушіге айнала бастаған.

Тұрақты армияның болуы. Хазар қағанатының өмір сүруінің ерте кезеңінде оның әскері хазарлардың өзінен және қол астындағы тайпалар мен халықтардан құралды. VII ғасырдың 20-жылдарындағы Кавказдағы хазарлардың әскерін сипаттай келе олардың құрамында көшпенділер де, отырықшы халық та болған дейді. Соңғылары жергілікті тұрғындар арасынан шыққан көмекші контингент болған (иран және кавказ) болуы керек. IX-X ғасырларда жағдай өзгерді. Бағынушы халықтың көмекші әскері әлі де болса шақырылды, алайда басты рөлді мұсылмандардан, рустар мен славяндардан құралған жалдамалы әскер атқара бастады. Ол екі бөлікке мұсылман және славян-рус болып бөлінді. Бұл әскердің саны 12 мың адам болды және мұсылман әскерінен құралған саны 7 мың садақпен қаруланған панцирлер мен кольчкүтердегі аттылар аларсиден құралды. Жалдамалы әскерге жаалақы төленді, олардың біреуі өлсе орнына тағы біреуін алып отырды.

Хазар әскерінің құрамының өзгеруі IX-X ғасырлардағы хазар қоғамындағы әлеуметтік өзгерістердің жанама дәлелі болып табы-

лады. Бұл қағандар өз әскеріне сенбей ақылы әскерге арқа сүйеуге тырысқандарын көрсетеді. Іс жүзінде толығымен жалдамалы әскерге тәуелді болды, патша X ғасырда өзінің жалдамалы әскерін, ең алдымен мұсылман гвардиясын тыңдауға мәжбүр болды.

Араб-хазар соғыстары кезінде хазар құдіреттілігінің басты күші әскерінің көп болуы еді. Хазарлардың талабымен бағынушы халықтар әскери контингент дайындады. Әскер саны 100-300 мыңға дейін жеткен. Армияның негізін атты әскер құрады. Әскери тактикасы көшпенді халыққа тән болды: әскердің бір бөлігі тылда тығылып, ұтымды кезде ұрысқа араласқан. Хазарлар оқ ататын машиналар қолданып, қалаларды жаулай білген. Қағанат жауынгерлері Араб халифатының ең мықты әскербасылары басқарған армиясына қарсы тұра алатын болған. IX-X ғасырда жағдай өзгереді. Үкімет ірі жаулаушылық соғыстардан бас тартып, басқа этникалық топтарға арқа сүйей бастады. Хазар әскерінің негізгі бөлігі ауыр атты әскер болды, ол Атильде қоныстанған, хорезм тегінен шыққан мұсылман тайпаларынан құрылған ларистерден құралды. Гвардияның өз уәзірі болды және ол діні бір тайпалармен соғыспау қағидасын алып тастады. Жауынгерлер жалақы алды. Гвардияның саны түрлі деректерге қарағанда 7 мыңнан 12 мың адамға дейін жеткен. Саркелде үнемі ауыстырылып тұратын саны 300 әскер болатын гарнизон қызмет етті. Негізінде хазар армиясы кәсіби әскерге айналды, бұл қағанаттың 150 жыл бойына соғыс жүргізіп, өмір сүруіне мүмкіндік берді. Гвардия елде өте ықпалды болды, алайда елдегі басты күш емес еді. Хазар патшасы славяндар мен рустерден жалдамалы әскер құраған. Хазарлардың өздері атта жүрсе, ал бағынышты халық тірек әскерді құрады. Хазарларда теңіз флоты болмады, бірақ олар Волгамен жүзу үшін кішірек қайықтар жасай білген. Хазар жауынгерінің басты қаруы садақ болған. Сонымен қатар, хазарлар найза, қылыш, семсер де қолданған. Әскери қимылдарды қағанның өзі тікелей қадағалап отырды немесе хазар знаттарының арасынан тархандар билеген.

Түрік жазбасы сияқты, мемлекеттік тіл – түрік тілі. Хазар тілі – ортағасырлық Орталық Азиядан шыққан жартылай көшпелі түркі хазарлар тайпасының тілі. Хазар тілінің түркі тілдерінің қай тармағына жататындығы, тіпті оның түркі тілдеріне жататын-жатпайтындығы даулы мәселе болып келді. Кейбір ғалымдар хазар тілін иран тілдеріне, басқалары Кавказ тілдеріне жатқызып келді.

Орыс тарихшылары В.В. Григорьев, В.В. Бартольд, А.А. Куник, венгр ғалымы А. Вамбери, т.б. X. т-н түркі тілдеріне қоса отырып, оның шығу тегі қазіргі чуваш тілімен байланысты екенін көрсеткен.

Ортағасырлық араб ғалымдары хазарлардың тілін басқа түркілердің тіліне ұқсас, алайда олардан, мысалы, оғыз тілдерінен ерекшеленіп тұратын тіл деп сипаттады. Олар Хазарияда хазар тілі де, түркі тілінің кеңірек тараған түрлері де кең қолданыста болғанын еңбектерінде жазып қалдырды.

Ғалымдар ұзақ уақыт бойы хазарлардың тілін *ғұн* және *бұлғар* тілдерімен бірге *түркі тілдерінің оғыз тармағына* жатқызып келді. Оған *көне түркі* және ұйғыр тілдерінің әсері болған шығар деп те ойлады. Алайда соңғы кездегі жаңа деректер бұл жорамалды күмәнға алды. Хазар қағандарының көктүрік нәсілінен шыққандығын еске ала отырып, хазар тарихының бастапқы кезеңінде хазар ақсүйектерінің арасында көктүрік тіліне жақын *көне түркі* тілі кең тараған шығар деп болжауға болады, алайда бұны дәлелдейтін тікелей айғақтар жоқ.

Хазар тілінің ескерткіштері өте аз мөлшерде сақталған, көбінесе бұл тарихи жазбаларда айтылатын жеке есімдер ғана. Тарихи жазбалары көбінесе *еврей тілінде* жазылған.

Араб-хазар соғыстары. Колумбия Университетінің профессоры Данлоп хазарлар тарихын зерттеген және былай сипаттайды: «Хазарлардың жерлері арабтардың табиғи қозғалатын территориясында болды. Магомед өлгеннен кейін (632 ж.) Халифат армиясы солтүстікке жылжып және екі империяны құлата отырып, Кавказ тауларына жетеді. Осы жолдан өтсе оларға Шығыс Еуропаға жол ашылатын еді. Бірақ, сол кезде Кавказ жерінде арабтар өздерінің жорығын тоқтатуға мәжбүр еткен, біріккен әскери күшпен бетпе-бет келді.

Хазарлар Еуразияда араб экспансиясымен түйісіп қалған бірінші мемлекет болды. 30-40 жыл бойына олар хазар тегеурінін әлсіретуге тырысты. Кавказда 642 жылы арабтармен бірінші шайқас өтті. Бірінші соғыс кезінде арабтардың әскербасы мерт болып, хазарлар жеңеді. Араб күшінің толыққан кезеңіне сай келсе де, оларға қарсы хазарлардың төтеп бере алуы Хазар қағанатының күшті болғандығын көрсетеді.

651-654 жылдары арабтар Хазар жеріне қайта шүйлігіп, Дербентті басып алады. Хазар ханының ордасы Баланжир қаласына жетеді. Алайда арабтарға тойтарыс беріліп, оларды Арменияның оңтүстігіне ығыстырды. Кейінірек хазарлар ордасы орын ауыстырып, Самандарға көшеді, содан кейін Еділ (Итель) бойына қоныстанады.

Бұл кезеңде арабтардың басты соққылары Византияға қарсы бағытталған еді. Бірнеше рет (Мысалы, 669, 673-678, 717-718 жж.) олар Константинопольді құрлықтан, теңіз жағынан қоршауға алды, олар Кавказды өтіп, Қара теңізден жүзіп өтіп, шеңбер құрап, Византияны

қыспаққа алса, Шығыс Рим империясының тағдыры қайғылы болар еді. Бұл уақытта хазарлар бұлғарлар мен венгрлерді өзіне бағындырып, Қара теңіз жағалауындағы Қырым далаларына бет алған еді. Бірақ, бұл жай ғана варварлық шапқыншылық емес еді, олар өздеріне байлық, тұтқын жинау үшін, нәтижесінде бір орталыққа бағынатын, қағаны бар, жаулап алынған территориялардан салық жинайтын мемлекетке халықтарды біріктіру үшін жүргізілген соғыстар еді. VIII ғасыр басында хазарлар арабтарға қарсы шығатындай жағдайда болды.

Халифат ішіндегі дүрбелеңді пайдаланған хазарлар 684 жылы Кафказ жеріне әскер енгізіп, арабтарды Иранға дейін ығыстырды. Алайда, 692 жылы арабтар Әзербайжан жеріне қайта басып кіріп, Дербент қаласын алды. 150 жылға созылған хазар-араб соғысында қазіргі Әзербайжан жері басты ұрыс алаңына айналды. 710 жылы Дербент бір қолдан-бір қолға өтті, бұл жылғы соғыста хазарлар шабуылды үдетіп, арабтарды Әзербайжаннан қуып шығады.

Бірнеше ғасырға созылған арабтар мен хазарлар арасындағы соғыстар Үлкен тарихи маңызға ие болды. Еуропаға шығыстан қауіп төніп тұрған еді. Жеңілмейтін мұсылмандар Хазар мемлекетінің күшімен тоқтатылды. Кавказдан солтүстікке қарай аймақты жайлаған хазарлар болмаса, Еуропа өркениетінің шығыстағы тірегі Византия арабтардан жеңілетін еді және христиан діні мен ислам діні тарихы мүлдем өзгеше болар еді».

730 жылдың соңында қағанның баласы Барджиль басқарған хазарлардың кең көлемді шабуылы басталды. Иранның Ардебиль қаласы маңында арабтардың 25 мыңдық әскері талқандалып, қолбасшысы қаза табады. Хазарлардың жекелеген әскери бөлімдері Мосул маңына да жетеді. Дегенмен, келесі жылы Саида ал-Хараш, кейіннен Маслам бастаған араб әскерлері хазарларды барлық басып алған жерлерден қуып шығып, енді қағанаттың өз жері ұрыс алаңына айналды. Соғыс 732-733 жылдары жалғасып, Дербент маңындағы шайқаста хазар қағаны жаралануымен, стратегиялық қорғанның бақылауы толық арабтар қолына көшті.

735 жылы Кавказға араб қолбасшысы *Марван ибн Мухаммад* (болашақ халиф) келуімен Хазар қағанатына қарсы көлемі мен жойқындығы жағынан теңдессіз жорығын бастайды. 737 жылы 150 мыңдық араб әскері Дербент пен Дарьял арқылы шабуыл жасап, Варачан қаласын және қағанаттың астанасы Семендер мен қағанның ордасы ал-Байды басып алады. Хазар қағаны астанасын қалдырып, Еділдің оң жағалауына бой тасалайды. Марван әскерін өзен арқылы өткізіп, қағанның әскерін талқандайды. Қаған бітім сұрауға мәжбүр болады.

Қағанның мұсылман дінін қабылдау шартымен бітім жасалды. Әрине қағанның мұсылман дінін қабылдауы шартты түрде ғана өтті.

Кезінде хазарлар мұсылмандықты қалай қабылдағаны туралы аңызда былай дейді. Өз халқына мұсылмандықтың, христиандықтың және иудаизмнің бірін тандап алу үшін хазар қағаны өзіне үш ірі діннің өкілдерін шақырады. Қаған христиандық және иудейді тыңдап болған соң, өз құлағын исламды уағыздаушы Фараби ибн Қораға тосады және одан осы қарсаңда көрген түсін жорып беруді сұрайды. Бұл түсінде оған періштелер келіп, хазарлар қағанның істі жүргізуіне наразылығын білдіреді. Сонда Фараби ибн Қора: «Сіздің түсіңізде періште санадан әлде ашылудан көрінді ме? Әлде ол сізге алма ағашы түрінде, әлде басқа түрде келді ме?» – деп сұрайды. Қаған періште оған бірінші (сана) адамнан да, екіншісінен де (ашылу) және үшіншісінен де (алма ағаш түрінде) келген жоқ дейді. Содан кейін Фараби ибн Қора қағанға: «Әрине, періште біріншісі де, екіншісі де және үшіншісі де болған жоқ. Мәселе оның мүлдем басқа періште болғанында. Бұл Адам Рухының періштесі. Сіз өзіңіздің серіктестеріңізбен соған дейін көтерілгіңіз келеді. Бұл сіздің игі ниетіңіз және бұл жақсы. Бірақ сіз бәріне тек түсіңізде көретін Адамды теңестіргіңіз келеді, оны шын адам жасамақ боласыз, оны кітапқа жазғандай етіп жазып алғыңыз келеді. Бұл сіздің қылығыңыз және бұл дұрыс емес. Мәселе сізде қасиетті кітап Құранның жоқтығында», ал сіз осының өзінде өз кітабыңызды жасағыңыз келеді, Қасиетті кітап бізге жоғарыдан сыйланған, оны сіз біздерден алыңыз, бәрімен біздермен бөлісіңіз, бәрінде, істе де, ниеттеріңізде бізбен бірге болыңыз және өз кітабыңызды өзіңіз жасауға талпынбаңыз ...» – дейді. Бұл сөздерден кейін хазарлар қағаны Фараби ибн Қораны құшақтап, халықтың исламды қабылдағаны туралы жарлық шығаруға бұйырды.

Осылайша, 737 жылғы соғыс хазарлардың жеңілісімен аяқталды. Бірақ, бұл кезде мұсылмандардың қасиетті соғысы өзінің күшін жоғалтқан еді, ал мемлекет ішкі талас-тартыстардың әсерінен әлсіреп қалған еді. Марван жасаған бітім 738-763 жылдары бұзылмады. Сондықтан, араб жаулаушылары солтүстікте өздеріне плацдарм қалдырмай Кавказдан артқа қайтады, ал хазарлар бұл кезде бұрынғысынан да мықты күшке айналған еді. Арабияда Аббасидтер әулиетінің билік басына келуімен солтүстік жорығынан бас тартып, Византия үшін төніп тұрған қауіп сейілді. Хазарлар өз отанын қорғаумен қатар араб жаулап алушылығынан Шығыс Еуропаны құтқарды, Византияның аман қалуына да көмек көрсетті.

Хазарлардың өшпенділігін басу және сақтық мақсатын көздеген

Аббасидтер әулиетінің билеушісі халиф Мансұр (754-775ж.ж.) Аббасидтер халифатының Кавказдағы билеушісі Йазидке Хазар қағаны Багатурға қызына үйлену ұсынысын жасатқызады. Қаған келісімін беріп көп ұзамай 100 мың дирхем қыз жасауын белгілейді. Ханшайымның сапарында танымал отбасынан шыққан 10 мың хазар еріп жүрді. Олар 4 мың құлынды бие, 10 мың түйе, 10 мың қой, 1 мың жалшы және т.б. түрлі заттарды өздерімен алып келді. Қалыңдықтың жасауы сыртынан күміспен қапталып, алтынмен апталған, ал ішіне бағалы аң терісі төселген, парша матамен тартылған 10 жабық есікті күйме, алтын және күміс ыдыстар мен басқа да қажетті заттар тиелген 20 арба затты құрады. Хазар қағанының қызы барлық жасауымен Бардаға (Әзербайжан) келгеннен соң, қала қақпасының алдында шатыр тігеді. Осы жерде мұсылман дінін қабылдаған соң, Йазид екеуінің некесі қиылады. Алайда, тойдан кейін 2 жыл 4 ай өткенде ханшайым мен оның екі баласы қайтыс болады. Хазарлар бұл оқиғаны арабтардың қастықпен жасаған әрекеті деп бағалап, жиырма бес жылдық үзілістен соң қайта соғыс басталуына себеп болды. 762 жылы хазарлар Кавказ иеліктеріне жойқын шабуыл жасайды. Мұса Ибн-Кааба бастаған араб әскерін талқандайды, 50 мың адамды тұтқынға алады.

764 жылы Астархан басшылығындағы хазарлар Кавказға қайта жорық жасайды. Хазарлар Армения мен Грузияда араб әскерін талқандап, мол олжаға кенеледі. Халиф Мансұр шұғыл түрде Астарханға қарсы Жебраил ибн-Йахия мен Забр ибн-Абдаллах бастаған қосымша қол жібереді. Үлкен майданда араб әскері тас-талқан болады, Жебраилдің өзі қашып аман құтылады.

Арабтар мен хазарлардың екінші соғысы Халиф Мансұр билігінің соңында 772-773 жылдары болады, бұл жерде хазарлардың жолы болмай, жеңіліс табады. 798-799 жылдары арабтар Кавказ жерлерін қайта басып алу әрекетін жасайды, алайда жеңіліс табады. Бұл хазарлардың Халифатқа қарсы соңғы сәтті күресі еді, мұнан соң екі ел арасында бейбіт қатынас орнады. Осылайша бір жарым ғасырға созылған хазар-араб соғысы аяқталды.

Шаруашылығы. VII ғасырдағы деректер хазарларды жартылай жабайы көшпенділер ретінде сипаттайды және оларды көбіне ғұндармен қатар қояды. Хазарлардың өздеріне келер болсақ, оларды сипаттауы IV ғасырдағы ғұндардың сипаттамасына сәйкес келеді. Олар Кавказ халықтары үшін ерекше болды – ірі денелі, кірпіксіз, ұзын шаштары бар, тумасынан атқа отырудың шеберлері болған. Олардың тағамы көшпенділерге тән ет болды, сондай-ақ жылқы және түйе сүті болды.

Қағанаттың соңғы өмір сүруі кезеңінде олар көбіне ата-бабаларының салттарын сақтап қалған. Араб саяхатшысы хазарлар қыста қалада мекендеп, жазда далаға көшеді деп жазады. Хазарлардың астанасы Атильді сипаттай отырып, бұл қала маңында ауылдар жоқ, бірақ 20 шақырым жерлерде жайылым жерлері болған. Хазарлар жазда астық жинаған, оларды Атильге арбалармен тасыған. Бұл хазарлардың IX-X ғасырларда жер шаруашылығымен айналысқандығын көрсетеді. Олар балықпен қатар күрішті басты тағам ретінде пайдаланған. Хазарлар жүзім шаруашылығымен де айналысқан.

Исламдық (арабтық) жазбаларда хазарлар тамаша егіншілер және шебер балықшылар деп айтылады. Соларда хазарлар жері кең және су қоймаларына бай, әсіресе қыста судың молдығы соншалықты, балықпен жануарларға бай сансыз көлдер пайда болады. Сол көлдердегі балықтар семіз болып келіп, оларды хазарлар өз майына қуырады. Су тартылған көктем мен жазда хазарлар астық себеді. Сөйтіп, бір жерден хазарлар екі өнім: қыста – балық, жазда – бидай жинады.

Еврей-хазар құжаттарында маңызды деректер кездеседі. Иосифтің хатында көшпелі және отырықшы халық арасындағы айырмашылық нақты анықталған. Көшпенділер ретінде тек печенегтер сипатталған. Хазарияның басқа тұрғындары басқаша сипатталады. Елде балыққа бай өзендер көп болғандығы аталып өтіледі. Ал хазарияның өзі жемісті болған, онда көптеген жүзім плантациялары, жеміс ағаштары болған. Иосифтің хатында Хазарияның тұрғындарының үш түрі көрсетіледі: елдімекендер, ауылдар және қалалар. Соңғысы шамасы Саркел сияқты қамалдар қатарына жататын болуы керек.

Хазар мемлекеті өмір сүруінің басынан бастап Шығыс Еуропадан алдыңғы Азияға дейінгі аралықтағы сауда жолдарына үстемдік орнатқан еді. Бұдан транзиттік сауданың хазарлар үшін қаншалықты маңызды болғандығын көруге болады. Маңызды жолдардың бірі Каспий теңізі жағалауы арқылы өтетін Волгаға дейінгі аралық болды. Шамамен қазіргі Волгоград маңында бұл жол екіге бөлінеді: біреуі Волгамен жоғары қарай жылжыса, келесісі Переволоктан Донға қарай бағытталды. Екі жолды да VII ғасырдың басы мен X ғасырда хазарлар бақылаған. Көпестер Волга арқылы буртастардың елінен өтіп, Волга Бұлғариясына дейін жеткен, мұнда IX ғасырда сауда факториясы дамыған және осы жерде мұсылман көпестері орыстармен кездескен.

Переволок арқылы Волгаға өтетін жол араб географтарымен сипатталған. Ол Төменгі Русьтен басталып, Қырымдағы Византия иеліктері арқылы, содан кейін хазар шекарасы Самкуштан өткен. Византиялықтар да, хазарлар да өз пайдасын іздеді. Одан кейін жол Славян

өзені (Дон) арқылы өтіп, сол жерден Переволок арқылы көпестер Волгаға жетіп, хазар астанасын айналып өтіп, Каспий теңізіне жетіп, IX ғасырда караван жолы өткен Бағдатқа жеткен. Бірақ, орыс көпестері Дербенттен, Бакуден, Гиляннан шығуы мүмкін.

Қырымды басып алып, Таман жарты аралына билік еткен хазарлар Қара теңіз арқылы өткен сауданы да бақылауда ұстаған. Соңғысының орталығы Қара теңіздің оңтүстігіндегі Константинополь мен Трапезунд болды. Трапезунтта үнемі көп көпестер болған: гректер, мұсылмандар, армяндар және хазарлардың ықпал ету аймақтарынан келген саудагерлер. Қара теңіздің өзі ұзақ уақыт бойына Хазарлық деп аталып келді, кейін бұл атау Каспий теңізіне ауысқанмен, Қара теңіз Русьтік деп аталса да, бұл оның жалғыз ғана атауы болған жоқ.

Хазарияның Батыс және Орталық Еуропамен тікелей байланысы болмады десе де болады. Хазарлар тек шығыста және сауданың делдалдары ретінде шырмалып қала берді. Деректерге сүйенсек, Хазарияның саудасының басым бөлігі транзиттік болған. Араб географтары хазарлар елінде тек қана балық желімі әкелінеді және сыртқа шығарылады деп тура жазған. Мүмкін бұл нақты емес шығар, себебі Хазариядан құлдардың сатылуы туралы нақты ақпарат бар. Бұл хазарлардың өздері емес, көршілері венгрлер, печенегтер және тағы басқа славяндардың шабуылы кезінде қолға түскен тұтқындар болған.

Буртас, бұлғарлар, Русь елдерінен Хазарияға бал, жүн, суыр, түлкі терілері және тондар әкелінген. Бұлардың барлығы Шығыс елдерінде үлкен сұранысқа ие болды, сондықтан хазарлар шетелдік көпестерден көптеген салық алды. Хазарлардың көршілері үшін бұл аса тиімсіз болды, сондықтан Святославтың хазар қалаларына қарсы жорығы дәл осы экономикалық себептерге байланысты болды.

Хазарияда көбінесе Солтүстік Африканың, Орта Азияның, Иранның еркін мемлекеттік құрылымдарында жасалған араб дирхеми қолданыста болған. Ол (Еврей көпестері арасында) «шэлэг» («ақ», «күміс») деген атқа ие болды.

Саяхатшылардың жазулары бойынша Хазария оңтүстікте Парсы елімен, Хорезммен және Византия империясымен, солтүстікте Русь елімен, Ұлы Болғариямен және Перммен сауда саттық қатынастарын жасады.

Хазария арқылы өткен сауда мәселесін қарастыра отырып, бір жағдайға тоқтала кету қажет: хазарлардың көпестері туралы ешқандай ақпарат жоқ. Мүмкін бұл мемлекеттегі сауданың барлығы барлық қалаларда өмір сүрген еврей көпестерінің қолында болған болуы керек. Халықаралық транзит маңызды орын алатын бұл ел

трансэтнический топ еврейлердің қолында болғаны – бұл шындық. Дәл осы жағдай Хазар ханы мен оның айналасындағылардың иудаизм дінін мемлекеттік дін ретінде қабылдауында шешуші рөл атқарған.

Қалалары туралы сөз еткенде хазарлар қаласы туралы емес, Хазарияның қалалары туралы айтқан дұрыс. Себебі, полиэтникалық жағынан бұл мемлекеттің халқы және жалпы хазарлардың көшпенді болмысы IX ғасырға дейін Хазария қалаларын хазарлар қаласы деп атауға мүмкіндік бермейді. Хазария қалаларының пайда болуының тағы бір себебі, ол мемлекеттік-әкімшілік орталықтардың рөлінің артуымен байланысты болды. Сондықтан Хазар қағанатының құлауы жоғарыда аталып өткен қалалардың құлауына алып келді. Бұған бір-бірімен әлсіз байланысқан, аталмыш территориямен байланысы жоқ келімсектердің болуы, түрлі этникалық топтардың болуы да әсер етті.

IX ғ. басында биліктің хазарларға көшуі, иудаизмді қабылдау, азамат соғысы, қағанның қасиетті тұлғаға айналуы, биліктің екі жақтылығы. Хазарлардың билеуші тобы 740 ж. иудей сенімін қабылдап, мемлекеттік діндері иудаизм болды. Араб, византиялық, орыс және еврей деректерінде кездесетін дәл осы жағдай қазіргі зерттеушілерді таңқалдырды. Кей авторлардың Хазар жерін иудейлер елі деп жазуына да себеп болды.

Иудей дінін қабылдауы туралы аңызда Буланға періштелердің бірі түсінде еніп, ақиқат діннің соңынан еруі қажеттігін айтады. Иудей дінін қабылдаған Буланға арабтар мен христиандардан өкілдер келіп, бүкіл әлемде құл саналатын халықтың дінін қабылдап жатқандығын, өзінің де құлға айналатынын ескерте сөйлейді. Бұлан алдымен өзіне мұсылман өкілін шақырып алып: «Мен ислам дінін қабылдауға дайынман, бірақ маған дін тұрғысынан Жаратушыға кімнің сенімі жақын екенін айтшы – христиан сенімі ме, әлде иудей сенімі ме? – деп сұрайды. Мұсылман өкілі оған иудейлер сенімі исламға және Жаратушыға жақын, ал христиандар сенімі қате, Иса құтқарушы да, құдайдың ұлы да емес, ол пайғамбарлардың бірі, деп жауап береді. Мұнан соң, Булан христиан өкілін шақырып оған да сол сұрақты қояды. «Мен христиан дінін қабылдауға дайынмын, бірақ қай сенім ақиқат, Мұхаммед сенімі ме, әлде иудейлер сенімі ме?». Христиан өкілі – ия біз пайғамбарлар сеніміне бас иеміз, ал Мұхаммед қателеседі – дейді.

Екі жақты да тындаған Булан екеуінің де иудейлер сенімін ақиқатқа жақын деп мойындағанын көреді де, сол дінде қалады дейді. Бұл аңыздың шынайылығының өзі күмән тудырады, еврейлердің өз ойынан туған әрекеті болуы да әбден мүмкін.

Хазарлардың Византиямен, Киев Русімен қарым-қатынастары. Византия империясы ұзақ уақыт бойына Хазариямен достық қатынаста болды, ол ең алғашында Сасанидтік Иранмен соғыста, кейін арабтармен соғыста олардан тірек іздеді. Сондықтан, византиялық деректерде хазарлар туралы жазбалар өте көп. Нәтижесінде хазарлар қалыптасқан этникалық ортаның құрылуына алып келген халықтардың Ұлы қоныс аударуы туралы салыстырмалы түрде көп жазған Аммиан Марцелин (шамамен 330-400 жж.) болды. V ғ. хазарлар тақырыбы бойынша маңызды деректер Зосим мен Приск Панийскийде кездеседі.

562 ж. Византия мен хазарлар арасында жасалған бейбіт келісім Иранның қолын байлап, ал империяға хазарлардың шабуылынан қорғану үшін Дербент қамалдарын салуға жағдай туғызды. Византия хазарларға жыл сайын 30 мың алтын теңге төлеп тұруға тиіс болды. 550-556 жж. Лазикиядағы соғыста бірде Иранның, бірде Византияның одақтасы болып савирлер атап өтіледі, ал хазарлар бұл кезеңдегі византиялық деректерде кездеспейді. Тек, Моисей Каланкатуйский ғана 552 ж. Албанияға басып кірушілерді хазарлар деп атап өтеді.

Хазарлар өз кезегінде, Византиямен достық қатынастарды жоғары бағалады және Иранға қарсы өз күшін жұмылдыруды сұрады. Олардың елшілері Константинопольге жиі келіп тұрған және ұзақ уақыт бойына астанада тұрған. 570 ж. Юстин императорды парсыларға қарсы шабуыл жасауға итермелеген хазарлар еді. Византия тек уәде берумен шектелсе керек, хазарлар Иранмен бейбіт келісімге келуге өздері асықты. Хазарлардың наразылығын туғызған ол Византияның аварлармен, яғни ең күшті жауларымен достық қатынаста болуы еді. Ал ол кезде Византия Паннонияны аварлар иелігі ретінде мойындауға мәжбүр болғанымен қоса, жыл сайын алым төлеп тұруға келісті. 576 ж. Византия тағы да Иранмен соғыс жағдайында болып, хазарлардың көмегіне мұқтаж болды.

Бірақ, VII ғасырда Византия мен Хазар мемлекеті арасындағы қатынастар нашарлап кетті, себебі Хазар мемлекеті Византия үшін қауіпті күшке айналды. Хазарлар Қара теңіз жерлерін оккупациялап, Византияның иеліктеріне қол сұға бастады.

Хазарлардың Византия империясының Қырымдағы иеліктерімен көршілес орналасуы, хазарлардың Империяның саясатына араласуына алып келді. Арабтардың солтүстікке жасалған жорығы кезінде хазарлар мен Византия одақтастық қарым-қатынаста болды. Византияның арабтардан Кіші Азияны қорғау кезінде хазар-араб соғыстарының нәтижелерінің ықпалы болды. 705 жылы тақтан алынып тасталған,

Херсонда айдауда болған II Юстиниан хазарлар қағаны Ибузир Гляваннан көмек сұраған еді. Қаған оған өз қызын әйелдікке беріп, көмек беретінін айтты. Алайда, тақта отырған императордың ықпалымен ол өз шешімін өзгертіп, Юстинианды өлтіруге бұйрық береді. Соңғысы бұл жағдайды біліп қойып, Дунайдағы бұлғарларға қашып кетеді және олардың көмегімен таққа қайта отырады. Юстинианның қаһарынан қорыққан Херсон тұрғындары хазарлардың қол астына өтеді және қалада хазарлардың наместнигі Тудун құрылады. Юстиниан қаланы құлатуға талпыныс жасады, бірақ хазарлар оны тоқтатты. Нәижесінде оның билігі тағы да төңкеріледі (711), ал император тағына хазарлардың көмегімен Вардан Филлипик отырады. 717-718 жылы арабтар Константинопольді қоршаған кезде хазарлардың кавказдық Албания мен Әзербайжанға жасаған жорығы араб әскерінің күшін екіге бөліп, әлсіреткен болатын. Екі держава арасындағы одақтық қатынастар 732 ж. хазарлар арабтарды ойсырата жеңгеннен кейін, болашақ Византия императоры Константин V (741-775 жж.) мен Вирхор қағанның қызы Чичак ханшайымды бергеннен кейін нығая түседі. Уақыт өте келе Лев Хазар деген атпен белгілі олардың ұлы Лев IV (775-780 жж.) император болады.

VIII ғасырдың ортасында Византия империясының саяси жағдайы әлсіреді, хазарлар өздерінің Қырымдағы иеліктерін кеңейтуді көздеді. Қырымның оңтүстігін жаулап алмақшы болған хазарлар бұл жерде жергілікті халықтың қарсылығына ұшырайды. Археологиялық қазбалар көрсеткендей Қырымда өрттің, сол кезеңдегі құлаған қалалардың іздері қалған.

Қырым тауларында жаңа тұрғындар пайда болды. 787 жылы оңтүстік Қырым халқы епископ Готский епархии Иоанның бастауымен көтеріліс бастайды. Хазарлар жазалау отрядтарын жіберіп, көтерілісті басып тастайды. Ал оның ұйымдастырушысы епископ Иоанны түрмеге отырғызады. Хазарлардың Таманды және Керчен бұғасы маңын бақылауы қағанаттың құлауына дейін жалғасты. Нәтижесінде готтар толығымен 830 жылы Византия империясының қоластына өтті. Ал, Хазарияда азамат соғысы болып жатты да, бұған араласатын шамалары болмады. 832 ж. Херсонес Византия империясына қосылды. 840 ж. Византия императоры Феофил стратиг басшылығымен ерекше әскери-әкімшілік округ Херсонес фемасын құрды. Фема құрамына Алупка жері Бельбек өзеніне дейін және Альма өзенінің төменгі ағысына дейінгі аралық кірді. Феманың стратигі Петрон жалдамалы әскер мен шекара күзетін құрды. Қырымдағы Византия өкілдіктері Қырымдағы және Солтүстік Қара теңіз жағалауындағы жағдайды мұқият бақылап отырды.

X ғ. ортасында мұсылмандар тарапынан қауіп сейілді. Енді византиялықтар шабуылға көшті. 944 ж. Низиб және Эдессаны жаулап алды. 961 ж. Критті, 965 ж. Сицилияны басып алды.

Бұл кезеңде хазарларға жаңа қауіп төндірген Киевтік Русь бұрынғысынан да күшейген еді. Хазар қағанаты ешкімнен көмек ала алмады.

965 ж. славяндар Хазар қағанатына қатты соққы берді. Хазаран, Атиль, Самандар қалаларын тонаушылыққа ұшыратып, Рум мен Андалуска жетеді.

Киевтік Русь Хазар қағанатының ең күшті жауына айналды. Оның шабуылдары нәтижесінде хазарлар толығымен қиратылды. Халық ретінде тарихи аренадан жоғалды. Хазарлардың жоғалуының себебі, ол Хазар қағанатының өмір сүруі кезеңінде үнемі басқа тайпалармен ассимиляцияланып отырды. Хазар қағанатының халқының басым бөлігін оғыздар, ғұндар, аландар және т.б. көшпелі тайпалар құрады.

Қалай дегенмен де, Хазар қағанаты Святославтың жорықтарынан құлады. Хазарияның құлауы Киевтік Русьтің бір мемлекетке бірігуін білдірді және шығыс славян тайпаларын өзіне қосып алды. Жорық кезінде қағанатқа бағынышты болған бұлғар, бұртас, яс, касог тайпалары қиратылды. Хазарияның билігі тек орталықта ғана емес, сонымен қатар оның шет жақтарында да құлады. Хазарияның құлауы Киевтік Русьтің Каспий теңізіне, Хорезм және Кавказдың арғы бетіне еркін қозғалуына мүмкіндік туғызды. Русь өзіне шығысқа жол ашты. Хазар сияқты кедергі мемлекет жойылғаннан кейін Русь пен Шығыс арасындағы сауда қатынастары дами түсті.

Халықаралық саудадағы Хазарияның рөлі. Этнос пен мемлекеттің бірте-бірте жойылуы. Хазар қағанатының тарихи рөлі. VII-X ғасыр аралығындағы өзінің дамуының шарықтау шегіне жеткен хазарлар ортағасырлық Еуропа тағдырында маңызды орын алды. Византия императоры Константин Багрянородный (913-959 жж.) өзінің «Византия сарайының Дәстүрлері кітабында» хазарлар туралы жазғанына қарағанда ол хазарларды тікелей білген тәрізді. Сондай-ақ, Дж. Бьюри «Біз қарастырып отырған кезеңде, хазар ханы Византияның сыртқы саясатында Ұлы Карлдан кем емес рөл атқарды» деп жазды.

Түркі халықтары болып есептелетін, хазарлар мемлекеті Қара теңіз бен Каспий теңізі аралығында стратегиялық маңызды орын алды. Бұл жерде ірі державалардың мүдделері қақтығысып жататын еді. Хазарлар елі Византияны солтүстіктегі күшті далалық варвар тайпалары – бұлғарлар, венгрлер, печенегтер және т.б. тайпа-

лардан қорғау үшін буферлік зона рөлін атқарған. Алайда, Византия дипломатиясы және еуропалық тарих көзқарасы бойынша хазар армиясының араб шапқыншылығының ең күшті кезеңінде оларға қарсы тұруы маңыздырақ болып табылады.

Тарихшы М.И. Артамоновтың айтуынша, Хазария Византия және Араб халифатымен қатар Шығыс Еуропадағы ең алғашқы феодалдық мемлекет болды. Тек, арабтарды Кавказдан әрі шегіндірген хазарлардың күшті соққысының арқасында ғана Византия құтқарылды...». Ал, А. Кестлер Артамоновқа сүйене отырып былай дейді: «Хазарлар үлкен мемлекет құрды. Ұзақ уақыт бойына олар арабтармен соғысты, олардың солтүстікке қозғалысын тоқтатты. Олардың көмегімен Византия Араб халифатымен соғыста қарсы тұра алды. Осының өзі хазарларға әлемдік тарихта маңызды орын беруге жеткілікті. Хазарлар Шығыс Еуропадағы құл иеленушілік кезеңінен өтпеген ең алғашқы феодалдық мемлекет болғанын да ұмытпау керек.

Билеуші тобын иудаизм дінін ұстанған топ құраған Хазарияның құлауы Шығыс Еуропаның славян халықтарының рухани өміріне үлкен соққы болды. Сондықтан, иудейлердің кемшілігі олардың өзіндік мемлекетінің болмауы деп князь Владимир бекер айтпаған. Орыс жылнамалары хазарлар туралы XI-XII ғасырларда Тмутараканиде жазады. Шығыс және батыс деректері хазарларды иудей десе, ол орыс деректері олай хабарламайды. Олардың ойынша хазарлардың тек билеуші тобы ғана иудейлер болған. Хазарияның құлауы Рустің шығысындағы көшпенділердің қалдықтарының құлауы дегенді білдірмейді. Егер еске алсақ, IX ғ. гугрлардың ірі ордасы оңтүстік орыс даласын мекен етті. 915 ж. көшпенді тайпа печенегтер Руське келді.

Хазарларды зерттеуші ірі тарихшы Артамонов М.И. олардың тарихын былай аяқтайды: «Хазар қағанаты оның өмір сүруінің негізі болған, яғни көршілерінен әскери басымдық және Азия мен Еуропа арасындағы сауда жолдары әкелетін экономикалық пайда жоғалғаннан кейін көлеңке секілді жоғалып кетті. Себебі оның өмір сүруіне басқа негіз болмады. Ол өзінен күштірек Орыс мемлекетінің әсерінен кейін қыпшақтар даласына сіңіп кеткен бірнеше бөліктерге бөлініп кетті».

Хазарлар тарихы – күрес және ерлік тарихы. Еуропа елдері үшін қалқан рөлін атқарды десек те, хазарлар ең алдымен өз отанын қорғады. Ортағасырлық діннің мемлекет басқарудағы құрал рөлін атқаруы хазарлар мемлекетінің әлсізденуіне алып келді. Қаған мен халықтың, иудейлік дін мен халық сенімінің бір-бірінен алшақ тұруы мемлекеттің дінгегін әлсіретті.

Қимақ қағандығы – IX ғ. соңы – XI ғ. басында Шығыс және

Орталық Қазақстан жерінде өмір сүрген мемлекет. *Қимақтар* VII ғ-да Алтайдың солтүстігіне, Ертіс жағалауына орналасып, *Батыс түрік қағанатының* құрамына кірген. VIII ғ-да қимақ тайпалары Ертістің орта ағысын мекендеді. IX ғ-дың алғашқы жартысынан Жетісудың солтүстік-батысындағы Алакөл аймағына қоныстана бастады. Олардың батыс шекарасы Оңт. Оралдың шығыс бөлігі мен Арал жағалауларына дейін жетті. X ғ-дың ортасында қимақтар шығыстан батысқа қарай ойысты. Олар Оңтүстік Орал тауының оңтүстік және оңтүстік батыс бөктерінде, Каспий жағалауында көшіп-қонып жүрді. X ғ. соңында қимақтардың бір тобы Сырдария жағалауына қарай жылжып, Түркістанның мұсылман облыстарымен араласты. XI ғ. Орталық Азия тайпаларының батысқа қарай ойысуы нәтижесінде қимақтардың орналасу аймағы өзгерді. *Махмұт Қашқаридың* имақтар (қимақтар) туралы деректері (XI ғ.) осы уақытқа саяды. “*Диуани лұғат ат-түрктө*” берілген картада имақтар өздері біртұтас топ болып тұрған Ертістің жағалауындағы жерлерде ғана көрсетілген. 656 ж. Батыс Түрік қағандығы тарағаннан кейін қимақтар өз алдына бөлініп шықты. 840 ж. Ұйғыр қағандығы ыдырағаннан кейін оның құрамындағы эймур, баяндұр, татар тайпалары қимақтарға қосылды. Қимақ тайпалары федерациясының қалыптасуы осы кезге сай келеді. Гардизидің баяндауынша, қимақтардың тайпалық одағы алғашында жеті тайпадан: эймур, имақ, татар, баяндұр, қыпшақ, ланиказ, ажлад тайпаларынан құрылған. Олардың билеушісі жабғу деп аталды. Шамамен, IX ғ-дың ортасы мен соңында қимақтар оғыз көсемдеріне қаңғар-печенег тайпалары мекендеген Сырдария алабы мен Арал жағалауларын жаулап алуға көмек көрсетті. Сонымен бірге қимақтар тоғыз оғыз және Енисейдегі Қырғыз мемлекеттеріне әскери жорыққа шығып, V-IX ғ.ғ. екінші жартысында Орталық Ертістен Жоңғар қақпасына дейінгі аймаққа бекініп алды. Сөйтіп, Қимақ қағандығының құрылуына қадам жасалды. Қимақ қағандығы туралы алғашқы деректер IX ғ-дың соңы мен X ғ бас кезіндегі араб тілдеріндегі тарихи географиялық шығармаларда кездеседі. “Түркістан мен түріктер, – деп жазады *әл-Иақұби* (IX ғ.) – бірнеше халықтар мен мемлекетке бөлінеді, соның ішінде *қарлұқтар*, тоғыз оғыздар, қимақтар және оғыздар бар. Түркілердің әр тайпасы жеке мемлекет және бірімен бірі соғысып тұрады”. Қимақ қағандығы құрылған күннен бастап олардың патшалары ең жоғарғы түркі атағымен хакан (немесе қаған) деп аталды. Ол жабғу атағынан екі дәреже жоғары. Қимақ қағандығы үлестік-тайпалық құрылымда болды. Елді қаған мен оның аймақтардағы он бір мұрагері (әмір) биледі. Ел билеушілері бір жағынан әскери көсемдер

болды да, хаканнан тиісінше үлес алды. Әрбір иеліктер хаканға әскер беріп тұрды. Бұл мемлекетте салық жиналған, көне түркі жазуы болған. Қимақтар, негізінен, мал шаруашылығымен айналысты. Олар мұнымен қатар егін шаруашылығымен де шұғылданды, балық, аң аулады, тайгалық аймақтарда қымбат аң терілерін дайындады. Қимақтар арасында қолөнер де дамыды, мата тоқып, киім тікті, металл бұйымдар шығарды. Өз аумағында темір, күміс, алтын өндіріп, металл құйды. IX-XI ғ.ғ. араб-парсы авторлары отырықшы қимақтардың тұрақты мекендері болғанын жазады. Әл-Идрисидің XII ғ. дерегіне қарағанда, олардың өзендер мен көлдер жағасына, қиын таулы аудандарда, пайдалы қазба байлықтары орналасқан жерлерде 16 қаласы болғаны келтіріледі. Олардың көпшілігі сауда жолдарына жақын орналасқан. Әл-Идриси қимақтар хаканының Ертіс өзенінің жағасындағы астанасы – Қимақия (Имақия) қаласы мықты қорғанмен қоршалғанын жазады. IX-XI ғ.ғ. қимақтар арасында ежелгі түркі діни нанымның қалдықтары өріс алды, онда тәңірі мен әруаққа сенушілік басым болды. Сонымен қатар, олардың арасында түркі халықтарына кең тараған бақсылық та етек алды. Қимақ тайпалары мекендеген аймақтарда тас мүсіндер қою салты кең тараған, олар сол мүсіндерге табынған. Қимақтар әлеуметтік және мәдени жағынан VI-VIII ғасырларда ежелгі түркілер ортасында қалыптасқан дәстүрлерді ұстап, одан әрі дамытты. XI ғасырдың басында қимақтардың орнына жаңадан нығайған қыпшақ тайпалары келді.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Хазар» этнониміне анықтама беріңіз және этникалық құрамын атаңыз.
2. Хазар қағандығының құрылуының алғышарттарын атаңыз.
3. Халықаралық саудадағы Хазарияның рөліне баға беріңіз.
4. Хазарлар мемлекетінің құлау себептеріне сараптама жасаңыздар.
5. Қимақтар мемлекетінің ерекшеліктерін атаңыздар.

4. Қыпшақ тайпаларының конфедерациясы

Қыпшақтардың шығу тегі мен орналасу аймағы. Қыпшақ тайпаларының тарихы қимақ тайпалары тарихымен тығыз байланысты. Сыртқы жауларының соққысынан құлаған Қимақ қанағатының жері XI ғасырда жаңа құрылған Қыпшақ хандығының қолына толығымен көшеді. Ол жерлер шығыста Алтай мен Ертістен басталып, батысында Еділ мен Оңтүстік Оралға дейінгі, солтүстігінде Құланды даласынан,

оңтүстігінде Балқаш көлі мен Жоңғар Алатауына дейінгі кең байтақ аймақты алып жатты.

Қыпшақ хандығы күшейе бастаған кезінде оңтүстік жағындағы шекарасын кеңейтіп, Сырдарияның орта және төменгі бөлігін, Арал мен Каспий өңірі далаларын өздеріне қаратқан. Қыпшақ шонжарлары Сыр бойындағы қалалардың билеушілеріне айналған.

Қыпшақтар Есіл мен Тобыл, Нұра, Елек пен Сарысу өңірінде көшіп-қонып жүрген. Олар Маңғыстау мен Үстіртте қыстап, жаз айларында Жем, Сағыз, Ойыл, Қобда, Жайық өзендерінің аңғарларын жайлаған. Араб деректеріне қарағанда, қыпшақтардың тарихи қалыптасқан көшу бағыттары болған.

Қыпшақ атауы ежелгі түркінің Шина Усу ескерткішінде алғаш кездеседі. Махмұт Қашқари еңбегі бойынша, IX ғасырдағы Қыпшақтардың құрамына имақ, субар, қаңлы, қарабөрікті, тоқсаба, жете, бөрлі, т.б. рулар мен тайпалар енген. Қыпшақ Түрік қағандығы ыдырағаннан кейін алғашында Қимақ қағандығының құрамында болып, XI ғасырда бөлініп шықты. Қыпшақ хандығы тез арада күшейіп, Қыпшақ Орта Азия мен Шығыс Еуропаға тарала бастады. Шыңғыс хан империясының батыс бөлігіндегі Жошы ұлысын (Алтын Орда) тарихшылар Дешті Қыпшақ деп атады. XIII-XIV ғасырларда Қыпшақ сөзі жалпы “түркі” ұғымын алмастырып, Алтын Ордадағы саудагерлер үшін қыпшақ сөздігі – “Кодекс Куманикус” шығарылды.

Сонымен, Алтайдан Еділге дейінгі аралықтың “Қыпшақтар даласы” (Дешті Қыпшақ) деп аталуының өзі бұл кең-байтақ аймақтың қыпшақтардың атамекені екендігін толығымен растайды.

«Қыпшақ» этносы мен этнонимнің шығуы. Қыпшақтар жайлы тарихи деректерде: «Олардың тарихы IX-XI ғ.ғ. Ертіс пен солтүстік-шығыс Жетісуда өмір сүрген Қимақ мемлекеті құлаған соң, XI ғ. Батысқа үдере көше бастаған кезеңінен басталады. Қыпшақтар қимақ мемлекеті халқының құрамына кіретін. Қимақтардың тарихи маңызы сол, олардың арасынан алғашында қимақ тайпаларының бірі болған саны көп халық шықты (Батыс Еуропалықтар – куман, орыстар – половцы деп атаған қыпшақтар)» – делінген.

Қыпшақтардың этникалық құрамы VII-VIII ғасырларда құрыла бастаған. Жалпы қыпшақтардың этникалық құрамы екі бөліктен тұрған. Бірінші – қыпшақтардың батыс бірлестігі, бұлардың тайпалық құрамы он бір тайпадан тұрады: елбөрілі, тоқсаба, йетиоба, дурут, тағы басқалар. Екінші – қыпшақтардың шығыс бірлестігі, бұлардың тайпалық құрамы он алты тайпадан тұрған. Олардың сегізі негізгі тайпалар, ал қалған сегізі ұсақ тайпалық бөлімшелер.

Тайпалардың ішінде ең беделдісі бөрілер болған. Бұл елбөрілілер болып та айтылады. Қыпшақ хандары осы тайпадан шығып отырған. Тайпаның бөрілілер аталуы қасқырға табынуды көрсетеді. Ал мұндай салт ертедегі түрік тайпаларынан бері қарай белгілі. Тоқсоба да “тоғыз тайпалы” деген ұғымды білдіретін беделді тайпалардың қатарына жатқан. “Дурут” төрт тайпа, “йетиоба” жеті тайпа дегенді білдіріп, олардың біріккен тайпалар екендігін аңғартады.

Жалпы Қыпшақ бірлестігіне түріктілдес қимақ, оғыз, құман, ежелгі башқұрт тайпалары да енген. XII ғасырдан бастап қыпшақтар Арал маңына билік жүргізген кезде олардың құрамында қаңлылар, қарлұқтар мен жікілдер де болған.

Сонымен қыпшақтардың этникалық құрамына кірген тайпалардан қыпшақ халқы қалыптаса бастады. Бұл тайпалардың тілі, наным-сенім, қоғамдық құрылыстары, шаруашылықты жүргізу жағы бір-біріне ұқсас болды. Әрине, тіл жағынан кейбір жергілікті диалектілер сақталған. Бірақ ол бірыңғай қыпшақ халқы болып қалыптасуға кедергі болмаған. Оны Плато Карпинидің “қаңлылар қыпшақша сөйлейді екен” дегені толық дәлелдейді. Тайпалар бірлестігінің ішінде мұндай жақындасу жағдайлары тығыз жүріп жатты. Сондықтан да Дешті Қыпшақта (Қыпшақтар даласында) қыпшақ халқының қалыптасуы заңды құбылыс еді. Бірақ моңғол шапқыншылығы бұған үлкен нұқсан келтірді. Сөйтіп, Қазақстанда бірыңғай халық болып қалыптасу құбылысы XV ғасырға дейін кешеуілдеді.

Қыпшақтар – половецтердің көне түркілермен тарихи байланыстығы күмәнсіз. Мұны тарихи деректер ғана емес, сондай-ақ мәдениет айғақтары да дәлелдейді. Мысалы, қыпшақтарда оба үстіне тас мүсін орнату салты болды. Қыпшақтардың тас мүсіндері ертедегі түркілер мүсіндерінен тыңғылықты өңдеумен және бет келбет пен киімді майда-шүйдесіне дейін көрсетумен ерекшеленеді. Ал түркі және қыпшақ мүсіндерінің культтік мәні (қайтыс болған ру мүшелерінің бейнесі) бір болғандығын ескерсек, онда қыпшақтар Түркі қағанатының мәдени мұрасын дамытып отырды деуге болады.

Қыпшақтар – (көне орыс деректерінде половецтер, ал еуропалық деректерде құмандар) тек көшпелі мал шаруашылығы мен кәсібімен айналысқан түркі тілді халық. Қыпшақтардың ата-бабалары сирлар IV-VI ғасырларда Алтай мен Шығыс Тянь-Шань арасында көшіп жүрген және қытай деректерінде сеяньто халықтары деп аталады. Олар 630 ж. құрған мемлекет қытайлар мен ұйғырлар тарапынан жойылды. Олар аңыз бойынша қыпшақтар деген атауға ие болған, яғни «бақытсыздар» деген мағынаны білдірген.

Сондай-ақ мәдени туыстастықты қыпшақтардың «бөрі дәстүрлерінен» көруге болады. Көне түркілер үшін «бөрі» атауы үлкен маңызға ие еді. Түркілердің шығу тегі туралы екі аңыздың біріншісі бөрі-ана туралы. Қытай авторлары, бірінші кезекте түркілердің дүниетанымына сүйене отырып, «түркі ханы» мен «бөрі» түсініктерін синоним деп есептеді. Көне түркілердің бірінші көсемі – Ашинаның есімі «текті бөрі» деп аударылады. Түркілердің туларында бөрі басының алтындалған бейнесі салынатын.

Қыпшақтардың «бөрі дәстүрлері» «Игорь полкі туралы сөзде» айтылады, бұл туралы византиялық жазушылар да жазатын, орыс «Тугарин Киевте» деген мысалында Киевке шауып келе жатқан Тугаринге екі көк бөрі еріп жүреді. Тугариннің прототипі Қыпшақ ханы Тугоркан болғаны белгілі. Қыпшақ ханы Боняк 1097 ж. венгерлермен шайқас алдында «бөрілермен сөйлеседі»: «түн жарымда тұрып алып, Боняк қолынан ұзап бөріше ұлиды, оған бөрі жауап береді де, екеуі қосылып ұли бастады».

Сонымен, қыпшақ-половец халқы сонау түркі қағанаты уақытында қалыптаса бастады. Сырдария мен Қара Ертіс аралығындағы далалық кеңістікті мекендей отырып, қыпшақтардың ата-бабалары конгарлармен (қаңлылармен) араласты. Осы араласу нәтижесінде қыпшақ атымен мәлім болған халық қалыптасты. IX ғ. Қыпшақтар Қимақ мемлекетінің құрамына кірді. Оның құлдырауымен жойылуынан кейін қыпшақтар тарихи аренаға жеке шығады.

Қыпшақтарды Солтүстік Қара теңіздің жағалауына алып келген көшпелі түркі тілдес халықтардың миграциясы XI ғ. 30-жылдарында басталды. Оның басталуы Қимақ мемлекетінің жойылуына тікелей әсер етті. Қимақ державасының құлауы тайпа аралық қақтығыстармен және әлеуметтік қайшылықтармен байланысты еді.

Қыпшақтар қимақ қағанатының құрамында. Қыпшақ тайпалар конфедрациясының құрылуы. Қыпшақтарды Орхон жазбаларында “сір” (мүмкін “сары”), IX ғ-да қимақтар ығыстырған кезде шары (сары) деп атаған.

Миграцияның басын Ертіс далаларынан батысқа жылжи бастаған қай тайпалары салды. Моңғол тілінің тұрғысынан келсек, қай халқының атауы «жылан» дегенді білдіреді. Қайлар бастапқыда Орталық Азияда, қидандар державасымен көршілес мекендеді де, қытай деректерінде «хи» деген атпен белгілі болды. Орта қытай диалектінде ол «хай» немесе «кай» деп айтылатын. VIII-IX ғғ. межесіне қайлардың басым көпшілігі батысқа көшіп, мұнда Ертіс алқабын және онымен шекаралас далалық территорияларды қоныстанды. Осы кезден бастап

кайлар қимақ деген атаумен белгілі болды; олар қимақ мемлекетінің құрамында XI ғ. 30-шы жылдарына дейін қала берді. Ал қыпшақтардың да Қимақ мемлекетінен шыққанын ескерсек, онда кайлар мен қыпшақтар туыстас халық болып шығады. 1150 жылғы сириялық карта кам мен кун халықтарын көрші орналастырады. Осы көрші отырған халықтардың арасындағы қақтығыстар түркі халықтарының Орталық Азиядан Шығыс Еуропаға үдере көшуіне себеп болды.

Салжұқтар сарайының дәрігері Марвазидің (шамамен 1120 ж.) шығармасында Қара теңіз жағалауында аяқталған түркі халықтарының жылжулары тыңғылықты суреттелген. Марвази өздерінің атамен кен жайылымдарын «жайылым жетіспегендіктен» тастап кеткен кун халқы туралы айтады, бірақ кундардың батысқа жылжуының себебі сыртқы фактор болатын: «Оларды кай деп аталатын халық қуғындады. Олардың саны көп және бұлардан күшті еді. Олар кундарды аталмыш жайылымдардан қуып шықты. Сонда кундар сарылар жеріне көшті, ал ғұздар Армян теңізі (Қара теңіз) жағалауындағы печенегтер еліне кетіп қалды».

Марвази келтірген мәліметтермен тағы бір дерек – Матвей Эдесскийдің хроникасындағы хабар сәйкес келеді: «1050 жылы «кай» деген бір халық «жиреншаштыларды» талқандады, ал олар болса уздар мен печенегтерді жеңді де, одан кейін бірлесіп ромейлер еліне қарсы аттанды».

Қыпшақтар Қазақстан территориясында. Олардың шығыс және батыс болып бөлінуі. Қыпшақ мемлекеттілігі. Қыпшақтар әулеттік құрылым мен феодалдық қоғам құрудың кезеңінде болған. Олар біртұтас мемлекет құрған жоқ, тек хандар басқарған жеке тайпалық одақтарға біріккен. XII ғасырда половецтер жерінде көпұлтты халқы бар қалалар пайда болады (қыпшақтар, аландар, бұлғарлар, русьтер). Шығыс және Волганың арғы жағындағы қыпшақтар Орталық Азиямен, әсіресе қыпшақ өкілдері билеуші таптың басым бөлігін құраған Хорезммен тығыз байланыста болды. Батыс половецтер Русьпен, Византиямен, Венгриямен, Бұлғариямен тығыз байланыста болды.

Қыпшақтар сол кезең үшін құдіретті әскери күшке ие болған. Олардың негізін жеңіл және ауыр атты әскер құрады, олар садақ, жебе, найза, дулыға және жеңіл салтпен қаруланған болған. Половец әскері тұзақ құру тактикасын кеңінен пайдаланған, күтпеген жерден шабуыл жасап, қарсыластың тылына ішкері еніп, оларды қоршауға алған. Қорғанған кезде өз тұрақтарын арбалармен қоршаған.

Қыпшақтар көршілерімен үздіксіз соғыс жүргізіп отырған. Олар-

дың шабуылдарының басты мақсаты пайда табу және халықтарды тонау болған. 1054-1055 жылдары қыпшақтар алғаш рет Переяслав княжествосының шекарасында болды, кейін шашырап кеткен Руске (1068, 1092, 1093, 1096), Венгрияға (1070, 1091, 1094) және Византияға (1087, 1095) шабуыл жасады. Бірнеше рет жеке русь княздықтарымен одақтасып, бірлесе отырып олардың жауларының иеліктеріне шабуыл жасады.

М.В. Бибииковтың пікірінше XII ғ. Ортасында Днестр, Прут және Сиреттің төменгі ағысы, сірә, қыпшақтардың бақылауында болды.

Қыпшақтардың оңтүстікке экспансиясы. Қыпшақтар және Хорезм. XI ғасырдан бастап Қазақстанның Жетісудан басқа жерлерінің барлығына қыпшақтар ие болды. Хандықтың әлеуметтік-экономикалық жағының нығаюы жерін кеңейтуді талап етті. Әсіресе қыпшақтарға Қазақстанның оңтүстігіндегі қалаларға, Орта Азияның базарына, Орыс елінің оңтүстік далалы аудандарына шығу қажет болды. Алайда бұл жерлерге шығу оңай емес еді. Өйткені арада оғыздар мемлекетінің билігі жүріп тұрған. X ғасырдың аяғы – XI ғасырдың басында Оғыз хандығының жағдайы нашарлай бастайды. Бұл жағдайды Қыпшақ хандығы дер кезінде пайдаланып, оғыздарға солтүстік және солтүстік-шығысынан басып кіреді. Сөйтіп қыпшақтар өздерінің шекарасын Сырдарияның орталық ағысынан Арал теңізіне дейін кеңейтеді.

Сонымен қыпшақтар оғыздарды жеңгеннен кейін Еділ өзеніне дейінгі жерлерді иеленеді. Оңтүстік орыс далаларын, Кавказ, Қырым жерлерін алып, шекараларын Донға дейін ұлғайтады. Ресей жерлеріне барып орналасқан қыпшақтар орыс деректерінде “половшылар” (“далалықтар”) деп, ал Дунай бойына жетіп жайғасқан қыпшақтарды венгрлер “кундар” немесе “командар” деп атаған.

Қыпшақтар Хорезм елімен де қатынасты жақсартуға әрекет жасайды. Алайда Хорезм шахы қыпшақтардың күшеюінен және олардың өз шекараларына жақындауынан қауіптен бастаған болатын. Сондықтан да шах әртүрлі саяси кулық әрекеттер жасауға тырысады. Ондай әрекеттерге кезінде Хорезм шахының мұрагері Атсыз да барған болатын. Бұлардың арасындағы саяси жағдай өте құбылмалы болды. Хорезм шахы кез келген мүмкіндікті өз пайдасына шешуге тырысып отырды. Кейбір жазба деректерге қарағанда, Атсыз қыпшақтардың қол астындағы оғыздардың жеріне бірнеше рет шабуыл да жасаған.

1133 жылы қыпшақтар жеңіліп те қалған. Бірақ ешбір нәтижелі жеңіске жете алмаған. Дегенмен осы жеңілістен кейін қыпшақтар екіге бөлініп, әлсірей бастаған. Ашық майданда жеңіске жете ал-

майтындықтарын білген хорезмдіктер енді қыпшақтардың ішкі қайшылықтарын пайдалануды көздеді. Мәселен, қыпшақтардың ақсүйек-шонжарларын өз жақтарына қызметке тартып, сый-сияпат жасап, олардың арасынан әскери топтар құрып, өздеріне қарсы қоюға тырысқан. Қыпшақтардың арасына ислам дінін таратумен де айналысады. Сөйтіп, олардың ішіне іріткі салып, қыпшақтарды өздеріне тәуелді етуге әрекет жасайды.

Хорезм билеушілері Текеш пен Мұхаммед бұрын іске аспаған істерді іске асыруға әрекет етеді. Олар қыпшақ ханы Қадыр-Буке хан мен оның жиені Алып-Деректің арасындағы билік үшін таласты пайдаланып, Сығанақ қаласын басып алуды ойластырады. Текеш өз ойын іске асыру үшін 1195 жылы Сығанақты басқарып отырған Қадыр-Буке ханға қарсы жорыққа аттанады. Бұл жорықта Текеш Отырарды билеп отырған Алып-Деректің әскерін өз жағына шығарып, қаланы жаулап алады.

Ал XIII ғасырдың басында Сыр бойындағы қалалар үшін Хорезм шахы Мұхаммед пен Қыпшақ хандығының арасында бірнеше шайқастар болып өтеді. Бұл шайқастарда қыпшақтар өз ішіндегі алауыздықтың кесірінен жеңіліп, солтүстікке қарай шегінеді. Бірақ олардың арасындағы жауласушылық мұнымен бітпейді. Отырар, Сығанақ, Арал теңізінің аумағы бұл екі ел үшін ұзақ жылдар бойына қақтығыс көзіне айналады. Билік үшін бәсеке тек моңғолдар екі елді де жаулап алғаннан кейін ғана біржола тынады.

Қыпшақтар және Киев Русі. Хазар қағанатының құлауы кезінде қыпшақтар X ғасырдың ортасынан бастап оғыздармен қатар Еділге жылжи бастады және Солтүстік Қара теңіз бен Кавказ далаларына қарай беттей бастады. XI ғасырда шығыс қыпшақтар қимақтардың қол астында болды, ал кейін қыпшақ тайпалары қидандардың қысымымен әрі қарай батысқа жылжи түсті. 1030 жылы олар Ертістен Волгаға дейінгі аралықты алып жатты, уақыт өте келе шығыс Еуропа далаларына жылжыды.

XI ғасырда Дунайдан Тянь-Шань тауларының батыс бөлігіне дейінгі аралық Половецтер жері (Дешті Қыпшақ) деп аталынды. XII ғасырда қыпшақтардың көшінің басты бөлігі Днепрдің сол жағасында, Савиш жағалауымен Донецің сағаларында болды. Олардың солтүстік шекарасы толығымен дерлік Русь территориясы арқылы өтті және оңтүстік шекарасы Азов теңізі жағалауы арқылы өтті. XI ғасырдың ортасынан бастап қыпшақтар Кубань аймағы мен қазіргі Ставропольден печенегтерді қуып, Кавказ маңы далаларына басып кірді. Сунжа өзенінде печенегтер ханының ордасы орналасты. XI ғасырдан бастап

Дунайдан Тянь-Шань тауының батыс бөлігіне дейінгі кеңістік дербент қыпшақтардың қоныстану кезеңі ретінде белгілі. Қыпшақтар жасаған тас мүсіндер («балбал») көп мөлшерде Төменгі Донда, Днепр жағалауларында, Қырымда, Азов маңында, Подонда, Поволжьеде, Кавказ маңында кездеседі.

XI ғ. Бірінші жартысы еуразиялық далалары халықтарының өмірінде үлкен өзгерістер уақыты болды. Оның себебі түркі тілдес көрші халықтарының миграциясында еді. Олардың Орталық Азияның ішінен Шығыс Еуропаға жылжулары халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірін еске салады. Бұл кезеңде Еуразия далаларында жаңа халықтар пайда болып, жаңа державалар құрылды. Бұл оқиғаларды еуразиялық далалардың көшпелі әлемінен көршілес мемлекеттердің тарихшылары жазып кеткен. Қыпшақтардың Оңтүстік орыс далаларында бой көрсетулері Қытайдан Руське дейін созылған түркі тілдес халықтардың ұлы көшінің бір тармағы болатын. Қыпшақтардың солтүстік Қара теңіз жағалауына келуінің нәтижесі – мұнда қыпшақ жерінің (Половецкая земля) пайда болуы. Қыпшақтар Моңғол шапқыншылығына дейін екі жүз жылдан астам уақыт бойы Оңтүстік орыс далаларында жетекші күш болды да, оңтүстік-шығыс Еуропа халықтарының тарихында елеулі рөл ойнады. Византия империясының, Венгр королдығының, екінші Бұлғар патшалығының, кресшілердің Латын империясының, Грузияның және Русьтің тарихындағы маңызды оқиғалардың көбісі солармен байланысты болды. Мамлюктік Мысырдың тарихында да қыпшақтар елеулі рөл ойнады.

Орыс зерттеушілерінің «половцы» деп жүрген қыпшақтары негізгі орданың батыс тармағы еді. Жалпы, қыпшақтар XI ғ. Орталық еуразиялық далалардың орасан кеңістігін мекен етті. Осы уақыттан бастап төменгі Дунай мен Ертіс аралығындағы далалық аймақ Қыпшақ даласы – Дешт-и-Кипчак деп атала бастады.

1055 және 1061 жж. Оңтүстік орыс далаларында қыпшақтардың екі легі бой көрсетеді. Олардың бұл жерге келуі түріктердің Қара теңіздің Солтүстік жағалауындағы жағдайын одан әрі қиындатып жіберді. Бұл кездегі қыпшақтар мен печенегтер және торкілер арасындағы қатынастарға зерттеушілер талай атап өткен «өшпес жауластық» жағдайы тән еді. Түріктердің (торкілер) басым көпшілігінің 1064 ж. Дунайдың ар жағына, Византия иеліктеріне кетуі, түріктердің Русьпен болған соғыста бірқатар сәтсіздікке ұшырауы мен Оңтүстік орыс далаларында қыпшақтардың бой көрсетуінің нәтижесі болды.

XI ғ. екінші жартысында Византиямен көршілес жерлер Оңтүстік орыс даласындағы көшпенділердің жаңа толқынының арлы-берлі кө-

шіп-қонуының аренасына айналды. Бұл оқиға қыпшақтармен байланысты болды. Русьтің оңтүстік және оңтүстік батыс жерлерінің тарихи тағдырында қыпшақтардың рөлі өте үлкен болып шықты. Нақ осы қыпшақтардың Оңтүстік орыс далаларын басып алуы Русьті Қара теңізге тіке жолдан айырды. Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы далаларды қыпшақтардың билеуі Тмутаракань князьдығының құлауына және бірте-бірте, XII ғ. Таман орыстардың Азовтағы, Прикубаньдегі, Солтүстік батыс Кавказдағы және Шығыс Қырымда Керчь жартыаралындағы иеліктерінен айырылуына алып келді. Қыпшақтардың батысқа қарай жылжуы Византия тағдырына да әсер етті.

Торклердің қыспағымен печенегтер Дунайдан өтіп, 1048 ж. Византия империясының территориясына басып кіреді. Оңтүстік орыс далаларында билік қысқа мерзімге торкілерге (Марвазиде – ғұздарға) өтті. 1055 және 1061 жылдары орыс жылнамалары қыпшақтарды оңтүстік орыс далаларында тіркейді.

Жалпы, қыпшақтар Русь пен Византия арасында X-XI ғ. печенегтерге қарағанда уақыты мен саяси құрылымы жағынан әлдеқайда күшті кедергі қызметін атқарды.

XI ғ. екінші жартысынан бастап Византия иелігіне, Балқанға әскери жорық жасай отырып қыпшақтар үнемі Днестр – Карпаты жерлерінің территориясын басып өтетін.

Қыпшақтар әулеттік құрылым мен феодалдық қоғам құрудың кезеңінде болған. Олар біртұтас мемлекет құрған жоқ, тек хандар басқарған жеке тайпалық одақтарға біріккен. XII ғасырда половецтер жерінде көпұлтты халқы бар қалалар пайда болады (қыпшақтар, аландар, бұлғарлар, рустер). Шығыс және Волганың арғы жағындағы қыпшақтар Орталық Азиямен, әсіресе қыпшақ өкілдері билеуші таптың басым бөлігін құраған Хорезммен тығыз байланыста болды. Батыс половецтер Руспен, Византиямен, Венгриямен, Бұлғариямен тығыз байланыста болды.

Қыпшақтар сол кезең үшін құдіретті әскери күшке ие болған. Олардың негізін жеңіл және ауыр атты әскер құрады, олар садақ, жебе, найза, дулыға және жеңіл салтпен қаруланған болған. Половец әскері тұзақ құру тактикасын кеңінен пайдаланған, күтпеген жерден шабуыл жасап, қарсыластың тылына ішкері еніп, оларды қоршауға алған. Қорғанған кезде өз тұрақтарын арбалармен қоршаған.

Қыпшақтар көршілерімен үздіксіз соғыс жүргізіп отырған. Олардың шабуылдарының басты мақсаты пайда табу және халықтарды тонау болған. 1054-1055 жылдары қыпшақтар алғаш рет Переяслав княжествосының шекарасында болды, кейін шашырап кеткен Руське

(1068, 1092, 1093, 1096), Венгрияға (1070, 1091, 1094) және Византияға (1087, 1095) шабуыл жасады. Бірнеше рет жеке русь князьдықтарымен одақтасып, бірлесе отырып олардың жауларының иеліктеріне шабуыл жасады.

М.В. Бибиковтың пікірінше XII ғ. Ортасында Днестр, Прут және Сиреттің төменгі ағысы, қыпшақтардың бақылауында болды.

Бұдан былай, қыпшақтар, империяның байлығын көрген соң, Византияға ұдайы шабуыл жасап тұрды да, ромейлердің мазасын алды. Бірақ шындығын айта кету керек, олардың 1088 және 1091 жж. жорықтары нәтижесінде Византия империяның өмір сүруінің өзіне қауіп төндірген печенегтерден құтылады. Себебі, жоғарыда атап кеткеніміздей, 1090 ж. Император Алексей Комнин өзінің державасын өлім аузында тұр деп бекер есептемеген, сондықтан ол еуропаның барлық христиан билеушілерін печенегтер мен түркі-селжүктерге қарсы көмек көрсетуге шақырды. Алайда империя христиан әскерімен емес, қыпшақтың екі ханы – Боняк пен Тугоркан қолдарымен құтқарылды.

Империя аумағында 1091 ж. «қыпшақтардың қырық мыңға жуық әскері» бой көрсетті. Печенегтер мен қыпшақтардың бас қосуынан қауіптенген Алексей Комнин қыпшақтарды өз жағына тартуға шешім қабылдады. Император олардың жетекшілері Боняк пен Тугорканға (Анна Комнинаның «Алексиадасында» – Маниак пен Тогартак) печенегтерге қарсы одақ құруды ұсынды. Қыпшақтар келесідей талаптар қойды: олар печенегтермен үш күн шайқасуға келісім береді, бірақ бұл үшін олар олжаның жартысын алуы тиіс болды. Византиялықтардың печенегтерден деген үрейі соншалықты екен, Алексей өз тарапынан қыпшақтарға печенегтерді он күн арттарына түсіп қудалау шартымен олжаның бәрін ұсынды. Одақ жасалды да, қыпшақтардың көмегімен византиялықтар печенегтерді тас-талқан етіп жеңді де, олардың лагерін басып алып, көпшілігін тұтқынға алды.

Сонымен, қыпшақтардың көмегімен Византия печенегтер тарапынан төніп келген қауіп-қатерден құтылды. Бірақ, араға көп уақыт салмай Византияның уақытша одақтастары енді империяның тұрақты жауларына айналады.

1091 ж. оқиғалардың тағы бір қызықты жәйті, оңтүстік шығыс Еуропада қыпшақтар белсенділігі күрт өскенін және оған Қара теңіз жағалауы далаларымен шекаралас елдердің қарсы реакциясын көрсетті. Қыпшақ мәселесі орыс князьдарының ұлы князьдық съезінде талқыланды. 1101 ж. Саков түбінде орыс-қыпшақ бейбіт шарты жасалды.

1094-1095 жж. Византия империясы Боняк пен Тугорхан хандардың әскерлерімен тағы бірақ қарсыластар ретінде кездесті. Қыпшақтардың әйгілі қолбасшылары Константинополь тағына үміткер бүлікші Псевдо-Диогеннің одақтастары еді. Император әскерлері Псевдо-Диогенді қолға түсірген соң қыпшақтар бірқатар сәтсіздікке ұшырап, Византия жерін тастап шықты. Тугоркан, сірә, сәтсіздіктің орнын толтыру үшін Руське шабуыл жасайды. Бұл оның соңғы жорығы болып шықты. Орыс переяславлі маңында, Трубез өзенінің бойында Светополк II Изяславич пен Владимир Мономахтың әскерлерімен болған қақтығыста Тугоркан қолы талқандалды да, өзі шайқаста қаза табады.

Қыпшақтар Бұлғария, Қытай, Византия, Грузия сияқты ортағасыр мемлекеттерінің дамуына елеулі үлес қосты. Византия империясы үшін қиын кезеңде XV ғасыр басында, оның өмір сүруіне шығыстан түркі-селжуктер, солтүстіктен печенегтер қауіп төндіріп тұрған кезде қыпшақтар печенегтерді талқандап, оған көмек көрсеткен еді. Қыпшақтар барлық түркі тілдес халықтарының ішіндегі Шығыс Еуропада ең көп таралғаны еді. Қыпшақ хандығы ертефеодалдық негізін қалаған бірден-бір саяси бірлестік болды.

Қыпшақтардың шаруашылығы, әлеуметтік және ру-тайпалық құрылысы. Қыпшақтар негізінен мал шаруашылығымен айналысқан. Олардың қоныстары мен зираттарына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарға қарағанда, олар төрт түлік малдың барлық түрін өсірген. Ибн Баттутаның жазуы бойынша, қыпшақтардың жер жағдайы мал өсіруге өте қолайлы, мал жейтін шөптің жұғымдылығы сондай, олар малға арпа сияқты жем бермейді. Ал малдың көптігі соншалықты, ондай мал ешбір елде жоқ шығар деп таңғалған.

Ал XIII ғасырдың орта кезінде Қазақстанда болған саяхатшылар Т. Карпини мен Г. Рубрук қыпшақтардың арба үстіне тігілген үйлерін 10 немесе 22 өгіз тартатындығын өз көздерімен көргендігін жазған. Кімде жылқы көп болса, сол атақты бай болған. Қыпшақ жылқылары төзімді әрі жүрдектігімен, жорғалығымен халықаралық саудада жоғары бағаланған. Ауған, Иран, Египет, Үнді жерлерінде қыпшақ жылқылары 100 динардан 500 динарға дейін сатылған. Ибн Баттутаның және бір дерегінде қыпшақтардың сиыр малын да өсіргендігі айтылған.

Қыпшақтар мал өсіргенмен, қалай болса солай, ретсіз көшіп-қонып жүрмеген. Олардың ертеден қалыптасқан көшу бағыттары, тұрақты қыстаулары, жайлайтын жайлаулары болған. Қыпшақтардың ішінде егін салумен де айналысқандар болған. XII ғасырда қыпшақ жерін

басып өткен еврей саяхатшыларының бірі Петахъя өзінің жазбаларында қыпшақтардың тары мен күрішті көп өсіретіндігін жазған. Дәл осындай деректі XIV ғасырда әл-Омари былай деп қайталайды: “Қыпшақтар аздап бидай, арпа өсіреді, көп өсіретіні – тары, ал тамақтарының негізгі түрі тарыдан жасалады” дейді.

Қыпшақтарда шаруашылықтың қосымша бір түрі аң аулау болған. Еврей саяхатшысының жазуына қарағанда, аңды садақпен аулаған. Ол аңшылардың мергендігін өз көзімен көріп, әбден тәнті болған. Кейбір аң еті тамақ үшін, ал кейбір аңдар қымбат бағалы терілерін сату үшін ауланған. Немесе аң терілерінен қысқы жылы киімдер тігілген.

Қыпшақтарда тұрмыстық кәсіп, қолөнер де жақсы дамыған. Малдың жүні мен терісінен қажетті бұйымдарды әркім өздері-ақ жасай білген. Сонымен қатар қыпшақтарда ағаш шеберлері, темір ұсталары қалыптасып, зергерлік те жақсы дамыған.

Қыпшақ хандығының қоғамдық құрылысы тікелей Қимақ қағанатының қоғамдық құрылысының жалғасы болды. Бұл хандықта да билік әкеден балаға мұрагерлікпен беріліп отырды. Мұндағы бір ерекшелік, хан тағына елбөрілі тайпасының белгілі өкілдері ғана сайланып отырған. Сондықтан да тарихшы Жүзжани бұл хандар әулетінің тайпасы деп атаған.

Хандық биліктің орталығы “орда” деп аталды. Ордада хандық өкіметті билеушілер тұрды. Әскери басқару жүйесі бұрыннан қалыптасып келе жатқан дәстүр бойынша оң және сол қанат болып бөлінді. Күші және беделі басым оң қанаттың ордасы Жайық өзені бойындағы Сарайшық қаласының орнында болса, ал сол қанаттың орталығы Сырдария бойындағы Сығанақ қаласында орналасты. Әскери басқару жүйесінің екі қанатқа бөлінуі оң қанаттың батыстағы, сол қанаттың шығыстағы билікті мызғытпай ұстап отыруы үшін жасалған еді.

Қыпшақ хандығының әлеуметтік-экономикалық тегі таптық құрылыс болды. Ақсүйек-шонжарларға хандар, оның шуван-туыстары, тархандар, басқақтар, бектер, байлар және ру-тайпа көсемдері жатты. Ал қарапайым бұқара халық малы жоқ кедейлерден тұрды. Кедейлердің ішінде жер өңдеумен айналысатын жатақтары да болды. Қыпшақ қоғамында құлдар да еңбек етті. Мұндай басыбайлы құлдыққа малы жоқ кедейлер, қолға түскен тұтқындар түсіп отырған. Феодал-шонжарлардың баю жолындағы біршама табысы тұтқындарды Орта Азияның базарына сатудан түсетін еді.

Қыпшақ хандығында құлдықтың болғандығын Махмуд Қашғаридің қыпшақ тілінде құлды “яланкут” деп атағандығынан анық бай-

қауға болады. Хандықтағы халықтың мүлік теңсіздігін олардың зираттарына жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары байқатады. Мәселен, кейбір қабірлерден адам денесімен бірге қойылған қымбат бағалы бұйымдар көптеп табылса, ал кейбір мүрделерден адам сүйегінен басқа еш нәрсе кездеспейді. Қыпшақ қоғамында жер иеленуде де теңсіздік байқалады. Малы көп байлар шөбі шүйгін, суы мол, жақсы жайылымдарды иеленсе, малы аз шаруалар оларға тәуелді болды.

Қыпшақ хандығы құлағанымен, оның халқы мүлде жойылып кеткен жоқ. Олар өздерінің тарихи дамуын жалғастырумен болды. Ақыр соңында олар қазақ халқының басты этникалық құрамының біріне айналды. Алтын Орда ыдырағаннан кейін Қыпшақ көптеген ұлыстарға бөлініп кетті. Бір бөлігі Қазақ хандығының құрамына кірді. Н.А. Аристов қазақ халқының құралу кезінде көлденең, ұзын, танабұға, қарабалық, т.б. Қыпшақ рулары болған деп көрсетсе, В.В. Радловтың айтуынша, ол кезде Қыпшақ тайпасы құрамында торайғыр, түйшіке, қытайқыпшақ, бұлтың, қарабалық, көлденең, танабұға, ұзын, көкмұрын рулары болған. Қазақ шежірелерінде 92 баулы Қыпшақ деп аталады, бірақ ешқайсысында оның барлығы бірдей таратылмайды. Шежіре бойынша Қыпшақтардың өсіп-өнуі төмендегіше сипатталады: Қыпшақтардан ақтамсопы, одан құлан-қытай, одан сүлімалып, одан кебекалып, одан мүйізді сарыабыз. Мүйізді сарыабыздан қытай-қыпшақ, қарақыпшақ, сарықыпшақ, құланқыпшақ тарайды. Қазақ құрамына енген Қыпшақ шежіресі бойынша, қарақыпшақтың ірі-ірі бес атасына (ұзын, бұлтың, көлденең, қарабалық, торы) бөлінеді. Қарақыпшақтан басқа үшеуі туралы мәлімет жоқтың қасы.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. *«Қыпшақ» этнониміне түсінік беріңіз.*
2. *Қыпшақтар конфедерациясына кірген тайпаларды атаңыздар, мекендеген территориясына сипаттама жасаңыздар.*
3. *Батыстық мемлекеттер қыпшақтардан неге үрейленді?*
4. *Қыпшақтардың ішкі саясатындағы ерекшеліктерді атаңыздар.*
5. *Қыпшақ қоғамында құлдықтың болғандығын дәлелдейтін қандай дерек көздерін білесіздер?*

5. Орта Азия мен Қазақстанды моңғолдардың жаулап алуы

Шыңғысханның Моңғол империясын құруы. XII ғ. аяғы мен XIII ғ. басында Моңғолия жерінде қият-бөржігін тайпасының би-

леушісі Есугей баһадурдің баласы Темучин (1155-1227) билік еткен ірі көшпелі мемлекет құрылды. Ол 20 жылға созылған қиян-кескі күрес барысында Моңғолияның бүкіл тайпаларын өз қол астына біріктірді. Егер бұрын Моңғолияны мекендеген тайпалардың көпшілігі татар деген атпен (ең қуатты тайпалардың бірінің аты бойынша) белгілі болса, енді мемлекеттің нығаюына байланысты Моңғолия тайпалары өздерін моңғолдар деп атай бастайды да, бұл термин жинақтаушы этникалық-саяси мәнге ие болады. Қытай деректерінде бүкіл Моңғолияның халқы «татарлар» деп аталған, осы атау араб, парсы, орыс және батыс еуропалық деректерге ауысқан. Жалпы «татарлар» атауының шығыс-моңғолдық тайпалардың бір бөлігіне ғана қатысы бар. «Татар-моңғолдар» және «моңғол-татарлар» атауы кейін пайда болған.

XII-XIII ғғ. межесінде моңғол қоғамында феодалдық қатынастардың қалыптасу процесі жүріп жатты. Бұл қоғам екі топқа – ақсүйек нояндарға және еңбекші халық – араттарға бөлінді.

1206 жылы көктемде Темучинді жақтаушы моңғол ақсүйектерінің құрылтай жиналысы болып, онда ол Шыңғыс хан деген атпен моңғолдардың әміршісі болып салтанатты түрде жарияланды. Шыңғыс хан тұсында Моңғол империясының астанасы Қарақорым болды. Моңғол мемлекеті әскери-әкімшілік ұйым негізінде құрылды. Мемлекет аумағы үш әскери әкімшілік аймаққа бөлінді. Әр аймақ бірнеше түменнен, түмен 10 «мыңдықтан», әр мыңдық – 10 «жүздіктен» тұрады. Армия темірдей тәртібі және жоғары әскери дайындығымен ерекшеленді. Моңғолдардың әскери басымдыққа жетуіне Шыңғыс ханның жауапты орындарға этникалық және әлеуметтік шығу тегіне қарамастан батыл да іскер адамдарды қоюы көп әсерін тигізді.

1207-1208 жж. Шыңғыс ханның үлкен баласы Жошы Енисей қырғыздарын және Сібірдің оңтүстігіндегі «орман халықтарын» бағындырды. Қазіргі Шығыс Түркістан аумағында тұрған ұйғырлар моңғолдарға бағынды. 1211 ж. Шыңғыс ханның қолы Солтүстік Қытайға енді, 1215 ж. олар Цзинь мемлекетінің астанасы Чжунду (Пекин) қаласын жаулап алды. 1217 жылы Цзинь империясы Хуанхэ өзенінің солтүстігінде орналасқан барлық иеліктерінен айырылды.

Шыңғыс ханның негізгі мақсаты батыс елдерін – Орта Азия мен Иранды, Таяу Шығыс пен Кавказды, Шығыс Европаны басып алу болды. Батыста моңғолдар 1211 жылы алғаш рет Жетісу жеріне келгенімен ұзақ тұрақтай алмады. Бұл жылы моңғол әскерін Жетісуға Шыңғыс ханның қолбасшыларының бірі Құбылай бастап келген болатын. 1216 жылы Шыңғыс хан өзінің үлкен ұлы Жошыны қыпшақ даласын-

да көшіп-қонып жүрген меркіттерді біржолата талқандауға аттандырды. Жошы Торғай даласында қыпшақтарға қарсы 60 мың әскерімен жорыққа шыққан хорезмшах Мұхаммедтің қолымен кездесіп қалды. Екі жақ күні бойы шайқасты, ал түнде моңғолдар жаққан оттарын қалдырған күйі кері шегініп кетті.

Моңғолдардың батысқа қарай жылжуы 1218 жылы қайта басталды. Осы жылы қаңлы, найман және керей тайпалары жайлаған Жетісу жеріне алғашқы соққы берілді. Бұл кезде Жетісуды наймандардың Күшлік ханы билеп тұрған еді. Оған қарсы Шыңғыс хан өзінің таңдаулы қолбасшыларының бірі Жебені жіберді. Моңғолдар жергілікті халыққа ислам дінін жария түрде ұстануға рұқсат етіп, Күшліктің мұсылмандарды қудалауына байланысты халықтың наразылығын тиімді пайдаланды. Сонымен қатар Жетісу халқын өз жағына тарту үшін Шыңғыс хан бұл өлкеде тонаушылық пен қырғынға тиым салды. Көптеген елді мекендер, соның ішінде Баласағұн қаласы ұрыссыз берілді, ал Күшлікті моңғолдар Бадахшанда ұстап, өлтірді.

«Отырар апаты». Хорезмшахтың жеңілуі. Шығыс Түркістан мен Жетісуды басып алғаннан кейін моңғолдарға Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияға жол ашылды. Бұл өңірге басып кіруге «Отырар апаты» деп аталатын оқиға сылтау болды. 1218 жылы жазда Шыңғысханның тапсырмасымен құрамында көпестері мен моңғол барлаушылары бар, барлығы 450 адамнан тұратын 500 түйеге теңделген жүгі бар керуен Отырарға аттанады. Отырар билеушісі Қайыр хан көпестерді жансыздар деп күдіктеніп, оларды өлтіруге бұйырады, керуен тоналады. Бұған шамданған Шыңғысхан оның қарымтасы ретінде хорезмшах Мұхаммедтен Қайыр ханды ұстап беруді талап етіп, елшілерін жібереді, ал хорезмшахтың келген елшілерді өлтіруі соғысқа сылтау болады.

Шыңғысхан Орта Азияны бағындыруға өз вассалдарының жасақтарымен қоса жалпы саны 150 мың адамы бар қалың қол жіберді. Әскери жорық 1219 жылы қыркүйекте Ертіс жағалауынан басталды. Отырар қаласы қоршауға алынды. Өзінің әскерін үш топқа бөлген Шыңғысхан бір бөлігін Отырарды алу үшін ұлдары Шағатай мен Үгедейге қалдырды, үлкен ұлы Жошы бастаған екінші бөлігін Сырдарияның төменгі ағысына аттандырды. Өзі Бұқараға бет алды. Отырар билеушісі Қайыр хан ерлікпен шайқасты, ол басқарған әскер мен қала тұрғындары басқыншыларға қарсы табан тіресе қарсылық көрсетті, қаланы 5 ай бойы ұстап тұрды. Бесінші айдың аяғында хорезмдік әскербасы Қараджа хаджиб опасыздық жасап, қаланың қақпасын ашып, 10 мың әскерімен моңғолдар жағына шығып кетіп, оларды қалаға жіберіп қойды, кейін оның өзі осы опасыздығы үшін

моңғолдар тарапынан өлтірілді. Қайыр хан өз жауынгерлерімен қамалда тағы бір ай қорғанды. Бірақ күш тең болмады, қамал қиратылды, 1220 жылы ақпанда Отырар қаласы алынды, Қайыр хан қолға түсіп, қатал жазаланып өлтірілді.

Отырар сияқты Сыр бойындағы Сығанақ, Ашнас және т.б. қалалар тұрғындары да моңғолдарға қатты қарсылық көрсетті. Араб және парсы тіліндегі тарихи деректерде моңғолдар халқын түгелдей қырып, күл-талқан қиратқан отыз шақты қалалар аталады. Олардың ішінде оңтүстік қазақстандық Отырар, Сығанақ, Ашнас қалалары бар.

Моңғолдар Сырдария өңіріндегі қалаларды бағындырып, Орта Азияға қарай ішкеріледі. Үргенішті қоршауға алу бірнеше айға созылды. Моңғолдар Бұқарды, Самарқанды алды, Хорезм жаулап алынды. 1221 жылы көктемінде моңғолдар Орта Азияны жаулап алуды аяқтады.

Енді соғыс Хорасан, Ауғанстан және Солтүстік Индия территориясына ауысты. Қолбасшылар Жебе мен Сүбедей нояндар басқарған 30 мыңдық әскер Солтүстік Ираннан шығып, 1220 жылы Кавказға басып кірді. Бұл әскер армян, грузин, алан, қыпшақ және орыс әскерлерін Қалқа өзенінің бойында талқандап, 1224 жылы Шығыс Дешті Қыпшақ даласы арқылы Шыңғысханның Ертіс бойындағы ордасына оралды. Сөйтіп, 1219-1224 жж. моңғол шапқыншылығы нәтижесінде Қазақстан Шыңғысхан империясының құрамына кірді.

Ұлыстардың құрылуы. Шыңғысхан көзінің тірісінде ұлан-байтақ аумақты алып жатқан жаулап алған жерлерін бәйбішесі Бөртеден туған ұлдарының санына қарай төрт ұлыға бөлді. Кіші ұлы Төле Шыңғысханның негізгі жұртын – Моңғолияның өзін, сондай-ақ моңғолдың тұрақты 129 мың адамдық армиясының 101 мыңын иеленді. Үшінші ұлы Үгедейге Моңғолияның батыс бөлігі, Жоңғария мен Шығыс Түркістан аймағы қарады. Оның ұлысының орталығы жоғарғы Ертіс пен Тарбағатай аймағында орналасты. Шыңғысханның екінші ұлы Шағатайдың иелігіндегі жерлер Оңтүстік Алтайдан Әмударияға дейінгі, яғни Жетісу мен Мәуераннахрды қамтыды. Шыңғысханның үлкен ұлы Жошының үлесі Ертістен батысқа қарай төменгі Еділге дейінгі жерді қоса бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты қамтыды. Сонымен Қазақстанның аумағы моңғолдың үш ұлысының құрамына: үлкен бөлігі – Жошы ұлысының құрамына, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан – Шағатай ұлысына, Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігі – Үгедей ұлысына кірді.

Алтын Орданың құрылуы. 1227 жылы Шыңғысхан қайтыс болғаннан кейін 1235 жылы Қарақорымда моңғол ақсүйектерінің құрылтай жиналысында Шығыс Европаға жаңа жорық жасау туралы

шешім қабылданды. Моңғол әскерін Шыңғыс ханның немересі Батый басқаратын болды. Шығыс Европаны бағындыруға аттанған Батый басқарған моңғол армиясының көпшілік бөлігін қыпшақтар құрады. Сондықтан деректерде оның әскері қыпшақтық деп аталған. 1236-1242 жж. Еділ Бұлғариясын, орыс княздіктерін бағындырып, Польшаны, Венгрияны, Чехияны, Молдовияны, Валахияны, Трансильванияны талқандап, Батый Еділдің сағасына қайта оралды да, мұнда жаңа моңғол мемлекеті – Алтын Орданы құрды. Бұл мемлекеттің аумағы шығыста Ертіс өзенінен батыста Еділ мен Әмударияның төменгі сағасына дейінгі орасан зор жерлерді алып жатты. Алтын Орда Шығыс Дешті Қыпшақ, Хорезм және Батыс Сібір территориясының бір бөлігін қамтыды. Бастапқыда астанасы Астрахань маңындағы Сарай-Батый қаласы болды, кейін астана Сарай-Берке қаласына Еділ бойындағы жоғарырақ жерге көшірілді.

Алтын Орда көпұлтты мемлекеттік құрылым еді. Ол әр алуан халықтар мен тайпалардан құралды. Моңғолдардың өздері тіпті аз еді. XIV ғасырда моңғолдар іс жүзінде түріктеніп кеткен еді, ал Алтын Орданың халқы «татарлар» деп атала бастады. Белгілі шығыстанушы Л.Н. Гумилев атап көрсеткендей «жеңген моңғолдар өздері құрған мемлекетте азшылықта қалып, жеңілген және бағындырылған халықтар шын мәніндегі қуатты күшке айналып шыға келді. Ал тақта мығым отыруды қалаған басқарушылар бұл күшпен барған сайын жіті санауға тиісті болды».

Алтын Орда алғашқы кезде Моңғол империясының бір бөлігі болды, сөйтіп, әуелгі кезде моңғолдың ұлы ханына қарайтын, бірақ **Батый хан** (1242-1256) өзін тәуелсіз билеуші ретінде ұстады. 1260 ж. Моңғол империясы тәуелсіз ұлыстарға бөлінді. Алтын Орда Батыйдың інісі **Берке ханның** (1256-1266) тұсында дербес мемлекетке айналды. Ол елді басқарған кезде Алтын Орда Моңғол империясынан біржолата бөлінді. Одан кейінгі Мөңке-Темір хан (1266-1280) тұсында Алтын Орда тұңғыш рет өз атынан теңге құя бастады. XIII ғасырдың 80-жылдары Алтын Ордада беклербек Ноғайдың есімімен байланысты дағдарыс басталды. Ноғай Шыңғысханның бір ұрпағы ретінде Батый мен Берке кезінде мемлекеттегі екінші адам болды. Оның ниеті өзінің дербес мемлекетін құру еді. Ол өзіне Дунай, Днестр, Днепр бойындағы елдерді бағындырып алды. Тоқты хан кезінде (1298-1312) алауыздық өзара күреске ұласып, 1300 жылы Ноғай жеңіліс тапты, содан кейін ғана Алтын Орданың бірлігі қайтадан қалпына келтірілді.

Өзбек ханның (1312-1342) және оның баласы **Жәнібектің** (1342-1357) тұсында Алтын Орда барынша күшейді. 1312 жылы Өзбек хан

исламды мемлекеттік дін етіп жариялады. Орыс княздықтары Алтын Ордаға тәуелділіктерін мойындап, ұлы ханның қолынан «князь» атағын алып, алым-салық төлеп тұрды. Бірақ билеушілердің хан тағына таласып, өзара қырқысуының салдарынан Жәнібек хан қайтыс болғаннан кейін Алтын Орданың құлдырауы басталды. 1357-1380 жылдары ондаған хан ауысады. Сөйтіп, бұл жылдар Алтын Орда тарихында «Ұлы дүрбелең кезеңі» деп аталады. 1380 жылы Алтын Орданың уақытша билеушісі Мамай Куликово даласында Дмитрий Донской бастаған орыс әскерімен соғысады. Бұл соғыс нәтижесі жайында түрлі пікірлер бар. Орыс тілді зерттеушілер соғыста Дмитрий жеңді десе, түріктанушылар Мамай әскерлерінің жеңілді деген пікірді теріске шығарады. Анығы, келесі күні соғыс жалғасқан жоқ және Мамайдың негізгі, басты әскері соғысқа кірмеді де.

Жошының ұрпағы Тоқтамыс хан Мамайдан Алтын Орда билігін тартып алады. Өз билігін әскери жеңістермен нығайту үшін ол 1382 жылы Мәскеуге жорық жасап, оны талқандап, өртейді. Ол сонымен қатар Мәуераннахр мен Кавказдың ар жағына бірқатар жорықтар жасайды. **Тоқтамыстың кезінде** (1380-1395) Алтын Орда уақытша күшейеді. Бірақ XIV ғ. соңында Әмір Темір Алтын Ордаға бірнеше рет жорық жасап (1389, 1391, 1395 жж.), оны ойрандап кетеді. Алтын Ордаға Темір мемлекетімен болған соғыс өте ауыр тиді. Осы соққыдан ол оңала алмайды. XV ғ. орта кезінде Алтын Орда құлайды. Ол Сібір хандығы, Ноғай Ордасы, Қазан хандығы, Қырым мен Астрахань хандықтарына бөлініп кетеді.

Мемлекеттік құрылысы. Алтын Ордада Жошы ұлысының мемлекеттік құрылысының негізгі бастамасы сақталды. Жошы ұрпағының мемлекеті саяси құрылысы жағынан ұлыстарға бөлінген, өз кезегінде ұлыстары неғұрлым ұсақ үлес-иеліктерге бөлшектенген әдеттегі көшпелі мемлекет болған еді. Алтын Орданың ішкі басқару жүйесінде қызмет адамдарынан, әскери ақсүйектерден құралған әкімшіл-чиновниктік аппараты маңызды орын алды. Армияны және мемлекеттің ішкі істерін басқару үшін ерекше лауазымдар белгіленді. Алтын Орданың билеушісі – хан ондағы барлық қарулы күштердің бас қолбасшысы саналды. Ханның атынан бүкіл әскери істі беклербек басқарды, ал азаматтық биліктің басында уәзір тұрды. Беклербек уәзірден дәреже жағынан жоғары тұрды. Ол басқа мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарды басқарды және азаматтық істерді шешкен кезде жоғары сот билігін атқарды.

Алтын Ордада атқарушы орган – диуанның басында уәзір тұрды. Атқарушы өкіметтің орталық органы – диуанның қарауында қаржы,

салық және басқа ведомстволар болды. Диуанның хатшысы бітікші деп аталды. Уәзір мемлекетті азаматтық тұрғыдан басқару ісінде ханның кеңесшісі болды. Мемлекеттік басқару жүйесінде даруғалар мен басқақтар маңызды орын алды. Даруғалар негізінен салық жинаумен айналысты, басқақтар басқару міндетін де атқара отырып, жергілікті халыққа әскери бақылауды жүзеге асырды. Олар сонымен қатар қалалар мен бағынышты ұлыстардан алым-салық та жинады.

Моңғол шапқыншылығының зардаптары. Моңғол әскерлерінің басқыншылығы жаулап алған елдер үшін өзінің зардабы жағынан ауыр апат әкелді. Ол көптеген халықтардың экономикалық және мәдени дамуын, олардың саяси, әлеуметтік және этникалық дамуын тежеді. Моңғолдардың шапқыншылығы салдарынан өндіргіш күштер әлсіреді. Көптеген қалалар қиратылып, ортағасырлық қала мәдениетіне үлкен зиян келтірілді. Әсіресе, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңіріндегі отырықшылық өмір мен егіншілік мәдениетіне бұл ауыр соққы болып тиді. Бағындырылған халықтан алынатын алым-салық та ауыр және көп болды. Зерттеушілердің айтуынша салықтың 20 шақты түрі болған.

Дегенмен, моңғол басқыншылығының апатты зардаптарымен бірге кейбір жағымды жақтары да болған. Моңғол өкіметтері сауда-саттық пен халықаралық байланыстың дамуына жағдай жасады, жер-жердің бәрінде пошта және көлік қатынасы қызметін енгізді. Моңғолдар бір орталыққа бағынатын өкімет идеясын әкеледі, бұрын ұйымдаспаған тайпалардың басын қосады. Көшпелі өмір тәртібін Шыңғысханның заңдар жинағы – «Ясасына» сәйкес келтіре бастайды. Кейін «Ясаның» кейбір нормалары қазақ заңдарында белгілі дәрежеде пайдаланылады. Мемлекеттіліктің әлеуметтік ұйымы мен түрлерінің көптеген нормалары моңғол дәуірінен кейін Қазақстанда пайда болған мемлекеттік құрылымдарда пайдаланылды. Моңғол жаулаушылығы Қазақстан жеріндегі этникалық процестер барысына да үлкен әсер етті.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Моңғол мемлекеті бірлестігіне кірген түркі тайпаларын атаңыздар.
2. Шыңғысхан жорықтарының үлкен нәтижеге жету себептері неде деп ойлайсыздар?
3. Шыңғысхан жорықтарының жетістікке жетуінде түркі тайпаларының рөліне баға беріңіздер.
4. Алтын Орда мемлекетінің саяси құрылысындағы түркілік элементтерді атаңыздар.
5. Куликова даласындағы шайқас нәтижесі жайлы қандай деректерді білесіздер?

6. Алтын Орда мен Моңғолстанның ыдырауы

Моңғол дәуірінен кейінгі кезең Шығыс Дешті-Қыпшақ, Жетісу және Оңтүстік Қазақстан халықтарының бірігуімен сипатталады. XIV-XVI ғғ. Қазақстанның бұл бөлігі Түркістан деп аталды. Осы кезеңнің бастапқы сатысында Дешті Қыпшақтағы, Орта Азиядағы (Мәуераннахр) Шыңғыс әулетінің иеліктерінде моңғол дәуірінің ыдырау үрдісі жүріп, бірнеше мемлекеттер құрылды: Ақ Орда, Моңғолстан, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы.

Ақ Орда. XIII-XV ғ. басында Шығыс Дешті Қыпшақ жерінде Ақ Орда мемлекеті өмір сүрді. Ол моңғол шапқыншылығынан кейін Қазақстан жерінде пайда болған бірінші ірі мемлекет. Ақ Орданың негізін қалаушы – Жошының үлкен баласы Орда Ежен (1226-1280 жж.). Рашид әд-Диннің жазуына қарағанда (XIV ғ.), Жошы ұлысының шығыс бөлігін (сол қанатын) әкесінің көзі тірісінде Жошының үлкен ұлы Орда Ежен алады. Әбілғазының айтуынша (XVII ғ.) осынау жерді оған інісі Батухан XIII ғ. орта кезінде бөліп береді. Орданың мирасқорлары іс жүзінде дербес билеушілер болды. XIV ғ. 2-жартысында Алтын Орда билігі әлсіреп, Ақ Орда күшейіп, дамудың ең жоғары сатысына жетті. *Территориясы:* Батысында Жайық өзенінен шығыста Ертіс өзеніне дейінгі, оңтүстікте Сырдария алқабы, Арал теңізінің солтүстік-шығысынан солтүстікте Оңтүстік Сібір ормандарына дейінгі жерлер. Астанасы – Сығанақ (Сырдарияның орта ағысы). Халқы – түрік тілді тайпалар.

Ақ Орданың саяси тарихы бірінші кезеңде Шығыс Дешті-Қыпшақ жерін Алтын Орданың билігінен азат ету жолындағы ұзақ күреспен өтеді, кейінірек Ақ Орда хандары Алтын Орда ісіне араласады, ал өз тарихының соңғы кезінде Мәуераннахр билеушісі Әмір Темір мен оның ұрпақтарының басқыншылығына қарсы күреседі.

Мемлекетті Орда Ежен тегінен шыққан хандар басқарды. Алғашқы ханы – Сасы Бұға (1309-1315), мұрагері – Ерзен хан (1315-1320). Ақ Орданың Алтын Ордадан оқшаулануы XIV ғ. 2-ші ширегінде Ерзен мен Мүбәракқожа тұсында басталды. Мүбәракқожа хан (1320-1344 жж.) Алтын Ордаға бағынбай дербес саясат жүргізуге тырысты.

Шымтайдың (1344-1361 жж.) ұлы Орыс ханның кезінде (1361-1376 жж.) Ақ Орда Алтын Ордадан бөлініп, тәуелсіз хандық болып жарияланды. Ақ Орда Орыс хан тұсында едәуір нығаяды. Әйгілі тарихшы Қадырғали Жалайырдың айтуынша, Орыс хан өз заманының қуатты да құдіретті, батыл билеушісі болған. Ол ең алдымен Ақ Орданың саяси тәуелсіздігін нығайтуға мейлінше күш жұмсады. Оның

сыртқы саясаты негізінен Әмір Темірдің шапқыншылық жорығына тойтарыс беруге бағытталды. Ал ішкі саясаты Ақ Орданың экономикасын өркендетіп, мемлекеттік қуатын арттыруды көздеді, ол ең алдымен Сырдария алқабындағы отырықшы егінші аймақтардың егін шаруашылығын өркендетуге және осы өңірдегі шаруашылық, мәдениет орталығы болған қалаларды көркейтуге баса мән берді.

Орыс хан Алтын Орда тағы жолындағы күреске белсене қатысты. Ол хан болып нығайып алған соң ішкі феодалдық қырқысты жойып, Алтын Орданы өзіне бағындыруға әрекет етті. Бұл мақсатын жүзеге асыру үшін 1368 жылы Еділ бойына жорық жасайды. 1374-1375 жж. Сарай-Беркені, Қажы-Тарханды (Астрахань) алып, Кама бұлғарларын бағындырады. Бірақ Алтын Орданың уақытша билеушісі Мамайды жеңе алмайды және бұл кезде Ақ Орданың өзіне Әмір Темір тарапынан қауіп төнгендіктен Орыс хан Сырдария бойындағы өз иелігіне қайтып оралады. Ол өзінің қайтар жолында Алтын Орданы жаулау кезінде өзіне көмекке келмеген Жошы әулетінің бірі Маңғыстау аймағының билеушісі Түй-Қожаны өлтіреді. Оның баласы Тоқтамыс Әмір Темірге барып паналайды. Темір бұл жағдайды пайдаланып, Тоқтамысты көп әскермен Ақ Ордаға жібереді. Тоқтамыстың алғашқы жорығы (1374-1375) сәтсіз аяқталды, Ақ Орда әскерлері оның әскерлерін талқандады. Бұл соғыста Орыс ханның баласы Құтлық Бұқа қаза болды. Әмір Темірден жаңадан әскер алған Тоқтамыстың екінші жорығы да Орыс ханның ұлы Тоқтақия басқарған Ақ Орда әскерлерінен жеңілді, тек төртінші жорығынан кейін ғана Тоқтамыс Ақ Орда тағына отырды. Темір басқыншылығына қарсы күрестің негізгі ауыр салмағы Орыс ханға түседі. Ұрыс барысында Орыс хан қаза тапты. Тоқтамыс Орыстың баласы Темір-Мәлікті (1376-1379 жж.) 1379 жылы жеңіп, Ақ Орда билеушісі болды.

Ақ Орданың әскери күшіне ие болған Тоқтамыс 1380 жылы Алтын Орданы алды. Сөйтіп, ол бір мезгіл (1380-1395 жж.) Ақ Орда мен Алтын Ордаға хан болды. XIV ғасырдың 80-жылдары Тоқтамыс Ақ Орда мен Алтын Орда жерін түгел бағындырып, Әмір Темірге қарсы шықты. Осы кезде Әмір Темір мен Тоқтамыс арасындағы ұзаққа созылған қанды соғыс басталды. 1395 жылы Кавказдағы Терек өзенінің аңғарындағы шешуші шайқаста Әмір Темір Тоқтамысты жеңіп, Алтын Орданы талқандады.

XIV ғ. аяғы – XV ғ. басында сыртқы саяси ауыр жағдайлар мен ішкі қырқыстар кезінде Ақ Орда әлсіреп кетті. Ақ Орданың әлсіреу себептері: Әмір Темірдің тонаушылық жорықтары және ішкі тартыстар.

1423-1428 жж. Орыс ханның немересі Барак біраз уақыт бойы Ақ

Ордадағы өз әулетінің билігін қалпына келтірді. Ақ Орданың соңғы ханы Барак Самарқанның билеушісі Темірдің немересі Ұлықбекті жеңіп, Сырдарияның бойындағы көптеген қалаларды өзіне қаратады. Бірақ ол көп ұзамай қаза табады, сосын Ақ Орданың жеріндегі билік Шайбан ұрпағы Әбілқайырдың қолына көшеді.

Саяси жағынан іс жүзінде дербес, экономикалық жағынан тәуелсіз болған, сыртқы саясатта өзіндік бағыт-бағдары, билеуші хандарының әулеттік жөн-жосығы бар Ақ Орда мемлекеттік бірлестігі XIV-XV ғғ. Шығыс Дешті-Қыпшақ пен Түркістан жеріндегі этникалық топтардың, тайпалар мен халықтардың бастарын қосып, біріктіруде маңызды рөл атқарды. Кейін Ақ Орда мемлекеті Қазақ хандығының құрылуына негіз болды.

Моғолстан хандығы. XIV ғ. ортасы – XVI ғ. басында Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аумағы Моғолстан мемлекетіне кірді. Бұл мемлекет XIV ғ. ортасында Орта Азияның солтүстік-шығыс бөлігі, Жетісу мен Шығыс Түркістан жерінде Шағатай ұлысы ыдырағаннан кейін құрылды. Моғолстан мемлекетінің негізін салушы – дулат тайпасының көсемі Әмір Болатшы. Алғашқы ханы – Тоғылық Темір (1348-1362 жж.), ол Моғолстан билеушілері әулетінің негізін салды. Астанасы – Іле алқабындағы Алмалық қаласы болды. Территориясы: Оңтүстік Шығыс Қазақстан, Қырғызстан, Шығыс Түркістан. Орталық аймағы – Жетісу. «Моғолстан» атауы «моңғол» сөзінен шыққан. Өйткені түрік және парсы деректерінде моңғолдарды осылай атаған. Халқы: дулаттар, қаңлылар, керейттер, арғындар, үйсіндер, барластар, т.б. түрік және түріктенген моңғол тайпалары. Олар мемлекет атауына сай моғолдар деп аталды. Осынау тайпалардың Жетісуды жайлайтын едәуір бөлегі кейін қазақ халқының құрамына енеді, ал оның Тянь-Шань өңірі мен Шығыс Түркістанды мекендейтін екінші бөлегі қырғыздар мен ұйғырлар құрамына кетеді. Осылардың ішінде дулаттар ең қуатты тайпа болды.

Билеушінің дәрежесі – хан. Моғолстанда мемлекеттің саяси басшысы және жер-судың жоғарғы иесі хан болған. Дулат тайпасы әмірлерінен ханның көмекшілері – ұлыбектер тағайындалды. Хандық кеңес мемлекеттің ішкі және сыртқы істері, әскери жорық және жайылымдық жерлерді бөлумен айналысты. Ақсүйектер жерді шартты түрде иеленудің ихта, инджу, сойырғал сияқты түрлерін пайдаланған. Көшпелі аудандарда жер қауымның қарауында болған. Бірақ мал ақсүйектер қолында шоғырланғандығы себепті көшпелі аудандарда қоныс-өрістердің көпшілігі солардың меншігінде болды. Салықтың бірнеше түрі жиналды. Қала мен ауыл тұрғындарынан, егіншілер мен көшпелі халықтан

алынатын салықтар, деректерде көрсетілгендей, қалан, күпшір, зекет, тағар, баж және қарадж деп аталған. Сондай-ақ халық әскери, кірешілік, еңбек, пошта, т.б. әртүрлі міндеттерді атқарған. Иеліктерді қайта бөлуге бағытталған соғыстар мен өзара қырқыстар халық бұқарасының халін ауырлатты. Моғолстанның алғашқы ханы Тоғылық Темір өз билігін нығайту үшін ислам дінін тірек етті.

Моғолстанның саяси тарихында феодалдық соғыстар мен ішкі қырқыс, көрші мемлекеттер тарапынан жасаған шапқыншылықтарды тойтару жағы өте көп болған. Тоғылық Темір 1361 жылы Мәуераннахрды түгел басып алып, баласы Илияс Қожаны билеуші етіп қойды. Кейін ол әкесінің орнына 1362-1385 жж. Моғолстанның билеушісі болды. Оның тұсында өзара қырқысу соғыстары басталып, Моғолстан бірнеше бөлікке бөлінді: Дулат әмірі Қамар ад-Дин – Жетісуды, Енке төре – Іле мен Тарбағатайды биледі.

Осыны пайдаланған Әмір Темір XIV ғасырдың 70-80-жылдары Моғолстанға оншақты рет шапқыншылықтар жасайды. Қызыр Қожа хан (1385-1399 жж.) өзін Темірдің вассалы деп мойындайды. Қызыр Қожаның ұлы Мұхаммед хан тұсында (1408-1418) елдің жағдайы біраз нығайды. Оның кезінде Моғолстанның Темір тұқымынан тәуелсіз болуға қолы жетеді. Біраз уақыт өзара қырқыс пен талас-тартыс толастайды. Мемлекетті бір орталыққа бағындыру үшін Мұхаммед хан исламды енгізуге күш салады.

XV ғ. 1-жартысында Моғолстанға ойраттар шапқыншылығы жиіледі. Уайс хан (1418-1428) ойраттарға батыл қарсылық көрсетті, олармен ұзақ соғыс жүргізді. Ол өз ордасын Тұрфаннан Ілебалық деген жерге көшіруге мәжбүр болады. Уайстың баласы Есен Бұға хан (1433-1462) XV ғ. 30-жылдарының басында өкімет билігін иеленді. XV ғ. 50-жылдарының аяғында Батыс Моғолстанға Жәнібек пен Керей бастаған тайпалар көшіп келді. Моғолстан ханы Есен Бұға оларға жер бөліп берді. Мұндағы Есен Бұғаның мақсаты:

- қазақтарды ойраттарға және Темір әулетіне қарсы әскери күш ретінде пайдалану;
- қарсыласы Әбілқайыр мен інісі Жүніске қарсы қою.

Жүніс хан тұсында (1462-1487) мемлекет жағдайы біраз нығаяды, бірақ ол 1472 жылы Жетісуға шабуыл жасаған ойраттардан жеңіліп қалады. Жүнісханның баласы сұлтан Махмұт хан (1487-1508) Жетісуда және Сырдария қалалары үшін қазақ хандарымен соғысады. Моғолстан билеушілерінің ең соңғысы Жүніс ханның немересі Сейітхан 1514 жылы Қашғарияны басып алып, Шығыс Түркістанда

Моғолия атты жаңа мемлекет құрады. Жетісудағы қазақ рулары мен тайпалары 60 ж. бастап Қазақ хандығының құрамына енеді.

Сөйтіп, XVI ғ. басында феодалдық өзара қырқыстар, халық наразылығының жиілеуі және олардың Қазақ хандығына барып қосылуы салдарынан Моғолстан ыдырап, жеке мемлекет болып өмір сүруін тоқтатты. Моғолстан Қазақ хандығының құрылуына және қазақтың өз алдына жеке халық болып қалыптасу барысын аяқтауына территориялық тірек, саяси-экономикалық негіз болды.

Әбілқайыр хандығы. XV ғ. 20-жылдарында Қазақстанның орталық, батыс және солтүстік-батыс аймақтарында тәуелсіз феодалдық иеліктер пайда болды. 1428 жылы Шайбан ұрпағы Әбілқайыр (1428-1468) осы аймақтардағы билікті қолына алды. Ол Сырдария бойындағы қалалар мен Хорезм үшін Темір ұрпақтарымен ұзақ соғысты. Шығыс Дешті-Қыпшақтың бытыраңқы тайпаларының басын қосып «Көшпелі өзбектер мемлекетін» құрды.

Әбілқайыр хандығының территориясы батысында Жайықтан бастап, шығысында Балқаш көліне дейін, оңтүстігінде Сырдарияның төменгі жағы мен Арал өңірінен солтүстігінде Тобылдың орта ағысы мен Ертіске дейінгі ұлан байтақ жерді алып жатты. Астанасы – алғашқыда Тура, 1431 жылдан Орда-Базар, 1446 жылдан Сығанақ. Халқы – өзбектер деп аталған түрік тайпалары (қыпшақтар, қоңыраттар, наймандар, маңғыттар, қарлұқтар, қаңлылар, үйсіндер, т.б.). Елді 40 жыл билесе де, Әбілқайыр хан мемлекетінің ішкі саяси жағдайын тұрақты ете алмады. Мемлекет бір орталықтан басқарылмай бірнеше иеліктерге бөлініп, оларды Шыңғыс әулетінің билеушілері басқарып, олардың арасында билік үшін толассыз соғыстар тоқтамады.

Әбілқайыр хан өз билігін нығайтып, жаңа жерлер қосып алу үшін көптеген соғыстар жүргізіп, 1430 жылы Тобыл өзені бойында Шайбани ұрпағы Махмұт Қожаханды жеңді, Хорезмді басып алып, Үргенішті талқандады. Сырдария өңіріндегі далада Жошы әулетінің Махмұд және Ахмет хандарын жеңіп, Орда-Базар қаласын тартып алды. 1446 жылы Мұстафа ханды тізе бүктіреді. Сырдария бойындағы Сығанақ, Созақ, Аққорған, Өзгент, Аркөкті жаулап, Сығанақты астана етті.

XV ғ. 50-жылдары Самарқанд, Бұхарды шабуылдап, осы өңірдегі Темір ұрпақтарының ішкі саяси өміріне араласты. Бірақта 1457 жылы Өз Темір бастаған ойраттардан Сығанақ түбінде жеңіліп, онымен өзін қорлайтындай ауыр шарт жасасты. Бұл жағдай Әбілқайыр ханның саяси беделін төмендетті. Нәтижесінде XV ғ. 50-жылдарының аяғында Көшпелі өзбектер мемлекетінен Жәнібек пен Керей сұлтандар баста-

ған халықтың бір тобы Моғолстанға көшіп кетті. Оларды жазалау үшін 1468 жылы Әбілқайыр хан Моғолстанға жорыққа аттанып, жолда кенеттен қайтыс болды. Осыдан кейін Әбілқайыр хандығы ыдырап кетті.

Әбілқайырдың мұрагері Шайх-Хайдар хан ішкі тартыста өлтірілді. Ал Әбілқайырдың немересі Мұхаммед Шайбани (1470-1510) қазақ хандарымен Сырдария мен Қаратау аймағындағы қалалар үшін ұзақ соғыс жүргізді. Қазақ хандығы құрылғаннан кейін Әбілқайырдан тараған Шайбанилер ұрпағының Шығыс Дешті-Қыпшақтағы билігі бітеді. Бұл жерлердегі билік қазақ хандарына толық көшті. XVI ғ. басында көшпелі өзбектердің бір бөлігі Шайбанилердің бастауымен Мәуераннахрға көшіп кетті. Ондағы Темір ұрпақтарының билігінің әлсірегенін пайдаланып, Шайбанилер Орта Азиядағы өкімет билігін тартып алды. Қазақстан жерінде қалған тайпалар Қазақ хандығының қол астына қарайды.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Алтын Орда мемлекетінің бытыраңқылыққа ұшырау себептерін атаңыздар және оларға сараптама жасаңыздар.

2. Алтын Орда мемлекетінің Түркі халықтарының тарихында алатын орнына баға беріңіздер.

3. Моғолстан хандығының территориясында қандай халықтар қалыптасты?

4. Ақ Орда мен Мағолстан хандықтарының мемлекеттік құрылыстарындағы ұқсастықтар мен өзгешіліктерге сипаттама беріңіздер.

5. Әбілқайыр хандығының ыдырауына себепші болған факторларды атаңыздар.

IV тарау

ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТҮРКИЯ ТАРИХЫ

1. Ежелгі дәуірдегі және ерте орта ғасырлардағы Түркия

Кіші Азиядағы Рим мен Византияның үстемдігі. Кіші Азия б.з.д. 546-жылдан бері Парсы империясының қол астында болды. Александр Македонский б.з.д. 334-жылғы жорығында Анадолыны парсылардың қолынан алды. Ол б.з.д. 323-жылы опат болған соң оның империясы генералдары арасында бөліске түсті. Рим Республикасы б.з.д. 190-жылы Селеукостарды жеңген соң Анадолыда Рим үстемдігі басталды.

Рим корольдігі б.з.д. 753-жылы құрылды. Б.з.д. 510-27 жылдар арасында Римде республика кезеңі орын алды. Бұл мемлекет б.з.д. 27-б.д. 476-жылдарда Рим Империясы болып аталды. Батыс Рим империясы құлаған 476 жылдан бастап, Шығыс Рим империясы тарих сахнасында қала берді. Рим империясының территориясы ең көлемді болған шағында 6 миллион шаршы шақырымға жетіп жығылды. Б.з.д. 129-жылы Анадолыда Римнің алғашқы әкімшілік аймағы Азия аймағы құрылды. Бұдан соң Киликия, Битиния, Понтус-Битиния, Галатия, Кападокия, Лидия-Памфилия әкімшілік-аймақтары құрылды. Император Августус (б.з.д. 27-б.з.14) тұсында Анадолы байи түсті. Император Константин (306-337) өзінің атымен аталатын Константинополис (Ыстамбул) қаласын құрып, Рим империясының орталығын 330-жылы осында көшірді.

Византия жерінде Батыс Римнің ресми тілі латын тілі емес, грек тілі мәдениет тілі болып қалыптасты. Кіші Азияның жергілікті халықтарының бір бөлігі бұл тілді жақын көріп, Византия мәдениетін қабылдады. Византия империясы Анадолыда 1000 жылдай билігін жүргізді. Анадолыны өз қолында ұстап қалу үшін алдымен Сасанидтік Иран, одан кейін Ислам мемлекеттерімен соғысты. 1071-жылы Малазгирт шайқасынан соң Анадолының көлемді бөлігін Салжұқ түріктері алып, жаңа жерде Түркия Салжұқтары мемлекетін құрды. Византияның территориясы барған сайын кішірейе түсті. Ақырында Ыстамбул қаласымен шектеліп қалды. 1453-жылы Осман падишахы Фатих Сұлтан Мехмет Ыстамбулды алып, Византия империясын тарих сахнасынан ығыстырып шығарды. **Сасанидтік Иран.** Иранды 226-651 жылдары Сасанидтер әулеті биледі. Парсы билеушісі V Ардаванды жеңген Ардашир 226 жылы «шаханшах» деген атақпен Иранның билеушісі болып, Иранды басқарды. Осылайша Сасанидтер әулеті

билікке келді. Оның ұлы I Шапур шығысында Бактрия мен Кушанды қол астына өткізді. Одан кейін батысқа Римге қарай жорыққа шықты. Антакьяны талан-таражға салды. Император Валериянусты тұтқынға алды. Сасанидтер империясында манихейзмнің орнығуы үшін барын салды. Бірақ оның ұлы I Бахрам Маниді өлтіртті. II Бахрам (276-293) тұсында римдіктер Сасанидтердің бас қаласы Медаянді алды. Жоғары Месопотамия мен Арменияны өздеріне қаратты. II Шапур (309-379) қайтыс болғанда Сасанидтер билігіндегі Иран ең өрлеген кезінде болатын. II Йездигерд Византиямен бейбіт келісімдерге келіп, шығысындағы Ақхундармен (Эфталиттер) соғысты. Эфталиттерді жеңген Йездигерд оларды Әмударияның шығысына ығыстырды (443). Алайда Йездигердтің орнына таққа отырған ұлы Фируз Эфталиттерге тұтқынға түсті (469). I Кубат (488-531) Маздек мәзхабын қабылдап, Византиямен соғысып, жеңіске жетті. Оның ұлы Ануширван II Хусреу (531-579) әскери және әкімшілік басқару саласында реформалар жасап, Византиямен соғысты. II Хусреу Византия императоры Гераклиоспен соғысты. 613 жылы Шамды, ал арадан бір жыл өткен соң Құдысты жаулады.

Сасанидтер 615-жылы Анадолыға жорық жасады. 619 жылы Мысырды жаулады. Гераклиос 622 жылы Сасанидтерге қарсы жорыққа шығып, Анадолы мен Армения жерлерін Сасанидтерден қайтарып алды. 626 жылдың басында шабуылдауға шыққан Сасанидтер Ыстамбулға дейін келді. Гераклиос 627 жылы Ниневада Сасанидтердің қолын талқандап, ғасырлар бойы жалғасқан соғысты Византияның пайдасына шешті. 632 жылы III Йездигерд тұсында Иранға қарай арабтар жорыққа шықты. Ислам әскерлері Кадисия (636) және Нехавенд (642) түбіндегі шайқастарда Сасанидтерді жеңді. III Йездигерд шығысқа қарай қашты. Сасанидтердің жерлері Ислам мемлекетінің қарамағына өтті. Осылайша Сасанидтер мемлекеті құлады.

Арабтар оңтүстік шығыс Анадолыда. Хз. Мұхаммед құрған Ислам мемлекетінде оның опатынан соң төрт халифа (Хз. Әбубәкір, Омар, Осман және Али) ел басқарды. 661 жылы мемлекет билігіне келген Муавиядан бастап, Әмәуи кезеңі басталды. Муавия өзіне қарсы келген топтарды жойған соң, жорықтарға шықты. Оның иелігіндегі Сирия әскерлері Византиямен соғысып Анадолы мен Арменияға қарай ілгеріледі. Анадолыға жасалған жорықтардың мақсаты Византияның бас қаласы Ыстамбул болды. 669 жылы Ыстамбул қоршауға алынды. Төрт жылдан соң басталған шабуылдар жеті жылға созылды. Эгей теңізінде Родос, Жерорта теңізінде басқа да аралдар алынды. Кейінірек халифа Абдүлмәлік кезінде де Анадолыда соғыстар жалғаса берді.

Оның ұлы Уәлидтің тұсында Әмәуи мемлекеті әскері күш жағынан әбден нығайып алды. Мемлекеттің шекарасы Түркістаннан Францияға, Анадолыдан Үндістанға дейін созылып жатты. Византиямен жүргізілген соғыстар жеңіспен аяқталды. Билеушінің інісі Мәсләма Анадолыдағы жорықтарды басқарды. Византиямен жүргізілген соғыстарда оңтүстік-шығыс Анадолыдағы көптеген қалалар Әмәуи мемлекетінің қол астына өтті.

VIII-X ғасырларда Кіші Азияға түріктердің келуі. Печенегтер сияқты кейбір түрік топтарының Анадолыға келіп, Византияның қызметінде болғаны баршаға аян. Араб әскерлерінің қол астындағы түрік топтары VIII ғасырдан бастап, Анадолыға келе бастады. Бірақ Анадолының түбегейлі түріктенуі мен мұсылмандануы XI ғасырдағы Салжұқтардың шабуылдарымен қатар басталып, одан кейінгі ғасырларда жалғасты.

Иран, Хорасан және Әзербайжанда енді мұсылмандықты қабылдаған түріктер Ирандағы Ұлы Салжұқтар мемлекетінің билеушілері тарапынан Анадолыға жіберіле бастады. Салжұқтардың билеушісі Тұғрыл бей кейбір қолбасшыларын Анадолыға жорыққа жіберді. Өзі де жорықтарға қатысты. Алып Арслан Анадолыда Ани және Карс қалаларын алды. 1071 жылы Алып Арслан Византия императоры Роман Диогенді Малазгирт шайқасында күл талқан етіп жеңген соң, Анадолы түрік жорықтарына ашылды. Салжұқ қолбасшылары бірнеше жыл ішінде Анадолының ауқымды бөлігін алып, 1075 жылы орталығын Изник қаласы етіп, Түркия Салжұқтары мемлекетін құрды. Бұл мемлекет Ирандағы Ұлы Салжұқтар мемлекетіне қарады.

Кіші Азиядағы этникалық процестер. Анадолы өте көне дәуірлерден бері қоныстар орналасқан аймақ болғандықтан, мұнда алуан түрлі этникалық топтар өмір сүрді. Оңтүстік-шығыс Анадолыда Урфа Гөбеклиде қазіргі күннен он екі мың жыл бұрынғы қоныс пен ғибадатхана табылды. Анадолыда үстемдік құрған Хеттер, Ассириялықтар, Фригия, Лидия, Иония, Урарту, Парсы, Рим және Византия биліктері тұсында бұл аймақта өмір сүріп, өз мәдениеттерінің ізін қалдырды. Византия мемлекетінің үстемдік құрған кезінде бұрынғы мәдениеттерден қалған этникалық топтар Христиандық пен грек тілінің ықпалында қалып, ассимиляцияға ұшырады да ұрым деп аталатын Анадолының этникалық тобының құрамына кірді. Алайда Армяндар, Сурьяндықтар сияқты кейбір топтар өз мәдениетін сақтап қалды. Түріктер Анадолыға келгендерінде осы этникалық топтармен кездесті. Мұндағы әрбір этникалық топқа ар-ұждан бостандығын беріп, жергілікті халықтың қолдауына ие болды. Византияның діни

қысымынан езілген кейбір діни топтар түріктердің билігін құтқарушы ретінде көрді. Сондықтан да Ұлы Салжұқтар сұлтаны Мәлікшах оған келген Сурьян патриархына «Жеңіске сіздің баталарыңыздың арқасында жеттік!» деген болатын.

2. Ұлы Салжұқтар мемлекетінің құрылуы және дамуы

Салжұқтардың пайда болуы. Көктүрік мемлекеті құлаған соң, түрлі түрік халықтары үстемдік үшін күрес жүргізді. Батыс Көктүрік қағанаты билеген территорияда IX ғасырда Оғыздар мемлекеті құрылды. Оғыздар мемлекетінің жері Каспий теңізінен Балқаш көліне дейін созылып жатты. Салжұқтар мемлекетіне осы атты берген Салжұқтың әкесі Дудак Оғыз мемлекетінде жоғары шенді әскер болды. Салжұқ бей әкесі өлген соң жас кезінде Оғыздар мемлекетінің қолбасшысы болып тағайындалды. Салжұқ бейдің аз ғана уақыт ішінде бедел мен күшке ие болуы Ябғумен арасында кикілжіңдердің туындауы себеп болды. Өміріне қауіп төнгенін түсінген сезген Салжұқ өзін қолдаушылармен бірге Оғыз мемлекетінің астанасын тастап, Сырдария бойындағы Жент қаласына орналасты. Салжұқ бей мен оған сенген жақтастары мұнда мұсылмандықты қабылдады. Оғыздар мемлекеті Жент қаласын өз қарамағында көріп, қалаға салық жинаушы жіберетін. Салжұқ бей «Мұсылмандар мұсылман еместерге салық төлемейді» деп олармен соғысты. Бұдан соң мұсылман емес аймақтарға дін жолында соғысу үшін жорыққа аттанды. Оның бұл әрекеті даңқын арттырды. Жақын аймақтардағы көптеген оғыздар оның маңына жиналды. Салжұқ бей аз уақытта орасан зор күшке ие болды. Бірақ осы әрекеттері кезінде Микаил атты ұлы шейіт болды. Шейіт ұлының екі ұлы Чағры мен Тұғрылдың тәрбиесін Салжұқ өз мойнына алды. Салжұқ бей тұрған аймақта екі мұсылман мемлекет өзара қырқысуда еді. Олар Қарахандықтар мен Саманоғұллары (Саманидтер) мемлекеті еді. Салжұқ бей Саманоғұллары мемлекетіне қол ұшын берді. Ал Саманоғұллары өз кезегінде Салжұқтарға территориясынан жер бөліп берді.

Арслан ябғу, Тұғрыл және Чағры бейлер. Салжұқ бей өмірден өткен соң, лидерлік оның ұлы Арслан Ябғуға өтті. Ғазналы Сұлтан Махмұт Арслан Ябғуды өз мемлекеті үшін қатер төндіретінінен күдіктеніп, оны Үндістандағы бір қамалға қаматты. Арслан Ябғу ол жерден қашып құтыла алмады да, сол қамалда өлді.

Арслан Ябғудан кейін Салжұқтардың билігіне Тұғрыл мен Чағры

бейлер келді. Тұғрыл мен Чағры бейлер біршама уақыт Мауараунахрда тұрақтады. Содан соң Қорасанға келді. Қорасан Ғазналылардың иелігінде еді. Ғазналы Сұлтан Месуттан елінде тұру үшін рұқсат сұрады. Бірақ Ғазналы Сұлтан Месут рұқсат бермеді. Қорасан жерінде Салжұқтар мен Ғазналылар арасында қиян-кескі соғыс болды. Шайқастардың басым бөлігінде Салжұқтар жеңіске жетті. Салжұқтар 1038-жылы Қорасанның орталығы Нишапур қаласын басып алды. Қалада Тұғрыл бейдің атынан құтба оқылды. Осы оқиғадан бастау алып, Салжұқтар өз мемлекетін құра бастады. Әйткенмен Ғазналыларға үстемдіктерін жүргізе алмады.

Данданакан шайқасы және Салжұқтар мемлекетінің құрылуы (1040). Салжұқтарды Қорасаннан ығыстырғысы келген Сұлтан Месут үлкен қол жинап, әрекетке көшті. Екі қол Данданакан қорғаны түбінде бетпе-бет келді. 1040 жылдың мамыр айында болған шайқаста Ғазналы қолына ойсыратқан соққы берілді. Ғазналы Сұлтан Месут өз басын әзер құтқарды. Осылайша бес жылға созылған қиян-кескі соғыс тоқтады. Данданакан жеңісінен кейін Салжұқтар құрылтай жасады. Құрылтайда мемлекетті басқаруға қатысты маңызды шешімдер қабылданды. 1040 жылы Салжұқтар мемлекетінің іргесі қаланды.

Салжұқтар мемлекетінің гүлденуі. Тұғрыл бей мемлекеттің Қорасандағы мәселелерін шешкен соң, батысқа бет бұрды. Кирманды, Иранды және Әзербайжанды өзіне қаратты. Рей қаласын астанасы етіп белгіледі. Одан әрі Бағдатқа аттанды. Аббасидтер халифасын шиі Бүвейхоғұлларынан құтқарды. Халифамен келіссөз жасады. Келіссөз бойынша халифа діни лидер болып қала берді де, Тұғрыл бей саяси лидер болды. Бағдат алынысымен Иракты Салжұқтар биледі. Осы тұста Тұғрыл бей Анадолыға бірнеше қолбасшысы жіберді. Олар Византияға шабуылдады. Тіпті Тұғрыл бейдің өзі де Анадолыға жорыққа шықты. Тұғрыл бей 1063 жылы қайтыс болды. Өз ұлы болмаған соң, орнына таққа Чағры бейдің ұлы Алып Арслан отырды.

Алып Арслан кезеңі (1063-1072): Алып Арслан таққа отырған соң, кейбір көтерілістерді басты. Мемлекеттің құрылымдық жүйесіне өзгертулер енгізді. Грузияны басып алды. Одан әрі Мәлікшаһпен бірге Шығыс Анадолыны жаулауға кірісті. Ани мен Карсты алды. Алып Арслан Анадолыда Ахлат қаласын әскери орталыққа арналдырған соң кері қайтты. Одан соң Афшин, Ахметшаһ, Гүмүш Текин сияқты түрік бейлерінің әскерлері Византияға шабуыл жасап отырды. Түрік шабуылдары кезінде Византияда билік өзгерді. Роман Диоген атты қолбасшы Византия императоры болды. Жаңа император Анадолыдан түріктерді ығыстырып шығаруға кірісті. Бұрын соңды болып көрмеген

үлкен қол жасакталды. 1071 жылдың көктемінде император әрекетке көшті. Осы тұста Алып Арслан Сирияда болатын. Ол жерде Мысыр жорығына дайындалды. Византия әскерінің келе жатқанын ести сала Әзербайжанға келді. Ол жерде дайындық жасап, Малазгирт даласына келді. 26 тамыз 1071 жылы жұма күні болған дала шайқасында түріктер Византия әскерін қырып салды. Византия императоры тұтқынға алынды. Византия әскері көп шығынға ұшырады. Жеңістен кейін Алып Арслан императормен келіссөз жасады. Келіссөз бойынша император Алып Арсланның өтініштерін орындады. Алайда Византия императоры бәсекелестері тарапынан өлтіріліп, келіссөз шарттары орындалмай қалды. Малазгирт шайқасы Византияның қарулы күштеріне орасан зор соққы берді. Түріктерге Анадолының қақпасы айқара ашылды. Алып Арслан осылайша Анадолы мәселесін шешкен соң, мемлекеттің шығысына жорыққа аттанды. Мәуереннахр Салжұк билігіне қарсы бас көтерген қамал басы Алып Арсланды өлтірді (1072). Алып Арслан дүниеден өткенде артында ұлы Мәлікшаһқа кең байтақ мемлекет, жүйелі әскер қалдырды.

Мәлікшаһ кезеңі (1072-1092): Мәлікшаһ кезеңі Салжұқтар мемлекетінің ең жарқын кезеңі болды. Мемлекет шығысында Қарахандықтарды өз бақылауына алды. Мемлекеттік шекара Тәңрі тауларына дейін созылып жатты. Батыста Анадолының үлкен бөлігі басып алынды. Анадолыда Түркия Салжұқтары мемлекетінен бастап, бірнеше түрік мемлекеті құрылды. Бір жағынан Палестина алынып, Сирия түгелдей Салжұқтардың қол астына кірді. Сирияда Мәлікшаһқа бағынышты тағы бір мемлекет құрылды. Осы кезеңде астана Рей қаласынан Исфаһанға көшірілді. Заманының көрнекті мемлекет қайраткері Низамүлмүлк Мәлікшаһтың ақылман-кеңесшісі болды. Ол өз қаламынан туған «Саясатнама» атты шығармасында келешектегі мемлекет басқарушыларына басқару ісінде жол көрсетті. Мәлікшаһ 1092-жылы жас шағында өмірден өтті. Мәлікшаһ қайтыс болғанда елдің шекарасы Тәңрі тауларынан Эгей теңізі жағалауына, Кавказдан Үнді мұхитына дейін созылып жатты.

Салжұқтарда фетрет (шым-шытырық) кезеңі. Мәлікшаһтың өлімінен аз уақыт бұрын уәзір Низамүлмүлк те көз жұмды. Екі көрнекті мемлекет қайраткерінің бірінің артынан бірінің қайтыс болуы Салжұқтар мемлекетіне қатты соққы болды. Салжұқтар әулеті мүшелерінің арасында қиян-кескі тақ таласы басталды. Беркярук пен Мехмет Тапар арасындағы тақ таласы бұлардың ішінде ең әсерлісі болды. Тақ таластары мемлекеттің беделінің түсуіне алып келді. 13 жылға созылған тақ таласы мемлекетті саяси, әлеуметтік және

экономикалық жағынан әлсіретті. Беркярук қайтыс болған соң, билік Мехмет Тапардың қолына өтті. Осы кезеңде Еуропадан келген Крест жорықшыларына қарсы Салжұқтар мемлекеті қажетті шараларды жасай алмады. Мемлекеттің бір шама жерлері жауланды.

Санжар кезеңі (1118-1157) және мемлекеттің құлауы. Мәлікшаһ қайтыс болғанда оның ұлдарының бірі Санжар Қорасанда еді. Санжар ағасы Мехмет Тапар өлген соң (1118), ұлы сұлтан ретінде таққа отырды. Мемлекеттің беделін қайта көтерді. Саяси бірлікті қалпына келтірді. Сұлтан Санжардың кезінде мемлекет қайтадан ескі күдіретіне қауышты. Санжар мемлекет астанасын Марыға (Мерв) көшірді. Қарахандықтар мен Ғазналылар қайтадан Салжұқтарға бағынды. Сұлтан Санжар шығыстан келген қара қытайларға да Катван түбіндегі шайқаста ауыр соққы бергенмен жеңіліске ұшырады (1141). Осыған қарамастан мемлекеттің ыдырауына жол берілмеді. Катван жеңілісінен кейін Санжардың басына тағы бір мәселе туды. Ол оғыздар көтерілісі еді. Балх жайылымдарын мекен еткен көшпенді оғыздардың көтерілісі етек алып кетті. Санжар көтерілісшілерді күштеп те баса алмады. Өзі тұтқынға түсті. Үш жыл тұтқында өмір сүрді. Осы үш жыл мемлекетті әбден сансыратты. Қазына талан-таражға салынды. Әлеуметтік жүйе күйзеліске ұшырады. Орталықтың беделі түсті. Бұл оқиға мемлекеттің құлауына ықпал етті. Соңында Сұлтан Санжар тұтқыннан құтылып шықты. Мемлекетті қайта көтеру үшін барын салды. Бірақ ұзақ өмір сүре алмады. Сұлтан Санжар 1157 жылы қайтыс болды. Сұлтан Санжардан соң Салжұқтар тағына ешкім отырмады. Ұлы Салжұқтар мемлекеті ыдырады. Территориясын басқа мемлекеттер өзара бөлісті. Осы мемлекеттердің кейбірі Салжұқтар әулетінің құрған мемлекеттері болды. Салжұқтар әулетінің мемлекеттерінен көп уақыт мемлекетігін сақтап қалған Анадолы Салжұқтарының мемлекеті болды. Түркия Салжұқтарының мемлекеті XIV ғасырдың басына дейін өмір сүрді.

Мемлекеттік басқару ісі. Алғаш түрік-ислам мемлекеттерінде өзінен бұрынғы түрік мемлекеттердегі сияқты мемлекет басқарушы әулеттің ортақ мүлкі болды. Сондықтан да әулет мүшелерінің барлығы да таққа отыру құқығы бар еді. Бұл жағдай ішкі тартысқа және мемлекеттің әлсіреуіне себеп болды. Бұл кезеңде түрік билеушілері көбіне «сұлтан» атағын қолданды. Олардың билеушілік белгілерінің бастылары өз атынан оқылған құтба және шығарылған ақшалары болды. Билеуші өмір сүрген сарайдың мемлекеттік басқаруда маңызы зор болды. Сарайдағы мемлекет қызметкерлері мемлекеттік істерде билеушілерге көмектесіп отырды. Сарайдан соң мемлекеттік басқаруда екінші орындағы құрылым Диван-ы Аля (Ұлы Диван: министрлер

кабинеті) болды. Диванның төрағасы сұлтан болды. Сұлтан қатыспаған жағдайда диванды уәзір басқарды. Диванда мемлекеттік қаржы, мәдениет, саясат және әлеумет мәселелері қарастырылды. Диваннан бөлек елде жергілікті аймақтық басқару болды. Аймақтарда жергілікті билеушімен бірге қазы (сот) және кейбір мемлекет қызметкерлері де жұмыс атқарды.

Қарулы күштері. Орта Азия түрік мемлекеттерінде қарулы күштер мемлекеттің маңызды бөлігін құрады. Түріктер мұсылмандықты қабылдағаннан кейін де қарулы күштердің мәні жойылмады. Түрік-ислам мемлекеттерінде әскери құрылымда ең маңыздысы әскер болды. Бұл дәуірдегі мемлекеттердің ішінде едәуір дамығаны Салжұқтардың қарулы күштері мынадай құрылымдық бөлімдерден тұрды: Ғұлам әскерлері, икта әскерлері, түркімен топтары, тәуелді мемлекеттердің қарулы күштері және еріктілер.

Соғыста қолданылған ең басты тактика «жалған шегініс» немесе «Тұран тактикасы» деп аталатын қоршау әрекеті болды. Малазгирт шайқасында осы тактика қолданылды. Дұшпанмен шайқас басталғанда шегінгенсіп, алдын-ала шайқас алаңына орналастырылған әскери топтар дұшпан әскерлерін қоршауға алатын.

Тілі мен әдебиеті. Түрік-ислам мәдениетінің үстемдік құрған территорияларында араб және парсы тілдері ғылым мен әдебиет тілі болды. Осы екі шығыс тілінің арасында түрік тілі де өз өміршеңдігін сақтап қалды. Билеушілердің сарайында және қарулы күштерде түрік тілі қолданылды. Рәсми іс-қағаздарында араб тілі мен парсы тілі қолданылды. Ислам дінін үйрену мен үйретуде араб тілі қажетті тіл болғандықтан түрік зиялылары араб тілін үйренді.

Араб және парсы тілдері үстем болғанымен түрік тілінде қалам тартқан жазушылар мен әдебиетшілер өсіп жетіліп, әлемдік деңгейдегі жарқын туындылар жазылды. Бұлардың ішінде ең бастылары Қожа Ахмет Ясауидің «Диуан-ы хикмет», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Ахмет Йүгнекидің «Атабетүл Хакайық», Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғатат түрік» атты шығармалары болды. Түрік тілі Мәуереннахр, Қорасан, Әзербайжан және Анадолыда үстемдікке ие тіл болды.

Әлеуметтік және экономикалық жағдай. Түріктердің ішінде оғыздардың басым бөлігі көшпенді болды. Дегенмен қалалар мен ауылдарға қоныстанған отырықшы түріктердің де саны артты. Отырықшылыққа көшкен халық ауылдар мен ірі елді мекендерде егіншілікпен айналысты. Әсіресе Мысыр, Мәуереннахр мен Қорасанда суармалы егіншілікпен айналысты. Қала тұрғындары саудагерлер мен түрлі кәсіпкерлікке бөлінді.

Кезеңнің басты әлеуметтік мекемелері керуен сарайлар мен ауруханалар болды. Бұл мекемелер қаржы тұрғысынан қор жүйесіне құрылды. Бүкіл шығындар қор есебінен төленді. Әлеуметтік мекемелердің ашылуына биліктегі әулет мүшелері мен мемлекеттегі лауазым иелері себепкер болып отырды.

Түрік-ислам мемлекеттерінде экономика үш негізге құрылды: егіншілік пен мал шаруашылығы, өнеркәсіп пен кен өндіру және сауда. Түрік-ислам мемлекеттерінің барлығында дерлік тоқыма ісі және тері өңдеу едәуір өркендеген болатын. Сонымен қатар кен өндіру мен өңдеу де дамыды. Ферғанада түрлі-түрлі кен өңделді. Әсіресе қару жасау дамыды. Сауда да экономиканың басқа салалары іспетті қарқындап дамыды. Түрік-ислам әлемі Жібек жолының басым бөлігін өз бақылауында ұстады. Сауда жолдары бойында қону және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін керуен сарайлар салынды. Қашқар, Балх, Мары, Мәшхат, Рей, Тәбриз сияқты қалалар сауда жолында орналасты. Сондықтан да жылдам дамыды.

Ғылым мен өнер. Ғылым: Түрік Ислам мемлекеттерінде ғылымды дамыту үшін арнайы шаралар ұйымдастырылды. Билеушілер мен мемлекет лауазымындағылар ғалымдарды қорғап, қолдап отырды. Бұл өз кезегінде түрік елдерінде көптеген ғалымдар мен ойшылдардың жемісті еңбек етуіне жағдай жасады.

Салжұқтар медреселері осы дәуірдің басты ғылым және мәдениет орталықтары болды. Медреселердің шығынын қорлар көтерді. Медреселерде Құран, хадис, келям, фыких, араб тілі мен әдебиеті, математика, құқық, қисын, геометрия, астрономия және тарих сабақтары оқытылды. Медреселер дәуірінің ғылыми және философиялық өмірінде елеулі рөл ойнады. Медреселерде тәлім-тәрбие алған көптеген ғалым, діндар және өнер иелері Ислам мәдениетінің дамуына өз үлестерін қосты.

Өнері: Түріктер мұсылмандықты қабылдаған соң, әсіресе сәулет және безендіру өнерінде ерекше дамыды. Өздерінің қалаларында бір-қатар сәулет туындылары тұрғызды. Орталық мешіттер, мұнаралар, көпірлер, медреселер, керуен сарайлар, ауруханалар мен кесенелер салды. Түрік керуен сарайлары мен күмбезді кесенелері өз дәуірінің ерекше үлгілері болды. Осы ғимараттарда миниатюра, көркем жазу мен рельеф өнерлері қолданылды. Бұл дәуір түрік сәулет өнерінің ерекшеліктерінің бірі арқа болды. Салынған ғимараттарда бұдан басқа түрлі жануарлардың мүсіндері де кездесті.

Осы кезеңде түрік музыкасы да қоғам ішіндегі мәнін сақтап қалды. Сарайларда әскери және күнделікті көңіл көтеретін музыка да ой-

налды. Биліктің символдары арасындағы дабыл музыкалық аспаптар тобында өз орнын алды. Сарай мен халық үшін мейрам, той және жеңіс салтанаттарында музыка ерекше орын алды. Бағдатта Тұғрыл бейдің үйлену тойында өзі бастап, бүкіл түрік бейлері ән салып, биледі. Бұл дәуірдің музыкалық аспаптарының ішінде дабыл, үлкен дабыл, сылдырмақ, кобыз, тамбур, сырнай және джура іспетті аспаптар болды.

Тапсырманы меңгеруге арналған сұрқтар мен тапсырмалар:

1. Салжұқтардың Кіші Азияға қарай жылжу себептерін атаңыздар.
2. Данданакан және Малазгирт шайқастарының тарихи маңызы неде?
3. Салжұқтардың үлкен территорияға жетуіне баға беріңіздер.
4. Салжұқ сұлтандарының ішкі саясатына сипаттама беріңіздер.
5. Салжұқтар мәдениеті ерекшеліктерін атаңыздар.
6. Медреселерде қандай дәрістерге ерекше көңіл бөлінді?

3. Анадолыдағы Түріктер тарихы

Анадолы жағрапиясы жержүзінде теңдесі жоқ аймақтардың бірі. Еуропа мен Азия арасындағы көпір тәрізді. Үш жағы теңізбен қоршалған Анадолы әскери, саяси және экономикалық тұрғыдан оңтайлы жерге орналасқан. Осы ерекшеліктеріне байланысты Анадолы тарих бойы көптеген өркениеттердің бесігі болды, Анадолыда қаншама мемлекет құрылды. Бұл жағдай Түркияны көне дәуірлерден қазіргі күнге дейін сыртқы қауіпке ашық ел жасады. Түріктерден бұрын Анадолыға келіп, мемлекет құрып, өркендеген өзге де халықтар хеттер, фригтер, лидтер, урартулар, иондар және римдіктер болды. Рим империясы екіге бөлінгенде Анадолы Шығыс Рим империясының үлесіне тиді. Салжұқ түріктері Анадолыға келгенде Анадолы Византияның билігінде болды. Дегенмен түріктердің Анадолы жеріне аяқ басуы одан да ертерек болғанға ұқсайды. Қилы замандарда әскери мақсатпен Анадолыға келген түріктер жорықтардан кейін елдеріне қайта оралып отырды. Бірақ жорықтардың арқасында бұл жерлерді танып білді.

Анадолыға жасалған алғашқы түрік шабуылдары. Сақтардың Анадолының шығысындағы жерлерде үстемдік құрғаны тарихтан белгілі. Анадолыға жасалған алғаш түрік шабуылы Еуропа ғұндары мемлекеті кезінде болғаны аян. Басық пен Құрсық атты екі қолбасшы тарапынан жасалған бұл шабуылдар IV ғасырдың соңында болды. Кавказ арқылы Анадолыға келген ғұндар Урфа мен Антакьяны қоршады. Содан соң Сирия мен Құдысқа дейін барған ғұн әскерлері келген жолдарымен кері қайтты. Анадолыға ғұндардан соң Сабар түріктері

жорық жасады. Сабарлар билеушілері Болақтың қолбасшылығымен 516 жылы Анадолыға кірді. Сабарлар жорықтарда Кайсери, Анкара және Конияға дейін барды.

Мұсылмандықтың түріктер арасында таралуына байланысты кейбір түріктер Ислам әлемінде қызмет атқарды. Әсіресе Аббасидтер кезінде қарулы күштерге кірді. Аббасидтер мемлекетінің қарулы күштеріндегі түріктер Анадолыға жасалған жорықтарға қатысты. Тіпті Анадолыдағы араб ұйымдарында түріктер қызметке алынды.

Оғыз түріктерінің Анадолыға алғаш жорықтары. Оғыз түріктері Анадолыны Салжұқтар мемлекеті құрылмай тұрып та білетін. Салжұқ бейдің опатынан кейін оның маңындағы түріктер Мәуераннахрды мекен етіп тұрды. Билеушілері Салжұқтың ұлы Арслан Ябғу мен немерелері Тұғрыл, Чағры бейлер болды. Тұғрыл мен Чағры бейлер әрдайым бірге әрекет етті. Ағайынды екеу ақылдасып, Чағры батысқа жорыққа шығатын болды. Чағры бей 3000 әскерімен 1016 жылы жорыққа шықты. Қорасан мен Иранды ұзына бойы басып өтті. Алдымен Әзербайжанда тұрақтаған Чағры ол жерден Анадолыға өтті. Қазіргі Ван көлі маңайынан Қарс аймағына дейін барды. Византиялықтармен, армяндармен шайқасты. Жорықтары сәтті аяқталған Чағры бей үлкен олжамен оралды. Оғыз түріктерінің екінші маңызды жорығы Ұлы Салжұқтар мемлекеті құрылған жылдарда жүзеге асты (1039). Оғыздардың тағы бір тобы бейлері Мансұрдың қолбасшылығында қазіргі Мардин аймағынан Анадолыға кірді. Бір шама уақыт Мардин, Диярбакыр және Ван аймағында тұрақтады. Тұғрыл бей шақырған соң кері оралды.

Бұл жорықтардың оғыз түріктерінің Анадолы және Византияны танып білуіне септігі тиді. Кейінгі жылдарда Салжұқтардың қол астындағы оғыздар Анадолыға жүйелі жорықтарға шығып отырды.

Сұлтан Тұғрыл Бей тұсында Анадолыға жасалған Салжұқтар жорығы. Ұлы Салжұқтар мемлекеті құрылған соң, мемлекеттің шекарасы жылдам ұлғайды. Аз уақыттың ішінде Кавказдар мен Ирак Салжұқтардың қол астына өтті. Осы кезде Анадолы мен Балқан түбегінде үстемдік құрған Византия әлсірей бастады. Салжұқтар бұл жағдайды өз пайдасына қолданды. Анадолы саясатын жылдамдатты. Тұғрыл бей қолбасшыларының бір бөлігін Анадолыға аттандырды. Анадолыға келген түрік әскерлері Византия әскерлерімен шайқасты.

Пасинлер соғысы. Тұғрыл бей Анадолыға үлкен қол жіберді (1048). Бұл қолға өз туысы Ибрахим Йынал қолбасшылық жасады. Жанында Арслан Ябғұның ұлы Құталмыш да бар еді. Түріктердің бұл жорығына қарсы Византия күшін біріктірді. Түрік қолы мен Ви-

зантия әскерлері Эрзурумға жақын орналасқан Пасинлер даласында шайқасты. Византия әскеріне Грузия королі Липарит қолбасшылық етті. Пасинлер шайқасында түріктер византиялықтарды ойсырата жеңді. Түрік қолы көп тұтқын мен олжа алды.

Бұл шайқас Салжұқ түріктерімен Византия империясының алғашқы маңызды шайқасы болды. Шайқастың жеңіспен аяқталуы Византияның алдында Салжұқтардың өздеріне сенім алып келді. Сондай-ақ Византия әлсіреп, түріктердің беделі артты.

Тұңғыл бей Пасинлер шайқасынан соң Византиямен келісім жасағысы келді. Игі ниетінің белгісі ретінде Грузия королі Липаритті құн сұрамай азат етті. Алайда бітімге келу үшін Византияға шарт қойды. Шарт бойынша Византияға Әмәуилер кезінде Ыстамбулда салынған орталық мешітті жөндеуден өткізу, аталған орталық мешітте Тұңғыл бейдің атынан құтба оқыту және Салжұқтар мемлекетіне жылдық салық төлеу жүктелді. Византия императоры бұл шарттардың алғашқысын ғана орындамақ болды. Қалғандарын орындауға үзілді-кесілді қарсы болды. Нәтижеде Византиямен Салжұқтар мемлекетінің арасындағы соғыс жалғаса берді.

Сұлтан Тұңғыл бейдің Анадолы жорығы. 1054 жылы Тұңғыл бейдің өзі Анадолыға жорыққа аттанды. Алдымен Мурадиені алды. Одан әрі Малазгирт қамалын қоршауға алды. Бірақ қамалды ала алмады. Тұңғыл бей қоршауды тастап, солтүстікке қарай жорыққа аттанды. Түрік әскерлері Тержан, Келкит және Чорух аймағына дейін барды. Византия ешқандай қарсылық көрсетпеді. Салжұқ әскерлері көп олжалы болды.

Бұл жорықтарда Салжұқтар Византияны сансыратып, олжалы болды. Енді Византияның қамалдарын алу үшін қоршауға арналған дамыған құралдардың жасалу қажеттілігі туындады. Жорықтың ерекшелігі түрік билеушілерінің Анадолыға алғаш жорығы болуы еді.

Тұңғыл бейдің Анадолы жорығынан кейін Салжұқтардың соғыс қимылдары жалғаса берді. Түрік бейлерінің бір қатары Анадолыға қызметке аттанды. Бейлердің жорықтарының нәтижесінде түрік әскерлері Орталық Анадолыға дейін барды. Осылайша Византияға қысым жасалды.

Сұлтан Алып Арслан тұсында Византияның саясаты. Алып Арслан тұсында да Византияға қысым жасау жалғасты. Билігінің алғашқы жылдарында Салжұқтар сұлтаны өзі жорыққа шықты. Алып Арслан жорықта қасына ұлы Мәлікшаһ пен уәзірі Низамүлмүлкті де алды. 1064 жылғы жорық кезінде күшін екіге бөлді. Бір бөлігін ұлы Мәлікшаһтың қолбасшылығына беріп, Шығыс Анадолыға аттан-

дырды. Екінші бөлігімен өзі Әзербайжандағы соғыс қимылдарына кірісті. Мәлікшаһ Низамүлмүлкпен бірге Шығыс Анадолыда маңызды жерлерді алды. Кейінірек әкесі келген соң, Салжұқтардың күші бірікті. Сұлтан Алып Арслан Шығыс Анадолыда ірі әскери қимылдарға кірісті. Солтүстік шығыс Анадолыға бет алды. Мұнда да Салжұқтар тарихының ең атақты жеңістерінің біреуі жүзеге асты. Византияның Анадолының солтүстік-шығыс бұрышындағы алынбас қамалы Ани Салжұқтардың қол астына өтті. Бұл жеңістен соң Қарстан бастап, аймақта түгелдей Салжұқтар үстемдік жүргізді.

Алып Арсланның бұл жорығынан кейін Ахлат қаласы Салжұқтардың әскери орталығы болды. Мұнда қызметке алынған түрік қолбасшылары жорықтарды жалғастырды. Түрік әскерлері Кония мен Денизлиге дейін ілгеріледі. Тіпті түрік қолбасшысы Афшин бей бір жорығында Эгей теңізіне дейін барды.

Византия империясының қайта күшеюі және салжұқтарға қарсы соғыс қимылдары. Салжұқтардың жорықтары жалғасып жатқанда Византияда билік ауысты. Византияның шебер қолбасшысы Роман Диоген Ыстамбулда таққа отырды. Алдымен мемлекет құрылымын тәртіпке салды. Одан кейін қарулы күштерді нығайтты.

Византия императорының аса маңызды мәселесі Анадолыға жасалып жатқан жорықтарды тоқтату болды. Ол бірден әрекетке көшті. 1068 жылдан бастап, Шығыс Анадолыға бет алды. Роман Диогеннің жорықтары кезінде түрік әскерлерінің шабуылдары жалғаса берді. Бірақ императормен кездеспеді. Салжұқтардың қолбасшылары өте жылдам әрі жоспарлы түрде қимылдады. Негізінен Византия әскерлерінің әрекетінен тыс қалған жерлерге шабуыл жасап отырды. Осылайша әскер шығынына ұшырамай, Византияға соққы беруді жалғастырды. Осы тұста Анадолыға келген Алып Арслан Малазгирт қамалын да алды (1070).

Малазгирт даласы шайқасы және түріктердің Анадолыны мекен етуі. Византияның жаңа императоры түріктерге қарсы түбегейлі шара жасаудың уақыты келгенін ұғынды. Орасон зор қол жинады. Византияның қарулы күштерінің ішінде әртүрлі халықтармен қатар печенектер мен ұздар да бар еді. Византия әскерінің саны ислами дереккөздерге қарағанда 200 мыңға жеткен еді. Византия императоры 1071 жылдың көктемінде қолымен бірге әрекетке көшті. Мақсаты Анадолыны түріктерден тазалап қана қоймай, Салжұқтарға қарасты жерлердің қомақты бөлігін алу болды. Сұлтан Алып Арслан Роман Диогеннің әрекетін естігенде Алеппода еді. Бұл жерден Мысырға жорыққа шығуды жоспарлады. Сұлтан императордың үлкен қолмен

шығысқа жылжып келе жатқан хабарын алысымен тез арада Алепподан Әзербайжанға өтті. Ол жерде соғыс дайындықтарын аяқтады. Шайқасқа тікелей қатысатын 50 мың әскерлік жүйелі қол топтастырды. Сосын Салжұқтардың соғыс қимылдарының орталығы Ахлатқа келді. Роман Диоген Малазгирт қамалын алды да, Малазгирттің шығысындағы далалық алаңға келіп, шайқас үшін әскерлерін орналастырды. Оның артынан Салжұқтар сұлтаны да келді. Шайқастан бұрын Алып Арслан Византия императорына елші жіберіп, бейбіт келісімге келуді ұсынды. Византия императоры ұсынысты қабылдамаған соң шайқасудан басқа амал қалмады. 26 тамыз 1071 жылы жұма күні екі қол шайқасқа кірісті. Алып Арслан Жұма намазынан соң қолын жинап, тарихи сөз сөйледі. Бұл сөзінде «Бұл шайқаста я жеңіп шығамыз, я болмаса шейіт боламыз. Кеткісі келгенге кетуге рұхсат. Бүгін мұнда бәріміздің шеніміз бір. Сұлтан жоқ. Мен сіздермен теңмін», деді. Сұлтанның шынайы сөздерінен соң түрік әскерлері сұлтанның маңына жиналды. Соғыс түстен кейін садақшылардың оқ атысуымен басталды. Түріктердің соғыс тактикасы бойынша алдымен соғыс алаңында тұрған әскерлермен бірге Салжұқ сұлтаны кері шегіне бастады. Византия әскерлері түрік қолын жеңілді деп ойлады. Осылайша Византия әскері қоршауда қалды. Бір шама уақыттан соң, Византия әскеріне шабуыл жасалды. Мұны күтпеген Византиялықтар не болғанын ұғып үлгермеді. Соғыс кезінде Византия әскерінің ішіндегі уздар мен печенегтер Салжұқтардың жағына шықты. Бұл жағдай Византия әскерінің түбегейлі жеңілісіне әкеліп соқтырды. Қиян-кескі шайқас басталды. Византия императоры түріктерге тұтқынға түсті. Кешке жақын шайқас нәтижеленді. Жеңіске Салжұқ түріктері жетті. Византия әскерінің басым бөлігі жойылды. Византия әскерінің қару-жарақтары да олжа ретінде алынды. Византия императоры тұтқында болғандықтан, Алып Арслан онымен жақсы қарым-қатынаста болып, келісім жасап, еліне жіберді.

Жасалған келіссөз бойынша Византия Салжұқтарға соғыс салығы, жылдық салық төлейтін болды. Сондай-ақ Малазгирт, Урфа сияқты қамалдарды Салжұқтарға беріп, қажетті жағдайда әскер жіберетін болды. Бұл келісімшарт күшіне енбеді. Өйткені Роман Диоген Ыстамбулға жол алғанда Византия тағына басқа император отырды. Жаңа император Роман Диогенді жолда тұтқынға алып, көзіне қорғасын құйып, қамауға алды. Малазгирт жеңісімен түрік тарихы жаңа кезеңге аяқ басты. Әлем көз тіккен елдердің бірі Анадолының қақпасы түріктерге ашылды. Бұдан бұрынғы жорықтарда да Анадолыға келген түріктер жорық аяқталған соң кері оралатын. Бұл жеңістен кейін

Анадолыға келгендер түбегейлі орнығу үшін келді. Бұл көштер түріктер үшін «жаңа отан» деген ұғымды қалыптастырды. XII ғасырдан бастап Анадолы «Түркия» деген атпен таныла бастады. Жан-жақтан Анадолыға көшіп келе бастаған түріктер жаңа отанның әртүрлі аймақтарына орныға бастады. Осылайша түріктердің іздерін жаңа отандарына алып келді.

Анадолыға орналасқан түріктер түрлі мемлекеттер құрды. Бұлардың ішінде бастысы Сүлеймен шаһ құрған Түркия Салжұқтарының мемлекеті болды. Анадолыда құрылған түрік мемлекеттері жаңа мәдени орталықтар қалыптастырды.

Түріктердің Византияны әлсіретіп, Анадолыға орнығуы Еуропа мемлекеттерінің наразылығын тудырды. Аз уақыттың ішінде жиналған үлкен крест қолы әрекетке көшті. Олар Анадолы мен Құдысты құтқару үшін Византияға келді. Бұдан соң құрлықтар арасында жүзжылға созылған соғыс басталды.

Анадолыға орналасқан түріктер Салжұқтардан кейін Османлы мемлекетін құрды. Бұл мемлекет әлемде бұрын соңды болып көрмеген үш үлкен мемлекеттің (Рим және Ағылшын империясынан кейінгі) бірі болды. Алып Арслан Малазгирт жеңісінен соң Анадолыдағы бірқатар аймақтарды мықты қолбасшылардың билігіне берді. Бұл қолбасшылардың көбі Малазгирт шайқасына қатысқан болатын. Анадолының түрлі аймақтарына орналасқан бейлер өз бейліктерін құрды. Құрылған бейліктердің ең маңыздылары Салтұқлулар, Меңгүджеклилер, Артуқтулар және Данишмендлилер болды.

Малазгирт жеңісінен соң, Анадолыға келген түріктер осы бейліктердің қол астына кірді. Малазгирт шайқасынан бұрын Анадолы жүйесіз ел болатын. Бейліктер саяси және әлеуметтік жүйені қайта құрды. Анадолыға келген түріктердің басым бөлігі көшпенді өмір сүретін. Бейлік билеушілері көшпенді түріктерді қажетті жерлерге орналастырды. Осылайша Анадолыда жаңа елдімекендер пайда болды. Сонымен қатар бұрынғы елдімекендер де дамып, ұлғая түсті. Түріктер өздері қоныстанған жерлерге ғимараттар тұрғыза бастады. Аз ғана уақытың ішінде Анадолыда түрік мәдениетінің үлгілері пайда бола бастады. Бұл орталықтардың бастылары Эрзурум, Эрзинжан, Кемаһ, Ахлат, Эрзен, Битлис, Диярбақыр, Мардин, Сильван, Харпут, Малаатья, Сивас, Кайсери, Токат, Никсар және Амасья болды. Бұл қалаларда түрлі түрік-ислам сәулет өнерінің туындылары салынды. Осы туындылардан бастысы орталық мешіт, керуен сарай, көпір, аурухана т.с.с. Бұл туындылар Анадолыда түрік мәдениетінің алғашқы материалдық үлгілері болды.

Бейліктердің билеушілері ғылымға көңіл бөліп, ғалымдарды қамқорлығына алды. Бұл ғалымдар өз кезегінде бейлік орталықтарының мәдениет пен ғылым орталығына айналуына себепкер болды. Бұл мемлекеттер түрік мәдениеті мен Ислам дінін Анадолыға алып келді. Осылайша Анадолының түріктердің отанына айналуына және исламдануына үлес қосты.

Түркия (Анадолы) Салжұқтары мемлекетінің (1075-1308) құрылуы. Малазгирт жеңісінен соң Анадолыға келген түрік бейлерінің ең үлкені Сүлеймен шаһ болды. Сүлеймен шаһ Салжұқтар әулетінен шыққан әкесі Құталмыш еді. Ал атасы Салжұқ бейдің ұлы Арслан Ябғу еді. Алып Арслан көз жұмған соң, Құталмышоғұллары Сирияға келді. Мұнда бір шама уақыт қызмет атқарған соң, Сүлеймен шаһ пен оның інісі Мансұр Анадолыға келді. Осы тұста Анадолыға мыңдаған түрікпен әулеті көшкен болатын. Олардың ішінде Орталық Анадолыға орныққандары Құталмышоғұлларының айналасына жиналды. Аз уақыттың ішінде саяси және әскери күшке ие болды.

Сүлеймен шаһтың көшбасшылығындағы түріктер византиялықтармен күресті. Алдымен Кония мен айналасын жаулап алды. Одан әрі Эскишеһир, Биледжик арқылы солтүстікке бет алды. Соңында Изникті де жаулап алған Сүлеймен шаһ қаланы астанасы етіп жариялады да, мемлекет құрды.

Сүлеймен шаһ мемлекеттің құрылымын жүйеледі. Содан соң Византия саясатына көңіл бөлді. Ол Византиядағы тақ таласын пайдаланды. өзіне жақын тақ мұрагерлеріне көмектесті. Нәтижесінде Византия тағына отырған блеушілер Сүлеймен шаһпен жақындасуға мәжбүр болды. 1081 жылы Византиямен жасалған келісім бойынша Салжұқтардың шекарасы Ыстамбул бұғазына дейін созылып жатты. Сүлеймен шаһтың қолбасшыларының бірі Қара Текин Синопты жаулап алды.

Византиямен шекараларын нақтылап алған Сүлеймен шаһ оңтүстікке бет алды. Тарсус пен Антакья сияқты маңызды екі орталықты алды. Сөйтіп, Түркия Салжұқтары мемлекеті Мәрмәр, Қара теңіз және Жерорта теңізі жағалауына дейін барды. Сүлеймен шаһ Антакьядан соң Алеппо қаласын алмақ болды. Бірақ бұл мақсаты Сириядағы Салжұқтармен шайқасына себеп болды. Алеппо түбінде Сирия Салжұқтары сұлтаны Тұтышпен шайқасып жеңілді. Сүлеймен шаһ осы шайқаста мерт болды (1086).

Сүлеймен шаһ опат болғанда Түркия Салжұқтары мемлекеті Анадолыдағы түрік мемлекеттерінің ең күдіреттісі болды. Византия Анадолыдағы территориясының қомақты бөлігін Салжұқтарға

қалдырды. Сүлеймен шаһ өлген соң, Сұлтан Мәлікшаһ Сирияға келді. Аймақты жаңа басқару жүйесіне қарай реттеді. Кері қайтар жолда Сүлеймен шаһтың ұлдарын өзімен бірге алып кетті. Сүлеймен шаһтан соң Түркия Салжұқтары мемлекеті бір шама уақыт билеушісіз қалды. Бірақ мемлекет ыдырамады. Сүлеймен шаһтың орнына оның қолбасшыларының бірі Әбулқасым атты кісі наиб (орынбасар) болып, уақытша мемлекетті басқарды.

Ұлы Сұлтан Мәлікшаһ өлген соң, Сүлеймен шаһтың ұлдары Анадолыға қайта оралды. Ағайындылардың бірі I Қылыш Арслан Изникте әкесінің тағына отырды (1092). Көп кешікпей мемлекетті бұрынғы күдіретіне жеткізді. Әкесінің Византияға жасаған қысымын ол да жасады. Содан соң мемлекет шекараларын шығысқа қарай ұлғайтқысы келді. Сол себепті үлкен жорыққа дайындалды. Малатьяны қоршауға алды. Қоршау кезінде Еуропадан Крестшілердің жорыққа шыққаны туралы хабар келді. Тез арада қоршауды тастап кері қайтты. Осы кезде Крестшілер Ыстамбулға келген еді.

Крест жорықтары. Крест жорықтары – тарихтағы үлкен әскери оқиғалардың бірі. Крест жорықтары – христиан әлемі мен мұсылман әлемінің күресі. Крест жорықтары екі ғасырға (1096-1270) жақын жалғасып жатты. Барлығы сегіз крест жорығы жасалды. Бұл тарихи оқиғаның әскери, саяси және экономикалық салдары болды. Мақсаты Құдыс пен басқа да қасиетті жерлерге үстемдік құрудан тұратын жорықтар біріккен христиан күштерінің жеңілісімен нәтижеленді. Жорыққа қатысқан әскерлер киімдерінің үстіне крест белгісін қойғандықтан «крестшілер» деп аталып кетті.

Крест жорықтарының себептері. Құдыс үш шынайы діннің (Жаһудилік, христиандық және мұсылмандық) қасиетті жері екені мәлім. Христиандықтың туған жері. Сондықтан да христиандар жыл сайын қажылыққа Құдысқа келетін. Қаланың мұсылмандардың қолына өтуі христиандарға ұнамады. Христиан әлемінің Құдыстан кейінгі төрт қасиетті орны бар еді. Олар Антакья, Изник, Ыстамбул және Рим қалалары болатын. Бұл қалалардың ішінде Антакьяны да Изникті де мұсылман түріктер басып алды. Ыстамбулға қатер төнді. Бұл жағдай христиандардың діни намыстарына тиді. Пападан бастап, биліктегі христиандар үгіт-насихат жүргізе бастады. Олар қасиетті жерлерді құтқару үшін ертерек әрекетке кірісу керектігін алға тартты. Халықты жорыққа шығу үшін үгіттеді. XI ғасырдың соңында Византия империясы құлдырай бастады. Салжұқтар Византияның Анадолыдағы жерлерінің көптеген бөлігін жаулап алды. Түркия Салжұқтарының бұғазға дейін жақындап келуі Византияны үрейлендірді.

Византия императоры алғаш рет пападан көмек сұрады. Рим шіркеуі Византия құлдырағаннан кейін қауіптің Еуропаға төнетінінен қорықты. Сол себепті жиналған крест жорықшыларының мақсаттарының бірі Византияны бұрынғы құдіретті қалпына келтіру болды. Тағы бір мақсаттары Орта Шығыста христиан мемлекеттер құру еді. Орта ғасырларда Еуропа халқы кедейліктен көз аспады. Мұсылман әлемі болса, барлық жағынан алғанда өркендеу үстінде болды. Түрлі Ислам елдері сауда, егіншілік және қолөнермен байыған үстіне байы түсті. Түрік-ислам қалаларындағы байлықты батыстық саяхатшылар мақтай мақтай тауыса алмайтын. Крест жорықшылары жеңіске жетсе, жәннатқа кіреміз байымыз деген сенімде болды.

Бірінші крест жорығы. Христиан дінбасылардың бірі Пьер Лермитт өзі жинаған крест жорықшыларымен бірге аттанды. Крест жорықшыларының көбі әскер емес еді. Жұмыссыз жүрген, тонауды мақсат еткен адамдар болатын. Ыстамбулға алғаш крестшілердің осы тобы келді. Византия императоры оларды бір сәт дамылдатпастан Анадолыға жіберді. Алғаш крестшілерді жеңу көп қиынға соқпады. Олар түгелдей дерлік жойылды. Бұдан кейін крест жорықшыларының сан жағынан көп әрі жүйелі қолы Ыстамбулға келді. Византия императоры крестшілермен келісім жасады. Келісім бойынша крестшілер Византияның айрылып қалған жерлерін қайтарып беретін болды. Оның есесіне Византия крестшілерді ас-сумен қамтамасыз ететін болды. Бұдан кейін крест жорықшылары Анадолы жағалауына өтіп, Салжұқтардың астанасы Изникті қоршауға алды. Қылыш Арслан Малатья қоршауынан оралғанда астанасының қоршауда қалғанын көрді. Кейін шегінуге мәжбүр болды. Соғыс дайындықтарын жасап, Эскишехир даласында крестшілерді қарсы алды. Салжұқ қолы аянбай шайқасты. Алайда 600 мыңдай крестшілерді жеңу мүмкін болмады. Салжұқтар уақтылы кері шегінді.

Салжұқтар бұдан кейін крестшілерге оқтын-оқтын соққы беріп отырды. Салжұқтар крестшілерге қарсы Данишмендлермен бірігіп күресті. Сәтті жасалған шайқастар нәтижесінде Анадолы крестшілерден тазаланды. Крестшілердің көпшілігі жойылды. Солай бола тұрғанмен де крестшілердің бір бөлігі Чукурова мен Антакья арқылы Сирияға жетті. 50 мың әскерге дейін азайған крестшілер бірнеше маңызды қалаларды алды. Антакья, Урфа, Траблус, Дамаск және Құдыста крест мемлекеттерін құрды. Осы мемлекеттердің ішінде аса маңыздысы Құдыс крест корольдігі болды (1099).

I Крест жорығы Салжұқтар мемлекетіне қатты әсер етті. Салжұқтар жағалаудағы жерлері астанасынан айрылды. Сонда да Салжұқтар

мемлекеті ыдырамады. Анадолының ішкі аймақтарына ығысты. Жаңа астаналарын Кония етіп белгіледі. Крест жорықтары кезінде көптеген мұсылман мен христиан өлтірілді. Тек қана Құдыста өлтірілген мұсылмандардың саны 70 мыңға жетті.

Екінші крест жорығы. Мұсыл Атабейлер мемлекетінің билеушісі Имадеддин Зеңгі 1144 жылы Урфаны алды. Урфа алынған соң мұндағы христиан мемлекетінің құлауы Еуропада назарылық тудырды. Орта Шығыстан крестшілердің кету қаупі туды. Осы жағдайда Папа әрекетке көшті. Жаңа крест жасағын жинады. Екі үлкен топқа бөлініп келген әскер I крест жорықшыларынан әлдеқайда көп еді. Алғаш келген топқа Герман императоры қолбасшылық етті. Оларды Түркия Салжұқтары сұлтаны Месут Эскишехиір манайында күл талқан етіп жеңді. Аз ғана бөлігі жанын сақтап қалды.

Екінші крестшілер тобына Француз королі қолбасшылық етті. Крестшілерден жапа шеккен жергілікті ұрым халқы олармен күрес бастады. Бір жағынан түріктер, екінші жағынан жергілікті ұрымдықтар крестшілерді әбден титықтатты. Француз королі аз ғана қолымен Құдысқа жетті. Мұндағы крестшілермен бірігіп, Дамаскты қоршауға алды. Алайда қаланы алу мүмкін болмады. Осылайша бұл крест жорығы да мақсатына жете алмады.

Үшінші Крест жорығы. Орта шығыста орналасқан крестшілердің орталығы Құдыс корольдігі болды. Осы тұста Мысырда мемлекет құрған Салахаддин Айюби крестшілермен күрес бастады. Крестшілер Палестина жерінде кері шегіне бастады. Соңында Салахаддин крестшілерді Хаттинде жеңіп, Құдыстан айдап шықты (1187). Құдысты мұсылмандардың алуы Еуропаны дүр сілкіндірді. Папа жаңа крест жорығы үшін Еуропа мемлекеттерінің билеушілеріне үндеу жолдады. Шақыруға Герман императоры, Англия мен Франция корольдері жауап қатты. Герман императоры құрлықтан Ыстамбулға келді. Одан әрі Анадолыға өтті. Мақсаты Сирия мен Құдысқа жету болды. Салжұқтар Акшехир мен Кония түбінде крестшілермен соғысты. Дегенмен олардың Конияға кіруіне кедергі бола алмады. Крестшілермен келісімге келуге мәжбүр болды. Келісімнен соң Герман императоры жорығын әрі қарай жалғастырды. Оңтүстікке бет алды. Бірақ Силифке өзенін кешіп өтіп бара жатқанда суға батып өлді. Билеушілері опат болған соң, Анадолыдағы крестшілер одан әрі ілгерілемей кері қайтты. Англия мен Француз корольдері теңіз арқылы Сирияға келді. Құдысты алу үшін күреске кірісті. Бірақ жорықтары сәтсіздікпен аяқталды.

Төртінші крест жорығы. Үшінші крест жорығынан соң Сирия-

да Айюбилердің ілгерілеуі жалғасты. Антакья мен Триполидегі крестшілерге де қауіп төнді. Папа Сирияда крестшілердің үстемдігін қорғау үшін тағы да іске кірісті. Сондай-ақ Құдысты құтқаруды да ойластырды. Алдыңғы шепте Француздардың бастауымен қимылға көшкен крестшілер 1204 жылы Ыстамбулға келді. Осы кезде Ыстамбулда тақталасы бар еді. Ыстамбулда түнеген крестшілер биліктегі таластан және көтерілістерді сылтауратып қалада қалды. Сосын Византияның билеуші әулетін қаладан алшақтатып, өздері Латын корольдігін құрды. Ыстамбулға орналасқан крестшілер «қасиетті» мақсаттарын ұмытып, 57 жыл Ыстамбулда тұрақтап қалды. Осы жылдар ішінде Византияның астанасы талан-таражға түсіп тоналды. Төртінші крест жорығынан Византия көп зардап шекті.

Басқа да крест жорықтары. Жоғарыда айтылған төрт крест жорығынан басқа тағы төрт крест жорығы жасалды. Бұл крест жорықтарына Венгер королі, Герман императоры және соңғы екі жорыққа Француз королі қолбасшылық жасады. Бұл жорықтарда крестшілер Анадолыдан өтпегендіктен Түркия Салжұқтарына әсер ете қойған жоқ. Десек те крестшілердің соңғы төрт жорығы да сәтсіз аяқталып, батыстықтар мұраттарына жете алмады. Крестшілердің баз біреулері шайқас алаңында енді біреулері жолда аурудан опат болды.

Крест жорықтарының нәтижелері. Крест жорықтары екі жүз жылға жақын жалғасып келді. Жорықтардың ішінде сәттісі алғашқысы болды. Крестшілер жорықтарда үлкен шығынға ұшырады. Дегенмен Құдыспен бірге Сирияның ауқымды территориясына үстемдік құрды. Сондай-ақ мұнда хриситан мемлекеттер құрды.

Крест жорықтарының көбі сәтгіздікпен аяқталды. Бір шама уақыт Орта Шығыста тұрақтап қалғысы келген христиан еуропалықтар соңында жеңіліске ұшырады.

Крестшілерге қарсы аянбай күресіп, соққы берген Салжұқ түріктері болды. Нәтижеде материалдық та рухани да шығынға ұшыраған Салжұқтар болды.

Крест жорықтарына Еуропаның көптеген тектілері мен шенділері (лорд, граф, герцог, ноян, синьор т.с.с.) қатысты. Олардың көпшілігі жорықтарда опат болды. Осылайша Еуропада феодализм әлсіреді. Королдер күшейе бастады.

Жорықтарға дайындық барысында папа жеңіс уәде етті. Өйткені жорықшыларды Тәңірі мен Иса өзі қолдап қорғайтын болды. Алайда жорықтардың нәтижесі уәде етілгендей болмады. Христиандар жеңіліске ұшырады. Жеңіліс папаға сенімсіздікті күшейтті. Крест жорықтары Түркия Салжұқтарының да кері кетуіне себеп болды.

Византияның жылдам құлдырауын баяулатты. Осы жорықтар кезінде христиандар мұсылмандарды таныды. Баз біреулері Ислам дініндегі сүйіспеншілік ұғымына, әділет пен моральдік нормаларына тәнті болып, мұсылмандықты қабылдады.

Крест жорықтарында христиан әлемі Ислам әлемінің ғылым, техника және экономикалық жағын тану мүмкіндігіне ие болды. Мұсылмандардың өмірдің барлық салаларында ілгерілегенін көрді. Христиандар мұсылмандардан үйренген ғылыми, техникалық және экономикалық дамудың жолдарын өздерімен бірге Еуропаға алып кетті. Өз елдерінде бұл жаңалықтарды қолдануға тырысты. Сол себепті Крест жорықтары Батыста мәдениет пен өнердің өрлеуі мен жандануына үлес қосты деуге болады. Крест жорықтарының тағы бір нәтижесі Жерорта теңізіндегі сауданың жандана бастауы. Осыған байланысты Батыста портты қалалар дамып, байлық пен молшылық үстем болды. Портты қалалардың ішінде бастылары Генуа, Венеция, Марсель қалалары болды.

Түркия салжұқтарының өрлеу кезеңі. I Қылыш Арслан. I Крест жорығының тудырған қауіпін Данишмендилермен бірге жойды. Мемлекетті Орталық Анадолыға үстем етті. Крестшілердің қаупінен соң Данишмендилерді басып алып, Малатья қаласын өздеріне қаратты. Оңтүстік шығыс Анадолының көп бөлігіне ие болды. Осы тұста Урфаны қоршауға алды. Бірақ крестшілерден ала алмады. I Қылыш Арслан өз үстемдігін оңтүстікке қарай жайды. Осылайша аймақтағы ең маңызды орталық Мұсыл Қылыш Арсланға қарады. Бұл жағдай Ұлы Салжұқтар мен Түркия Салжұқтарының арасында жауынуға себеп болды. Өйткені Мұсыл Ұлы Салжұқтардың қол астында еді. Ұлы Салжұқтар сұлтаны Қылыш Арсланға қарсы қол жіберді. Ұлы Салжұқтармен Түркия Салжұқтары Хабур өзенінің жағасында шайқасып, Ұлы Салжұқтар жеңіске жетті. I Қылыш Арслан үстіндегі сауытымен бірге Хабур өзенінен жүзіп өтіп бара жатып, суға батып кетті. Әскерлері бытырап кетті (1107).

Шахиншах пен I Месуд. I Қылыш Арсланнан кейін Түркия Салжұқтарының тағы біршама уақыт бос қалды. Көп ұзамай оның ұлдарының бірі Шахиншах Кониядағы таққа отырды. Оның тұсында Данишмендилер Анадолыда үстем болды. Шахиншах тек қана Кония мен оның маңайын биледі.

1116-жылы Салжұқтардың тағына Шахиншахтың інісі Месуд отырды. Месуд билігінің алғашқы жылдарында Данишмендилермен бірге әрекет етті. Данишмендилер мемлекеті құлаған соң, Данишмендоғуларын өзінің қол астына алды.

Сұлтан Месуд Византияға қарсы да күресті. Византиямен болған әртүрлі қақтығыстарда үнемі жеңіске жетіп отырды. Армяндар мен Крест жорықшыларымен шайқасып, жеңіске жетті. Мемлекетінің шекарасын төрт жаққа қарай ұлғайтты. Түркия Салжұқтары сұлтандарының ішінде ұзақ уақыт тақта отырған Месуд болды. 1155 жылы Сұлтан Месуд өмірден өткенде артында жүйеленген мемлекет, мықты қарулы күш және ғимараттарымен көркем ел қалдырды.

II Қылыш Арслан және Мириокефалон шайқасы. Сұлтан Месуд қайтыс болған соң, таққа оның ұлы II Қылыш Арслан отырды. II Қылыш Арсланға әкесінен мықты мемлекет қалған еді. Алайда Түркия Салжұқтарының күшеюі көрші мемлекеттердің мазасын кетірді. Сол себепті Византия империясының бастамасымен бәсеке мемлекеттер бірігіп әрекетке көшті. Бұл бірлікте Византиядан басқа Данишмендли мемлекеті, Мұсыл Атабейлер мемлекеті мен I Қылыш Арсланның інісі Шахиншаһ болды. II Қылыш Арслан мұқият ұстанған саясатымен бірлікті бұзды. Алдымен Византияға жанасып олармен келісті. Одан соң Данишмендли мемлекеттерін түбегейлі жойды. II Қылыш Арслан Анадолыда Византиядан басқа бүкіл ұсақ мемлекеттерді өз туының астына біріктірді. Сөйтіп аймақтағы құдіретті мемлекетке айналды. Түркия Салжұқтарының шекарасы Батыс Анадолыға қарай ұлғайды. Түркімен жорықтары Эгей және Мәрмәр теңізіне дейін барды.

Мириокефалон шайқасы. II Қылыш Арсланның аз уақыттың ішінде күшейіп кететіні Византия императоры Мануел Комненнің ойына кіріп те шықпаған болатын. Император Мануел Комнен соғыс дайындығына кірісті. Үлкен қол жасақтады. Әскерлердің ішінде ұрымдықтардан басқа сербтер, венгерлер мен франктар бар еді. Бұл қол Малазгирттегі Византия әскерлерінен де көп еді.

Византия императоры 1176 жылдың көктемінде Ыстамбулдан жорыққа аттанды. Мақсаты Конияны аып, Түркия Салжұқтарының мемлекетін жою және Анадолыдағы Византияның жерлерін құтқару болатын.

Салжұқтар сұлтаны қалың Византия әскерін кішігірім топтарға бөлінген Түрік қарулы күштерін шабуылдату арқылы әлсіретті. Византия әскері Изник, Эскишехир, Денизли және Чиврил бағытында ілгеріледі. Соңында II Қылыш Арслан әлсіреген Византия әскеріне соңғы соққы беру үшін оңтайлы уақытты күтіп, дайындалды. Ақыры Ялвачқа (Ыспарта) жақын Мириокефалон деген жерде күткен сәті туды. Византия императоры осы жерден Конияға өту үшін ұзын шатқалға кірді. Византия әскерлері шатқалға кіргенде қараңғы түскен болатын. Түрік әскерлері бар күшімен шабуылға көшті. Византия әскер-

лері кенеттен жасалған шабуылда не істерін білмей аңтарып қалды. Византия әскерлері жермен жексен болғанын көрген Мануел Комнен бітімге келуді ұсынды. II Қылыш Арсланның бүкіл шарттары қабылданып, бітім жасалды. Келісім бойынша Византия Түркия Салжұқтарына соғыс салығын төлейтін болды. Бұл соғыс Византияның соңғы жорығы болды. Бұдан кейін Византия қол астындағы жерле рін сақтап қалуға тырысты. Әйтсе де барған сайын кейін шегініп, кішірейе берді. Бұл жеңіс түрік және ислам әлемін батыстан төнген қауіптен құтқарды. Жеңіс Анадолы Салжұқтары үшін тарихи оқиға болды.

Түркия Салжұқтары мемлекетінің өркендеу кезеңі. II Қылыш Арслан Мириокефалон жеңісінен кейін мемлекеттің шекарасын ұлғайтты. Бұдан соң ел басқаруда жаңа жүйе енгізді. II Қылыш Арслан ел басқару ісін он бір ұлына үлестірді. Әрқайсысына Мәлік деген атақ беріп, бір аймақты басқару үшін тағайындады. Түркия Салжұқтары сұлтандарының ішінде атақтыларының бірі болған II Қылыш Арслан 1192 жылы қайтыс болды.

I Ғияседдин Кейхүсреу және Рүкнеддин Сүлейменшаһ. II Қылыш Арслан көз жұмған соң, орнына ұлы Ғияседдин Кейхүсреу отырды. Бір шама уақыт мемлекетті басқарды. Бірақ інілерінің бірі Рүкнеддин Сүлейменшаһ оның билеуіне наразылығын білдірді. Басқарып отырған аймақтан Тоқаттан қолымен бірге Конияға келді. Інісін жеңудің мүмкін еместігін ұққан Ғияседдин онымен келісімге келді. Содан соң Кониядан шығып, Византияның астанасы Ыстамбулға кетті. Рүкнеддин Сүлейменшаһ қабілетті де құдіретті мәлік еді. Алдымен бауырларына өзін мойындатты. Орталықтың күшін қайта орнатты. Шығыс Анадолыға жорық жасады. Эрзурумға барды. Аймақты билеп тұрған Салтұқтар әулетінің билігін жойды. Билікке бір інісін тағайындады. Одан әрі Қарс аймағына барып, Грузиндерге қарсы жорыққа аттанды. Армяндарды да өзіне бағындырған Рүкнеддин Грузиндерге жасалатын жаңа жорықтың дайындығы кезінде көз жұмды (1204). Рүкнеддин Сүлейменшаһтың тұсында Түркия салжұқтары әскери, мәдени және экономикалық жағынан өркендеді.

Рүкнеддин Сүлейменшаһ өлген соң, орнына ұлы III Қылыш Арслан отырды. Бірақ жасы кіші болғандықтан, мемлекет қызметіндегі бұған қарсы шықты. Сарайдағылар келісіп, Ғияседдин Кейхүсреуді Ыстамбулдан алып келіп, таққа отырғызды. Сөйтіп Ғияседдин екінші рет таққа отырды. Орталық Қара теңізге жорыққа шықты. Трабзон мемлекетін жеңді. Бұдан соң Жерорта теңізіне жорық жасады. Бұл жорықтың нәтижесінде Антальяны алып, ең елеулі жетістігіне қол жеткізді. Құрлық пен теңіз саудасына көп көңіл бөлді. Сауда елдің

баюына септігін тигізді. Ғияседдин Кейхүсреу Батыс Анадолыға жа-саған жорығы кезінде қайтыс болды (1211).

I Иззеддин Кейқауыс. Ғияседдиннен кейін ұлы Иззеддин Конияда таққа отырды. Заманының ең құдіретті билеушісі болды. Анадо-лыдағы барлық бейлер мен билеушілерді өзіне бағындырды. Изник Визан-тия мемлекетін өзіне салық төлеуге мәжбүрледі. Орталық Қара теңіз жағалауында Синопты алды. Сөйтіп, Салжұқтар Жерорта теңізінен кейін Қара теңізге де шықты. Ел ішінде саудаға көңіл бөлді. Жол бойындағы қауіпсіздікті қолға алды. Венеция мен Кипр королдіктерімен сауда келісімдерін жүргізді. **Аляаддин Кейкубад.** Аляаддин Кейкубад Иззеддин Кейқауыстың інісі еді. Мемлекет билігіне 1220 жылы келді. Осы тұста Азияда Моңғол шапқыншылары шартарапты жаулап алып жатты. Аляаддин Кейкубад Моңғол қаупінің Анадо-лыға да төнетінін ойлады. Сол себепті әскери шараларға кірісті. Қамалдары жоқ қалаларға қамал салдырды, бар қамалдарды оңдап нығайтты.

Аляаддин Кейкубад Антальядан кейін қаланың шығысындағы Канделор қамалын алды. Бұл қамал Аляаддин сұлтанның құрметіне Аляие (Аланья) деп аталды. Аляиеде кеме жасау шеберханасы құрылды. Шеберханада жасалған кемелер арқылы Жерорта теңізі жағалауының қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Дәл осындай кеме жасау шеберханасы Синопта да бар еді. Мұнда құрылған Қара теңіз флотымен Қырымға жорық жасалды. Суғдақ сауда порты алынды. Сөйтіп, Түркия Салжұқтары мемлекетінің шекаралары теңізді асып жатты. Қара теңіз арқылы сауда дамыды. Салжұқтар сұлтаны Мәңгүджектердің Эрзинжан-Кемах бөлімін жойды. Осы тұста Түркия Салжұқтарымен шектесіп жатқан Хорезмшаһтармен сұлтан достық келісімін жасағысы келді. Барған сайын төніп келе жатқан Моңғолдарға қарсы күш біріктіру үшін Айюбилерді де қосып бірлік құрмақ болды. Алайда Желаледдин Хорезмшаһ Ахлатқа шабуылдап, қаланы жермен жексен еткен соң бірлік жасалмады. Желаледдин Хорезмшаһ Шығыс Анадо-лыны билегісі келді. Бұл жағдай Салжұқтармен Хорезмшаһтардың соғысуына алып келді.

Кейкубад Желаледдин Хорезмшаһпен Яссы Чименде (Эрзурум ма-наында) шайқасты. Аляаддин Кейкубад Желаледдин Хорезмшаһты күл талқан етіп жеңді. Хорезмшаһтар бұл жеңілістен кейін өздеріне келе алмай, мемлекеті ыдырап кетті. Жеңістен соң Аляаддин Кейкубад Эрзурум мен Ахлатты орталыққа бағындырды.

Сұлтан Аляаддин Кейкубад уланып өлді (1237). Оның тұсында Түркия Салжұқтары жан-жақты дамып өркендеді. Елде ғимараттар салынып, сауда мен ауыл шаруашылығы арқылы ел байыды. Осы себепті Аляаддин Кейкубад Ұлы Кейкубад деп аталды.

Көседағы шайқасы және Түркия Салжұқтары мемлекетінің ыдырауы. Аляаддин Кейкубадтан кейін оның ұлы II Ғияседдин Кейхүсреу сұлтан болды. Ғияседдин мемлекет басқару үшін жасы кіші әрі дайындығы жоқ еді. Мемлекетті Садеттин Көпек атты бір бей басқарды. Садеттиннің кезінде әділет жүйесі нұқсан көрді. Соның салдарынан әлеуметтік жүйе бұзылды. Осы кезде шыққан көтеріліс мемлекеттің әлсіреуіне алып келді. Түркімен дәруіші Баба Ысқақ бастаған көтерілісті мемлекет күштеп әзер басты. Шығыс Анадо-лы шекарасына келген Моңғолдар бір шама уақыт Салжұқтарды бақылауға алды. Түркия Салжұқтарының әлсіреуі Моңғолдардың Анадо-лыға бет бұруына себеп болды. Байжу ноян қол астындағы әскерімен Анадо-лыға кіріп, Эрзурумды алды. Ендігі жерде Түркия Салжұқтары мемлекетіне де Моңғол қаупі төнді. Сондықтан да II Ғияседдин Кейхүсреу Моңғолдармен соғысуға шешім қабылдады. Үлкен қол жа-сақтап, Шығыс Анадо-лыға жіберді. Салжұқтар мен Моңғолдардың алдыңғы шептегі күштері Көседағда шайқасты. Салжұқтар жеңіліске ұшырады. Бұдан соң II Ғияседдин Кейхүсреу Моңғолдармен соғысуға қорықты. Сөйтіп Салжұқтардың әскері соғыс басталмай-ақ жеңілді (1243). Моңғол әскері Көседағдан соң, батысқа қарай бет алды. Сивас қаласының күлін көкке ұшырды. Орта Анадо-лыдағы бір қатар қала-ны талан-таражға салып кері қайтты.

Түркия Салжұқтары мемлекетінің құлауы. 1243-жылғы Көсе-дағы жеңілісі Түркия Салжұқтары мемлекетінің құлдырауының бас-тамасы болды. Моңғолдар Салжұқтар әулетінен өз қалауы бойынша сұлтан тағайындады. Уәзірден бастап Салжұқтар мемлекеттің басқару ісіндегі лауазымдыларды тағайындады. Салжұқтар мемлекетіне ауыр салықтар салды. Анадо-лыдағы бай қалаларды тонады. Осының бәрі Салжұқтардың мемлекеттік жүйесінің істен шығуына алып келді.

Салжұқтар Моңғолдарға қарсы Мысыр Мәмлүктері мемлекетінен көмек сұрады. Мәмлүк билеушісі Бейбарыс сұлтан Анадо-лыға келді. Элбистанда Моңғолдарды жеңді. Бірақ Салжұқтар Бейбарыс сұлтан-ға қажетті көмекті бере алмады. Сол себепті Мысырға қайта оралды. Бейбарыс сұлтан Мысырға оралған соң, Моңғолдар Анадо-лыда үс-темдік құрды. Салжұқтар әулеті мемлекеті күйреген үстіне күйрей берді. Соңында 1308-жылы Салжұқ әулетінен II Месуд опат болған соң, Салжұқтар әулеті жойылды. Осы кезде Анадо-лының жер-жерін-де бірқатар түркімен бейлері өз тәуелсіздіктерін жариялады.

Түркия Салжұқтары мемлекетінің түрік тарихындағы орны. 1071-жылдан кейін Анадо-лыда үлкенді-кішілі түрік мемлекеттері құ-рылды. Сондай-ақ Анадо-лыға жүз мыңдаған түркімен көштері келіп

орнықты. Анадолыға келген Құталмышоғуллары Анадолыда ең мықты мемлекеттердің бірін құрды. Анадолының нағыз түрік-ислам өлкесі болуын Түркия Салжұқтары қамтамасыз етті. Түрік халқының тілін, әдет-ғұрпы мен өнерін Анадолыға алып келді. Жаңа түрік отаны Анадолыны Византия империясынан қорғады. Еуропадан келген крест жорықшыларына қарсы аянбай күресті. Осылайша түрік және Ислам әлемін үлкен қауіптен құтқарды. Азияда Моңғол шапқыншылығынан қашқан көптеген түріктердің бас сауғалайтын жері Анадолы болды. Уақыт өте келе Түркия Салжұқтары Моңғолдарға да түрік мәдениетін үйретті. Моңғолдардың көпшілігі олардың арқасында түріктеніп, мұсылмандықты қабылдады. Түркия Салжұқтары өздері билік құрған территорияны түрік-ислам мәдениетіне қарай жүйелеп, дамытты. Ғылымға, ғылым мен өнер адамдарына көңіл бөлді. Осы тұрғыдан алғанда көптеген түрік даналары Түркия Салжұқтары мемлекетінде қызмет етті. Мәуляна, Юнус Эмре, Ахи Эвран, Қажы Бекташ Уәли сияқты ойшылдар түрік мәдениетінің ірге тасы болды.

Анадолы Бейліктерінің пайда болуы. Византия кері шегінген соң, Анадолыға жүз мыңдаған түркімен көшіп келді. Көштер 1071 жылдан бастап, Түркия Салжұқтары мемлекетінің билік құрған тұсында жалғаса берді. Түркия Салжұқтары мемлекеті көшіп келген түркімендерді шекара аймағына орналастырды. Бұл түркімендердің өз ішіндегі рулық жүйесі өзгертілмеді. Өз бейлерінің билігінде Салжұқтарға бағынды.

Түркия Салжұқтары алғаш даму кезеңінде мемлекет шекарасында әскери құрылым құрды. Бұл құрылым «үш құрылым», (шекара қызметі) деп аталды. Құрылымды басқаратын үш бейлері тағайындалды.

1243 жылдан кейін Анадолы аз уақыттың ішінде Моңғолдардың билігіне кірді. Осының нәтижесінде Шығыс және Орталық Анадолыдағы кейбір түркімен топтары жағалауларға көше бастады. Осылайша Моңғолдардың қысымынан қашуға тырысты. Анадолы Салжұқтары әулетінің әлсіреуі мен құлдырауы кезеңінде саяси биліктің жоқтығында түрік қоғамында ішкі кикілжіндер туындамады. Өйткені Анадолыдағы түркімен бейлерінің әрқайсысы өз иелігіндегі руларын басқара берді. Олардың барлығының басын біріктіріп тұрған Салжұқтар әулетінің құлдырауы түркімен бейліктерінің тәуелділіктен құтқарды. Үлкенді-кішілі мемлекеттер пайда болды.

Басты Анадолы бейліктері. Османоғуллары бейлігі. Османлы бейлігінің негізін салушы Осман бей болды. Әкесі Эртұғрыл Ғазы оғыздардың қайы руынан шықты. Бейлікті құрған қайыларды Салжұқ сұлтаны Аляаддин Кейкубат Византия шекарасына орналастырды.

Салжұқтар әулеті әлсіреп, күйреу жағдайына жеткенде Осман бей тәуелсіздігін жариялады (1299). Бейліктің алғаш орталығы Сөгүт болды.

Осман бей Византияға қарсы үнемі жорық жасап отырды. Қол астына алған жерлерін батысқа қарай ұлғайта берді. Қарахисар, Биледжик, Инегөл және Йенихисар сияқты жерлер Византиядан алынды. Осман бейдің бұл әрекеті Ислам ұстанған кәпірлермен дін үшін соғысу әрекетіне сай келді. Сол себепті де Осман бейге «Ғазы» (соғыскер) деген атақ берілді. Ол Осман Ғазы деген атпен танымал болды.

Османлы бейлігінің ең елеулі жеңісі Бұрса қаласының алынуы болды. 1326 жылы Осман Ғазының ұлы Орхан бей Бұрса қаласын алды. Осы жеңістен соң Бұрса астана болды. Орхан бей тұсында бейлік қарқындап дамыды. Каресиоғулларының жерлері Осман бейлігіне қосылды. Орхан бейдің ұлы Сүлеймен Пашаның қолбасшылығындағы әскерлер Чанаккале бұғазынан Ұрымеліне (Фракия) өтті. Осыдан соң Османлы өркендей бастады. Мәрмәр теңізі жағалауында үлкен бейліктің иесі болды. Бейлік ұлғайған сайын жан-жақтан көш келе бастады. Анадолыдағы көптеген қолы қару ұстаған түркімен Осман бейлігінің туы астына жиналды.

Қараманоғуллары бейлігі. Қараманоғуллары Салжұқтар мемлекетінің әлсіреген шағында пайда болды. Оғыздардың Авшар руынан шықты. Алғаш мекен еткен жерлері Эрменек және Ларенде (Қараман) болды. Бейлікке өз атын берген Қараман Нуре Суфе атты түркімен дәруішінің ұлы еді. Қараманоғлу Мехмет бей бір кезде Конияны алды. Түрік тілін ресми тіл етіп жариялады. Салжұқтардың орталығында үстемдік құрған Моңғол мен парсы мәдениетінің қысымын жоюға тырысты.

Түркия Салжұқтары мемлекеті құлаған соң, Қараманоғуллары Кония аймағына өз үстемдігін құрды. Салжұқтардың астанасын алған соң, өздерін Салжұқтардың мирасқоры деп білді. Анадолыда жаңадан түрік бірлігін құруға тырысты. Османлылар және Мәмлүктермен байланыста болды. Османлы падишахы Йылдырым Баязит 1398 жылы Қараманоғулларын Османлы мемлекетіне қосты. Бірақ Анкара шайқасынан соң Тимур бейлікті қайта құрғызды. Бұдан әрі Қараманоғуллары мен Османлылар арасында саяси және әскери күрес жалғаса берді. Бұл күресте османлылар басым түсті. Соңында бейлік Фатих Сұлтан Мехмет кезінде Османлы мемлекетіне қосылды.

Жандароғуллары бейлігі. Жандароғуллары бейлігі XIII ғасырдың соңында Солтүстік батыс Анадолыда құрылды. Бейліктің негізін салушы Шемседдин Яман Жандар болды. Ол қайтыс болған соң

билікті ұлы Сүлеймен Паша алды. Сүлеймен Паша тұсында бейлік жері ұлғайды. Қастамону мен Синоп іспетті екі ірі орталық бейліктің қол астына өтті. Қара теңіз жағалауына орналасқан бейліктің флоты болды. Осы флот арқылы Генуя мен Венециялықтармен күресті. Саяси және экономикалық жағынан жылдам дамыды. Жандароғуллары бейлігі 1384 жылы екіге бөлінді. Бейліктің батыс бөлігінің орталығы Қастамону, шығыс бөлігінің орталығы Синоп болды. Османлы падишахы Йылдырым Баязит 1392 жылы бейліктің Қастамону бөлігін өзіне қаратты. Синоп жағы Исфендияр бейдің билігінде әрі қарай егемендіктерін жалғастырды. Бейліктің Синоп бөлігін билеушінің атымен байланыстырылып, Исфендияроғуллары деп аталды. Анкара шайқасынан соң Исфендияр бей бейліктің батыстағы жерлерін де биледі. Алайда Османлылар өзіне келген соң, Жандароғуллары кері кете бастады. Исфендияроғуллары көп кешікпей Османлыларға бағынды. Соңында 1461 жылы Фатих Сұлтан Мехмет кезінде Синоп бөлігі де Османлыларға қарады.

Айдыноғуллары бейлігі. XIX ғасырда Измир мен Айдын аймағында құрылған бейлік. Бейлікті құрған Айдыноғлу Мехмет бей. Мехмет бей Тире, Бирги және Салжұқ деген жерлері алып қана қоймай, бір флот құрды. Айдыноғулларының ең мықты билеушісі Мехмет бейдің ұлы Умур бей болды. Умур бей жасаған теңіз жорықтарымен аты шықты. Ол Эгей аралдарына, Мораға жорық жасады. Өзі құрған флотымен Қара теңізге барды. Умур бейден соң бейлік кері кетті. 1389 жылғы Косова шайқасында Айдыноғулларының да қолы бар еді. 1390 жылы Йылдырым Баязит Айдыноғуллары бейлігін Османлы мемлекетіне қосты. Анкара шайқасынан соң Айдыноғуллары бейлігі де қайта құрылды. Айдыноғлу Жүнейд бей бір шама уақыт бейлікті биледі. 1452 жылы Османлылар бұл аймақта үстемдік құрды.

Басқа да Анадолы бейліктері. Каресиоғуллары бейлігі: Караси бей негізін салған Балыкесир мен Чанаккале аймағында құрылған бейлік. Тәуелсіздігін ұзақ уақыт сақтап қала алмады. Орхан бей бейлікті Османлы бейлігіне қосты. Гермияноғуллары: Кютахья аймағында құрылды. Негізін салушы Якуб бей. Бір кездері Османлылармен күресті. II Мұрат кезінде Османлы мемлекетіне қосылды. Ментеше-оғуллары: XII ғасырдың соңында Муула мен Фетхие аймағында құрылды. Негізін салушы Ментеше бей теңізшілікке көп көңіл бөлді. 1424 жылы Османлылардың қол астына өтті. Хамитоғуллары бейлігі: Ыспарта, Эгирдир, Бурдур және Анталья орталықтарында үстемдік құрды. Негізін қалаушы Дұндар бей. Бейлік XV ғасырдың алғашқы жартысында түгелдей Османлыларға қарады. Саруханоғуллары бей-

лігі: Түркия Салжұқтары мемлекетіне келген Хорезмдіктер құрды. Орталығы Маниса, негізін салушы Сарухан бей. Челеби Мехмет тұсында Османлы мемлекетіне қосылды.

Эратна бейлігі: Бейлікті Моңғолдар Анадолыға жіберген Эратна бей құрды. Эратна бей тегі жағынан ұйғыр. Эратнаоғуллары Сивас пен Қайсериде билік құрды. Бейлік басқаруда наиб қызметін атқарған Қады Бурханеддин Ахмет бейлікті құлауға алып келді.

Қады Бурханеддин Ахмет бейлігі: Қады Бурханеддин Ахмет Эратна оғулларын құлатып, олардың жерін иеленді. Қады Бурханеддин тек билеуші ғана емес, атакты ғалым болатын. Өзі өмірден өткен соң, бейлікті Османлылар биледі.

Дұлқадироғуллары бейлігі: Оғыздардың Бозоқ тобынан шыққан. Негізін қалаушысы Қаража бей. Бейлік XIV ғасырдың екінші жартысында құрылды. Мараш, Элбистан және Аданада билік құрды. Ұзақ уақыт егемендігін жоғалтпаған бейлік екі жүз жылдай үстемдік құрды. Соңында Явуз Сұлтан Сәлім бейлікті Османлы мемлекетіне қосты. Рамазаноғуллары бейлігі: Адананың батысы мен Ичел (Мерсин) арасында құрылды. Негізін қалаушы Рамазан бей. Бейлік XVI ғасырдың соңына дейін егемендігін жоғалтпады. Анадолыда жоғарыда аталғандардан басқа да бейліктер құрылды. Олардың ішінде Денизлиде Инанчоғуллары, Бейшехирде Эшрефоғуллары, Афьонда Атаоғуллары, Синопта Перванеоғуллары, Орду мен Бафрада Таджединоғулары бейліктері болды.

Бейліктердің Түрік және Түркия тарихы тұрғысынан маңызы. Түркия Салжұқтарының мемлекеті Көседағ шайқасынан соң әлсіреген болатын. Моңғолдардың қысымымен Салжұқ сұлтандары беделдерінен айрылып қалды. Бұл жағдай Анадолыда әлеуметтік жүйеге ықпал етті. Халықтың өмір сүру салты мен жүйесі бұзылды. Түріктердің болашағына қауіп төнген шақта Анадолының бұрыш-бұрышында бейліктер құрылды. Бұл бейліктердің құрылуы Анадолыдағы түрік халқына үміт берді. Бір кезеңде Анадолы түріктерінің осы бейліктер басын біріктіріп тұрды. Түрік және Түркия тарихында, әсіресе саяси және мәдени тұрғыдан елеулі рөл ойнады.

Анадолы бейліктерінің саяси рөлдері. Түркия Салжұқтары мемлекетінің құлауы Анадолыдағы түрік халқының мемлекетсіз қалуына әкеліп соқты. Дегенмен түрік халқы басқарусыз қалған жоқ. Салжұқтар мемлекетінің саяси орнын түрік бейліктері толтырды. Үлкенді кішілі бейліктердің алғашқылары Анадолының басқа мемлекеттермен шектескен жерлерінде құрылды. Анадолы бейліктері өз қарамағындағы халықтың жаны мен мал-мүлкінің қауіпсіздігін

қамтамасыз етті. Халық арасында кикілжіңнің туындауына мүмкіндік бермеді. Батыстағы бейліктер Византияға қарсы аянбай күресті. Ал Византия қарсы шабуылға шыға қоймады. Тіпті Византиядан жер алынып отырды.

Бейліктердің негізінен Моңғол Илханлы мемлекетіне қарады. Солай бола тұрғанмен де Қараманоғұллары мен Хамитоғұллары сияқты бейліктер Моңғолдарға қарсы күрес жүргізді. Моңғолдар мұндай күрестерді басып отырса да, Анадолы түрік бейліктері жойылып кетпеді. Анадолы түрік бейліктерінің ішінде мықтылары Анадолыдағы саяси бірлікті қамтамасыз ету үшін бір-бірімен күресті. Оладың ішінде Қараманоғұлары мен Осmanoғұлары арасындағы күресте Османлылар басым түсті. Анадолы түрік халқы осы бейліктердің арқасында саяси бірлікті қайта құрды.

Анадолы бейліктерінің мәдени рөлі: Қорасан мен Ирандағы Моңғол қысымы түріктердің баз біреулерін Анадолыға көшуге итермеледі. Көшкендердің арасында көптеген ойшыл, дана, өнер иелері болды. Олар Түркия Салжұқтарының соңғы кезінде бейліктерге келіп жан сақтады. Бейліктерді сақтап қалуға, түрік мәдениетін дамытуға орасан зор үлес қосты. Әрбір бейліктің орталығы ерекше мәдениет орталығына айналды. Анадолы бейліктерінің барлығында түрік тілі ресми тіл болды. Соның нәтижесінде түрік тілі дамып, күшейе түсті. Бейліктер құрылған қалалар тұрғызылды. Бейліктер үстемдік құрған жерлерінде көптеген сәулет туындыларын салды.

Түркия Салжұқтары мен Бейліктер кезіндегі мәдениет пен өркениет. Мемлекет басқару. Түркия Салжұқтарында билеуші бұрынғы түрік мемлекеттеріндегідей тікелей басқарумен айналысты. Таққа Салжұқ әулетінің мүшесі шығатын. Ұлы Салжұқтардағы сияқты билеуші сұлтан деп аталды. Мемлекет басқаруда билеушіге қарайтын маңызды екі мекеме болды. Олар Сарай және Диван еді. Сарайда сұлтанға тікелей қарайтын қызметкерлер болды. Диванда елдің саяси, әлеуметтік және экономикалық істері қаралды. Мемлекеттегі аса маңызды мәселелер диванда немесе қатысушылары көп мәжілісте талқыланды. Талқыланған соң соңғы сөзді сұлтан сөйлейтін. Диван диван мүшелерінен құралды. Диван төрағасы сұлтан болды. Сұлтан болмаған жағдайда уәзір оның орнына төрағалық жасайтын. Түркия Салжұқтары уәзірлері, әсіресе Моңғол шапқыншылығынан кейін мемлекет басқаруда ықпалды бола бастады. Мемлекет аймақтарға бөлінді. Аймақтарға «Мәлік» деген атаққа ие әулет мүшелері немесе «субасы» (қолбасшы) деген атақпен бейлер тағайындалды. Қалаларда әділет істерін қазылар басқарды. Қаланың қауіпсіздігіне қамалдарды

қорғауға қарайтын «диздарлар» жауап берді. Салжұқтар мемлекетінің алғаш астанасы Изник болды. Крест жорықтары кезінде жаңа астана Кония болды. Сонымен қатар Алания мен Қайсери сұлтанның жазда және қыста тұрақтайтын жері болды. Астанадан бастап, елдің бүкіл қалаларында билеушінің атынан құтба оқылатын. Сондай-ақ билеушінің аты басылған ақша қолданылды. Шахзадалардың келешекте сұлтан тағына отыру мүмкіндігін ойлап, олардың білім алуына ерекше мән берілді. Олардың білім алуына жауапты «Атабей» деп аталатын тәжірибелі де білімді кісілер болды. Шахзадалар басқару тәжірибесіне ие болуы үшін аймақтардағы қала басқару ісіне жіберілді. Билеуші көзінің тірісінде шахзадалардың біреуін тақ мирасқоры етіп тағайындай алды. Алайда таққа отырарда бұл жол кепілдік бола алмайтын. Нәтижеде көпшілік қолдаған мықты шахзада таққа отыратын. Түркия Салжұқтары билеушілерінің әділет туралы түсінігіне халық тәнті болатын. Сол себепті Византияның ұрымдарының Салжұқтар еліне көшкен жағдайлары болды.

Әскери жүйе. Түркия Салжұқтарының қарулы күштері көп жағынан Ұлы Салжұқтардың әскери жүйесіне ұқсады. Сарай әскерлері мен иктаа әскерлері қарулы күштердің негізін құрады. Қарулы күштер құрылымы, қару-жарағы және әскери тактикасы жағынан Ұлы Салжұқтардағыдай болды. Қолбасшыларға бей, мәлік, әмір және субасы сияқты атақтар қолданылды. Билеушінің өзі тағайындаған бас қолбасшы бейлербейі деп аталды.

Византия шекарасында бөлек әскери құрылым түзілді. Мұндай құрылымдар ұш деп аталды. Ұш (шекара) әскерлері үшін жеке бейлербейі тағайындалды. Ұш әскерлерінің міндеті бәрінен бұрын елді қорғау болды. Сондай-ақ ұш әскерлері оқтын-оқтын шекарадан шабуылға шығып тұрды. Түркия Салжұқтарының әскеріндегі бір ерекшелік құрамында христиандардың да болуы еді. Христиан әскерлер қызметі үшін ақша алатын. Олардың сандары онша көп болмады. Түркия Салжұқтарының қарулы күштеріндегі тағы бір өзгешелік теңіз күштерінің пайда болуы еді. Синоп пен Аланияда теңіз әскері бірліктері құрылды.

Мемлекеттік басқаруда болсын, қарулы күштер құрылымында болсын бейліктер Түркия Салжұқтарын өздеріне үлгі ретінде алды. Әр бейлікте сарай, диван және әскер құрылымдары болды. Оларды басқарып отырған бейлер Салжұқ сұлтандары қолданған билік белгілерін қолданды.

Әлеуметтік және экономикалық жағдай. Анадолыда қоғамдық құрылым Ұлы Салжұқтар мемлекетіндегі құрылыммен бірдей бол-

ды. Халықтың бір бөлігі көшпенді, ендігі бір бөлігі отырықшы өмір сүрді. Көшпенділер қой, сиыр, ат және түйе шаруашылығымен айналысты. Көшпенділердің мүлкі малдан тұрды. Көшпенділер жазда солтүстікке, қыста оңтүстікке көшті. Қалада тұратындар егіншілікпен, саудамен айналысты. Негізгі қолөнер түрлері темір ұсталығы, бақыр (мыс) ұсталығы, ағаш ұсталығы, ер-тоқым ұстасы, тоқу өнері, кілем мен алаша тоқу болды. Барлық кәсіп иелерінің «Ахи бірліктері» деп аталатын ұйымдары болды. Ахи бірліктері кәсіп және өнер иелеріне білім беріп қана қоймай, оларды бақылап отырды. Кәсіпкерлер бірлігі деп атауға болатын бұл ұйымның бір қатар ережелері болды. Дүкен не болмаса шеберхана ашу, көмекші, ұста тәрбиелеу осы бірліктің қарауында болды.

Пікір, тіл және әдебиет. Түркия Салжұқтары мемлекеті сауда жолы бойына орналасқандықтан бай елге айналды. Бұл байлық елдің мәдени дәрежесін де көтерді. Елдің маңызды қалаларына мәдениет орталықтары құрылды. Бұл мәдениет орталықтары медресе, текке және завие (діни сопылық құрылымдар) сияқты ғимараттар еді. Мұнда біліп алып, өсіп жетілген ғылым, дін және пікір адамдары елдің мәдени өмірін өркендетуге үлес қосты.

Түркия Салжұқтары мемлекетінің сұлтандары даналар мен өнерпаздарды қамқорлығына алды. Белгілі күндерде сарайда жиналып, ғылыми сұхбаттар мен пікірталастар ұйымдастырды. Мұндай сұхбаттар мен пікірталастарда ой тастауға еркіндік берілді. Данышпандар, өнерпаздар мен ойшылдарды қорғау Анадолыға көптеген мәдениет қайраткерлерінің келуіне себін тигізді. Ғалымдар мен өнерпаздардың көбі араб және парсы тілдерінде жазды. Мемлекет ресми іс-қағаздарында парсы тілін қолданды. Диванда (министрлер кабинеті) құжаттар араб тілінде жазылды. Дегенмен билеуші, сарайдағылар, әскерлер мен қарапайым халық түрік тілінде сөйледі. Араб тілі мен парсы тілі әлемнің көне әрі дамыған тілдері еді. Ислам мәдениетінің етек алуы осы екі тілдің одан әрі дамуына жағдай жасады. Түріктер мұсылмандықты қабылдағанда бұл екі тіл Ислам мәдениетінің маңызды бөлігін құрады. Сондықтан да мұсылман түріктерде араб және парсы тілдері кең қолданысқа ие болды. Солай бола тұрғанмен де түрік тілі қолданыстан шығып қалған жоқ. Түрік тілі барған сайын күшейе түсті. Оғыздар Анадолыда түрік тілінің үстемдігін қамтамасыз етті. XII ғасырдың соңына қарай түрік тілі мемлекетте басымдық көрсетті. Бейліктер кезеңінен бастап, ресми және азаматтық салада қолданылатын бірінші дәрежедегі тілге айналды. Халық арасында

түрік тілінде ауызша әңгіме баяндау дәстүрі жалғаса берді. Олардың ішінде Батталғазы мен Данишмендғазы дастандары түрік тілінде жазбаға түсірілді. Түрік тілінің мәртебесінің жоғарылауында Түркия Салжұқтары халқы мен бейліктердің үлесі зор екені шүбәсіз.

Түркия Салжұқтары мен бейліктер кезеңінде әлемдік деңгейде ғалымдар, ойшылар мен өнер адамдары жетілді. Бір жағынан Мевляна сопылық шығармаларын парсы тілінде жазды. Екінші жағынан Юнус Эмре Анадолы халқына түрік тілінде өлеңдер жазды. Мевляна шығармаларында дін, моралдік норма, сүйіспеншілік пен әділет тақырыптарын жырлады. Ал Юнус Эмре болса, өлеңдерінде Аллаһ, адам және табиғатқа деген сүйіспеншілікті жазды. Осы екі ақын Моңғол шапқыншылығы кезінде түрік халқына үміт берді. Осы екі ұлының ықпалы ұлт ішілік болудан шығып халықаралық аренаға шықты. Бұлардан басқа Қажы Бекташ Уәли, Ахи Эвран, Шейх Эдебали, Ашық Паша, Сүлеймен Челеби мен Қажы Байрам сияқты ойшыл-ғалымдар Анадолы түрік халқының көңілінде орын тапты. Түрік қалжыңының әлемдік деңгейдегі бейнесі Насреддин Қожа да осы кезеңде өмір сүрді.

Бейліктердің ішінде Османоғулары, Қараманоғулар, Айдын-оғулар мен Жандароғулар мәдениет қайраткерлерін қорғап қолдап отырды. Сол себепті бейліктердің орталықтарында ғылым мен өнер өркендеді.

Өнері. Анадолыға көшкен оғыз түріктері өнер туралы түсініктерін де Анадолыға ала келді. Айналысқан өнер түрлерін жаңа отандарында одан әрі дамыта түсті. Олар сәулет өнері, музыка, бейнелеу өнері, безендіру өнері салаларын дамытты. Әсіресе сәулет өнері ерекше дамыды. Анадолының түрлі аймақтарында керуен сарайлар, ауруханалар (Дарушшифа), монша, кедей-кепшіктерге көмек көрсететін имаретханелер, орталық мешіттер, медресе, көпір, мұнара мен кеме жасау шеберханалары сияқты ғимараттар салынды. Бұл туындылардың бір шамасы бүгінге дейін келіп жетті. Олардың кейбірлері Диярбакыр, Битлис, Силван, Малатья, Қайсери мен Дивригидегі орталық мешіттер, Кония мен Нигдедегі Аляаддин орталық мешіттері, Кония Қаратай медресесі, Жіңішке мұнаралы медресе, Афон Чай медресесі, Қыршехир Джаджа бей медресесі, Диярбакыр Зинжирие медресесі, Ыспарта Эртокуш медресесі, Эрзурум қос мұнаралы медресе, Қайсери және Ақсарай маңындағы Сұлтан хандары, Қайсери мен Сиваста ауруханалар, Аланьяда Қызыл мұнара, сондай-ақ Маниса орталық мешіті мен медресесі, Салжұқ Иса бей орталық мешіті, Милас Фируз бей мешіті, Кютахья Якуп бей имареті, Қараман Хатуние медресесі бейліктер кезеңінде салынған өнер туындылары үлгілері.

Сәулет туындыларындағы безендіру өнері бай өрнектерімен көзге түседі. Хат (көркем жазу стилі), миниатюра, рельеф сияқты безендіру өнерінің түрлері қазіргі таңда үлгілері көптеп кездеседі.

Түркия Салжұқтары кезеңінде теңіздерге шығу I Ғияседдин Кейхүсреу тұсында жүзеге асты. Сұлтан таққа шыққан соң, Синопқа жорыққа аттанды. Трабзон ұрымдарын жеңіп, Орталық Қара теңіз жағалауында тарапсыз территория жасады. Бұдан кейін Антальяны алды. Иззеддин Кейқауыс Синопты Салжұқтардың қарамағына алды. Осылайша Қара теңіз бен Жерорта теңізінде екі маңызды портты қала түріктердің қол астына өтті. Салжұқ түріктері екі аймақта да кішігірім флот құрды. Аляаддин Кейқубат тұсында теңізшілік үлкен маңызға ие болды. Жерорта теңізі жағалауында Аланья, Қара теңіздің солтүстігінде Кефе, Суғдак порттары теңіз күшімен алынды. Аляаддин Кейқубат Аланьяда кеме жасау шаберханасын құрды. Осылайша Жерорта теңізі флоты да күшейтілді.

Түрік теңіз күштерінің күшеюі теңіз арқылы сауданы да дамытты. Мысыр, Палестина, Кипр, Византия мен Еуропа елдері арасында теңіз саудасы өркендеді.

Чака бей. Оғыз түріктерінен шыққан Чака бей жас кезінде Византияға тұтқынға түсті. Өте ақылды да қабілетті еді. Тұтқында жүргенде Византияда теңізшілікпен қатысты бір талай нәрсе үйренді. Бір жолын тауып тұтқыннан қашып құтылды да, Измир маңайына орналасты. Мұнда өзі шыққан рудың көмегімен бейлік құрды. Осында жүріп, теңізшілікпен қатысты білгендерін іс жүзіне асырды. Отыз кемеден тұратын флот құрды. Кішігірім флотымен Эгей аралдарына жорыққа шықты. Византияға қарасты Сағыз, Родос, Кос және Сисам аралдарын алды.

Чака бей Эгей теңізінде Византия флотымен шайқасты. Үлкен жеңістерге жетті. Одан әрі өзіне үлкен мақсаттар қойды. Балқан түбегіндегі печенегтермен келісім жасады. Келісім бойынша печенегтер солтүстіктен, Чака бей оңтүстіктен Византияға шабуылдайтын болды. Бірақ печенегтер кенеттен шапқыншылыққа ұшырап, жеңіліп тарап кетті де, Чака бей шабуылды жалғастырды. Жастай опат болып, Византиялар қуанды. Чака бейдің флот құрған 1081 жыл Түрік теңіз күштерінің құрылған жылы болып қабылданды.

Анадолы бейліктерінде теңізшілік. Анадолы бейліктері ішінде теңізшілігі дамыған Айдыноғуллары болды. Айдыноғлу Мехмет бей Измирде флот құрды. Осы флотымен жақын аралдарға жорықтарға шықты. Ұлы Ғазы Умур бей теңізшілікте жетістікке жетті. Ол жасаған жорықтары арқылы кейбір Эгей аралдарын алды. Ол жорық жасап,

Мора түбегіне дейін барды. Мәрмәр теңізі жағалауына да жорық жасады. Умур бей Эгей теңізінде крест жорықшылармен болған шайқаста жеңіліске ұшырады. Сол шайқаста өзі де опат болды.

Эгей теңізі жағалауларында Айдыноғулларымен бірге теңізшілік жасаған бейліктердің бірі Саруханоғуллары болды. Олар Айдыноғулларымен бірігіп, бірнеше жорыққа шықты. Эгей теңізінде Венеция және Византия теңіз күштерімен шайқасты.

Муула аймағында үстемдік құрған Ментешеоғуллары да теңізшілікпен айналысты. Олар бір кездері Родос аралын алғаны мәлім. Ментешеоғуллары да Венециялықтар және Кипр Латын корольдігімен теңізде шайқасты. Исфендияроғуллары, Каресиоғуллары және Османоғуллары да теңіздерге шыққан түрік бейліктері болды.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Кіші Азияға алғашқы келген түркі тайпаларын атаңыздар.*
- 2. Түркілер тарихында Анадолы жерінің алатын орны қандай?*
- 3. Салжұқтар мен Византия қарым-қатынастарына баға беріңіздер.*
- 4. Крест жорығына қарсы күрестегі түріктердің рөлі қандай болды?*
- 5. Салжұқтардың әскери жүйесіндегі ерекшеліктерді атаңыздар.*
- 6. Түріктер тарихындағы Салжұқтардың алатын орны қандай болды?*

4. Орта Азия және Кіші Азияда құрылған басқа да түрік мемлекеттері: Газнауилер, Айюбилер, Мәмлүктер және Хорезмшаһтар

Газнауилер патшалығы. 963-1186 жылдар аралығында Хорасан, Ауғанстан және солтүстік Үндістанда билік құрған мұсылман түрік мемлекеті болып табылады. Мемлекеттің аты бас қала Газнаның атымен аталған. Бұл дәуірде Мәуреннахрдағы түріктердің бір бөлігі Аббасидтер мемлекетінің араб және ирандық қолбасшыларының қарамағында жауынгер болды. Газнауилер мемлекеті Ирандағы Саманидтер мемлекетінің Хорасан аймағындағы әскерлерінің қолбасшысы болған Алып Тегин тарапынан құрылды.

Алып Тегин Саманидтердің таққа талас күресінде өзінің қолдау көрсеткен адамынан айрылып қалғаннан кейін қарамағындағы әс-

кермен Шығыс Ауғанстандағы Газна қаласына шегініп, бұл жерді жаулап алып 963 жылы өз мемлекетін құрады.

977 жылы бұл мемлекеттің билік басына Қарлұқ түріктерінен шыққан Сабұқ Тегин есімді қолбасшы келді. Сол уақыттан бастап мемлекетті соның әулетінен шыққан адамдар басқарды. Сабұқ Тегин мемлекетінің жер көлемін кеңейту мақсатында Ауғанстан мен солтүстік Үндістанға қарай жорықтар жасады. 987 жылы Пешаварға дейінгі аймаққа билік жүргізіп, бұл жерлерге Ислам дінін жайды.

Сабұқ Тегин және оның ұлы Махмуд Саманидтердің жәрдеміне сүйеніп, Хорасандағы көтерілісті басты. (995 ж.) Саманидтердің әміршісі Махмудты Хорасан аймағындағы әскердің қолбасшысы етіп тағайындады Махмуд әкесі өлгеннен кейін бауырымен соғысып, Газнаны жаулап алады. (998 ж.). Махмуд Саманидтер мен Аббасидтердің халифасының арасында туындаған келіспеушілік мәселесінде халифаға жақтасып, өзінің патшалығын күшейте түсті. Саманидтер мемлекеті 999 жылы Қарахан мемлекеті тарапынан құлайды. Саманидтердің қарамағындағы жерлерді Қарахандықтар мен Газневидтер бөліп алады. Махмуд Хорасаннан бөлек Хорезм, Систан сияқты жерлерге де иелік етіп, Гур аймағына жорықтар жасады. Махмуд Үндістанға он жеті рет жорық жасап, бұл жердің Исламдануына атсалысты. Ол 1025 жылы жасаған жорығында үлкен жеңіске жетті. Осы жорықта оның аты Ислам әлеміне кеңінен тарады. Халифа оған сұлтан атағын берді. Махмуд сұлтан Қарахандықтар және Ирақтағы Бұвейхилермен соғысып, көп жерлерге иелік етті.

Махмуд сұлтан 1030 жылы қайтыс болғаннан кейін оның орнына баласы Месуд сұлтан таққа отырады. Месуд сұлтан заманында 1035 жылы Салжұқтар Газневидтердің қол астындағы Хорасанға қоныстанады. Месуд сұлтан Салжұқтарды Хорасаннан шығаруға тырысады, бірақ бұл әрекетінен түк шықпайды. 1040 жылы Туғрул Бей бастаған Салжұқ әскерлері Данданакан шайқасында Газневидтерді тас-талқан етіп жеңеді. Месуд сұлтан Үндістанға барып бас сауғалап, бір жылдан кейін өлтіріледі.

Газневидтер кейінгі жылдарда да Салжұқ әскерлерімен соғысады, бірақ жеңе алмайды. Салжұқ сұлтаны Сенжер 1135 жылы Газнаға дейін барып, Газнауилердің сұлтаны Бехрам Шахты жеңеді. Осы кезде бірте-бірте күшейген Гурлулар Газна қаласын басып алып, күйретеді. Газневидтер ес жиюға әрекет жасайды, бірақ бұдан ешқандай нәтиже шықпайды. Гурлулар 1186 жылы Газневидтер мемлекетін біржолата қиратады. **Айюбилер мемлекеті** – Салахаддин Айюбидің Мысырда құрған мемлекеті. Салахаддин Айюби Мұсыр Атабейлер мемлекетінің

билеушісі Нуреддин Махмұттың қолбасшысы болды. Ол 1171 жылы Мысырға жіберілген әскерде қызметте болды. Нуреддиннің әскері Мысырда жеңіске жетіп, Фатими мемлекетін құлатты. Әскерді басқарған қолбасшы Ширкух Мысырды Нуреддиннің атынан билей бастады. Ширкух өлген соң, басқаруға Салахаддин келді. Салахаддин біраз уақыт Нуреддинге бағынды. 1174 жылы Нуреддин өлген соң, Мысырда ешкімге тәуелсіз билеуші болды да, өз мемлекетін құрды.

Салахаддин Айюби мемлекет құрған соң, Мысырдың шығысындағы жерлерге бет алды. Хиджаз бен Йеменді өзіне бағындырды. Сирияның көп бөлігіне және Солтүстік Иракқа үстемдік құрды. Осы кезде Сирияның бір бөлігінде крест жорықшылары бар еді.

Салахаддин Айюби Сирияда крест жорықшыларымен шайқасты. 1187 жылы Хаттинде крест жорықшыларының күлін көкке ұшырды. Артынша Құдысты алды да, мұндағы Крест корольдігін жойды. Құдыстың алынуы Еуропалық крестшілердің көтерілуіне себеп болды. Англия мен Франция корольдері теңіз арқылы Құдысқа келді. Құдысты қайта алу үшін Салахаддинмен соғысты. Салахаддин олардың бүкіл шабуылдарын тойтарып тастады. Нәтижеде Еуропа корольдері Құдысты қайта ала алмады.

Салахаддин Айюби көзі тірісінде өзі құрған мемлекетті отбасы мүшелеріне үлестірді. Қайтыс болған соң, Айюби мемлекетінің билеушілері арасында келіспеушілік туды. Әр басқарушы өзінің егемендігін жариялады. Үлкенді-кішілі Айюби мемлекеттері құрылды. Бұл мемлекеттердің ең үлкені Мысырда құрылғаны болды.

Мысырдағы Айюби мемлекетін түрік-мәмлүк қолбасшысы Айбей құлатты. Осылайша 1250 жылдан бастап, Мысырда түрік-мәмлүк үстемдігі басталды. Мәмлүктер кейінірек Сирия мен Хиджаздағы Айюби үстемдігін жойды. Жерлерін өздеріне қаратты. Осы аймақтағы бірқатар мәмлүк билігін Салжұқтар мен Илханлылар жойған болатын.

Мәмлүктер. Мәмлүктік Ортағасыр түрік-ислам мемлекеттерінде әскери жүйе еді. Түрік мемлекеттері түрлі түрік халықтарынан жасы кіші балаларды ақшаға жинап, әскери мектептің бір түрі мәмлүк дайындау орталықтарына орналастыратын. Осындай әскери орталықтарға топтастырылған балалар қатал жаттығу, бақылау мен тексеруден өтетін. Әскер етіп дайындалатын бұл балалардың қызметі белгілі жасқа дейін жалғасатын. Мәмлүк болған кісілер құл деп аталатын. Алайда тұтқынға түсіп, бостандығынан және құқығынан айрылған Ортағасырлық құлдармен ешқандай қатысы жоқ еді. Өйткені олардың мемлекет істерінде қабілеті мен жетістіктеріне қарай ең жоғарғы лауазымдарға көтерілу, яғни басқолбасшы болу мүмкіндігі болды.

Айюби мемлекетінде басқа ортағасырлық түрік-ислам мемлекеттеріндегі сияқты мәмлүк жүйесі қолданылатын. Әсіресе Кавказдағы қыпшақ түріктерінен жиналған балаларды мәмлүк етіп дайындады. Айюбилер мемлекеті әлсірегенде мәмлүк қолбасшысы Айбей Айюби билігін құлатты. Артынша Мысырда Мәмлүк мемлекеті деп аталатын мемлекет құрды (1250). Бұл мемлекет өте жақсы дайындалған тәртіпті әскері арқасында аймақта өзін мойындатты.

Мысырда үстемдік құрған Мәмлүктердің үстемдік құрған территориясы Сирияға қарай ұлғайды. Мұнда Моңғол мен крестшілер әскерімен шайқасты. Осы тұста Моңғолдар Бағдатты алып, Аббасидтер халифалығын жойды. Мәмлүк қолбасшысы Бейбарыс Сирияда Айнжалудта Моңғолдармен шайқасып, жеңіске жетті. Ол кезге дейін жеңіліп көрмеген Моңғолдардың жеңіліске ұшырауы әлемге жайылды. Мәмлүк мемлекеті түрік-ислам әлемінің үмітіне айналды. Моңғолдарға қарсы шайқасып, жеңіске жеткен Бейбарыс елінде сұлтан болды. Бағдатта күйреген Аббасид халифалығын Каирде жанадан құрды. Мәмлүк сұлтаны Бейбарыстың күшін Түркия Салжұқтары да пайдаланғысы келді. Моңғолдар жаулаған елдерін құтқару үшін оны Анадолыға шақырды. Бейбарыс сұлтан әскерлерімен Анадолыға кірді. Элбистанда Моңғол әскерлерімен шайқасып, талқандады. Қайсериге дейін келді. Алайда Салжұқ билеушілерінен күткен ілтипатты көрмеген соң еліне қайта оралды.

Бейбарыстан кейін Мәмлүк тағына отырған Қалауын мен Мәликул Әшраф сияқты билеушілер де елді жақсы басқарды. Елдерін Моңғол шапқыншыларынан қорғады. Сирияда қалған крест жорықшыларын елден шығарып, аймақты өздеріне бағындырды. Османлылар мен Мәмлүктердің арасы бастапқыда жақсы болды. Жақсы қарым-қатынастар Османлылардың Мәмлүктермен шекаралас болуына дейін жалғасты. Анадолының бейліктерінің көбін Османлылардың өзіне бағындыруы екі мемлекетті оңтүстікте кездестірді. Фатих Сұлтан Мехметтен бастап, аймақта Османлы-Мәмлүк мемлекеттері арасында бедел күресі шықты. Бұл күрес оқтын оқтын әскери қақтығыстарға барып отырды. Соңында Османлы падишахы Явуз Сұлтан Сәлім 1516 жылы Мысырға жорыққа аттанды. Мерджидабык және Риданиде үлкен жеңіске жетіп Каирге кірді. Мәмлүк билеушілерін ұстап, мемлекетті жойды. Территориясын түгелдей Османлы мемлекетіне қосты (1517).

Мәмлүктердің өздеріне берген аттары «түрік мемекеті» (Дәулетит Түркия) болды. Мықты әскерлерімен Моңғолдарға қарсы төтеп берген бірегей мемлекет болды. Бұл күштерін ұзақ уақыт сақтап келді. Аймақта тыныштық пен қауіпсіздікті сақтаған мемлекет болды.

Хорезмшаһ мемлекетінің құрылуы. Хорезм мемлекеті – Әмудария (Жейхун) өзенінің Арал теңізіне құйған жеріндегі дельтада құрылған мемлекет. Хорезм аймағы тарих бойы маңызды орталықтардың бірі болды. Бұрын бұл аймақтың билеушілерін «Хорезмшаһ» деп атайтын. Тегі түрік Хорезмшаһ әулеті Салжұқтардың билігі тұсында пайда болды. Сұлтан Мәлікшаһтың жеке қызметшісі Ануш Тегін Хорезмнің әкімі болып тағайындалды. Одан соң оның ұлы Құтбеддин Мұхаммед пен немересі Атсыз сол жерде басқарушылыққа тағайындалды. Хорезмге тағайындалғандар «әкім» деген атағы болғанымен Хорезмді жартылай тәуелсіз мемлекеттей басқарды. Сұлтан Санжар тұсында Атсыз көтеріліп, жеке мемлекет құрғысы келді. Алайда Сұлтан Санжардың алдында сәтсіздікке ұшырады. Соңында Салжұқ сұлтанынан кешірім сұрап орнында қалды.

Атсыз қайтыс болған соң, оның орнына ұлы Ил Арслан отырды. Ол таққа отырған соң, арадан бір жыл өткенде Сұлтан Санжар көз жұмды (1157). Нәтижесінде Ұлы Салжұқтар мемлекеті ыдырап кетті. Хорезмшаһтар тәуелсіз мемлекетке айналды. Орталығы Гүргенч болды.

Хорезмшаһтар мемлекетінің өркендеуі. Хорезмшаһтар тәуелсіз болған соң, жылдам ұлғая бастады. Ил Арсланның орнына таққа отырған Аляаддин Текиш Қорасан, Иран және Мәуереннахр үстемдік құрды. Ұлы Салжұқтардың қалған жерлердің ауқымды бөлігін Хорезмшаһтар алды. Хорезмшаһ мемлекеті өздерін Ұлы Салжұқтардың мирасқоры санайтын. Осы кезде Аляаддин Текиш Аббасидтер халифасынан сұлтан деген атақты алды.

Текиштен соң таққа отырған Аляаддин Мұхамметтің сұлтандығының алғашқы жылдарында мемлекетті дамытуды одан әрі жалғастырды. Хорезмшаһтар заманының күдіретті күшіне айналды. Ше-карасы Әзербайжаннан Түркістанға дейін созылып жатқан Хорезмшаһтардың өркендеуін Орта Азия пайда болып, ұлғайған Моңғол мемлекеті тоқтатты.

Моңғолдармен шайқас және Хорезмшаһтар мемлекетінің құлауы. Аляаддин Мұхаммет Моңғолдарға қарсы ақылды саясат жүргізе алмады. Сондай-ақ Орта Азиядағы барлық қарулы күштерді өзіне бағындырған Шыңғыс ханның күшін бағалай алмады. өзіне сеніп, Моңғолдармен шайқасқа кірісті. 1220 жылы Хорезм жорығына шыққан Шыңғыс Ханға қарсы Хорезм қарулы күштері төтеп бере алмады. Хорезм қалалары біртіндеп Моңғолдардың қол астына өте берді. Аляаддин Мұхаммет Каспий теңізінде бір аралға барып жан сақтады, сол жерде қайтыс болды. Ұлы Желаледдин Хорезмшаһ Моңғолдар

жаулаған Хорезм мемлекетінің билеушісі болды. Бірақ Моңғолдарға қарсы аянбай күресе бастады. Моңғол күштерімен бірнеше рет шайқасты. Соңында мемлекеттің батысындағы аядай жерге ие болды. Мемлекетті қайта құрды. Желаледдиннің жаңа құрған мемлекетінің орталығы Тебриз қаласы болды.

Желаледдин Хорезмшаһ Түркия Салжұқтарымен көршілес болды. Осы жақындықты пайдаланып, Салжұқ Сұлтаны Аляаддин Кейкубатпен байланыс құрды. Моңғолдарға қарсы бірігіп, күресу жолдарын қарастырды. Алайда Желаледдиннің Түркия Салжұқтары үшін аса маңызды қаласы Ахлатты басып алуы, Шығыс Анадолыда үстемдік жүргізгісі келуі бұл бірлікті болдырмады. Нәтижеде Хорезмшаһлар мен Салжұқтар Шығыс Анадолыдағы Яссы Чemenде шайқасты. Хорезм күштері тас талқан болып жеңілді (1230). Бұл жеңілістен кейін жағдайы нашарлай түскен Желаледдин өзіне келе алмады. Бір жылдан соң қайтыс болды, Хорезмшаһ мемлекеті жойылды.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Газнауилердың сыртқы саясатына сипаттама беріңіздер.
2. Айюбилер жөнінде қандай аңыздарды білесіздер?
3. Мәмлүктер сұлтаны Бейбарыстың Мысыр тарихында алатын орнына баға беріңіздер.
4. Хорезмшах мемлекеті құрамында қандай түркі тайпалары өмір сүрді?

5. Осман мемлекетінің құрылуы

Осман мемлекеті – түріктердің адамзат тарихында құрған мемлекеттерінің ішіндегі ең ұзақ өмір сүргені. 600 жылдан астам уақыт бойына тарих сахнасынан түспеген бұл мемлекет үш құрлықта үстемдік құрған ірі империя болды. Осман мемлекетінің орналасқан бұрынғы территориясында қазіргі таңда отыз шақты мемлекет бар. Осман мемлекеті ислам өркениетінің мұрагері ретінде адамзат тарихы үшін аса қомақты мәдени мұра қалдырды. Қазіргі Түркия Республикасы Осман мемлекетінің жалғасы болып табылады.

Анадолыға көшіп, жаңа жерлерге қоныс тепкен түріктердің басым көпшілігі Оғыз түріктері болатын. Ұлы Салжұқтар мемлекетін құрғандар да Оғыздардың Қынық руынан шықты. Ал Осман мемлекетінің негізін қалағандар болса, Оғыздардың Қайы руы болатын. Аңыздарға сүйенер болсақ, оғыздар Оғыз қағанның алты ұлынан және олардың балаларынан тараған. Оғыздар 24 рудан тұрған десек, Қайылар осы 24 рудың бірі еді.

Анадолыдағы Салжұқ сұлтаны I Алааддин Кейкубат Анадолыға келген Қайылардың бір әулетіне Византиямен шектесіп жатқан Сөгүт пен Доманич аймақтарын жайлау мен қыстау ретінде берген. Эртұғрыл Бей Сөгүт пен Доманич аймақтарындағы Қайы әулетінің басшысы болатын. Эртұғрыл Ғазы дүниеден озған соң, оның орнына ұлы Осман Бей келді. Осман Бей өз атымен аталатын Осман мемлекетінің негізін қалады. Бұл кезде Византия империясы өзінің бұрынғы күшқуатынан айрылған болатын. Балқан түбегіндегі бұлғарлар мен сербтер Византияға шабуылдап мемлекеттің құлдырай түсуіне әкеліп соқтырған, жергілікті халық ауыр салықтан әбден күйзелген еді.

Балқан түбегінде Византиялықтардан өзге бұлғарлар, сербтер мен албандар мекен етті. Православ-христиан дініндегі балқандықтар католик-венгерлер мен венециялықтардың қол астында болды. Осман мемлекеті Балқан түбегіне қарай шекарасын кеңейте түскен шақта жергілікті қысым мен ауыр салықтардан күйзелген Балқан тұрғындары жаңа билеушілерді құтқарушы ретінде қабылдады. Өйткені Осман мемлекеті олардың дініне араласпаумен қатар оларға әлдеқайда жақсы тұрмыс жағдайын қамтамасыз етті.

Анадолы Салжұқтары мемлекеті 1243 жылы Моңғолдармен соғыста жеңіліс тауып, Илхан мемлекетінің қол астына кірген болатын. Илхан мемлекетіне бағынышты болған Салжұқ мемлекетінің әлсіреуі Анадолыда бірқатар түрік бейліктерінің құрылуына себеп болды. Осман бейлігі де осындай бейліктердің бірі еді.

Анадолыдағы жерлерінің қомақты бөлігінен айрылып қалған Византия империясы территориясы қарқындап түсті. Трабзон Рим Империясының да күшқуаты қалмаған болатын. Мысырда құрылған түрік мемлекеті болып табылатын Мәмлүк мемлекеті Анадолының оңтүстік аймағын өзіне қаратып алған еді.

Осындай жағдайда Анадолыда құрылған түрік бейліктері Анадолы Салжұқтары мемлекетінің орнын баса алатындай саяси бірлік құру үшін күресті. Бұл бейліктердің ішінде Караманоғұллары Моңғол басқыншыларымен соғыс жүргізіп жатты. Ал Гермияноғұллары болса Византиямен соғысып, Анадолының көлемді бөлігіне ие болды. Айдыноғұллары мықты теңіз флотын құрып, Латындармен және Византиялықтармен теңіз арқылы соғысты. Бейліктер кезеңінде Анадолы Орта Азиядан келген түрік көштерімен толыға түсті. Алыперендер деп аталған батыр-дәруіштердің бастауымен Анадолының аймақтары түріктеніп, Исламды қабылдау қарқынды жүре бастады.

Түрік-ислам мәдениеті Анадолыда, одан әрі Ұрымда (Фракияда) үстемдік құрды. Үлкен қалалар салынды. Қалаларда құрылған Ахи-

лер қауымдастығы тұрғындарға рухани және кәсіптік тәлім-тәрбие беріп, қоғамды әлеуметтік тұрғыдан нығайта түсті. Бастапқыда жер көлемі жағынан ең кіші бейлік болып келген Осман бейлігі орналасқан жағрапиялық орнын ұтымды қолдана отырып, аз уақыт ішінде мықты мемлекетке айналды.

Осман мемлекеті соғыс қимылдарының басым көпшілігін өз мойнына алып, басқа бейліктерден көш ілгерілеп, Анадолыда саяси бірлікті қамтамасыз етті.

Осман бей әкесі Эртұғрыл Ғазының өлімінен кейін 1281 жылы бейліктің тағына отырды. Ол ішкі күйзеліске түскен Византияның жағдайын пайдаланып, Византияға шабуылын жалғастыра берді. 1302 жылы Измитке жақын орналасқан Қоюнхисар түбінде Византия әскерін жеңіп, басымдығын көрсетті. Осы жеңістен соң өзге бейліктерден ұрысқа қатысқандар Осман бейдің даңқын естіп, оның қолына келіп қосылды. Осман мемлекеті жеңімпаз мемлекет ретінде өзге бейліктерден көш басы ілгеріледі. 1326 жылы Византиядан Бұрса қаласы тартып алынды. Қала алынған соң, Осман бей дүниеден өтті. Осман бей әкесінен мирас қалған бейлікті мемлекетке айналдырған ірі қайраткері және мықты қолбасшы еді. Осман мемлекеті бұл кезде әліде болса Илханларға тәуелді еді. Алайда өз бетінше әрекет ете алатын күшке ие болатын. Сол себепті Осман мемлекеті 1299 жылы құрылған деген түсінік қалыптасқан.

Орхан бей тұсындағы Осман мемлекеті. Осман бейдің кезінде өз әскеріне қолбасшылық жасай отырып, Бұрсаны жаулап алған болса, Орхан бейдің тұсында жорықтар әрі қарай жалғасын тапты. Бұрса құрылған жаңа мемлекеттің астанасы болды. Орхан ғазының тұсында османдар Қара теңізге бет алды. 1329 ж. Изник қаласын қоршауға алған Осман әскері Византия императоры қолбасшылық еткен қолды күл талқан етіп, жеңіске жетті. Осы соғыстан соң Изник пен Измит Осман мемлекетінің құрамына кірді. Балыкесир мен оның маңайында үстемдік құрған Кареси бейлігінің жерлері де Осман мемлекетінің құрамына енді. Кареси бейлігінің теңіз флоты иелігіне өткен Осман мемлекеті алғаш рет теңіз күштеріне ие болды. Византия империясы ішіндегі тақ таласын ұтымды пайдаланған Орхан бей мемлекеттің шекарасын кеңейте түсіп, Еуропада да жер иеленді. Балқан түбегінде ілгерілей түскен османдар жаңа жаулап алынған жерлерге Анадолыдан әкелінген түріктерді орналастырды. Балқан түбегінде жаңа қалалар салынып, елдімекендер құрылды. Ұрым Анадолымен бірге Осман мемлекетінің айрылмас бөлігіне айналды.

Анадолы мен Балқан түбегінде шекараның кенеюі. Орхан бей-

дің ұлы I Мұраттың тұсында Эдирне, Филибе сияқты Балқан қалалары алынды. 1364 жылы Рим папасының қолдауымен құрылған Крест жасағы жеңіліске ұшырады. Бұдан кейінгі ұрыстарда Балқан түбегіндегі София, Ниш, Шумну іспетті қалалар алынды. Анадолыдағы түрік бейліктеріне қарасты бірқатар жерлер де Осман мемлекетінің құрамына енді. I Мұрат 1389 жылы Косовода үлкен Крест жасағының күлін көкке ұшырды. Осылайша түріктер Балқан түбегінен оңайлықпен шыға қоймайтынын көрсетті. I Мұрат қайтыс болған соң, оның орнына таққа отырған Йылдырым Баязидтің кезінде Анадолы бейліктері жерлерінің Осман мемлекетіне қосылуы одан әрі жалғасты. Йылдырым Баязидтің Византияның астанасы Ыстамбұлды қоршауға алуы Еуропада Крест жорықшыларының жиналуына себеп болды. 130 мыңдай әскерден тұратын жасақтың құрамына Венгрия, Франция, Англия, Германия, Венеция және басқа да мемлекеттердің жорықшылары кірді. Бұл Крест жорықшыларына Венгрия корөлі қолбасшылық етті. 1396 жылы Нигболу қамалының маңында жүргізілген қиян-кескі ұрыста Осман қолы өзінен екі есе көп Крест жорықшыларын талқандады. Осы ұрыста түріктердің Балқан түбегінен шықпайтыны түсінікті болды. Осман мемлекетінің Еуропадағы шекарасы қарқынды түрде ұлғая берді. Осман мемлекетінің христиан елдерді жеңуі Анадолыда оларға деген сүйіспеншілік пен ілтипатты арттыра түсті. Нигболу түбіндегі ұрыстың да Анадолыда саяси бірліктің нығаюына септігі тиді. Нигболу жеңісінен кейін Ыстамбұл қайтадан қоршауға алынды. Қоршау кезінде бір жағынан Тимурдың Анадолыға басып кіргені туралы хабар келді. Ыстамбұлды қоршау кейінге қалдырылды.

Анкара шайқасы. Түркістанда орасан зор мемлекет құрып, әлемнің ең ірі державасына айналған Әмір Темір Анадолыға көз тікті. Йылдырым Баязидті бәсекелес ретінде көрген Темір Анадолыға жорыққа аттанып, Сивасты қоршауға алды. Йылдырымның иелігіне өткен жерлердің билеушілерін де өз жағына тартқан Әмір Темір Анадолыны қайтадан ұсақ бейліктерге бөлгісі келді. Өйткені жоспарлаған Қытай жорығына шықпастан бұрын Осман мемлекетінің өзіне қатер туғызу мүмкіндігін түбегейлі жоққа шығарғысы келді. Йылдырым Баязид қолбасшылық еткен Осман әскері мен Темірдің қолы Анкара маңайындағы Чубук даласында шайқасты. Осман әскерінің құрамындағы Қара татарлар Әмір Темірдің жағына өтті. Анадолы бейліктерінен келген әскерлер бұрынғы билеушілерін Әмір Темірдің жағында көрген соң, Темірдің жағына ойысты. Осман қолы тарап кетті. 1402 жылы Йылдырым Баязид қолға түсті де, кешікпей дүниеден өтті.

Соғыста жеңіске жеткен Әмір Темір Анадолы бейлеріне бұрынғы жерлерін қайтарып берді. Осылайша қанша еңбекпен құрылған Анадолының саяси бірлігі тас-талқан болды. Византия империясы осы шайқасты пайдаланып, Османдармен келіссөз жүргізу арқылы кейбір жерлерді қайтып алды. Ыстамбулдың түріктердің қол астына өтуі және Византия империясының тарих сахнасынан жойылуы жарты ғасырға кешікті. Еуропада түріктердің ілгерілеуі тоқтады. Осман мемлекеті де тақ таласынан іштей әлсірей бастады. Бірақ Осман мемлекеті Еуропаға мықтап орныққаны сонша сырттай және іштей әлсірегеніне қарамастан Еуропа елдерінің Осман мемлекетінен жерлерін қайтарып алуға батылы жетпеді. Балқан түбегіндегі халықтардың да Осман билігіне қарсы күресу ойларына кіріп шықпады.

Фетрет кезеңі. Анкара шайқасынан соң Әмір Темір Анадолыны талан-таражға салып, еліне оралды. Йылдырым Баязидтің мұрагерлерінің әрқайсысы падишах екендерін жариялады. Шахзадалар арасындағы тақ таласымен өткен кезеңді Осман тарихшылары «фетрет» (шым-шытырық) кезеңі деп атаған. Йылдырым Баязидтің ұлдарының бірі Мехмет Челеби Бұрсаға қарай бет алып, Иса Челебиді жеңді. Ал Иса Челеби Эдирнедегі Сүлеймен Челебиге барып бас сауғалады. 1413 жылы Мехмет Челеби бауырларының көзін жойып, өтпелі кезеңді аяқтады.

Осман мемлекетінің саяси бірлігін қамтамасыз етуді мақсат тұтқан Челеби Мехмет алдымен Айдыноғұллары бейлігі, кейінірек Караманоғұллары мен Жандарлыоғұллары бейліктеріне жорық жасап, аталмыш бейліктердің кейбір жерлерін өз құрамына ендірі. Валахия принципін жеңіп олардан салық ала бастады. Венецияға теңіз арқылы жорық жасалды. Генуалықтардан Самсун мен оның маңайы алынды. Әмір Темір тұтқынға алған шахзадаларының бірі Мұстафа Челеби Темір опат болған соң, өз еліне қайта оралды да, Византиямен келісіп, Ұрымда көтеріліс шығарды. Мұстафа Челеби көтерілісін басқан соң, Челеби Мехмет қайтыс болды. Челеби Мехмет Осман мемлекетінің Анкара шайқасынан соң ұшыраған қиын жағдайдан шығарған мықты мемлекет қайраткері әрі шебер қолбасшы болатын. Бұрсада және басқа жерлерде көптеген мешіт пен медресе іспетті ғимараттар салдырды.

Челеби Мехметтің орнына ұлы II Мұрат таққа отырды. Ұрымда бас көтерген әкесінің бауыры Мұстафа Челеби мен Византияның көмегімен көтерілген бауыры шахзада Мұстафаның көтерілісін басты. II Мұрат Анакара шайқасынан соң қайта құрылған Айдыноғұллары мен Ментешеоғұлларын жеңіп, олардың жерлерін Осман мемлекетіне қосты. Осман мемлекетінің әлсіреген шағында шабуылдаған Кара-

manoғұлларына қарсы жорыққа шыққан II Мұрат олармен келіссөз түзіп, қайта шабуылдамау уәдесін алды. Гермияноғұллары бейлігінің жерлері де өлген соңғы бейлерінің өсиеті бойынша Осман мемлекетінің құрамына енді. Осылайша Анадолыда түрік бірлігі қамтамасыз етілді.

II Мұрат Ұрымда Осман үстемдігін нығайту үшін іске кірісті. Венгрияны, сербтерді және Валахиялықтарды бір келіссөзбен өзара бейбіт болуға мәжбүрледі. Анкара шайқасынан соң інісі Сүлеймен Челеби Византияға қайтарған Солоники қаласын 1430 жылы соғыспен күресіп қайтарып алды.

Венгрияның басқолбасшысы Ян Хунядтың Излади қамалында Осман қолын жеңуі Еуропалық христиандарды бір қуантып тастады. Осман мемлекетіне қарсы Крест жорығы ұйымдастырылды. Венгерлерге сербтер де қосылды. II Мұрат бітім ұсынды. 1444 жылы он жылдық бітімге қол қойылды. Венгерлер мен Османдар Дунай өзенінен өтпеуге келісті. Эдирне-Сегедин келіссөзіне қол қойылған соң II Мұрат тақты ұлы II Мехметке беріп, өзі Манисаға орнықты.

Варна шайқасы. II Мехметтің 12 жаста таққа отыруы батыс елдерінің батылдана түсуіне себеп болды. Осман мемлекетіне қарсы Крест жасағы жинақталды. Венгрия королі қол қойған келіссөзін бұзып, осы жорыққа қатысты. Крест жорықшылары Дунайға келіп, Варнаға жақындады. II Мұрат қолбасшылықты өз қолына алып, Крест жорықшыларын жермен жексен етті. Венгрия королі шайқаста көз жұмды. Варна шайқасы Осман мемлекетінің Ислам әлеміндегі беделін көтерді. Балқан түбегіндегі Осман үстемдігі нығая түсті. Көп ұзамай Мора да Осман шекарасының ішіне кірді.

Косово шайқасы. Варна шайқасында қашып, бас сауғалаған Ян Хуняд жаңадан Крест жасағын жинап, Солтүстік Сербияға келді. Валахиялықтар мен албандар да венгерлерді қолдады. II Мұрат Крест жорықшыларын Косово түбінде күтіп алып, күлін көкке ұшырды (1448).

Осы шайқастан соң түріктер Дунай өзенінің оңтүстік жағалауында өздеріне тең келер күштің жоқ екенін дәлелдеп, орындарын мығымдап алды. Түріктерді Балқан түбегінен шығарудың мүмкін еместігін Еуропалықтар жақсы түсінді.

II Мұрат 1451 жылы қайтыс болды. Ол ірі мемлекет қайраткері әрі мықты қолбасшы еді. Ол Осман мемлекетінде ғылым, өнер мен мәдениетті дамна үлкен үлес қосты. Өзі ғалым, ақын әрі сазгер болатын. Халық оны әділетті де қайырымды падишах ретінде есте сақтады. Ол ұлы II Мехметке (Фатих) әлемнің сол кездегі ең қуатты мемлекетін мұра етіп қалдырды.

Фатих Сұлтан Мехмет кезеңі. II Мұраттың орнына 19 жасар ұлы II Мехмет таққа отырды. Түрік және әлем тарихының ең ірі мемлекет қайраткерлерінің бірі болған Фатих дана билеуші болды. Оның туа біткен қабілеттерімен қоса сол замандағы озық білімді тұлға болуымен ерекшеленді. II Мехмет таққа отыра салысымен Византия империясының астанасы – Ыстамбулды алу үшін дайындық жасай бастады. Себебі Ыстамбул Анадолы мен Ұрымды байланыстаратын нүкте болатын. Сондай-ақ, Ыстамбул христиандық Еуропа елдерімен бірге Осман мемлекетіне қауіп төндіретін Византияның қолында қалған соңғы ірі қаласы еді. Тақ таластарында және басқа да оңтайлы кездерде Осман мемлекетінің ішкі мәселелеріне араласып, мемлекетті ішінен әлсіретуге барын салатын Византияны жоюдың уақыты келген еді.

Ыстамбул сауда тұрғысынан да аса маңызды жағрапиялық орынға ие қамал болды. Қара теңіз бен Жерорта теңізін бір-бірімен байланыстырып тұрған Ыстамбул бұғазының Византияның қолында болуы Осман мемлекеті үшін үлкен кедергі болатын. Ислам әлемінің де маңызды мақсаттарының бірі Ыстамбулды алу еді. Хазрет Мұхамметтің «Ыстамбул міндетті түрде алынбақ. Оны алған билеуші қандай қасиетті билеуші, оның әскері қандай қасиетті әскер» деген сөзі Осман елінде айтылып жүрді. Яғни Ыстамбулды алу діни мақсатқа да ие болды.

Ыстамбулды алу. II Мехмет Ыстамбул бұғазында бір кездері Йылдырым Баязид тұрғызған Анадолы хисарының қарама-қарсы бетіне Ұрымелі хисарын салдырды. Өте аз уақыттың ішінде тұрғызылған қорған арқылы Қара теңізден Византияға келетін көмектің жолы тосылды. Эдирнеде үлкен зеңбіректер жасалды. Түріктер Ыстамбулды алуға дайындық жасап жатқанда Византиялықтар қаланың қорғандарын оңдады. Халичті шынжыр және кемелермен тосты. Православтық Византиялықтар католик Ватиканның көмегін алу үшін олармен одақ құруға көнді. Бірақ Византия халқы бұған қарсылық білдірді. Кейбіреулері католиктерден гөрі түріктерді тәуір көретін. Византия императорына қаланы қарсылық көрсетпей беру ұсынысы жасалса да, ол бұған келіспеді.

II Мехмет 1453 жылдың сәуір айының басында қаланы қоршауға алды. Қала қорғандары түрік зеңбіректерімен қиратыла бастады. Алдына тосқауыл қойылған Халичке жетпіс екі түрік кемесі құрлықтан сырғанатылып жеткізілді. Ыстамбул 29 мамыр 1453 жылы жасалған шабуыл нәтижесінде түріктердің билігіне өтті. Осылайша мың жылдан астам уақыт үстемдік құрған Шығыс Рим империясы құлады. Ыстам-

булды алып, Фатих (жаулап алушы) атағын алған II Мехмет қаланың ең үлкен шіркеуі Аясофияға барып, бүкіл қала халқының еркін екенін айтып, елдің малы мен жанының амандығын кепілдікке алатынын жариялады.

Ыстамбулды алудың нәтижелері. Ыстамбулдың алынуы түрік және әлем тарихы тұрғысынан оң нәтижелер берді. Ыстамбулды алған түріктер Ислам әлемінде ілтипатқа ие болды. Ал Фатих Сұлтан Мехмет Ислам әлемінің ең мықты билеушісі болып таныла бастады. Осман мемлекетінің қол астына бұғаздың билігіне өткеннен соң, ендігі жерде Қара теңіздегі сауда мен қауіпсіздік үшін кедергі жойылды.

Ыстамбулды өзіне қаратқан Осман түріктері Анадолы бейліктері халқының да құрметі мен сүйіспеншілігіне ие болды. Анадолыда түрік бірлігін қамтамасыз ету әлдеқайда жеңілдеді.

II Мехмет сұлтанның беделі өсіп, ендігі жерде мемлекетті нығайтуға күш жұмсады.

Византия империясын тарих сахнасынан жойған түріктер Еуропа саясатында орасан зор күш ретінде танылды. Ыстамбулдың алынуы Орта ғасырдың соңы, Жаңа дәуірдің басы болып қабылданды.

Фатих Ыстамбулды алған соң әр діннің және әр кәсіптің өкілдерін қалаға орналастырып, Ыстамбулды қайта құрды. Түріктердің билігінде Ыстамбул қаласы әлемнің ең ілгері және халықтың ең көп қоныстанған қалаларының бірі болды. Осман мемлекетінің астанасы болған Ыстамбулдың бұрыш-бұрышы түрік сәулет өнерінің мыңдаған үлгілерімен безендірілді. Жұма мешіттері, медреселер, керуен сарайлар, ауруханалар, ғимаратханалар (кедейлер мен медресе шәкірттеріне ыстық тамақ тарататын қайрымдылық мекемесі) қаланың әр жеріне салына бастады. Фатих христиан дініндегі тұрғындарды да қамқорлығына алды. Өзінің жеке бастамасымен Православ патриархиясын қайта құрды.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Осман мемлекетінің құрылуының алғы шарттарын атаңыздар.*
- 2. Анадолы түріктері тарихында Осман мемлекетінің орнына баға беріңіз.*
- 3. Осман сұлтандарының сыртқы саясатына сараптама жасаңыздар.*
- 4. Ыстамбул қамалын түріктердің жаулап алуының маңызын атаңыз.*
- 5. Ыстамбулды алудағы түрік қолбасшылары мен жауынгерлерінің ерлігін сіз қалай бағалайсыз?*

6. Осман империясының тарихы

Балқан түбегіндегі өзгерістер: Ыстамбул алынған соң Фатих Балқан түбегіне қарай бет алды. Ол Сербия, Албания және Боснияға жорықтар жасап, ол жерлерді Осман мемлекетіне қосты. Босния жорығынан соң кең байтақ ел Осман жеріне қосылды. Мора алынды, Венециялықтармен теңізде шайқастар жүргізілді. Теңізде теңдесі жоқ күшке ие Венеция Османдықтардан жеңіліп, әлсірей бастады. Фатих Ыстамбулды алған соң, Еуропадағы жиырма шақты елмен соғысуға мәжбүр болды. Бұл елдермен соғыстарда жеңіске жеткен Фатих әлем тарихына бұрын-соңды болып көрмеген мемлекет қайраткері екендігін көрсетті.

Анадолыдағы өзгерістер: Генуалықтар теңізші мемлекет ретінде жағалаудағы кейбір қалаларды да қол астында ұстайтын. Осындай қалалардың бірі Қара теңіз жағалауындағы Амасра болатын. Фатих Амасраны қоршауға алды. Қала берілді. Исфендияроғұлларынан Синоп қаласын алды. Трабзон Рим империясына қарай бет алған Фатих Трабзон қаласын қоршады. Император қарсылық көрсетпей, қаланы Осман мемлекетіне берді. Осы тұста Қараманоғұллары бейлігі Венециялықтармен ауыз жаласып, Осман мемлекетіне ту сыртынан соққы беруге келісті. Қараманоғұллары бейлігіне жасалған жорықта Кония мен Қараман қалалары алынып, Осман иелігіне қосылды.

Ирак, Иран және Әзербайжанды өзіне қаратып үлкен мемлекет құрған Аққойлы Ұзын Хасан бей Осман мемлекетіне қауіп төндіре бастаған болатын. Қараманоғұлларына қол ұшын беріп, Венециямен астыртын келіскен Ұзын Хасан бейді тоқтату керек болды. Эрзинжан маңайында Отлукбелі деп аталатын жерде 1473 жылы болған шайқаста Ұзын Хасан бей күл-талқан болып жеңілді. Аққойлы мемлекеті Осман мемлекеті үшін қауіп тудырудан қалды.

Теңіздердегі өзгерістер: Фатихтен бұрын Осман флоты әлсіз болатын. Фатихпен тайталаса алатын Осман мемлекетінің ең күшті жауы Венециялықтар еді. Венгерлермен келіскен Венециялықтар Мора және басқа аралдарға шабуылдаса да, одан бір нәтиже шыға қоймады. Неополь корольдігі және Ватиканмен бірігіп, Венециялықтар кері қайтарылды. Түріктер Венеция жерлеріне де шабуыл жасап отырды. Ұзаққа созылған соғыстардан кейін Венециялықтар жыл сайын Осман қазынасына салық төлейтін келіссөзге қол қойды.

Қара теңіздің солтүстігінде құрылған түрік мемлекеттерінің бірі Қырым хандығында тақ таласы шықты. Фатих осы жағдайды ұтымды пайдаланып, Қырымды өзіне қаратуға бел бұды. Кетік Ахмет Па-

шаны флотпен бірге Қырымға жіберді. Генуа колонияларын да өз билігіне алған Кетік Ахмет Паша 1477 жылы Қырым хандығын Осман мемлекетіне қаратты. Қара теңіз осылайша түрік теңізіне айналды.

Фатихтің таққа отырған соңғы кездерінде Италия мемлекеттерінің бірі болған Неаполь корольдігі Венециямен бірігіп, Османдарға қарсы соғысқа қатысты. Кетік Ахмет Паша 1480 жылы Италия жорығына шығып, Отранто қаласын ұстап тұрды. Бірақ Фатихтің өлімінен кейін бұл жорықтар нәтижесіз қалды.

Фатих Сұлтан Мехметтің ершеліктері. Фатих Сұлтан Мехмет Шығыс Римнен кейін Батыс Рим жерлеріне де көз тікті. Рим жорығына шыққан тұста 1481 жылы көз жұмды. Қайтыс болғанда оның жасы қырық тоғызда еді. Осман билеушілерінің ішінде ең мықты әскер басшы, ең ірі мемлекет қайраткері ретінде танымал болды. Фатих Османоғұллары ішінде дана әрі көреген падишах болатын. Араб және парсы тілімен қатар латын, грек және италян тілдерін білетін. Ыстамбул университетін Фатих күллиясы (кешені) деген атпен өзі негізін қалады. Ақын әрі математик еді. Өнер мен ғылым иелеріне қамқорлық жасады. Ол тақта отырған кезде Ыстамбул Ислам әлемінің сүйікті қаласына айналды. Қара теңіз түріктердің қол астына өтті. Фатих әлемнің ең мықты теңіз күштерінің бірін құрды. Оның билігі тұсында түріктердің солтүстік шекарасы Мәскеудің оңтүстігіне дейін созылып жатты. Фатих екі бірдей империя, төрт корольдік және он бір принцтікті басып алып, Осман мемлекетінің территориясын 2 миллион шаршы шақырымнан астам кең байтақ жерге ұлғайтты.

II Баязит кезеңі. Фатих дүниеден озған соң оның орнына таққа ұлы II Баязит отырды. Бауыры Жем сұлтан бұған қарсылық білдірген көтерілісінен нәтиже шыға қоймады. Осман мемлекетінде әрбір шахзада билеуші болуға құқылы болатын. Сондықтан да тақ таласы жиі болып тұрды. Көтерілісі сәтсіздікпен аяқталған Жем сұлтан Мәмлүктерге барып бас сауғалады. Анадолыға қайта оралған Жем сұлтан ойындағысы бола қоймаған соң, Родос нояндарына барды. нояндардан Жем сұлтанды алған Папа оны Осман мемлекетіне қарсы қолданғысы келді, бірақ бұдан да нәтиже шықпады. Жем сұлтан Францияға тапсырылды. Сол жерде қайтыс болды.

II Баязит кезінде Венециямен теңіз соғысы жүргізілді. Морада Венецияға қарайтын кейбір қамалдар алынды. Венецияға жорық жасалып, бұл мемлекет әбден әлсіреді. Венециялықтар Осман мемлекетіне жыл сайын салық төлеуге келісіп, екі мемлекет арасында бітімге қол қойылды.

Мысыр мен Сирияда құрылған Мәмлүктер мемлекеті мен Османдардың арасында Ислам әлемінің көшбасшылығы мәселесінде бәсекелестік бар болатын. Мәмлүктердің Жем сұлтанды қорғауы, сондай-ақ кейбір Анадолы бейліктерімен келіссөз жүргізуі Османдармен арада соғыс шығуына алып келді. Екі жақты да әлсіреткен соғыстардан еш нәтиже болмады. Келіссөз жасалып, екі жақ бітімге келді.

II Баязит кезеңі жаңа территорияларды жаулап алу емес, ғылым мен өркендеу дәуірі болды. Одан бұрынғы падишахтардың тұсында алынған жерлерді түріктендіру және елдің өркендеуі үшін салынған ғимараттармен толыға түсуі осы кезеңге тән. Бірақ осы кезеңде Иранда Осман мемлекетіне үлкен қауіп төніп тұрған еді. Аққойлы мемлекеті ыдыраған соң құрылған Сафауи мемлекеті шиі мәзхабын тарату және Осман мемлекетін әлсірету үшін әрекетке көшкен етін. Төніп тұрған қауіпті уақытында сезген Шахзада Сәлім әкесін мәселені шешуде белсенді еместігін нұсқап, тақтан түсірді. II Баязит тақты ұлы Явуз Сәлімге табыстаған соң 1512 жылы көз жұмды. Өте жақсы білім алған II Баязит ғалым әрі ақын болатын. Өнер мен ғылымға көңіл бөлген II Баязит ғалымдар мен өнер адамдарын қамқорлығына алды. Зілзаладан зардап шеккен Ыстамбулдағы көптеген ғимараттары қайта салдырды.

Явуз Сұлтан Сәлім кезеңі. Баязит тақтан кеткен соң оның үш ұлының арасында тақ таласы шықты. Әскердің қолдауына ие болған Явуз Сәлім бауырларынан басым түсіп, падишах болды (1512). Иранда Сафауи мемлекетін құрған Шах Исмаил шиі мәзхабын тарату мақсатында Анадолыда үгіт-насихат жүргізе бастады. Сафауи мемлекетінің құрамын негізінен көшпенді түркімендер құрайтын. Анадолыға тап осындай өмір сүру салтын ұстанатын түріктер Шах Исмаилдің ықпалында қалып, билікке қарсы көтеріле бастады. Бұл көтерілістерде Фатих Сұлтан Мехметтің орталықтанған мықты мемлекет құру үшін жасаған түбегейлі реформаларындағы оппозиция да өз ролін ойнады. Осман мемлекетіне ыдырау қаупі туды. Сол себепті Явуз Сұлтан Сәлім Анадолыда бас көтергендерге қарсы қатаң шаралар қолданды. Орасан зор қолмен бірге шығысқа жорыққа аттанды. Ұзақ уақыт жол жүріп, 1514 жылы Оңтүстік Әзербайжанда Чалдыран даласында Шах Исмаилдің жүз мың әскерден тұратын қолын тас-талқан етіп жеңді. Шах Исмаил қашып, әзер дегенде құтылды. Явуз Сұлтан Сәлім Сафауи Империясының астанасы Тебризге кірді.

Чалдыран жеңісінен кейін Оңтүстік Анадолы мен Солтүсік Ирак Иранның құрамынан Осман мемлекетінің қарамағына өтті. Ос-

ман мемлекеті Анадолыда түрік бірлігін қайтадан қалпына келтірді. Дұлқадіроғуллары бейлігі Осман мемлекетінің құрамына енді. Шайқастың басты нәтижесі Осман мемлекетінің біртұтастығына зақым келтіргісі келген Шах Исмаил қаупі жойылды.

Осман-мәмлүк байланыстары. Мысыр, Сирия және көршілес жатқан елдерді билеп тұрған Мәмлүктер Осман және Сафауи мемлекеттерінен кейін әлемдегі ең мықты мемлекет болды. Ислам халифасы да Мәмлүктердің қамқорлығында Каирде тұрды. Мекке, Мәдина және Құдыс сияқты Исламның қасиетті қалалары да Мәмлүктердің қол астында болды. Мәмлүк мемлекеті мен Осман мемлекетінің арасында Ислам әлемінің көшбасшылығына талас бар еді. Явуз Сұлтан Сәлім мұсылман әлемінің ең ірі қолбасшысы ретінде бүкіл сүнни мұсылмандардың бірегей қорғаушысы болғысы келді. Мәмлүктердің Осман мемлекетіне дұшпандықпен жасаған әрекеттерін сылтауратып, Явуз Сұлтан Сәлім Мысырға жорыққа аттанды. Явуз Сәлім қолымен бірге Алеппоға жақын орналасқан Маржидабықта Мәмлүк сұлтаны Кансумен шайқасты. Жасалған шайқаста Мәмлүк қолы жеңілді. Кансу өлді. Аббасидтердің халифасын Османдар тұтқынға алды. Явуз Алеппоға 1516 жылы кірді де, Алепподағы орталық мешітте бірегей Ислам халифасы ретінде құтбаны өз атынан оқытты. Осы уақытқа дейін құтба Осман территориясында да Аббасидтер халифасының атынан оқылып жүрген болатын. Явуз осы жорығында Адана мен оның төңірегінде билік құрған Рамазаноғуллары бейлігін Османның қарамағына қосты. Жеңістен кейін Явуз Сирия, Ливан мен Палестинаны алды. Құдыс та Осман территориясына кірді.

Дамаскіге келген Явуз мұнда Мысыр жорығына дайындықты аяқтады. 1517 жылы әскерлерімен бірге Мысырға бет алған Явуз 1517 жылы ертеден ешкімнің батылы бармаған Синай шөлін он үш күнде басып өтіп, Каир маңындағы Риданияда Мәмлүк Сұлтаны Тұманбайдың қолымен шайқасты. Мәмлүк әскері жеңіліске ұшырады. Явуз Каирге кірді.

Мысыр жорығының нәтижесінде әлемнің үшінші мықты мемлекеті Мәмлүк мемлекеті жойылды. Мәмлүктердің қарамағындағы жерлер түгелдей Османдардың қарамағына өтті. Мекке және Мәдина іс-петті мұсылмандардың қасиетті қалаларын да қамтитын Хижаз әмірлігі Осман мемлекетінің құрамына енді. Қасиетті аманаттар деп аталатын Пайғамбардың және жақындарының қолданған заттары Ыстамбулға алдырылды. Мысырды алу арқылы шығыстан дәмдеуіштер тасымалданатын жол бойы Османдардың бақылауына өтті.

Явуз Сұлтан Сәлім сегіз жылдық тақ салтанатының соңында 50-ге

келген шағында көз жұмды. Ұзаққа созыла қоймаған билігі тұсында Осман мемлекетіне Үнді мұхитынан Мәскеудің оңтүстігіне дейін, Батыс Жерорта теңізінен Кавказға дейін созылып жатқан орасан зор аймақты билетті. Явуз екі миллион шаршы шақырымдан астам Осман территориясын алты жарым миллион шаршы шақырымға ұлғайтты. Өте жақсы білім алған Явуз араб және парсы тілдерін білетін. Ғалым әрі ақын болды. Өмірден озғанда халқына аса мықты да бай ел сыйлады.

Кануни Сұлтан Сүлейман кезеңі. Явуз Сұлтан Сәлімнің орнына ұлы Кануни Сұлтан Сүлеймен 1520 жылы таққа отырды. Кануни кезеңі Осман мемлекетінің ең керемет дәуірі деп саналады. Осман падишахтарының ішінде ең ұзақ тақта отырған Кануни Сұлтан Сүлеймен болды. Қырық алты жыл падишах болды. Кануни таққа отырғанда Сирияда, Мысырда және Қараманда үш көтеріліс шықса да, олардың бәрі басып тасталды. Венгерлердің Осман мемлекетіне қарсы дұшпандық саясатын жүргізуі және Кануни Сұлтан Сүлейменнің елшісін өлтіруі себепті Венгрияға жорық жасалды. 1521 жылы Венгерлердің қолындағы Белград қаласы мен оның маңындағы кейбір қамалдар алынды. Белград қаласы Осман мемлекетінің Еуропа жорықтары үшін маңызды базасына айналды. Еуропаның көлемді территориясында үстемдік құрған қасиетті Рим-герман императоры Шарлин Франция королі Франсуаны тұтқынға алды. Франсуа Кануниден көмек сұрады. Дәл осы кезде Венгер королі де Шарлинмен бірігіп, Осман мемлекетіне қарсы жоспар құра бастады. Кануни осы мәселені негізге алып, 1526 жылы Венгрияға жорыққа аттанды. Мохач даласында екі сағатқа созылған шайқаста венгер әскері түгелдей жойылды. Венгер королі да осы шайқаста қаза тапты. Кануни осы шайқаста шабуылшыларымен бірге зеңбірекшілерді де шебер басқарып, ірі қолбасшы ретінде әлем тарихына енді. Осы шайқаста алдымен кері шегінгенсіп, дұшпанды қыспаққа алып жою тактикасы қолданылды. Түріктер осы жеңістен соң Венгрияның астанасы Будинге кірді. Венгрия корольдігі Османдардың қамқорлығына алынып, Венгер тағына басқа корөл отырғызылды.

Шарлин мен Австрияны билеп тұрған інісі Фердинанд Венгрияны басып алу үшін дайындық үстінде болатын. Фердинанд Венгрияға басып кірген соң, Венгер королі Кануниден көмек сұрады. Кануни қолымен жорыққа шығып, Германия империясының астанасы Вена қоршауға алды. Австрия мен Оңтүстік Германияға жорық жасалды. Шарлин Канунимен бетпе-бет келуге батылы бармады. 1529 жылы қыс түскен соң қоршау тоқтатылып, Осман әскерлері Ыстамбұлға кері

оралды. Фердинандтың Осман мемлекетіне қарсы әрекеттеріне байланысты Германия жорығына қайта шыққан Кануни кейбір жерлерді өз қарамағына алды. Германияға жасалған шабуылдар мемлекетті әлсіретті. Алайда Шарлин мен Фердинанд Канунимен соғысуға батылы бармады. 1533 жылы жасалған келіссөз бойынша Осман мемлекетінің қалағаны болып, соғыс тоқтатылды.

Осман мемлекеті тағайындаған венгер королі өлген соң, Фердинанд жаңа королді мойындамады. Венгрияға шабуылдаған Фердинандқа қарсы жаңа королдің анасы Кануниден көмек сұрады. Кануни үлкен қолмен Будинге жорыққа шықты. Фердинандтың әскерлерін түрік қолының шептегі жауынгерлері жойды. Орталығы Будин болған Венгрияның қомақты территориясы тікелей Осман қарамағына қосылды. Бұл жерге жергілікті билеуші тағайындалды. Венгрияның бір бөлігін Австрия жаулап алды.

Кануни Сұлтан Сүлеймен Еуропаның ең мықты державасы болып тұрған қасиетті Рим-герман императоры Шарлинге қарсы Француздармен келіссөз жасауды жөн деп тапты. Осылайша христиан әлемінің түріктерге қарсы бірігуінің алдын алғысы келді. Франция королі Франсуа Шарлинге қарсы Кануниден көмек сұраған соң, Кануни Сұлтан Сүлеймен Венгрия жорығына шықты. Бұдан кейінгі жылдарда Франциямен достық қарым-қатынастар әрі қарай жалғасты. Кануни Француз королі сұраған кейбір жеке өтініштерді орындады. 1525 жылы Француздармен сауда келісімі түзілді. Франция мен Осман бір-бірлеріне сауда-саттық саласы бойынша жеңілдіктер таныды. Капитуляция деп аталатын мұндай жеңілдіктер Осман мемлекетінің іштей әлсіреуіне әкеліп соғып, түрік мемлекетіне кері әсер етті. Кейіннен Лозанна келіссөзі негізінде 1923 жылы капитуляциялар толықтай жойылды.

Кануни Сұлтан Сүлеймен Еуропада жорықтарда жүргенде шығыста Иранда билік құрған Сафауи мемлекеті Османдарға қарсы әрекеттерге кірісті. Кануни осы аймаққа жасаған үш жорығы арқылы бұл қауіпті жойды. Иран шахы үш жолы да Кануниден қашып, соғыспады. Османдар Нахчеван, Ереван, Қарабақ және Өзербайжанның астанасы Тебризді алды. Иран шахы елші жіберіп, бейбіт келісімге шақырды. 1555-жылы жасалған Амасья бітімі бойынша Османдардың алған жерлері ирандықтарға қайтарылып берілді.

Кануни дәуірі түрік теңіз флотының шыңына жеткен кезеңі болды. Осы кезеңде Барборос Хайреттин Паша, Тұрғыт Рейіс, Пиала Паша сынды атақты теңізшілер өсіп жетілді. Жерорта теңізі түрік теңізіне айналды. Теңіздің арғы жағындағы елдер алына бастады. Оруч Рейіс пен

інісі Хызыр Рейіс атты екі түрік теңізшісі Явуз Сұлтан Сәлімнің інісі шахзада Қорқыттың көмегімен аз уақыттың ішінде Жерорта теңізінде даңқы жер жарған теңізші ретінде танымал болды. Алжирліктердің шақыруымен онда да барды. Ағайынды екеуі Алжирді испандықтардың жаулауынан құтқарып, мемлекет құрды. Еуропалықтардың Барбараос деп атаған Оруч Рейісі билеуші болды. Бір шайқаста шейіт болған Оруч Рейістің орнын інісі Хызыр Рейіс басты. Ол да Еуропада Барбарос деген атпен танымал болды. Жерорта теңізіндегі христиан мемлекеттермен соғысқан Хызыр Рейіс Явуз Сұлтан Сәлімнен өзіне қамқоршы болуын сұрады. Явуздың қолдауымен одан сайын күшейе түскен, Анадолыдан жинаған теңізші-әскерлерін көбейткен Хызыр Рейіс Жерорта теңізінің атақты теңізшісі болды. Кануни Хызыр Рейісті Ыстамбұлға шақыртып, «Каптаны дерья», яғни адмирал деген атақпен Осман теңіз күштерінің қолбасшысы және Алжир билеушісі етіп тағайындады. Сондай-ақ Ислам дініне жасаған қызметі үшін оған 1534 жылы Хайреддин деген ат берді. Осылайша Алжир Осман мемлекетіне қарасты бір аймаққа айналды.

Родос аралына орныққан қасиетті Жан нояндары Жерорта теңізінде қарақшылық жасап, түрік кемелеріне шабуылдайтын. Фатих Сұлтан Мехмет кезінде алынбаған әлемде қорғанысында теңдесі жоқ Родос қамалы 1522 жылы алынды. Өз еріктерімен берілген нояндар аралдан кетіп, Мальтаға орналасты. Барбарос Хайреддин Паша Жерорта теңізінде Венецияға қарасты аралдарды басып алған соң, Шарлин мен Папа келісіп, ұлы Крест флотын құрды. Андреа Дориа басқарған біріккен Еуропа флоты әлемнің бұрын соңды болып көрмеген ең ірі теңіз күші болды. 120 кеме мен 8 мың әскерден құралған түрік флоты өзінен бірнеше есе үлкен Крест флотын Хайреддин Пашаның шебер соғыс тактикасы арқылы әлсіретті. 1538 жылы бірде-бір түрік кемесі батпастан дұшпан жеңіліске ұшырады, мыңдаған әскер тұтқынға алынды. Андреа Дориа қашып құтылды. Венециялықтар Осман мемлекетіне соғыс шығынын төледі, Хайреддин Пашаның алған қамалдарының Осман мемлекетіне қарайтынын мойындады.

Превеза соғысы кезінде Сүлеймен Паша бастаған тағы бір Осман флоты Үндістанға түрік әскерін алып барды. Осы тұста Кануни Сұлтан Сүлеймен Еуропа жорығында болатын. Превеза соғысынан соң Жерорта теңізінде үстемдік құрған түріктер Шарлинге қарсы француздарға көмектесті. Хайреддин Пашаның флоты француздармен бірге Шарлиннің қол астындағы Ницше қаласын басып алды. Францияның Тулон порты мен қаласы қыстап шығу үшін түрік теңізшілеріне берілген болатын. Шарлин Превезадағы кегін алу үшін

Андреа Дориамен бірге Алжирге шапқыншылық жасады. Алайда Крест флоты мұнда да жеңіліске ұшырады. Шарлин әзер қашып құтылды.

Алжир бейлербейлігіне қарасты теңізшілер Батыс Жерорта теңізі мен Атлант мұхитында болатын. 1551 жылы Салих Паша осы тұста аз уақытқа болса да Марокконы Осман мемлекетіне қосты. Хайреддин Паша өсіп жетілдірген мықты теңізшілердің бірі Тұрғұт Рейіс Әулие Жан нояндарының қол астындағы Траблус (Ливан) қаласын 1551 жылы жаулап алды. Траблус Османға қарасты аймаққа айналды. Тұрғұт Рейіс бейлербейі болды. Тұрғұт Рейіс кейіннен Корсика аралын да алды. Адмирал Пиала Паша Францияға жақын орналасқан Эльба аралын алып, Италияға бет алған соң, Испания әрекетке көшті. Үлкен Крест флоты қайта құрылды. Туниске жақын Джербе аралының маңындағы шайқаста түріктер жеңіске жетті. Превезадан кейінгі ең ірі ашық теңіз шайқасы Джербе шайқасында 1560 жылы Крест флоты ыдыратылып, флотың бір бөлігі тұтқынға алынды.

Португалия Үндістанға баратын сауда жолын өз бақылауына алған соң, Кануни Сұлтан Сүлеймен осы мәселемен тікелей айналысты. Түрік кемелері Үнді мұхитына жіберілді. Үндістанда Гуджарат сұлтаны көмек сұраған соң, Мысыр бейлербейі Сүлеймен Паша флотымен Үндістанға аттанды. Жол үстінде Аденді де басып алды. Бұдан соң ұлы түрік теңізшілерінің бірі Пири Рейіс Үндістан жорығына шықты. Маскатты алды. Өздемир Паша Судан мен Эфиопияның үлкен бөлігін жаулап алды. Қызыл теңіздің батыс жағалауы алынып, түрік теңізіне айналды. Өздемир Пашадан соң оның ұлы Осман Паша да Эфиопия мен Йеменде жаңа жерлерді жаулап алды. Мұрат Рейіс пен Сейди Али Рейіс те Үндістан жорығына шықты. Осы жорықтардан түрік кемелерінің Үнді мұхитының үлкен толқындарына төзімді етіп жасалмауы, сондай-ақ Үндістан жолының маңызына мән берілмеуінен елеулі нәтиже шықпады.

Немістер Эрдейге шапқыншылық жасаған соң, Кануни он үшінші, яғни соңғы жорығына аттанды. Венгрияда Сигетвар қамалын қоршауға алды. Қарт әрі науқас падишах қоршау кезінде 1566 жылы дүниеден өтті. Қамал алынған соң әскер кері қайтты.

Тақта отырған кезінде көптеген жаңа заңдар жасап, оларды күшіне енгізгендіктен Кануни деген лақап алған Сұлтан Сүлеймен Еуропалықтар тарапынан Ұлы Сүлеймен деп аталды. Оның билік құрған шағы әлемде түрік ғасыры ретінде танылды. Кануни түрік тарихының ең мықты билеушісі саналды. Түріктер оның тұсында өз тарихының ең көркем әрі бақытты кезеңін бастарынан өткерді...

Сұлтан Сүлеймен мемлекеттік басқару, дипломатия мен әскери басшылық шеберлігін байқатқан ұлы билеуші болды. Елде әр салада қабілетті адамдарды тауып, оларды мүмкіндіктеріне қарай маңызды лауазымдарға тағайындады. Данышпан, заңгер әрі ақын болды.

II Сәлім мен III Мұрат кезеңдері. Кануниден кейін таққа отырған II Сәлім (1566-1574) мен III Мұрат (1574-1595) кезеңінде мемлекеттік басқаруда көбіне Сокуллу Мехмет Паша ықпалды болды. Сокуллу Мехмет Паша Осман сарайына «девширме» (қан салығы) ретінде әкелінген болатын. Мемлекеттік істерде жоғарылаған Сокуллу Канунидің соңғы жылдарында «Везири азам» (бас уәзір) болды. Кануниден кейін Осман падишахтары жорықтарға шықпайтын болды. Бас қолбасшы ретінде бас уәзірді жіберіп отырды. Мемлекеттік істерде де уақыт өте келе бас уәзір құдіретті бола бастады.

Үндістан жорықтары кезінде Сүлеймен Паша басып алған Йеменде көтеріліс басталды. Йемен бейлербейі Өздемироғлу Осман Паша көтерілісті басып, Йеменді түгелдей Осман мемлекетіне қаратты. Кипр аралы Венецияның қарамағында болатын. Анадолы Сирия мен Мысыр арасында стратегиялық маңызды жерде орналасқан Кипр Османдардың теңіз жолдары үшін қауіп туғыза бастады. Уәзір Лала Мұстафа Паша қолбасшылық еткен қол Кипр аралын бір жыл қоршаудан кейін 1570 жылы жаулап алды. Аралға түріктер орналастырылды. Кипр алынған соң Еуропада түріктерге қарсы үлкен флот құрылды. Патры шығанағы маңында түрік флоты мен Крест флоты шайқасты. Құрлық әскерінен шыққан адмиралдың тәжірибесіздігінен флот жеңіліске ұшырады да, кемелердің көпшілігі батып кетті. Осман мемлекеті ерекше күшімен алты айдың ішінде флотты бұрынғысынан әлдеқайда мықты етіп қайта құрды. Дегенмен түріктердің Патры түбіндегі жеңілісі Османдардың жеңілмейтіні туралы сенімді жоққа шығарды.

Жерорта теңізі мен Қызыл теңізді Үнді мұхитымен байланыстыру үшін Суец каналын ашу ойластырылды. Алайда бұл жоба жүзеге аспады. Бұл кезде жасалған жобалардың тағы бірі Дон-Волга каналы болды. Қара теңіз бен Каспий теңізін байланыстыратын осы канал арқасында Иран арқылы өтпей, тікелей Түркістанмен қарым-қатынас құрылмақ еді. Орыстардың жаулау саясатына қарсы Орта Азиядағы түрік тектес хандықтарды қорғау тұрғысынан маңызды болып табылатын бұл жоба да іске аспай қалды. Қырым ханы Османдарға қол үшін бермеді. Орыстардың жаулау саясаты қарқындай түскен соң, канал жобасы жүзеге аспай қалды.

XVII ғасырдағы Осман мемлекеті. Осман мемлекеті XVII ғасырда аса үлкен территорияда үстемдік құрды. Әлемдегі ең мықты мемлекеттердің бірі болып қала берді. Бірақ мемлекет ішінде кейбір ыдырау белгілері байқала бастады. Сол себепті бұл ғасырды кейбір зерттеушілер тоқырау кезеңі деп те атайды. Тоқырау кезеңі 1683 жылға дейін созылады.

Тоқыраудың сыртқы себептері: Еуропа мемлекеттерінің жаңа сауда жолдарын ашуы және жаңа жерлерді жаулап отаршылдықпен байи түсуі Осман мемлекетін әлсіретті. Жерорта теңізі экономикалық орталық болудан қала бастады. Осман мемлекетінің экономикасы күйзеліске ұшырады. Бұрынғы керуен жолдары Осман мемлекетінің территориясынан өтіп, орасан зор табыс әкелетін. Бұл жолдар ендігі жерде өз күшін жойды. Отар елдерінен арзан шикізатпен өздерін қамтамасыз еткен Еуропа елдері Осман мемлекетінен тауар алудың орнына тауар сата бастады. Отаршылықпен айналыспайтын Осман мемлекеті бәсеке күшін жоғалтты. Осман колонері кері кете бастады. Капитал бірікпеген соң, өнеркәсіп дамымады. Ел кедейлене бастады.

Ішкі себептер. Осман мемлекетін алғашқы кезеңдерде бірінен соң бірі келген ірі мемлекет қайраткерлері басқарды. Уақыт өте келе шахзадалар жергілікті басқару орындарына бармайтын болды. Бұл жағдай олардың өсіп жетілуіне кедергі болды. Сарайда әйелдердің мемлекеттік істерде жетекші рөл ойнауы оң нәтиже бере қоймады. Мемлекет жаңадан құрылған кезеңдерде мақсат тұтқан идеялардың ұмыт бола бастауы мен байлықтың берген мастығы қатерлі нәтиже берді. Әлемде болып жатқан өзгерістерден мемлекеттің шет қалуы мен білім берудің күрт төмендеуі келешекке болымсыз алғы шарттар әзірледі. Экономикалық әл-ауқаты нашарлаған топтар шығарған қарсылықтар мен көтерілістер мемлекетті құлдыратты. Ұзаққа созылған соғыстар мемлекеттің қаржылай қуатын сарқытты. Әскер мен флот бұрынғы қуатынан айырылды.

XVII ғасырда Осман мемлекетінің саяси жағдайы Осман-Иран байланыстары. Шығыс Анадолы, Кавказ және Ирак территориясында үстемдік құру үшін Иранмен жүргізілген соғыстар нәтижесінде Батыс Иран мен Кавказ (Грузия, Әзербайжан мен Дағыстан) Осман мемлекетіне қаратылды. Батыс мемлекеттерімен келіскен Иран осы жерлердің бірқатарын кейінгі соғыстарда қайтарып алды.

IV Мұрат Бағдат жорығына шығып, кейбір жерлерді қайтадан Османдарға қаратты. 1639 жылы Иранмен «Каср-ы Ширин» (Зухаб) бітімі жасалды. Қазіргі түрік-иран шекарасына жақын шекара сызылып, бітімге қол қойылды. Бағдат Осман мемлекетіне қосылды.

Осман-Лехия (Пруссия) байланыстары. Лехия (Пруссия) XVII ғасырда күшейіп, Осман мемлекетінің ішкі мәселелеріне қол сұға бастады. 1621 жылы II Осман, 1671 жылы IV Мехмет Лехияға жорыққа аттанды. 1676 жылы соғыс тоқтады. Осман мемлекеті Украинаның бір бөлігін басып алып, Ресеймен көршілес болды. Подолье аймағы да Османдардың қол астына өтті. Осман мемлекеті Еуропада кең байтақ территорияға иелік етті. Лехия II Вена қоршауында Австриялықтарға көмектескен соң, Осман мен Лехия арасында қайтадан соғыс басталды.

Осман-Австрия байланыстары. 1593 жылы Эрдей мәселесіне байланысты Осман империясы мен Австрия арасында соғыс басталды. III Мехмет жағдай нашарлай түскен соң, жорыққа шықты да, 1596 жылы Австрия әскерін Хачова алаңындағы шайқаста тасталқан етіп жеңді. Кейінірек Австриялықтар қайтадан соғыс ашты. Канижа қамалын қорғаған Тиряки Хасан Паша бес мың әскерімен Австриялықтардың елу мың әскерлік қолын тойтарып тастады. Австрия королі қашып кетті. 1606 жылы жасалған Житвоторок бітімі бойынша Османдардың алған жерлері бұрынғы иелеріне қайтарылып берілді. Бірақ бұрын бас уәзір лауазымындағы Австрия императоры енді Осман императорымен теңесті. Бұл жағдай Осман мемлекетінің Австриядағы ықпалының әлсірегенін білдірді.

Австрияның Эрдей үшін өз құқығын алға тартуы соғыстың қайта басталуына әкеліп соқты. Фазыл Ахмет Паша Уйвар және тағы басқа бірнеше қамалды алған соң, Вашвар бітіміне 1664 жылы қол қойылды. Алынған жерлер Осман мемлекетінің қарамағына өтті. Австрияның қарамағында қалған венгерлердің бір бөлігі мемлекеттің діни қысымына қарсы бас көтерді. Венгер көтерілісін бастаушы Имре Токе Осман мемлекетінен көмек сұрады. Бас уәзір Мерзифондық Қара Мұстафа Паша әскерімен 1683 жылы Венаны қоршауға алды. Вена қоршауы Еуропалықтардың Осман мемлекетіне қарсы бірігуіне себеп болды. Лехия королі Ян Собескидің қолбасшылығында үлкен қол жасақталды. Бұл қол Дунай өзенін кешіп өтіп, кенеттен шабуыл жасаған соң, Осман әскері жеңіліске ұшырады. Дәл осы шақта Вена алынуға аз-ақ қалған еді. Осы жеңілістен соң Мерзифондық Қара Мұстафа Пашаның басы алынды.

Түріктердің Вена маңында тоқтатылуы Еуропада үлкен қуанышқа себеп болды. Еуропалықтар Османдарды жеңітіндеріне сене бастады. Австрия, Лехия, Венеция мен Ресей Осман мемлекетіне қарсы күштерін біріктірді. Құрылған қасиетті бірлік Осман мемлекетін Еуропадан шығаруға ниеттенді.

Түріктердің Малазгирт жеңісімен басталған батысқа қарай жылжуы Вена маңында тоқтатылды. Вена түбіндегі жеңіліс түріктердің кері шегінуінің басы болды. Бұдан соң Еуропалықтар түріктерді ығыстыра бастады. Ғасырлар бойы жалғасып келген Осман мемлекетінің кері шегінісі нәтижесінде гректер 1922 жылы Анкара маңындағы Полатлыға дейін келді. Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған қарсы шабуыл ғана батыстықтарды тоқтата алды.

Осман мемлекетін Еуропадан шығару үшін біріккен Қасиетті одаққа кіретін Австрия, Лехия, Венеция және Ресеймен 16 жылға созылған соғыстар жүргізілді. 1699 жылы Венгрияның Карловка елді мекенінде бітімге қол қойылып, соғыс тоқтатылды. Венгрия мен Эрдей Австрияға, Мора мен Далмация Венецияға берілді. Подолье мен Украина Лехияның қол астына өтті. Орыстармен жасалған Ыстамбул келіссөзі бойынша Азов қамалы орыстарға берілді. Карловка бітімі Осман мемлекетінің батыс елдеріне көптеген жерлерді беріп, Еуропада үстемдігін жоғалтқан келісім болды.

Ішкі көтерілістердің себептері. XVII және XVIII ғасырларда Ыстамбулда және провинцияларда орын алған бірқатар наразылықтар мен толқулар көп мәселелерді туындатты. Мемлекеттік мекемеде көрініс таба бастаған келеңсіздіктер, ақшаның құнсыздануы, билікті бөліскісі келген топтардың талас-тартыстары мен жалпы экономикалық ахуалдың күрт төмендеуі осы көтерілістердің шығуының басты себептері болды.

Ыстамбул көтерілістері. Осман әскеріндегі кәсіпқой Капыкулу жауынгерлері жалақыларын үш айда бір алатын. Сондай-ақ әр падишах ауысқан сайын «джүлус бахшиши» (джүлус – араб тілінде отыру, яғни падишахтың таққа отыруы) деп аталатын сыйақы алатын. Мемлекеттің қаржылай ахуалы нашарлаған соң бұл ақша берілмейтін болды. Сондай-ақ, берілген ақшаның құны төмен болды. Бұл жағдай Карыкулу әскерлерінің орталығы Ыстамбулда оқтын-оқтын көтерілістерге шығуына себеп болып отырды. II Сәлім мен III Мұрат тұсында осындай көтерілістер шықты. II Осман (Генч Осман: Жас Осман) Янычарлар әскерлерін жойғысы келді. Мұны естіген янычарлар өзін тақтан құлатып, өлтірді. I Мұстафа, Сұлтан Ибрагим және IV Мехмет сұлтандар да осылайша тақтан құлатылды.

Джелали көтерілістері. Мемлекеттің қаржылай күші нашарлаған сайын салықтар арта түсті. Ыстамбулдан жыраққа жіберілген кейін мемлекет қызметкерлерінің пара алуы мен әділетсіздікпен басқаруы халықтың наразылығын туғызды. Медресені бітірген шәкірттердің жұмыссыз қалуы мен жерден түскен табыстың азайып, сипахи деп

аталатын атты әскерлерді баға алмайтын жағдайға келуі де осы көтерілістердің туындауына негіз болды. Осы себептердің барлығы да Осман мемлекетінде үлкен толқулар тудырды. Явуз заманындағы алғашқы көтерілісшінің есімі Джелал болғандықтан кейін орын алған басқа көтерілістерде Джеляли деп аталды. XVII ғасырда Қара Языджы, Қалендероғлу мен Жанбулатоғлу сияқты джелалилер мемлекетті көптеген шығындарға ұшыратты. Бұл көтерілістер әзер дегенде бастырылды.

Провинциялардағы көтерілістер. Орталық басқарудың беделінің түсуі провинциялардағы жергілікті биліктің де көтерілуіне әкеліп соқты. Эрзурум әкімі Абаза Мехмет Паша, Сивас әкімі Вардар Али Паша көтеріліске шыққан билеушілер қатарында болды. Мемлекет бұл наразылықтарды басуға көп күш жұмсауына тура келді. Көтерілістерде көптеген адамдар қаза тапты, елді мекендер қирады, экономика құлдырап, жергілікті халық күйзеліске ұшырады.

Көпрүлүлер кезеңі. Падишах IV Мехмет мемлекетті қиын жағдайдан құтқару үшін Көпрүлү Мехмет Пашаны бас уәзір етіп тағайындады. Көпрүлү Мехмет Паша қатал шара қолдану арқылы мемлекеттің беделін біршама көтерді. Қаржы саясатына жаңа өзгерістер мен түзетулер енгізіп, ысыраптың алдын алды. Пара және жемқорлықпен күрес жүргізді. Чанаккале бұғазын қоршаудан құтқарып, Эрдейге жорыққа шыққан Көпрүлү сыртқы саясатта да табыстарға қол жеткізді. Көпрүлү Мехмет Пашаның орнына ұлы Фазыл Ахмет Паша бас уәзір болды. Әкесінің бастаған ісін әрі қарай жалғастырған Фазыл Ахмет Паша мемлекеттік істерді жолға қоюды жалғастырды. Крит аралын алып, Австрия мен Лехияға жорыққа шығып жеңіспен оралды. Фазыл Ахмет Пашадан кейін оның күйеу баласы Мерзифондық Қара Мұстафа Паша бас уәзір болды. Жақсы өсіп жетілген мемлекет қайраткері болғанына қарамастан II Вена жорығында ұшыраған сәтсіздігі оның басының алынуына әкеліп соқты. Көпрүлү әулетінен Фазыл Ахмет Паша қаржы саласында жасаған жүйесімен танымал болды.

Осман мемлекетінің құлдырауының себептері. Осман мемлекеті II Вена қоршауынан соң жүргізген соғыстарында көптеген жерлерінен айрылып қалды. Сол себепті кейбір зерттеушілер II Вена қоршауынан соң Осман мемлекетінің құлдырау кезеңі басталғанын алға тартады. Бұдан бұрынғы ғасырларда пайда бола бастаған келеңсіздіктер осы кезеңде қарқындап жалғаса берді. Соғыстардан әлсіреген Осман мемлекеті Еуропа мемлекеттері жүзеге асырған өнеркәсіпті дамыту жұмыстарын атқара алмады.

Осман-Орыс соғыстары. Ресей тағына отырған I Петр (1689-1725) жүзеге асырған реформалары нәтижелерінде Ресей қуатты мемлекетке айналды. Жаулап алу саясатын ұстанған I Петр Жерорта теңізі арқылы әлеммен байланыс құрғысы келді. Сондай-ақ Ресей Православ шіркеуіне табынатын христиандар мен славян халқының қорғаушысы болғысы келді. Ресейдің славян бірлігін құру жобасы бұдан кейінгі ғасырларда да жалғасын тапты.

Территориясын кеңейткісі келген Ресей Осман мемлекетін осы саясатты жүзеге асыруда кедергі ретінде көріп, түрлі сылтаулармен соғыс ашып отырды.

Прут шайқасы: Патша I Петр жеңген Швеция королі XII Карл Осман мемлекетіне келіп бас сауғалады. Осыған байланысты шыққан Прут шайқасында Балтаджы Мехмет Пашаның қолбасшылығындағы Осман қолы орыстарды Прут батпағында қыспаққа алды. I Петрдің ұсынысымен екі жақ бітімге келді. 1711 жылы Азов қамалы Османдарға қайтарып берілді.

Белград бітімі: Осман-Иран соғыстарын өз пайдасына шешкісі келген Ресей Австриямен келісіп, Осман мемлекетіне шапқыншылықпен басып кірді. Үш жылға созылған соғыстан соң 1739 жылы Белград бітімі жасалды. Ресей басып алған жерлерін қайтарып берді.

Кіші Кайнарджа бітімі: 1768 жылы Османдарға барып бас сауғалаған лехиялық ұлтшылдар сылтауымен тағы бір соғыс шықты. Алты жылға созылған соғыста Осман әскері жеңіліске ұшырады. 1774 жылы Кіші Кайнарджа бітіміне қол қойылды. Бітім бойынша Қырым, Осман мемлекетінен бөлініп, тәуелсіз болды. Ресейге кейбір жерлер берілді. Орыстардың Осман мемлекетіндегі православтық христиандарға қамқорлық жасауына рұхсат берілді.

Яс бітімі: Орыстар бұдан кейінгі жылдарда Қырымды жаулап алды. Ресей Австриямен келісіп, Осман империясы территориясын өзара бөліске салғысы келді. Османдықтарға ендігі жерде екі мемлекетпен де бір уақытта соғысуына тура келді. 1792 жылы Ресеймен жасалған Яс бітімі негізінде Қырым Ресейдің құрамында қалды.

Осман-Иран соғыстары: Ресейдің Иранның ішкі істеріне араласуы салдарынан Осман-Иран соғысы шықты. 1746 жылы Қаср-ы Ширин (Зухаб) бітімі бойынша белгілінген шекара негізге алынып, соғыс тоқтатылды.

Осман-Австрия соғыстары: Осман мемлекеті Венециялықтардан Мораны қайта алған соң, Австрия Карловка бітімін бұзғандығын алға тартып, түріктерге қарсы соғыс ашты. Нәтижесінде, Осман мемлекеті жеңілді, 1718 жылғы Пасаровка бітімі бойынша Белградпен

бірге бірқатар жер Австрияның қарамағына өтті. 1736 жылғы Осман-орыс соғысында Осман мемлекетіне қарсы Ресеймен біріккен Австрия әскері жеңіліске ұшырады да, 1739 жылғы Белград бітімі негізінде Австрияға өткен жерлер Осман мемлекетіне қайтарылып берілді. 1786-1787 жылдар арасында Ресеймен келісіп Осман мемлекетімен соғысып жатқан Австрия Франциядағы төңкерістен соң соғыстан шығуға мәжбүр болады. 1791 жылғы Шиштово бітімі бойынша бұрынғы шекара негізге алынып, соғыс тоқтатылды.

Осман-француз байланыстары. Осман мемлекеті мен Франция XVIII ғасырдың соңына дейін достық қарым-қатынаста болды. Франция Еуропадағы бәсекелесі Австрияға қарсы Осман мемлекетін қолдады. 1740 жылы Францияға жаңа капитуляция берілді. 1798 жылы Наполеон Мысырды басып алды.

Сирияны да басып алғысы келген Наполеон Ливанда Акка қамалы түбінде Джебзар Ахмет Пашаның заманауи Низамы Джебдит (Жаңа тәртіппен жасақталған қол) тарапынан тоқтатылды. Құрлықта Осман әскерінен жеңілген Наполеонды теңізде ағылшындар жеңіліске ұшыратты. 1801 жылы Наполеон Мысырдан шығып, Францияға қайта оралды. Мысыр 1801 жылдан кейін Англиямен Франция арасындағы тартысқа себеп болды.

Француз төңкерісінің Осман мемлекетіне ықпалы. 1789 жылы Француз төңкерісі жүзеге асырылды. Францияда еркіндік, теңдік, әділет, адам құқығы ұғымдары көп айтыла бастады. Осы ұғымдар бүкіл Еуропа елдерінде саяси толқуларға себеп болды. Ұлтшылдық идеялары Франциядан бүкіл Еуропа елдеріне тарады. Империяларға ыдырау қаупі төнді. Көп ұлтты Осман мемлекеті Француз төңкерісі алып келген ұлтшылдық идеясынан зардап шекті. Сербтер, гректер, карадағлықтар, сығандар мен бұлғарлар ұлтшылдық ағымының ықпалында қалып, көтеріліске шықты. Бұлардан соң басқа ұлттар да көтеріле бастаған соң, Осман мемлекеті ыдырай бастады. Көтерістері сәтті аяқталған ұлттар егемен ел бола бастады.

Құрамы көп ұлтты империялар Француз төңкерісімен бірге келген ұлтшылдық идеясынан қорықты. Австрия, Ресей, Англия мен Пруссия ұлтшылдық ағымына тосқауыл болу үшін бірігуді мақұл көрді. Алайда бұл мемлекеттер Осман мемлекетінде шыққан бөлінушілік қозғалыстарын қолдап қолпаштап отырды. Ресей славян христиандардың Осман мемлекетіне қарсы көтеріліске айдап салып, көтерілісшілерді қорғап отырды.

Француз төңкерісімен бірге тарай бастаған жаңа ұғымдар Осман зиялы қауымына да ықпал етті. Танзимат және Мешрутиет әрекет-

теріне осы идеялардың әсері зор болды. Кейінірек Ататүріктің республика идеясында да Француз төңкерісі алып келген ұғымдардың әсері байқалды.

Серб көтерілісі. Ғасырлар бойы Османдардың қол астында өмір сүріп келген сербтер XIX ғасырдың басында көтерілді. Осман мемлекетінің әлсіреуі мемлекеттің бұрыш-бұрышында беделдің түсуіне себеп болғанындай сербтер арасында да осындай ахуалға алып келді. Орталықтан ұзақта қалып қойған йеничерилердің рахаты қарапайым халыққа әсер етпей қоймады. Бұған қоса орыстар да халықты айдап салған соң, 1804 жылы сербтер Қара Йорг бастаған көтеріліске шықты. Көтеріліс күштеп бастырыла бастағанда түрік-орыс соғысы шықты. 1812 жылғы Бухарест бітімі бойынша Сербияның тәуелсіздігі мойындалды.

Осман мемлекеті Сербияны қол астында ұстап қала алмады. Еуропа мемлекеттерінен көмек алған сербтер 1878 жылғы Берлин бітімі бойынша тәуелсіз мемлекет құрды.

Грек көтерілістері. Гректерді Еуропалық зиялылар ежелден көне грек өркениетінің өкілдері ретінде қолпаштайтын. Осман мемлекетінде сауда арқылы байыған гректер Еуропаның әр жерінде өзіне қолдау тауып отырды. Ал Ресей болса, Византияны қайта жандандырып, гректермен бірге православ әлемін билегісі келді. Гректер Ресей мен Еуропа мемлекеттерінің өздеріне жасаған жеңілдіктерін барынша қолданып бақты. Осы елдерде ұйымдар құрып, үгіт-насихат жүргізді. Мектептер ашып, газет-журнал шығарды. Француз төңкерісі ала келген ұлтшылдық идеясы гректердің тәуелсіздікке ұмтылысын күшейте түсті. Ресей болашақта құрылатын грек мемлекетін армндап, Жерорта теңізіне енуді жоспарлады. Ал, Австрия Ресейдің Балқан түбегіне кіруінен қорқып, Осман мемлекетінің жағына шықты.

1821 жылы Морадағы гректер көтеріді. Еуропадан келген кейбір еріктілер де көтерілісшілерді қолдады. Осы тұста Ионияда көтерілген Тепеделенли Али Паша Осман мемлекетінің одан сайын әлсіреуіне әкеліп соқтырды. Осман мемлекеті алдымен Тепеделенли көтерілісін басты. Падишах II Махмұт Морадағы көтерілісті басу үшін Мысыр әкімі Кавалалы Мехмет Али Пашадан көмек сұрады. Осман және Мысыр күштері Морадағы көтерілісті басты. Бұл оқиға Еуропалықтардың наразылығын тудырды. Ағылшын-француз-орыс ортақ флоты соғыс уақыты болмаса да Мораның Наварин портында тұрған Осман-Мысыр флотына от қойды (1827). Халықаралық келісімге қайшы келетін осы шабуылдан кейін Осман мемлекеті Жерорта теңізіндегі күшінен айрылып қалды. Грецияның тәуелсіздігін алғысы келген Ресей Осман

мемлекетіне соғыс ашты. Осы кезде II Махмұт йеничери әскерлерін жойды (1826). Жаңа құрылған әскердің дайындығының аздығын пайдаланған орыстар Эдирнеге дейін келді. Ресейдің әрі қарай жайыла түсуінен қорыққан Француздар соғыс жарияламастан Мораны басып алды. Осман мемлекеті Эдирне бітіміне қол қойып, Грецияның тәуелсіздігін мойындауға мәжбүр болды (1829). Гректер Еуропа мемлекеттерінің және Ресейдің көмегімен Османдықтардан бөлініп шыққан алғаш ұлт болды. Жаңа құрылған мемлекет Мора түбегіне де ие болды. Бұдан кейінгі жылдарда Еуропа мемлекеттерінің қолдауының арқасында Греция территориясын ұлғайтты. Еуропалықтар Греция жеңілсе де, территориясын ұлғайтуы үшін Осман мемлекетіне қысым жасады. Бұл жағдай ұлт-азаттық күресіне дейін жалғасып келді. Мұстафа Кемал Ататүрік гректердің одан әрі ілгерілеуін түбегейлі тоқтатты.

Мысыр әкімі Мехмет Али Паша көтерілісі. Мысырға әскер ретінде жіберілген Мехмет Али Паша батылдығы және алғырлығымен аз уақыт ішінде жоғарылап, Мысырда әкім болды. Француз мамандарды да пайдалану арқылы Мысырда үлкен реформалар жасаған Мехмет Али Паша көп кешікпей мықты күшке ие болды. Осман мемлекетінің әлсіреуін пайдалана отырып, Мехмет Али Паша грек көтерілісін басқаны үшін Мораның әкімдігін де сұраған болатын. Мора Грецияға қалған соң, Сирия әкімдігінен үміттенген Мехмет Али Пашаның бұл өтініші қабылданбады. Мехмет Али Паша ұлы Ибрагим Пашаны қолымен бірге Сирияға жіберіп, ол жерді басып алды. II Махмұттың жіберген әскерін талқандаған Ибрагим Паша Кютахьяға дейін келді. II Махмұт Ресейден көмек сұрады. Орыс қолы Ыстамбұлға аттанды. Бұл жағдай Англия мен Францияға ұнай қоймады. Олардың да мәселеге араласуымен Мехмет Али Паша мен Осман мемлекеті арасында Кютахья бітіміне қол қойылды. Сирия мен Адана Мехмет Али Пашаның билігіне өтті (1833).

Ресей мен II Махмұт қол қойған Хүнкар Искелеси бітімі орыстардың бұғазға кіруіне жол ашуы әбден мүмкін еді. Англия мен Францияға бұл жағдай ұнамады. Осылайша бұғаз мәселесі деп аталатын халықаралық кикілжің пайда болды. Кавалалы Мехмет Али Паша қайта көтеріліп, Осман әскерін жеңген соң, батыс елдері бірігіп, Мехмет Али Пашаға қысым көрсете бастады. Лондонда қол қойылған келісім бойынша Мысыр әкімдігі Мехмет Али Паша мен оның ұлдарына берілді. Мысыр салығы бұрынғысынша Осман мемлекетіне төленіп тұратын болды (1840). Бұғаздар мәселесі Лондонда жиналған конференцияда көтерілді. Бұғаздардың Осман мемлекетінің бақылауында болуы және шетелдік соғыс кемелерінің кіруіне тиым салынуы қабылданды (1841).

Мехмет Али Паша көтерілісі Осман мемлекетінің әбден әлсірегенін көрсетті. Бұл көтеріліс Ресейдің Осман мемлекетіне көмек беруін сылтауратып, бұғазға кіруіне жол ашты. Англия мен Ресей Мехмет Али Пашаны өз пайдаларымен шығыспайтын болғандықтан, Осман мемлекетіне көмектесті.

Қырым соғысы және оның нәтижелері. Орыс патшасы I Николай Османға қарасты жерлерді бөлісу үшін Англияға ұсыныс жасады. Алайда бұл ұсыныс Англияның пайдасына шешілмейтіндіктен кері қайтарылды. Англия мен Франция Ресейдің жер көлемінің ұлғаюынан қорыққандықтан Осман мемлекетінің мүддесін көздеуді ұтымды деп білді.

Патша I Николай Ыстамбұлға жіберген бір елшісі арқылы Осман мемлекетіне өтініш жасады. Бұл өтініш Құдыс маңындағы қасиетті жерлерде православлардың құқығын қорғау және Осман православларының қамқоршысы болу еді. Осман мемлекеті алғашқы өтінішті қабылдаса да, екінші өтінішін Англияның қолдауымен қабылдамады. Ресейдің өтініші орындала қоймаған соң, Осман мемлекетіне соғыс ашты. Жаңа түрік-орыс соғысы басталды (1853). Балқан түбегінде және Шығыс Анадолыда орыстарға қарсы сәтті тойтарыс берілді. Орыс флоты Синоп портындағы Осман флотын өртеп жіберді. Орыстардың бұғазға үстемдік құратынынан қорыққан Англия мен Франция Османға көмекке келуді шешті. Орыс кеме шеберханалары орналасқан Қырым шайқас орны болды. Севастополь қамалы алынып, орыстарға күшті соққы берілді. Ресей бітімге келуді ұсынды. 1856 жылы түзілген Париж бітімі бойынша Осман территориясының біртұтастығына кепілдік берілді. Бұғаздар 1841 жылғы бітімдегідей Осман мемлекетінің бақылауында қалды. Осман падишахы қол астындағы христиандардың жағдайын жақсартатын болды.

Қырым соғысынан кейін жарияланған Реформа жарлығы шет мемлекеттердің ішкі істерге араласуына себеп болды да, мемлекеттің одан әрі әлсірей түсуіне әкеліп соқты.

1877-1878 жылдардағы Осман-орыс соғысы. Балқан түбегіндегі христиан халықының ахуалын жақсарту мәселесі Осман мемлекетін күйзеліске ұшыратты. Ресей үнемі Балқан христиандарының құқығын қорғау мәселесін сылтауратып, Осман мемлекетіне қысым жасап отырды. Англияның ұсынысымен Ыстамбұлда болатын конференцияда Балқан мәселесі қарастырылатын болды. Кейбір Осман мемлекет қызметкерлері шетелдіктердің қысымына жол бермеу үшін Мешрутиет жариялауды ұсынды. Ыстамбұл конференциясы ашылып жатқанда Мешрутиет жарияланды (1876). Бірақ батыс елдері

Мешруиетті елемей өз ұстанымдарын өзгерте қойған жоқ. Ыстамбулдан кейін Лондонда тағы бір конференция болды. Бірақ одан бір нәтиже шықпады. Митхат Пашаның ұсынысымен Ресейге соғыс жарияланды. Бұлғарлар, сербтер, карадағлықтар мен Румыния да Ресеймен бірігіп, Осман мемлекетіне қарсы соғысты. Соғыс Кавказияда және Балқан түбегінде екі майдан шебінде жүріп жатты. Ғазы Ахмет Мұхтар Паша Кавказияда, Ғазы Осман Паша болса Балқан түбегінде қорғаныста болды. Алайда Осман әскерінің соғысуға мұршасы жоқ еді. Орыстар Чатаалджаға дейін екпіндеп келген соң, Ресей және оның одақтастарымен Аястефанос бітіміне қол қойылды. Батыс елдері бұл бітімнің шарттарының ауыр екені алға тартты. Берлинде жаңа бітімге қол қойылды (1878). Осы бітім бойынша Осман мемлекетіне бағынышты Болгария принцтігі құрылды. Сербия, Румыния және Черногория тәуелсіздігін алды. Македония Осман мемлекетінің иелігіне берілді. Карс, Ардахан және Батуми Ресейге берілді. Босния-Герцоговинаның билігі уақытша Австрияға берілді.

XVII ғасырдағы реформалар. Түзету реформа, жақсарту деген сияқты мағынаға келеді. XVII ғасырда Осман мемлекет қызметкерлері мемлекетті ыдыраудан құтқару үшін реформалар жасау қажет деп тапты. Осман мемлекетінің соғыстарда жеңіліске ұшырауы, экономикалық күшінің құлдырауы, мемлекеттің беделінің түсуі сияқты себептер Осман мемлекет қызметкерлерінің түзету шараларын жасауға итермеледі.

II Осман (1618-1622) алғаш ахуалды жақсарту шараларын жүргізген падишах болды. Ғалымдардың үстемдігіне шектеу қойды. Саясатпен айналыса отырып, мемлекеттің әлсіреуінің алдын алғысы келді. Тәртіпке мойынсұнбайтын Капыкулу әскерін түбегейлі жойғысы келді. Алайда бұл шара оның өліміне әкеліп соқты. Йеничерилер оны өлтірді.

IV Мұрат (1623-1640) тағы бір реформатор падишах. Жастай таққа отырғандықтан билікті анасы Көсем Сұлтанмен бөлісті. Осы тұста мемлекет көтерілісшілермен арпалысып жатты. Ыстамбулда Капыкулу әскерлері, Анадолыда Джелялилер көтерілді. Йеничерилер IV Мұраттың көз алдында бас уәзір Хафыз Ахмет Пашаны өлтірді. IV Мұрат жиырма бірге келгенше төңірегінде болып жатқан оқиғаларға көрермен болумен шектелді. Бірақ күшейген соң көтерілісшілерге қарсы қатаң күрес жүргізді. Көтеріліс шығарғандардың лидерлерінің басын алды. Көтерілісшілермен ауыз жаласқан мемлекет қызметкерлерін қатаң жазалады. Ішімдік ішілетін орындар мен кофейняларды жаптырды. Қаржы мәселесіне де араласқан IV Мұрат

шығындарға шектеу келтірді. Провинцияларда келеңсіздік шығарған жері бар атты әскерлер де мемлекет бақылауына алынды. IV Мұрат жастай қайтыс болды (1640). Тәртіпке келтіру үшін қолданған шаралары үрей тудыру мақсатында еді. Сондықтан да түбегейлі нәтиже бермеді. IV Мұраттан кейін келген Сұлтан Ибрагим мен IV Мехмет кезінде Ыстамбул мен Анадолыда қайтадан көтерілістер шыға бастады.

Тархунджу Ахмет Паша IV Мехметтің бас уәзірі болды. Мемлекеттік қаржы мәселесіне түзетулер енгізу үшін көп қызмет атқарды. Ысырап пен параның алдын алу үшін жүзеге асырған шаралары кейбір кісілерді үркіткендіктен олардың ойынымен дарға асылды.

Көпрүлү Мехмет Паша IV Мехмет ұсынған мол мүмкіндіктермен бас уәзірлікке көтерілген. Атқарған шаралары арқылы мемлекеттегі көптеген кемшіліктерді түзетті. Көтерілісшілерге қарсы қатаң шаралар қолданды. Қаржыны реттеді. Көпрүлү Мехмет Пашадан соң оның ұлы Фазыл Ахмет Паша бас уәзір болды.

Фазыл Ахмет Паша жастайынан мемлекеттік істерді басқарды. Жақсы білім алып, мүдәррислікке (профессор) көтерілді. Фазыл Ахмет Паша қарулы күштерге жаңалықтар мен өзгерістер енгізді. Зеңбірекшілер тобына өзгертулер мен түзетулер жасады. Қазынаның нығаюы үшін жасаған шаралары жақсы нәтиже берді. Тұрақтылықты сақтап қалу үшін аянбады. Бас уәзірлік қызметін аса ұқыптылықпен атқарып, мемлекетке көп қызмет етті.

Бұл ғасырда жүргізілген реформалар түбегейлі нәтиже бермеді. Жасалған шаралардың барлығы дерлік келеңсіздіктердің алдын алуға арналған еді. Мемлекеттің құрылымында іргелі өзгерістер жасалмады. Еуропа елдері өнеркәсіпті өркендетіп, жаңа тарихи кезеңге аяқ басып жатқанда Осман мемлекеті мұны жүзеге асыра алмады. Бітпейтін соғыстар Осман мемлекетінің ес жиюына мүмкіндік бермеді. Түзету шаралары әр кез дұрыс шараларға алып бармады. Көбінесе бұрын жасалған шараларды қайталау ойластырылды. Бұл өз кезегінде жаңа қажеттіліктердің орнын толтыра алмады. Сол себепті осы ғасырда жасалған реформалар уақытша жақсы нәтиже бергенмен, мемлекеттің бұрынғы күшін жиюына жеткілікті болмады.

Реформалардың жалпы ерекшеліктері. XVII ғасырда жасалған реформалар көбіне көп мемлекеттің бұзыла бастаған жүйесі мен қаржы мәселесін реттеуге бағытталды. Мықты да беделді мемлекет қайраткерлері қатаң шаралар арқылы уақытша түзетулерге қол жеткізді. Дегенмен мемлекеттің құрылымында түбегейлі өзгерістер жасалмады. Көбінесе бұрынғы мекемелердің, бұрынғы жүйенің тап солай жұмыс атқаруы үшін түзетулер жасалды.

XVIII ғасырда шын мәнінде түбегейлі өзгерістер жасау қажеттілігі туындады. Осман мемлекетінің бәсекелесі болып келген Еуропа елдерінің әскери және технологиялық үстемдігі байқалды. Осман қарулы күштері мен басқа да құрылымдық мекемелерінің түбегейлі өзгерістер енгізу арқылы уақыт талабына сай етуге әрекет жасалды. Жасалатын реформалардың өздеріне зияны тиіп кететінінен қорыққан Йеничері күштерінің және олармен бірлесе іс атқаратын кейбір топтардың мойынсұнбауы нәтижесінде реформалар сәтсіздікке ұшырады.

Лале дәуірі. Осман тарихында 1718-1730 жылдары арасындағы кезеңді кейбір зерттеушілер Лале дәуірі деп атайды. Лале дәуірі – Пасаровка бітімінен кейін басталған бейбіт кезеңнің аты. Бұл кезеңде падишах III Ахмет тақта отырды. Бас уәзір Невшехирли күйеу Ибрахим Паша – Лале дәуірінің ең танымал есімі. Осы дәуірде жауқазын модасы пайда болып, бүкіл көрнекті жерлерде жауқазын бақшалары өсірілді. Ибрахим Пашаның арқасында осы кезеңде Осман мемлекетінің соғыстан ұзақ тұруға тырысқаны байқалады. Бұл дәуірде Еуропа мәдениеті зерттеліп, кейбір жаңалықтар енгізілді. Өнер мен әдебиет саласында жандану байқалды. Сондай-ақ бұл кезеңде талғампаздық пен көңіл көтеру кезеңі болды. Ыстамбұлдың барлық жерінде сарайлар мен жауқазын бақшалары бой көтерді. Қяғытхане өзені мен бұғазда жаз-қыс демей ұйымдастырылатын көңіл көтеру кештерінде қоғамның бір бөлігі уақытын рахат өмір сүрумен өткізді.

Баспаның ашылуы. Көне түріктердің ішінде ұйғырлар баспаны біліп, қолданатын. Алайда баспаны одан әрі дамытпағандықтан уақыт өте келе ұмыт болды. Еуропа халқы XV ғасырда баспаны қолдана бастады. Испаниядан ажал аузынан арашаланып, Ыстамбұлға алынып келінген еврейлер Ыстамбұлда баспахана ашты. Осман мұсылмандары баспаны қолданбай, кітаптарды қолжазбамен көбейтіп келді. Қолжазбамен кітап көбейтуді кәсіп қылып, осылайша күн көретін қалың кәсіпқой тобы болды. Францияға Осман елшісі ретінде барған Йирмисекіз Мехмет Челебидің ұлы Сайит Эфенди Францияда баспаны көрді. Ыстамбұлға оралған соң, Сайит Эфенди венгер текті Ибрахим Мүтеферрикамен бірге бір баспахана құрды (1727). Шейхулисламнан алынған бәтуа бойынша діни кітаптардан басқа кітаптардың баспаханада басылуы қамтамасыз етілді. Осылайша кітап көбейтіп, нәпақасын табатын кісілердің наразылығы азайтылды.

Басқа жаңалықтар. Лале дәуірінде Ыстамбұлда йеничерилерден тұратын бір өртсөндіруші тобы құрылды. Яловада қағаз фабрикасы ашылды. Ыстамбұлда мата фабрикалары мен керамика шебер-

ханалары құрылды. Жаңа кітапханалар ашылды. Шешек ауруына қарсы егу кеңінен тарала бастады. Егудің бұл түрі түріктер арасында бұрыннан бері қолданылып келетін. Кануни кезінде ауруға қарсы егуді түріктерден үйренген Еуропалықтар егуді Еуропада да қолдана бастады. Бұл кезеңде сәулет өнері де дамыды. Көптеген әсем үйлер мен сарайлар, су жағалауында үйлер салынды. III Ахмет су көзі сол дәуірден күні бүгінге дейін келген тамаша өнер туындыларының бірі. Сурет пен миниатюра өнері де дамыды. Ірі миниатюра шеберлерінің бірі Левни де осы дәуірде өмір сүрді. Лале дәуірінде Еуропадағы өзгерістерді қуып жету үшін осы елдерге елшілер мен консулдар жіберілді. Қарулы күштерде туннель қазушылар мен зеңбірек оғын құюшылар тобында реформалар жасалды. Капыкулу әскерлері үшін санақ жүргізілді. Қарапайым халықтың қомақты бөлігі өте ауыр ахуалда өмір сүріп жатқанда Ыстамбұлда кейбір мемлекет қызметкерлерінің сауық-сайранмен уақыт өткізіп, көңіл көтеруі кикілжіңдерге себеп болды. Патрона Халил атты бұрынғы йеничері қалыптасқан жағдайға наразылық білдіргендерді жинап, көтеріліс шығарды. Ибрагим Паша мен оның жақындары өлтірілді. Сарайлар өртелді, жауқазын бақшалары жермен жексен етілді. III Ахметті тақтан құлатқан көтерілісшілер I Махмұтты падишах етіп жариялады. Осы көтеріліспен Лале дәуірі аяқталды (1730).

I Махмұт кезінде жүзеге асырылған реформалар: Патрона Халилдің көзін жойған I Махмұт (1730-1754) қарулы күштерге өзгеріс енгізуге бел буды. Тегі Француз Хумбараджи Ахмет Паша зеңбірекшілер мен зеңбірек оғын құюшылар тобында реформа жасады. Үскүдарда Құрлық инженериясы деп аталатын офицерлік мектеп ашылды. Анадолыда мемлекетке наразылық қозғалыстары бастырылды.

III Мұстафа тұсында жасалған реформалар: III Мұстафа (1757-1774) қарулы күштерге өзгерістер енгізуді жалғастырды. Франциядан келген Барон де Тотт атты венгер зеңбірекші және әскери «истихкам» топтарын дайындады. Жылдам зеңбірекшілер деп аталатын топ құрылды. Халичте ашылған Хендесехане атты мектепте теңізшілер мен зеңбірекшілер дайындалды. III Мұстафа қаржы мәселесіне де бірқатар өзгерістер енгізді.

I Абдулхамит тұсында жасалған реформалар: I Абдулхамит (1774-1789) Англия және Франциядан кеме жасау ұсталарын шақыртты. Бас уәзірі Халил Хамит Пашамен бірге қарулы күштерге өзгерістер енгізді. Жылдам зеңбірекшілер тобы күшейтілді. Француз мамандардың көмегімен Ыстамбұлда әскери-техникалық мектеп ашылды. Әскери

мектептерге арналған кітаптар батыс тілдерінен аударылды. Халил Хамит Паша қаржы мәселесінде де реформалар жасады.

III Сәлім тұсында жасалған реформалар: III Сәлім (1789-1807) Француз көтерілісі болған жылы таққа отырды. Өзінен бұрынғы падишахтардың жасаған реформаларына қарағанда түбегейлі өзгеріс енгізуге барын салды. III Сәлім құрған қарулы күштер мен оның тұсында жасалған өзгерістер Низам-ы Джедит (Жаңа тәртіп) деп аталды. III Сәлім елші ретінде Венаға жіберген Ратыб Эфендиден және басқа да мемлекет қызметіндегі кісілермен ақылдасып, жасалуы тиіс реформалар жайлы пікірлерін сұрады. Осы пікірлерді пайдалана отырып, реформалар жоспарын жасады. Өзгеріс енгізуді әскерден бастаған III Сәлім Йеничерилердің әскери дайындығын реттеді. Зеңбірекші, зеңбірек оқшысы және туннель қазушы топтарына жаңа дайындық тәртібін енгізді. III Сәлім йеничерилерді жоймады. Бірақ Низам-ы Джедит деп аталатын жаңа жасақ құрып, йеничерилерді артқа ысырып қойды. Франция мен Швециядан шақыртылған офицерлер Низам-ы Джедит жасағын жаттықтырды. Жаңа жасақтың киімдері де өзгеше болды. Низам-ы Джедит жасағы Акка қамалы түбінде Наполеонның әскерін жеңді.

III Сәлім тұсында Құрлық инженериясы құрылымдық өзгерістер жасалып, қайта ашылды. Теңіз инженериясы ұлғайтылды. Кеме жасау шеберханалары жаңартылды. Заманауи зеңбірек оқтары құйылды.

III Сәлім Еуропада болып жатқан заманауи өзгерістерді үйрену үшін Париж, Лондон, Вена және Берлинде елшіліктер аштырды. Батыс тілдерінен ғылыми және өнер туралы шығармалар түрік тіліне аударылды. Ғалымдар тобында және мемлекеттік мекемелерде өзгерістер енгізілді. Қаржы істерінде жаңа түзетулер жасалды. Жасалатын өзгерістерге қаржы табу үшін Ирад-ы Джедит (Жаңа табыс) деген атпен жаңа қазына құрылды. III Сәлімнің жүзеге асырғысы келген өзгерістер кейбір топтарға ұнамады. Халықтың бір бөлігі жасалған жаңалықтарға «кәпір жаңалығы» деп қарсы шықты. Йеничерилер болса жаңа құрылған Низам-ы Джедит жасағын өздеріне қауіп ретінде көрді. Осы жылдарда Ресеймен соғыс басталды. Бас уәзір әскерге қолбасшылық етті. Реформаларға наразы болғандар Ыстамбулда көтерілді. Көтерілістің басшысы Кабакчы Мұстафа деген кісі болды. Көтерісшілер III Сәлімді тақтан құлатып, IV Мұстафаны таққа отырғызды (1807). Низам-ы Джедит жасағы жойылды. Реформаларды жақтаушылар Ұрымға (Фракия) Русчук автономиясына Алемдар Мұстафа Пашаның қасына қашты. Реформалар осылайша сәтсіздікпен аяқталды.

II Махмұт тұсында жасалған реформалар: Реформаларды жақтаушы Алемдар Мұстафа Паша әскерлерімен бірге Ыстамбулға келді. Ыстамбулды қол астына алған Алемдар III Сәлімді таққа қайтадан отырғызу үшін сарайға бет алды. Алайда III Сәлім өлтірілген болатын. II Махмұт таққа отырды (1808). II Махмұт Алемдар Мұстафа Пашаны басуәзір етіп тағайындады. Низам-ы Джедит жасағының орнына Секбан-ы Джедит атты жаңа жасақ құрылды. Алемдар Мұстафа Паша жақсы басқарушы бола алмады. Аз уақыттың ішінде дұшпандары көбейіп кетті. Йеничерилер көтеріліске шығып, Алемдар Мұстафа Пашаның үйін қоршауға алды. II Махмұт да Алемдардың күшейіп кетуінен қорықты. Сондықтан да оны құтқару үшін әрекет жасамады. Алемдар жағдайдың ушыққанын байқап қару-жарақ қоймасына от қойып, өзін қоршауға алған йеничерилермен бірге өлді. Көтерілісшілер жаңадан құрылған жасақты да таратып жіберді.

II Махмұт жастай таққа отырды. Жаны жаңалық енгізуге жақын болды. Алайда уақытының шарттары сәйкес келмеді. Сол себепті де түбегейлі өзгерістер жасау үшін он сегіз жыл күтті. Реформаларды қарулы күштерден бастау керектігіне сенген II Махмұт Секбан-ы Джедиттің орнына Эшкинджи Оджағы деген атпен жаңа жасақ құрды. Осы бірлікке Йеничерилерден тандаулы әскерлер алынып, жаңа тәртіппен әскер дайындала бастады. Йеничерилер Эшкинджи Оджағы жасағын да өздеріне бәсеке ретінде көріп, көтеріліске шықты. Йеничерилердің бұл көтерілісін күтпеген II Махмұт пен айнала-сындағы мемлекет қызметкерлері медресе шәкірттері мен халықты көмекке шақырды. Санджак-ы Шериф (Даңқты ту) деп аталатын Хз. Мұхамметтің туы көтерілді. Халық осы тудың астында бірігіп, йеничерилерге қарсы соғысқа әзірленді. Йеничері барактарына зеңбірек оғы жаудырылды. Йеничерилерге қарсы көшеде қарсылық көрсетіліп, ұсталғандар аяусыз өлтірілді. Осылайша Йеничері әскерлері түгелдей жойылды (1826). Бұл оқиғаны Осман тарихшылары Вака-и Хайрие (қайырлы оқиға) деп атады. Йеничері әскерлері жойылған соң, II Махмұт өзгерістер енгізе бастады. Асакир-и Мансуре-и Мұхаммедие (Мұхамметтің жеңімпаз әскерлері) деген атпен әскер жасақталды. Осы әскерлерді дайындау үшін Пруссиядан офицер шақыртып, Медицина мектебі және Әскери мектеп ашты. Францияға әскери білім алу үшін білімгерлер жіберілді. Әскерге алынатын еркек санын анықтау үшін халық санағы жүргізілді (1831). Мемлекет құрылымында түбегейлі өзгерістер жасалды. Диван деп аталатын жоғарғы мәжіліс жойылды. Батыс үлгісінде жаңа үкімет құрылды. Бас уәзір бас уәкіл, үкімет мүшелері назыр (қараушы: министр) деп аталды.

Елдің бұрыш-бұрышында өзіне-өзі автономды басқару құра бастағандар мемлекетке қаратылды. Елдің провинцияларды басқару тәртібі түзетілді. Аймақ, облыс және ауданға бөлінетін жаңа басқару жүйесі құрылды. Әскери емес қызметкерлерге мән берілген жаңа жүйе құрылды. Азаматтық және әскери басқару бір-бірінен ажыратылды. Эпидемиялық ауруларға қарсы карантин қолданысы көбейді.

Бұрын қызметін жеке мақсаттарда пайдаланған қызметкерлердің мал-мүлкі мемлекет тарапынан тәркіленетін. Мұны «мүсадере» деп атайтын. Мұндай тәркілеуді тоқтату шешімі қабылданды. Қызметкерлер үшін арнайы соттар құрылды. II Махмұт білім саласына да өзгерістер енгізді. Жоғары оқу орындарына оқушы дайындайтын рүштиелер (орта білім беретін мектеп) ашты. Мемлекет қызметкерлерін дайындайтын мектеп ашылды. Еуропаға оқушы жіберілді. Таквим-и Векаи (Оқиғалар тізбесі) деп аталатын алғаш ресми газет жарық көрді (1831). II Махмұт киімге де реформа жасады. Суретін мемлекеттік мекемелерге ілгізді. Мемлекет қызметкерлерінің фес (кесік конус пішініндегі бас киім), жакет және шалбар киюді бұйырды. Енгізген жаңалықтарына байланысты оны кәпір падишах деп атады. II Махмұт жас кезінде өмірмен қош айтысты (1839).

II Махмұт Осман падишахтарының ішінде түбегейлі өзгерістер енгізген билеуші. Оның тұсында жасалған реформаларда түгелдей дерлік батыс үлгісі негізге алынды. Сондықтан да II Махмұттың реформалары мен Ататүрік реформалары бір-біріне ұқсайды. Бірақ Ататүрік реформалары нәтижелері тұрғысынан іргелі өзгерістер жасады.

Осман мемлекетінде демократия әрекеттері Танзимат жарлығы. II Махмұттың орнына ұлы Абдүлмәжит отырды (1839). Абдүлмәжит әкесі бастаған өзгерістерді жалғастыруды көздеді. Сыртқы істер министрі етіп тағайындалған Мұстафа Решит Пашаға осы мәселелер бойынша тапсырма берілді. Мұстафа Решит Паша Париж бен Лондонда елші қызметін атқарды. Батысты жақсы танитын. Мұстафа Решит Паша Танзимат жарлығы деп аталатын реформалар жүйесін әзірледі. Падишахтың бұйрығымен жасалған бұл жарлық Гүлхане паркінде шетелдіктер мен жалпы халықтың алдында оқылды (1839). Танзимат жарлығында мемлекеттің жүз елу жылдан бері қиын жағдайда екендігі, мұның себебі заңға бағынбау екендігі айтылды. Мемлекеттің бұрынғы күшіне қайта қауышуы үшін жаңа заңдар жасалуы тиіс екендігі баяндалды. Жарлықта жасалатын жаңалықтардың негіздері төмендегіше көрсетілді:

а) дініне, тіліне және нәсіліне қарамастан бүкіл халықтың жаны, мал-мүлкі мен ар-намысы заңмен қорғалады;

ә) әркімнің табысына қарай әділетті түрде салық алынады;

б) әскерге алынудың қатаң шарттары жсалып, уақытпен шектеу қойылады;

в) әркім заң алдында тең болады, соттар ашық жасалады, ешкім сотсыз өлтірілмейді;

г) әркімнің жеке мал-мүлікке ие болу құқығы болады;

ғ) қылмыс жасаған азаматтың мал-мүлкін мемлекеттік тәркілеу жойылады.

Абдүлмәжит осы жарлығын негізге алып, одан шықпайтынына уәде берді. Осы жарлық бойынша Абдүлмәжит өзінің падишахтық құқығының бір бөлігінен бас тартты. Осы жарлық жарияланған күннен 1876 жылға дейінгі уақыт Танзимат дәуірі деп аталады. Осы жарлық жарияланған соң әділет, әскерлік, қаржы, білім және мемлекеттік басқару салаларында реформалар жасалды. Жаңа заңдар шығарылды. Алайда жасалған өзгерістер көптің көңілінен шыға қоймады. Мұсылман және христиандардың кейбір топтары Танзиматқа қарсы шықты. Диаспоралар Еуропа елдерінің айдап салуымен жасалған өзгерістерді жеткіліксіз деп білді. Осы жарлық арқылы Еуропадағы бүкіл елдердің көңілінен шығу жоспарланған болатын. Алайда батыс елдері бұдан да көп өзгерістердің жасалуын сұрап, Осман мемлекетінің ішкі істеріне араласа берді.

Реформа жарлығы. Қырым соғысында Осман мемлекетімен бірге Ресейге қарсы соғысқан Франция мен Англия Осман мемлекетінің христиандарға жаңа жеңілдіктер жасауын талап етті. Соғыстың соңында Парижде бейбіт келісімдердің жасалуы барысында осы мәселе күн тәртібіне қойылды. Осман мемлекеті батыс елдерінің қысымынан құтылу үшін Реформа жарлығын жариялады (1856). Реформа жарлығы арқылы Танзимат жарлығындағы мұсылман емес халықтарға берілген жеңілдіктер одан әрі көбейтілді. Бұл жарлықтың кейбір баптары төмендегідей:

а) мемлекеттік қызмет нәсілі мен дініне қарамастан әр азаматқа ашық болады;

ә) соттарда мұсылман еместер де куәлік ете алады;

б) мемлекеттік хаттарда мұсылман еместер үшін оларды қорлайтын сөздер қолданылмайды;

в) мұсылман еместерден алынатын салық жойылады;

г) соттар ашық жасалады, аралас соттар құрылады.

Реформа жарлығы арқылы мұсылман еместерге жаңа жеңілдіктер берді. Дегенмен Еуропа мемлекеттерінің Османның ішкі істеріне бас сұғуын тоқтату мүмкін емес болды.

I Мешрутиет (1876): Танзимат жарлығы жарияланса да, Осман мемлекеті ішкі және сыртқы мәселелерден құтыламады. Танзимат кезеңінде алғаш рет Еуропадан қарыз алынған еді. Бұл қарыз кейінгі жылдарда арта түсті. Алынған ақшаның бір бөлігінің сарай салуға жұмсалуды кейбір топтардың наразылығын тудырды. Сұлтан Абдулазиз тұсында Ресейге қарсы мықты флот құру үшін де қарыз алынған болатын. Балқан түбегінде христиандар жиі-жиі көтерілді. Еуропа елдерінің қысымы күшейе түсті. Бұл өзгерістерге қарсы Намык Кемал мен Зия Паша сияқты бірқатар зиялылар Жас Османдар деген атпен жасырын ұйым құрды. Олар Танзимат кезеңіндегі басқарушыларды ұнатпайтын. Олардың пікірінше қалыптасқан жағдайдан құтылудың бір ғана жолы Мешрутиет басқарушыларын құру болды. Осы пікірлерін халық арасына жаю үшін газеттер шығарды. Ұйым мүшелерінің кейбірі Еуропаға барып, пікірлерін Еуропадан таратуға кірісті. Олар Мешрутиет жарияланған соң барлық топтардың мәжілісте өкілі болса, келеңсіздіктердің жойылатынына сенді. Мұсылман еместердің де осылайша көңілі алынса, Еуропа елдері де қысым жасамайды деген ойда болды. Митхат Паша сияқты кейбір мемлекет қайраткерлері Жас Османдардың пікіріне қосылды. Митхат Паша бастаған бір топ көтеріліс жасап, Абдулазизді тақтан құлатты (1876). Орнына V Мұрат таққа отырды. Науқас болғандықтан үш айдан кейін V Мұрат тақтан түсті. II Абдулхамит мешрутиетті жариялаған соң, уәде бойынша таққа отырды. II Абдулхамит Митхат Пашаны бас уәзір етіп тағайындады. Төрағалығын Митхат Пашаның өзі атқарған комиссия алғаш Осман конституциясын Канун-ы Эсаси (Негізгі заңдар) әзірленді. Ыстамбул конференциясы ашылған күні Канун-ы Эсаси жария етілді (23 желтоқсан 1876). Осылайша мемлекет мешрутиет басқаруына көшті. Осман депутаттарының мәжілісі болды.

Мешрутиет жарияланған соң 1877-1878 жылдары Осман-орыс соғысы шықты. Мұсылман емес кейбір халық қалаулылары мемлекетке қарсы іс-әрекетке көшті. Ол себепті II Абдулхамит Канун-ы Эсасиде өзіне берілген құқықты пайдалана отырып, мәжілісті жапты (1878).

I Мешрутиет түрік халқының демократияға бастаған алғаш қадамы болды. Бірақ бұл қадам сәтті бола қоймады. Өйткені жиналған халық қалаулылары мәжілісінде түрік текті депутаттар жалпы мүшелер санының жартысына жетпейтін. Кейбір мұсылман емес мүшелер Осман мемлекетінің дұшпаны батыс елдерімен ауыз жаласқан еді.

Мешрутиет мемлекетті бөлгісі келгендерге мүмкіндік берді. Мұндай жағдайда мешрутиеттің өміршеңдігі мүмкін емес-тін. Сондықтан да оның өмірі ұзаққа созыла қойған жоқ. Діні мен тегі әртүрлі жандар Осман халқы деген бір тудың астында бірігуі пікірі шындыққа жанаспайтыны белгілі болды.

II Мешрутиет (1908): II Абдулхамит мәжілісті жауып, барлық құқығын өз мүддесіне қолданды. Білімге көңіл берді. Көптеген мектептер ашты. Еуропа елдерінің өзара кикілжіңдерін оңтайлы пайдаланып, мемлекетті ыдыраудан сақтады. Мемлекеттің сыртқы қарыздарын төлеу шараларын жасады. II Абдулхамит жүзеге асырған қатаң шаралар кейбір топтарға ұнай қоймады. Ел ішінде түрлі пікір ағымдары тарайды. Мешрутиет жақтаушылары шетелдерде газет-журнал шығарып, падишахты әлсіретуге тырысып бақты. Иттихат Вэ Теракки (Бірлік және даму) ұйымы деген атпен құрылған жасырын ұйым құрамына кейбір офицерлерді де алып, қайтадан мешрутиет құру үшін әрекетке көшті. Кейбір зиялылар Еуропа елдеріне қарсы тұра білу үшін бүкіл мұсылмандардың бірігуі керектігін алға тартты. Енді бір топ болса, түрік бірлігін құру керек деген пікірде болды. Иттихат Вэ Теракки ұйымының мүшелері Англия мен Ресейдің Македонияны Осман мемлекетінің құрамынан бөліп алу туралы жоспарын алға тартып көтерілді. Македонияда орналасқан Үшінші кол офицерлерін де өз жағына тартты. Ниязи Бей деген жас офицер Монастырь қаласында, майор Энвер Бей Солоникиде ұйымға қосылды. Олар мешрутиет жарияланса, Еуропа мемлекеттері Осман мемлекетінің ішкі істеріне араласпайды деген ойда болды. II Абдулхамит көтерілістің етек алуынан және қан төгілуінен қорықты да, II Мешрутиетті жариялады (1908). Халық қалаулылары мәжілісі қайта ашылды. Иттихат Вэ Теракки ұйымы мемлекеттік басқаруға кірді. Мешрутиет жарияланған соң, Австрия-Венгрия Босния-Герцоговинаны басып алды. Болгария тәуелсіздігін жариялады. Крит аралы Грецияның құрамына кірді. Иттихат Вэ Теракки ұйымының басқаруы кейбір топтардың наразылығын тудырды. Наразы топтардан газетшілердің өлтірілуі қоғамдағы кикілжіңді одан сайын арттыра түсті. Ыстамбулда Иттихат Вэ Теракки ұйымына қарсы көтеріліс шықты (13 сәуір 1909). Ол уақытта қолданылып жүрген күнтізбе бойынша 31 наурыз оқиғасы деп аталатын бұл көтерілісте кейбір депутаттар, газетшілер және офицерлер өлтірілді. Иттихат Вэ Теракки ұйымының жақтаушысы Әрекет қолы Солоникиден Ыстамбулға келіп, көтерілісті басты. Бұл қолдың қолбасшысы Мұстафа Кемал болды. II Абдулхамитті тақтан құлатқысы келген Иттихат Вэ Теракки ұйымының жақтастары

31 наурыз оқиғасында падишахты кіналап, өз дегендеріне жетті. Орнына V Мехмет Решатты таққа отырғызды. Оның тұсында мемлекет басқару Иттихат Вэ Теракки ұйымының лидерлері Энвер, Талат және Джемал Пашаның қолында болды. Иттихат Вэ Теракки ұйымы алғашқыда Осман халқы идеясын ұстанса да, кейінірек түрікшілік ағымын өздерінің негізгі идеясы ретінде көрді. Энвер Пашаның тікелей қатысуымен Осман мемлекеті I Дүние соғысына кірді. Соғыстың соңында Осман мемлекеті ыдырады. II Мешрутиет те өз уақытының ішкі және сыртқы шарттарының сәйкес келемеуіне байланысты сәтсіздікпен аяқталды. Бірақ демократия жолында бір тәжірибе болды.

Траблус соғысы: Италия XIX ғасырдың аяғында саяси бірлікке қол жеткізді. Территориясын ұлғайтқысы келді. Англия Мысырды, Франция Тунисті жаулап алды. Ал Италия Османға қарасты Траблус пен Бенгазиді өз қарамағына алудың жолдарын қарастырды. Франция мен Англияның қолдауына сүйене отырып, Италия 1911 жылы Траблус пен Бенгазиге әскер жіберді. Мысыр ағылшындардың қол астында болғандықтан Осман мемлекеті Мысырға әскер жібере алмады. Түрік офицерлері жергілікті халықты ұйымдастырып, Италия қарулы күштеріне қарсы күрес жүргізді. Италияндар флоттың күшімен жағалаудағы жерлерді алды, алайда ішкі территорияларға бас сұға алмады. Араларында Мұстафа Кемал және Энвер Пашамен бірге бірнеше түрік офицері Траблусқа келіп, соғысқа қатысты. Дерна мен Тобрукта Италияндар жеңіске жетті. Италияндар Осман мемлекетін қиын жағдайда қалдыру үшін Он екі аралға әскер түсірді, Чанаккалеге зеңбірек оғын жаудырды.

Балқан соғысы басталған соң Осман мемлекеті екі майдан шебінде бірден соғыспау үшін Италиямен бітімге келуге көнді. 1912 жылы Швейцарияның Уши қаласында бітімге қол қойылды. Бітім бойынша Траблус пен Бенгази Италияға берілді. Он екі аралды Осман мемлекетіне қайтару шешімі қабылданды. Алайда бұл аралдар уақытша Италияның қол астында қалатын болды.

Балқан соғысы: Болгария, Сербия, Греция және Черногория Түркияның Еуропадағы жерлерін өзара бөлісіп, түріктерді Балқан түбегінен шығаруға келісті. Ресей Балқан түбегіндегі аты аталған мемлекеттерді қолдады. Ал Осман мемлекеті уақытында қажетті шаралармен мәселенің алдын алмады. Әскердің бір бөлігінің әскерлік уақыты біткен болатын. Офицерлер өз араларында партияларына қарай бөлінді. 1912 жылы төрт Балқан елі Осман мемлекетіне соғыс ашты. Осман қарулы күштерінің саяси көзқарастарына байланысты екіге бөлінуі және теңіз күштерінің болмауы Османдардың жеңіліске

ұшырауына себеп болды. Бұлғарлар Чаталджаға дейін келді. Гректер Солоники мен Эгей теңізіндегі аралдарды басып алды. Осман мемлекеті бітімге келуге мәжбүр болды. Лондон бітіміне қол қойылды (1913). Бітім бойынша Мидия-Энез шегі Түркия мен Балқан елдерінің арасында шекара болып белгіленді. Эдирне Болгарияның қарамағына берілді.

Екінші Балқан соғысы: Осман жерлерін бөлісуде келісе алмаған Балқан мемлекеттері өзара соғыса бастады. Осман мемлекеті қалыптасқан жағдайды пайдаланып, соғысқа кірді. Эдирне мен Кыркларелинді қайтарып алды. Болгариямен жасалған Ыстамбул бітімі бойынша Мерич өзені екі мемлекет арасында шекара болып қабылданды. Эдирне мен Кыркларели Османдарда, Батыс Фракия мен Дедеағач Болгарияға қарады (1913). Грециямен жасалған Афины бітімі бойынша Солоники, Кавала, Иония және Крит аралы Грецияның қол астына өтті (1913).

Балқан соғысы түріктердің тарих бойынша көрген ең үлкен мәселелерінің бірі болды. Осы соғыста ғасырлар бойы Осман жері болып келген Ұрымдағы түрік қалалары Балқан елдерінің қарамағына өтті. Он мыңдаған түрік соғыста өлді, бірқатары Ыстамбулға және басқа қалаларға көшуге мәжбүр болды.

I Дүниежүзілік соғыс және Осман мемлекетінің соғысқа кіруі, соғыстың себептері. Англия мен Франция отаршыл императорлық құрды. Германия саяси бірлікті қамтамасыз етумен айналысып, отарлауда кешігіп қалды. Еуропаның ең мықты құрлық қарулы күштерін құрған Германия өнеркәсіпті де дамыта түсті. Ендігі мәселе шикізатпен қамтамасыз ету үшін отарлау саясатына өту болатын. Германияның өнеркәсіп тауарларын саудалауда Англия және Франциямен бәсекелесуі соңғы екі елге аса ұнай қоймады. Ал Ресейдің территориясын ұлғайтуы Австрия-Венгрия империясын қорқытты. Осындай жағдайда үлкен державалар екі топқа бірікті. Германия, Австрия-Венгрия және Италия үштік одақ құрды (1883). Франция, Англия және Ресей үштік келісім, яғни Антанта одағын құрды (1907). Ресей панславизм саясатын ұстанып, Балқан түбегінде үстемдік құрып, Жерорта теңізіне енгісі келді. Екі топқа бөлінген Еуропа мемлекеттері пісіп жетіліп кете жатқан соғысқа дайындалып, қарқынды түрде қаруланып жатты. Дүниежүзілік соғыс үшін барлық алғышарттар қалыптасты. Соғысты кімнің бастайтыны белгісіз еді. Соғыс басталды. 1914 жылдан 1918 жылға дейін созылған әлем тарихының бұрынсонды болып көрмеген ең үлкен соғысы басталды.

Соғыстың басталуы және алғашқы өзгерістер: Австрия-Венгрия тақ мирасқорын сербиялық шәкірт Сараево қаласында өлтірді. Австрия Сербияға соғыс жариялаған соң басқа елдер де соғысқа кірді. Бір жақта Австрия-Венгрия мен Германия, екінші жақта Ресей, Англия, Франция және Сербия соғысып жатты. Италия да көп кешікпей одақтастарымен бірге соғысты. Кейінірек Осман мемлекеті мен Болгария үштік одаққа, Белгия, Румыния, Греция, Жапония, Қытай, Бразилия және Америка Құрама Штаттары Антанта одағына қосылып, соғысқа кірді. Соғыс бүкіл әлемге әсер етті.

Осман мемлекетінің соғысқа кіруі: Осман мемлекеті Ресей, Англия, Францияға қарсы Германияға жақындау қажеттілігін сезінді. II Абдүлхамит бастағын бұл саясат кейінірек мемлекет басқаруын өз қолына алған Иттихат Вэ Теракки партиясының да ұстанымына айналды. Германия дұшпандарының күшін бөлу мақсатында Осман мемлекетінің соғысқа кіргенін жөн көрді. Энвер Паша да Германияның жағында соғысқа қатысып, алдымен Осман мемлекетінің айрылып қалған жерлерін кері қайтаруды жоспарлады. Немістердің Энвер Пашамен жасырын жасаған келісімі бойынша Осман мемлекетінің соғысқа кіруі туралы шешім қабылданды. Ағылшындардан жасырын Ыстамбулға келген Гобен және Бреслав атты екі неміс кемесіне Явуз және Мидилли деген аттар берілді де, осы кемелердің сатылып алынғаны жария етілді. Аталған екі кеме Қара теңіздегі орыс порттарын бомбалады да, Осман мемлекеті соғысқа кірді.

Осман мемлекеті соғысқан майдан шептері: Осман әскерлері I Дүниежүзілік соғыста Чанаккале, Кавказия, Палестина, Ирак, Суец, Хиджаз, Йемен, Галиция, Румыния және Македония шептерінде соғысты.

Англия мен Франция Ресейге қол ұшын беру үшін Чанаккале мен Ыстамбул бұғаздарын қолданғысы келді. 1915 жылы Чанаккале бұғазына үлкен флот жіберілді. Чанаккаледе түрік әскерлерінің қиын жағдайда көрсеткен ерен ерлігінің арқасында сәтсіздікке ұшырады. Ағылшындар мен Француздар Гелиболу түбегіне әскер түсірді. Мұнда құрлықта кескілескен шайқастар болды. Джонк төбесі және Анафарталар шебінде Мұстафа Кемал қолбасшылығындағы түрік әскерлері жеңіске жетті. 1916 жылы Ағылшын және Француз әскерлері қырғынға ұшырап Чанаккаледен кейін шегінуге мәжбүр болды. Ресей Англия мен Франциядан көмек ала алмаған соң қиын жағдайда қалды. Өз территориясында ішкі кикілжіңдер жалғасып жатқан Ресейде төңкеріс жасалды. 1917 жылы Ресей соғыстан шығып қалды.

Мемлекеттің құлауы. Германия және оның одақтастары соғыста жеңілді. Осман мемлекеті де 1918 жылы 30 шілдеде Мондрос бітімге қол қойып, соғыстан шықты. Антанта одағының мемлекеттері осы бітім бойынша Осман мемлекетінің кейбір аймақтарын жаулап ала бастады. I Дүниежүзілік соғыс Осман мемлекетінің ыдырауымен аяқталды. Германия мен одақтастары ауыр шарттарды қабылдап, соғыстан үлкен шығынмен шықты. Түрік халқы өз Отандарының шетелдіктердің ойрандауына жол берілуіне көз жұма қарай алмады. Мұстафа Кемалдің қолбасшылығында қолдарына қару алып ұлт-азаттық күресіне шықты.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. *Осман империясы территориясының тез қарқынмен өсу себептері неде?*
2. *Осандар билігінің ұзақ өмір сүруі себептерін атаңыздар.*
3. *Империяның саяси құрылысына сараптама жасаңыздар.*
4. *Империяның құлдырауына әсер еткен ішкі және сыртқы факторларды атаңыздар.*
5. *Осандардың бағынышты халықтардың діні мен мәдениетіне қатысты ұстанымдары қандай болды?*
6. *«Янычарлар» корпусының империя тарихында алатын орны қандай болды?*
7. *Әскери-лендік жүйеге сипаттама беріңіз*
8. *Танзиматтың маңызы мен нәтижесіне сараптама жасаңыздар.*
9. *Осман империясының Үштік Одақпен жақындасуына не әсер етті?*
10. *Осман империясы тарихының Түкілер тарихында алатын орны қандай?*

V тарау
ҚАЗАН ЖӘНЕ АСТРАХАНЬ ХАНДЫҚТАРЫ

1. Қазан хандығы

Хандықтың құрылуы. 1230 жылы Каспий маңындағы далалар Шыңғысханның өсиеті бойынша үлкен ұлы Жошының ұлысына енді, алайда бұл жерлерді жаулап алуды Шыңғысханның немересі Бату хан жүзеге асырды. 1242-1243 жылдары ол Еділдің төменгі сағасына тоқтап, осында жаңа мемлекеттің негізін қалады. Бұл мемлекет кейіннен Алтын Орда деп аталды. Алтын Орда мемлекеті өте үлкен территорияны қамтыған, әртүрлі халықтар мен ұлттардан тұратын күшпен біріктірілген мемлекет болды. Сондықтан да ұзақ өмір сүрген жоқ. Алтын Орданың құлауының нәтижесінде Қазан, Астрахань, Қырым хандықтары құрылды.

Қазан хандығы қашан және кімнің тарапынан құрылғандығы жөніндегі мәселе ұзақ жылдар бойы ғалымдар арасында талас тудырып келді. Өткен ғасырлардағы орыс тарихшылары, олардың арасында А. Лызлов, П.И. Рынков, Н.М. Карамзин секілді атақты ғалымдар Қазан хандығын 1437 жылы Алтын Ордадан қуылған оның ханы Ұлық-Мұхаммед хан құрды деп жазды.

Алайда өткен ғасырдың ортасында-ақ ірі шығыстанушы ғалым В.В. Вельяминов-Зернов XV ғасырдың 30-40 жылдарындағы тарихи оқиғалар жайлы мәліметтер беретін тарихи дереккөздердің бүкіл жиынтығын мұқият талдай келе өзгеше қорытындыға келді. Ол Ұлық-Мұхаммет өз әскерімен Алтын Орданың орталығынан солтүстікке қарай кеткеннен кейін Қазанда емес, Төменгі Новгородтың ескі бөлігінде тұрғандығын дәлелдеді; Қазан хандығының негізін 1445 жылы оның үлкен ұлы Махмұтек қалаған.

Алтын Орданың соңғы ханы Ұлық-Мұхаммед өз отбасымен және қалған әскерлерімен 1438 жылы Ока өзенінің бойындағы шағын орыс қаласы Белевке келді – бұл жерлер ол кезде Алтын Орданың құрамында болатын. Ол осы жерде қыстап шығуды ойластырды, алайда Мәскеудің ұлы князі II Василий ханды ол жерден қуып шығуға тырысып, оған қарсы есепсіз мол қолды аттандырды, алайда ол әскерді татарлар талқандады. Бір жылдан соң Ұлық-Мұхаммет Мәскеу түбінде пайда болды. Ол жерде 10 күндей тұрып, кері шегініп кетті. 1445 жылы қыста ол Муромға барып оны ала алмай, кетіп қалды. Сол жылдың көктемінде хан ұлы князьға қарсы өзінің екі ұлы – Махмұтек пен Якубтың басшылығындағы өз әскерлерін аттандырды. Василий II

оларға тағы да көп әскерімен қарсы шықты, алайда Суздаль түбіндегі шайқаста тұтқынға түсіп қалып, екі ханзада оны Төменгі Новгородтағы өз әкелеріне алып барды.

Белев шайқасынан кейін Ұлық-Мұхаммет Төменгі Новгородқа келіп, сонда қалып қойғандығын айтуымыз керек. Бұл туралы орыс жылнамаларында анық жазылған. Бұл жылнамаларда хан Төменгі Новгородтың өзінде емес, оның ескі бөлігінде тұрғандығы айтылады. Орыс қаласы пайда болғанға дейін бұл жерде бұлғар қалашығы болғандығы жөнінде пікір бар. Сондықтан бұрынғы Алтын Орда ханы өзінің уақытша ордасы ретінде осы бұрынғы мұсылман қонысын пайдалануы да мүмкін.

1445 жылы тамыз айының соңында Ұлық-Мұхаммет өз балаларымен Төменгі Новгородтан – қазіргі Чуваш елінің батысындағы шағын қала Құрмышқа бет алды. Сол жерде II Василий хан мен оның үлкен ұлы Махмұтектен бостандық алды. Деректерде осылай айтылады.

Сол жылдың қазан айынан кейін Ұлық Мұхамметтің есімі деректерде аталмайды. Оның кенеттен жоқ болып кетуі қандай да бір дәрежеде «Қазан тарихында» Махмұтек өз әкесі мен бауыры Якубты (дұрысы Юсуфты) өлтіргендігі жайындағы деректерде көрініс тапқан. Хан өлтірілді ме әлде ол өз ажалымен өлді ме, күні бүгінге дейін жұмбақ күйінде қалып отыр, себебі бұл жөнінде деректерде ешбір мәлімет жоқ. Бірақ бұл жерде мынау анық: ол өз баласына орын беріп, тарих сахнасынан кетті.

Махмұтектің Қазан билеушісін өлтіріп, қаланы иемденіп Қазанның алғашқы ханы (орыс жылнамалары бойынша «патшасы») болғандығы жайындағы бірқатар тарихи деректер бар. Бұл жайында орыстың Воскресенск, Никонов жылнамаларында, Татар хандарының шежіресінде (бұл да орыс дереккөзі) және Қ. Жалайыридың 1602-1605 жылдары Қасым қаласында жазған «Жылнамалар жинағында» жазылған.

Қазан хандығының алғашқы ханы Махмұтек болғандығын куәландыратын дереккөздер міне, осындай. Сөз жоқ, оған дейін де Қазанның өз билеушісі болған, алайда ол хан емес, бар болғаны алдымен орталығы Ескі Қазанда болған, содан соң Жаңа Қазанда болған Қазан уәлаятының билеушісі ғана болды.

Махмұтек билікті басып алғаннан кейін, Қазан уәлаятының мәртебесі де өзгерді. Ол енді княздік болудан қалып, хан басқаратын жеке мемлекетке айналды. Алтын Орда құлағаннан кейін пайда болған басқа татар хандықтары да осы кезеңде, яғни XV ғасырдың 30-40-жылдарында құрылды.

Жер аумағы мен халқы. Хандықтың өмір сүруінің алғашқы кезеңі. Қазан хандығы бұрынғы Алтын орданың солтүстік аймағының ұланғайыр жерін алып жатты. Оның шығыс шеті Орал тауларына дейін жетіп, Сібір хандығымен шектесті. Оңтүстік-шығысы мен оңтүстігінде Ноғай Ордасына қарасты кең байтақ дала созылып жатты. Мұнда белгілі бір шекара болмады, себебі дала қолдан қолға өтіп отырды, тіпті кейде бос жатты. Алайда қандай да бір шартты шекті Самара маңынан өткізуге де болар еді. Хандықтың ең оңтүстік шектері Еділдің кең-байтақ жағалауларымен өзен бойымен төмен қарай Сарытауға (Саратов) дейін жеткен. Ең анық шекара – ол батыстағы шекара болды – бұл Сура өзені болатын, бұл өзеннің арғы бетінде Орыс мемлекетіне қарасты жерлер болды. Солтүстікте Қазан хандығының иеліктері Вятка мен Каманың орта ағысы деңгейінде созылып жатты да, тайгалық белдеумен шектесіп жатты.

Қазан хандығының жоғарыда қысқаша сипатталған аумағы татарлардан басқа Қазанға бағынышты өзге де халықтар қоныстанған оның жалпылама аумағы, мемлекеттің жер аумағы болды. Қазан хандығының құрамына бірқатар түркі тілдес және фин-угор халықтарының кіргендігі жайында деректерде айтылады.

Татарлар хандықтың негізгі, орталық жерлерін алып жатты – бұл, негізінен Қазанның арғы беті, яғни Камадан солтүстікке қарай Еділ мен Вятка арасындағы кең-байтақ өлке. Татарлардың едәуір бөлігі, сондай-ақ Таулы өлкеде – Еділдің оң жақ жағалауы мен Свияги бассейнінде, оның орта және төменгі ағыстарында мекендеді.

Қазан хандығының жері Шығыс Еуропаның ең ірі екі өзені Еділ мен Каманың қосылар тұсындағы өте қолайлы орынды ала отырып, айрықша табиғи байлығымен және таңғажайып сұлулығымен ерекшеленді. Үстірттер кезектесе кездесетін орманды далалы, ал кейбір тұстарында биік таулы үстіртті орта еділ жазығы, құнарлы егістері мен аңдарға бай ормандары, өзен алқаптарындағы жасыл желекке оранған ауылдар – мұның бәрі аса тартымды еді, осы өлкелерге келген жат елдіктер оның сұлулығы мен байлығына таңырқамай қоймады.

Қазан хандығының негізгі татар тұрғындары жайлы айта келе, мына келесі жайтқа назар аударған абзал. Хандықтың өмір сүруінің бірінші кезеңінде, яғни XV ғасырдың екінші жартысында оның халқының атауы ретінде «татар» этнонимімен қатар «бұлғарлар» және «бессермендер» сөздері қолданылды. Әрине, еділ бұлғарлары қазан татарларының этномәдени қалыптасуында үлкен із қалдырғаны сөзсіз, әйтсе де осы сөз бұл уақыттарда дәстүрлі түрде ғана қолданылды. Орыс жылнамаларында, тіпті XIV ғасырдың соңына қарай бұрынғы бұлғар жерлері татар жерлері деп атала бастаған.

«Бессермендер» – «бусурман» сөзінің бұрмаланған, жылнамалық формасы, яғни «мұсылман» сөзінің орысша транскрипциясы, себебі татарлар мұсылман болатын.

Келтірілген терминдердің кезектесе қолданылғандығына қарамастан, Қазан хандығының, сонымен бірге көршілес хандықтардың негізгі халқы «татарлар» болды. «Татар» сөзі осы мемлекеттер халқының атауы ретінде орыстың тарихи деректерінде (жылнамаларда, хроникаларда және өзге де құжаттарда); орта ғасырлық еуропалық саяхатшылар мен елшілердің (Иосифат Барбаро мен Амброджо Контарини, XV ғасыр, Сигизмунд Герберштейн, XVI ғасыр, Адам Олеарий, XVII ғасыр); кейбір татар хандарының, мәселен Қазан ханы Абдул-Латиф пен қырым ханы Меңлі Керейдің жарлықтары мен үкімдерінде, шешімдерінде, халықтың ауызша шығармашылығының жекелеген туындыларында кездеседі.

Қазан хандығында, негізінен оның астанасы Қазан қаласында кейбір өзге ұлт өкілдері де, мәселен, армяндар мен өзге де кавказдықтар әйгілі шұға слободасындағы армян слободасында өмір сүрді. Әсіресе, орыстар көп болды – олар мәскеу елшілері мен наместниктерінің сарайларындағы әртүрлі қызметкерлер, оларды қорғауға арналған қарулы жасақтар болды. Олар орыстың билігі тұсында көбейе түсті.

Міне, осылайша Қазан хандығы көпұлтты болғандығына қарамастан, оның негізгі халқы татарлар болды.

Экономикалық өмірі. Шаруашылығы, қолөнері мен саудасы. Қазан хандығының шаруашылығының негізгі түрі егіншілік болды. Пар жүйесі қолданылды, қара бидай, сұлы, арпа, бидай, тары, қарақұмық, бұршақ, т.б. егілді.

Шаруашылық өмірдегі үлкен маңызға мал шаруашылығы ие болды. Еділдің, Каманың және олардың сағаларының алқаптары, Қазаннан төмендегі кең ойпат шөптері шүйгін шабындықтарға бай болды, мұнда жан-жануарлардың орасан үлкен отарлары мен үйірлері – жылқылар, сиырлар, мүйізді ұсақ малдар жайылып жүрді. Ерекше мән жылқы шаруашылығына берілді; ең жақсы деген тұлпарлар хан әскерлерін толықтырып жатты.

Жүйрік аттардан басқа жылқының өзге тұқымдарын – мініс, жегілетін және пошта қызметіне пайдаланылатын жорға аттар пайдаланылды. Жылқы еті татарларда ең сүйікті әрі денсаулыққа аса пайдалы азық түрі болды. Малшылар жылқы етінен басқа да жануарлар етін – қой, сиыр етін: жаңа сойылған және мұздатылған, жұмсақ және қақталған еттерін жеткізіп беріп отырды.

Ұланғайыр, игерілмеген ормандар аңшылық кәсіпшілігі үшін үлкен мүмкіндіктер беріп отырды, олардың ішінде бағалы аң терісін дайындау үлкен маңызға ие болды.

Ормандарда бал арасы ұя ретінде пайдаланатын арнайы, табиғи іші қуыс ағаштар болды. Балды солардан алып отырды, бұл балдарды табиғи түрінде де, өңделген түрінде де пайдаланып отырған, оны тіпті өзге елдерге сатып отырған. Балық аулауға да үлкен мән берілді. Еділ мен Камада балықтың бағалы түрлері, соның ішінде бекіре ауланып отырды.

Өлкенің дамыған егіншілігі мен табиғи байлықтары шикізатпен қамтамасыз ете отырып, қолөнердің әралуан түрлерінің дамуына мүмкіндік берді. Егін шаруашылығы тоқыма дақылдарын (кенеп, зығыр), ал мал шаруашылығы мен аңшылық жүн мен теріні беріп отырды. Жақсы былғарының барлық негізгі сорттары иленді.

Сонымен бірге сауда да жақсы дамыды. Қазан хандығының халықаралық тауар алмасуының географиясы өте ауқымды – батыста Фландриядан бастап Шығыста Персияға дейін болды.

Мемлекеттік басқару ісі мен қоғамдық құрылысы. Қазан хандығы шығыстық үлгідегі орта ғасырлық феодалдық мемлекет болды. Мемлекеттің басында Жошы әулетінен шыққан хан тұрды. Алтын Орда дәуіріндегідей, Жошы әулетінен өзге ешкімнің Қазан хандығында да, өзге хандықта да таққа отыруға құқығы болмады. Хан тағы әкеден балаға мұрагерлікпен беріліп отырды. Алайда хан әулеті өзінің өмір сүруін тоқтатқан кезде ханды тағайындау, тіпті сайлау жағдайлары кездесіп отырды.

Кез келген татар хандығындай Қазан хандығында да диван, яғни қараша Алтын Орданың Шырын, Барын, Арғын, Қыпшақ руларының қараша билерінен, феодалдық ақсүйектер мен ірі әскери қолбасшылардан, сондай-ақ дін өкілдерінен құрылған мемлекеттік кеңес болды. Феодалдық ақсүйектер әмірлер мен бектерден тұрды; олар соғыс жағдайында әскери құрамалардың басшылары болды. Олармен едәуір дәрежеде мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты байланысты болды. Ең жоғары дін өкілдерінің арасында ерекше орында – Қазан жеріндегі бүкіл мұсылмандардың басшысы сеит тұрды. Қазан хандығында ислам діні мемлекеттік дін болып жарияланғандығын ескерсек, онда сеиттің татарлардың саяси және идеологиялық өміріндегі рөлі орасан болды. Деректерде оның ханнан кейінгі екінші адам ретінде аталуы жайдан-жай емес-ті: тіпті, ханның өзі сеитті көргенде аттан түсіп, оған ізет-құрмет көрсететін болған. Қазан сейіттері басқа сейіттер секілді Мұхаммед пайғамбардың оның

қызы Фатима мен бірінші халиф Әлиден тараған ұрпақтары саналады.

Хан әкімшілігі көп санды басқару аппараты мен қызметкерлерден тұрды. Хандардың сарайларында әртүрлі шендер болды, олардың арасында қаржының, мөрдің, кілттің, хан сарайының, қару-жарақтың сақтаушылары жоғары тұрды. Ханның саятшылығын ұйымдастырушының, хан балаларын тәрбиелеуші – аталықтың жоғары лауазымы болды. Хандықты басқару кеңсесінде сыртқы істермен шұғылданатын шенеуніктер ерекше аталып көрсетіледі.

Орталық аппараттың басшылары мен қызметкерлерінен өзге хандықты саяси және экономикалық басқарудың белгілі бір саласы үшін жауап беретін бірқатар өзге де лауазымдар болды. Олар – әкімдер мен қазылар, яғни сот, полицейлік, кедендік шенеуніктер, шекара шенеуніктері, елшілер, әртүрлі уәкілетті адамдар болды. Бұл лауазымдар Сақыпкерей ханның жарлығында аталған, олардың көбі бізге Алтын Орда хандары Темір Құтлық пен Тоқтамыстың жарлықтары бойынша белгілі.

Сақыпкерей ханның жарлығында міндеткерліктердің 13 түрі аталған, олардың арасында жасақ, қалан, салық сонау Алтын Орда дәуірінен бері қолданылып келді, ал жалпымұсылмандық салық хараж Еділ бойында сонау Еділ Бұлғарының кезінен бері белгілі. Алымдар мен салықтардың кейбір формалары жойылып, олардың орнында жаңалары пайда болды: ауылдық және жер салықтары, сырттан келген шенеуніктерге азық-түлік пен жем-шөп, үй санына қарай салынатын салық.

Әкімшілік тұрғыда хандық шағын ұлыс облыстарға – даруғаларға бөлінді. Алат, Арыс, Қарыс (Ғарыш, Орыс жылнамаларында «Галицкая»), Зорай, Ноғай даруғалары белгілі.

Қазан хандығында жер иелену ортағасырлық феодалдық мемлекетке тән болды. Жер иеленудің үш түрі болды. Біріншісі – жекелеген тұлғалардың, әмірлер мен бектер деп аталатын ірі феодалдардың жерлері. Екінші түрі – дінбасылардың жер иеліктері. Ал ең соңғы, үшіншісі – мемлекеттік жерлер: мемлекеттің иелігінде ешкімнің қол сұғуына болмайтын орасан үлкен жерлер, орман алқаптары болды, ол жерлерден түскен табыс тікелей мемлекеттік қазынаға түсіп жатты.

Ірі феодалдар жоғары рубасы ақсүйектер, мұралыққа берілетін жерлердің иелері болды. Алтын Орда дәуіріндегідей, олар өздерінің ұлыстарындағы әскерлердің қолбасшысына айналды, яғни жекелеген даруғаның әскері ханның бұйрығы бойынша толықтай қаруымен көрсетілген жерге жиналуы тиіс болды. Шені бойынша бұдан кішкене

төмен дәрежеде мырзалар болды. Олардың ең ықпалдылары жерді мұралыққа алуға құқылы болды.

Қазан хандығындағы жер иеленудің мұндай формасы сойырғал болды. Бұл жерді иеленудің әскери-лендік құқығы болатын.

Сойырғалдық құқық Сақыпкерейдің жоғарыда аталған жарлығында келтірілген және ол өзге бір Қазан ханы – Ибрагимнің жарлығында үш рет қайталанған. Сойырғалдың иесі оны өмір бойы пайдаланып қана қоймай, бұл үлес оған феодалға орасан үлкен артықшылықтарды берді: одан қандай да бір салықтар алынбады. Мұнымен қоса сойырғал оған сот-әкімшілік иммунитетін берді. Тіпті, бұрын мемлекеттің қазынасына түсіп отырған рентаны сойырғал иесі енді өз пайдасына жинайтын болды.

Біз мұнда мынаны ескеруіміз керек: осындай бұрын-соңды болмаған артықшылықтар феодалға ол өзінің мемлекетінің пайдасына әскери немесе өзге азаматтық қызметті атқаруға міндеттенген кезде ғана берілді. Егер ол өзінің осындай парызын ұмытатын болса, онда ол мұндай құқықтарынан айырылатын.

Сойырғалдық құқық жалпылама алғанда тархандық құқық болып табылады, себебі сойырғалдың өзі тархандық үлестерден құрылған. «Тархан», Орта Азиядағы, Кавказдағы, Алтын Ордадағы, кейінірек Қазан және өзге де татар хандықтарындағы феодалдың жері мен мүлкін атады. Сондықтан Алтын Орда, Қазан және Қырым хандарының жарлықтары тархандық деп аталады, себебі олар тархандық құқықты, яғни мемлекеттің жер мен мүлікті толықтай пайдалануға берген құқығын білдірді. Басқаша сөзбен айтқанда, «тархан» ұғымы сойырғал ұғымына қарағанда кең ұғым болып табылады, себебі сойырғал – ол тархандықтың әскери-лендік құқығын білдірді.

Мырзадан төмен сатыда оғлан тұрды. Егер Алтын Орда дәуірінде оғлан деп ханзадаларды атаған болса, Қазан хандығы дәуірінде оның мәні біршама тарыла түсті – енді оғлан деп әскери қызметтегі феодалдарды атайтын болды. Біз орта ғасырларда тұрақты әскердің болмағандығын білеміз. Қазіргі ұғымда олар жорық пен соғыс жағдайында толық құрамда жиналатын жасақ болды. Алайда сонда да болса ханның және әмірдің жасақтары немесе әскери гарнизон түріндегі қандай да бір бөлімдер болған. Міне, осы бөлімдерде оғландар белгілі бір мерзім бойы қызмет еткен. Осы мерзімді өтеп болған соң, оғландар үйлеріне қайта оралып өздеріне тиесілі жерді алған.

Феодалдық аксүйектердің ең төменгі сатысында казактар тұрды. Олар соғыс жағдайындағы хан әскерлерінің негізгі өзегін құрады да, сыртқы және ішкі болып бөлінді. Казактар феодал-тархандар

мен шаруалардың негізгі бұқарасының арасындағы аралықта тұрды. Алайда олар маңызды мемлекеттік істерді шешуде билеуші топ сүйенетін едәуір күшті құрады. Казактар да жерді ханға, яғни мемлекетке қызмет еткені үшін алып отырды.

Қатардағы қарапайым адамдар Қазан хандығында «кешеләр» деп аталды; оларды басқаша «қул» деп те атады, бұл тарханға тәуелді егінші дегенді білдірді. Алайда бұл тәуелділікті классикалық мағынадағы – Батыс пен Русьтегі шаруалардың басыбайлы тәуелділігі мағынасында түсінбеу керек. Қазан хандығындағы, өзге де татар хандықтарындағы, ал одан бұрын Алтын Ордадағы басыбайлы құқық жайында куәландырмайтын. Мына жайтты ескерген жөн: Қазан хандығын жаулап алғаннан кейін, өлкені орыстардың отарлауы мен бұл жерлерде өздерінің басыбайлы шаруаларымен орыс помещиктерінің тұрақтауының нәтижесінде, татарлар, кейбір жекелеген жағдайлар болмаса басыбайлыға айналмады, олар негізінен мемлекеттік шаруаларға айналды. Бұл татарларға басыбайлылық тән болмағандығын білдіреді. Мұнда, бағындыру мен тәуелді етудің басқа формалары, яғни саяси-мәжбүрлеу емес, экономикалық формалары болды. Бұл әлеуметтік топтарға әскери тұтқындар кірмеді, оларды «шора» (бұл сөздің түп-төркіні белгісіз) деп атады.

Қазан хандығының мәдениеті. Қазан хандығында, ең алдымен оның астанасы Қазан қаласында құрылыс ісі мен сәулет өнері, соның ішінде ірі құрылыстар кең қанат жайды. Бұл куәгерлердің, XVI ғасырдың ортасындағы жазба кітаптардың берген мәліметтерімен, Қазанның ішкі қамалында сақталған сәулет ескерткіштерімен, сондай-ақ сол жерде археологиялық зерттеулерде табылған сол тұстағы ғимараттардың іргетастарымен және кейбір сәулеттік бөлшектермен расталады.

А. Курбский хан сарайы жайлы «бөлмелері мен тас мешіттердің аралығында өте мықты» екендігін атап көрсетеді. Татардың әйгілі сәулет тарихшысы, өнертану докторы Ф.Х. Валеев бұл аркада-галереясы, яғни бағандардағы ұзын балконы бар екі қабатты ғимарат болған және сол кездегі Түркия мен Қырымның осы секілді ғимараттарына ұқсас болған деп жорамалдайды. Курбскийдың «өте зәулім» «тастан қаланған» мешіттер жайлы сөздері көпшілікке мәлім, ол сол мешітте олардың қайтыс болған патшалары жерленгендігін хабарлайды. «Қазан тарихының» авторы атақты қараша би Нұралы Шырынға тиесілі Муралей мешітінің ішкі көрінісін сипаттай келе «патша құлпытастары маржандармен және өзге де бағалы тастармен әшекейленген» деп атап көрсеткен.

1563-1568 жылдардағы жазба кітаптар ішкі қамалдың аумағында Қазанды жаулап алу кезінде сақталып қалған бірнеше мешіттің болғандығын анықтаған, солардың арасында жоғарыда аталған Мура-лей мешіті мен хан сарайының алдындағы мешіт. Соңғысы Жамағат мешіті – бұл өткен ғасырдағы татардың ірі тарихшысы Ш. Марджани жазған сегіз мұнаралы мешіт. Атақты Қазан тарихшысы М.Г. Худяков бұл мешіт Мәскеуде 1555-1560 жылдары Қазанның алынуының құрметіне салынған Василий Блаженныйдың храмына үлгі болған деген өте орынды тұжырым айтқан.

Қазан хандығындағы сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші, Қазан қаласының ішкі қамалының аумағында сақталып қалған атақты Сүйімбике мұнарасы болып табылады. Аты аңызға айналған осы мұнараның пайда болған мерзімі, мәдени ерекшеліктері төңірегінде сәулетшілердің, тарихшылардың, қоғам өкілдері арасында көптеген таластар болды.

Бұл мұнараның пайда болуы жайлы татар құжаттары да, орыс құжаттары да ештеңе айта алмайды. Татар құжаттарының болмауының себебі, Қазан хандығының мұрағаты Мәскеуге жөнелтіліп сол жақта із-түссіз жоғалған. Қалай болғанда да бұл мұнара татар халқы ерекше құрмет тұтатын, әйгілі Жүсіп мырзаның қызы, Қазан ханы Сафыкерейдің жары, елдің тәуелсіздігі үшін күрескен татар халқының батыр қызы Сүйімбикенің есімімен байланысты.

Мұнара Сүйімбикенің атымен кездейсоқ аталмаған. Өзінің нақыштары мен композициялық тәсілдері, безендірілуі бойынша Сүйімбике мұнарасы татар сәулет өнерінің жарқын ескерткіші болып табылады.

Бұл мұнара қандай мақсатта салынғандығын, ол қандай мұнара екендігін өкінішке орай бүгінде ешкім білмейді. Бір зерттеушілер мұны Нұралы мешітімен жалғанған мұнара десе, өзгелері Сүйімбикенің өзінің жұбайы, Қазан ханы Сафыкерейдің қабірінің үстіне тұрғызған орасан үлкен құлпытас деседі. Ол Қазан шаһары үшін қиын-қыстау кезеңдерде 1552 жылы және одан кейінгі жылдары бақылау мұнарасы болған да болуы мүмкін. Сондай-ақ мына бір жайтты айта кету керек: 1991 жылы Татарстан Республикасының шешімімен Сүйімбике мұнарасында жарты ай қайта қалпына келтірді.

Қазан кремлінің аумағында татар халқының сәулет өнерінің тағы да бір ескерткіші – жоғарыда аталып өткен, бұрынғы Нұралы мешітінің ғимараты сақталған (қазіргі уақытта ол асхана ретінде пайдаланылады). Қазан құлағаннан кейінгі ұзақ жылдар бойы бұл көне мешіт артиллериялық қойма ретінде қызмет етті, содан соң оны

шіркеуге айналдырды, ал 1854 жылы Сарай шіркеуі етіп қайта жөнделді, сол тұста ол өзінің жоғарғы жағында едәуір өзгертілді. Алайда бұрынғы татар кезеңі жайлы оның екінші қабатының алдыңғы беті, терезелерінің аралығындағы бағандар жүйесі мен формалары секілді ұлттық сәулет нақыштары білдіріп тұрады.

Қолөнердің шынайы өнер деңгейіне жеткізілген түрі тас кесу өнері болды. Сәулет өнерінен өзге ол құлпытастарды көркемдеп безендіруде – XV ғасырдың екінші жартысы мен әсіресе XVI ғасырдың бірінші жартысындағы эпиграфиялық ескерткіштерде кеңінен қолданылды.

Зергерлік өнер, бағалы металдардан әртүрлі асыл тастармен зерлей отырып, әртүрлі әшекейлерді дайындау дамудың аса жоғары деңгейіне жетті. Татар зергерлерінің туындылары «Қазан тарихының» авторын қатты таңқалдырған.

Қазан хандығында араб графикасының негізіндегі жазба өнері кеңінен тарады. Бұл жазба өлкеде Еділ Бұлғариясының бастапқы кезінде пайда болып, Алтын Ордадағы сауат ашудың негізі болған.

Қазан жерінде шығыс поэзиясы кеңінен тарады. Рудаки мен Фирдоуси, Омар Хайям мен Маади, Низами мен Сағди туындылары, өз ақындары Баласағұни мен Күл Ғали, Құтб пен Сайф Сараи, Хорезми мен Рабғузи ерекше ықыласпен оқылды. Қазан хандығында өз ақындары да пайда болды, олардың арасында: Мұхаммет Амин (XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басындағы Қазан ханы), Мұхаммедияр, Эмми Камал, Ғәріп бек, Мақсуди, Күл Шариф (ол әйгілі Қазандық сейіт, татар халқының ұлттық батыры – XVI ғасырдың бірінші жартысы).

Жазба әдебиеттен басқа халық ауыз әдебиеті де дамыды. Ескі және Жаңа Қазанның пайда болуы жайындағы аңыздар мен әпсаналар, өздерінің пайда болуымен осы кезеңмен байланысты екендігі сөзсіз. Әдебиетшілер осынау кезеңге эпикалық сарындағы «Алпамыш», «Чура батыр», «Жик Мәргән», «Ханкә Солтан бәйіті» секілді туындыларды жатқызады. Қазан кезеңінде батырлық жыр «Идегей» кеңінен тарады.

Жоғарғы тап өкілдерінің арасында да, қарапайым халық арасында да вокалды және аспапты музыка кеңінен тарады. Татардың халық әуендерінің тамыры тереңде жатыр, әрине олар сол тарихи кезеңдерде шырқалған. Қазан жылнамашысы қазандықтар қоршаудағы қалада өздерінің созыла айтылатын әндеріне қалай шырқап би билегендігін жазады. Татар әндері халық мейрамдарында көп шырқалып жатты, әсіресе жиындар мен сабантойлар ән мен бисіз өтпейтін.

Қазан хандығын Ресейдің қосып алуы. Иван Грозныйдың билігі тұсындағы Ресейдің сыртқы саясатының негізгі міндеттері батыста – Балтық теңізіне шығу үшін, оңтүстік-шығыста және шығыста – Қазан және Астрахань хандықтарымен күрес және Сібірді игеру болса, оңтүстікте – елді Қырым ханының шабуылдарынан қорғау болды.

Астрахань және Қазан хандықтары Еділ сауда жолын өз қолдарында ұстады. Бұл, орыс дворяндарының көптен бергі арманына айналған өте құнарлы жерлер болатын (Иван Пересветов оларды «жұмақ жерлер» деп атаған).

Қазан хандығын бағындыру жолындағы бірқатар сәтсіз дипломатиялық және әскери әрекеттерден соң 1552 жылы Иван Грозныйдың 150 мыңдық әскері сол тұстағы өте мығым әскери қамал болған Қазанды қоршауға алды. Қазанды басып алуды жеңілдету үшін Еділдің жоғарғы ағысында (Углич маңында) ағаш қамал тұрғызылды. Мұнда Қазаннан 30 шақырым жерде Қазан қаласын басып алу үшін тірек пунктіне айналған Свияжск қаласы тұрғызылды. Осы қамалды және қоршау құралдарын тұрғызу жұмыстарын аса талантты шебер Иван Григорьевич Выродков басқарды.

Қазанды қоршау 20 тамыз бен 1 қазан аралығында болды. Осы аралықта Қырым ханы Дәулет-Керей Қазанға көмектесуді көздеп, Мәскеуге оңтүстіктен шабуыл жасауға тырысты, алайда Тула маңында жеңіліске ұшырап, кері шегінуге мәжбүр болды. 1552 жылы 1 қазанда қамалдың астынан қазылып қойылған 48 күбі оқ-дәріні жарудың нәтижесінде Қазанның ішкі қабырғасының бір бөлігі қиратылды. Қабырғаның қираған тұстарынан орыс әскерлері қалаға енді. Жәдігер-Махмет хан тұтқынға алынды. Кейінірек ол шоқынып, Симеон Касаевич деген есім алды, Звенигород қаласының иесіне, патшаның белсенді одақтасына айналды.

Қазан хандығының бағындырылуы орыс мемлекетіне шығысқа қарай Вятка мен Пермьге дейінгі, ал оңтүстікке қарай Камаға дейінгі кең байтақ жерлерді қаратты және орыстардың әрі қарай жылжуына жол ашып берді. Мәскеу мемлекетінің мақсаты өз билігіне бұрынғы Алтын Орданың бүкіл қалдықтарын бағындыру болды. Келесі бағындырылған хандық – ол Астрахань хандығы болды. Астрахань хандығы ноғай мырзаларының қолында болды. Астраханьда хан Жаңбыршы болатын. Ол Дәулет-Кереймен дос болатын және Мәскеу елшісінің намысына тиді. Осы үшін 1554 жылы көктемде Астраханьға князь Пронский-Шемякин мен Вешняковтың басшылығымен орыс әскері жіберілді. Олар Жаңбыршыны қуып шығып, таққа Мәскеуге

бағынышты етіп, өзге ноғай мырзасы Дәруішті отырғызды және оның жанына орыс әскерін қалдырды. Дәруіш бір жылдан соң Дәулет-Кереймен байланыс орнатып, Мәскеуге ашықтан-ашық қарсы шыға бастады. Алайда 1556 жылы наурызда Черемисиновтың басшылығындағы орыс әскерлері Дәруішті талқандап, оны қуып шықты. Астрахань Мәскеу мемлекетіне тікелей бағындырылып, енді онда Мәскеудің өкілдері тағайындалды. Бұл басқыншылық Мәскеу мемлекетіне Еділ бойының кең-байтақ даласын бағындырып берді, Бүкіл Еділ өзені өзінің бастауынан бастап, атырауына дейін Мәскеудің иелігіне өтті.

1557 жылы Чуваштар елі және Башқұрттар елінің едәуір бөлігі Ресейдің құрамына өтті. Ноғай Ордасы өзінің Ресейге тәуелділігін мойындады. Ресейдің Солтүстік Кавказ және Орта Азия халықтарымен байланыстары кеңейе түсті.

Қазан мен Астраханьды басып алу Сібірге қарай жылжудың мүмкіндігін ашып берді. Бай өнеркәсіпші-көпес Строгановтар IV Иваннан Тобыл өзені бойындағы жерлерді иеленуге грамота алды. Олар өз қаржыларына казактардан тұратын Ермактың басшылығындағы 840 адамдық (өзге бір деректерде 600 адам) жасақ құрды. Ермак өз әскерлерімен Сібір хандығының жеріне еніп, бір жылдан соң Көшім ханның әскерін талқандады да, оның астанасы Қашлық (Искер) қаласын алды. Басып алынған жерлердің халқы салықтың бағалы аң терісімен төленетін түрі – ясақ төлеуі тиіс болды.

Орыс мемлекетінің алдында енді өзінің оңтүстіктегі шекараларын қауіпсіздендірудің, тіпті оны ұлғайтудың мақсаты тұрды. Ол үшін Қырым хандығын басып алу қажет болды. Бұл Қазан мен Астраханьды басып алуға қарағанда анағұрлым күрделі, алайда мүмкін іс болатын. Осы шараның сәтті болуына патша кеңесшілерінің арасындағы алауыздық кедергі болды. Олардың бірі бар күшті тек Қырымға қарсы төгу қажет деп тапса, екіншісі әлсіреген Ливонияны басып алу керектігін дәлелдеуге тырысты. Иван Васильевич екеуін де бірдей қолға алуды жөн көрді. Мұндай екіұдай саясат бұл әрекеттерді сәтсіздікке ұшыратты.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. «Татар» этнониміне түсінік беріңіздер.*
- 2. Қазан хандығының ішкі және сыртқы саясаттарына баға беріңіздер.*
- 3. Қазан хандығындағы сәулет өнерінің ерекшеліктерін атаңыздар.*
- 4. Татар халқы құрамына кірген тайпаларды атаңыздар.*
- 5. Қазан хандығын Ресейдің жаулап алуындағы басты мақсаты неде деп ойлайсыз?*

2. Астрахань хандығы

Хандықтың құрылуы. Территориясы. Астрахань хандығы Алтын Орданың түбегейлі ыдырауынан сәл алдын 1459 жылдан бастап ерекшеленіп шыға бастады. Хандықтың бөлініп шығуы Алтын Орда ханының туысы Махмудтың атымен байланысты болды. Алтын Орда ыдырағаннан кейін, 1481 жылы оның соңғы ханы Ахмет ханның өлімінен соң Астрахань хандығы түгелдей дербес мемлекетке айналды.

Астрахань хандығының территориясы батысында Кубан өзені мен Дон өзенінің төменгі ағысына дейін, шығысында Бузан өзеніне дейін жетіп, Ноғай Ордасымен шектесті, оңтүстікте Терек өзеніне дейін, солтүстікте Еділ мен Донның ең тар сағасына дейінгі жерді алып жатты. Астрахань хандығы Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі құрылған мемлекеттер ішіндегі ең кіші мемлекет болды. Оның территориясында далалық аймақтар көп болды. Оның тұрғындары, негізінен Еділ бойында шоғырланып, көшпелі мал шаруашылығы және саудамен айналысты. Тұрғындарының саны, шамамен 15-20 мың адам болды. Ханның қарулы күштері ары кеткенде 3 мың адамды құрады. Дәл сол себепті Астрахань хандығы өзінің бейбітшілік сүйгіштігін көрсетіп отыруға әрекет жасады және соғыстарға қатысудан қашып, анағұрлым күштірек көршілері Ноғай Ордасы, Қырым хандығына тәуелді болып отырды.

Хандықтың орталығы ортағасырлық Астрахань болды. Қоныс Еділ жағалауында сонау IX-X ғасырлардан өмір сүріп келе жатқан және бірнеше рет орнын ауыстырып, Каспий жағалауына жақындай түсті. Алғашқыда бұл қазіргі Астраханьнан 70 шақырым жоғарырақ орналасқан Итиль қаласы болды. XIII ғасыр соңында қазіргі Астраханьнан 12 шақырым жоғарыда Еділдің оң жағалауында Алтын Орданың ірі қалаларының бірі, саяхатшылар Аш-тархан (орыс деректерінде Асторокань) деп атаған жаңа қала пайда болды. «Ас-тархан» деген атау (аңыздардың бірі) бұл аймақтарда сармат тайпаларының ұрпақтары астар өмір сүріп, олар ұлы хан Батудан «тархан» атағын алып тұрған деген мағынаны білдіреді. Дәл сол Бату ханнан тархан атағын алып отырған астар қалаға өз атын берген деп жорамалданады.

1991 жылы тарихшы-өлкетанушы М. Джалжанов Хаджи-Тархан атауы Хаджаркан сөзінің негізінде пайда болған деген гипотеза ұсынды. Ол «Бұл сөз екі бөліктен тұрады: «хаджар» және «кан». «Хаджар» сөзі «хазар» деген сөзді білдірсе, ал «кан» сөзі «кент» де-

генді білдіріп, қала деген мағына береді дейді. Көне Астрахань туралы көптеген қызықты аңыздар бар. Олардың көпшілігі қаланың атын түсіндіруімен байланысты. Аңыздардың бірінде қыпшақ ханының ұлының поляндық Астраға ғашық болуы туралы айтылып, осыдан келіп қаланың атауы Астрахань деп аталған делінеді. Астрахань жерінде болған араб саяхатшысы Ибн-Батутта оны егжей-тегжейлі суреттеген. Ол өзінің жазбаларында қаланы Қажы-Тархан деп атаған. Және «Бұл қала өз атауын түрік тілінен алғанда Қажы, қажылыққа барған адам қоныстанған жер деген мағына береді. Сұлтан оған тархан атағын сыйлаған, сол жерде қоныс пайда болып, кейін үлкейіп қалаға айналған», – деп жазды.

Астрахань халықаралық сауданың үлкен орталығы болып саналды. 1395 жылы Әмір Темір Астраханьды Алтын Орданың басқа қалалары сияқты тонап, жағып жібереді. 1966 жылы Алтын Ордалық Астрахань орнына (қазір онда заводтар салынып кеткен) жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде онда кедейлердің көшеге созылған жертөлелері табылды. Жертөлелердің бірінен XIV ғасырдың теңгелерінің көмбесі табылып, онда жалпы саны 208 дана монета болған. 1473 жылы Астраханьда Персияға кетіп бара жатқан «Қасиетті Венециан Республикасының» елшісі Амброзио Контарини болған. Оның естеліктерінен ол кезде Астраханьның биік емес қабырғалармен қоршалған кішігірім қала болғандығын білуге болады. Венециандық, хорезмдік, бұхарлық, қазандық, қырымдық және орыс көпестері Астраханьда сауда жасады немесе өз тауарларын осы қала арқылы басқа елдерге тасымалдады. Мәскеуге мақта-мата, жүннен және жібектен жасалған бұйымдар, қант, сабын, әшекей бұйымдар және басқа тауарлар жөнелтілді.

Хаджи-Тарханның солтүстікте Алтын Орда астанасы Сарай-ал-Махрус пен оңтүстікте Кавказ және Иранмен шекараласа орналасуы арқасында Оңтүстік-Шығыс Еуропамен саудада маңызды рөл атқарды. Басқа да ортағасырлық қалалар сияқты Астрахань да XIV ғасырда Каспий мен Қара теңіздегі обадан үлкен зардап шекті. 1391 жылы бұл қаланың билеушісі болып, Темір-Кутлуг жарияланды, осы кезден Астраханьдағы татар патшаларының әулеті басталған.

XVI ғасырдың бірінші жартысынан Астрахань хандығына Түркия, батысынан Қырым хандығы, шығысынан Ноғай Ордасы қызығушылық танытып, олардың арасындағы талас-тартыстың аймағына айналады. Астраханьның қолайлы географиялық орналасуы, соған байланысты стратегиялық және сауда мақсатында Еділдің сағасында нығайтуға әрекет жасауы олардың мүддесін осы аймақта түйістірді.

Қырым хандығы Астрахань хандығын таққа қырымдық Гирей әулетінің өкілдерін қою арқылы бағындыруға ұмтылды. Ал бұл жағдай өз әулетінің өкілдерін отырғызуға тырысқан Ноғай Ордасының қарсылығын туғызды. Күшті татар көршілерінен өз тәуелсіздігін сақтап қалуға тырысқан Астраханьдық үкімет өздеріне мүлде қауіпсіз көрінген алыстағы Мәскеумен байланыс жасауға әрекет жасады.

Астрахань хандығының шаруашылығы мен әлеуметтік құрылысы. Астрахань хандығы тұрғындарының негізгі кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болды, қосымша аң аулау мен балық аулау кең тарады. Егін егу кең тараған жоқ. Астрахань қайнаған сауданың орталығы болды. Орыс қалаларынан мұнда жыл сайын тұз үшін орыс көпестері келіп тұрды. XVI ғасырда Астрахань үкіметімен келісім нәтижесінде орыс мемлекетінен балықшылар келіп балық аулады, оларға Астраханьдық татарлармен тең құқықта балық ұстауға рұқсат берді. Астраханьда Венециялық көпестер де болды. Италия мен Испанияда Астраханьның иқрасы жоғары бағаланды. Астрахань хандығының әлеуметтік құрылысы жағынан Қазан хандығынан айырмашылығы аз еді. Билік рухани және зайырлы феодалдар – хандар, бектер, мырзалар, сейттер мен молдалар қолында болды. «Қара адамдар» жасақ заңдарына сәйкес алым-салық төледі. Феодалдар алым-салықтан босатылды. Ішінара құлдар болды, оларды үй еңбегіне пайдаланды. Астрахань хандығы саяси қатынастарда бытыраңқы болды. Хан билігі жеке ұлыс билеушілерінің билігімен шектелді. Ұлыс билеушілері өз ұлыстарында айтарлықтай тәуелсіз билік құрды. Олардың арасында Астрахань әскерінің бас қолбасшысы Калға бірінші орында болып, ол хан тағының мұрагері болып табылды. Оны хан әулетінің ішіндегі ханзадаларының ішінен таңдап, ханның өзі тағайындады.

1552 жылы Қазанды алғаннан кейін Астрахань хандығының тағдыры шешілді, Еділдің төменгі ағысы мен Каспий маңына жол ашылды. Мәскеудің ұмтылысынан қауіптенген Қырым мен Түркия Астраханьдағы өз қимылдарын күшейтті. Мәскеуге қарсы бағытталған күшті коалиция құруға әрекеттер жасалады, Астрахань тағына қырымдық Ямгучы хан отырғызылды.

1552 жылдың басында Ямгучы хан Мәскеу патшасын достық қатынас пен сауда байланыстарын дамытуға ынталы екеніне сендіруге тырысты. Бірақ осының артынша Мәскеуден келген елші Севастьян Авраамов Астраханьда тұтқындалып, Каспий теңізіндегі аралдардың біріне айдалады. Жылнамаларға қарағанда Ямгучы ханның бұл әрекеті Қаһарлы Иванның ашуын келтіреді. Ямгучы ханның бұл әрекеті ең алдымен қырым-түрік одағының ықпалымен болғаны

белгілі. Ресеймен соғыстың болмай қалмайтыны белгілі болды. IV Иван Ноғай ханының ағасы Исмайлға 1554 жылы қаңтарда елші ретінде Микулу Бровцынды жіберіп, «Астрахань ісін» көктемге қарай қолға алатынын хабарлады. Бұдан алдын 1553 жылдың қазан айында Қаһарлы Иван «Астрахань ісін» ноғайлық мырзалармен талқылаған болатын. Астрахань тағдырын ең жоғарғы мемлекеттік деңгейде талқылауы Ресейдің ықпалымен сол аймақта нығайтуға ұмтылысын көрсетеді.

Ресейдің жаулап алуы. 1554 жылдың көктемі мен шілде аралығында Ресейдің Астраханьға бірінші жорығы ұйымдастырылды. Соғыстың мақсаты Ямгучы ханды орнынан алу, Астрахань хандығын әлсіретіп, талқандап, Мәскеу мемлекетіне вассалдық тәуелді ету болды. Соғысқа Ямгучы ханның елшіні тұтқындауы, Исмаил бастаған ноғай ақсүйектерінің бір тобының 1548 жылдан бастап, Ямгучы ханды орнынан алып, Астрахань тағына өз туыстары Дербиш-Алиді қою үшін орыстардан көмек сұрауы сылтау болды. Ноғайлармен жасалған келісім бойынша патша Еділ бойына атқыштары мен пушқалары бар кеме жіберуге, ал Исмаил атты әскер шығаруға келіскен еді. Және Астраханьды жеңіп, Дербиш-Алиді таққа отырғызған соң, Исмаил Ноғай Ордасындағы өз ағасы Юсуфты тақтан тайдыруға міндеттеме алған болатын.

Астраханьды жаулап алу жоспары бойынша отыз мыңдық әскер атқыштар мен пушқаларымен Еділ бойымен Астраханьға жылжыды. Орыс әскерлерін князь Юрий Иванович Пронский-Шемякин және Игнатий Вешняков басқарды. Олардың қасында Астрахань тағынан үміткер Дербиш-Али де болды. Одан бөлек 2500 адамдық Александр Вяземский басқарған отряд пен Даниил Чулков басқарған топ келіп қосылды. 1554 жылдың 1 шілдесінде орыс күші ноғайлық Исмаилдың атты әскерімен кездесуі керек болды.

Алайда соғыс барысы басқаша өрбіді. Орыс әскерлері Еділ бойымен жылжи отырып, Нижний Новгородтан 1554 жылдың маусымына қарай қазіргі Волгоград ауданына жетеді және осында әскерді бір орталыққа шоғырландырады. Исмаилдың әскері онда болмай шықты. Мәскеу әскерінің Астрахань әскерімен алғашқы қақтығысы 1554 жылы 27 маусымда Черный Яр деген жерде болды. Астраханьдықтардың алдыңғы қатарлы әскері түгелдей қырылды. Тұтқынға түскендер хан Ордасының Астраханьнан 5 шақырым төменде орналасқанын және онда әскер санының аздығын айтып берді. Осы мәліметтерді алған соң орыс әскерлерінің князь Вяземский бастаған бір тобы хан Ордасын талқандаса, князь Пронский бастаған бір бөлігі қорғаушысыз қалған Астрахань қаласын ұрыссыз алды. Ямгучы хан

ханшаларды, балаларын және гаремін тастап Азовқа қашты. Тағдыр тәлкегіне түскен ханның отбасы мүшелері, әйелдері мен балалары Мәскеуге жіберілді. Астраханьды өздеріне бағындырған орыс әскері таққа Дервиш-Алиді отырғызды. Ол салтанатты түрде Мәскеуге адал болуға ант қабылдады.

1554 жыл 9 шілдеде Ресей жағынан Юрий Иванович Шемякин-Пронский мен Астрахань хандығынан Дервиш-Али арасында жасалған келісім бойынша:

- Астрахань ханы Мәскеуге вассалдық тәуелділігін мойындайды. Ол өлген жағдайда тақ мұрасы мәселесін Ресей патшасы (IV Иван) шешеді;

- Астрахань хандығы Ресей патшасына жылына 40000 алтын (1200 рубль күміс) және 3000 балық төлеп тұратын болды;

- Орыс балықшыларына Қазаннан Астраханьға дейінгі Еділ бойында алым-салықсыз балық аулауға рұқсат берілді. Ноғай мырзасы Исмаилға үш жыл көлемінде Астрахань хандығының территориясы арқылы Мәскеумен алым-салықсыз сауда жасауға рұқсат етілді;

- 1555 жылдан Астраханьда көп көлемде орыс әскері орналастырылды, олар Дервиш-Алиге қарсы жергілікті тұрғындардың көтерілісін басу үшін пайдаланылатын болды.

1554 жылғы келісімнің төзгісіз шарттары тұрғындардың наразылығын туғызды, олар алым-салық төлеуден бас тартты. Хан Дервиш-Али құпия түрде қырым татарлары жағына өтіп, олардан көмекке әскер шақыртты. Қырым татарлары ханның жеке жасағы болатын 1000 сарбазды (300 янычар және 700 атты түрік сарбазы, пушкалар, оқ-дәрі) Астраханьға жіберді. 1555 жылы Ноғай Ордасының князі Исмаил Астрахань тағын қайтарып алғысы келген өзінің туыс ағасы Юсуф пен Ямгурчеймен күрес бастауға мәжбүр болды. Бұл күреске өзінің қиын жағдайына қарап Дервиш-Али де араласты. Ол Юсуфтың балаларымен одақтасып, нәтижесінде сәтті дипломатиялық және әскери қимылдарының арқасында Исмаилды қашқынға ұшыратуға қол жеткізеді. Өзіне өзі сенім артқан Дервиш-Али патша наместнигінің ескертулерін тындамастан, Исмаилға Астраханьнан кетуді ұсынады. Бұл іс-жүзінде Мәскеуге вассалдық тәуелділіктен бас тарту еді.

IV Иванның Астраханьға екінші жорығы. Болған оқиғалар IV Иванның Астраханьға екінші рет жорық жасауына себеп болды. Жорықтың мақсаты астархандық билік пен халықты жүгенсіздігі үшін жазалау еді. Және жеңген жағдайда Астраханьның тәуелсіздігін жою болды. Екінші жорыққа орыс әскерлері тарапынан Черемисинов және Тетерин бастаған атқыштар отряды (саны, шамамен 1000 адам),

Писемский бастаған вятскілік отряд (саны белгісіз), атаман Колупаев бастаған дон казактарының отряды (саны белгісіз), атаман Ляпун Филимонов басшылығындағы еділ казактарының отряды (деректерде еділ казактары туралы айтыла бастады) (саны 500-600 адам) қатысты.

Екінші жорықтағы жалпы әскер саны – 3 мың адамнан артық емес, бірақ бірінші жорықтан 10-15 есе аз болды. Бұл жорықтың тонаушылық сипаты мен Астрахань хандығының әлсіздігін көрсетеді. Астраханьға орыс әскерінің екінші жорығы 1556 жылдың көктемінен – 1556 жылдың 26 тамызына дейінгі уақытты қамтыды.

Отрядтар әрқайсысы жеке-жеке 1556 жылдың көктемінде шықты және Астраханьда кездесетін болып келісті. Астраханьға алғашқы болып жеткен Ляпун Филимонов бастаған Еділ казактары болды. Олар күтпеген жерден қалаға шабуыл жасап, тіпті Астрахань кремліне тығылып үлгермеген жергілікті гарнизонға үлкен соққы берді. Асығыс жеткен атқыштар мен дон казактарының қиындықсыз қаланы алып, теңіз арқылы Еділ бойымен қашқан Астрахань ханы Дервиш-Алиді артынан қуды. Татарлардың лагерін қоршап, түн ортасында шабуыл жасап, оларда үрей туғызған орыс әскері жеңіске жетті. Танертен «жеңіспен» Астраханьға қайтып бара жатқан орыс әскерінің ізімен қуған Дервиш-Али хан орыс әскеріне қатты соққы берді. Сонда да жалпы жағдай хан әскері үшін қолайлы бола қойған жоқ. Бекінісінен айырылған және сенімсіз әскері екі-үш қақтығыстан кейін хан Азовқа, одан Меккеге қашты. Соңғы Астраханьдық хандар Бұхарадағы Шайбанилерден пана тапты. Кейінірек Астрахань хандығының өкілдері Бұхарадағы Аштарханидтер әулетінің негізін қалайды. Астрахань қаласы және бүкіл хандық 1556 жылы 26 тамызда ешқандай бейбіт келісімсіз Ресей мемлекетінің құрамына қосылады. Астрахань патшасының титулын 1557 жылдан орыс патшалары иемдене бастады. Астраханьды басқару үшін воеводалар тағайындалды. Астрахань тұрғындары Ресей мемлекетіне адал болу туралы ант қабылдады. Бұл оларға тыныш көшпелі өмір мен пайдалы саудаға кепілдік берді.

Астрахань хандығының жылдам және Қазан хандығымен салыстырғанда ешқандай қантөгіссіз өзіне қосып алуы Ресейдің сыртқы саяси жетістігі болды. Және бұл Алтын Орда ыдырағаннан кейін құрылған түркі тілдес мемлекеттердің одан әрі Ресей құрамына қосылуын жылдамдатты. 1557 жылы территориясы Булак және Жайық өзендерінің арасын қамтыған Ноғай Ордасы Ресей билігін мойындады. 1557 жылдың күзіне қарай ұрыссыз Ресей құрамына қазіргі Башкирия территориясындағы түркі халықтары кірді.

Ресей қол астындағы Астрахань. XVI ғасыр аяғындағы Ресей мемлекетінің маңызды міндеті Астраханьды қол астында ұстап қалу болды, себебі Қырым да, Түркия да, Ноғай мен Астрахань княздері де Астраханьды қайтарып алу үмітінде болатын. Осы мақсатта бақталастарына тойтарыс беру үшін әскери бекініс салуға қолайлы орын іздеді. Ондай орын Еділ бойынан 12-13 шақырым төменгі ағысындағы Кутум өзенінің Еділге құяр сағасындағы Шабан-бугре деген жер болды. Алғашқы Астрахань воеводасы И.С. Черемисинов тандап алынған жерге бекініс-қала салу үшін рұқсат сұрап, қаланың сызба жобасын жібереді. Жоба бекітіліп, орталықтан кемемен азық-түлік, қару-жарақ, адамдар және құрылысқа қажет бұйымдар жіберіледі. Алғашқы бекініс (1558 жыл Астрахань қаласының салынған жылы болып саналады) ағаштан жасалып, кесек қабырғалармен қоршалды. Шын мәнінде, бекініс аралда салынды, себебі солтүстік-батысында Еділ өзені, солтүстік-шығысында Кутым өзені, оңтүстігінде батпақты ағыспен қоршалған жер еді. Бұл бекіністің сипатталуының бізге дейін жетуіне ағылшын саяхатшысы Энтони Дженкинсонның 1558 жылы Астраханьда болуы себеп болды. Дженкинсон патшаның Астраханьды аса жітілікпен қорғайтынына, жыл сайын адамдар, кремль құрылысы үшін ағаш пен құрал-жабдықтар жіберіп тұратынына баса назар аударған. Дженкинсонмен бірге Астраханьға жаңа тағайындалған воевода Иван Григорьевич Выродков келеді, оның «қазан ісімен» (Қазан кремлінің қабырғаларын қопару оның басшылығымен жүзеге асырылған) атағы шыққан болатын. Астраханьда ол мемлекет шекарасын қорғай алатын және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күшті қорғаныс бекіністерінің құрылысын бастады. Қырымдықтар мен ноғайлықтардың шабуылдарына тойтарыс беру үшін бекіністе тұрақты гарнизон ұстады.

XVI ғасырдың 60-жылдарында Қырымдағы орыс елшісі Афанасий Нагой Мәскеуге Түркияның Астраханьға жорыққа дайындалып жатқандығы туралы бірнеше рет мәлімдеді. Ол жорық 1569 жылы басталды. Бірнеше мың таңдаулы янычарлардан тұратын мыңдаған түрік әскері Касим паша басшылығымен су арқылы Азовтан Астраханьға жылжыды. 1569 жылы қыркүйегінде қырым-түрік әскері ескі Астраханьға жетеді. Астрахань тұрғындары жауға барынша қарсы тұрады. Олар қаланы тастап кетпек түгіл, қаланы қорғау үшін ерлікпен күресті. Тіпті, бекіністің қабырғаларын қопару да, тұрғындарды сатып алуға әрекет жасау да Астраханьды алуға көмектеспеді. Орыс әскерлерінің келе жатқанын есіту, ескі Астраханьда қыстағысы келмеуі Касим мен Қырым ханы Дәулет-Керей арасында алауыздық туғызды

және Касим 26 қыркүйекте Донға қарай шегінуге бұйрық берді. Түрік әскерінің шегінуі қашқыншылыққа айналды. 1570 жылы Селим сұлтан Астраханьға талабынан бас тартты.

Бірақ Қырым ханы Дәулет-Керей жеңілісті мойындағысы келмеді. Мәскеудегі 1571 жылғы өрт 120 мыңдық қырым-татар әскерінің шабуылының нәтижесі еді. 1572 жылы хан Мәскеуге тағы да шабуыл жасады, алайда орыс әскерлерінен жеңіліс тапты. 1580 жылы қырым-ноғай әскері Астраханьды иемдену үшін тағы да сәтсіз жорық ұйымдастырды. Осы жағдайлар көрсеткендей тастан қамал соғып қаланы нығайту мәселесі күн тәртібіне қойылды.

XVI ғасырдың 80-жылдары (1582-1589) ағаштан салынған Астраханьның орнында «Мәскеу кремлінің үлгісімен» тастан қаланған кремль құрылысы салынады. Кремль жобасын М.Вельяминов пен Д. Губастый жасады. Бұл кремль XVII ғасырда қалмақ ханы Хоурлюктың шабуылына тойтарыс берген Ресейдің Мәскеу мен Смоленск бекіністерімен қатар аталатын күшті бекіністерінің біріне айналды.

XVI ғасырдың II жартысында Астраханьның сауда және саяси орталық ретіндегі рөлі арта түсті. Шекараның кенеюі нәтижесінде Ресей мен Орта Азия көрші болып, қарым-қатынасын одан әрі нығайтуға мүдделі болды. Ресей мен Орта Азия қарым-қатынасының негізін екі жақтың да экономикалық және саяси мүдделері құрады. Орта Азияның сауда-қолөнершілер тобы Ресеймен сауда қатынастарын дамытуға мүдделі болды. Себебі Ресейде ортазиялық тауарларға, әсіресе маталарға сұраныс жоғары болатын. Өз кезегінде ортазиялық хандықтарда Ресейде өндірілетін темір, мыс, қорғасын сияқты тауарларға сұраныс жоғары еді. Сауда қатынастарының дамуы дипломатиялық қатынастардың өсуіне ықпал жасады. Хиуа хандығынан Астраханьға алғашқы елшілік 1557 жылы барды. 1561 жылы Астраханьға Ташкенттен елші барды. Астраханьда болған көпестер өздерінің жүретін бағыттарын далалық және теңіз жолы деп анықтап алды. Теңіз жолы Астраханьды Каспий теңізі арқылы Манғышлақ жағалауларымен жалғастырды. Одан ары далалық жол арқылы Хиуаға барды. Хиуаға апаратын далалық жол Жайық өзенінің төменгі сағасындағы Сарайшық қаласы арқылы өтіп, одан әрі жол екіге бөлінді: бірі Сырдарияның төменгі сағасына, екіншісі Сарайшықтан оңтүстік-шығыс бағытта Үстірт арқылы одан әрі Үргенішке кетті.

Астраханьда Хиуа көпестерінің өз саудасы болды, сауда дүмбіршектері, тұратын сарайлары, тіпті жекеменшік үйлері де болды. Хиуа көпестерінің бір бөлігі осында тұрғылықты халық ретінде қалып қойып, осында орыс көпестері мен Астраханьға келетін ортазиялық

көпестер арасында делдалдық қызмет атқарды. Сол арқылы Ресейдің Шығыс мемлекеттерімен саудасының дамуына үлес қосты. Хиуа көпестері Астрахань арқылы атақты Макарьев жәрмеңкесіне қатысқан.

Хиуа елшісі Ходжа-Мухаммадтың патша Федор Ивановичке (1585 жыл) жазған елшілік хатында «Послано тауару: 200 дорог всяким цветом, 100 зенденей красных, да 200 зенденей всяких цветов, да 10 калей краски» деп жазылған. Сонымен бірге жеміс-жидек, көкөністер, қымбат бағалы тастар жібек және жартылай жібек маталар, кілемдер, төсеніштің түр-түрі, күріш, ешкінің қылы, ат әбзелдері тағы басқа тауарлар тасымалдады. Тауар түрлеріне қарап олардың транзиттік сипатын атауға болады. Жекелеген ауыл шаруашылығы дақылдарының Еділ бойы мен Астраханьға енуі мен егіле бастауы да кейбір жағдайда хорезмдіктердің қызметімен тығыз байланысты болды. Ал кейде керісінше, мысалы, картоп Хорезмге Еділ бойынан әкелсе, ал Хорезмнен өрік, жүзім, қауын сияқты дақылдар Еділ бойына жеткізілді. Бұл жалпы алғанда Ресей мен Хиуа хандығы арасындағы экономикалық байланысты нығайтты.

XVII ғасырда Астрахань өлкесіне біртіндеп қоныс аудару басталды. Астрахань хандығы Ресейге қосылғаннан кейінгі ұзақ жылдар ішінде Қазаннан Каспийге дейінгі аралықта бірден-бір тұрғыны бар пункт Астрахань қаласы ғана болды. Тек XVII ғасырдың 20-жылдарының соңына қарай Астрахань өлкесінде алғашқы бекініс қалашықтар пайда болды. 1627 жылы кішігірім Черный Яр бекінісі салынады, ол Астраханьнан солтүстікке қарай 250 верст жерде бой көтерді. 1665-1667 жылдары Астраханьды қорғау мен балық шаруашылығын күзету үшін шығыста Красный Яр бекінісі салынады. Сауда жолдарын күзету мәселесін алғаш рет XVI ғасырда алғашқы Астрахань губернаторларының бірі А.П. Волынский қолға алған еді. Алайда бұл мәселе губернатор В.Н. Татищев кезінде түбегейлі шешімін тапты. Ол тек губернатор ғана емес, ірі мемлекет қайраткері, атақты ғалым адам еді. 1742 жылы ол Астрахань өлкесіндегі құрылыс пен қоныстандыру жобасын ұсынады, онда Астрахань мен Черный Яр арасындағы сауда жолын нығайтуға баса назар аударылды. Дегенмен бүкіл XVII ғасыр барысында мемлекеттік қазына есебінен тек төрт тұрақты қоныс салынды. Олар Иванчуг, Увары, Чаган, Камызяк.

XVII ғасырдан бастап Астраханьда парсы, армян, үнділердің қонақ үйлері ашылып, сауда компаниялары ұйымдастырылды. 1649 жылы Астраханьда 26 үндісі бар Үндістандық қонақ үй ашылады. Көптеген үндістер Ресей билігін мойындайды. 1681 жылы үндістерге Астра-

ханьда мәңгі тұруға, 1683 жылдан өлген адамдарын өртеу рәсімін жүргізуге рұқсат етілді. Астраханьда алғашқылардың бірі болып қоныстанушылар армяндар болды және олар Астраханьдық саудада XIX ғасырдың 30-жылдарына дейін басты рөл ойнады. Армян көпестері саудамен бірге, жібек пен макта-мата шеберханаларында жұмыс жасаса, енді кейбірі мал шаруашылығымен айналысты. XVIII ғасырда олар Астраханьда өздерінің үй-жайы, шіркеуі, қонақ үйлері болды және Персиямен сауда жүргізетін компаниясы болды. 1725 жыл 23 тамыздағы жарлықта армяндар, тіпті «ерте кезден бергі Астрахань тұрғындары» ретінде аталады.

Қаһарлы Иванның бұйрығымен Астраханьда «сарициндық дәнді», яғни күрішті өсіру қолға алынады. Алайда күріш егу кең тарамалды. 1613 жылдан Астраханьда алғашқы жүзімдіктер пайда болды, бұл жалпы Ресейдегі алғашқы жүзімдіктер болатын. Жүзімнен мейіз, шарап, шәрбат жасады. I Петрдің тапсырмасымен Астраханьда жаңа бау-бақшалар егілді, бұған дейін де мұнда алма, өрік, жүзім тағы басқа түрлі жеміс-жидек өсірілетін еді.

XVII ғасырда Астраханьда атақты неміс ақыны Пауль Флеминг болып, қалада болғаны туралы естелік ретінде керемет өлеңдер жазып қалдырған. Голштинский посланник Адам Олеарий Астраханьда болып Кремльдің құрылысы туралы жазып қалдырған. Ол Астрахань бекінісін салуда қаңырап бос қалған Алтын Орданың екінші астанасы Сарай-Бату қаласының тастары пайдаланғандығы туралы айтады. Олеарий Ақ қаланың жоспарын сызып қалдырды (1636 жылы), ол Кремльге шығыс жақтан жапсарласа салынған екінші Астраханьдық бекініс. 1631 жылы ол тас мұнаралары бар қабырғалы болып, мұнда Астраханьның сауда-қолөнершілік өмірі өтіп жатты.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Астрахань» сөзіне түсінік беріңіздер.
2. Астрахань хандығы мен Қазан хандығының мемлекеттік құрылыстарындағы ұқсастықтар мен өзгешеліктерді атаңыздар.
3. Ресей мемлекеті үшін Астрахань хандығын жаулап алудың маңызы қандай болды?
4. Астрахань хандығының Түркі халықтары тарихында алатын орнына баға беріңіздер.

VI тарау
XV-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

1. XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы

Қазақ жерінде тұрғындардың халық болып құрылу процесі алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, одан кейін қола дәуірі (б.з.д. II-I мыңжылдықтар) мен темір дәуірі (б.з.д. VIII-IV ғғ.) кезеңдерінен басталады. Олар негізінен Қазақстанның жерін мекендеген (байырғы) тайпалардан құралған.

Этнос – (халық, тайпа, жұрт, ұлт) жалпыға ортақ, сыртқы кескін-кейпі ғана емес, едәуір тұрақтанған ерекше мәдениеті (тілін қоса), мінез-құлқы бар, сол сияқты өзінің бірыңғай екенін және басқа этникалық топтардан бөлектігін түсінетін сана-сезімі бар, оның бұл қасиеті өз атымен (этноним) бекітілген адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты біртұтастығы. Сондай-ақ территориясы да бірыңғай болуы тиіс.

Орта Азия мен Қазақстанның ерте дәуірдегі кезеңдерін зерттеп жүрген ғалымдардың пікірлеріне қарағанда, біздің жерімізде қола дәуірі (Андрон, Бегазы-Дәндібай мәдениеттері) мен темір дәуірінде өмір сүрген тайпалардың (сақ, сармат) иран тілдес болғандығы айтылады. Бұл кездегі тайпалар антропологиялық жағынан Монғолоидтық белгілері бар европеидтық нәсілдерге жатты. Қазақ халқының бастауына сақтар, үйсіндер, қаңлылар да кіреді.

Қазақ халқының шығу тегі туралы аспектілерге лингвистикалық және антропологиялық мәселелер жатады. Орта Азия мен Қазақстан өңірінде осы екі процестің екеуі де қатар дамып отырған. Қазақстанның ертедегі тарихын екі аумақты кезеңге: үндіевропалық және түріктік кезеңге бөлуге болады. Атап айтқанда, лингвистика жағынан қарағанда – ежелгі европалық-үндірандық-прототүркілік-түркілік-қазақ. Түркі тілі Алтай тіл семьясына (Монғол-манчжұр-тұңғыс) жатады. Алтай қауымдастығы мезолит дәуірінде Орта Азия мен Байкал бойында пайда болды. Түркі тіліне ғұн, оғыз, қыпшақ, үйсін, хазар. Тұңғыс-маньчжұр тобына – нанай, эвенкі, манчжұр. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобының батыс тармағына жатады. Оған қарақалпақ, қарашай-балқар, башқұрт, қырым татары, қырғыз тілдері кіреді. Ал антропологиялық тұрғыдан қарағанда – европалық-европа-Монғолдық-Монғолдық-европалық. *Бірінші кезеңде* лингвистикалық тіл жағынан Қазақстан тұрғындары үндіевропалық топтың ежелгі иран тобына кіреді. Бұл кез б.з.д. III-I мыңжылдықтарды қамтиды.

Екінші кезеңде Қазақстанға шығыс жақтан көшпелі тайпалардың, ғұндардың Батысқа қарай қоныс аударуына байланысты, сақ және сармат тайпаларының жалғасы – үйсін мен қаңлылар ғұн тайпаларымен араласып, ассимиляцияға түскен.

Б.з.б. I ғасырда Солтүстік ғұндардың құрамына кірген көптеген түркі тілдес тайпалар Орталық Азиядан Тянь-Шань арқылы өтіп, Қаңлы тайпалық бірлестігімен көрші-қолаң отырды. Ғұндардың Қазақстанға өтуінің екінші толқыны б.з. II ғ. I жартысында орын алды. Бұл кезде солтүстік ғұндардың тайпалары Шығыс Қазақстан мен Жетісуға қоныс аударып, VI ғасырға дейін өмір сүрген Юэбань мемлекетін құрды. Ғұндардың біріктіруші рөлінің арқасында сырттан келген тайпалармен байырғы тұрғындардың этникалық жақындасуы іске асты. Мұның өзі тайпалардың жаңа этникалық қауымдастығының қалыптасуына әкелді және сол этникалық процестердің бағыт-бағдарын айқындап отырды. Этномәдениеттік жағдайда түркі тілінің одан әрі дамып жайылған аймақтарында сол сияқты Монғол түрінің белгілі әсері де көбейді.

Сөйтіп, үйсіндер мен қаңлылардың Монғолоидтік нәсілге өтуі басталды. Бұл процесс тарихи деректерге қарағанда б.з. I-IV ғғ. қамтиды, мұның өзі жергілікті жұрттың кескін-кейпіне, оның тіліне әсер еткені даусыз. Б.з. VI ғасырынан бастап үйсін, қаңлы және басқа тайпалар тарих сахнасынан көрінбейді, аттары аталмайды. Оған себеп, бұл кезде Қазақстан жерінде, оңтүстік аймақта шығыстан Алтай, Сібір жақтан келген түркі тайпаларының басымдығынан болса керек. Олар, негізінен байыркы, бұлақ, қарлұқ, кимек, қыпшақ тайпалары еді. VI ғасырда Қазақстан жері Түркі қағанаты құрамына енді. Осы қағанаттар құрамында 30-дан астам түркі тілдес ру-тайпалар болды. Үйсіндер мен қаңлылар оларға сіңісіп кеткен. 704 жылы Батыс түркі қағанаты тарағаннан кейін оның орнына Түргеш қағанаты (704-756), Қарлұқ қағанаты (756-940), Оғыздар (IX ғ. соңы – XI ғ. басы), Кимек қағанаты (893-XI ғ. б.), Қыпшақтар (XI ғ., 1219 ж.), Қарахандар (942-1212 ж.) өмір сүрді. Осы мемлекеттердің ішінде қазақтардың халық болып қалыптасуына, әсіресе екі мемлекеттің тарихи рөлі күшті болды. Оның біріншісі Қыпшақ хандығы Ертіс пен Еділ арасын мекендеді. Қазақ халқының қалыптасуына ықпал еткен екінші мемлекет – ол оңтүстік, оңтүстік-шығыс Қазақстанда өмір сүрген Қарахан феодалдық мемлекеті. Бұл мемлекетте қарлұқтардың ықпалы күшті болды. Шығыстан монғолтектес көшпелі халықтар жасаған шапқыншылық оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстанның қалыптасқан этникалық жайына соншалықты өзгеріс жасаған жоқ.

Алтай жақтан ығыса келіп, өздерінің мемлекеттік бірлестігін құрған наймандар мен керейттер Қарахан мемлекетінің этникалық құрамына елеулі әсерін тигізді.

Бірақ осы бір сапырылыс кезінде шығыстан қидандардың (қаракытайлықтардың) шапқыншылығы болып, Қарахан мемлекетінің жағдайы нашарлайды. XIII ғ. басында Қарахан мемлекеті қайта көтеріліп келе жатқанда Монғол шапқыншылығы басталды. Сондай-ақ орталық, солтүстік, шығыс, батыс Қазақстан жеріндегі Қыпшақ мемлекеті де сондай жағдайға душар болды. Монғолдар екі мемлекетті де қиратты. Сөйтіп, халық болып қалыптасуы процесі XV ғасырға дейін кешікті.

Монғол шапқыншылығы салдарынан Қазақстан жеріндегі ру-тайпалардың арасындағы байланыс бұзылды. Ірі ру-тайпалардың бірсыпырасы қоныс аударды. Мәселен, қыпшақтардың бір бөлігі солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібірге көшті. Дегенмен тіл бірлігі жойылмады. Қайта Монғолдар түркіленіп кетті. Бірақ бұл кезде бұрынғы екі үлкен нәсілдің байырғы европеидтік және кейін қосылған Монғолоидтік нәсілдердің күрделі араласуы нәтижесінде қазіргі қазақ халқы құрамының (антропологиялық, этникалық, лингвистикалық негізде) бірыңғай тұтас қосындысы келіп шығады.

Алайда, Қазақстан жерінде өмір сүрген ру-тайпалар түркі тілінде сөйлегенімен, территориялық бөлінуге ұшырап Моғол, Әбілхайыр, Ноғай, Көшім хандықтарының қол астында өмір сүріп жатты. Атақты «92 баулы қыпшақ» атты шежіреде көрсетілген бұл ру-тайпалардың барлығы кейіннен қазақтардың құрамына кірді.

XIV-XV ғасырларда феодалдық қатынастардың нығаюы негізінде Моғолстан, Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасында болып жатқан түрлі соғыстарға қарамастан, халықтар арасында өзара бірігу, топтасуға ұмтылу поцестері барған сайын белең алды. Қазақстанның ежелгі тайпалары өз мекендерінің тарихи-географиялық, экономикалық және саяси оқшаулануының тарихи қалыптасқан жағдайларына байланысты этникалық жағынан біртұтастық пен бүтіндікке ұмтылды. Нәтижесінде, үш этникалық-шаруашылық топқа бөлінді. Үш жүз осылай пайда болды. Олар: Ұлы, Орта және Кіші жүз. Ұлы жүз Жетісу, Оңтүстік Қазақстанды, Орта жүз Орталық, Солтүстік Қазақстан, Кіші жүз Батыс Қазақстанды мекендеді.

Ұлы Жүз Сырдариядан бастап Жетісу жерін түгел жайлады. Оның құрамына үйсін, қаңлы, дулат, шанышқылы, ысты және т.б. кірді. Орта жүз Орталық Қазақстан мен Солтүстік-шығыс Қазақстанның бір бөлігін қоныс етті. Оның құрамында қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей, уақ, т.б. кірді. Кіші жүздің мекені – Сырдың төменгі

жағы, Арал теңізінің жағалауы, Каспий ойпатының теріскей жағы. Оның құрамындағы тайпалар одағы – Әлімұлы (Қарасақал, қаракесек, кете, төртқара, шөмекей, шекті; Байұлы – адай, алшын, жаппас, алаша, байбақты, беріш, есентемір, қызылқұрт, шеркеш; Жетіру (телеу, табын, тама, кердері, жағалбайлы, т.б.). Жүздердің ұйымдасқан уақыты, қалай құрылғаны туралы түрлі пікірлер бар.

Қазақ этнонимінің туу тарихы ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің қызу айтыстарына айналды. Кейбір деректерде бұл термин әлеуметтік мәнінде қолданылған «қазақлық», «қашақ» деген атаудан шықты дейді. Немесе «қазақ» атауы Жәнібек пен Керей бастап Жетісуға көшіп кеткендерді «өзбек-қазақ», кейін «қазақ» түрінде пайдаланылған деп санайды. «Қазақ» термині 1245 жылы Мамлюк мемлекетіндегі қыпшақтардың ортасында жазылған ерте қыпшақ жазба ескерткіштерінде (түрік-араб сөздігінде) кездеседі. Мұнда «қазақ» деген сөз басы бос кезбе деген мағына береді. Бұл семантикалық ұғым бойынша «қазақ» терминіне әлеуметтік мағына беріледі, яғни еншісі бөлек, үлкен ұлдардың ата шаңырақтан бөлініп уақытша ру, тайпалардан кетіп, күнкөріс үшін әскери жорықтарға қатысуын санаған.

Кейде бұл термин ертедегі екі тайпалық (каспий және сақ) одақтардың атынан шыққан деп жорамалдайды. Ал кейбір тарихшылар «хас» нағыз және «сақ» деген сөзден құралған деп болжам жасайды. Қазақстан тарихының 2 томында «...қазақ атауы IX-X ғғ. Шығыс Дешті Қыпшақ қыпшақтарының қоғамында әлеуметтік, ал XI-XII ғғ. этникалық-әлеуметтік топтарға қолданылған. Және осы ғасырларда қыпшақ тайпаларының топтасуы қазақ қауымдастығы қалыптасуының да маңызды кезеңі болды» деп жазылған. Яғни, бұл процесс түрлі кезеңде де тоқтамай, әмбебап мағынада қолданылып келген. Нәтижесінде қыпшақ тайпасы өзегі болған XIV ғ. басында құрылған Ақ Орда халқының құрамы қазақтар болған. XV ғ. екінші жартысында қазақ халқы құрылып болғаннан кейін, халықтың этногенез процесінің күрделі ерекшелігінің бірі болып табылатын «қазақ» атауы этникалық маңызға ие болды.

Академик В.В. Бартольдтың айтуынша «қазақ» сөзінің төркіні: “өз мемлекетінен, тайпасынан, руынан бөлініп, ғажайып оқиғалы өмір жолын қууға мәжбүр болған адамдарды білдірген. “Тарихи-и-Рашиди” мен басқа да деректемелерде “қазақтар” термині Жетісуға көшіп барған Жәнібек пен Керей басқарған саяси топты білдіру үшін қолданылды. Ол алғашқыда “өзбек-қазақтар”, кейін “қазақтар” деп аталған. XV ғасырда “өзбектер” және “қазақтар” деген терминнің этникалық мәні болған жоқ, тек Шығыс Дешті Қыпшақтағы түркі тайпаларының

саяси тобын ғана білдірді. XVI ғасырдың басында Ибн Рузбехан Исфահани: «Өзбектерге үш халық немесе тайпа жатады... Олардың біреуі – Шайбани әулеті, екінші халық – қайратымен және ер жүректігімен дүниежүзіне даңқы жайылған қазақтар және үшінші халық – Хаджи-Тархан (Астрахань) патшасы болып отырған маңғыттар. Осы үш халықтың хандары бір-бірімен дұшпан және біріне-бірі озбырлық жасап отырады» деп жазды.

Қазақтың аты баяғыда хатқа түскен ежелгі халық екені жөнінде X-XI ғасырда өмір сүрген тәжік ақыны Фирдоусидің “Шаһнаме” дастаны – бізге бұлтартпас дерек ретінде нақты хабар жеткізген еңбек.

“Шаһнаме” мәліметін зерттеп, шындыққа әлемнің көзін ашқан ғалым А. Вамбери. Ол 1885 жылы “Түркі халықтарының этнологиясы мен этнографиясы” атты неміс тілінде зерттеу жазып, қазақ есімі IX-X ғасырларда болғанын әдеби, тарихи деректермен дәлелдеп берді. Онда былай делінген: “Қазақ, қазақ хандығы деген ел Көктеңіздің (Арал теңізі) Солтүстігін мекендеп отырған күшті әрі көп санды жұрт».

В.В. Вельяминов-Зернов жинаған мәліметтерде «1356 жылы қазақтар Мәуереннахрға шабуыл жасады деген дерек бар. Осы автордың айтуынша: “Мұсылман әлемінде” деген газеттің 1911 жылғы шілденің 22-сіндегі 14 санында 1397 жылы Қырымнан Литваға ауып барған татарлар өздерін қазақпыз дегені туралы мәлімет келтіріледі.

XVI ғасырдағы Мұхаммед Хайдар Дулати 1541-1542 жылдары аяқтаған “Тарих-и-Рашиди” атты еңбегінде былай деген: “Сөйтіп, Керей мен Жәнібек өзінің қабырғалы қалың елінен ірге айырып, қашып-пысып, біраз уақыт қаңғырып, тентіреп жүрді, оларды қазақ деп атады, ақыры сол атқа мұрагер болды”.

Біріншіден, Әбілхайыр ұлысынан бөліне көшкен кездейсоқ жай құрама тобыр емес, ілгері замандардан этникалық үю жолында тұрған қауымдастықтың, яғни туыс тайпалар одағы. Ол одақтың ортақ атының болғандығы күмән тудырмайды. Екіншіден, XV ғасырдың орта тұсына шейін Өзбек ұлысының құрамында болған бұл автономиялық дәрежедегі этникалық одақтың ортақ билеуші ханы да болуы әбден ықтимал ғой. Мұхаммед Хайдар – Керейді хан, Жәнібекті хан емес, сұлтан деп көрсетеді.

Қорыта келгенде, қазақ халқы – кеше ғана өмірге келген, өткен-кеткені жоқ балаң халық емес, көне мемлекеті, тілі, мәдениеті, өнері, рухани мұрасы бар ежелгі жұрт. Қазақ аты көне дәуірде-ақ алыс-жақын іргелес жұрттарға танымал болған, халқымыздың есімі Қазақ мемлекеті – хандығы құрылғаннан көп бұрын белгілі болған ұлттық этноним дәрежесіне жеткен.

Қазақ хандығының пайда болуы Қазақстан жерінде XIV-XV ғғ. болған әлеуметтік-экономикалық және этникалық-саяси процестерден туған заңды құбылыс. Өндіргіш күштердің дамуы, көшпелі ақсүйектердің экономикалық қуатының артуы, феодалдық топтардың тәуелсіздікке ұмтылуы, осы негізде Әбілхайыр хандығы мен Моғолстан арасындағы тартыстың өршуі, әлеуметтік қайшылықтардың үдеуі XV ғ. II жартысында бұл мемлекеттердің құлдырап ыдырауына апарып соқтырды.

Әсіресе, Әбілхайыр (1428-1468) Жошы-Шайбан-Дәулет-Шайх оғланның ұлы хандығы өте нашар еді. Территориясы батысында Жайықтан бастап, шығысында Балқаш көліне дейін, оңтүстігінде Сырдың төменгі жағы мен Арал өңірінен, солтүстігінде Тобылдың орта ағысы мен Ертіске дейінгі жерді алып жатты. Бір орталыққа бағынған мемлекет болмады. Көптеген ұлыстарға бөлінді. Олардың басында Шыңғыс әулетінің әр тармақтағы ұрпақтары, көшпелі тайпалардың билеушілері тұрды. Әбілхайыр билік еткен кезде халық өзара қырқыс пен соғыстан шаршады. XV ғ. 30 жылдары ол Тобыл бойында Шайбани ұрпағы Махмұт Қожаханды талқандады. Сыр бойындағы далада Жошы әулетінің Махмұтханы мен Ахметханын (Тоқа Темір тұқымы) жеңді. 1446 жылы Әбілхайыр Темір ұрпақтары мен Ақ Орда хандары ұрпақтарынан Сыр бойы мен Қаратау баурайындағы – Сығанақ, Созақ, Аққорған, Өзгент, Аркүк сияқты қалаларды басып алады. 1457 ж. Үз-Темір тайшы бастаған ойраттардан (жайылым жер іздеген) Түркістан өңірінде жеңіліп қалды. Масқара ауыр шарт жасасып, ойраттар Шу арқылы өз жерлеріне кетті. Ал Әбілхайыр өз ұлысында қатал тәртіп шараларын орнатуға кіріседі. Бұл халық бұқарасының оған деген өшпенділігін күшейтті. Нәтижесінде, халықтың жартысы Шығыс Дешті Қыпшақтан Түркістан алқаптарына және Қаратау бөктерлерінен Жетісудың батыс өңіріне көшіп барулары еді. Оны Жәнібек пен Керей басқарды.

Дешті Қыпшақ пен Жетісудағы көшпелі бұқара феодалдық қанаудың күшеюіне, соғыстарға наразылық ретінде, хандар мен феодалдардың қол астынан көшіп кетіп, қоныс аударды. Сөйтіп, XV ғ. 50-70 жж., яғни 1459 ж. Әбілхайыр хандығынан Жетісудың батысына Есенбұға хан иелігіне Шу мен Талас өзендерінің жазықтығына көшіп келді. Олардың қоныс аударуының бір себебі, Шыңғыс әулетінен шыққан Керей хан мен Жәнібек ханның жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ халқының дербес мемлекетін құру, оның тәуелсіз саяси және экономикалық дамуын қамтамасыз ету жолындағы қадамы мен қызметі өз ықпалын тигізді. Жетісу рулар мен тайпалар мемлекет бірлес-

тігінің орталығына айналды. Саны 200 мың адамға жеткен оларды Моғолстан ханы Есенбұға өзінің солтүстік шекарасын қорғату үшін, сондай-ақ өзінің бауыры Тимурид Абу Саид қолдап отырған Жүністің шабуылынан батыс шекарасын қорғату үшін пайдаланғысы келді. Жәнібек қазақ хандығының тұңғыш шаңырағын көтерген Барақ ханның ұлы, ал Керей оның ағасы Болат ханның баласы. Барақтан басталатын қазақтың дербес мемлекеттігі жолындағы күресті оның туған ұлы мен немересінің жалғастыруы табиғи құбылыс. Мырза Мұхамед Хайдар Дулати Қазақ хандығының құрылған уақытын хижраның 870 жылына (1465-1466 жж.) жатқызады.

Қазақтың алғашқы ханы болып Керей жарияланды (1458-1473 жж.). Одан кейін қазақ ханы болып Жәнібек сайланды (1473-1480 жж.). Бұлардың тұсында Жетісу халқы, 1462 жылы Моғолстан ханы Есенбұға өлгеннен кейін ондағы тартыстың күшеюіне байланысты, өзара ынтымақтастықты нығайтуға үлес қосты. Әбілхайыр хандығынан көшіп келушілер Жәнібек пен Керейдің қазақ хандығын күшейте түсті. Едәуір әскери күш жинаған және Жетісуда берік қорғанысы бар Жәнібек пен Керей, Жошы әулетінен шыққан сұлтандардың Шығыс Дешті Қыпшақты билеу жолындағы күресіне қосылды. Бұл күрес 1468 ж. Әбілхайыр өлгеннен кейін қайтадан өршіді. Қазақ хандарының басты жаулары Әбілхайырдың мұрагерлері – оның ұлы Шайх-хайдар мен немерелері Мұхамед Шайбани мен Махмұд сұлтан болды.

Сыр өңірі мен Қаратау – қазақ хандарының Батыс Жетісудағы иеліктеріне ең жақын болды. Жәнібек пен Керей хандар сауда-экономикалық байланыстардың маңызды орталықтары және күшті бекініс болатын Сыр бойындағы қалаларға өз құқықтарын орнатуға тырысты. Сондай-ақ, Сырдың төменгі және орталық сағаларының жерлері қазақтың көшпелі тайпалары үшін қысқы жайылым да еді.

70-жылдары Сауран, Созақ түбінде үлкен шайқастар болды. Асыны (Түркістанды), Сығанақты біресе қазақ хандары, біресе Мұхамед Шайбани басып алып отырды. Осындай шайқастардың бірінде көрнекті қолбасшы Керейдің ұлы Бұрындық болды. Ол 1480 жылдан бастап хан болды. Соның нәтижесінде XV ғ. 70-жылдарында қазақ хандығының шекарасы кеңейе берді. Оңтүстік Қазақстан қалалары үшін Шайбани әулетімен арадағы соғыстар Жәнібек ханнан кейін қазақ хандығын билеген Бұрындық хан (1480-1511 жж.) тұсында да толастамады. Батыс Жетісудағы иеліктеріне оңтүстіктегі өздеріне қараған қалаларға (Созақ, Сығанақ, Сауран) сүйене отырып, алғашқы қазақ хандары Дешті Қыпшақтағы өкімет билігіне талаптанушы барлық хандарды жеңіп, өз иеліктерін ұлғайтты. Дешті Қыпшақта қазақ хан-

дары билігінің орнығуы, Мұхамед Шайбаниды Дешті Қыпшақтағы тайпалардың кейбір бөлігін соңына ертіп Мәуереннахрға кетуге мәжбүр етті. Мұнда ол Темір әулеті арасындағы өзара тартысты пайдалана отырып, өкімет билігін басып алды.

Сонымен қазақ хандығының құрылуына ұйтқы болған себептер – саяси және этникалық процестер болды. Оның басты кезеңі – Керей мен Жәнібектің қол астындағылармен бірге көшпелі өзбектердің басшысы Әбілхайырдан кетіп, Моғолстанның батысына қоныс аударуы. Мұндағы маңызды оқиға – Керей мен Жәнібекті жақтаушылардың өзбек-қазақтар, кейін тек қазақтар деп аталуы. Әбілхайырдың өлімінен кейін Керей мен Жәнібектің Өзбек ұлысына келіп, үкімет билігін басып алуы.

Тарихты халық жасайды. Бұл – ешкім күмән келтірмейтін ақиқат. Алайда, адамзат тарихының бетбұрысты кезеңдеріне зер салатын болсақ, оның дамуына жеке адамдар, атап айтқанда, мемлекет басқарған қайраткерлер орасан зор ықпал жасаған. Тұтас бір мәдени тұрпаты бар қоғамның құрып кетуіне де немесе оның өз заманынан озып, өзгеше арнада дамуына да себепкер болған тарихи тұлғалар, қайраткерлер аз емес. Олардың ішінде халық тарихының дамуына өзінің жеке басының әсерімен орасан зор ықпал жасайтын тұлғалар болатынын ерекше атап өткен жөн. Қазақ тарихында осындай ерекше рөл атқарғандар қатарына қазақ хандарын жатқызуға болады.

XVI-XVII ғғ. қазақ хандығы нығайып, оның шекарасы едәуір ұлғая түсті. Өз тұсында “жерді біріктіру” процесін жедел жүзеге асырып, көзге түскен хандардың бірі – Жәнібектің ұлы Қасым... Қасым ханның (1511-1523 жж.) тұсында қазақ хандығының саяси және экономикалық жағдайы нығая түсті. Ол билік құрған жылдары қазақ халқының қазіргі мекен тұрағы қалыптасты. Бірсыпыра қалалар қосылды, солтүстікте Қасым ханның қол астындағы қазақтардың жайлауы Ұлытаудан асты. Оңтүстік-шығыста оған Жетісудың көп бөлігі (Шу, Талас, Қаратал, Іле өлкелері) қарады. Қасым ханның тұсында Орта Азия, Еділ бойы, Сібірмен сауда және елшілік байланыс жасалды. Орыс мемлекетімен байланыс болды. Ұлы князь III Василий (1505-1533 жж.) билік құрған кездегі Мәскеу мемлекеті еді. Батыс Еуропа да қазақ хандығын осы кезде танып білді.

“Қасым ханның қасқа жолы” деген әдет-ғұрып ережелері негізінде қазақ заңдары жасалынды. Бұл заңға кірген ережелер мынадай:

1. Мүлік заңы (мал, мүлік, жер дауын шешу).
2. Қылмыс заңы (кісі өлтіру, ел шабу, мал талау, ұрлық қылмыстарына жаза қолдану).

3. Әскери заң (қосын құру, аламанның міндеті, қара қазақ, ердің құны, тұлпар ат).

4. Елшілік жоралары (майталмандық (заңгер), шешендік, халықаралық қатынастардағы сыпайылық, әдептілік).

5. Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке үстіндегі ережелер, жасауыл, бекеуіл, тұтқауылдардың міндеті). Дегенмен Қасым хан тұсында Қазақ хандығы бір орталыққа бағынған мемлекет болмады. Ол Қасым өлгеннен кейін бірден байқалды. Өзара қырқыс, таққа талас басталды. Моғол және өзбек хандарының қазақ билеушілеріне қарсы одағы қалыптасты. Өзара тартыс кезінде Қасым ханның ұлы және мұрагері Мамаш қаза тапты. Қасым ханның немере інісі Таһир (1523-1532) хан болды. Оның айрықша елшілік және әскери қабілеті болмады. Маңғыт және Моғол хандарымен әскери қақтығыстар басталды. Бұл соғыстар қазақтар үшін сәтті болмады. Қазақ хандығы оңтүстіктегі және солтүстік-батыстағы жерінің бір бөлігінен айрылып, оның ықпалы тек Жетісуда сақталып қалды. Таһир ханның інісі Бұйдаштың (1533-1534) тұсында да феодалдық қырқысулар мен соғыстар тоқталған жоқ.

XVI ғ. II жартысында әлсіреген хандықты біріктіруде Қасым ханның баласы Ақназар (1538-1580 жж.) өз үлесін қосты. Ноғай Ордасындағы алауыздықты сәтті пайдаланған ол, Жайық өзенінің сол жағындағы жерді қосып алды. Оның тұсында Жетісу мен Тянь-Шаньды басып алуды көздеген Моғол ханы Абд-Рашидке қарсы ұтымды күрес жүргізілді. Ақназар өзара тартыста өзбек ханы Абдолланы қолдау арқылы Сыр бойындағы қалаларды (Сауран, Түркістан) өзіне бағындырды. Оның Абдулламен байланысынан қорыққан Ташкенттің ұлыстық әміршісі Баба сұлтан жансыздары арқылы Ақназарды у беріп өлтірді.

Ақназардың мұрагері Жәдіктің баласы және Жәнібек ханның немересі қартайған Шығай (1580-1582) болды. Ол өзінің баласы Тәуекелмен бірге Баба сұлтанға қарсы күресінде Бұқар ханы Абдоллаға келді. Абдолла Шығайға Ходжент қаласын сыйға тартып, онымен қосылып Баба сұлтанға қарсы Ұлытау жорығына шығады. Осы жорықта Шығай қайтыс болады.

1582 жылы Шығай хан қайтыс болғаннан кейін таққа Тәуекел (1582-1598 жж.) отырды. Тәуекел хан Бұхара ханы Абдолламен жасасқан шартты бұзып, қазақ және өзбек билеушілері арасындағы жаугершілік қайта қоздады. Абдолла ханмен одақтан Тәуекел ханның бас тартуының себебі, біріншіден, Абдолла әуелдегі Түркістаннан төрт қала беруі туралы уәдесінен бас тартады, екіншіден, біздің ойымыз-

ша, басты себеп – Абдолла Тәуекел ханның беделінен, батырлығы мен батылдығынан қорқа бастайды, яғни Тәуекел ханнан өзінің бақталасы ретінде қауіп төнгенін сезді. Өйткені кезінде бүкіл Мәуереннахрды Тәуекелдің көмегімен Шайбани мемлекетінің қол астына біріктірген болатын. Тәуекел хан да Жошы ұрпағы болғандықтан, бүкіл Орта Азияны билеуіне толық құқығы болды.

Тәуекел сыртқы саясатында хандықтың оңтүстігіндегі қалаларда билікті нығайтуға күш салады. Ендігі жерде ол Сыр бойындағы қалалар үшін Абдолламен күресті бастайды. 1586 жылы Ташкентті алуға әрекет жасайды. Абдолланың негізгі күштері Мәуереннахрдың солтүстігінде шоғырланды. Бұны білген Тәуекел хан Мәуереннахрдың оңтүстік аймақтарына шабуыл жасайды. Оның шабуылы Түркістан, Ташкент, Самарқанд қалаларына қауіп төндіреді. Бірақ Тәуекел ханның Ташкентті алуға жасаған алғашқы жорығы сәтсіз аяқталады.

Тәуекел хан қазақ хандығының сыртқы саясатын нығайту барысында орыс мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынастарды жандандырды. Қазақ ханы сыртқы саясатта өзін қолдайтын одақтастар іздеді. 1594 жылы Тәуекел хан Ресейге достық келісім жасасу үшін Құлмұхаммед басқарған Қазақ хандығының тұңғыш ресми елшілігін жібереді. Тәуекел ханның мұндағы мақсаты Ресей мемлекетінің көмегімен Абдоллаға қарсы күресті жандандыру, Сібір ханы Көшімге қарсы одақ құру және 1588 жылы орыс әскерлері ұстап әкеткен өзінің немере інісі, Ондан сұлтанның баласы Оразмұхаммедті тұтқыннан босату болды. Оның жанында қазақтың әйгілі тарихшысы Қадырғали Жалайыр бар еді. 1595 жылы елшіге орыс патшасының жауап грамотасы тапсырылды. Онда орыс патшасы Тәуекел ханға Қазақ хандығын «өзінің патшалық қол астына алатынын» және «оқ ататын қару» жіберетінін уәде етті. Сонымен бірге мынадай талап қойды: «біздің патшалық қоластымызда болғандықтан және біздің патшалық әміріміз бойынша Бұқара патшасымен және бізге опасыздық жасаған Сібір патшасы Көшіммен соғысып, біздің ұлы мәртебелі патшамызға жол салатын боласыздар». Орыс мемлекеті Қазақ хандығымен әскери одақ құрудан бас тартқанымен, Тәуекел хан орыс мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынасты үзген жоқ. 1595 жылы Мәскеуден орыс елшісі Вельямин Степанов Қазақ хандығына келді. Нәтижесінде екі мемлекет арасында сауда байланыстары жанданды.

Бұл кезде ойраттардың бір бөлігі Тәуекел ханға тәуелді болды. Сондықтан ол өзінің Мәскеуге жолдаған грамотасында өзін «қазақтар мен қалмақтардың патшасы» деп атады.

1597 жылы Бұхар хандығында ішкі тартыс, ырың-жырың басталды, онда ықпалды адамдардың қолдауымен Абдолланың ұлы Абдылмомын әкесіне қарсы шықты. Осы қырқысты пайдаланып, Тәуекел Ташкент қаласының түбінде Абдолла ханның әскерін талқандады. 1598 жылы наурызда Абдолла хан қайтыс болып, Абдылмомын хан болды. Осы орайды пайдаланған Тәуекел хан жүз мың әскермен Мәуереннахрға басып кіріп, Ахси, Әндіжан, Ташкент, Самарқан қалаларын басып алды. Бірақ Бұхараны қоршау кезінде Тәуекел хан ауыр жараланып, Ташкентке қайтып келіп қаза болды. Сөйтіп, ол өз мемлекетінің солтүстік-батыс шекарасындағы бейбіт жағдайды және Орта Азиядағы шайбанилықтардың алауыздығын, бұл әулеттің Аштарханилықтардың жаңа әулетімен ауыстырылғанын пайдаланып, сырдариялық қалалар үшін ұзаққа созылған күресті табысты тәмамдады. Абдолла ұрпақтарының өзара билікке таласы нәтижесінде Шайбани әулеті өмір сүруін тоқтатады.

Тәуекел Орта Азияға жорығында тек қарулы күшке емес, Орта Азия халықтарының белгілі бір әлеуметтік топтарына сүйенді. Атап айтқанда, Тәуекел ханды дін иелері қолдады. Сонымен бірге Ескендір Мұңшы Тәуекел әскерінің құрамында «Түркістан тайпаларының және қырдағы өзбектердің» жауынгерлері болғанын айтады. Жалпы, Шайбани ұрпақтарының өзара қақтығыстарынан шаршаған Орта Азия халықтарының басым бөлігі Тәуекел ханды қолдады десек қателеспейміз. Өйткені Шайбани тармағынан тараған Жошы ұрпақтарының өзі Мәуереннахрда Шайбани әулетін қазақ хандарының әулетімен алмастыруға ниет білдірген. Өкінішке орай, Мәуереннахр қазақ хандарының қолына толығымен көшпеді. Сөйтсе де, Ташкент және оның аймағы 200 жыл бойы Қазақ хандығының құрамында болды. Түркістан қаласы Қазақ хандығының орталығына айналды.

Шайбанилер әулетінің орнына келген Аштархани әулеті XVII ғасырдың алғашқы онжылдығында Түркістан, Ташкент, Ферғана қалаларын қайтару үшін жорықтар жасады. Олар тек Ферғана қаласын қайтара алды.

Ташкент, Түркістан, яғни Сырдария орта ағысының екі жағасындағы отырықшы-егіншілік аудандардың Қазақ хандығының құрамына енуі, Қазақ хандығының экономикасына, қоғамдық және саяси құрылысына күшті ықпал етті, Орта Азия мен Қазақстан арасындағы мәдени-сауда байланысы дамыды.

Тәуекел ханның орнына 1598 жылы хан болған Есімнің Аштарханилер өкілдерімен жасасқан келісімі бойынша Қазақ хандығының құрамына қалаларымен бірге Түркістан аймағы, Ташкент қаласы атырабымен, біраз уақытқа Ферғана кірді.

Осы кезде болған тағы бір тарихи оқиға – Көшім хан билеген Сібір хандығының жойылуы еді. Тарихи әдебиетте Сібір халқы – Сібір татарлары деп аталған. Ресейден Сібірге жорыққа аттанған атаман Ермактың жасағы 1582 жылы қазан айында Сібір ханы Көшімнің әскерлеріне тұтқиылдан шабуыл жасап, оны жеңіліске ұшыратты. Көшім өз әскерлерімен оңтүстікке шегініп, 1598 жылға дейін орыс әскерлеріне табанды қарсылық көрсетті. Бірақ Көшім көмексіз қалған еді, бұл кезде Көшімнің Орта Азиядағы одақтасы Шайбани әулеті құлап (1598), оның орнын Аштархан әулеті (1599-1735) басқан еді. Ақырында біржолата жеңілген Көшім Орта Азияға қашып кетті де, 1598 жылы Сібір хандығы жойылды. Бұрын Сібір хандығының қол астына қараған қазақ тайпалары Қазақ хандығына бірікті.

Есім хан (1598-1628 жж.) қазақ тарихында «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атпен әйгілі болды, оған бұл атақ 1598 жылы ағасы Тәуекел ханмен бірге Мәуереннахрға жасаған жорықта ерлігімен ерекше көзге түскені үшін берілген екен. Есім – Шығай ханның баласы. Хан тағына отырған соң Бұхарамен бітім-шартын жасасып, Орта Азия қалаларымен бейбіт, экономикалық байланыс орнатуға ұмтылды. Қазақ хандығын бір орталыққа бағынған мемлекет етіп құруды көздеді. «Есім ханның ескі жолы» деп аталған заңдар жинағын құрастырды. Ел аузында сақталған деректерге қарағанда, Есім хан тұсында «Қасқа жолға» қосылған жаңалық «Хан болсын, ханға лайық заң болсын; Батыр болсын, абыз сайлау парыз болсын; Би болсын, би түсетін үй болсын» деген ережелер екен. Бұл Қазақ хандығы (ережелерінің) құрылысының саяси-әкімшілік, әскери, рухани, және сот істері жөніндегі негізгі заң сипатындағы төрт тұғыр екені байқалады.

Есім ханның қазақтарды бір орталыққа бағындыру саясатына қарсы болған сұлтандар Қазақ хандығын бөлшектеуге тырысты. Ташкент қаласы Қазақ хандығына қараған соң оны Жәнібек ханның немересі, Жалым сұлтанның баласы Тұрсын Мұхаммед сұлтан басқарған еді. Ол көп ұзамай тәуелсіз хан болуға әрекет жасады, тіпті өз атынан ақша соқтырып, алым-салықтар жинады. Сонымен, Қазақ хандығы екіге бөлініп, Түркістан қаласын орталық еткен Есім хан, Ташкент қаласын орталық еткен Тұрсын хан билеген еді. Бұлардың арасында соғыс қақтығыстары болды. Екі хан арасындағы күрес шиеленісіп, **1627 жылы Есім хан** Тұрсын ханды өлтіріп, қазақ хандығын өз қол астына біріктірді. Қазақ хандығын біріктіру жолындағы Есім ханның күрестері қазақтың «Еңсегей бойлы ер Есім» атты тарихи жырына өзек болған.

XVII ғасырдың басында қазақ билеушілері мен Аштарханилер арасындағы өзара қатынастар тұрақсыз болды, олардың арасындағы қақтығыстар уақытша одақпен алмасып отырды. Мысалы, Аштарханилер әулетінің өкілі, Бұхар ханы Иманқұл Ташкентті тартып алуға тырысты, сол мақсатпен 1611 және 1613 жылдардың басында жорық жасады. Алғашқы жорығында Иманқұл хан Самарқанға дейін жетіп, Ташкент пен оның аймағына өзінің құқығын мойындатты. Екінші жорығы да Ташкентке бағыттталып, қазақтарды ойсырата жеңіп шығады. Осы жеңістен кейін ол өзінің ұлы Ескендір сұлтанды Ташкенттің билеушісі етіп тағайындайды. Ескендір сұлтанды ташкенттіктер өлтіргеннен кейінгі Иманқұл ханның кек алу жорығы қазақтар үшін ауыр болды. Өзінің Ташкентті алуға ұмтылуында ол қазақтың екі ханының өзара жауластығын пайдаланды. Сөйтсе де кейінгі жылдары қазақтардан жеңіліп, Иманқұл қазақ хандығымен бейбіт келісім жасады.

Есім хан 1628 жылы қайтыс болып, Түркістан қаласындағы Ахмед Иассауи кесенесінде жерленген. Есім ханның мұрагері Жәңгірдің өмірі ат үстінде Қазақ хандығы жауларымен күресте өтті. Халық оны ел үшін еңіреп туған ерлігіне бола «Салқам Жәңгір» деп атаған. Жәңгір хан (1628-1652 жж.) билік құрған жылдары да Сыр бойындағы қалалар үшін Аштарханидтермен және Жетісудағы жайылымдар үшін қалмақтармен қақтығыстар тыйылмады.

Қазақ хандығына қалмақтар жақтан төнген қауіп зор болды. «Қалмақ» сөзі батыс монғолдардың түрікше аты. Олар өздерін «ойраттар» деп атаған. Қалмақтар бұл жылдары шығысында Хангай таулары, батысында Моғолстан, оңтүстігінде Гоби шөлі, солтүстігінде Ертіс пен Енисейдің жоғарғы ағыстары арасында көшіп-қонып жүрді. 1635 жылы бұл территориядағы тайпалардың басын біріктіріп, Батұр қоңтайшы Жоңғар мемлекетінің негізін қалады. Осыған байланысты жоңғарлар күшейіп, қазақ жерлеріне жиі-жиі шапқыншылықтар жасай бастайды. **Жәңгір хан тұсында** қазақтар мен жоңғарлар арасында үш ірі шайқас орын алады. Алғашқы 1635 жылғы шайқаста Жәңгір қалмақтарға тұтқынға түсіп қалып, бірақ көп ұзамай қашып шығады. Тұтқыннан босағаннан кейін, Жәңгір хан қалмақтарға қарсы күрес басшылығын өз қолына алады. 1643 жылы жоңғар қоңтайшысы Батұр қазақ жеріне 50 мың әскермен басып кіреді. 1644 жылы Жоңғарияға барған орыс елшісі Г. Ильин жоңғарлардың 50 мың қолына Жәңгір хан бастаған 600 жауынгердің қарсы тұрғанын айтқан. Мүмкін, бұл 600 адам ататын қарумен жабдықталған Жәңгір хан әскерінің алдыңғы шебі болуы мүмкін. Жәңгір өз тобының бір бөлігіне жоңғарлар

тар асудан асып келгенше екі таудың арасындағы тар жырада ор қазып, бекініс жасауға бұйырады. Ал өзі екінші бөлегімен таудың екінші бетіне жасырынады. Жоңғарлар ор қазып, бекініп жатқан қазақ жасақтарына қарсы шабуыл жасайды. Осы кезде Жәңгір өз тобымен жаудың ту сыртынан лап береді. Қазақтар осы жерде бірінші рет оқ ататын қару пайдаланады. Шайқас барысында Батұр қоңтайшы 10 мың әскерінен айырылады. Шайқастың шешуші кезеңінде Жәңгір ханға Самарқан билеушісі Жалаңтөс батыр бастаған 20 мың әскер көмекке келеді. Батұр қоңтайшы кейін шегінуге мәжбүр болады. Сөйтіп, 1643 жылы жер жағдайын және соғыс тәсілін шебер пайдаланған Жәңгір хан Самарқан билеушісі Жалаңтөс батырдың әскери көмегі арқасында зор жеңіске жетті. Бұл тарихта Орбұлақ шайқасы деген атпен белгілі. Бұл жеңістің Қазақ хандығы үшін зор маңызы болды.

Бірақ жоңғар билеушілері қазақ жерлеріне басып кіру үшін жаңа жорықтарға дайындала бастады. Батұр қоңтайшы бытыраған әскерлерін қайта құрап, Сібірдегі орыс қамалдарынан қару-жарақ сатып алды. Өзіне тәуелді қырғыздардан ат-көлік жинастырды. Осындай әскери дайындықтан кейін Батұр қоңтайшы 1652 жылы қазақтарға қарсы аттанды. Бұл соғыста қазақ жасақтары жеңілді. Жәңгір хан осы 1652 жылғы шайқаста жоңғарлардың қолынан қаза тапты. Жәңгір хан да Түркістан қаласындағы Қожа Ахмед Иассауи кесенесінде жерленген.

Жәңгір ханнан кейін Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы нашарлады. Феодал шонжарлардың арасында алауыздықтар мен бақталастықтар өршіді. Қазақ сұлтандары ұлыстарды жеке-дара билеп, дербестенуге бой ұрды. Қазақ жүздерінің арасындағы байланыс нашарлап, олар бір-бірінен оқшаулана бастады.

1680 ж. Жәңгірдің баласы **Тәуке (1680-1718 жж.)** хан болды. Тәуке хан өзінің даналығы арқасында ел арасында «әз-Тәуке» деген атқа ие болған. Қазақ жеріне орыс елшілігін бастап келген М. Тевкелев 1748 жылы жазған құжатта: «Тәуке хан өте ақылгөй кісі болған, оны қырғыздар (қазақтар) үлкен құрметпен еске алады», – деп көрсетеді. Халық зердесінде Тәуке заманы Қазақ хандығының ең бір өркендеген, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман», «алтын ғасыр» деп еске алынады. Орыстың белгілі тарихшысы А.И. Левшин Тәукені көне Спартаның ақылгөй заңгері Ликургпен теңеген. Оның тұсында **“Жеті жарғы”** деген заңдар жинағы құрастырылды. Тәуке хан тұсында «Күлтөбенің басында күнде кеңес» өткізіліп, «Қасқа жолдың» бұрынғы бес тарауына тағы да екі тарау қосылып, «Жеті жарғы» (жеті заң) жасалды. Бұл жаңадан қосылған екі тарау жер дауы туралы

заң мен құн дауы туралы заң еді. Тәуке хан тұсында Қазақ хандығының шығыс жағындағы жайылымдарды Ойрат-Жоңғар феодалдарының басып алуына байланысты жердің тарылуы, мал жайылымдарына таласқан жанжалдардан адам өлімінің жиі болуы себепті жер дауын мүлік заңынан, құн дауын қылмыс заңынан бөліп алып, жеке-жеке тарау енгізуге тура келеді. «Жеті жарғы» заңы үш жүздің ойшыл саңлақ билері – Төле би, Қазыбек би және Әйтеке бидің қатысуымен хан қасындағы билер кеңесінің талқысынан өтті.

Жеті жарғы көшпелілердің ел билеу заңы болып табылады. Оның негізгі баптарының мазмұны: қанға қан алу, яғни біреудің кісісі өлтірілсе, оған ердің құнын төлеу (ер адамға 1000 қой, әйелге 500); ұрлық, қарақшылық, зорлық-зомбылыққа өлім жазасы кесіледі, жазаны ердің құнын төлеу арқылы жеңілдетуге болады; денеге зақым келтірсе, оған сәйкес құн төленеді (бас бармақ 100 қой, шынашақ 20 қой); егер әйел ерін өлтірсе өлім жазасына кесіледі (егер ағайындары кешірім жасаса, құн төлеумен ғана құтылады, мұндай қылмысты екіқабат әйел жасаса жазадан босатылады); төре мен қожаның құны қарашадан 7 есе артық төленеді; егер ері әйелін өлтірсе, әйел құнын төлейді.

Тәуке ханның сыртқы саясаты көрші елдермен тату көршілік байланыс орнатуға, олармен экономикалық, сауда-саттық қарым-қатынас жасауға тырысқан бейбіт дипломатиялық саясат болды. Тәуке хан 1687 жылы Бұхар ханы Субханқұлымен Ташкент жөнінде келіссөз жүргізіп, оны қазақтар иелігінде қалдырды. Бұхар хандығымен сауданы дамытуға күш салды. Нәтижесінде Қазақ мемлекеті мен Бұхар хандығы арасында бейбіт қарым-қатынас орнап, Бұхар саудагерлері қазақ жеріне кіріп сауда жасауға мүмкіншілік алған. Қазақ жерінде Бұхар көпестерін тонауға қарсы Тәуке хан арнайы жарлық шығарып, ендігі жерде тонаушылар қатаң жазаланып отыратын болған. Бұхар басшыларының тарапынан жоңғарларға қарсы соғыста қазақтарға көмек көрсетілмеді. Бұл мемлекетпен байланыс тек сауда қатынастарының жандануымен шектелді.

Орыс деректерінде Тәукені тек қазақтардың ғана емес, қарақалпақтардың да ханы деп жазады. Олар жыл сайын қазақтарға салық төлеп, өз одақтастарымен бірігіп, соғыс қимылдарына қатысып отырған. Бұл туралы орыс деректерінде былай делінген: «Арыстың оң жағасындағы құмды жол арқылы Ақсу тастарына дейін жарты күн, осы тастар арқылы қарақалпақтарға жол түседі... Түркістаннан Сыр өзенінің төменгі ағысы арқылы үш күндік жолда Үзкент қаласы, сол қалаға 1683 жылы Тәуке хан қарақалпақтардан салық жинауға түсті.

Олар егін егіп, қазақтармен қатынаста өмір сүреді. Үзкенттен төмен Сырдың екі жағалауында да қарақалпақтар көшіп жүреді. Қалалары көп емес. Әскери істері қазақтармен ортақ. Олардың билеушілері Табұршық сұлтан». Қарақалпақтар Тәуке ханға бағынышты болған, оларды ол Сасық би арқылы басқарған.

Тәуке ханға қырғыздардың басым бөлігі де бағынышты болды. Қырғыздар да қазақтардың жоңғарларға қарсы әскери қимылдарына белсене қатысып отырған. Ш. Уәлиханов өзінің «Қырғыздар туралы жазбалар» деген еңбегінде: «Ал енді Есімнің немересі, Жәңгірдің баласы Тәуке қырғыздардың биі ретінде басқарып отырған (қырғыздардың Тиес деген биі соған бағынған). Бүкіл рудың билеушілері есебінде Тәуке мен Тиестің аты Тәуке-Тиес деп бірге аталыпты». Шоканның бұл еңбегінде қырғыз елінің Тәуке ханға бағынышты болғаны сипатталады.

Тәуке хан билік құрған жылдары Ресеймен қарым-қатынас жанданды. Осы жылдары шекара аудандарындағы орыс бекіністері мен қазақ ауылдары арасындағы қақтығыс шиеленіседі. Осындай келеңсіз әрекеттерді бейбіт жолмен шешу үшін Тәуке хан 1687 жылы Тобыл қаласына Тәшім батыр бастаған елшілік жібереді. Бұл елшілік сауда қатынастарын жандандыруды да мақсат етеді. Сөйтіп, Тәуке хан Ресеймен дипломатиялық және сауда байланыстарын орнатты. 1686-1693 жж. аралығында Тәуке хан Ресейге бес елшілік жібереді. 1694 жылы хан ордасында орыс елшілері Скибин мен Трошинді қабылдаған. Сөйтсе де, орыс-қазақ қарым-қатынастары 17-ші ғасырдың соңы мен 18-ші ғасырдың басында барынша шиеленіседі. Өйткені осы жылдары Ресей мен Жоңғар мемлекеттері жақындасады. Қазақ мемлекетінің күшейгенін байқаған орыстар жоңғарлармен жақындасып, оларды қазақтарға қарсы қою саясатын жүргізеді.

Тәуке хан билік құрған жылдары қазақ мемлекеті мен жоңғарлар арасындағы қарым-қатынас тұрақсыз болды. Тек 1653-1670 жылдар аралығында жоңғарлардың қазақ жеріне шапқыншылығы біршама тыйылды. Өйткені 1653 жылы Жоңғар хандығының негізін салған Батыр қонтайшы қайтыс болғаннан кейін, оның мұрагерлері таққа таласумен болды. 1670 жылы билікке келген Ғалдан-Бошоқту қонтайшының тұсында Қазақстанның оңтүстігіне шапқыншылықтар жиіледі. Ол 1681 жылы Шудан өтіп, Сайрам қаласын басып алуға әрекет жасады. 1684 жылғы жоңғарлардың Сайрамға шабуылы нәтижелі болды. Жоңғар хандығының территориясына қытайлар тарапынан шапқыншылық басталғандықтан, олар Сайрамнан бас тартты. Қайтарында жоңғарлар қаланы тонап, қала халқының басым бөлігін тұтқынға айдап әкетті.

1697-1727 жылдар аралығында жоңғарлар мемлекетін басқарған Цеван-Рабтан тұсында қазақ-жоңғар қарым-қатынастары барынша шиеленісті. Осыған байланысты 1710 жылы Қаракұмда Тәуке ханның бастамасымен қазақ жүздерінің біріккен жиналысы болды. Жиналыс нәтижесінде қазақтар жоңғарларға қарсылық көрсетуге шешім қабылданды. 1713-1714, 1717 жылдардағы жоңғарлардың шапқыншылықтары қазақтар үшін ауыр болды. Осы қиын жылдары Тәуке ханның қолбасшылық, реформаторлық, батырлық қасиеттері айқын көрінді. Тәуке хан Шыңғыс хан құрған әскери басқару жүйесін қайта жаңғыртты. Әскерді қатаң басқаруға үлкен мән берілді. Әскерде басшылық ету онбасы, жүзбасы, мыңбасы болып тағайындалды. Мыңбасыны Тәуке ханның ұсынысымен Билер кеңесі аса ерлік көрсеткен батырлардан тағайындады. Бас қолбасшы Тәуке ханның өзі болды. Әскер саны соғыс жылдарында 80 мыңға жеткенімен, бейбіт кезеңде хан ордасында тұрақты сарбаздардың саны 1000-нан аспады. Бұл сарбаздар ханның қауіпсіздігін қорғады.

Соғыс жылдары әскерді қару-жарақпен, көлікпен әр рубасылары қамтамасыз етіп отырған. Бұл мәселе де Тәуке қабылдаған тәртіп негізінде жүзеге асырылған. Жауынгерлердің алдын ала соғыс өнерінің түр-түрінен дайындықтан өтуі хан жарлығы негізінде міндетті болған. Бұл әскерлердің соғысу қабілетін күшейткен. Сонымен бірге хан жарлығымен шекара аудандарында әр 5-7 шақырым аралықта әскери мұнаралар тұрғызылды. Жоңғарлар шабуылы басталған сәтте мұнаралардағы тұрақты жауынгерлер от жағып, келесі мұнараға жау шабуылы басталғаны туралы хабар беріп отырды. Бұл стратегиялық тактика негізінде жау шабуылын 100 шақырым жерден көріп, ұтымды қарсылық алдын ала ұйымдастырылды.

Қорыта келгенде, Тәуке хан өзі билік еткен жылдары ішкі және сыртқы саясатты сәтті жүргізді. Ол XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығындағы саяси жағдайды реттей алды. Бұл кезде Қазақ хандығы біртұтас мемлекет болды.

XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайы шиеленісті. Тәуке хан өзара тартыстарды уақытша тыйып, тыныштықты қалпына келтірген еді. Алайда сұлтандардың өз алдына оқшауланып, билік үшін күресуі көп ұзамай бірлікті бұзды.

Тәукеден кейін Қазақ хандығы іс жүзінде жеке-жеке хандықтарға бөлінді. Жүздердің әрқайсысы жеке хан сайлауға көшті, ал ұлыстарды басқарып отырған сұлтандар сол хандарға тікелей бағынды. Жолбарыс Ұлы жүздің (1720-1740 жж.), Қайып (1716-1719 жж.), сосын Сәмеке (1719-1734 жж.) Орта жүздің, Әбілхайыр (1718-1748 жж.) Кіші жүз-

дің хандары болды. Тәукенің тағына отырған оның баласы Болаттың Ұлы хан деген атағы ғана болды.

XVIII ғасырдың алғашқы ширегі қазақ халқына бұрын-соңды болмаған қайғы-қасірет әкелді. «XVIII ғасырдың алғашқы үш он жылы қазақ халқының өмірінде өте бір ауыр кезең болды, – деп жазды Шоқан «Абылай» атты мақаласында, – Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары мен башқұрттар қазақ ұлыстарын жан-жақтан ойрандап, малдарын тонап, қазақтарды үй-іштерімен түгел алдына салып айдап кетіп жатады. Бұған тәңірінің жіберген сынындай қатал қыс, жұт пен аштық қосылып, қазақтардың басына түскен ауыртпалықты онан сайын ауырлатады. Орынбордағы қазақ рубасыларының бірі өзінің жерлестерінің осы ауыр күйін көп ит қуған қоянмен салыстырады. 1723 жыл қазақтардың өміріндегі аса бір қатал жыл болып ел есінде қалады».

Болат ханның тұсында қалмақтардың қазақ жеріне жорығы күшейді. Бұл жорықтардың табысты болуына шведтің артиллерия сержанты Иоганн Густав Ренаттың әсері күшті болды. 1709 жылы Полтава түбінде орыстардың қолына түскен Ренат Тобыл қаласына айдалды, осында Ертістің бойында Бухгольцтің экспедициясы құрамында Кереку қаласының маңында 1715 жылы қалмақтарға тұтқынға түседі. 1733 жылға дейін қалмақтардың қолында болды. Ол қалмақтарға зеңбірек құюды, баспахана жасап, әріп құюды үйретеді.

Жан-жақты әскери дайындығы бар жоңғарлар 1710-1711 жылдары қазақ жеріне басып кіріп соғыс жүргізді. Олар 1717 жылы жазда Аякөз өзені жағасында қазақтардың 30 мың жасағын талқандады. Келесі жылы жоңғарлар қазақтарды Бөген, Шаян, Арыс өзендері бойында тағы да қырады.

1723 жылы ерте көктемде жоңғарлар қазақ жеріне тағы да соғысуға келді. Шуна Дабо деген қалмақ басқарған бұл шайқас екі бағытта жүруі тиіс еді. Бірінші бағыт Қаратауды басып өтіп, Шу мен Талас өзендеріне шығу болса, екінші бағыт қазақтарға соққы беріп, Шыршық өзеніне жету болатын. Бұл жоспарды іске асыру үшін әскерлер жеті топқа бөлініп, оның бірі Жетісу Алатауының етегіндегі Балқаш көліне құятын төрт өзеннің бойына топтастырылды. Қалмақтың ірі қолбасшысы Амурсана басқарған 70 мың адамнан тұратын екінші бір тобы Іле өзені бойына, Кеген өзенінің солтүстік жағасына, Нарын өзенінің күншығыс жағындағы Кетпен тауы баурайына орналасты.

Бейғам отырған қазақтар аямай қырылды. Жоңғарлар Жетісуды, Ұлы жүзді қырып-жойып, Орта жүз, Кіші жүз жеріне де жетті. Халық басы ауған жаққа шұбырды. Ұлы Жүз бен Орта Жүздің қазақтары

Самарқан пен Ходжентке қарай шұбырды. Кіші жүз қазағы Хиуа мен Бұхараға ағылды. Халық бұл кезенді “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” деп атады. “Елім-ай” деген ән туды. Халықтың бастаушы көсемдері бірігудің қажеттігін түсінді. 1726 жылы Ордабасы тауында үш жүздің өкілдері бас қосып, әскерлерді біріктіріп, ұлы қолбасшы етіп Әбілхайырды сайлады.

1728 жылы Әбілхайыр бастаған Кіші жүз жасақтары, Тайлак батыр, Саурық батыр бастаған әскерлер Ырғыз уезінің оңтүстік шығыс бетіндегі Бұланты өзенінің жағасында “Қара сиыр” деген жерде қалмақтарға қарсы соққы берді.

1730 жылы көктемде Балқаш көлі маңында тағы соғыс басталды. Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай сияқты батырлар бастаған қазақ жасақтары жоңғарларға аяусыз соққы берді. Бұл жер кейін “Аңырақай” деп аталып кетті. Шуно Дабо бастаған қалмақтар Іле өзені бойымен шығысқа қарай қашуға мәжбүр болды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының жазбаларында тек «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарының өзінде қазақ халқының санының үштен екісі кемігені туралы мәлімет бар. Демограф М. Тәтімовтің санағы бойынша 1723 жылы қазақ халқының саны 3 млн 330 мың болса, 1725 жылы 2 млн 222 мыңға азайған.

1730 жылы Тәуке ханның баласы Үлкен Орда иесі Болат хан қайтыс болды. Таққа талас басталды. Болат ханның інісі, Орта Жүздің ханы Сәмеке (Шахмұхамед) тақтан үміткер болды. Сондай-ақ қалмақты қыруда үлкен ерлік танытқан Кіші жүз ханы Әбілхайыр да тақтан дәмеленді. Алайда аға хан болып Болаттың үшінші ұлы Әбілмәмбет сайланды. Әбілхайыр бұған наразы болып, майдан шебінен әскерін алып кетті. Сәмеке де Шу бойымен Бетпақдалаға қарай өз әскерін алып кетті. Жоңғарларға қарсы майдан әлсірей бастады. Ұлы Жүздің ханы Жолбарыс жоңғарлармен мәмілеге баруға мәжбүр болды.

Ресей патшасы І Петр: «...барлық Азия елдері мен жерлеріне кірудің кілті мен қақпасы дәл сол орданың (Қазақ хандығының) өзі ғана, осы себептен де солар арқылы барлық Азия елдерімен қатынасын жолымыз болуы үшін қазақ ордасы Ресейдің қол астында болу керек» деген еді.

Осы мақсатта ол қазақ жеріне 1713-1720 жж. бірнеше экспедициялар жібереді. Алғашқысын 1713 ж. князь Александр Бекович-Черкасский басқарды. 1715 ж. И.Д. Бухгольц экспедициясы жасақталды. І Петрдің И.Д. Бухгольцке арнаулы жарлығында оған Тобылға бару және онда аталған губернатордан 1500 әскери адам алып, солармен Ямышев көліне бару, онда қала жасап, аталған адамдарымен жанадан

салынған бекініс пен оның маңайына орналастыратын жерге жету міндеттелді. Осы әскери экспедиция үшін адамдар Томскіден, Түменнен, Тарадан және төңіректегі қыстақтардан жинап алынды. Деректерге қарағанда, 70-ке жуық әртүрлі зеңбіректер алынған. И.Д. Бухгольцтің қырдағы жүрісінен ойраттар қауіптенбеу үшін қоңтайшы Цеван-Рабтанға алдын ала Сібір губернаторының арнаулы өкілдері жіберілді. 1715 жылы 1 қазанда экспедиция Ямышев көлінің жағасына жетіп, сол жерде бекініс салды. 1716 ж. Омбы бекінісінің іргесі қаланады. 1717 ж. полковник П.Ступин экспедициясы Ямышевск бекінісінің іргесін одан әрі бекітеді, 1718 ж. П. Северскийдің отряды Железинск бекінісін салады, ал В.Чередов басқарған екінші отряд Семей бекінісінің іргесін қалайды, 1720 жылы И. Лихарев экспедициясы Үлбі өзенінің Ертіске құятын жерінде Өскемен бекінісінің негізін салады. Ресей мемлекеті үшін Қазақ хандығы «Азияға кіретін кілт пен қақпа» ғана емес, ол бірнеше мың халықтың бейбіт жолмен империяға қосылуы, Ресейдің оңтүстік-шығыс шекарасында тыныштықтың орнауы еді. Сонымен бірге Ресей қазақтар арқылы жоңғарлар мен башқұрттарға күш көрсетуге немесе әлсіретуге мүмкіндік аламыз және Орта Азия халықтарын бағындыруға жеңілдік туады деп есептеді.

1731 жылы 19 ақпанда Ресейдің патшасы Анна Иоановна кіші жүз қазақтарын *Ресей бодандығына* қабылдау жөніндегі құжатқа қол қойды. Осы грамотаны қазақтарға жеткізу үшін 1731 жылдың 31 сәуірінде Ресей Кіші жүзге Сыртқы істер коллегиясының тілмәші А.И. Тевкелев бастаған арнайы елшілік жіберді. Патша үкіметі А.И. Тевкелевті қырғыз-қайсақ ордасын Ресей бодандығына келтірудегі міндеттері белгіленген Мемлекеттік сыртқы істер алқасының 12 тармақтан тұратын нұсқауымен жабдықтады. Бұл құжат дипломатиялық миссия үшін іс-қимыл бағдарламасы болды. Онда Ресей елшісіне тек Кіші жүз қазақтарын ғана емес, бүкіл қазақ хандығын түгел бодандыққа өткізу міндеті қойылған еді. Нұсқауда Ресей бодандығын қабылдау мәселесінде хан төңірегінде алауыздықтар анықталған жағдайда дипломаттың еркін нұсқаулар тандау мүмкіндігі болды.

Империяның ішкі губернияларына неғұрлым жақын орналасқан Кіші жүзге дипломат жібергенде үкіметте ол жөнінде жеткілікті ақпарат болған жоқ, тек Қазақстанның солтүстік-батыс аудандары туралы Сыртқы істер алқасының кеңсесінде бәрі алдын ала алынған, үзік-созық сипаттағы мәлімет болды. А.И. Тевкелев дипломатиялық тәжірибені қазақ жерінде жүріп жинақтады. Нұсқауда оған қырғыз-қайсақтар туралы мәліметті жазып алу, елдің орфографиясын, халыққа бодандықтың ұнайтын-ұнамайтынын, оның көршілерінің кімдер екенін, өздері

зеңбіректер құя білетін-білмейтінін зерттеу міндеті жүктелді. Осы нұсқау негізінде А.И. Тевкелев күнделік-журнал жүргізген.

Белгілі тарихшы Н. Маев 150 жыл өткен соң, өзі жинаған деректер негізінде даладағы істің жайы туралы да, халықтың салты туралы да, тіпті оның тілектері туралы да сенімді мәліметтері болмай, жорамалмен әрекет еткен үкіметтің көзқарасын сын көзбен бағалады.

1731 жылы 5 қазанда А.И. Тевкелев Ырғыз өзеніндегі хан ордасы орналасқан Майтөбе сайына келді. Атақты мейманды бастап жүруді Әбілқайыр хан үлкен баласы, тәжірибелі жауынгер, әкесінің қызметін түгелдей қолдаған Нұрмұхамед Әли Баһадүрге (Нұралыға) тапсырды. Алайда Ұлы даланың тілі де, әдет-ғұрпы да жақын, түсінікті болған бұрынғы татар мырзасының күрделі дипломатиялық мансабының алғашқы қадамдарының өзі көрнекті ақсақалдардың, сұлтандардың зор қарсылығына ұшырады. Олар орысқа бодандық туралы естігілері де келмеді, «ханды соқыр тиын сияқты да көрмеді», тіпті оны өлтіруге тырысқаны туралы дерек бар. Осы жағдай Әбілқайырдың Ресей патшасына елшілерді билеуші топтармен және халықпен ақылдаспай жібергендігін дәлелдейді. Ал Тевкелев болса өз басының пайдасын ойлап келген адам, сондықтан ол өз мақсатын орындау үшін қазақтың кейбір ақсақалдары мен билеріне мол сыйлықтар беріп, алдап-сулап әрең көндірген деп жазады тарихшы С. Асфендияров. А.И. Тевкелев күнделігіне 2 жылға жуық уақыт бойы үнемі өлім қаупіне бас тіге жүріп, аштыққа шыдап, бүкіл қабілетін жұмсап, бүкіл орданы көндіргенін жазды.

Бірінші болып бодандыққа Әбілқайыр хан ант берді, оған Бөкенбай ақсақал, содан соң Есет батыр қосылды. Сол арада адалдыққа 27 ақсақал ант берді. Сонымен қазіргі кейбір басылымдарда жазылып жүргендей бастапқыда антты 27 емес, ханнан басқа 29 адам бекітті. Бодандықты қабылдаған Әбілқайыр Ресей империясының шығыс шекарасын, орыс көпестерінің сауда керуендерін қорғауға, орыс мемлекетіне әскери көмек көрсетуге, бағалы терілерден салық төлеуге уәде берді. Бірақ бұл уәделердің бәрі толық орындалған жоқ. Сонымен қатар Әбілқайыр патша өкіметінен өз ұрпағында хандық биліктің қалуын, іштен және сырттан қиындықтар туа қалған жағдайда, өзіне тірек және қорған болатын Ор бекінісін салуды талап етті. Әбілқайырдың бұл талаптарына патша өкіметі үлкен мән бермеді, себебі жоғарыдағы талаптар патша өкіметінің шығыс шекарасындағы мүдделеріне қарсы келмеді. Тіптен, Хан ордасы мен шекаралық аймақта бекініс салу Ресей үшін хандық бодандықты нығайтуға тиімді еді.

1731 жылы Кіші жүз бен орыс мемлекетінің арасындағы қарым-

қатынас осы жылы Ресей империясының протекторатын қабылдау туралы құжатқа қол қойғаннан бастап іс жүзінде бекітілді. Бұл сонда, қандай қарым-қатынас? «Протекторат немесе қамқорлық қатынастар – бастапқыда күшті және әлсіз мемлекеттердің арасында ерекше құқықтар мен өзара міндеттемелер белгілейтін шартқа негізделген қатынастар. Оның мәнісі – алғашқысы кейінгісін қорғаса, ал кейінгісі алғашқысына егемендігін сақтай отыра белгілі қызмет көрсетеді», – дейді Мұхтар Құл-Мұхаммед өзінің «Орыс энциклопедияларындағы қазақ шежіресі» деген еңбегінде. Протекторат – қорғаушы, қамқоршы, тірегі, демеушісі. Протекторатын қабылдау – күшті мемлекет әлсіз мемлекеттің қорғаушысы, қамқоршысы, демеушісі, арқа сүйегіші, тірегі болады, ал әлсіз мемлекет сол үшін белгіленген (келіскен) міндеттер атқарып отырады. Басқаша айтқанда, Ресей империясы Қазақ мемлекетін (Кіші жүзді) сыртқы жаулардан қорғап, ішкі саясатына араласпай, қазақтардың егемендігін сақтап қалуға мүмкіндік жасауға тиіс. Әбілқайыр ханның Ресей патшасына жазған хатына, Анна Иоановнаның қазақ халқына берген грамотасының мазмұнына қарап, бұл тарихи процесті Қазақстанның өз еркімен Ресей империясына кірді деп айтуға болмас. Кіші жүз басшылары Ресей империясының протекторатын қабылдауы немесе оның «боданы» болуын сұрауы тарихи факт. Алайда «бодан» (подданный) қосылу емес. Ол тату болу, бейбіт қарым-қатынас жасау, одақтасу, адал болу деген ұғымдарды білдіреді.

Әбілқайыр хан Ресеймен татулыққа жету арқылы таққа талас мәселесін шешуді ойлады, яғни өзінің билікке жетуінің бірден-бір жолы деп үміттенді. Екіншіден, халықтың ұзақ соғыстан шаршағанын, экономиканың қансырағанын, орыс бекіністерінің қаптауын, орыс-казак станицаларының салынуын және жоңғарлар мен Еділ қалмақтарынан, Орта Азия хандықтарынан, Қытайдан келетін қауіп-қатерлерді ескере отырып, ол Ресейден бодандықты сұрауға мәжбүр болды. Дәл осы сәтте хан тағына лайықты адам «соғыс тәжірибесі мол, атағы да, абыройы да зор, өктем мінезді, өркөкірек Әбілқайыр ...» болды дейді тарихшы Ж. Қасымбаев. Ал М. Мағауиннің пікірінше: «... үш жүздің әскерлерінің бас қолбасшысы сайланып, өзінің ұйымдастырушылық дарын, қабілеті, жеке басының ерлігімен аты шыққан, оның үстіне тәжірибесі мол... Әбілқайырдың аға хандықтан үміт етуіне негізі бар еді ...». Тарихшы-ғалым М.Қ. Қозыбаевтың пікірі де осы мағынамен ұштасады. Ол: «Сол бір сәтте төре әулетінде Әбілқайырдан басқа жан жоқ-ты. Алайда бақ таласы, тақ таласы, жүздік талас нәтижесінде бұл мақсат іске аспады. Әбілқайыр хан халық бірлігін, оның бола-шақ тірлігінің өзіндік жолын іздеді ...» дейді.

Сонымен қатар Ресей патшалығы қазақ хандықтарын түгел өзіне қарату мақсатында бұл өлкеге бірнеше экспедиция жасақтады. 1734 жылы мамырда қырғыз-қайсақ экспедициясы құрылды. Көп кешікпей оны Орынбор экспедициясы деп атады. Ол экспедицияны сенаттың обер хатшысы И.К. Кириллов басқарды. Ол өлген соң 1737 жылы Н. Татищев келді. Бұл экспедициялардың мақсаты Кіші жүз және Орта жүздегі ықпалды Шыңғыс ұрпақтарының бодандығын нығайту болды. 1740 жылы Орынбор бекінісіне олар қазақтың беделді сұлтандарын шақырып, Ресейге өздерінің бодандығын мойындауды талап етті. Осы жолы орта жүздің біраз сұлтандары Ресей бодандығын қабылдады. Алайда, айта кету керек, бұл жерде бодандық қабылдау туралы құжатқа қол қою рәсімі болған жоқ. Осыған байланысты айта кететін жәйт, қазақ билеуші топтарының бодандық туралы мәселеге өте селқос қарауында. Оған патшалық Ресей империясының қазақ билеуші топтарынан ант алу рәсімін жиі қайталауы себеп болды. Мысалы: Әбілқайырдың өзі үш рет ант берген. Әбілқайырдың 1742 жылы тамыздың 20-жұлдызында берген антының 1731, 1738 жылдардағы антарының мәніндей құны болмаған.

1740 жылы Қытаймен бейбіт бітім жасасқан жоңғарлар 1741 ж. Орта жүз қазақтарының жеріне басып кіреді. Күтпеген соққыны қазақтар қайтара алмай, Кіші жүз жеріне қарай шегінуге мәжбүр болады. Әбілқайыр хан дереу Ресейден әскери көмек сұрайды. Бірақ Ресей империясы көмек көрсетпейді, өз азаматтары (подданныйы) ретінде санап, сыртқы жаудан қорғамайды. Бұл жерде Ресейдің екіжүзді саясаты көрінеді және Орта жүздің Ресей протекторатын қабылдауы жай ғана сөз жүзінде қалып, ешқандай саяси мағынасы болмаған деп айтуға болады. Ресей империясы қазақ хандығының күшеюін немесе біртұтас болғанын қаламады. Себебі, ондай мемлекетті бағындыру қиын болатынын түсінді. Сондықтан Ресей қазақ билеушілерін бір-біріне айдап салу және түрлі сыйлықтар мен атақтар таратып өз мақсаттарына пайдалану, қазақ жерін Ресей империясының отарына айналдыру саясатын ұстанды. Ресей Әбілқайыр ханды патша үкіметіне түгелдей тәуелді ету үшін оның ұлы Қожахметті аманатта ұстады. Тарихшы С. Асфендияровтың пікірі бойынша патшалық үкімет Қазақстанға достық және бодандық туын желеу етіп, жыртқыштық, тонаушылық саясатты ұстанды.

Патша үкіметінің Кіші жүздегі өз ықпалын күшейтуге бағытталған шаралары Әбілқайыр ханды қарсылыққа мәжбүрледі. 1744 жылы ол қарақалпақтарды шауып, Астраханнан Хиуа мен Бұқараға тауар алып бара жатқан көпестерді тонайды, 1746 ж. Ресей қарамағындағы

қалмақтарға, сосын орыс шекараларына шабуыл жасайды. Жоңғар хандығы әлсіреген кезеңде қазақ жеріне орыстар билігінің таралуына орай бұл мәселелер Әбілқайырдың Орынбор әкімшілерімен жиі өткізілген қиын келіссөздердің нысанасына айналып, егес, күтпеген түсініспеушіліктер туғызды. Осы жағдай Әбілқайыр ханның Ресей жағына қатысты бұрынғы адал және ізгі ниетті көзқарасының салқындауына себеп болды. Әбілқайыр ханның Ресей билеушілеріне қарсылық көрсеткені төмендегіден көрінеді. 1748 жылы Әбілқайыр ханды Орта жүздің Барақ сұлтаны өлтіргенде Ресей империясының шенеуніктері былай деп жазған: «Әбілқайыр хан қаншалық қиянат жасаса да, басқаларға қарағанда бірінші болып императордың ұлы мәртебесінің қол астына кірген еді».

Осы жылы патша үкіметі Кіші жүздің хандығына Әбілқайырдың баласы Нұралыны бекітті және ол Петербордан Орынборға әкелген сыйлықтарға ие болды. Патша Анна Иоанновнаның атынан келген тартулар, атап айтқанда, «татар және орыс тілдерінде жазулары бар қылыш, бұлғын тон, қара түлкілі екі бөрік, мәуіті тон ...», – дей келе, сонымен бірге қасындағы інілеріне, анасына, старшын, би, т.б. сыйлықтарға «жалпы 3000 руб.-ден де көп қаржы жұмсалды ...», – дейді В. Витебский «Неплюев және 1758 жылға дейінгі бұрынғы құрамдағы Орынбор өлкесі» деген еңбегінде. Ресей мемлекетінің бұл ісі қазақ мемлекетінің ішкі саясатына араласуға жағдай жасау, яғни мемлекетті бостандығынан, тәуелсіздігінен айыруға жол бастау еді. Бұл жерде Ресей империясының дипломатиялық корпусы үлкен рөл атқарды. Мысалы: Бекович-Черкасский, Тевкелев тәрізді басқа ұлт өкілдерінің қазақ жеріндегі әскери-зерттеу миссиясы Ресейдің қазақ жеріне ендеп кіруіне мүмкіндік туғызды.

XVIII ғасырдың 30-40 жылдары-ақ Кіші жүз және Орта жүз қазақтарының Ресей протекторатын қабылдағанына қарамастан, олардың бағынуы нақты болмады. Себебі, қазақ билеушілері бұл кезде жоңғар жаулаушыларымен қырғи-қабақ соғыста еді. Оның үстіне Қазақстан шекарасында күшті Цин империясының пайда болуы күрделі саяси жағдайдың тууына және қазақтардың Ресей ықпалынан шығып кету қаупіне әкеліп соқты. Жоңғар басқыншыларының қазақ жеріне әлсін-әлсін шабуылын Ресей үкіметі тиімді пайдалануға тырысты. Осыған орай Қазақстанның осы аймақтарын Ресей бодандығында ұстау шекаралық өкімет орындарының негізгі міндетіне айналды. Ресей әскери күштері Қазақстанмен шекара аймақтарында бекіністер салуды үдетті. Ресей империясы XVIII ғасырдың 30-40 жылдары Қазақстанның солтүстік-батыс шекарасында Верхнеяицкіден Звериноголов бекінісіне

дейін созылып жатқан Үй бекініс-шебін салды. Оның ұзындығы 770 шақырым болды. 1752 жылдың жазында генерал С.В. Киндерманның басшылығымен 11 бекіністен тұратын Новоишим бекіністі шебін салу басталды. Оның жалпы ұзындығы 662 шақырым болды. Осы бекіністі шептің ең бастысы Есілдегі Петропавл болды. Бекіністі шептің басты мақсаты Үй және Ертіс шептерін жалғастыру болатын. Осы шептердің салыну салдарынан қазақтардан ені 50 шақырымнан 200 шақырымға дейін жететін жер көлемі алынды. Ресейдің Қазақстан территориясына экспанциясы нәтижесінде 1752 жылдан бастап Ертістің жоғарғы ағысындағы Үлбі, Бұқтырма және Нарын бойындағы жерлердің Ресейге қосылғаны туралы ресми түрде жарияланды.

Ресей империясы қазақ жерін отарлау саясатын барған сайын күшейтті. Шекаралық өкімет билеушісі И.И. Неплюевтің «бөліп ал да билей бер» принципіне негізделген идеялары мен жоспарлары қолданысқа кірді. Қазақ руларының Жайыққа, Жайық қалашығы мен бекіністерге жақын жерлерде көшіп жүруіне тыйым салу туралы 1742 жылы 19 қазанда жарлық шықты. Кейін ол 1756 жылы толықтырылып, түгел Жайық пен Еділ арасында қазақтарға көшіп-қонуға тыйым салынды.

1760 жылы Өскемен бекінісінен Телец көліне дейін бекіністер салына бастады. 1761 жылы Өскеменнен Зайсанға дейін Бұқтырма шебінің бекіністері пайда болды. Осы алынған жерлерді шаруашылықпен игерген кезде ғана бекітіп алуға болатынын түсінген шекаралық өкімет орындары бұл аудандарға ел қоныстандыруға белсене күш-жігер жұмсады. XVIII ғасырдың 60-жылдарында-ақ Алтайға Тобыл губерниясынан 2 мың шаруа мен әртектілер көшіріліп әкелінді. Сонымен бірге шекаралық өкімет органдары қазақтарды шекаралық аудандардан ығыстырып тастау жөнінде шаралар қолданды. 1755 жылы Сыртқы істер алқасы Сібірдің өкімет орындарына қазақтар “бұлайша еркін өту олардың дағдысына айналмау үшін Ертістің оң жағына өткізілмесін” деген нұсқау берді. 1764 жылы қазақтардың Ертіске 10 шақырымнан және орыс бекіністерінен 30 шақырымнан жақын жерде көшіп жүруіне мүлде тыйым салынды. Осылай 1730-1740 жж. Кіші және Орта жүз билеуші топтарының Ресей бодандығын қабылдауы нәтижесінде солтүстік-батыс Қазақстан жері Ресей империясының отарына айналды.

1742 жылы 20 тамызда Ор қаласында Ресей, жоңғар және қарақалпақ, қазақтардың Кіші, Орта және Ұлы жүздің өкілдері қатысқан келіссөз жүргізілді. Онда Ресей өкілі қазақ пен жоңғар арасындағы қақтығысқа байланысты уәж айтпақшы болды. Бірақ жоңғарлар оны тыңдаған жоқ. Олар орыс қамал-бекіністеріне, қазақ қоныстарына

жақын жерде 20 мың әскер ұстап, қазақты мазалауын қоймады. Ендігі жерде қазақтарға өз күшіне ғана сенуіне тура келді. Осы идеяны орнықтыруға *Абылай хан* зор күш жұмсады.

1711 жылы дүниеге келген Абылай Уәлиұлының бастапқы есімі Әбілмансұр болды. Ол жастай жетім қалды. 1730 жылы жоңғарлармен шайқаста көзге түсті. Абылай хан – Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы. Шежіре деректері бойынша Шыңғыс хан – Жошы хан – оның төртінші ұлы Тоқай-Темір – Өз Темір – Қожа – Бадақ ұлан – Орыс хан – Құйыршық хан – Барақ хан – Өз Жәнібек – Жәдік – Шығай хан – Ер Есім хан – Жәңгір хан – Уәли сұлтан – Қанішер Абылай сұлтан – Көркем Уәли – Абылай (Әбілмансұр) хан болып таратылады (Әбілғазы баһадүр дерегі бойынша).

Жоңғарияның ханы Қалдан Серен 1745 жылы өліп, оның мұрагерлері таққа таласты. Осы кезде оған Цинь империясы тиісе бастайды. Абылай осы сәтті пайдаланды. Ол Сыр бойындағы қалаларды азат етуге кірісті. Ол бұл жорықта қазақ әскерлерін үш топқа бөлді. Оның бірінші тобын Қанжығалы Бөгенбай мен Үмбетей жырау басқарды. Бөгенбай басқарған 10 мың әскер Түркістанның солтүстік жағына, Созақ бекінісіне барып тиісуге тиіс еді.

Екінші қолды Жәнібек батыр басқарды. Оған Тәтіқара жырау қосылды. Олар Сырдың төменгі ағасына қарай кетті.

Үшінші негізгі қолды Абылайдың өзі басқарды. Жорыққа қатысушылар Шиелі, Жаңақорған бойымен Түркістанның күнбатыс жағына қарай жылжыды. Бұл топта Қабанбай, Баян, Сырымбет, Малайсары, Жанұзақ болды.

Жоңғар әскерін басқарған Қалдан Сереннің органшы ұлы Цевен Доржи де өз әскерін үшке бөлді. Ол өзінің басты күшін Абылайға қарай бағыттады. Оның қару-мылтығы, түйе үстіне орнатқан 15 зеңбірегі бар еді. Қазақ жасақтары сойыл, шоқпар, садақпен қаруланды.

Цевен Доржи өзінің ауыр қолымен Абылай әскерлерінен бұрын келіп, Жаңақорғанға бекініп алды. Абылай Жаңақорған бекінісін алуды Қабанбайға тапсырды. Сырымбетті оң жақ қанатқа, Баянды әскердің сол жақ қанатына қойды. Олардың сыртынан үш мың қолы бар Малайсары, Оразымбет батырлардың әскерін топтастырды.

Бұл соғыс екі айға созылды. Қазақ әскерлері Жаңақорғанды, Шымкентті жаудан тазартты. Түркістанға дейін жетті. Бөгенбай басқарған әскерлер Созақ пен Сайрамды босатты. Батыр Баян Талас өзеніне дейін барды. Жәнібек батырдың әскерлері қарақалпақ жерін босатып, қалмақтарды Сырдың жоғарғы сағасына шегіндірді. Амалы таусылған Цевен Доржи Абылайдан бітім сұрауға мәжбүр болды.

Келісім бойынша Созақ, Сайрам, Манкент, Шымкент қалалары Әбілмәмбеттің қарамағына өтті. Түркістан туралы мәселе кейінірек шешілетін болды. Абылай бұл жолғы жеңістерін жоңғар хандығының күйреуінің бастамасы деп есептеді. 1745 жылғы соғыс осымен бітті.

Қазақ жерін қалмақтардан толық тазарту мақсатымен Абылай бастаған қазақ жасақтары 1750 жылы жауға жоңғар қақпасы маңында ондырмай соққы берді. 1755 жылы жоңғарлар бірнеше ұсақ иеліктерге бөлініп кетті. Осыдан кейін 1758 жылы Жоңғар мемлекеті құлады.

1758 ж. Цинь қытайлары Шығыс Түркістандағы қазіргі Синь-Цзянь жерін басып алды. Цинь империясының батыс шекарасы қазақ жерімен шектесті. Қытайлар дүркін-дүркін шабуыл жасап қазақтарға тыным бермеді. Абылай келісімге келу туралы Пекинге адамдар жіберді. Сөйтіп, Қытаймен сауда, экономикалық қатынас орнату жолдарын іздестірді. Ол Ресеймен де қарым-қатынас орнатты. “Абылай ыңғайына қарай біресе орыс үкіметіне, біресе Қытай үкіметіне бағыныштымыз деп жүрді, – деп жазады орыс тарихшысы А. Левшин. – Ал шын мәнінде бұлардың ешқайсысына да бағынбайды, өзінше саясат жүргізеді”. Абылай Қытай императорына да, орыс патшасына да бағынбай А. Н. Левшин айтқандай, «өзінше билік, саясат жүргізді». «Басқа қазақ хандарының бірде-бірі тап Абылайдай шексіз билік құрып көрген емес» деген Шоқанның анықтамасы өте дәл.

XVIII ғасырдың орта шенінде Абылай шығыспен де, батыспен де сауда-саттық жүргізу ісіне назар аударды. 1762-1764 жылдар арасында, – дейді А. Левшин, – қазақ даласында айырбас сауда орындары көбейді. Бұрын айырбас сауда тек Орынборда ғана жүргізілетін болса, енді Троицкіде, Семейде, Қызылжарда жүргізілетін болды. Мұның соңғысы Абылайдың орыс өкіметінен сұрауы бойынша ашылды. Қазіргі Семей облысы Абай ауданының батысынан басталып, Шыңғыс тауына бөктерлеп, Ертіс өзенінің сол жағын бойлай шығысқа, Қытайға қарай сауда жолы салынды. Халық оны «Абылай жолы» деп атады. Міне, осылай экономикалық байланыс арқылы саяси қарама-қайшылықтар тоңы жібі түсті. Осы тұста орыс-шығыс саясатын іске асырушылардың бірі Қазанның мырзасы, шоқынды Кутлу Мухаммед (А.И. Тевкелев) Абылай ханды қазақ елінің «ең қу, ең ықпалды билеушісі» деп мойындады. «Ақылды әрі амал тапқыш Абылай сұлтан Жоңғар билеп-төстеушілерінің алауыздығын құр жібермей, пайдалана білді. Мұның ел тыныштығын сақтау үшін, барлық қазақ жүзінің сыртқы қауіпсіздігі үшін, ежелгі жауын бытыратып, күшін әлсірету үшін соншалықты аса қажет екендігін түсінді», – деп әділ пайымдады. Басқаша айтқанда, Абылай өз заманының тынысын да, ағысын да, даму барысын да те-

рең түсінген қайраткер болды. Алайда Абылай хан тарихтан ұзақ уақыт өз орнын ала алмай келді. Оның себебі де жоқ емес. Кеңес дәуірінде идеологияландырған тарих ғылымы хан тұқымынан шыққан, құба қалмақтарға ұлт-азаттық күресті ұйымдастырған Абылайды, тіпті батырлар санатынан шығарып тастады. Біздің отандық тарихнамаға Абылайдың Ресей мен Қытайдың ортасында өз алдына тәуелсіз саясат жүргізген қайраткерлігі ұнай қоймады, ол орыс-қазақ қарым-қатынасына көлеңке түсіретіндей көрінді. Орыс мемлекетіне бодан болған Әбілқайыр ұлттық батыр саналды да, ал тәуелсіз Абылай «екі жүзді» болып көрсетілді.

Алайда, халық эпосы, жырлар, коссалар, мақал-мәтелдер басқа да ауыз әдебиетінің көптеген үлгілері Абылай хақындағы тарихи шындықты көрсетеді. Солардың көпшілігінде Абылай тұлғасы айтулы хан, даңқты қолбасшы, халқымыздың қорғаны, панасы, көсемі болып сипатталған.

Тәуелсіз мемлекет құру, қазақ халқын егеменді ел ету – Абылай өмірінің түп қазығы. Қазақ тарихындағы Абылай құрған қазақ хандығы мемлекеттік дәрежеге көтерілмеді деу империялық ой өлшемінің көрінісі болса керек.

Абылайдың ғылымдағы осы бір тағдырының астары империялық дәстүрде жатыр. Жаңаша ойлау, толғану заманасы Абылайдай бабаны өз халқына қайтарды, тарих төрінен орын берілді. Сонымен, Абылай ұлттық сананы оята алатын, ұлттық туды көтере алатын, ұлттық мүддені жоқтай алатын, ұлттық мақсатты асқар шыңға көтеріп, халықтың бірлігі мен тірлігін қорғай алатын қайраткер болып ерте қалыптасты. Соның нәтижесінде ол сұлтан күнінде бүкіл қазақтың ханы дәрежесіне көтерілді.

Мұрағат материалдары мен халықтың ауыз әдебиеті деректеріне қарағанда, Абылай ақылды, шебер ұйымдастырушы, батыл қолбасшы, іскер дипломат, әрі амал-айласы мол кісі болған. Абылай ықпалы сол кездің өзінде-ақ орта жүзге емес, бүкіл қазақ еліне жүрген. Сөйтіп ол қазақ елінен тысқары тұрған көршілес үлкен империяларға да танылған. Абылаймен Ресей патша үкіметі де, Маньчжур-Қытай империялары да санасып, қазақ елімен қарым-қатынас жасауды көбінесе Абылай арқылы жүргізіп отырған. Бұл жөнінде Ш. Уәлиханов былай деп жазады: “Орыс үкіметі көбіне Абылаймен және оның інісі Сұлтан бекпен байланыс жасады. Өйткені қазақ еліне жіберілген орыстардың айтуына қарағанда, қазақтардың жайын жақсы білетін А.И. Тевкелев Абылай сұлтанды «қазақ билеушілерінің ішіндегі ең айлакері және беделдісі» дейді. Сонымен қатар А.Н. Левшин: «Абылай тәжірибесі, ақыл-айласы

жағынан болсын, өзінің Ресей патшалығымен, Қытайдың Боғды ханымен жүргізілген тапқыр, шебер қатынастары жағынан болсын, өз тұсындағылардың бәрінен де басым еді. Ол ұстамды, досына мейлінше мейірімді болса, жауына соншалықты қатал, қаһарлы кісі еді. Сондықтан да жұртты өзіне тарта, ерте білетін еді», – деп жазды. Осы ақылдылығы арқасында Абылай өзінің де, өзгенің де, яғни қазақ халқының да, көрші елдерінің де хал-жайын, күш-қуатын дәл бағдарлап, дұрыс аңғарады. Соған қарап, өзінің ішкі-сыртқы саясатын белгілейді.

1771 жылы Әбілмәмбет хан дүние салуына байланысты дәстүр бойынша оның балаларының бірі хан сайлануы тиісті еді. Алайда үш жүздің өкілдері жиналып, Түркістанда Ахмет Яссауи мешітінде Абылайды ақ киізге салып, ақ боз ат сойып, хан етіп көтереді. Өз халқының қолдауына сүйенген Абылай хан өзін Ресей үкіметінің хан етіп бекітуін қажетсінген жоқ және де сый-сияпатын алудан бас тартты. Қазақтар арасындағы беделді тұлғаның өз жағында болуын қалаған патша үкіметі араға жеті жыл салып барып, 1778 жылы Абылайды хан деген атаққа ие деп жариялады. Орыс тарихшысы Левшиннің айтуына қарағанда, орыс патша үкіметі Абылайды хан деп таныған. 1778 жылы 22 қазанда Ресей патшасының Абылайды хандыққа бекіткен куәлік хаты, оған қоса ханға арналған тон, тәжі және әскери қылыш дайындалады. Сонымен бірге Абылайды бұл заттарды Орынборға келіп алуға және Орынбор, Троицк яки Сібір шекара шебіне келіп, Ресейге ант беруге шақырады. Абылай бұл ұсыныстан бас тартады “Мені үш жүздің ханы етіп халқым сайлады, ендеше бұған қоса айрықша куәлік алудың қажеті жоқ”, – деп дайындалған куәлік пен шен-шекпендерді алмады. Бұдан соң орыс патша үкіметі Абылайдың бұларды өз арасында қарсы алып, Ресей елшісінің алдында ант беруін ұсыныс етеді. Абылай бұл ұсынысқа да тойтарыс береді.

Бұл жөнінде Ш. Уәлиханов былай дейді: Абылай орыс шекарасына барып, ант бергісі келмеді. Сөйтіп, ол өзін халық қалап, баяғыда-ақ бұл дәрежеге лайықтап қойғанын, көктің ұлының және өкіметтің қағазы барын желеу етті... Абылай пікірінше, Қытайлар хан билігі үшін ешқашан қатерлі емес, ал орыс үкіметі болса, жергілікті билікке ең күшті бәсекелес.

1781 жылы өз халқының жарқын болашағы үшін, бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен Абылай хан жетпіс жасында қайтыс болады, сүйегі Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи мазарына жерленеді.

Алайда кейбір деректерде Абылайдың қайтыс болуы 1780 жыл деп айтылады. Біздіңше 1781 жыл шындыққа саяды. Оған дәлел,

Абылайдың үлкен ұлы Уәли сұлтанның 1781 жылдың 23 тамызында әйел патша II Екатеринаға жазған өтініш хатынан көрінеді. Сол хатында Уәли әкесі Абылайдың дүниеден өткенін хабарлаған. Егер Абылай хан шынында 1780 жылы қайтыс болса, онда жыл бойы оны патша ағзамға хабарламағаны болады ғой, әрине ол мүмкін емес.

«1781 жылы Абылай хан қайтыс болған соң, орыс патша үкіметі Абылайдың баласы Уәли сұлтанды Орта жүздің ханы деп таниды» деп жазады Н. Мыңжан. Өзінің ақ туы астына исі қазақтың басын біріктіріп, елі мен жерінің тұтастығы үшін қандай да бір күрестен беті қайтпаған халқының ынтымағы мен ырысын көздеп, елдік пен ерлікке, еркіндік пен егемендікке үндеген хан Абылайдың алып тұлға екендігінде ешбір дау жоқ.

Абылай хан елдің ауыз бірлігін сақтап, халқымыздың басын қосуда, қазақ жерін шапқыншылардан қорғап қалуда, Ресей мен Қытай мемлекеттерімен достық қарым-қатынас орнату арқылы қазақ хандығының тәуелсіздігі мен елдігін сақтауда аса зор қызмет атқарды. Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналып, аңыз-әңгіме, жыр-дастандардың негізгі кейіпкері болды.

Абылай хан қайтыс болғаннан кейін Қазақ хандығы бытырап, әр жүзде жеке хандар сайланып, бұл хандар Абылай хан ұрпағы Уәли ханға бағынуға ниет білдірмеді.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. «Қазақ» этнониміне анықтама беріңіз.*
- 2. Қазақ халқының қалыптасуына әсер еткен факторларға сараптама жасаңыздар.*
- 3. Қазақ хандығы территориясының өсуіне ықпал еткен жағдайларға сипаттама беріңіздер.*
- 4. Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысының басқа түркі мемлекеттерінен өзгешіліктері болды ма? Болса атап көрсетіңіздер.*

2. XVI-XX ғасырлардағы Өзбек хандығы

Орта Азияға көшпелі өзбектердің шабуыл жасауы қарсаңындағы Темір мемлекеті. Барлас тайпасынан шыққан Темір 1336 жылы Самарқан маңында Кеш қаласында туылған. Әкесі Торғай Барлас тайпасының бейі болған. Темір билік басына өткен жылдары Барластар тәуелді болған Шағатай хандығы ішкі тартыстардың әсерімен әлсіреген еді. Осы кезде мемлекет тізгіні әміршілердің қолына тиді. 1360 жылдан бастап ауызға алына бастаған Темір алдымен Әмір

Хусейнмен 1370 жылдан бастап жеке өзі Мәуереннахрде билік құрды. Осы кезеңде болған бір соғыста жараланып, аяғының мүкіс болып қалуы себепті тарих беттерінде Ақсақ Темір деп аталады.

Темір Шыңғыс ұрпағы болмағаны үшін әмір лауазымын қолданады. Билігін заңдастыру үшін де билік басына өзіне тәуелді бір қуыршақ хан қойып, кейінірек «күреген» Шыңғыс әулетіне күйеу болды. Тарихтың ең үлкен жиһангерлерінің бірі болған Темір 1370-1405 жылдары жасаған жорықтар нәтижесінде мемлекеттің территориясын Еділден Ганг өзеніне (Үндістан) Тәңірі тауларынан Шам мен Измирге дейін кеңейтті. Осы жорықтар нәтижесінде Хорезм, Шығыс Түркістан, Иран, Әзербайжан, Үндістан Дели сұлтандығы, Ирак, Сирия, Алтын Орда хандығы, Осман мемлекеті Темірдің билігіне кірді. Темірдің ең атақты жорықтары – 1391-1398 жылдары арасында бұрындары хан болуына көмегі тиген Тоқтамыстың Алтын Орда хандығы, 1398-1399 жылдары Үндістан Дели Сұлтандығы, 1402 жылы Анкара соғысы мен Осман мемлекетіне жасаған жорықтары болып табылады. Бұл жорықтардың ішінде екеуі тарихта ерекше із қалдырған. Олардың бірі: Алтын Орда мемлекетіне жасаған екі ауыр соққының соңында Алтын Орда Мәскеу княздары үшін қауіпсіз болып қалды. Екіншісі Осман мемлекетіне берген соққысы. Бұл соғыста Сұлтан Ыылдырым Баязит тұтқындалып, Анадолыдағы түркі бірлігі ыдырады және Византияның өмірі 50 жылға ұзарды.

Темір Қытайды жаулап алуға бара жатқанда жолда науқастанып қайтыс болды (1405). Темірдің өлімінің артынша-ақ мемлекет бөлшектеніп кетті. Осы кезде немересі Мұхаммед астанасы Самарқанға таққа отырып жатқанда басқа немерелері Пірмұхаммед пен Ескендір Иранда, үшінші ұлы Мираншах Бағдат пен Әзербайжанда, ең кенже ұлы Шахрух болса, Қорасанда мекен етті.

Темір ұрпағы арасында Шахрух Мәуереннахр аймағын өзіне қаратып, орталығын Герат қаласы етіп, өз мемлекетін құрды. Артынша Иран мен Әзербайжанды да өз билігіне алған Шахрух кезеңі (1407-1447) Түркістанда ең жарқын бір мәдени өмірдің бастауы болды. Шахрухтың өліміне байланысты таққа ұлы ғалым және астроном ұлы Ұлықбек отырды. Оның екі жылы тартыстармен өтті және ұлы тарапынан өлтірілгеннен кейін мемлекет ішінде үлкен қақтығыстар пайда болды. Біршама уақыт Мираншахтың немересі Әбусейіт билік тізгінін қолға алып мемлекетті жинақтағанымен, Аққойлық Ұзын Хасаннан жеңіліс табуына орай (1469) Қорасанның батыс жағы түгелдей Аққойлықтардың қолына өтті.

Темірліктерден жалғыз Хусейн Байқара (1469-1506) Қорасанды ұстап қала алды. Астанасы Герат түркі тарихында санаулы мәдени орталықтардың бірі болды. Атақты ақын және ғалым Әлішер Науаи осы жерде өскен. Байқара ұлының билігі тұсында өзбектер Қорасынды жаулап алды. Өзбек әміршісі Шайбани Мұхаммед ханның Гератты қолға түсіруі (1507) Темірліктердің құлауына себепкер болды. Темірліктердің ішінен Бабыр Түркістанда байыз таба алмағандықтан Үндістанға барып (1519) Түркі-Үнді мемлекетін құрды. Темірліктер тек осылайша болмысын сақтай алды. Темір қол жеткізген табыстарынан кейін ғалым және өнерпаздарды Самарқаннан бастап үлкен қалаларда жинаған. Темір кезеңінде Қорасан мен Мәуереннахр тарихының ең жарқын кезеңін бастан өткерді. Әмір Темір ислам дінін түркілерге түрікше үйреткен және осылайша түркілердің тілін, дінін және мәдениетін мәңгілікке қалдырған Қожа Ахмет Ясауидің Түркістан қаласындағы кесенесін салдырып кетті.

Дешті Қыпшақта Әбілхайыр ханның өлімінен соң басталған өзара қырқыстардың тағы да қайталануын Дешті Қыпшақ тайпалары қаламады. Сол себепті олар *Мұхаммед Шайбани* (Әбілхайыр ханның немересі) бейнесінде қырғынға жол бермеуші тұлғаны көрді. Кезінде Шайбани өз әскерімен Мәуереннахр, Моғылыстан, Хорезм билеушілеріне қызмет етіп, олардың көршілеріне және ішкі қарсыластарына қарсы күрескен болатын. Оның мұндай өмір сүруін жазба деректердің авторлары “қазақилық”, яғни “өз халқынан және қауымынан ажырап кеткен адамдар, тақ үшін күресте жеңілсе де, бірақ өз құқынан бас тартпайтын және өз жақтастарына басшылық етіп, дұшпанымен оңтайлы сәт келгенде күресетін әулет өкілі” деп айтқан болатын. Шайбани көшпелі *Өзбектер мемлекетін* аяққа тұрғызу үшін көп күресті, Дешті Қыпшақ тайпалары көптен бері отырықшы өмір тәрзін армандаушы еді. Олар жерлері құнарлы, қолөнері дамыған жерлерді басып алу отырықшылыққа өтуге мүмкіндік беретінін жақсы білді. Осы себептер Шайбани ханның билігінің күшеюіне жәрдем берді. Шайбаниды қолдамайтын тайпалар оларды біртіндеп оңтүстікке қарай ығыстырды. Шайбани, ең алдымен 1480 жылы қазақ ханы Бұрындыққа соққы берді, 1487-1488 жылдар аралығында Отырар, Яссы, Сығанақ, Шахрисабз, Түркістан қалаларын басып алды. Бұл қорғандар болашақта Мәуереннахрды басып алуда тірек қызметін атқарды. Оның көшпенділердің соғыс өнерімен Орта Азия қалаларының мәдени жаңалықтарын біріктіре алуы соғыстарының сәтті болуына жәрдем берді. 1499 жылда Мәуереннахрға шабуылын бастады, сол жылы соғыссыз Бұхараны, 1500 жылы Темурийлердің

астанасы Самарқанды алды. 1503 жылы Сырдарияның жоғарғы жағына әскер бастаған Шайбани Махмұдхан, Ахмедхан және Бабыр басшылығындағы моғолдар және олардың одақтастары болған қалмақтардың бірлескен күштеріне тап болды. Архиян қаласы маңында болған соғыста оларды тар-мар еткен Шайбани Ташкент, Шахрухия қалаларын басып алды. Бұл қалаларды басқаруға Көшкін сұлтан мен Суюнші қожаны тағайындады. Астанасы – Самарқанд болды. 1504-1507 жылдар аралығында Хорезм, Үргеніш, Хорасан, Балх, Хыратты басып алды. 1508-1509 жылдарда өзбек әскерлері қазақтарға шабуыл жасап, жеңіс солардың жағында болды. 1500-1509 жылдар аралығындағы тоқтаусыз соғыстар нәтижесінде **Шайбанилер мемлекеті** қалыптасты. 1510 жылы Сефевийлер мемлекетінің басшысы, әміршісі Исмаил Сефевийден Мерв жанындағы Мұрғаб өзені жағасында, Тахрирабатта жеңіліс тапты. Иран Сефевийлері Шайбаниді тұтқындап, Шах Исмаил бұйрығымен 1510 жылы 12 желтоқсанда оның басы алынып, терісі сылынып, іші саманмен толтырылып, Сефевийлердің батыстағы дұшпандары болған Османлы әміршісі Баязид II-ге алып барылды. Шайбанидың бас сүйегін Исмаил алтынмен қаптап, мерекелерде шарап құйып ішетін болған. Шайбанидың бассыз денесі Самарқандағы биік Суфаға жерленген. Оның өмірінде атқарған істерін үшке бөліп қарауға болады. Біріншіден, ол алдымен Орта Азияның ішкі күштеріне сүйеніп соғыстар жүргізіп шекарасы Амудариядан өте ұзаққа созылған бір мемлекеттің негізін қалады. Екіншіден, Орта Азия мен Батыс Азиядағы тайпалар соғысы тоқтатылды. Үшіншіден, Сыр мен Амудариялардың арғы жағындағы мұсылмандармен Батыс Азиядағы дін арасында өте жақын болмаса да, бір байланыс бар еді. Темурийлер кезінде байланыс үзілді, ал Сефевийлердің шейтшілікті қолдауымен үзілген байланыс тереңдей түсті. Шайбани көшпелі тайпалармен бұл өңірлердің солтүстігіне болған соғыстары нәтижесінде белгілі бір діни-әлеуметтік өзгеріс таралу уақытына тура келгендіктен, Мәуереннахр жылдам тәуелсіз болып, өте ежелгі замандағы сияқты су территориясы Тұран мен Иран арасында болды. Шайбани өлтірілген соң Хорезм Иран шахы Исмаилдың қол астына өтті және Хорезм “қызылбастылар” билігіне көшті. Хорезмде 1511 жылы ирандық “Қызылбастыларға” қарсы астыртын қарсылық басталды. Кезінде Әбілхайыр ханға қарсы шыққан Хорезмдік өзбек тайпалары осы Дешті Қыпшақта Шайбанилермен жақын өмір сүрген және олармен достық қатынаста болмаған Берке сұлтанның екі ұлын Эльбарсхан мен Бильбарсханды Хиуа тағына жасырын шақырды. Аға-інілер шақыруды қабыл алып Хиуаға келді. Хиуа халқы “қызыл-

бастыларды” құлатып, Эльбарсты хан етіп көтерді. Эльбарсхан тез арада Хорезм жерлерін солтүстік Хорасанның үлкенірек жерлері, Амударияның оң жағалауындағы жерлер және Түркістанның оңтүстігіне дейінгі жерлер есебінен кеңейтті. Осы өңірлерде **Хиуа хандығының** негізі қаланды. Хандықтың астанасы алғашқыда Уәзір қаласы, кейіннен Үргеніш және Хиуа болған. Хиуа хандығына Эльбарс негіз салса да, оның кезінде хандық бірнеше феодал иеліктерге бөлінген болып, оларды басқарып жатқан ханзадалар арасында үздіксіз соғыстар болып тұрды. Әсіресе, бұл соғыстар, 1538 жылы Эльбарсхан өлген соң оның мирасқорлары арасында күшейді. Оның үстіне Хиуа хандығына қарсы Шайбанилерден Убайдуллахан (1538) және Хиуа ханы Аванешті өлтіріп, орнына өз ұлы Абдулазизді отырғызды, бірақ феодалдық соғыстар тоқтамады. Әсіресе, Хиуа тағында Араб Мұхаммед (1602-1643) отырған кезде шырқау шегіне жетті. Қысқасы, XVI ғасырдың 40-жылдарынан бастап Хиуа хандығында өзара күрестер, әсіресе хандықта өзбектер мен түрікмен тайпалары ортасында қайшылықтар, одан басқа айналасындағы қазақтар және қалмақтардың шабуылдары хандықты әлсіретті.

Шайбани өлтірілген соң таққа Көшкінхан (1510-1530), одан кейін Шайбанидің інісі Махмұд Сұлтанның ұлы Убайдуллахан 1533-1540 жылдарда ел басқарды. Ол ел астанасы Самарқандты Бұхараға көшірді. Убайдулла Бұхараға әке мұрасы деп қарайтын себебі Шайбани тірі кезінде Бұхара әкімдігін оның әкесіне берген еді. Осылайша Шайбанилердің Мәуереннахрда қалыптасқан мемлекеті енділікте ресми түрде **Бұхара хандығы** деп аталатын болды. Ол Исмаил Сефевийдің және Қызылбастылардың шабуылдарын тоқтатып, Мәуереннахрды олардың әскери-саяси өзгерістерінен сақтап қалды. Убайдулланың өлімінен соң ішкі қайшылықтар күшейді. Шайбани хан әулетінің әрбірінде 10-12-ден ұл болып, олардың барлығы таққа үміткер еді. Олар әке мұрасы болған территорияларда өз әскерлеріне бас болып, тәуелсіздікке талпынатын, өздерін жоғарғы билеуші деп сезінетін, егер мүмкіндік болса, хандық тағын иемдену ниетінде болды. Убайдулладан соң I Абдулла (1540-1541) қысқа билік еткен соң елде қос билеушілік пайда болды, мемлекет бірнеше тәуелсіз әкімдіктерге бөлініп кетті. Бұхара ресми хандық ретінде **II Абдулла** кезінде 1557 жылы қалыптасты. Ол 1557-1598 жылдары билік құрды. II Абдулла өз алдына бұрынғы, яғни Мұхаммед Шайбани дәуіріндегі Шайбанилер мемлекетінің күдіретін қалпына келтіру мақсатында Ташкент әкімдері, Хисар әмірлері, Самарқанд сұлтандарымен тоқтаусыз соғыс алып барды. Осы қанды соғыстар себепті өлкеде болып өткен

қорқынышты оқиғалар Хафиз Таниш Бухарийдің “Абдуллонома” шығармасында баяндалған. II Абдулла өз билігі кезінде тынымсыз алып барған соғыстар нәтижесінде 1573 жылы Ферғана, 1574 жылда Шахрисабз, Қарши, Хисар, 1578 жылда Самарқанды өзіне қаратқан соң, 1582 жылы Дешті Қыпшақ билеушісі Баракханның үстіне жорық жасап, жеңген соң Шохрухия, Сайрам, Ахангаран қалаларын иеленді. Ең соңында 1595 жылы Хорезмді басып алды. Осылайша II Абдуллахан XVI ғасырдың 90-жылдарының басына дейін бүкіл Орталық Азия жерлерін өз иелігіне қаратты. Ол Бұхараны мемлекеттің астанасы ретінде барынша дамытты. Оның мемлекеті әлеуметтік, әскери және мәдени құдіреті бойынша өз кезеңінің ең күшті мемлекетіне айналды. Сондықтан бірқатар әлем мемлекеттерінің II Абдулла хан мемлекетіне деген көзқарасы мен қызығушылығын арттырды. Соның арқасында ол басқа мемлекеттермен түрлі салаларда байланыс орнатуына мүмкіндік туды. 1558 жылы Москва князы Иван Грозный Антоний Женкинсон басшылығындағы өз елшілерін Бұхараға аттандырды. Өз кезегінде II Абдуллахан да өз елшілерін Иван Грозный және оның ұлы Федорға жіберді. Бұдан басқа ол 1572, 1576 жылдарда өз елшілерін Үндістан патшасы Акбаршах сарайына аттандырды және Акбаршахты Иран шахы Аббасқа қарсы бірге күресуге тартуға әрекет жасады. Акбаршах та өз сыйлықтарын беріп жіберді. Бірақ II Абдулла ханның соңғы жылдары Бұхара үшін ауыр болды. Қазақ ханы Тәуекел хан Мәскеу патшасы Федор Иванович вассалдығына өтіп, оның көмегімен II Абдуллаханға қарсы соғыс бастап, тез арада Ташкент, Түркістан, Самарқанд және Андижан қалаларын иеленді. 1598 жылы өз ұлы Абдумомынның II Абдулла ханды өлтіруі Шайбанилер мемлекетінің құлдырауын тездетті. 1601 жылдан бастап 150 жылдан артық билеген **Аштраханидтер династиясы** кезеңі басталды. Аштраханидтер (1601-1757) Жошыхан ұрпағынан болып, XIV ғасырдың 80-жылдарынан бастап Астрахань (Қажытархан) және оның айналасындағы халықтар мен жерлерге билік жүргізген. 1556 жылы Астраханьды Ресей басып алған соң, аштраханидтерден Жармұхаммедхан, балалары және туыстарымен Искандерхан (1561-1583) билігі жылдарында Бұхараға келді. Тарихи мағлұматарға қарағанда, Искандерхан Жармұхаммедті және оның серіктерін іззет-құрметпен күтіп алып, қызы Зухра ханымды оның ұлы Жәнібек сұлтанға берген. Жәнібек сұлтан Зухра ханымдан үш ұл (Дінмұхаммед, Бақи Мұхаммед, Вали Мұхаммед) көрген. Дінмұхаммед II Абдула хан заманында Ниса және Абивардтың әкімі болған. Абдумомын өлтірілген соң әмірлер мен руханийлер нәсілінен

тәж бен таққа ешбір адам табылмаған соң Жәнібек сұлтанды таққа отырғызбақшы болды. Алайда үлкен ұлы Дінмұхаммед атына хутба оқылды. Бірақ ол Хырат жақынында сефевийлермен болған соғыста қаза тапқандықтан, таққа Жәнібек сұлтанның ортанша ұлы Бақи Мұхаммед отырды. Осылайша Бұхара хандығы аштраханидтер династиясына өтті. Олардың билігі кезінде елде феодалдық бытыраңқылық тәж-тақ үшін күрес күшейді. Дешті Қыпшақ көшпенділері, Хорезм хандары Мәуереннахрға тез-тез шабуыл жасап, тіпті Бұхара мен Самарқанд маңдарын талан-тараж етті. Иран және Үндістан билеушілері Мәуереннахрдың ішкі істеріне араласып отырды. Феодалдық бытыраңқылық II Убайдулла (1702-1711) заманында тереңдей түсті. Махбудий аталық (қатаған тайпасы басшыларының бірі) 1706 жылы Балхтағы билікті түгелдей қолына алды. Самарқанд және Хисарда жүз тайпасы, Шахрисабз бен Насафта кенагас және маңғыт тайпалары орталық билікке қарсы көтеріліс бастады. Самарқандта болса найман және сарай тайпалары ортасында көптен бері жалғасып келе жатқан қарама-қайшылықтар ашық қақтығысқа алып келді. Бұхарада феодалдық қатігездікке қарсы көтерілістер басталды. II Убайдуллахан феодалдық бытыраңқылыққа тосқауыл қою мақсатында бірқатар шаралар қолданды: тайпа басшыларының белгілі бөлігін орталық биліктен шеттетті, рухани феодалдарға салық та салмақшы, ақша реформаларын жүргізбекші болды. Бірақ бұл реформалар ішкі қарама-қайшылықтарды күшейтіп жіберді. Әмірлер мен руханилер ханға қастық ұйымдастырып, соңында 1711 жылы II Убайдуллахан бір топ сарай қастандықшыларынан қаза тапты. Оның орнына таққа отырған Абулфайзхан (1711-1747) сөз жүзінде хан болып, билік бір топ әмірлер қолында болды. Бұхара хандығындағы әлеуметтік саяси ахуалды пайдаланған *Иран билеушісі Надиршах* 1740 жылдың көктемінде Балхты иеленді және сол жылдың күзінде үлкен әскермен Амудариядан өтіп, Бұхараны бағындырды. Мұхаммед Рахым (маңғыт тайпасы басшыларынан) ирандықтармен тіл біріктірді. Содан кейін Абулфайзхан дұшпан алдында тізерлеуге мәжбүр болды. Бұхара Надиршахтың өліміне дейін Иранға тәуелді болды. 1747 жылы Абулфайзхан бір топ адамның жааған қастандығынан өлді. Мұхаммед Рахым оның 9 жасар ұлы Абдумомынды таққа отырғызды, арадан бір жыл өткен соң ол да өлтірілді. Хан болып көтерілген III Убайдулла (Абулфайзханның кенже ұлы) сөз жүзінде хан болып, мемлекет жұмыстары Мұхаммед Рахымның қолында болды. Мұхаммед Рахым 1753 жылы өзін Бұхара әмірі деп жариялады. Сол уақыттан бастап Бұхара хандығы Бұхара әмірлігі деп атала бастады. Әмірлікте билік

1920 жылға дейін маңғыттар қолында болды. Мұхаммед Рахым өлген соң маңғыттардың орталық билігіне қарсы көтерілістер болды. Әмір Маъсум (бейкүнә әмір) деп ат алған *Шахмұрад (1785-1800)* бытыраңқылыққа қарсы күресті жалғастырды. Әмір Шахмұрад басқару тәртібін өзгертіп, сарай уәзірлерінің құрамын өзгерту шараларына кірісті. Әмір ірі екі мемлекет қайраткері – Мемлекет құсбегі мен Низамиддин Қазықаланды сарай, әскер және басқа салалардағы уәзірлер алдында өз қолымен өлтірді. Салықтарды тәртіпке келтірді, Бұхара халқына тархан жарлығын тапсырды. Оған сәйкес халық сауда табыстарынан баж төлеуден, қолөнершілер ақша жинаудан мәжбүлі еңбек және салықтардан босатылды. Сондай-ақ, хираж, никаһ ақшасы, таразы хақы және басқалардың көлемі азайтылды. Шахмұрад кезеңінде мемлекетті біраз қалпына келтіргенмен өзара соғыстар тоқтамады. Батыс шекараларға Хиуа хандығы шабуылдап, егіндік жерлер мен бауларды таптап, адамдар мен малдарды айдап кететін еді. Бұхара хандығындағы ішкі күрестер, орталық биліктің әлсіреуі себепті XVIII ғасыр басында екіге бөлініп кетті. Аштраханидтер үкіметінің әлсіреуінен Ферғананың солтүстігінде қалыптасқан жоңғарлар мемлекеті тез-тез бастырып кіретін. Мұндай ахуал Ферғанадағы ішкі күштердің бірігуіне, тәуелсіз мемлекет құруға ұмтылысын күшейтті. Чуст жақынындағы Чадак ауылында өмір сүруші дін иелерінің мәртебесі XVIII ғасырдың басында Ферғанада күшейіп, билікті қолға алуға ұмтылды. Бірақ олардың билігі басқа тайпалар тарапынан мойындалмады. Бір топ әскери басқарушылар Риштанда көтеріліс бастап, Ферғана әкімі Қожа Амирқұлды өлтірді. 1710 жылда Қоқан айналасында өмір сүретін өзбек тайпаларынан – *минглар өз жетекшісі Шахрухбийді* билікке көтерді. Осылайша, Қоқан хандығы қалыптасты, өзара ішкі күрестер батпағына батқан Бұхара ханы Убайдуллахан өзіне қарайтын аймақтың ажырап кетіп, бөлек мемлекет құруына қарсыласа алмады. Қоқан хандығында минг тайпасы әулеті 1875 жылға дейін билік жүргізді. Қоқан қаласы шетінде орналасқан Тепеқорған Қоқан ханы Шахрухбийдің мекеніне айналды. Тепеқорғанда мықты қорған, базар және халық тұратын махаллалар құрылды. Қоқан хандары Ферғананы, Хожент, Оратепені біріктірген соң Қоқан хандығының тәуелсіздігі XVIII ғасырларда Бұхара мемлекеті тарапынан мойындалды. XVIII ғасыр соңында Қоқан хандары Ташкентті бағындыруды бастады. 1784 жылы Жүнісқожа Ташкентті Бұхара тәуелділігінен шығарып, тәуелсіз саясат жүргізетін. Ташкент Бектігі өзіне тән басқаруға ие еді. Жүнісқожаның төрт кеңесшісі болған қаланы бақылау және салық жинау Басшықожаның қолында болып, сауданы қазы және

дуанбегі бақылаған. Шарифат ережелері бойынша баға, өлшемдер үстінен Реис лауазымындағы адамдар қадағалаған. Жүнісқожа XVIII ғасыр соңында қазақ жүздерінің шабуылын тоқтатып, Сайрам, Шымкент, Түркістан, Құрама, Қарабұлақ қалаларын Ташкент бектігіне қаратты. Ташкент бектігінің мәртебесінің артуы Қоқан хандарына ұнамады. 1799 жылы Қоқан ханы Нарботабий Ташкентке жорық жасағанымен Шыршық бойындағы соғыста жеңіліс тапты. Жүнісқожа дүниеден өткен соң Қоқан ханы Алымхан әскерімен 1809 жылы Ташкентті және оған қарайтын территорияларды Қоқан хандығына бағындырды. Осылайша әлем сахнасына кезінде Темір іргетасын қалаған мемлекет XVIII ғасыр соңы мен XIX ғасыр басында үш өзбек хандығына бөлініп кетті.

Өзбек хандығының құлдырау себептері. Ғасырлар бойы біртұтас болып келген мемлекеттің бір әлеуметтік, мәдени территорияда өмір сүріп келген халықтың үшке айырылуы, хандықтар арасындағы соғыстар, бір хандық ішіндегі бытыраңқылық, билік үшін күрестің әсері қатты болды. Мемлекет дәрежесінде де, облыс дәрежесінде де бір халық, бір Отан түсінігінің қадірін ұқпады. Адамдарды, Түркістанды, халықты біріктіре алатын жетік қолбасшы табылмады. Өндірістің тек қана күнделікті қажеттіліктер үшін ғана болуы экономиканың өсуіне түрткі бола алмады. Хандар және сарай қызметшілері өндіруші күштер дамуына кедергі болатын өндіріс тәсілін қорғайтын еді. Негізгі байлық болған жерге иелік етудің ескі тәсілі бірнеше ғасырлар бойы өзгеріссіз келді. Хан – жер иесі болып, жер жұмысшы-диқандарға жалға берілетін. Диқан жер иесі емес, жерден алынған өнімнің иесі еді. Диқан жер иесі болмағандықтан, жерге бейжай, салғырт қарайтын, құнарлылығын арттыруға тырыспайтын еді. Ирригация құрылысы дұрыс бақыланбағандықтан, суарылатын жер көлемі қысқарған еді. Өндіріс салалары дамытылмады, алтын күкірт, түсті метал, таскөмір, мұнайға толы болған кендер болса да, оларды қазып алу, тау-кен жұмыстарын жолға қоюға дұрыстап мән берілмеді. Өлкеде ірі дариялар болса да, оларда балықшылық, кеме жасауды жолға қою ешкімнің ешкімнің ойына да келмеді. Тауар-ақша қатынастары дамымады, алтын-күміс хан және уәзірлердің қазынасына жиналатын, капиталға айналмайтын. Орта Азияға көз алартып, олардың хандықтары туралы мәлімет жинаушылар да табылды. Бұл жағдай “*Мәскеу сауда-компаниясы*” деп аталатын ұйымның өкілі Антони Женкинсон басшылығындағы елшілердің қызметінен көрінді. Антони Женкинсон, Ричард және Роберт Жонсондармен бірлесіп, 1558 жылдың сәуірінен 1559 жылдың қыркүйегіне дейін Бұхарада болып, II Абдулла хан-

мен болған сұхбаттарында Ресей, Англия, Түркия мемлекеттерінің әскери күші, құрал-жарақтары туралы айтса, Женкинсон және оның серіктерін көбірек Бұхараның әлеуметтік, экономикалық-саяси және халықаралық байланыстары туралы мәлімет қызықтырды. Ресейдің нұсқауы бойынша Сібірде орналасқан орыс әскери бөлімдері XIX ғасырдың 30-жылдарында Қоқан хандығының Сарысу өзені мен Ұлытауда құрылған әскери қорғандарын бұзып, шеберлікпен Қоқанның шығыс бөліктеріне сұқтанып кіруді жалғастырды. Орта Азияны иемдену үшін алғашқыда “қазақ далаларын” бағындыру керек деген І Петрдің өсиетіне сүйенген Ресей империясы қазақ далаларына құрған әскери бекіністері арқылы біртіндеп Хиуа территориясына жақындай бастады. Империя саясатын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарған Орынбор генерал-губернаторы Василий Перовский Хиуа хандығын бағындыруға кірісті. Ол үлкен әскермен 1839 жылы Хиуаға шабуылын бастады. Хиуа ханы Аллақұлихан өзбек, қазақ, түрікмен әскерлерімен орыстарға қарсы шықты, Перовский әскері соққыға ұшырап, артқа шегінді. Ұзақ жылдардан бері қазақтардың тәуелсіздігі үшін күресіп жүрген Кенесары Қасымұлы әрекеті кеңінен таралды, Хиуа оны қолдады.

XIX ғасырдың екінші жартысының басында Түркістан хандықтарын бағындыру мақсатында Ресейдің алып бара жатқан саясаты Ұлыбританияның алысты көздеген жоспарларын қатты қауіп астына салды. Сондықтан Англия әртүрлі жолдармен Орта Азиядағы мемлекеттерді Ресейге қарсы қоюға тырысты. 1831-1833 жылдары Ост-Индия компаниясы лейтенанты Александр Берне Үндістаннан Ауғанстанға, одан Бұхараға саяхатшы ретінде келеді. Бұл саяхат нәтижесінде жиналған фактілер және жеке бақылаулар “Бұхараға саяхат” деп аталатын 3 томдық кітапқа негіз болды. А.Берненің өзбек халықтары туралы айтқан пікірі: “Өзбектер сұхбаттасқанда кішіпейіл және шынайы. Олар менің кім екендігімді білмегендіктен, барлық нәрселер туралы билеушілері және саясаттан бастап, базардағы жағдайға дейін еш тартынбай сөйледі-лер”. Англия өз дипломаттары, саяхатшылары және тыңшыларының көмегімен Бұхара, Хиуа және Қоқан хандықтарын Ресейге қарсы ұйымдасып күш біріктіруге әрекет жасады. Олар осы мақсатта парсы және түркі тілдерін жақсы білетін Конолли, Берне, Арчи, Тодд, Аббот сияқтыларды өзбек хандықтарына аттандырды. Англия мен Түркия бірлесіп Орта Азия мемлекеттерінің әскери бірлестігін қалыптастыруға көп талаптанды. Әсіресе, Қырым соғысында (1853-1856) Англия Орта Азия хандықтарына, Ауғанстан және Иранға өз адамдарын жіберіп, оларды Ресейге қарсы

айдап салуға тырысты. Бірақ Түркия да, Англия да бұл ойларын іске асыра алмады, себебі хандықтар арасындағы қайшылықтар күшейіп, тамыры тереңге кеткен еді. Оның үстіне Ресей дипломатиясы Бұхара, Хиуа, Қоқан хандықтарын бір-біріне айдап салып, өзінің құйтырқы саясатын деңгейлеп жүргізетін еді. Ресей 1846 жылдың күзінде Сырдарияның Арал теңізіне құятын жеріндегі Қазалыны басып алып, 1847 жылда Раим, 1848 жылда Қазалы бекіністерін салды. Бұл жағдай Хиуаны үрейлендірді. Хан өз наразылығын білдіріп, елшілерін Петербургке жіберді. Хиуа елшілерін орыс уәзірлері бұл бекіністер сауданы жолға қою үшін және шөлде тыныштық орнату үшін құрылды деп алдады. Хиуа бұл бекіністерді жоқ етуге тырысты, бірақ Сырдария және Арал бойындағы орыс бекіністеріндегі әскерді алып кету туралы Хиуа үкіметінің ұсыныстарын ешкім тыңдамады. 1852 жылы 16 сәуірде әскербасы Яқұпбек басшылығындағы Ақмешіт бекінісін қорғаушылар батырларша соғысып, орыс әскерлерін Орынборға шегінуге мәжбүр етті. Содан кейін өзбектермен болған соғыста үлкен тәжірибеге ие болған Орынбор генерал-губернаторы Перовский 1853 жылы қайта шабуылға дайындалды. Перовский Ақмешітке хат жолдап, берілуді ұсынды. Бұған жауап ретінде Ақмешіт қорғаушылары: “Біз бір тамшы қан, көшеде бір дана кесек қалғанға дейін, барлық құралдарымыз сынып біткенге дейін соғыса береміз”, – деп жауап қайтарды. Жәрдемге қосымша күштер алып келуге кеткен Яқұпбектің кешігуін пайдаланған орыстар 22 күндік қоршаудан кейін стратегиялық маңызды болған Ақмешіт бекінісін басып алды. Ресей империясының әскери уәзірлігінде өзбек хандықтарының экономикалық және саяси ахуалдары туралы мәліметтер жеткілікті еді. Генерал лауазымына көтерілген граф Н. Игнатовтің өзбек хандықтарының шынайы ахуалы және оларды Ресей бақылауына қандай жолдармен алуға болатыны туралы ақпараттар басқа мәліметтер арасында ерекше ажыралып тұратын. Граф Игнатов бірінші кезектегі міндет ретінде Қоқан хандығына қарсы әскери қимылдарды бастауды ұсынды. Осы ұсынысқа сәйкес Ресей 1860 жылы Қоқан хандығына жарияланбаған соғысын бастады. 1864 жылы Ташкенттің қала қорғанына зеңбіректер атыла бастады. Дуалдың бір жерін зеңбірекпен тескен соң, сол жерден қалаға әскерлер ене бастады. Орыс әскерлері жеңіліске ұшырап, 72 адамы қаза тапты, қолға түскен қаруларды халық өзара бөліп алды. 1865 жылы көктемде Черняев басшылығымен екінші шабуыл басталды. Черняевке сатқын Абдурахманбек Шадманұлының ұсынысымен Бозсу тоғанын бұзып, оны Шыршық сайына бұрып жіберді. Абдурахманбек Ташкент қаласының тұрғыны болып, Черняевке маңызды

мәліметтерді жеткізіп тұрған. 15 маусым таңға жақын орыс әскерлері Ташкент қорғанының Камалан дарбазасы дуалынан ішке бастырып кірді. Мұхаммед Салихтың сөздеріне қарағанда алғашқыда дуалдан бір адам сиятын тар ойық жасап сол арқылы ішке еніп, содан соң дуал үстіне шығып зеңбіректерді жерге лақтырып жіберген. 1866 жылы қаңтар айында Түркістан генерал-губернаторы Черняев Бұхара хандығын басып алуға кірісті. Бұхараға қарсы соғыстары 1866-1868 жылдар аралығында болды. 1866 жылы Оратөбе, Жиззах және Жаңақорған территориялары Ресей құрамына енді. 1868 жылы Самарқанд алынып, әмір әскерлерін Зірабұлақта талқандады. Орта Азияның ежелгі астаналарының бірі Сахыбқыран Әмір Темірдің даңқын әлемге таратқан Самарқанның алынуы, тек қана хандықта емес, сонымен бірге әлем көзқарасында солтүстіктен келген ақ аюдың жауыз мақсаттарының шекарасы жоқтығын көрсетті. Әмір Музаффар қатты есенгіреп қалды, себебі қарамағындағы жерлердің жартысынан айрылған болатын. Ресей билігі шеңберіндегілер Түркістан генерал-губернаторлығын өзінің Орта Азиядағы әскери жоспарларын жүзеге асыру үшін тірек орталыққа айналдырып, бұл жолы Хиуа хандығын толығымен бағындыруды көздеді. 1839 жылғы Перовскийдің жеңілісі орыс генералдарының жадынан шықпаған еді. Хиуа хандығы тәуелсіздігімен басқыншыларды үрейлендіретін. Ол мындаған жылдардан бері жалғасып келе жатқан ежелгі Хорезм мемлекетінің бейнесі ретінде Ресей үшін үрейлі көрінді. Ресей империясы өз қол астындағы қазақтарды тәуелсіздік жолындағы соғыстарда қолдап отырған Хиуа екендігін жақсы білетін. Қазақтардың ұлт-азаттық күресінде басшылық еткен Кеңесары Қасымұлы Хиуадан әрқашан қолдау тауып, он жыл бойы Ресейдің мазасын алып келгенін де ұмытпады. Мәселенің саяси жағынан басқа Санкт-Петербург бүкіл Түркістан өлкесіндегі экономиканы да өз қолына алуды мақсат еткен болатын. Каспий теңізінің шығыс жағалауларынан Түркістан қалаларына алып баратын барлық сауда жолдары Хиуа хандығы территориясынан өтетін еді. 1872 жылы Петербургтағы кеңестің жоспары бойынша Түркістан генерал-губернаторы шығыстан, Орынбор губернаторы және Кавказдағы әскери күштер батыстан және солтүстіктен шабуылдайтын болды. Хиуа ханы Ресейдің өзіне қарсы пиғылда екендігін сезетін еді. Сейіт Мұхаммед Рахымхан II (1865-1910) 1872 жылы Үндістан вице-короліне елші жіберіп, орыстарға қарсы Англиядан көмек сұрады. Хан елшісі Аминбай Мұхаммедұлы Калькутта қаласында Лорд Норсбрукпен келіссөздер жүргізді. Англияның билеуші топта-

ры Хиуа хандығы тәуелсіздігін сақтап қалуын жақтаушылар болса да, Ресеймен ашық қақтығыстан сескенетін. Лондон өзінің бай отары Үндістанға орыстар іріткі салуынан және Ауғанстандағы мәртебесіне Ресейдің қатты қауіп келтіретінін есепке алып, Хиуаға жәрдем беруден бас тартты. Үндістан вице-королі Норсбрук осы себепті елшіге орыстармен қатынасты барынша жақсартуға және көрші мұсылман мемлекеттерімен бірігуге кеңес берді. Лорд Норсбрук егер орыстар шабуылдаса, Англия көмегінен үміттенбеді ашық айтты.

Хиуа енді өз күші және мүмкіндіктеріне ғана сүйенуі керек еді. Хандық әскерде жалпы 27 ескі зеңбірек, 2 мың атты әскер, 4 мың нөкер болып, олар негізінен астанада шоғырланған еді. Хиуаны бағындыруға аттанған Ресей әскері сан, сапа жағынан әскери-техника мүмкіндіктері, қару-жарақ жағынан да Хиуа хандығынан күшті еді. Әскери операцияны басқарушы генералдардың тәжірибесі хиуалық әскербасылардан әлдеқайда жоғары еді. Түркістан әскерлеріне (22 рота, 1800 казак, 18 зеңбірек) генерал Кауфман, Орынбор отрядына генерал Веревкин (15 рота, 600 казак, 8 зеңбірек), Маңғышлақ отрядына подполковник Ломакин (12 рота, 800 казак, 8 зеңбірек) басшы болып, Арал флотилиясы да оларға берілген еді. 1873 жылы Ресей әскерлері Хиуа хандығының қақпалары алдында тұрды. Хиуа ханы артық қан төгуді қаламағандықтан өз өкілдерін Кауфманға жіберді. Алайда соғысқұмар генерал ханның ұсынысын қабылдамай соғысқа кірісті. Хиуалықтар жеңіліс тапса да барынша қарсыласты. Орта Азия Ресейдің арзан шикізаттық базасына және орыстың өндірістік тауарлары сатылатын базарға айналды. **1917 жылы ақпан төңкерісі** нәтижесінде 300 жылдан астам билік еткен Романовтар әулеті тақтан құлатылды. Уақытша үкімет құрылып, империяның барлық халықтары үшін демократиялық-саяси еркіндікті жария етті. Бұл Түркістан халықтары үшін берілген жақсы мүмкіндік болғандықтан, ел зиялылары бірден Түркістанда “Кенес”, “Жұрт”, “Тірі сөз”, “Равнақұл Ислам”, “Ел байрағы”, “Ұлы Түркістан” деп аталатын газет-журналдарды шығарды. 1917 жылы күзде жалғасып жатқан империалистік соғыстар нәтижесінде мемлекетте ашаршылық, жұмыссыздық өршиді, экономикалық кризис тереңдей түсті. Бұл өз кезеңінде еңбекші қауымның наразылығын және жергілікті әкімшіліктің күйреуіне алып келді. Жағдайды пайдаланған Ташкент жұмысшы және солдат депутаттары кеңесіне (Ташкеңес) мүше болған большевиктер “Бүкіл билік кеңестерге” деген ұранды көтеріп шықты және тез арада революциялық комитетті құруды ұсынды. Бірақ жергілікті ұйымдар басқа

пікірде болатын. Орталық Шорой Исламның ұсынысымен 1917 жылы 7-11 қыркүйекте Ташкентте болған II Өлкелік мұсылмандар съезінде қабылданған шешім бойынша: “съезд әкімшілік жұмысшы, солдат және шаруа кеңестеріне өтуіне қарсы шықты. Әкімшіліктің Коалицион болуы және мемлекеттің барлық күштеріне сүйенуі, бұл – жалпы халық билігі болуы керек”. Түркістанда ұлт зиялылары Автономиялық республика құру жолында жан аямай қызмет етті, 1917 жылы қазан-қараша айларында саяси ахуал өзгерді. Петроградтағы биліктің большевиктер тарапынан күшпен алынуы Түркістан зиялыларының өз жоспарларын өзгертуге және шаруа депутаттары кеңестерінің III Өлке съезді болып, съезд солшыл есер, большевик және максималистардан құралып, Түркістан халық комиссарлар кеңесі (реисі – Ф.И. Колесов) құрылғандығын жариялады. Жергілікті халықтан бір адам да мүшелікке алынбады. 1917 жылы 26-29 қараша аралығында Қоқанда өлке мұсылмандарының IV съезі болып өтті. 300-ден артық делегаттардың қатысуымен Түркістан Автономиясы құрылғанын жариялады. Алайда Қоқанда құрылған Автономиялық үкіметтің тағдыры 1918 жылдың ақпан айында қанға батырылуымен аяқталды. 18 ақпаннан 19 ақпанға қараған түні 11 эшалонды бастап келген комиссар Перфильев Түркістан мұхтариятын күшпен тас-талқан етті. Түркістанда қазан төңкерісінен кейін болған оқиғалар барысынан көретініміз, орталық кеңес үкіметі өлке халықтарына тәуелсіздікті айтпағанда, тіпті ұлттық автономияны да беруді қаламады. Дұрыс, бұл ащы шындықты алғашқыда Түркістан халықтары да түсінбеді. Мұны тек қана зиялылар және кейбір басшылар ғана түсіне алды. Большевиктердің құйтырқы саясатына сенген оларды жақтаушылар да аз емес еді. Олар Түркістанда құрылған завод-фабрикаларда еуропалық жұмысшылармен істеген, олардың әсеріне берілген жергілікті халық өкілдерінен болған жұмысшылар қалаларда отбасын асырау үшін кезіп жүрген жұмыссыздар, ауылдарда жерінен айрылып, жалданып жұмыс істеп күн көріп жүрген кедей дикандардың бір бөлігін құрайтын.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. «Өзбек» этнониміне анықтама беріңіз.*
- 2. Өзбек халқының қалыптасуына әсер еткен факторларға сараптама жасаңыздар.*
- 3. Мухаммед Шайбани ханның сыртқы саясатына баға беріңіздер.*
- 4. Әмір Темірдің Түркі тарихында алатын орны қандай?*

3. Ноғай Ордасы

Алтын Орданың ыдырауы кезінде пайда болған мемлекеттік бірлестіктің бірі – Ноғай Ордасы. Ол XIV-XV ғасырларда Батыс Қазақстанның бір бөлігін алып жатты. Бұл мемлекеттің атауы Алтын Орданың беклербегі, әскерінің қолбасшысы, Жошы ханның немересі (1260-1306) Ноғай есімімен байланысты. Берке хан өлгеннен кейін Доннан Дунайға дейінгі жер Ноғайдың бақылауында болды. Оның құрамындағы рулар Каспий маңына қоныс аударып, Ноғай елі атанды.

Ноғай Ордасының негізін салушы – әмір Едіге (1395-1419). Ол 15 жылдай Алтын Орданы билеп (1396-1411), «ұлы әмір» атанған. Шыңғыс әулетінен хан сайлау Едігенің қолында болған. Ноғай Ордасы Алтын Ордадан Едігенің кезінде бөлектене бастады. Бұл процесс Едігенің ұлы Нұраддин (1426-1440) тұсында аяқталып, Ноғай Ордасы Алтын Ордадан XV ғасырдың ортасында бөлініп, дербес мемлекет болды. Территориясы: Еділ-Жайық арасы. Астанасы – Жайық өзені сағасындағы Сарайшық қаласы болды. Халқы – маңғыт, қыпшақ, қоңырат, арғын, қарлұқ, алшын, тама және т.б. сияқты түрік тайпалары. Ноғай Ордасы этносаяси бірлестік ретінде пайда болды, оған енген тайпалар XV ғ. аяғында қалыптасқан ноғай халқының негізін құрады.

Ноғай Ордасында ұлыстық басқару жүйесі қалыптасып, бір орталыққа бағынған өкімет болды. Орда билеушісі – хан. Ұлыс басында мырзалар тұрған, олар өз иеліктерінде шексіз билік жүргізіп, ұлыстың ең шұрайлы жайылымдары мен өрістерін иемденген. Ұлыстың қатардағы көшпелі малшылары мырзалармен бірге көшіп-қонып, алымсалық төлеп отыруға, соғыс жорықтарына қатысуға міндетті болған. Орданы Едіге ұрпақтары басқарды. Мұрагерлік жолмен берілетін әкімшілік, әскери, елшілік билік князьдің қолында болды. Ордада жорыққа 300 мың жауынгер шығарылды.

Ноғай Ордасының тарихы Еділ бойы мен Сібірдегі, Орта Азия мен Қазақстандағы көрші мемлекеттер тарихымен тығыз байланысты. Ноғайлар тарихы, әсіресе көшпелі өзбектер мен қазақтар тарихына айрықша жақын. Ембі мен Сырдария арасында көшіп жүретін ноғайлар қазақтармен ұдайы араласып-құраласып байланысып жатқан. Басқа да көшпелі мемлекеттер сияқты Ноғай Ордасының шекарасы да сыртқы саяси жағдайға байланысты өзгеріп отырды. Ноғайлардың солтүстік-шығыстағы өріс-қоныстары Сібірге дейін созылып жатады, ал оңтүстік-шығыста олар кейде Сырдария бойында, Арал теңізі жағасында көшіп жүрген. Олардың билеушілері Уақас би маңғыт,

Мұса мырза, Жаңбыршы және басқалары Әбілқайырға Сырдария бойындағы қалаларды жаулап алуға жәрдемдеседі. Кейін ноғайлар қазақ хандарымен соғысса, енді бірде татуласып, одақ құрып отырған. Ш. Уәлиханов ноғайлар мен қазақтарды «екі туысқан Орда» деп атаған. Ал Хакназар хан «қазақтар мен ноғайлар ханы» атанған.

XVI ғасырда Ноғай Ордасының Орыс мемлекетімен сауда-экономикалық, саяси байланысы дамыды. XVI ғ. II жартысында Ноғай Ордасы ыдырап, екіге: Үлкен Ноғайлы (Еділдің шығысы) және Кіші Ноғайлыға (Еділдің батысы) бөлінді. Осы тұста ноғайлардың көпшілігі Қазақ хандығына, соның ішінде Кіші жүз құрамына енді. Осылайша Ноғай Ордасын мекендеген тайпалар қазақ халқының қалыптасуында үлкен рөл атқарды.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ноғай ордасының мемлекеттік құрылысындағы ерекшеліктерді атаңыздар.

2. Ноғай Ордасының Түркілер тарихындағы орнына баға беріңіз.

VII тарау
ЖАҢА ТӘУЕЛСІЗ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

1. Әзербайжан Республикасы

Әзербайжан Республикасы тәуелсіздігін 1991 жылы 18 қазанда алды. Астанасы – Баку қаласы. Территориясы – 86,6 мың км², халқы – 8,2 млн адам. Әзербайжан Республикасы солтүстікте – Ресей Федерациясының Дағыстан Республикасымен, батыста – Грузия Республикасымен, оңтүстік-батыста – Армения Республикасымен шекаралас. Әзербайжанның оңтүстік-батыс территориясының бір бөлігі Түркия жері бойлап, оңтүстікте Аракс өзенімен және құрлықта Иранмен шекаралас. Шығыстан Әзербайжан топырақтарын Каспий теңізі шаяды. Административті территориялық бөлініс бойынша: бір Автономдық Республика, Республикалық бағыныштағы 11 қала, 78 административті районға бөлінеді. Ұлттық валютасы – манат. Халқының жартысы қалаларда өмір сүреді. Халықтың тығыздығы шамамен 1 м² жерге 82 адамнан тура келеді. 15 жасқа дейінгілер халықтың 32%-ын құрайды. 1995 жылғы 12 қарашада қабылдаған Конституциясы бойынша Әзербайжан демократиялық, құқықтық, зайырлы, унитар республика. Заң шығарушы билік – Әзербайжан Республикасының Ұлттық мәжілісі. Атқарушы билік президентке тиесілі. Президент 5 жылдық мерзімге сайланады. 1993 жылы 21 қыркүйекте Әзербайжан Республикасы ТМД-ға мүше болды. 1993 жылы 20 желтоқсанда Париж Хартиясына қосылды. 1994 жылы 4 мамырда НАТО-ның Бейбітшілік үшін әріптестік бағдарламасына қол қойды. 12 мамырда Армениямен арадағы кикілжінді бейбіт жолмен шешуге байланысты келіссөздер жүргізілді. Бірақ Таулы Қарабах мәселесі әлі де шешімін таппады.

Әзербайжанның негізгі байлығы мұнай мен газ жерден де, Каспийден де алынады. Апшерондық жартыарал әлемнің ең көне мұнай өндіруші аймақтарының бірі. Сонымен бірге темір, алюминий, қорғасын, мырыш, мыс, марганец, кобальт, тас тұз, гипс, ангидрит асбест, бентионитты балшық, пирит, барит, жартылай асылтастар және даломит өндіріледі. Ел ішінде құрылыс тастардың көптеген қорлары бар. Жерасты сулары да маңызды орынға ие, химиялық құрамы бойынша алуан түрлі болса да, оларды ауыл шаруашылығында, өндірісте ауыз су ретінде және емдеу мақсатында пайдаланады. Одан басқа суды тереңдігі 2000-3000 метрлік скважиналардан алады. Кейбір ыстық қайнарларды әртүрлі объектілерді ысыту үшін қолданылады. Республикада 1000-ға жуық суық және термальды минерал қайнарлар

бар. Солардың негізінде көптеген курорттар мен санаторийлер салынған. Мысалы: Истису, Шихов, Сурухан және т.б. Әзербайжан сулары шетелдерге экспортқа шығарылады. 1994 жылы 20 қыркүйекте Әзербайджық Мемлекеттік Мұнай Компаниясы шетелдің озық мұнай өндіруші компанияларымен Каспий теңізінен мұнай өндіру келісімшартына қол қойды. Баку – Тблиси – Джейхан мұнай құбырлары құрылысы басталды. 1996-2000 жылдар ел ішінде аграрлы, құқықтық, структуралы реформалар жүргізілді. МВФ ЕБРР, ВБ және басқа да әлемнің қаржылық ұйымдары Әзербайжанға реформа жүргізуге көмектесуде. Ауыл шаруашылығы көп салалы, негізінен бидай, күріш, мақта, темекі, жүзім, суптропикалық өсімдіктер өсіріледі. Көне салалардың бірі – жібек өндіру. Транспортты инфра-структура дамыған. Әзербайжанда жұмыс ресурстарының көп болуы халық санының тұрақты өсуіне әсер етуде. Экономиканың тұрақты өсуінде саяси тұрақтылық басты рөлді атқарады. Позитивті тенденциялардың басты себебі – экономикалық реформаларды жүзеге асырудың дұрыс стратегиясы. Экономикалық қатынастар нарықтық экономикамен жекешелендірудің көптеген түрлері мен еркін бәсекелестікке жағдай жасалған. Сыртқы сауда режимі және ішкі бағалар мемлекет тарапынан бақылаудан босатылды. 1995 жылы 1300-ге жуық колхоздар мен совхоздар ликвидацияланып, олардың орнына 40000 фермерлік қожалықтар құрылды. 1996 жылдан бастап Әзербайжан терең кризистан шықты. Бұрынғысынша экспорт көлемі импорт көлемінен артық. Әзербайжан әлемнің 126 елімен сауда байланысын орнатқан. Ұлттық банктің валюта қоры 700 млн долларды құрайды. Әзербайжанның сыртқы қарызы 1 млрд 270 млн доллар немесе 22% ВВП-ны құрайды. Әлемдік тәжірибеден көргеніміздей, шетелдерден қосымша қаржы тарту – кризистан шығудың тіке және жылдам жолы. Соңғы он жыл ішінде Әзербайжан экономикасына 11 млрд доллар салынды. Оның 8 млрд доллары немесе 71% шетел инвестициясының үлесі. Негізгі инвесторлар АҚШ, Ұлыбритания, Түркия, Германия, Япония және т.б. мемлекеттер.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Әзербайжан Республикасының тәуелсіздігін жариялаудың тарихи маңызын атаңыз.*
- 2. Әзербайжан Республикасының бүгінгі таңдағы экономикалық дамуына баға беріңіздер.*
- 3. Әзербайжан-Қазақстан мемлекеттері арасындағы байланыс деңгейі қандай?*
- 4. Әзербайжан қандай халықаралық ұйымдарға мүше?*

2. Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда жариялады. Республика территориясы батыстан шығысқа дейін – 3000 км және солтүстіктен оңтүстікке дейін – 1600 км. Солтүстікте Ресей Федерациясымен, оңтүстікте Түрікменстанмен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, шығыста Қытаймен шекаралас. Территориясы – 2724,9 км². Ел астанасы – Астана қаласы. Халқы – 17 млн адам. Республикада жүзден астам ұлттар мен халықтар өмір сүреді. Әкімшілік бөлініс бойынша 14 облыстан, Республикалық маңызы бар 2 қаладан, жалпы 85 қаладан, 160 аудан, 176 қала типіндегі ауылдардан, 7719 ауыл мен қыстақтардан біріктірілген 2237 ауылдық округтарға бөлінеді. Конституция 1993 жылы 28 ақпанда қабылданғанмен, 1995 жылы 30 тамызда Республикалық референдумда жаңа конституция қабылданды. Парламент – заң шығарушы орган, ол сенат пен мәжілістен тұрады. 1991 жылы 21 қаңтар бұрын СССР құрамында болған мемлекеттер Алматыда кездесіп ТМД-ны құрды. 1992 жылы қыркүйек-қазан айларында қазақтардың дүниежүзілік құрылтайы өтіп, оған әлемнің 13 елінде өмір сүретін қазақ диаспоралары қатысты. Тәуелсіздіктен кейінгі алғашқы 10 жылдықта Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жүйеінде үлкен масштабты түбегейлі өзгерістер болды. Осы алғашқы он жылдықты 3 топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші этап, 1992-1993 жылдардағы ұлттық валютаны енгізу арқылы экономиканы түбегейлі реформалау. Екінші этап, 1993 жылы қашадан бастап өзіндік макроэкономикалық саясатты қалыптастыру. Ол қаржы, бюджет және банктік жүйелерде нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру және бейімдеумен характерленеді. Үшінші этап, 1997-2000 жылдардан бастап ВВП-ның, өнеркәсіптік өндірістің, инвестиция көлемінің өсуі маңызды көрсеткіш болды. 1997 жылы оңтүстік-шығыс Азия елдеріндегі кризис 1998 жылы Ресейге жетіп, Қазақстан экономикасына әсер етті. Инвестиция көлемі бойынша Қазақстан ТМД елдері арасында бірінші орында болды. 1996 жылы сауда, тұрмыстық және коммуналды қызмет көрсету жүйелері приватизацияланды. 1998 жылы 31 желтоқсанда 1999-2000 жылдарға арналған шағын бизнесті қолдау және дамыту бағдарламасы қабылданды. 2000 жылдың соңында кәсіпкерлікте 500000 адам, шағын бизнесте 2 млн адам болды. ВВП-да шағын кәсіпкерлердің үлесі – 15% (2000) болды. 1991 жылдан бастау алатын екі деңгейлі банк жүйесі құрылды. 1993-2000 жылға дейін екінші деңгейлі банктер 204-тен 48-ге дейін қысқарды. Мемлекетаралық келісімдер негізінде Қазақстанда 2 қазақ-

түрік, 2 қазақ-американ, Қытай банкінің 2 филиалы және 4 шетелдік өкілеттілік банктер ашылды.

Қазақстанның жерінен Менделеев таблицасындағы барлық элементтерді табуға болады. Қазақстан мыс өндіру бойынша әлемдегі ірі мемлекеттердің бірі, вольфрам қоры бойынша І орында. Алтын өндіру ежелгі дүниеден-ақ белгілі, 127 кен орны ашылған. Күміс өндіру бойынша әлемде жетекші орында болса, ТМД бойынша І орында. Қазақстан мұнайды жылына 32 млн тонна өндіру арқылы 26-орында. Мамандардың айтуы бойынша көмірсутекті шикізат қоры бойынша 2015 жылы әлемнің мұнай өндіруші 10 елдің қатарына қосылуы мүмкін. Қазақстанды ірі мұнай өндіруші елге айналдырған фактор Каспийді игеру болды. Республикада үш мұнай өңдеуші завод – Атырау, Павлодар, Шымкентте жұмыс істейді. Құбырлы транспорт елдегі мұнайды шетелге тасымалдау және қайта өңдеудің негізгі тәсілі. Қазір елде ұзындығы 5500 км болатын жылына 86 млн тоннадан артық мұнай өткізетін суммарлы өткізу қабілеті бар 10 мұнай құбыры жұмыс істеуде. Олар 2 тәуелсіз – батыс және шығыс жүйесін құрайды. Энергетиканың ең жас саласы газ өндірісі болғанмен, негізгі энергетика көзі қазіргі уақытта – көмір болуда. Ол Ресей мен Орта Азия елдеріне экспортталады. Көмірдің 100-ден артық орындары табылды. Қазақстанның оңтүстік және батыс бөлігі электр энергияны импорттау жолымен алады. Өндірістік жағынан дамыған региондар (өндіруші және қайта өңдеуші) – Шығыс Қазақстан облысы, Қарағанды, Павлодар облысы. Табиғи ресурстарға бай, шаруашылыққа бейімді облыстар – Ақтөбе, Жамбыл, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан облыстарының өндірісінің жалпы көлемі – 15% құрайды, ауыл шаруашылығы ВВП-да – 35,6% құрайды. Ақтөбеден хромның ірі орны табылды. Ауыл шаруашылығында ВВП көлемі Солтүстік Қазақстанда – 11%, Батыс қазақстанда – 4%-ды құрайды. Мемлекеттік маңызға ие қалалар Астана мен Алматы қаржылық сектордың өсуімен, ғылыми-техникалық потенциалдың артуымен ерекшеленеді. Алматыда ірі көлік құрастыру, тағамдық және жеңіл өнеркәсіптердің ірі орталықтары орналасқан. Астанада ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, көлік шығару және ауылшаруашылығына қажетті құрылғыларды шығарумен айналысады.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялаудың тарихи маңызын атаңыз.

2. Қазақстан Республикасының бүгінгі таңдағы халықаралық беделіне баға беріңіз.

3. Қазақстан қандай халықаралық ұйымдарға мүше?

4. Қазақстан Республикасының бүгінгі таңда даму қарқынына қандай баға бересіз?

3. Қырғызстан Республикасы

Қырғызстан Республикасы 1991 жылы 31 тамызда тәуелсіздігін жариялады. 1993 жылы 5 мамырда Қырғызстан Республикасы Конституциясы қабылданды. Астанасы – Бішкек қаласы. Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Қытаймен шекаралас. Территориясы 198,5 мың км². Халқы – 5 млн адам (2002). 1993 жылы ұлттық валютасы – сом енгізілді. Президент өкімет құрылымын анықтап, өкімет мүшелерін тағайындайды. Жогорку Кенеш – Қырғызстан Республикасының парламенті заң шығарушы орган (75 депутат). Территориясы 7 облысқа бөлінеді: Баткен, Жалал-Абад, Нарын, Ош, Талас, Чуй, Ысык-Көл. Республика бойынша 40 административті район, 22 қала, райондар 429 ауыл айыл кенешке бөлінеді. Қырғызстан – көпұлтты мемлекет. Халықтың этникалық құрамы: 52,4% – қырғыздар, 21,5% – орыстар, 12,9% – өзбектер және украиндықтар (50,4 мың), татарлар (45,4 мың), дүнгендер (52 мың), ұйғырлар (47 мың), қазақтар (43 мың). Пайдалы қазбаларын 4 топқа бөліп қарастыруға болады: металл, металл еместер, жанармай энергетикалық ресурстар және жерасты сулары. Темірдің ондаған кен орындары болғанымен, жетік зерттелмеген. Бокситтер мен феминді сиениттердің ондаған орындары табылғанымен, Қырғызстанның оңтүстігінде екеуі ғана өндірістік дәрежеде. 1983-1987 жылы ашылған алтын өндіруші кен Талды-Бұлақ – Левобережный кені, күміс кені бір ғана Кумуштак жерінен табылған. Кең таралған тас көмір Кавакс бассейнінен ашық түрде қазып алынады, көмірдің геологиялық қоры – 31,4 млрд тонна. 1992 жылы 1 ақпанда АҚШ Бішкекте бірінші болып елшілігін ашты. 28 ақпанда Түркия, одан соң Қытай, Ресей, Германияның елшіліктері ашылды. Соңғы он бес жылда Қырғызстанның суверенитетін 135 ел мойындады. Әлемнің жиырма елінде Қырғызстанның елшілігі бар. Қазір Қырғызстан әлемнің 40-қа жуық халықаралық және әлемдік ұйымдарына мүше. 1998 жылы күзде ТМД-дағы алғашқы мемлекет болып Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болды. 1992-1993 жылдары интенсивті приватизация нәтижесінде 2002 жылы жеке сектор үлесі – 97,4%, мелекеттік меншік – 2,7% құрайды. 1995 жылдан бастап, ел терең экономикалық кризистен шыға бастады. Инвестициялық сая-

саптағы басты жетістік “Кум-Тер” кен орнына шетел инвестициясының тартылуы. Қатаң ақша-кредитті саясаттың арқасында инфляция 17-19% көлемінде болды. 2001 жылдың соңында ұлттық жиналыста “Қырғызстан Республикасының 2010 жылға дейінгі негізгі комплексты дамуы” бағдарламасы қабылданды. 2000 жылы 1990 жылмен салыстырғанда жанармай саласында – 74,8%, түсті металлургия және электроэнергетика саласында –14,4%, метал өңдеу –16,6%, тамақ өндірісі – 18%-ға артты. Алып гидроэнергетикалық ресурстардың арқасында потенциалы – 142 млрд кВт/с, техникалық – 73 млрд кВт/с, экономикалық – 48 млрд кВт/с құрайды. Соңғы екі көрсеткіш бойынша Қырғызстан ТМД бойынша Ресей Федерациясы және Тәжікстаннан кейінгі үшінші орында. Электроэнергияның бір бөлігі Қазақстан, Өзбекстан және Қытайға экспортталады. Тігін өндірісі жеңіл өндірістің – 16,7%-ын құрайды. 2002 жылғы көрсеткіш бойынша 600 тағам және қайта өңдеу өндіріс орындарының: 22 азықтық (көкөніс, жеміс, жүзім т.б.), 26 сүт өндірісі, 18 ұн комбинаты, 5 қант заводы, 6 темекі фабрикасы, 10 кондитерлік, сыра завод, 15 шарап дайындайтын және миницехтар мен диірмендер болды.

Жалпы агроөндірістік комплекс соңғы жылдары ВВП-ның 42% құрайды. Мал шаруашылығы көне салалардың бірі, мал шаруашылығының 60%-ы ірі қара болып, Республиканың барлық жерінде өсіріледі. 2002 жылы жүк тасымалы 3,9%, көлемі 38,1 млн. тоннаға жетті. 1995 жылдан бастап стратегиялық түрде көлік жолдарын дамыту бағыты қолға алынды. Республика бойынша 34 мың км-нен 19 мың км – автомобиль жолдары құрайды. Темір жолдарын дамыту мақсатында Андижан (Өзбекстан) – Жалал-Абад – Казарман – Қашғар (Қытай) темір жол құрылысы жоспарланған. Географиялық авиохабарламалар тұжырымы бойынша Қырғызстанның авиажолы керемет. Еуропадан Азияның кейбір елдеріне Қырғызстан арқылы баратын авиажол 1-1,5 мың км, яғни 10-15% жалпы жолды қысқартады. Халықаралық аэропорттары Манас, Ош. Территориядан Мурабек – Ташкент – Бишкек – Алматы газ магистралы өтеді.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. *Қырғызстан Республикасының тәуелсіздігін жариялаудың тарихи маңызын атаңыз.*

2. *Қырғызстан Республикасының бүгінгі таңдағы экономикалық дамуына сараптама жасаңыздар.*

3. *Қырғызстан Республикасының дамуындағы проблемаларға сараптама жасаңыздар.*

4. *Қырғызстан қандай халықаралық ұйымдарға мүше?*

4. Түрікменстан Республикасы

1991 жылы бүкілхалықтық референдумнан соң тәуелсіздігін жариялады. 1992 жылы 18 мамырда конституцияны қабылдады. Президенттік басқарудағы республика. Түрікменстан Орталық Азияның оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Солтүстіктен және шығыстан Қазақстан, Өзбекстанмен шекаралас, оңтүстікте Иранмен және Ауғанстанмен шекаралас. Территориясы – 488,1 мың км², халқы – 4,668 млн адам (1998), 45% – қалада болса 55% – ауылда өмір сүреді. Астанасы – Ашхабад қаласы. Түрікменстан территориясы 5 әкімшілік-экономикалық регионға бөлінген: Ахал, Балкан, Лебап, Марый, Тамауз олардың құрамына 20 қала мен 46 район кіреді. Халықтық биліктің жоғарғы органы Халқ Маслахаты (Народный совет), Меджлис (Парламент) заң шығарушы орган. 1995 жылы 12 желтоқсанда БҰҰ Генералды ассамблеясы тарапынан “Түрікменстанға тұрақты нейтралитет” статусы берілді. БҰҰ Түрікменстанның халықаралық-құқықтық статусын тұрақты нейтралды ел ретінде мойындап, оның тәуелсіздігін, суверенитетін және территориялық тұтастығын құрметтейді. Осы халықаралық ұйымның тарихи шешімінен соң 1995 жылы 27 желтоқсан Халық маслахаты отырысында нейтралитет статусын ресми түрде заң ретінде қабылдады. Осы құжат Түрікменстанның сыртқы саясатында негізгі айқындаушы рөлді атқарды. 1993 жылы ұлттық валютасы – манат енгізілді.

Тәуелсіздікке қол жеткізген соң экономикалық реформалар экономиканы нығайтуға, барлық салаларында тұрақты дамуға қол жеткізуге бағытталды. Базар саудасы механизмін қалыптастыру үшін және жаңа экономикалық қатынастарға септігін тигізетін мекемелер туралы заң, мүлік туралы, шетел инвестициясы мен сыртқы экономикалық қызметтер туралы және бірқатар заңдық актілер қабылданды. Бір ғана қаржы саясатын жүргізу үшін және тиімді бюджет системасы үшін мемлекеттік бюджет шығындарын қазыналық басқару енгізілді. Тауар айналымын үлкейту және сыртқы сауданы тәртіпке келтіру үшін Мемлекеттік тауар-шикізаттық биржа құрылды. Түрікменстанның экономикалық саясатының негізінде шаруашылық субъектілерді өзбетінше кеңейтуде экономикалық процестерді реттеу арқылы мемлекет рөлін бекіту принципі. Заңды және ұйымдық жұмыстардың нәтижесінде жердің 60% немесе 938 мың гектар жер 10 жыл және одан астам уақытқа жалға берілді. Қысқа уақыт ішінде 34% немесе 316,4 мың ірі қара мал, 22% немесе 1098,9 мың құс және 51%, яғни 48 мың шошқа жалға берілді. Тәуелсіздік алғаннан кейін

президент бірден “Ашық есік” саясатын ұстанды, себебі Түрікменстан әлемдік экономикалық интеграция бағытын ұстанды. Мұнай мен газ саласына шетелдік инвесторларды тарту варианттары мен методикалары қарастырылды. Болашақ инвесторларды іріктеу конкурс негізінде өткізіліп, соңында 5 ортақ кәсіпорын құрылды. Мұнай мен газ өндіру көлемінің артуына қарамастан оларды қайта өңдеу Түрікменстанда әлі де төмен дәрежеде. Мұнай өндіру бойынша ТМД елдері арасында төртінші орында. Газ қоры бойынша әлемнің жетекші орындарының бірінде. Барынша дамыған салалары газ, мұнай, химия, жеңіл өнеркәсіп, май, шарап өндіру және энергетика, құрылыс материалдар салалары. Сыртқы экономикалық қызметті Түрікменстан территориясында әлемнің 56 елінің капиталы негізінде 516 кәсіпорны жұмыс істеуде. Газды тұтынушылар негізінен ТМД елдері: Украина – 71%, Армения – 12,5%, Грузия – 8,9%, Әзербайжан – 40%, Қазақстан – 1,8%, Россия – 1,5% құрайды. Импорттың – 86%-ы (1995) ТМД елдерінен, 14% – сыртқы әлемнен алып келінеді. Жүк тасымалы автомобильді транспортпен жүзеге асырылады. 1997-2001 жылдар Еуропалық банктің және басқа да халықаралық қаржы ұйымдарының көмегімен автомагистралдар реконструкцияланып, халықаралық стандартта жөнделді. Автокомпаниялардың құрылуымен сыртқы әлеммен байланыстар нығая түсті. Темір жолдар Түрікменстанның барлық территориясын қамтиды және Орталық Азия елдерінен Ресейге баратын поездар іске қосылған.

Шетел капиталы негізінде елде керамикалық кірпіш заводы, пласмас есік және терезе фабрикасы эксплуатацияға берілді. Таудан алынатын химиялық заттар: минералдық тыңайтқыштар, синтетикалық жуу құралдары мен тұрмыстық химия үшін пайдаланылады. Көлік құрылысы мен металл өңдеу саласының даму деңгейі төмен, себебі Түрікменстанның металдық базасы әлсіз дамыған. Су ресурстары Амудариямен байланысты шамамен 96%, одан басқа Мұрғап, Теджен, Сумбар, Эртек өзендері бар. Жерасты суларының 180 орны ауыз су және шаруашылықта қолданылады. Ауыл шаруашылығы территориясы – 39 млн гектар олардың жарамдысы – 17 млн гектар, құнарлылығы жоғары жерлер – 4,5 млн гектар, негізінен мақта өсіріледі. Дәнді дақылдардың жылдық орташа өндірілуі – 900 мың тонна. Бау-бақша өнімдері, жылына 210 мың тоннадан артық өндірілу арқылы ішкі қажеттіліктерді қанағаттандырады және экспортқа 70 мың тонна өнім шығарылады. Шөлді аймақта 12 млн қой өсіріледі, негізінен каракөл қойлары арқасында тері өңдеу ісі дамуда.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Түрікменстан Республикасының тәуелсіздігін жариялаудың тарихи маңызын атаңыз.
2. Түрікменстан Республикасының бүгінгі таңдағы экономикалық дамуына база беріңіздер.
3. Түрікменстан-Қазақстан мемлекеттері арасындағы байланыс деңгейі қандай?
4. Түрікменстанның сыртқы саясатта ұстанатын Бейтараптылық саясатының маңызы неде?

5. Түркия Республикасының тарихы

Түрік ұлт-азаттық күресі. I Дүниежүзілік соғыста жеңіліске ұшыраған Осман империясы мен Антанта мемлекеттері арасында Лимни аралында 1918 жылдың 30 қазанында Мондрос бітіміне қол қойылды. Бұл бітім бойынша Осман империясы үшін ауыр шешім қабылданды. Бітім бойынша түрік армиясы таратылып, бұғаздар ашылатын болды, флот Антанта одағының қарамағына берілетін болды. Сонымен қатар Түркияның шығыстағы кейбір әкімшілік аймақтары қажет болған жағдайда қарсылас одақ мемлекеттерінің қол астына өтетін болды. 1918 жылы Кавказда Осман армиясы жаулаған жерлерінен кері шегінетін болды.

1918 жылдың 13 қарашасында қарсылас одақтың флотының бір бөлігі келіп, Ыстамбулды жаулады. Француздар Адана, Мерсин және Тарсусқа, Италияндықтар Анталья, Мармарис пен Бурдурға басып кірді. Ағылшындар Самсунға әскерлерін кіргізді. Трабзон мен қала маңайындағы гректер сол аймақта Понтус мемлекетін құру үшін әрекетке көшті. Ал армяндар шығыстағы аймақтарды қол астына қаратпақ болды.

Жауланған Ыстамбулдағы Осман империясы үкімет өкілдеріне қарсы одақ мемлекеттерімен арасын түзеп, елге зиян келтірмеу ұстанымында болды. Соғыста жеңіліске ұшыраған соң, елден қашқан Иттихат және Теракки партиясының лидерлерінен кейін елдің тағдыры Хурриет вэ Итилаф партиясының қолында болды. Бұл партияның басына Садразам (Премьер министр) Дамат (Күйеу) Ферит Пашаның Англияға жақын саясатын қолдамаған партия мүшелері ұлтшылдық көзқарасының төңірегінде топтаса бастады.

Қарсы одақтың құрамындағы мемлекеттердің түрлі аймақтарды алғанына қарсы жер-жерлерде қозғалыстар басталды. Көптеген жерлерде жаулаушыларға қарсы халық өкілдері тарапынан жергілікті

ұйымдар құрылды. Ыстамбулда және басқа аймақтарда бірқатар офицерлер мен азаматтық билеушілер де жаулауға қарсы күреске дайындалды. Әскери штабы Эрзурумда құрылған Қязым Карабекир Паша қару-жарақтарын тапсыра қоймаған қолды басқарып отырған болатын. Бұл қол қарулы қарсылыққа дайындық үстінде еді. Кейбір қалаларда да гректерге қарсы қарулы топтар құрылды.

Кейінірек ұлт-азаттық күрес қозғалысын басқаратын Мұстафа Кемал Паша болса, осы кезде Ыстамбулда тұрып, жақын жолдас-тарымен байланыс жасап, жасалуы қажет мәселелерді талқылады. Оның осы кезде Ыстамбул үкіметінде Соғыс министрі болып, күшке ие болғысы келгені мәлім. Діттегені бола қоймаған соң ресми қызметпен Анадолыға кетпек болды. Самсун аймағында гректер тудырған байбаламның негізін тексеріп, алдын алу шараларын жасау үшін Дамат Ферит Пашаның үкіметі тарапынан III Армияның тексерушісі болып тағайындалды. Көптеген қалаларда әскери және азаматтық мекемелерге бұйрық беруге құзіреттілігі берілген Мұстафа Кемал 16 мамыр күні Ыстамбулдан Бандырма параходымен жолға шығып, 19 мамырда Самсунға жетті. Кейінірек осы күн, яғни 1919 жылдың 19 мамыры ұлт-азаттық күрестің басталған күні болып қабылданды.

Қарсылас одақ мемлекеттерінің қолдауымен гректердің 1919 жылдың 15 мамырында Измир қаласын жаулауы мен Эгей аймағында үстемдік құра бастауы ұлт-азаттық күрестің басталуының басты себептерінің бірі болды. Ыстамбул үкіметінің жаулап алуларға қарсы шықпау бұйрығына қарамастан Эгей аймағындағы бірқатар жерлерде гректерге қарсы қарулы күштер ұйымдасып күресе бастады. Халық, армия және ұлтшыл басқарушылар ұлт-азаттық күресті бастап, түрік тарихында жаңа кезең басталды.

Мұстафа Кемал 1919 жылдың 19 маусымында бұрынғы Теңіз қарулы күштері министрі Рауф Бей, Али Фуат және Рефет Пашалар Амасьяда бас қосып, ұлт-азаттық күрестің негіздері туралы келісімге келді. Бұл келісімге Эрзурумдағы Қязым Карабекир Паша да қосылды. Амасья протоколы деген атпен белгілі бұл құжат Ыстамбул үкіметінің әлсіздігін көрсетіп, ұлт шешімі мен күресі арқылы тәуелсіздікке қол жеткізуге болатынын баяндады. Бұл протокол бойынша Сиваста Ұлттық Конгресс ұйымдастыру мәселесі қарастырылды. Мұндай өзгерістер ағылшындарға ұнай қоймады. Сондықтын да ағылшындар Ыстамбул үкіметіне қысым жасап, Мұстафа Кемалдің қызметінен босатылуын сұрады. Ыстамбул үкіметі Мұстафа Кемалдің бұйрықтарын орындамау туралы ресми құжатты құзіретті мекемелерге жеткізді. Мұстафа Кемал қарулы күштерден өз еркімен кететінін

айтып, 23 шілдеде Эрзурумда өткен конгреске азаматтық тұлға ретінде қатысты. Мұстафа Кемалдің басқаруымен жиналған Эрзурум конгресі падишах үкіметін қолдайтындары туралы телеграмма арқылы өз жұмысын бастады. Конференция өз жұмысының соңында он баптан тұратын манифест жариялады да, шығыстағы әкімшілік аймақтардың Осман мемлекетінің ажырымас бөлігі екенін, сұлтандық пен халифаттықтың сақталатынын, Осман империясының таратылған депутаттар мәжілісінің қайта шақырылуы керектігін баяндады. Конгресс мүшелері арасында өкілдер тобын сайлау шешімі қабылданып, жиын таратылды.

Эрзурум конгресінің шешімдері кейінірек жиналған Сивас конгресі тарапынан қабылданды. Бұл шешімдерді негіз етіп алған бір мәтін Ыстамбулда жиналған депутаттар мәжілісінде бекітіліп, бұл қаулылар Мисак-и милли (ұлттық ант) деп аталып, ұлт-азаттық көтерілістің мақсаты болып қабылданды. Ұлттық ант ұлттық еріктің барлығынан үстем принципіне сүйенді. Падишах та осы ұлттық ерікті мойындауға міндетті болды.

1919 жылдың 4-11 қыркүйек аралығында жасалған Сивас конгресі Эрзурум конгресі қаулысының мемлекет көлемінде қабылдануын жүзеге асырды. Конгресс қаулысын күшіне ендіру үшін құрылған өкілдер делегациясының басшысы сайланған Мұстафа Кемал ұлт-азаттық күрестің де басқарушысы болды. Өз жұмыстарын саяси ұйым арқылы жүргізгісі келген Мұстафа Кемал Анадолы мен Ұрымда Мұдафаа-и Хукук (Құқық қорғау) ұйымын құрды. Анадолыда бұрынырақ құрылған жаулаушыларға қарсылық көрсету ұйымдарының көбі жаңадан құрылған ұйымның филиалдарына айналдырылды. Осылайша ұлт-азаттық күрес елдің түкпір-түкпірінде бір ұйымға бағынып, жүргізіле бастады. Жаулаушы күштермен әртүрлі аймақтарда күресіп жатқан ұлттық қарулы күштер (Кувва-и миллие) деп аталатын топтар бұл ұйымға бағынды. Мұстафа Кемал Али Фуат Пашаны ұлттық қарулы күштердің бас қолбасшысы етіп тағайындады.

Падишахпен байланысқан Мұстафа Кемал оны Эрзурум мен Сивас конгрестерінің қаулысын мойындауға шақырды. Падишах бұл ұсынысты қабылдамаған соң, Мұстафа Кемал әкімшілік аймақтардың және қолбасшылардың Ыстамбул үкіметімен арасындағы байланысты үзді. Бұдан соң Дамат Ферди Пашаның үкіметі отставкаға кетті. Оның орнына құрылған Али Рыза Паша басшылығындағы үкімет ұлт-азаттық күресті қолдады. Мұстафа Кемал бұл үкіметтен депутаттар мәжілісін құру, Эрзурум және Сивас конгрестерінің қаулыларын мойындау сияқты талаптар қойды. Ыстамбул үкіметі мен Өкілдер деле-

гациясы арасында Амасьяда 1919 жылдың 19 қазанында келіссөздер жасалды. Сөйтіп Ыстамбул үкіметі ұлт-азаттық күрес қозғалысын мойындады. Бұл жағдай ұлт-азаттық қозғалысты жалпы халықтың қолдауына себеп болды.

Өкілдер делегациясы 1919 жылдың 27 желтоқсанында Сивастан Анкараға келді. Осы оқиғадан кейін Анкара ұлт-азаттық күрестің орталығы болды. Мұнда ұлт-азаттық күрестің үнқағазы «Ұлттық билік» (Хакимият-и Миллийе) газетін шығара бастады. Али Рыза Паша үкіметі депутат сайлауын ұйымдастырды. Мұстафа Кемал Эрзурум әкімшілік аймағынан депутаттыққа сайланды. Жаңа сайланған депутаттардың көпшілігі ұлт-азаттық күресті қолдаушылар болды. 1920 жыдың 12 қаңтарында депутаттар мәжілісі Ыстамбулда өтті. Мәжіліс 1920 жылдың 17 ақпанында ұлттық ант деп аталатын (Мисак-и милли) қаулыларды мойындап, ұлт-азаттық күресті қолдайтынын көрсетті. Мәжіліс, сонымен қатар Урфа, Антеп және Мараш қалаларын қоршауға алған француздарға наразылық білдірді. Антеп пен Мараш қалаларын Ұлттық қарулы күштер шабуылдан қорғады. Соңында француздар бұл қалалардан шегінді.

1920 жылдың 19-20 сәуірінде жасалған Сан-Ремо конференциясында Сирия мен Ливанда француз мандаттығы, Палестина мен Иракта ағылшын мандаттығының құрылуы, Батыс Анадолыда және Шығыс Фракияның гректерге берілуі туралы шешім қабылданды.

Гректер ағылшындардың қолдауына сүйеніп, Анадолының ішіне қарай ілгерілей бастады. Ағылшындар Ыстамбулда жиналған депутаттық мәжілісті таратып, қолға түскен депутаттарды Мальта аралына жер аударды. Отставкаға кеткен Ыстамбул үкіметінің орнына Дамат Ферит Паша тарапынан жаңа үкімет құрылды. Бұл үкімет ұлт-азаттық күрес қозғалысына қарсы жауыққан саясат ұстанды. Ағылшындардың қысымымен Шайхүлислам (Осман империясында дінбасы) Дүрризаде Абдуллах мырза пәтуа беріп, дін мен халифалыққа қарсы деген жаламен Мұстафа Кемал мен ұлт-азаттық күрес қозғалысын жақтаушылардың көзін жою керектігін айтты. Ағылшындардың қолдауымен Анадолының көптеген жерлерінде ұлт-азаттық қозғалысқа қарсы көтерілістер ұйымдастырылды. Ыстамбулдың жаулаушылардың қол астында болуына байланысты ол жерде жиылуға мүмкіндік болмағандықтан, Осман мемлекетінің депутаттар мәжілісі Анкарада жиылуға шешім қабылдады. 1920 жылдың 23 сәуірінде Анкарада жиналған Ұлттық ұлы мәжіліс халықтың атынан мемлекет басқаруды өз қолына алып, ұлт-азаттық күресті жүргізді. Мұстафа Кемал мәжіліс төрағасы болды. Мәжіліс заң шығару мен күшіне енгізу құзі-

реттілігіне ие екенін жариялап, жаңа үкімет құру туралы қаулы қабылдады. 1921 жылдың 20 қаңтарында жаңа конституция қабылданып, жаңа саяси жүйе құрылды. Батыс мемлекеттерінің түріктерге қарсы қарым-қатынасын көрген Мұстафа Кемал мен Кязым Карабекир шығыс саясатына көбірек мән берді. Мұстафа Кемал 1920 жылдың 26 сәуірінде Ленинге хат жолдап, ынтымақтастық жасауды ұсынып, жәрдем күтетінін жазды.

1920 жылдың 24 шілдесінде Мәскеуге барған Бекир Сами мырза бастаған делегация Чичеринмен кездесті. Кездесу нәтижесінде Ресейден қаражат пен қару-жарақ көмек ретінде келді. Бұл қаражат Кеңес Одағының Бұхара Республикасы тарапынан Түркияға жіберу мақсатында Ленинге берілгені мәлім. Осы тұста Грек армиясы Батыс Анадолыдағы қалаларды және Бурсаны жаулап алып, Анкараға едәуір жақындап қалған болатын. Ыстамбул үкіметіне мойындатырылған 1920 жылдың 10 тамызындағы Севр бітімі Фракия аймағын және Измир қаласын Грецияның пайдасына шешкен болатын. Түркияның Эрзурум, Ван, Битлис және Трабзон әкімшілік аймақтарында Армения мемлекеті құрылатын болды. Ефрат өзенінің шығысы жанадан құрылатын Күрдістан мемлекетіне берілетін болды. Ұлттық ұлы мәжіліс бұл бітімге наразылығын білдіріп, бітімге қол қойған азаматтарды отан сатқыны деп жариялады.

Кязым Карабекир Паша 1920 жылдың қазан айында Карс пен Ардаханды жау қолынан қайтарып алды да, 1920 жылдың 7 қарашасында Армяндармен Гюмру келіссөзіне, ал 2 желтоқсанда Гюмру бітіміне қол қойылды. Бұл бітім бойынша Шығыс Анадолыдағы Арвин, Карс, Ардахан сияқты әкімшілік аймақтар Түркияға қайтарылды. 1921 жылдың 13 қазанда Кеңес Одағымен жасалған Карс бітімі бойынша бұл шарттарды қарсы тарап қабылдады. Мұстафа Кемал Кеңес Одағымен ынтымақтастық жасағанына қарамастан түрік ұлтының болмысы мен сенімімен астаспайтын коммунизмнің Түркияда етек алуына мүмкіндік бермеді. Коммунистік партия мен оның үнқағаздары жабылып, аталмыш идеологияның жақтастарының біршамасы елден қуылды.

Шығыстағы шекараларын бекемдеп алған Анкара үкіметі гректермен күресу үшін дайындықтарын тәмамдады. Жаулаушылардың қол астындағы Ыстамбулдан жасырын шығарылған, сондай-ақ басқа жерлерден алынған қару-жарақтармен армия қамтамасыз етілді. Жүйелі армияға қосылғысы келмеген Черкез Этхемнің көтерілісін басты.

Гректердің Анадолының ішкі аймақтарына қарай ілгерілеуіне 1921 жылдың 6 қаңтарында I Инөнү шайқасы тосқауыл болды. Қар-

сылас одақтың мемлекеттері Лондон конференциясында өз дегендеріне Түркия тарапын көндіре алмаған соң, гректердің қайта шабуылдауына мүмкіндік жасады. Адапазары мен Афонды алған гректер II Инөнү шайқасында тағы да тойтарылды. 1921 жылдың 13 шілдесінде шабуылдауға шыққан гректер Кютахья және Эскишехирді алды. Осы оқиғадан соң Мұстафа Кемал Ұлттық ұлы мәжілістің төтенше қаулысымен бас қолбасшы болып тағайындалды. Эскишехир мен Афонкарахисар түбіндегі шайқастарда грек армиясын күл-талқан етіп жеңген түрік армиясы жаулауған түрік жерлерін азат етті. 30 тамыздағы жеңістен соң түрік армиясы 9 қыркүйекте Измирге кіріп, грек жаулаушыларын Анадолы жерінен қуып шықты.

Ұлт-азаттық күрес жылдарындағы ағылшындардың қол астында болған Ыстамбулдағы соңғы Осман үкіметтері Мұстафа Кемал бастаған бұл күреске наразылық білдіріп, қарсылас одақ мемлекеттерімен келіссөздер жүргізіп, бітімге келуді жөн санады. I Дүниежүзілік соғыстың жеңімпаздары Севр бітімі арқылы Түркияны аса ауыр шарттарға көндірмек болды. Ұлт-азаттық күрес жеңіспен аяқталған соң Севр бітімі өз күшін жойды. Лозаннада жасалған бітім бойынша Анкара үкіметі Түркияның тәуелсіз мемлекет ретінде батыс елдері тарапынан мойындалуына қол жеткізді. Мұстафа Кемалдің ұсынымен мәжіліс 1923 жылдың 29 қазанында республикалық басқару жүйесін қабылдады. Осман мемлекеті тарих сахнасынан кетті. Ұлт-азаттық күреске қарсы саясат ұстанған Сұлтан Вахдеттин елден кетті. Сұлтандықты түбейгейлі жойған Анкара үкіметі Абдүлмәжитті халифа етіп тағайындады. Бір жылдан соң халифалық жойылып, Түркияның Ислам әлемінің лидері екендігі туралы көзқарас жойылды.

Мұстафа Кемал бұдан соң жаңа Түркияны батыс мемлекеттері үлгісінде жаңадан жүйеледі. Мұстафа Кемалдің енгізген реформалары Ататүрік реформалары деп аталды. Бұлардың бастылары төмендегіше:

- Киім реформасы: Фестің орнына шапка кию;
- Швейцарияның неке туралы заңын негізге алған жаңа түрік неке туралы заңының қабылдануы;
- Діни ұйымдардың жабылуы, Ислам заңдылықтарының өз күшін жоюы;
- Батыстық күнтізбе мен өлшем жүйесінің қабылдануы;
- Тіл мен тарих саласында жаңа көзқарастардың пайда болуы, Тіл және Тарих қоғамдарының құрылуы;

Тек туралы заңның қабылдануы. Мұстафа Кемалға заң арқылы Ататүрік тегі берілді. Оның құрған жүйесі Ататүрікшілік және Кема-

лизм деген аттармен танымал болды. Мұстафа Кемал бұл реформаларды ендіру барысында оппозицияны қатаң шаралар қолданып, бастырып тастады да, елде бір партиялық жүйе құрды. Оппозициялық партиялар жабылды. Дегенмен Ататүріктің Түркияны болашақта көп партиялы жүйеге өткізу туралы ойлары болғаны мәлім.

Февзи Чакмак Пашаны басқолбасшы етіп тағайындаған Мұстафа Кемал гректердің шабуылына тойтарыс беру үшін дайындық жасады. 13 тамызда басталып, үш апта бойы жалғасқан Сакария соғысының нәтижесінде грек қарулы күштері ойсырата жеңіліске ұшырады. Мәжіліс Мұстафа Кемалға Гази деген атақ берді. Бұл жеңістен кейін Англиямен арасы бұзылған Франция Анкара үкіметімен 1921 жылдың 20 қазанында келісімге келіп, Севр бітімінің орнына Ұлттық антты мойындады. Француздар оңтүстік Анадолыдан шықты. Мәжілісте Мұстафа Кемалдің құзіреттілікпен әрі мәжіліс төрағасы, әрі үкімет басшысы болуына наразылық танытқан оппозиция пайда болды. Сол себепті Мұстафа Кемал үкімет басшылығына Рауф Орбай Пашаны тағайындауды ұсынды. Сөйтіп заң шығару және күшіне ендіру органдары бір-бірінен айрылды. 1922 жылдың 26 тамызында басталған гректерге қарсы шабуылдан соң, 30 тамызда Думлупынар түбіндегі шайқас жеңіспен аяқталды. Генерал Трикопис бастаған грек армиясының көптеген әскерлері тұтқынға алынды. Бұдан соң әрі қарай ілгерілей түскен түрік армиясы Эскишехир, Балыкесир, Айдын, Маниса және Бурса қалаларын грек жаулаушыларының қолынан құтқарды. 9 қыркүйекте Измир кері алынды. Гректер Антанта мемлекеттерінің кемелерімен қашты. Түрік армиясы ағылшындармен шайқаспастан Чанаккале бұғазын өз бақылауына алды. Фракиядағы грек армиясының отрядтары кері шегінді. 1922 жылдың 11 қазанында жасалған Муданья бітімімен соғыс аяқталды. Ағылшындар бейбіт келіссөздерге Анкара үкіметін де, Ыстамбул үкіметін де шақырды. Сол себепті мәжіліс 1922 жылдың 1 қарашасындағы қаулысымен сұлтандық пен халифалықты бір-бірінен айырып, сұлтандықтың жойылғанын жария етті. Падишах Вахдеттин 1922 жылдың 16 қарашасында елден кетуге мәжбүр болды. Ұлттық ұлы мәжіліс Абдүлмәжитті халифа етіп жариялады. Сөйтіп барлық саяси күш Анкарадағы жаңа үкіметтің қолына өтті. Алты ғасырдан астам уақыт билік құрған Осман әулетінің саяси күші жойылды. Мемлекет аты нақтылана қоймаған республикалық басқару жүйесіне өтті. 1920 жылдың 23 сәуірінен бастап, барлық билік Анкарада жиналған болатын. Ендігі кезек жаңа жүйені қалай атау керектігіне келіп тірелді.

Лозанна бейбіт келіссөзі 1922 жылдың 21 қарашасында басталды. Исмәт Инөнү түрік делегациясының басшысы болып тағайындалды. Ұзаққа созылған кездесулерден кейін 1923 жылдың 24 шілдесінде екі жақ бітімге келді. Келіссөзде Милли Мисакта (Ұлттық ант) көрсетілген шарттар түгелдей дерлік қабылданды. Хатай мен Мусул әкімшілік аймақтарының мәселесін шешу кейінге қалдырылды. Кейінірек жасалған кездесулерде ағылшындармен қайта соғысудан тартынған Түркияның Мусулдан бас тартудан басқа амалы қалмады. Түркия Осман империясының сыртқы қарыздарын төлеуді өз мойнына алды. Шетелдерге берілген капитуляциялар өз күшін жойды. Түркия Осман империясының ие болған жерлеріне көз тікпеуге келісті. Кейінірек жасалған келіссөз бойынша Грециядағы түріктер мен Түркиядағы гректер алмастырылды. Милли Мисак пен Лозанна келіссөздері жаңа түрік мемлекетін құру құжаты болып танылды. Лозанна келісімі жасалған соң Ағылшын әскерлері 1923 жылдың 21 қыркүйегінде Ыстамбұлдан түбегейлі шықты.

Мұстафа Кемал мәжіліс депутаттары сайлауын жаңартып, өзі басшылық жасаған Құқық қорғау тобының Мәжілісте үстемдігін қамтамасыз етті. Бұл топ кейінірек Халық Партиясы деп аталды. Бұл топ өкілдерінің үлкен бөлігі Османлы Иттихат вэ Теракки партиясының адамдары болды. Сөйтіп бұл қозғалыс жаңа атпен өз қызметін әрі қарай жалғастыру мүмкіндігіне ие болды. Иттихат вэ Теракки партиясының дәстүрі Түркияның саяси және идеологиялық тарихында кейінгі жылдарда да ықпалды болып келді. Бірінші мәжілісте оппозиция тобына кірген депутаттардың көпшілігі жаңа Мәжіліс депутаты бола алмады. Осылайша Мұстафа Кемал өзі жоспарлаған реформалары үшін Мәжілісте қолайлы жағдай жасады.

1931 жылы жиналған Республикалық Халық партиясы өздерінің идеологиясын алты оқ символымен белгіледі. Алты оқ республикашылдық, ұлтшылдық, халықшылдық, мемлекетшілдік, зайырлылық және реформашылдық принциптерін бірдірді. Бұл принциптер 1937 жылы конституцияға да жазылып, мемлекеттік принциптерге айналды.

Мұстафа Кемал бір партиялық жүйеден шығу үшін бұрын өзі жапқызған Тераккипервер Республикалық партиясының орнына жаңа оппозициялық партияның құрылуын және Республикалық Халық партиясы үкіметінің Мәжіліс тарапынан бақылануын жөн көрді. Жолдасы Фетхи Оқярға жаңа оппозициялық партия құру тапсырмасын берді. 1930 жылдың 2 қыркүйегінде құрылған Тәуелсіз Республика партиясы либералдық принциптерге сүйенді. Алайда елдегі экономикалық жағдайдың нашарлығы халықтың аталмыш партияға

дауыс беруіне себеп болды. Премьер-министр Исмәт Инөнүге бұл жағдай ұнай қоймады. Мұстафа Кемалдің ұсынысымен Тәуелсіз Республика партиясы да жабылды. Бұл өзгеріс Түркияға демократияның келуін он бес жылға кешіктірді. Түрік ошақтары және басқа да ұйымдар жабылып, Түркияда оппозициясыз кезең басталды. Билік пен халықтың арасы барған сайын бұзыла түсті. Зайырлылық принципі шынайы ерекшелігінен алшақтап, діни түсінікке қарсы қысым ретінде қолданылды. Халықты надан деп танып, халыққа күштеп тәлім-тәрбие беру ұстанымы үстем болды.

Исмәт Инөнү үкіметтері кезеңі қатаң бюрократиялық қысым мен қатаң мемлекет экономикасының кезеңі болды. Ататүрік 1937 жылы Желял Баярды Исмәт Инөнүнң орнына премьер-министрлікке тағайындап, негізінен өзі қалаған либералдық жүйеге өткізі келді. Ататүріктің өзі Иш Банкасы деп аталатын жекеменшік банктің акционерлері арасында орын алып, осы принциптің қалай жұмыс істейтінін көрсеткісі келді. Бірақ оның мезгілсіз опатынан соң, оның орнына келген Исмәт Инөнү кезінде Түркия қайтадан бюрократиялық қысымшыл мемлекетшіл жүйеге оралды.

Ататүрік Италия мен Германияның отарлау саясаттарына қарсы алдын алу шарасы ретінде Балқан пактының құрылуын ұсынды (1934). Түркия, Югославия, Румыния және Греция бұл бітім бойынша одақ құрды. Ататүрік Кеңес Одағының шекараларын кеңейтуіне қарсы Түркия, Иран, Ауғанстан және Ирак арасында құрылған Садабад Пактын жасады. (1937).

Ататүріктің жүзеге асырғандары мен жүзеге асырғысы келген шаралары түрік ұлтын дамыған өркениет деңгейіне көтеру мақсатына бағытталған болатын. Мұстафа Кемал Ататүрік 1938 жылдың 10 қарашасында қайтыс болды. Исмәт Инөнү оның орнына президент болып сайланды.

Исмәт Инөнү кезеңі (1938-1950): Исмәт Инөнү президент болып сайланған соң дүниежүзінде пайда бола бастаған саяси төңкеріс және Еуропадағы өзгерістердің ықпалымен өзін «ұлт көсемі» деп жариялатты. Мемлекеттің және партияның өзгермейтін басшысы болды. Инөнү кезеңінде мемлекеттік қатаң қысым шаралары жалғаса берді. 1939-1945 II Дүниежүзілік соғыстың шарттары мемлекеттің қысымына қарсы шығуға мүмкіндік бермеді. Соғысқа кірмеген Түркия экономикалық жақтан ауыр ахуалда болғанына қарамастан соғыстан зардап көрмеді. Бұл кезеңде зайырлылықтың түрлі діни түсінікке қарсы қысым ретінде қолданылуы халық арасында наразылық тудырды. Ауыр жазалардан езілген халық қатты қиналып, жоқшылықта өмір

сүрді. Инөнү Кеңес Одағынан келген бұғаздардың статусын өзгерту және Германия мен Италияның Жерорта теңізіндегі отарлау саясатынан туған қауіпіне қарсы Англия және Франциямен жақындасу саясатын ұстанды. Бұл мемлекеттермен 1939 жылы өзара көмек келісімі жасалды. Түркия бір жағынан Германиямен қарым-қатынастарын бұзбауға тырысып бақты. Соғыстың аяғында Түркия символикалық түрде Германия мен Жапонияға соғыс ашты. Мұның себебі 1945 жылы жаңа құрылып жатқан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болу еді. Түркия 1945 жылы Сан-Францискода жиналған БҰҰ-ның жиынына құрушы мүше ретінде қатысты.

Соғыстың соңында Кеңес Одағының Түркияның жерлеріне сұқтануы мен сес көрсетуі кезінде жалғыз қалған Түркия батыс елдерімен жақындасуға мәжбүр болды. Кеңес Одағының талаптарына қарсы тұру үшін Америкамен жақындасқан Түркия 1946 жылы АҚШ-тың Ыстамбұлға жіберген екі соғыс кемесімен сес көрсете бастады.

Коммунизмнің кең таралуына тосқауыл болғысы келген АҚШ Трумен доктринасымен Түркия мен Грецияға көмек көрсете алатынын жария етті. Осылайша Кеңес Одағының талаптары оң нәтиже бермеді.

Түркияның батыс мемлекеттерімен жақындасуы демократияның елге енуіне себеп болды. Аднан Мендерестің Мәжілісте сөйлеген ауыр оппозициялық сөзінен соң, Исмет Инөнү оппозициялық партиялардың құрылуына рұқсат беретінін айтты. Бұл оқиғадан кейін 1945 жылы екі оппозициялық партия құрылды. Желял Баяр, Аднан Мендерес, Фуат Көпрүлү және Рефик Коралтан құрған Демократтық партия аз уақыттың ішінде халықтың қолдауымен күшейе түсті. Үкіметтің қысымымен жүргізілгеніне қарамастан 1946 жылғы сайлауда Мәжіліске кірген бұл партия 1950 жылғы сайлауда халықтың 53% дауысын жинап, билеуші партия болды. Сөйтіп Түркияда еркін сайлаумен халық билігі өзгерді. Түркия сол жылдан бастап демократиялық принциптерді ұстанумен қатар жаңа дәуірге қадам басты.

Демократтық партия кезеңі (1950-1960): Демократтық партия сайлауда жеңіске жеткен соң, Аднан Мендерес премьер-министр болды. Түркияда ірі екі партия орын алған жүйе қалыптасты. Демократтық партия шаруаға төмен пайызбен кредит ұсынып, ел әрі қарай дами түсті. Экономика саласында мемлекет бақылауы жалғасын тапса да, жекеменшік кәсіпкерлікке жол ашқан Демократтық партия экономиканы дамытуда жаңа белеске көтерілді. Американың Маршал жобасы аясында алынған көмек елдің дамуында ықпалды болды. Түркия 1952 жылы НАТО-ға мүше болып, сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз

етті. 1952 жылы Сталиннің опат болуы Кеңес Одағынан келетін қауіпті жойды.

Демократтық партияның билігі кезінде бұрынғы билік кезінде байқалған дінге қысым жойылды. Діни тәлім-тәрбие беретін мектептер ашылды. Өртүрлі салада демократиялануға қарай қадамдар жасалды. Халықтың көпшілігінің қолдауына ие болған Демократтық партия 1954 және 1957 жылғы сайлауларда жеңіске жетті. Алайда Демократтық партия мен Республикалық халық партиясының арасындағы кикілжің арта түсті. Ауылдардан қалаларға көшкен халықтың шығарған мәселелеріне уақытылы шешім таба алмаған Демократтық партия үкіметі экономикалық мәселелермен басы қатты. Оппозициялық топтарға қарсы ара-кідік ауыр шаралар қолданған үкіметке қарсы университеттерде және жастар арасында пайда болған оппозициялық көзқарасты пайдаланған қарулы күштер ішіндегі топ 1960 жылдың 27 мамырында әскери төңкеріс жасап, үкіметті құлатты. Демократтық партияның лидерлеріне конституцияға қайшы әрекет жасады деген айып тағылды. Төңкерісшілер құрған соттың шешімімен премьер-министр Аднан Мендерес пен екі министр өлім жазасына кесілді. Демократтық партияның депутаттары бас бостандығынан айрылды. Түркия ұлттық бірлік комитеті деп аталатын 38 офицерден құралған бір топ ел билігін қолға алды. Демократия принциптері билікте қолданылмады.

27 мамыр төңкерісін жасағандар Республикалық халық партиясымен ынтымақтасып, жаңа конституция жасап, сайлау ұйымдастырды. Демократтық партия жабылды. 1961 жылғы сайлауда Республикалық халық партиясы мен Демократтық партияның мұрасына ие болғысы келген Жаңа Түркия партиясы мен Әділет партиясы билікте күш сынасты. Исмет Инөнүн премьер-министрлігінде коалиция үкіметі құрылды. Елді 1965 жылғы сайлауға дейін коалиция үкіметтері басқарды. 1965 жылғы сайлауда Сүлеймен Демирелдің басшылығындағы Әділет партиясы 53% дауыс жинады. Сүлеймен Демирел үкіметі кезінде экономикалық даму қарқындады. Елдің түкпір-түкпірінде жолдар, су қоймалары, фабрикалар іске қосылды. Бірақ бұл кезеңде Түркияда шет мемлекеттердің қолдауымен социалистік және коммунистік қозғалыстар белең алды. 1969 жылғы сайлауда да жеңіске жеткен Әділет партиясы өз партиясының жастарының әрекеттеріне кедергі жасай алмады. Қарулы күштер 1971 жылы Мәжіліске мәлімдеме жолдап, Сүлеймен Демирел үкіметінің биліктен кетуіне себеп болды. Елде қатаң билік жарияланды. Қарулы күштердің дегенімен үкімет құрылды.

1973 жылғы сайлауда Әділет партиясы 30% дауыс жинап, екінші партия болды. Бүлент Эжевит басқарған Республикалық халық партиясы 33% дауыспен бірінші партия болды. Басқа партиялар да мәжіліске кірді. Бүлент Эжевиттің Ислами көзқарастағы Ұлттық саламат партиясымен бірге құрған коалициялық үкіметінің өмірі ұзаққа созылмады. Бұл үкімет кезінде Түркия Кипрге әскер кіргізді. Грек офицерлерінің Кипрде төңкеріс жасап, президент Макариосты биліктен алшақтату және аралды Грецияға бағындыру ниетіне Түркия Кипр Республикасын құрған, 1960 жылғы Лондон және Цюрих келіссөздеріндегі өз құқығын қолданған Түркия аралға әскер енгізіп, аралдың үштен бірін қол астына қаратты. Кипрдің жаңа статусы бойынша қазіргі күнге дейін жүргізіліп келе жатқан кездесулер ешқандай нәтиже бермеді. Арал екіге бөлінді. Эжевит өз еркімен қызметінен босаған соң, елді жаңа коалиция үкіметтері басқарды.

1977 жылғы сайлауда Республикалық халық партиясы 41,4% дауыс жинап, бірінші партия болды. Бірақ депутат саны жеткіліксіз болғандықтан, Эжевит азшылық үкімет құрды. Бұл үкімет сәтсіз құрылғандықтан қызметінен кеткен Эжевиттің орнына Сүлеймен Демирел коалиция үкіметін құрды. Бұдан соң Эжевит жаңадан коалиция үкіметін құрды. Бұл үкіметтің мемлекетшілдік саясатына байланысты елде экономика тоқырауға ұшырады. Лаңкестік те елді қиын жағдайға жеткізді. Сүлеймен Демирел құрған азшылық үкіметі де елде қалыптасқан жағдайға кедергі бола алмады.

12 қыркүйек әскери төңкерісі: Елдегі саяси қылмыстардың және тұрақсыздықтың өршуін сылтауратып, қарулы күштер әскери төңкеріс жасап, билікті қолына алды. Кенан Эврен басқарған әскери режим құрылды. Демократия принциптері тоқтатылды. Мәжіліс таратылды. Кеңесу мәжілісі деп аталатын уақытша мәжіліске сайлау өткізілді. Бүлент Улусу премьер-министр болып тағайындалды. Жаңа конституция жасалып, 1983 жылы сайлау ұйымдастырылды. Тургут Өзал басқарған Анаватан партиясы сайлауда жеңіске жетіп, жеке партия болып үкімет құрды.

Тургут Өзал экономикалық структурада түбегейлі өзгерістер жасап, либералдық негізге сүйенген экономикалық саясат жүргізді. Ел қайтадан қарқындап дами бастады. Түркия экспортта және туризмде жылдам дамыды. Елдің коммуникациялық жүйесін жанартып, дамыған елдермен терезесі тең болды. Түркия экономикасы мен саясаты арқылы әлем елдері арасында бұрынғысынан әлдеқайда мықты елге айналды.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мутафа Кемал Ататүріктің Түркия елінің тарихында алатын орнына баға беріңіздер.
2. Ататүрік реформаларының маңызы неде? Ататүрік принциптерін атаңыздар.
3. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Түркияның сыртқы саясатына сараптама жасаңыздар.
4. Түркия Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктеріне сипаттама беріңіздер.
5. Түркия мен Қазақстан арасындағы байланыстарға баға беріңіз.

6. Өзбекстан Республикасы

1991 жылы 31 тамызда Жоғарғы кеңестің кезектен тыс жиналысында Өзбекстанның тәуелсіздігі жарияланды. Президенттік басқарудағы ел. 1992 жылы 8 желтоқсанда конституциясы қабылданды. Бес ел: солтүстік-шығыста Қырғызстан, солтүстік және солтүстік-батыста Қазақстан, оңтүстік-батыста Түрікменстан, оңтүстік-шығыста Тәжікстан және Ауғанстанмен шекаралас. Территориясы – 447,4 мың км². Астанасы – Ташкент қаласы. Өзбекстанның территориялық-әкімшілік бөлінісі бойынша құрамына: Қарақалпақстан республикасы, 12 облыс, 163 аудан, 119 қала кіреді. Олий Мажлис Өзбекстан Республикасының заң шығарушы органы, мемлекеттік құрылымы бойынша унитар мемлекет. Ішкі және сыртқы саясатта “ислам факторы” маңызды рөл ойнайды. Оның өмір салтында, адамдар психологиясында, рухани құндылықтарда, осы дінді ұстанушы халықтарды жақындастыруда орны ерекше. Маңызды ерекшеліктердің бірі – спецификалық-демографиялық жағдай. Көп ұлтты мемлекет, басым бөлігі өзбектер. Территорияда 100-ге жуық ұлт өкілдері өмір сүреді. Өзбекстан Республикасының экономикалық және саяси тәуелсіздігін қорғау потенциалы жеткілікті. Әлемдік рынокқа шығуға ел ішіндегі бағалы минералды-шикізаттық ресурстар терең структуралық дамуға кепілдік береді. Экономикалық стратегия 5 принциптен: экономика деполитизациясы, мемлекеттің регулялаушы рөлі, заң үстемдігі, күшті әлеуметтік саясат, мәселелерді шешудегі рет-реттілік оның деңгейі мен маңызына қарай. Банктік жүйе қалыптастырылған, мемлекеттік материалды-техникалық қамту және ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу түп-тамырымен реформаланған. Универсалды және мамандандырылған тауар-шикізаттық биржа, брокерлік конторалар және сауда үйлері дами бастады.

Экономикадағы структуралық өзгерістер елдің экономикалық тәуелсіздікке жетуіндегі бір кілті ретінде қарастырылды, халықтың ахуалын жақсарту көзделді. Структуралық саясат ауыл шаруашылығы шикізатын және минералды ресурстарды терең өңдеу, жанармай-энергетикалық және азық-түліктік тәуелсіздікке жетуді көздейді.

Базалық салалармен бірге алдағы дамуын автомобиль құрылысы, самолет құрылысы, ауылшаруашылығы техникасы құрылысы, электротехникалық машина құрылысы және металл өңдеу, жеңіл, тағам өндірісі тұтынушылық тауарлары алуда. Халықаралық ұйымдар, әлемнің ірі қаржылық және банктік корпорациялары Өзбекстанның сыртқы саясатын қолдауда. Инвестициялық саясатта Өзбекстан негізінен шикізат және ресурстарды қайта өңдеу, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, транспорттық-телекоммуникациялық инфра-структураның дамуы, электр үнемдеуші құрылғыларды жасау, туризм индустриясының дамуына, экспорттың потенциалы артуына бағытталған. Жапония, Германия, АҚШ, Франция және т.б. елдердің қаржылық институттарының көмегімен ел экономикасындағы маңызды салаларында стратегиялық маңызды жобалар жүзеге асырылуда және осы елдердің компаниялары өзбек рыногында табысты жұмыс жүргізуде. Шетел инвестицияларының көлемі жыл санап артуда. Елдің экономикалық өсуі, сыртқы экономиканы либерализациялау бағдарламалары Өзбекстанды инвестициялық сенімді серіктес ретінде рейтингін көтеріп, экспорттық потенциалын арттырады.

Тақырыпты меңгеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Өзбекстан Республикасының тәуелсіздігін жариялаудың тарихи маңызын атаңыз.*
- 2. Өзбекстан Республикасының бүгінгі таңдағы экономикалық дамуына сараптама жасаңыздар.*
- 3. Өзбекстан қандай халықаралық ұйымдарға мүше?*
- 4. Өзбекстан Республикасының бүгінгі даму қарқынына қандай баға бересіз?*

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. 745 жылы ұйғыр қағанатының негізін қалаушы:

1. Құтлық Білге Күл қаған
2. Моен Чор
3. Бөру
4. Баға Тархан
5. Алып құтлұқ Білге

2. Мұстафа Шоқайдың инициативасымен жарияланған ғылыми журнал.

1. Яш Туркестан
2. Түркият журналы
3. Айқап
4. Оян қазақ
5. Түрік әлемі

3. Ұйғыр қағанатының құлауына себеп болған түркі тайпасы:

1. Қытай
2. Қыпшақ
3. Қарлұқ
4. Қырғыз
5. Монғол

4. Талас соғысының түрік тарихы үшін ең маңызды нәтижесі:

1. Қытай жеңілген
2. Орта Азия қарлұқтардың қолына түскен
3. Арабтар Орта Азияны басып алған
4. Ислам діні түріктер арасында тараған
5. Қытай Орта Азияны жаулап алған

5. Исламнан бұрын түріктердің әлеуметтік өмірінде қайсысы болмаған?

1. екінші әйел алуға тыйым салған
2. туысқандар арасында үйлену болмаған
3. әмеңгерлік болған
4. адамдарды құл ретінде пайдаланған
5. әйелдер әлеуметтік өмірде маңызды рөл атқарған

6. Түркістан Автономиясын құрған кісі.

1. М. Шоқай

2. М. Тынышбаев
3. М. Жұмабаев
4. Ә. Бөкейханов
5. С. Лапин

7. Түріктер алғаш рет қандай алфавитті қолданған?

1. Орхон
2. Ұйғыр
3. Қытай
4. Латын
5. Кириллица

8. «XIX ғ 20-40 ж.ж. Қазақстан тарихы» еңбегі үшін қуғынға ұшыраған кім?

1. Қ. Сәтбаев
2. Ә. Бөкейханов
3. Е. Бекмаханов
4. М. Қойгелдиев
5. М. Қозыбаев

9. Алғашқы мұсылман-түрік мемлекетін көрсетіңіз.

1. Осман
2. Тимур
3. Қарахан
4. Бабыр
5. Шағатай

10. Қазақстан мен Орта Азияда мекендеген Сақ тайпалық бірлестігі туралы мәлімет беретін «Тарих» атты еңбектің авторы кім?

1. Аристотель
2. Геродот
3. Плиний
4. Клавдий
5. Диодор

11. Түркі халықтарының тарихы туралы, әсіресе қыпшақтар мен қимақтар тарихын суреттейтін орыс деректерінің бірі:

1. Тарих
2. Беустин

3. История тюрков
4. Авеста
5. Сибирская летопись

12. «Диуани Лугат ат-Түрік» шығармасының авторы:

1. Фирдоуси
2. Рашиди
3. Махмұд Қашғари
4. Бируни
5. Насими

13. Орхон жазбаларын алғаш болып оқығандар кімдер?

1. Томсен, Радлов
2. Джоннан Филипп, Радлов
3. Томсен, Ядринцев
4. Ядринцев, Радлов
5. Массон, Грязнов

14. Қырым жерін Ресейге қосу жөнінде жарлық шығарған орыс патшасы:

1. II Екатерина
2. I Александр
3. I Петр
4. Николай II
5. Александр II

15. Радловтың пікірінше түріктердің атамекені:

1. Алтайдың шығыс аймағы
2. Орал тауларының оңтүстік бөлігі
3. Эргенекон мекені
4. Алтай, Саян тауларының солтүстігі
5. Алтайдың оңтүстігі

16. IV-VI ғ. Қытайдың солтүстігінде құрылған, кейін саяси болмысын жоғалтқан түрік мемлекеті:

1. Эфталит
2. Азия ғұндары
3. Түргештер
4. Табғаштар
5. Ұйғырлар

17. Б.з.д. III ғ. Қаратау маңы мен Сырдария өзенінің орта ағысында тұрған тайпалар бірлестігі қалай аталды?

1. Қарлұқтар
2. Үйсіндер
3. Оғыздар
4. Ғұндар
5. Қаңлылар

18. Жуан-жуан немесе аварларды көшке мәжбүрлеген қай мемлекет?

1. Түргештер
2. Ұйғырлар
3. Түрік қағанаты
4. Византия
5. Батыс Франктері

19. Жібек жолындағы билікті қолына алу үшін Түрік қағанаты 557 жылы қай мемлекетті құлатты?

1. Еуропа ғұн
2. Авар
3. Ақ ғұн
4. Табғаш
5. Ұйғыр

20. Түркі халықтары арасында қай халық қазіргі таңда христиандық дінін ұстанады?

1. Гагауыз
2. Түркімен
3. Қазақ
4. Өзбек
5. Әзербайжан

21. Орхон жазбалары қай қағандық тұсында жазылды?

1. Ұйғыр
2. Түргеш
3. Түрік
4. Монғол
5. Қырғыз

22. Орхон жазбалары қай ғасырда тарих сахнасына шықты?

1. VI ғ.
2. VIII ғ. соңы – IX ғ. басы
3. VII ғ. соңы
4. VI-VII ғ. арасы
5. VII-VIII ғ. арасы

23. I Түрік қағанатының гүлдену уақытындағы қаған:

1. Мұқан қаған
2. Қара қаған
3. Бумын қаған
4. Истеми қаған
5. Тарду қаған

24. Түрік қағанатындағы 50 жылдық тоқырау кезеңі:

1. 580-620
2. 585-635
3. 630-680
4. 610-681
5. 637-697

25. «Ел қағаны» лақап атын алған түрік қағанатының билеушісі:

1. Мұқан
2. Бумын
3. Білге
4. Құтлұқ
5. Қапаған

26. Қай жылы Түрік қағанаты Шығыс және Батыс болып бөлінді?

1. 582 ж.
2. 552 ж.
3. 560 ж.
4. 590 ж.
5. 597 ж.

27. II Түрік қағанатының алғашқы билеушісі:

1. Бумын
2. Білге

3. Күлтегін
4. Қапаған
5. Құлқ

28. Ұйғырлар мемлекеті қай мемлекеттің солтүстік территориясында өз мемлекетін құрды?

1. Үндістан
2. Византия
3. Қытай
4. Маньчжурия
5. Славяндар

29. Турфан ұйғыр мемлекеті қандай діннің өкілі және қорғаушысы болды?

1. Манихеизм
2. Ислам
3. Буддизм
4. Христиан
5. Зороастризм

30. Қырғыздар 840 жылы қай мемлекетті құлатты?

1. Түрік қағанатын
2. Авар мемлекетін
3. Қарлұқтарды
4. Ұйғырларды
5. Түргештерді

31. Ахыскалардың екінші атауы:

1. Мескет
2. Түрік
3. Қарақалпақ
4. Гагауыз
5. Чуваш

32. Ғұндар кімдермен бірігіп Бұлғар тайпасын құрды?

1. Оғыздармен
2. Авардармен
3. Оғырлармен
4. Үздермен
5. Тоғыз татарлармен

33. VI ғ. Басында Кавказда күшті мемлекет құрған түрік тайпасы:

1. Авар
2. Сабар
3. Ғұн
4. Печенег
5. Үз

34. Еуропадағы алғашқы мұсылман мемлекет:

1. Еділ Бұлғары
2. Мажарлар
3. Қыпшақ мемлекеті
4. Қарахан
5. Хазарлар

35. Төменгі қалалардың қайсысы ұлы Жібек жолы бойында орналасқан?

1. Орал
2. Ақтай
3. Семей
4. Отырар
5. Ақмола

36. Күршат көтерілісі қандай мақсатта болды?

1. Түрік қағандарының қытай ханшаларына үйленуіне қарсы
2. Қытай императорын тақтан тайдыру
3. Қытай бодандығынан тәуелсіздікке ұмтылу
4. Түркі-қытай қарым-қатынасына қарсы
5. Салықтың шамадан тыс салынуына қарсы

37. Ислам дінін қабылдаған оғыз тайпаларын арабтар қалай атады?

1. түріктер
2. қыпшақтар
3. өзбектер
4. түрікмендер
5. қазақтар

38. IX ғ. Оғыздар мемлекетінің астанасы:

1. Тараз
2. Сығанақ

3. Отырар
4. Сауран
5. Янгикент

39. Түркілер өздерінің шығуын қай аңызбен байланыстырады?

1. Маймыл мен орман әруағы
2. Көкбөрі мен ақмарал
3. Ғұн ханзадасы мен қаншық қасқыр
4. Көкбөрі мен жужан ханзадасы
5. Көкбөрі мен қыран

40. Ашина –

1. Қасқыр, бөрі
2. Күшті, мықты
3. Ғұн тайпасы
4. Нағыз батыр
5. Монғол

41. Ту-кю сөзін түрік деп аударған ғалым:

1. Гумелев
2. Радлов
3. Томсон
4. Пелью
5. М.Қашқари

42. Түркеш атауын «Нағыз түрік, шын түрік» деген пікірді айтқан?

1. Әл Идриси
2. Жүсіп Баласағұн
3. Махмұд Қашқари
4. Рашд-ад-Дин
5. Ибн Фадлан

43. Түркештерді мұқырлар және абарлардан пайда болды деп кім айтты?

1. Томсон
2. Радлов
3. Гумилев
4. Шуе Зұңжың
5. Ибн Фадлан

44. Түркеш қазанатын 20 облысқа бөліп, әр облыста 7 мың адамнан орнатқан қазан:

1. Шоге
2. Чжен
3. Үш Елік
4. Ілміш
5. Ата Бойша

45. Түркеш қазаны Сақал мен оның інісі Жену арасындағы қақтығыс қытайдың қай жылнамасында кездеседі?

1. Көне және Жаңа Таңнамада
2. Сүйнама
3. Билік ғибратнамасы
4. Құпия шежіре
5. Сы Ф Иуан Гуй

46. Б.з. II ғасырында қарлұқтар жайында мәлімет беретін «География» еңбегінің авторы:

1. Геродот
2. Птоломей
3. Исократ
4. Диосфен
5. Дарий

47. Қарлұқтардың негізгі мекендеген жері:

1. Саян, Алтай таулары
2. Жоңғария, Шығыс Қазақстан және Алтай тауы
3. Жоңғария және Солтүстік Қытай
4. Қазіргі Монғолия жері
5. Оңтүстік Қазақстан жерлері

48. Атлах соғысынан кейін 6 жылдан соң қарлық-қытай қатынасының қайта орнауының себебі:

1. Шығыс Түркістанда ұйғырлардың күшеюі
2. Арабтардың қайта соғысқа дайындалуы
3. Монғол тайпаларының қаупі
4. Қытайдың ішкі саяси жағдайы
5. Түркештердің қаупі

49. Маргос келісімшартында Аттила Византиялықтардан не талап етті?

1. Ғұндардан қашқан адамдарға Византия территориясынан баспана берілмеуі
2. Жылдық салықтың екі есе артығымен төленуі
3. Византиялықтар Батыс Еуропа ғұндарына бағынышты халықтарымен қарым-қатынас жасаспайды
4. Сауда шекара бойындағы қалаларда ғана жасалынуы тиіс
5. Жауаптардың барлығы дұрыс

50. Орта Азия түріктерінде поэзияның сопылық бағытын кім дамытты?

1. Ибн Сина
2. Әл-Фараби
3. Йассауи
4. Бируни
5. Хорезми

51. Ұлы Бұлғар мемлекетінің құрушысы кім?

1. Кубрат
2. Білге қаған
3. Меңлікерей
4. Дәулеткерей хан
5. Көшімхан

52. Махмұд Қашқаридің еңбегінде оғыздар қанша тайпадан құрылған?

1. 12
2. 24
3. 15
4. 11
5. 22

53. Ресей Федерациясының ішінде географиялық тұрғыдан ең көлемді жері бар федеративтік республика:

1. Якут
2. Тува
3. Чуваш
4. Башқұрт
5. Қырым

54. А. Македонскийдің Сырдария өңірінде тұратын сақ тайпаларын бағындырғысы келген әрекеті немен аяқталды?

1. Сақ тайпаларын өзіне бағындырған жоқ
2. Сақ тайпаларын өзіне бағындырды
3. Сақ тайпаларын жойды
4. Сақтармен соғыс жүргізген жоқ
5. Сақтармен одақ құрды

55. Ақ ғұн мемлекеті қай территорияда құрылды?

1. Ауғаныстан
2. Иран
3. Ирак
4. Хорасан
5. Хорезм

56. 1475 жылы Қырым хандығы кімге тәуелді болды?

1. Осман
2. Ресей
3. Иран
4. Қазан
5. Астрахань
6. Осман

57. Шежіре-и Теракима кім тарапынан жазылған?

1. Абулғазиз Бахадурхан
2. Мұхаммед Шайбани
3. Ильбарс
4. Бабыр
5. Шах Исмаил

58. Қарлұқтардың көршілерімен шектескен жерінен мәлімет беретін «Худуд әл-әлам» шығармасының авторы:

1. М. Қашқари
2. Әл Идриси
3. Ибн Фадлан
4. Ауфа
5. Ж. Баласағұн

59. 759 жылы ұйғыр қазаны Бөгінің қабылдаған діні:

1. Ислам

2. Христиан
3. Будда
4. Көктәңірі
5. Заростризм

60. Қытайдың қай дерегінде қырғыздар сол кездің өзінде қырғызша сөйлеген делінген?

1. Таңнама
2. Сүйнама
3. Тан мұрагерлерінің тарихы
4. Син тан шу
5. Құпия шежіре

61. Қарлұқтар қытай деректерінде?

1. Гэлолу
2. Ту-кю
3. Хагес
4. Шаню
5. Соге

62. Қарлұқ қағанаты халқының басым көпшілігі айналысқан өндіріс?

1. Түсті және асыл металл өндіру
2. Егіншілік
3. Аңшылық
4. Балық аулау
5. Ешқандай өндіріспен айналыспады

63. Қарлұқтардың ябғуларынан шыққан Білге Күл Қадыр негізін қалаған мемлекет?

1. Оғыз мемлекеті
2. Салжұқ мемлекеті
3. Қарахан мемлекеті
4. Қимақ мемлекеті
5. Қыпшақ мемлекеті

64. IX ғасырда қай тайпалардың бірлестігінен Қарахан мемлекетінің билігі құрылды?

1. Шігіл және яғма
2. Тухси және яғма

3. Шігіл және тухси
4. Аргу және лабан
5. Лабан және яғма

65. Қимақтарға қатысты араб және парсы деректерін зерттеген Қазақстанның тарихшы-шығыстанушысы

1. Ә. Марғұлан
2. Б.Е. Көмеков
3. М. Қойгелдиев
4. Т. Омарбеков
5. Қ. Алдажұманов

66. Қимақтардың шығу тегі, тайпалық бірлестіктің құрыла бастағаны жайлы кімнің еңбегінде кездеседі?

1. Ибан Фадлан
2. Әл-Масуди
3. Әл-Якуби
4. Гардизи
5. Птоломей

67. Қимақ қағанатының бұқара халқының арасындағы діни нанымның басым түрі:

1. Манихей
2. Ислам
3. Будда
4. Христиан
5. Шаманизм

68. Қыпшақ тайпасының мекендеген жері, шекара, көршілері туралы ең алғашқы деректерді жазған?

1. Ибн Хордадбек
2. Жанах Ибан Хақан
3. Ибн Фадлан
4. М. Қашқари
5. Жүсіп Баласағұн

69. XIII ғасырдың аяғынан бастап Византияның нағыз қатерлі жауы:

1. Түріктер-османдар
2. Вестгот және остгот тайпалары

3. Қыпшақтар
4. Печенегтер
5. Оғыздар

70. Тарихи деректемелерде қазақ ханы Хақназарды қай елдің ханы деп атаған?

1. Қазақ, өзбек ханы
2. Қазақ, ноғай ханы
3. Қазақ, қырғыз ханы
4. Көшпелілер ханы
5. Қазақ, қыпшақ ханы

71. «Шекарасының ұзындығы 7-8 айлық жол. Баркөл, Ертіс, Көкшетеңіз, Түркістан, Ташкент, Ферғана, Қашғар, Ақсу – бұл Моғолстан жері» – деген мәліметтің авторы:

1. О. Кухистани
2. М. Қашқари
3. С. Бақырғани
4. Ж. Баласағұн
5. М. Дулати

72. 756 жылы қытайлардың қарлұқтармен қайта қатынас орнатуының себебі неде?

1. Ұйғыр мемлекетінің күшеюі
2. Араб шапқыншылығы
3. Түргеш мемлекетінің күшеюі
4. Жібек жолын қалпына келтіру
5. Сауданы дамыту

73. Моғолстанның құрылуы:

1. Жошы ұлысының құлауымен байланысты
2. Шағатай ұлысының құлауымен байланысты
3. Үгедей ұлысының құлауымен байланысты
4. Алтын Орданың құлауымен байланысты
5. Ақ Орданың құлауымен байланысты

74. В.В. Бартольдтың айтуы бойынша Шағатай ұлысының негізін салушы:

1. Әбілқайыр
2. Барак

3. Өзбек
4. Орыс хан
5. Керей

75. Шыңғысхан Монғолдың қай руынан шыққан?

1. Төлеңгіттер
2. Меркіт
3. Қият
4. Таңғұт
5. Ғырыл

76. Оңтүстік Қытайда Құбылай құрған Моңғол мемлекеті:

1. Юан
2. Пекин
3. Илхан
4. Шағатай ұлысы
5. Моғол мемлекеті

77. “Бозоқ” және “үшоқ” болып бөлінген түрік тайпасы:

1. Қимақ
2. Қыпшақ
3. Оғыз
4. Түргеш
5. Қарлұқ

78. Бұлғарлар мен қыпшақтардың араласуынан қазірде қандай халықтар пайда болды?

1. Башқұрттар
2. Ноғайлар
3. Якуттар
4. Қазақтар
5. Қазан татарлары

79. Қарахандықтар мемлекетінің өмір сүрген уақыты:

1. VI ғасырдың алғашқы жартысында
2. VIII ғасырдан X ғасырдың соңына дейін
3. X ғасырдың орта шені мен XII ғасырдың бірінші жартысы
4. VI ғасырдың ортасынан VIII ғасырдың соңына дейін
5. X ғасырдан XIII ғасырдың басына дейін

80. Шығыс Еуропада құрылып, иудаизмді қабылдаған түрік мемлекеті:

1. Печенектер
2. Ұздар
3. Аварлар
4. Сабарлар
5. Хазарлар

81. Печенектер қай түрік тайпасының ығыстыруымен Балқанға көшті?

1. Кумандар
2. Ұздар
3. Сабарлар
4. Хазарлар
5. Мажарлар

82. Құман сөзі қай мағынаға келеді?

1. Сарышыл
2. Қара
3. Ақшыл
4. Қоңырқай
5. Аққұба

83. Сыр өңірі оғыздарының билеушісін қалай атады?

1. Қаған
2. Өмір
3. Хан
4. Жабғу
5. Сұлтан

84. “Бұлғар” сөзі қандай мағынаға келеді?

1. Араласу
2. Бөліну
3. Көшпенді
4. Құдіретті
5. Батыр

85. Б.з.д III ғ. қаңлылар мекендеген жерлер:

1. Амударияның шығысы
2. Арал теңізінің солтүстігі

3. Сырдария алқабы мен Жетісу өңірі
4. Монғолияда
5. Еділ, Орал маңында

86. Бабыр мемлекетінің территориясы (1519 ж.):

1. Қытайда
2. Үндістанда
3. Монғолияда
4. Ауғанстанда
5. Иранда

87. Астрахань хандығының өмір сүрген уақыты:

1. 1466-1557 ж.ж.
2. 1000-1222 ж.ж.
3. 1110-1300 ж.ж.
4. 1366-1385 ж.ж.
5. 1400-1555 ж.ж.
6. 1466-1557 ж.ж.

88. Түркештердің үлкен ордасы:

1. Суяб
2. Тараз
3. Сайрам
4. Сауран
5. Үзкент

89. Түрік атауы алғаш қай жылы атала бастады?

1. 542 жылы Византия деректерінде
2. 542 жылы Қытай деректерінде
3. 630 жылы Араб деректерінде
4. 603 жылы Қытай деректерінде
5. Жауаптардың барлығы дұрыс

90. Ғұндардың саяси орталығы:

1. Өтүкен
2. Қызыл Аңғар
3. Пекин
4. Самарқанд
5. Шаш

91. Түрік тарихына қатысты алғашқы деректер қайда кезеседі?

1. Қытай жылнамаларында
2. Араб деректерінде
3. Грек жазбаларында
4. Парсы жазбаларында
5. Жауаптардың барлығы дұрыс

92. Әзербайжан Республикасы мен Армения арасындағы шешімін таппаған мәселе:

1. Қарабах мәселесі
2. Ингушетия мәселесі
3. Қырым мәселесі
4. Ұлттық қатынас
5. Каспий мәселесі

93. Амудария өзенінің төменгі ағысының екі жағасы қалай аталады?

1. Хорасан
2. Мәуереннахр
3. Оғыз далачы
4. Хорезм
5. Дешті Қыпшақ

94. Дешті Қыпшақ даласының бұрынғы атауы:

1. Сақ даласы
2. Оғыз даласы
3. Кумандардың елі
4. Түріктердің отаны
5. Сарыарқа

95. Қырғызстан өзінің көршілерін қандай табиғи ресурспен қамтамасыз етуде?

1. Орман ағаштар
2. Газ
3. Мұнай
4. Су
5. Көмір

96. Каспий теңізімен төмендегі қай мемлекет шекаралас емес?

1. Қазақстан

2. Армения
3. Әзербайжан
4. Иран
5. Ресей

97. “1356 жылы қазақтар Мәуереннахрға шабуыл жасады” деген дерек кімнің мәліметтері:

1. В.В. Вельяминов-Зернов
2. Томсон-Радлов
3. А. Вамбери-М.Карамзин
4. М. Карамзин-Леврентев
5. Леврентев-В.В.Вельяминов

98. Бехистун тас жазуы қай патшаның тұсында жазылды?

1. Кир
2. I Дарий
3. Македонский
4. Зарина
5. Томирис

99. «Ғұн – түркілердің арғы атасы» деп тұжырым жасаған қазақ зиялысы?

1. Ш. Уәлиханов
2. Ә. Марғұлан
3. М. Қозыбаев
4. М. Жұмабаев
5. С. Асфендияров

100. Сармат тайпалары қай елдерге жаулаушылық жорықтар жасаған?

1. Кіші Азия, Босфор мемлекеті
2. Алдыңғы Азия, Солтүстік Кавказ
3. Оңтүстік Орал, Еділ бойы
4. Иран, Үндістан, Қытай
5. Орталық Азия, Персия

101. Қаңлыларда сауданың дамығандығын қандай деректер дәлелдейді?

1. Мардан және Шоң Қаңқа қорымдарынан табылған қытай, кушан, сасани теңгесі

2. Түгіскен, Ұйғарақ қорымдарынан табылған византиялық бұйымдар

3. Жыланды, Шілікті қорымдарынан табылған полихромдық өнер туындылары

4. Бесоба қорымынан табылған әйелдің сәндік бұйымдары

5. Қытайдың жазба деректері

102. Ғұндарда қасиетті орын не болып есептелген?

1. Төр

2. Ошақ

3. Бұлақ маңы

4. Шаңырақ

5. Тау

103. Қаңлылардың астанасы Битиян қазіргі қандай қаланың маңында орналасады?

1. Қызылорда

2. Ташкент

3. Түркістан

4. Алматы

5. Орал

104. Ғұн қоғамында құлдар қандай жұмыстар атқарды?

1. Каналдар қазып, мал бақты

2. Қара жұмыстарды орындады

3. Әскер қызметін атқарды

4. Үй қызметшісі, бақташы, қолөнерші, жер жыртушы

5. Соғыста алдыңғы шепке қойылды

105. Қарахандық тарихшы:

1. Абул Футухал

2. Нух Ибн Асат

3. Ибн Фадлан

4. Білге Құл Қадыр

5. Гардези

106. Қарахан мемлекетінің хронологиялық уақыты:

1. 942-1210 ж.ж.

2. 756-940 ж.ж.

3. 1030-1056 ж.ж.

4. 1041-1089 ж.ж.

5. 1347-1508 ж.ж.

107. Қарахан мемлекетіндегі үлкен қаған:

1. Тамгеч

2. Боғра

3. Ілек

4. Ұлық

5. Хан

108. Қарахан мемлекетінің астанасы:

1. Тараз

2. Суяб

3. Баласағұн

4. Янгикент

5. Шаш

109. Қарахан мемлекетіндегі жер бөліп беру жүйесі:

1. Үлес

2. Тарту

3. Сый

4. Ихта

5. Бөлік

110. Өзбекстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялады?

1. 1991 ж. қазан

2. 1991 ж. тамыз

3. 1991 ж. желтоқсан

4. 1991 ж. қараша

5. 1991 ж. шілде

111. Батыс Түрік қағанатының астанасы:

1. Шаш

2. Сайрам

3. Испиджаб

4. Суяб

5. Сарайшық

112. 630 жылы қай мемлекеттің құлауына байланысты Хазар мемлекеті тәуелсіздігін алды?

1. Үйсін

2. Авар
3. Ғұн
4. Көктүрік
5. Қарлұқ

113. Хазарлардың X ғасырдың екінші жартысында әлсіреуінің себебі:

1. Печенегтердің шабуылы
2. Түріктердің шабуылы
3. Византиялықтардың шабуылы
4. Арабтардың шабуылы
5. Түркімендердің шабуылы

114. Мажарлардың негізгі аталары:

1. Аландар
2. Бұлғарлар
3. Фин-угорлар
4. Печенегтер
5. Салжұқтар

115. Мажарлар 896 жылы қазіргі қай мемлекеттің территориясында орналасқан?

1. Румыния
2. Венгрия
3. Албания
4. Болгария
5. Италия

116. Араб деректері бойынша оғыздардың орталығы:

1. Ескі Грузия
2. Сайрам
3. Суяб
4. Сарайшық
5. Сырдария алқабы

117. Ислам діні пайда болғаннан кейін тоғыз-оғыздардың орнына қолданылған атау:

1. Үйсін
2. Қаңлы

3. Ұйғыр
4. Найман
5. Меркіт

118. XI ғасырда оғыз мемлекетін жойған кімдер?

1. Қыпшақ
2. Қарлұқтар
3. Қарақытайлар
4. Хазарлар
5. Салжұқтар

119. Оғыздардың көсемдері мен әулиелерінің атына берілген Шопан ата, Маса ата, Есен ата кесенелері қайда орналасқан?

1. Орал
2. Маңғыстау
3. Оңтүстік Қазақстан
4. Сырдария бойы
5. Өскемен

120. Мұстафа Шоқайдың бастамасымен жарияланған ғылыми журнал:

1. Жас Түркістан
2. Түркият журналы
3. Айқап
4. Оян қазақ
5. Түрік әлемі

121. Тувалықтардың Ресей қарамағына кірген уақыты:

1. 1914 ж.
2. 1921 ж.
3. 1920 ж.
4. 1923 ж.
5. 1925 ж.

122. Ихта дегеніміз не?

1. Жер салығы
2. Салт-дәстүр
3. Жаза түрі
4. Заң жинағы
5. Жарлық

123. Қызыл Аңғар қаласы қай мемлекеттің астанасы болды?

1. Сақтар
2. Түргештер
3. Қырғыздар
4. Үйсіндер
5. Қаңлылар

124. Ұлы қытай қорғаны қай жылы салынып бітті?

1. б.э.д. 221ж.
2. б.э.д. 209 ж.
3. б.э.д. 312 ж.
4. б.э.д. 214 ж.
5. б.э.д. 207 ж.

125. Қара теңіздің солтүстігіндегі печенегтерді Византия не үшін қолдады?

1. Славяндарды қолдау мақсатында
2. Сыртқы жаулардан өздерін қорғау мақсатында
3. Сауданы дамыту мақсатында
4. Христиан дінін тарату мақсатында
5. Экономикалық байланыс жасау мақсатында

126. XIII-XV ғ.ғ. Саяхатшылар мен тарихшылардың деректерінде Қазақстан аумағында ең көп тараған шаруашылық:

1. Егін шаруашылығы
2. Көшпелі мал шаруашылығы
3. Жартылай көшпелі мал шаруашылығы
4. Жартылай отырықшылық шаруашылық
5. Жартылай егіншілік

127. Ғазна мемлекетінің негізін салушы:

1. Алып Тегин
2. Махмұд
3. Месут
4. Мевдуг
5. Себук Тегин

128. Жүсіп хас хаджиб қай жерде туылған?

1. Фараб
2. Түркістан

3. Испиджаб
4. Баласағұн
5. Самарқан

129. “Сары” және “қара” болып қай тайпа өз ішінде екіге бөлінді?

1. Түргеш
2. Қарлұқ
3. Сабар
4. Қыпшақ
5. Оғыз

130. Б.з.д. 203-200 жылдар арасында Мөде басшылығында гұндар кіммен соғысты?

1. Татарлармен
2. Юэжчилермен
3. Тунхулермен
4. Қытайлармен
5. Үйсіндермен

131. Қазан, Астрахань хандықтары 1552, 1556 жылдары Ресейдің қай патшасы тұсында басып алынды?

1. Қаһарлы Иван
2. II Иван
3. Александр Невский
4. II Николай
5. Ұлы Петр

132. Түрік халықтарында кеңінен пайдаланылған соғыс тәсілі:

1. Гректік тактика
2. Тұран тактикасы
3. Жаппай қыру тактикасы
4. Өртеу тактикасы
5. Монғолдық тактика

133. Ұлы Монғол мемлекетінің шығыстағы ізбасары Илхан мемлекетінің өмір сүрген уақыты:

1. XIII-XIV ғ.ғ.
2. X-XI ғ.ғ.

3. VII-X ғ.ғ.
4. XI-XII ғ.ғ.
5. VIII-IX ғ.ғ.

134. Оғыздар Хорезмді басып алған уақыт:

1. 1044 ж.
2. 1041 ж.
3. 1141 ж.
4. 1151 ж.
5. 1550 ж.

135. Араб-қытай деректерінде Сырдарияның аталуы:

1. Кангар
2. Көктеңіз
3. Окс
4. Инжу
5. Қаратал

136. Қыпшақ хандары шыққан әулеттік ру:

1. Елбөрілі
2. Шігіл
3. Яғма
4. Қимақ
5. Қарлұқ

137. Әбілхайырдың Сығанақ маңында ойраттардан жеңілген уақыты:

1. 1458 ж.
2. 1457 ж.
3. 1450 ж.
4. 1440 ж.
5. 1551 ж.

138. Шайбандық Әбілхайырдың хан сайланған кездегі жасы:

1. 20
2. 21
3. 17
4. 40
5. 50

139. ТМД-ны құру жөнінде шешім қашан, қай жерде қабылданды?

1. 1991 жылы желтоқсанда 11 тәуелсіз ел басшыларының мәжілісінде, Алматыда
2. 1990 жылы тамызда Беловеж келісінде
3. 1991 жылы қазанда Мәскеуде
4. 1992 жылы ақпанда Душанбеде
5. 1990 жылы наурызда Ташкентте

140. Қазақстан Республикасы БҰҰ ұйымына қашан мүше болды?

1. 1992 ж. наурыз
2. 1991 ж. желтоқсан
3. 1991 ж. қазан
4. 1992 ж. сәуір
5. 1992 ж. мамыр

141. Түркі мемлекеттерінің мәдени қауымдастығы:

1. Турксой
2. ЮНЕСКО
3. ТЕМПОС
4. ЮНИСЕФ
5. ОПЕК

142. Сыртқы саясатта “бейтараптылықты” таңдаған түркі мемлекеті:

1. Түркия Республикасы
2. Түркменстан
3. Қазақстан
4. Әзербайжан
5. Қырғызстан

143. Атилла неше жасында сынақтан өтіп жауынгерлер қатарына қосылған?

1. 12
2. 10
3. 14
4. 16
5. 18

144. Римде білім алған түркілерден шыққан қолбасшы?

1. Манзұқ
2. Атилла
3. Арсақ
4. Будакен
5. Ұлықбек

145. Еуропаға алғаш рет ғұндарды кім бастап барды?

1. Баламир
2. Атилла
3. Мөде
4. Жижи
5. Киок

146. Ғұн тарихының тарихи маңызы туралы пікірі үшін қудаланған Ресей ғалымы:

1. Бернштам
2. Бартольд
3. Массон
4. Семенов Тянь-Шанский
5. Татишев

147. Ғұндар жайында алғаш мағлұмат берген Рим тарихшысы?

1. Марцилиний
2. Тацит
3. Тит Ливий
4. Плутарх
5. Катон

148. Ғұндарды зерттеп жүрген бүгінгі күнгі Қазақстандық тарихшы ғалым:

1. Жұмағұлов
2. Омарбеков
3. Таймағанбетов
4. Қойгелдиев
5. Жолдасбаев

149. Қазіргі Иран территориясында Парфия мемлекетінің негізін қалаған түрік қолбасшысы:

1. Манзұқ
2. Будакен

3. Спитамен
4. Арсақ
5. Ишпакай

150. Сұлтан Бейбарыстың Шам қаласынан алынған топырағы Қазақстанның қай жеріне әкелінді?

1. Түркістан
2. Отырар
3. Тараз
4. Қызылорда
5. Астана

151. Қай түрік билеушісі әскери-лендік жүйені алғашқы рет енгізді?

1. Ақсақ-Темір
2. Бабыр
3. Тоқтамыс
4. Дәулет-Керей
5. Абылайхан

152. Моғол империясының мұсылмандық атауы:

1. Дели сұлтандығы
2. Газнауи мемлекеті
3. Тимурид мемлекеті
4. Фатимидтер мемлекеті
5. Аббасидтер халифаты

153. Әзербайжанда 14 ғасырдың соңында азаптап өлтірілген (терісі тірідей сылынған) түрік ақыны:

1. Назими
2. Насими
3. Балаби
4. Беруни
5. Навои

154. Әзербайжан батыры Бабек бастаған ұлт-азаттық көтерілісі кімдерге қарсы бағытталды?

1. Парсыларға
2. Арабтарға
3. Орыстарға

4. Армяндарға
5. Осман түріктерге

155. Жалал-ад-Дин қай мемлекеттің ханзадасы болған?

1. Бұқара
2. Хиуа
3. Хорезм
4. Қоқан
5. Самарқан

156. Түркменбашы С. Ниязовтың еңбегі:

1. Рухнама
2. Шах-нама
3. Хайят-нама
4. Оғыз-нама
5. Тақыр-нама

157. Қырғызстан Республикасының алғашқы президенті:

1. Отынбаева
2. Бакиев
3. Акаев
4. Кулов
5. Атамбаев

158. Ғұндардың астанасы Өтікен аймағы қайда орналасқан?

1. Орхан-Селенга дариялардың батысы
2. Орхон-Селенга дарияларының шығысы
3. Хуанхе өзенінің шығысы
4. Балқаш көлінің батысы
5. Енесей өзенінің батысы

159. Дарийдың қай еңбегінде Таяу, Орта Шығыстың, сонымен қатар Орталық Азияның тарихи географиясы жөнінде құнды мәліметтер сақталған?

1. Бехустин
2. Рамайна
3. Авеста
4. Тан әулетінің ескі тарихы
5. Дәулер

160. Сібір атауы қайсы түрік тайпасынан шыққан?

1. Хазар
2. Ұйғыр
3. Ғұн
4. Сабар
5. Печенек

161. Қандай түрік мемлекетінде діни бостандық болған?

1. Хазарларда
2. Ұйғырлар
3. Қыпшақ
4. Көк түрік
5. Бұлғар

162. Төмендегі қай түрік қауымы Еуропаға қоныс аудармаған?

1. Уздар
2. Қыпшақтар
3. Печенектер
4. Қарлұқтар
5. Авар-жужан

163. Қай соғыстан кейін Анадолының есіктері түріктерге ашылған?

1. Данданакан
2. Пасинлер
3. Малазгирт
4. Катван
5. Көседағ

164. 1924 жылы Мұстафа Кемал Ататүріктің тапсырмасымен құрылған институт:

1. Шығыстану институты
2. Орта Азия халықтарын зерттеу институты
3. Түркия институты
4. Түріктану институты
5. Тұран институты

165. Осман билеушілерінің шыққан руы:

1. Қайы
2. Қынық

3. Шәуілдір
4. Берендей
5. Албан

166. Данданакан соғысы нәтижесінде қандай мемлекет құрылды?

1. Салжұқ мемлекеті
2. Хорезмшахтар
3. Қарахан мемлекеті
4. Осман мемлекеті
5. Өзбек хандығы

167. XIII ғасырдың аяғынан бастап Византияның нағыз қатерлі жауы кім болды?

1. Түріктер-османдар
2. Вестгот және остгот тайпалары
3. Қыпшақтар
4. Печенегтер
5. Оғыздар

168. Осман мемлекетін құрушы:

1. Ертоғрыл
2. Осман
3. Салжұқ
4. Сатук Богра хан
5. Баязит

169. Түрікер Анадолы жеріне қай соғыстан кейін аяқ басты?

1. Анадолы соғысы
2. Чубук соғысы
3. Малазгирт соғысы
4. Чанаккале соғысы
5. Атлах сағысы

170. Баязиттің 1389 жылы Ыстамбулды қоршауын тоқтатуының басты себебі:

1. Янычарлар көтерілісі
2. Баязиттің өлімі
3. Әмір Темір жорығы
4. Әскер санының жетіспеуі
5. Ішкі толқулар

171. Чубук даласында Баязит пен Әмір Темірдің арасындағы болған соғыс уақыты:

1. 1389
2. 1453
3. 1402
4. 1406
5. 1396

172. 1453 жылы Константинопольді басып алған түрік сұлтаны:

1. Сұлтан Баязит
2. Сұлтан II Мехмед
3. Сұлтан I Мұрад
4. Сұлтан I Мехмет
5. Сұлтан Санжар

173. Осман империясының әлсіреуінің негізгі себептерін Тұрғыт Өзал өзінің қай мақаласында көрсетті?

1. Қасиетті лига
2. Жаңғыру реформасы
3. Түркия-Еуропа аясында
4. Осман империясы және Түркия
5. Осман империясының құрылуы

174. Қандай территориялық аумақта Салжұқ мемлекеті құрылмаған?

1. Сирия
2. Үндістан
3. Ирак
4. Анадолы
5. Иран

175. Чанаккале майданы қай мемлекеттің тарихымен тығыз байланысты?

1. Ғұндар
2. Османлы
3. Салжұқ
4. Мамлук
5. Сербия

176. Салжұқтар оғыздардың қай руынан шыққан?

1. Қынық
2. Ива
3. Салур
4. Тутырқа
5. Урегир

177. Османлы мемлекетінің соңғы жылдарында жасаған «Мондорос» келісімшарты қай жылы болды?

1. 1918 ж.
2. 1925 ж.
3. 1924 ж.
4. 1926 ж.
5. 1923 ж.

178. Малазгирд соғысының уақыты:

1. 1075 ж.
2. 1071 ж.
3. 1077 ж.
4. 1124 ж.
5. 1078 ж.

179. Салжұқтар Мәуереннахрға орналасуымен кімдердің қыспағына ұшырады?

1. Қыпшақтар мен апрсылар
2. Қарахандар мен ғазнауилер
3. Қарахандар мен керейттер
4. Монғолдар мен қытайлар
5. Ғазнауилер мен Монғолдар

180. Түркия тарихындағы Танзимат кезеңі:

1. 1839 ж.
2. 1840 ж.
3. 1845 ж.
4. 1859 ж.
5. 1841 ж.

181. Малазгирт соғысындағы салжұқтар билеушісі:

1. Алып Арслан
2. Мелихшах
3. Чағры

4. Тұғрул
5. Хасан Саббах

182. 1141 ж. Салжұқтар мемлекетінің құлауына себеп болған Катван соғысы кіммен болды?

1. Монғолдар
2. Қарақытайлар
3. Ғазневидтер
4. Саманидтер
5. Қарахандар

183. Малазгирт соғысында Византияның жеңілуінің себебі?

1. Византия әскерлеріндегі түркілердің салжұқтарға өтуі
2. Византия әскерінде ауру тарады
3. Салжұқтар жақсы қаруланды
4. Византия императоры өлді
5. Византия әскерінде тәртіп бұзылды

184. Ыстамбулды басып алған Османлы падишахы?

1. II Мехмет
2. Баязит
3. Абдулхамит
4. Сұлтан Селим
5. Орхан

185. Низам иль Мульк қандай мемлекетте уәзір қызметін атқарған?

1. Қарахан
2. Ғазна
3. Салжұқ
4. Хорезмшах
5. Тимур

186. Шыңғысхан Қытайдың қай қаласына табысты жорық жасады?

1. Үрімші
2. Өтукен
3. Қашғар
4. Пекин
5. Қаракорым

187. Алтын Орда билеушілері кімнің тұсында ислам дінін ресми дін ретінде қабылдады?

1. Батухан
2. Өзбек
3. Тоқтамыс
4. Берке
5. Ұлық Мұхаммед

188. Шыңғыс хан ұлы хандықты кімге мұра етті?

1. Бату
2. Жошы
3. Төле
4. Шағатай
5. Үгедей

189. Алтын Орда мемлекетінің ыдырауына түрткі болған қолбасшы:

1. Орысхан
2. Әмір-Темір
3. Керей сұлтан
4. Жәнібек сұлтан
5. Өзбекхан

190. Төмендегілердің қайсысы Алтын Орда мемлекеті құлағаннан кейін тарих сахнасына шыққан жоқ?

1. Қырым
2. Астрахань
3. Қазан
4. Ноғай
5. Шағатай

191. 1218 жылы қырғыздар түгелімен кімге бағынды?

1. Шыңғыс ханның ұлы Шағатайға
2. Шыңғыс ханның ұлы Үгедейге
3. Шыңғыс ханның ұлы Жошыға
4. Шыңғыс ханның ұлы Төлеге
5. Шыңғыс ханның немересі Батуға

192. «Шекарасының ұзындығы 7-8 айлық жол. Баркөл, Ертіс,

Көкшетеңіз, Түркістан, Ташкент, Ферғана, Қашғар, Ақсу – бұл Моғолстан жері» – деген мәліметтің авторы:

1. О. Кухистани
2. М. Қашқари
3. С. Бақырғани
4. Ж. Баласағұн
5. М. Дулати

193. Ұйғыр мемлекетінің күшеюі:

1. Моғолстанның құрылуы
2. Жошы ұлысының құлауымен байланысты
3. Шағатай ұлысының құлауымен байланысты
4. Үгедей ұлысының құлауымен байланысты
5. Алтын Орданың құлауымен байланысты

194. В.В. Бартольдтың айтуы бойынша Шағатай ұлысының негізін салушы:

1. Әбілқайыр
2. Барақ
3. Өзбек
4. Орыс хан
5. Керей

195. Шыңғысхан Монғолдың қайсы руынан шыққан?

1. Төлеңгіттер
2. Меркіт
3. Қият
4. Таңғұт
5. Ғырыл

196. Оңтүстік Қытайда Құбылай құрған Монғол мемлекеті:

1. Юан
2. Пекин
3. Илхан
4. Шағатай ұлысы
5. Моғол мемлекеті

197. Темірдің “әмір” титулын қолдану себебі:

1. Шыңғыс ұрпағы болған үшін
2. Шыңғыс ұрпағы болмағаны үшін

3. Текті әулеттен шыққаны үшін
4. Ашина әулетінен келгені үшін
5. Батыр болғаны үшін

198. Отырар қаласының есігін Монғолдарға ашып берген сатқыны:

1. Саран қажы
2. Қадір қажы
3. Ахмет қажы
4. Қараша қажы
5. Қаражол

199. 1210-1221 жылдары Солтүстік Иран және Кавказ жерлерін басып алған Шыңғыс ханның атақты нояндары:

1. Құлағу, қойыншы
2. Мухали, Сүбедей
3. Сүбедей, Мұхаммед
4. Жебе, Сүбедей
5. Жебе, Мухали

200. Монғолдардың толықтай жойып жіберген Қазақстан қалалары:

1. Отырар, Сығанақ және Ашнас
2. Отырар, Түркістан
3. Сығанақ, Женд
4. Отырар, Ашнас
5. Түркістан, Янгикент

201. “Могол” сөзі –

1. халықтың аты
2. әскери-саяси одақ аты
3. діни берлестік аты
4. тайпа бірлестігі
5. көшпелілер жиынтығы

202. Монғолиядағы феодалдық мемлекеттің тұңғыш құрушысы:

1. Есугей
2. Тарғұтай

3. Жанбұқа
4. Темучин
5. Дәрітай

203. Шыңғысхан мемлекетін әскери тұрғыдан құрған. Оны қанша әскери әкімшілік-округке бөлді?

1. 5
2. 4
3. 3
4. 2
5. 7

204. Шыңғыс ханның Отырарға келген керуенін қырып тастауға бұйрық берген Отырар әміршісі:

1. Қайырхан
2. Шах Мәлік
3. Терке хатун
4. Мұхаммед
5. Махмуд

205. Монғол шапқыншылығы нәтижесінде Қазақстан мен Орта Азия Шыңғыс ханның құрамына кірген уақытты көрсетіңіз:

1. 1219-1224 ж.ж.
2. 1219-1223 ж.ж.
3. 1219-1236 ж.ж.
4. 1219-1226 ж.ж.

206. Шыңғыс ханның заңдар мен ережелерінің жиынтығы:

1. Жеті жарғы
2. Яса
3. Қауым заңы
4. Мемлекет ережесі
5. Канун

207. Монғол ақсүйектерінің жалпы империялық жиналысы:

1. Құрылтай
2. Мәжіліс
3. Ақсақалдар кеңесі
4. Жиын
5. Үлкен кеңес

208. Монғолдардағы даруганың қызметі:

1. Салық жинаушы
2. Әскербасы
3. Би
4. Дінбасы
5. Ауыл кеңесшісі

209. Монғолдардан кейін Қазақстан аумағында жергілікті этикалық негізде құрылған тұңғыш ірі мемлекет:

1. Көк Орда
2. Алтын Орда
3. Ақ Орда
4. Жайық сырты Ордасы
5. Еділ Ордасы

210. Тоқтамыс кімнің көмегімен Ақ Ордадағы билікті қолына алып, Сығанақта Ақ Орданың ханы деп жарияланды?

1. Әмір Темірдің
2. Орда-Еженнің
3. Ұрыс ханның
4. Темір Құтлықтың
5. Шайбанидің

211. Есугей баһадурді кімдер өлтірді?

1. Наймандар
2. Керейіттер
3. Меркіттер
4. Тангуттар
5. Татарлар

212. Шыңғыс хан Батыс жорықтарын қандай түрік мемлекетіне қарсы жасаған?

1. Ғазневидтер
2. Қарахандар
3. Оғыздар
4. Салжұқтар
5. Хорезмшахтар

213. 1380 жылы Куликова шайқасында Мамайдың жеңілуі себебі:

1. Литвалықтардан жәрдем келмеді

2. Литвалықтар орыстардың жағына шығып кетті
3. Мамай ханның әскері саны жағынан аз болды
4. Орыстардың атты әскерінің мықты болуы
5. Орыс әскерлерінің жағында неміс жалдамалы әскерінің соғысуы

214. Алтын Орда мемлекетінің негізін салушы:

1. Үгедей
2. Жошы
3. Хулагу
4. Бату
5. Төле

215. Алтын Орда мемлекетінің астанасын көрсетіңіз.

1. Қарақорым
2. Өтүкен
3. Сарайберке
4. Қызыл Аңғар
5. Суяб

216. Ұлы Монғол мемлекетінің шығыстағы ізбасары Илхан мемлекетінің өмір сүрген уақыты:

1. XIII-XIV ғ.ғ.
2. X-XI ғ.ғ.
3. VII-X ғ.ғ.
4. XI-XII ғ.ғ.
5. VIII-IX ғ.ғ.

217. Шыңғысхан қай жерде жасалған құрылтайда хан болды?

1. Ұлан Батыр
2. Баянөлгей
3. Қарақорым
4. Сарай
5. Нарынқол

218. 1380 ж. Куликово даласында өткен шайқастың нәтижесі:

1. Орыстар Мамайдың әскерінің тас-талқанын шығарды
2. Алтын Орда әскері жеңді
3. Мамай қаза тапты
4. Орыстар майданды тастап қашты
5. Алтын Орда әскері Мәскеуді басып алды

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Агаджанов С.Г. Государство Сельджукидов и Средняя Азия в XI-XII в. в. – М., 1991
2. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов, туркмен Средней Азии IX-XIII в.в. – Ашхабад, 1969.
3. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштері. – А., 1990.
4. Акинжанов С.М. Кыпшаки в истории Средневекового Казахстана. – Алматы, 1989.
5. Акселеу Сейдімбек. Қазақ әлемі. – А., 2000
6. Аммиан Марцеллин. История в переводе с латинского языка Н.А. Кулаковского. Вып. III. – Киев, 1908. – стр. 236-243.
7. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы – А., 1996.
8. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности: СПб, 1897; Отдельный оттиск из живой старины. Выпуск III, IV, – 1896.
9. Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – А., 1969.
10. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – А., 1987.
11. Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. – Алматы, 1996.
12. Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV – XVIII вв.: история, политика, дипломатия. – А., 1998.
13. Асфендияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен. – А., 1993.
14. Асфендияров С.Д. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. В 2 т. – А, 1998.
15. Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. 2-кітап: (XIV ғ.-дан XVIII ғ.-дың бірінші жартысына дейінгі кезең) – 288 бет) – Алматы, 1997.
16. Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. Спб., 1796.
17. Апполова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII - начале XIX в. – М., 1960.
18. Аршаруни А., Габидуллин Х. Очерки панисламизма и пантюркизма в России. – Москва, 1931.
19. Әбілғазы. Түрік шежіресі – А., 1992.
20. Әбуев К. Қазақстан тарихының ақтандақ беттерінен. – Алматы, 1994.


21. Байпаков К. М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. – Алматы, 1986.
22. Бартольд В.В. Современное состояние и ближайшие задачи изучения истории турецких народностей. – Азербайджан, 1926.
23. Бартольд В.В. Түркістан монғол шапқыншылығы кезеңінде. Шығармалар. I-том. – М., 1963 (орыс тілінде).
24. Бартольд В.В. Баласағұн туралы. Шығармалар. 3-том, – М., 1965
25. Baykara, Tuncer, Türklüğün En Eski Zamanları, Türkler, Ankara 2002. Yeni Türkiye Yayınları. 1. Cilt, s. 277-307.
26. Бартольд В. В. Двенадцать лекций по истории тюркских народов Средней Азии. Алматы, 1998.
27. Бекмаханов Е.Б. Казахстан 20-40 г. XIX века. Алма-Ата, 1947.
28. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. М., 1957.
29. Бекмаханов Е.Б. Очерки истории Казахстана в XIX в. – Алма-ата, 1966.
30. Бекмаханова Н.Е. Начало присоединения Казахстана к России. – Алма-Ата, 1979.
31. Бернштам А.Н. Тюрки и Средняя Азия в описании Хои чао. – Москва, 1952.
32. Бернштам А.Н. Социально-экономический строй Орхоно-Енисейских (VI-VII вв). – Москва, 1946.
33. Большаков Г.К. О истории Таласской битвы (751 г.) – “Страны и народы Востока”, 1980, вып. 22, кн. 2.
34. Бижанов М. Казахстан второй четверти XVIII в. В трудах и ЗИПИКА русских исследователей. – Алматы, 1973.
35. Бердяев И.А. Истоки и смысл русского коммунизма. М., 1990.
36. Владимирцев Б. Чингис-хан. – Москва-Берлин: 1992.
37. Велецкий С.Н. Семиречинская область и ее колонизация. – Верный: 1916.
38. Вельяминов-Зернов В.В. Историческое известие о киргиз кайсаках и сношениях России со времени кончины Абулхайыр хана (1748-1765). – Уфа, 1853.
39. Верещагин В.В. на войне. Воспоминание о русско-турецкой войне. – Москва, 1902.
40. Вестник Европы. Т.5. – 1870.
41. Всемирная история. Т. 4., – М., 1958.
42. Георги И.Г. Описание всех в Российском государстве обитающих народов и их жительства, обрядов и одежда. Спб, 1779-1799 гг. Т.2.

43. Галузо П.Г. Вооружение русских переселенцев в средней Азии. – Ташкент, 1926.
44. Гродеков Г. Киргизы и каракиргизы Сырдаринской области. Т.1. Юридический быт. – Ташкент, 1926.
45. Грум-Гржимайло Г.Е. Описание путешествия в западный Китай. – М., 1888.
46. Гурьевич Б.Г. Международные отношения в Центральной Азии в XVII - перв.пол. XIX в. – М., 1988.
47. Геродот. "История" в девяти книгах перевод Ф.Г. Мищенко.
48. Т. 1, изд. 2. – Москва, 1988.
49. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – А., 1994.
50. Genç, Reşat-Refik Turan- Ayhan Pala, Milli Tarih 6, İstanbul 1995. Gendaş Yayınları. 180 s.
51. Genç, Reşat-Refik Turan- Ayhan Pala, Milli Tarih 7, İstanbul 1995. Gendaş Yayınları. 180 s.
52. Демидова Н.Ф. Оренбургская экспедиция. СИЭ. Т.10. – М., 1958.
53. Дмитриев С.С. Хрестоматия по истории СССР (1857-1894). Т.3. – М., 1948.
54. Дулатова Д.М. Чокан Валиханов о присоединении Казахстана к России. – в кн.
55. Елеуов Т.Е. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. – Алматы, 1955.
56. Елеуов Т.Е. Установление и упрочнение Советской власти в Казахстане. – Алма-Ата, 1961.
57. Ермолин А.П. Революция и казачество. – М., 1982.
58. Есмағамбетов Қ. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы, 1994.
59. Ирмуханов Б.Б. Этническая история древнего Казахстана. – А., 1998.
60. Златкин И.Я. Русские архивные материалы об Амурсане. – М., 1958.
61. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. 1635- 1758 гг. – М., 1983.
62. İplikçioğlu, Bülent, Anadolu – Tarih, Diyanet İslam Ansiklopedisi, 3. Cilt, s. 109-110. 1991.
63. Ибрагимов С.К. Из истории внешнеторговых связей казахов в XVIII в. Ученые записки института востоковедения. Т.19. – М., 1958.
64. İslam Ansiklopedisi, 3. Cilt, s. 110-116. 1991.
65. Işık, Fahri, Anadolu - İon Uygarlığı, Anadolu, Sayı 35, 2009. 53-86.


66. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Алма-Ата, 1979, т.3.
67. История Русской армии и флота. т. XI.
68. История Узбекской ССР. Эпоха социализма. Т.II. – Ташкент, 1957.
69. История Таджикского народа Т. 3. Кн. 1. – М., 1969
70. Kafesoğlu, İbrahim, Tarihte Türk Adı, Türkler, Ankara 2002. Yeni Türkiye Yayınları. 1. Cilt, s. 308-315.
71. Kafesoğlu, İbrahim, Türk Milli Kültürü, İstanbul 2005. Ötüken Neşriyatı. 320 s.
72. Karpat, Kemal, Türkler / Tarih / Cumhuriyet Devri, İslam Ansiklopedisi, 12/2. Cilt, s. 381- 408. 1988.
73. Karpat, Kemal N., Kısa Türkiye Tarihi 1800-2012, Timaş Yayınları, İstanbul 2013. 352 s.
74. Kınal, Füzuran, Eski Anadolu Tarihi. Türk Tarih Kurumu Ankara 1962. 290 s.
75. Климович Л.И. Ислам в царской России. – М., 1936.
76. Ключков Ю.В., Собанин А. Международная политика новейшего времени в договорах, нотах и декларациях, ч.1. – М., 1925.
77. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – А., 1992.
78. Қазақ ССР тарихы. – Алматы, 1957, т.1.
79. Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін), 5 томдық, т.3. – Алматы, 1982.
80. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995.
81. Құрманов З., Бегалиев С., и др. Возвращение национального лидера. – Бишкек, 1992.
82. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. Ч.2. Спб., 1932.
83. Левшин А. Историческое и статическое образование Уральских казаков. Спб, 1832.
84. Merçil, Erdoğan, Gazneliler, Diyanet İslam Ansiklopedisi, 13. Cilt, s. 480-484. 1996.
85. Макашев А.И. Исторический обзор Туркестана. Спб., 1890.
86. Машин М.Д. Из истории родного края. Оренбургское Казачье войско. – Челябинск, Южный Урал, 1976.
87. Мұстафа Шоқай. Түркістанның қилы тағдыры. – Алматы, 1992.
88. Мұхаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер. – Алматы, 1994.
89. Мурзаев Э. Средняя Азия. – Москва, 1957.

90. Муминов И.М. Рөл и место Амира Тимура в истории Средней Азии. – Ташкент. 1968.
91. Naskali, Esko, Sasaniler, Diyanet İslam Ansiklopedisi, 36. Cilt, s. 174-176. 2009.
92. Nemeth, Gyula, Türklüğün Eski Çağı, Türkler, Ankara 2002. Yeni Türkiye Yayınları. 1. Cilt, s. 378-387.
93. Народы Азиатской России. Т.1, Спб, 1914.
94. Национально-освободительное восстание казахских трудящихся против царизма в 1916 г. Сборник воспоминаний и материалов. – Алма-Ата, 1937.
95. Небольсин П. Покорение Сибири. СПб, 1849.
96. Немирович-Данченко В.И. Год войны (дневник русского корреспондента 1877-1878). Т.2.
97. Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. – «Шыңжаң халық баспасы», 1986.
98. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995.
99. Особое прибавление к описанию русско-турецкой войны 1877-1878 гг. Вып.1., СПб, 1899.
100. Очерки истории Китая с древности до опиумных войн. Под. ред. Профессора Шан Юэ. – Москва, 1959
101. Ocak, Ahmet Yaşar, Anadolu – Tarih/Anadolu'nun Türkleşmesi ve İslamlaşması, Diyanet
102. Özbaşaran, Mihriban ve başk., Eski Anadolu Tarihi. Eskişehir 2011. Anadolu Ün. 156 s.
103. Öztuna, Yılmaz, Başlangıcından Zamanımıza Kadar Büyük Türkiye Tarihi, İstanbul 1983. Ötüken Neşriyatı. 14 cilt.
104. “O’zbekiston hukmdorlari”
105. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. т.1. СПб., 1773.
106. Переселенческое дело в Туркестане. – Ташкент, 1910.
107. Письма Николая Ивановича Ильминского. – Казань, 1895.
108. Победа Советовской власти в Средней Азии и Казахстане. – Ташкент, 1967.
109. Прокштейн А.П., Миников Н.А. Кондратий Афанасьевич Булавин. – М.: 1988.
110. Пушкин Ю.А. Русское мореплавание на Каспийском, Азовском и Черном морях. М., 1978.
111. Rasulov A., Qozoqov T., Mallabayev B., Haydarov Z. - O’zbekiston tarixi fanidan ma’ruzalar matni (I kitob).-NAMANGAN – 2006 YIL.

112. Rasonyi, Laszlo, Tarihte Türklük, Türkler, Ankara 2002. Yeni Türkiye Yayınları. 1. Cilt, – s. 350-377.
113. Резанов А.Ф. Сорок лет борьба за национальную независимость казахского народа 1797-1838 гг. – Кызыл-Орда, 1926.
114. Ремезова Н.В. Очерки из жизни дикой Башкирии. М., 1887.
115. Риттер К. Землевладение в Азии. Спб, 1887, т.2.
116. Sinor, Denis (ed.), Erken İç Asya Tarihi, İstanbul 2009 (5. Bs.), İletişim Yayınları. 664 s.
117. Sümer, Faruk, Dokuz Oğuzlar, Diyanet İslam Ansiklopedisi, 9. Cilt, s. 500-502. 1994.
118. Sümer, Faruk, Oğuzlar (Türkmenler) Tarihleri – Boy Teşkilatları Destanları. 1999. 510 s.
119. Sümer, Faruk, Oğuzlar, Diyanet İslam Ansiklopedisi, 33. Cilt, s. 325-330. 2007.
120. Sümer, Faruk, Selçuklular, Diyanet İslam Ansiklopedisi, 36. Cilt, s. 365-371. 2009.
121. Сабырханов А. Қазақстан мен Россияның XVIII ғасырдағы қарым-қатынасы. Алматы: 1970.
122. Сапарғалиев Г. Царизмнің 1905-1907 жылдардағы Қазақстандағы қырып-жою саясаты. Алматы, 1966.
123. Şeşen, Ramazan (haz.), İslam Coğrafyacılarına Göre Türkler ve Türk Ülkeleri, Ankara 1998. (2. Bs.) TKAЕ Yayınları. 308 s.
124. Тарихдан сабоқлар. – Тошкент, 1995 й.
125. Togan, A. Zeki Velidi, Umumi Türk Tarihine Giriş, İstanbul, 1981 (3. Bs.), Enderun Kitabevi. 556 s.
126. Türkler, Ankara 2002. Yeni Türkiye Yayınları. 20 Cilt.
127. Turan, Osman, Selçuklular Tarihi ve Türk-İslam Medeni-yeti, İstanbul 2014. Ötüken Neşriyatı. 542 s.
128. Turan, Osman, Selçuklular Zamanında Türkiye, İstanbul 2013. Ötüken Neşriyatı. 762 s.
129. Yiğit, İsmail, Emeviler, Diyanet İslam Ansiklopedisi, 11. Cilt, s. 87-104. 1995.
130. Уәлиханов Ш.Ш. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1985
131. Фальк И. Полное собрание ученых путешествий по России. СПб, 1915.
132. Ханфин Н.А. Присоединение Средней Азии к России. – Москва, 1965.




Моңғол империясы




XI ғасыр соңындағы Салжұқ мемлекеті




IX ғасырдағы Қырғыз қағанаты



Уйғыр қағанаты кезеңі



Екінші Түрік қағанаты



Түркі қағанаттары кезеңі

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....3

1. «Түрік» ұғымы жайлы түсінік5

I тарау. ХУННУ ТАРИХЫ (СЮННУ, ҒҰНДАР).....10

1. Ежелгі хундар10

2. Еуропалық Хун қағандығы.....22

II тарау. ЕЖЕЛГІ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТҮРКІ

МЕМЛЕКЕТТЕРІ.....29

1. Түрік қағанаты.....29

2. Батыс Түрік қағанаты37

3. Екінші Шығыс Түрік қағанаты42

4. Түргеш қағандығы44

5. Ұйғыр қағандығы.....46

6. Қарлұқ қағанаты.....48

III тарау. ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТҮРКІ

МЕМЛЕКЕТТЕРІ.....51

1. Оғыз мемлекеті.....51

2. Қарахандар мемлекеті.....52

3. Хазар және Қимақ қағанаттары61

4. Қыпшақ тайпаларының конфедерациясы.....86

5. Орта Азия мен Қазақстанды моңғолдардың жаулап алуы.....98

6. Алтын Орда мен Моңғолстанның ыдырауы.....105

IV тарау. ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ

ТҮРКИЯ ТАРИХЫ.....111

1. Ежелгі дәуірдегі және ерте орта ғасырлардағы Түркия111

2. Ұлы Салжұқтар мемлекетінің құрылуы және дамуы114

3. Анадолыдағы Түріктер тарихы.....120

4. Орта Азия және Кіші Азияда құрылған басқа да түрік мемлекеттері: Газнауилер, Айюбилер, Мәмлүктер және Хорезмшаһтар145

5. Осман мемлекетінің құрылуы.....150

6. Осман империясының тарихы158

V тарау. ҚАЗАН ЖӘНЕ АСТРАХАНЬ ХАНДЫҚТАРЫ.....190

1. Қазан хандығы.....190

2. Астрахань хандығы.....202

VI тарау. XV-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТҮРКІ

МЕМЛЕКЕТТЕРІ.....212

1. XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы.....212

2. XVI-XX ғасырлардағы Өзбек хандығы.....241

3. Ноғай Ордасы255

VII тарау. ЖАҢА ТӘУЕЛСІЗ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ.....257

1. Әзербайжан Республикасы.....257

2. Қазақстан Республикасы259

3. Қырғызстан Республикасы.....261

4. Түрікменстан Республикасы263

5. Түркия Республикасының тарихы.....265

6. Өзбекстан Республикасы.....277

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ.....279

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....320

КАРТАЛАР.....326

Қысқаша жазбалар үшін

Қысқаша жазбалар үшін

Л. Динашева, А. Пала

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ТАРИХЫ

Оқулық

Басуға қол қойылған күні 19.11.2014 ж.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman».
Пішімі 60x90^{1/16}. Көлемі – 21,75 б.т.
Таралымы: Мемлекеттік тапсырыс бойынша – 485 дана.
Тапсырыс №

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.